БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БІЛІМ ЖӘНЕ МЕНЕДЖМЕНТ ИНСТИТУТЫ

Белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының
докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевтың
75 жылдық мерейтойына орай өткен
«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ»
атты халықаралық ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша 2023 жыл

Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университеті
Білім және менеджмент институты

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ»
атты халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

24 қараша 2023 жыл

Орал

Жалпы редакциясын басқарған:

Мамыров А.Ы - Батыс Қазақстан инновациялық – технологиялық университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты

Редакция алқасы:

Сабыр М.Б – филология ғылымдарының докторы, профессор

Қайыров А.Б – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Раманова.А.А – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Әжіғалиев М.Қ – педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Бекмашеа А.Н – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Қайыров А.Б – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ» атты халықаралық ғылыми конференция. – Орал: Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің баспа орталығы, 2023. – 250 б.

ISBN 9965-553-26-2

Белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевтың 75 жылдық мерейтойына орай өткен «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ» атты халықаралық ғылыми конференция материалдарына филология, тарих, педагогика т.б. ғылымдардың өзекті мәселелері төңірегіндегі ғалымдарымыздың зерттеу мақалалары топтастырылып енгізіліп отыр.

Ұсынылған конференция жинағының материалдары әдебиеттану, тіл білімі, тарих, педагогика, қаржы т.б. ғылым саласының мамандары мен жоғары оқу орындары оқытушылары мен арнаулы орта, орта жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері қызметінде практикалық қолданыс табатынына сенеміз.

ӘОЖ 82:316
КБЖ 83. 3 Каз

ТАНЫМАЛ ҒАЛЫМ

Шакешев Б.Т.
БҚИТУ ректоры, т.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор

Құрметті әріптестер, конференция қонақтары, білім алушылар!

Есімі отандық және шетелдік білім беру жүйесіне, филология ғылымына кеңінен танымал ғалым, ұстаз, филология ғылымының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевтың 75 жасқа толуына орай ұйымдастырылып отырған «Қазақ әдебиеттану ғылымы: дәстүр және сабақтастық» атты халықаралық ғылыми конференцияға қош келдіңіздер!

Профессор А.М.Мұсаевтың ғылыми-шығармашылық қызметі өткен ғасырдың 80-жылдары сол кездегі А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтында қарапайым оқытушыдан басталып, бүгінгі Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде профессор дәрежесіндегі қырық жылдан астам уақытты қамтиды. Ол осы уақыт аралығында «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында кандидаттық, «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы» атты докторлық диссертацияларын сәтті қорғады. Ғылыми шығармашылығын ұстаздық қызметімен шебер ұштастыра білген ғалым 1992 жылдан 2003 жылға дейін Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, доценті, профессоры, 2003-2005 жылдары Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінде ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор, 2005–2019 жылдар аралығында Гуманитарлық зерттеулер институтының директоры болды.

2019 жылдан БҚИТУ Филология, мәдениет және оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры. Профессор А.М.Мұсаев бірнеше ғылыми зерттеу еңбектердің, монографияның, оқулықтар мен оқу құралдарының, жүздеген мақалалардың авторы. Атап айтар болсақ, «Қазақ сатирасы» (монография), «Поэтика казахской сатиры» (учебное пособие), «Жанды жүйе» (оқу құралы), «Рух бостандығының жыршысы» (монография), «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» (зерттеу), «Көркемдік кестесі» (әдеби зерттеу), «Көркем шығармадағы сатира» (оқу құралы), «Қазіргі қазақ әдебиеті» (оқу құралы), «Қазақ драматургиясы» (оқу құралы), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (оқу құралы), «Қанатты қаламгер» (монография), «Әдебиет иірімдері» (зерттеу), «Мәңгі өлмес күлкі» (монография), «Көркем сөздің көрнекті өкілі» (монография), т.б. 2009 жылы профессор А.М.Мұсаевтың таңдамалы еңбектерінің үш томдығы жарық көрді. Ғалым 2015 жылы Францияның Конкорд Академиясының корреспондент мүшесі болып сайланып, аталмыш академияның Пифагор медалімен марапатталды. Ғылыми еңбектері, мақалалары араб, ағылшын тілдеріне аударылып Франция, Австрия, Түркияда ғылыми басылымдарда жарияланған.

Профессор Алпысбай Мұсаұлы - қазақ әдебиеттану ғылымын дамытуда соны бағыттарға барып зерттеу жүргізген үлкен ғалым. Ол барлық күш-жігерін, білімі мен біліктілігін әдебиеттану ғылымының дамуына, филолог мамандарды дайындауға, олардың кәсіби деңгейін арттыруға арнады.

Мерейтой иесін бүгінгі туған күнімен құттықтай отырып, ең алдымен, деніне саулық, отбасына амандық, әдемі қарттық ғұмыр тілейміз.

Баршаңызға амандық, конференция жұмысына табыс, сәттілік тілеймін!

ӘОЖ 82.7

Пангереев А.Ш.
ф.ғ.д., профессор
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

Қазақ халқының өткен өмірін сұрықсыз қылып бейнелеу, ұсқынсыз етіп суреттеу кеңес өкіметінің идеологиялық ұстанымдағы саясаты болды. Ал, дұрысында қазақ сайын далада еркін жүрді, әдемі өмір сүрді. Еркін ойлап, еркін күлді.

Айнала қоршаған дүние, табиғатты игерумен бірге, оның сұлулығына сұқтанып, әдемі ой өрнектерін тудыра білді.Табиғатпен кіндіктес өмір көшін өтуі эстетикалық танымын кеңейтті. Осы жәйттер тіл эстетикасының, сөз байлығының дамуына алып келді. Сондықтан қазақ халқы дала төсінде үнемі малдың соңында салпақтап жүрді, олардым біз адам қылдық деген кеңестік теориясының тамырына балта шауып, қазақтың шын болмысын, рухани биіктігін көрсететін кезеңге келген бүгінгі күні біз осы сөз байлығымызды байытуымыз керек.Ұлтымыздың өткен өмір жолы, бүткіл тыныс-тіршілігі осы сөз мұрасы арқылы айқындық тауып отыр.

Сөз мұрасы арқылы халқымыздың барша өмір танымы, арман-мұраты, наным-сенімдері, жөн-жоралғылары, әзіл-оспақтары бізге жетіп, мәдениетіміздің қандай болғандығын дәлеледеп отыр. Осы мәдениет көріністерінің ішінде халықтық тіл қолданыстың озық үлгісі сатира ерекше орын алады.

«Сатира-халықтың мәтедниетінің көрінісі» Әр дәуір,әр кезең өз күлкісін, сатирасын тудырады, күлкі-еркіндіктің көрінісі» [1.8] деген сатира зерттеушісі Г.Ушурованың сөзінде үлкен мән бар. Бұл ретте сөзін Қ.Мырзалиев жазып, әйгілі әнші Ескендір Хасанғалиевтің орындауында елге таныс болып, кең таралып кеткен «Атамекен» әнін мысалға келтіру жөн болар. Жайнаған жасыл жайлауда еркін өскен қазақтың бейнесін көрсетеді бұл өлең. Жалпы сатирадан да ұлттың мінезі, менталитеті айқын аңғарылып тұрады. Бұл ретте ғалым А.М.Мусаев былай дейді: Юморлық сезім-интеллектуалдық тереңдігімен, эмоциялық күрделігімен, болмыс құбылыстарын көру, зеттеу, бағалау қабілетімен адамға туа бітетін биік қасиет. Ол - интеллектуалдық норманың бір қыры, өмірді қабылдау, түсіну, оған қатыс білдірудегі ерекше бір қабілет» [2.65]. Дұрыс сөз. Юмор болмаса өмір соншалықты мағыналы болар ма еді? Сүреңсіз көріністерді, келеңсіз мінез, әрекеттерді жымын білдірмей, тігісін жатқызып жолға салып жіберуде оның атқарар қызметі ерекше. Қоғамдық өмірде сатираның да, юмордың да орны бөлек. «Әрбір халықтың жан дүниесі оның ән-жырынан ғана емес, күлкі-сықақ, әзіл-оспағынан да көрінеді. Халықтың, елдің тарихы,мәдениеті әр дәуірдегі көңіл-күйі сатирадан да көрініс табады.Теңсіздік пен әділетсіздікке қарсы тұруға шамасы келмеген кезде халық езушілерге қарсы сатира мен юмор,күлкі-сықақ арқылы күрескен. Қай жазушы, қай сатирик айтсада, жұрт ойындағы, ел ішіндегі жайсыздықтарды жазатыны хақ [3.46]. Бұл да дұрыс тұжырым. Себебі сатира қашанда әділеттік жолында қызмет етеді. «Сатира негізінен өзіне бейне етіп сол қоғамдағы ең бір асқынған тақырыпты алады да оның болмысын ашып, халық талқысына ұсынады. Қоғам бойындағы, адам бойындағы міндерді, келеңсіздіктерді жоюды мақсат етеді.

Сатираның осындай қыр-сырлары профессор Алпысбай Мұсаұлы Мусаевтың ғылыми еңбектерінде жан-жақты талданып, зерттеледі.

Алпысбай Мұсаұлы атақты Темірбек Қожекеевтің шинелінен шыққан қазіргі таңдағы Қазақстандағы сатира саласындағы бірден-бір жетекші маман болып саналады. Ол 1999 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы 10.01.02. – қазақ әдебиеті мамандығы бойынша филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңесте «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы» тақырыбында диссертация қорғайды. Ғылыми кеңесшісі –профессор Т.Қожекеев. Әсіресе осы кезден бастап Алпекеңнің сатира саласының саңлақ ғалымы деген аты алысқа тарайды. Осы кезден бастап

деп отырғаным шартты түрде бөліп атау деуге болады. Өйткені Алпекең кандидаттық диссертация қорғаған 1992-жылдарының бедерінде де өнімді еңбек жасады, елге танылды. Алайда ғылым кандидаты дегеніміз ғалым болуға үміткер деген сөз. Бұл сөзді бұрынырақта кандидаттық диссертация қорғап келіп, болғандай, толғандай болып жүрген кезімде Есет Жұбанов айтып еді. Сол айтқандай доктордың аты доктор. Алпекеңді ғылыми орта бұрыннан білгенімен докторлық дәреже алғаннан кейін оның қадірі бұрынғыдан да артып, диссертация қорғаушы ізденушілер пікір алу үшін сабылып іздеп келіп жүргенімен көзімізбен көрдік. Алпекеңнің монографиялық еңбектері енді Франция,Австрия, Италия сияқты шетел баспаларында жариялана бастады. Сөйтіп 1980 жылдары партия ұйымдарынан жоғары мектепке қызметке ауысып келген Алпысбай Мұсаұлының қарапайым оқытушы, ізденушіден басталған ғылыми-шығармашылық жолы ғылым докторы шеніне барып ұласады.

«Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ» деген келелі ұғым бар халқымызда. Рас сөз. Жақсы адам қай жерге, қай өңірге де керек. Сондай-ақ ол Қазақстанның қай өлкесіне барып тұруға, қызмет жасауға әбден құқылы. Яғни ел де ортақ, жақсы да ортақ. Бұлай деп тұрғанымыз біз Алпысбай Мұсаұлымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде біраз жыл бірге қызметтес болдық. 2000 жылы Алпекең біздің университетке ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор болып қызметке ауысты. Жемісті қызмет етті. Бірнеше мамандықтар бойынша магистратуралар ашты. Ірі-ірі ғылыми конференциялардың өткізілуі, сала бойынша жетекші ғалымдардың дәріс оқуға шақырылуы,жалпы университеттің ғылымының дамуы, ғылыми потенциалының артуы Алпекеңнің есімімен байланысты болды. Осылайша Алпекең ғылымның қайнаған қақ ортасында жүріп, өзі де сүбелі-сүбелі еңбектер жазды.

А.Мұсаевтың негізгі зерттеу еңбектері сатираға байланысты. Қазақ сатирасын Темірбек Қожекеев біраз биікке көтеріп кетсе,сол деңгейді Алпекең одан әрі көтеріп жалғап келеді. Оның «Қазақ әңгімелеріндегі сатира поэтикасы», «Қазіргі қазақ сатирасы», «Поэтика казахской сатиры», «Көркем шығармадағы сатира», «Мәңгі өлмес күлкі» аталатын монографиялар мен оқу құралдары еліміздің жоғары оқу орындары филология факультеттерінің, бәрінде оқу процесіне қолданылып келеді.

Алпекең сатираға байланысты еңбектермен қатар әдебиеттану,қазақ әдебиетінің тарихына арналған бірнеше еңбектер жазған.Оның бірқатары мынадай кітаптар:«Жанды жүйе»,«Рух бостандығының жыршысы»,«Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы»,«Көркемдік кестесі»,«Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені»,«Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы», «Тарази тағылымы»,«Қанатты қаламгер»,«Әдебиет иірімдері».Өз кезегінде бұл еңбектер де әдебиеттану бағытында ғылыми ізденісте жүрген зерттеушілер үшін құнды еңбектер болып табылады.

Ал енді сатира саласын бүгінгі күні дәл Алпекеңдей меңгерген адам жоқ десе де болады.Бұл өзі оңай да сала емес.Үлкен логиканы,тер төктіеңбекті қажет ететін ғылым саласы.Сондықтан сатираны зерттеу екінің бірінің қолынан келе бермейді.Ол үшін зерттеуші адам алдымен халық тілін қанық меңгерген, ұлттық тілдің барлық бояуын бойына жинаған өзі де сатирик болуы шарт. Алпекең дәл сондай адам.Қара сөзде ешкімге дес бермейтін шешен де Алпекең,тілдің,ұлттық сөз қолданыстардың нәзік тіндерін дөп баса білетін де Алпекең.Өйткені ол ғалымдығымен бірге төгілген ақын да.

Ақындық туа бітетін қасиет.Ешкім оқып ақын болмайды.Алпекеңнің ақындық туа біткен қасиеті болса,ғалымдығы оқып жеткен биіктігі.Сонда біз білетін Алпекең екі кеменің құйрығын бірдей ұстаған қазіргі заманның заңғар тұлғасы болып есептелінеді.

Халық мақалы «Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді» дейді. Бірақ Алпекең ондай категориядан болып шыққан жоқ, екі кеменің құйрығын ұстағанда мықтап ұстады. Ғылыми жетістіктерін жоғарыда айттық. Ақын ретінде де атағы алысқа кеткен. Әр жылдары жазылған өлеңдері мерзімдік баспасөз беттерінде,өлең жинақтарында жарияланып оқырман жүрегіне жол тапқан. Таңдамалы өлеңдері «Телқоңыр», «Жүрегімнің қоңыраулары» атты тақырыпта жеке жыр жинағы түрінде жарық көрген.

Осыны безбендей келе «Екі кеменің құйрығын ұстаған суға кетеді» деген мақал Алпекеңнің болмысына келмейді деп айтуға болады.

Алпекеңнің болмысына ұлы Абай айтқан: «Екі кеме құйрығын, ұста жетсе бұйрығың» деген нақыл сөз дәл келетіндей. Өйткені ол осы екі салаға да бұйрығын жүргізіп отырған әрі ғалым, әрі ақын.

«Сатира –күштілер қаруы» деп Т.Қожекеев бекер айтпаған. Сатираны қолданатын адам басқалардан өресі жағынан болсын,кісілік жағынан болсын, білім мен білік жағынан болсын,жалпы қай жағынан да әлдеқайда биік тұруы керек.Әйтпесе орынды айтылған,өткір айтылған сатира шықпайды.Қазақта «өзіңе қарап ал» деген сөздің мәні де осыған келіп саяды.Ал өзінен қай тұрғыдан да биік,өрелі адамға ешкім ондай сөз айта алмайды.

Жалпы,сатира қоғамның дамуы үшін де,адамның жетілуі үшін де керек нәрсе.Халықтың «сын түзелмей мін түзелмейді» деуі де осыдан.

Сондықтан сатираны тек күшті адамдар ғана қолдана алады.Қазіргі таңда салиқалы жасқа келіп,сатира сардары аталып отырған Алпысбай Мұсаұлы осындай күштілер қатарынан саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ушурова Г.А. ХХғасырдың аяғы мен ХХІ ғасыр басындағы қазақ сатирасы.Филолог,ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисертацияның автореферати.- Алматы,2010. - 28б.
2. Мұсаев А.М. Жанды жүйе.Оқу құралы. – Алматы:«Білім»,2001. – 277б.
3. Ниязова Ғ. Саналы ғұмырын сатираға сарп еткен.Республикалық ғылыми тәжірибе конференция материалдары. – Ақтөбе:Жұбанов университеті «Баспа бөлімі», - 2018.- 350б.

ПРОФЕССОР А.МҰСАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ САТИРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОЖ 82

Қабылов Ә.Д.
ф.ғ.к., Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау қаласы.

Сатира – адамгершілік һәм эстетикалық идеалдарға сәйкеспейтін құбылыстардың баршасын мансұқтап әшкерелеу болса, юмор – идеалдарға қайшы келмегенмен, сыни көзқарас нысанына лайық, дегенмен өзінің тартымдылығын жоймаған кінәраттарды іштарта отырып терістеу, оны жетілдіруге талпыныс, қоғамдық маңызды мәселелерге назар аударту ыңғайындағы күлкі.

Күлкісіз өмірді елестету қандай қиын болса, көркем әдебиетте де сан құбылған күлкі бояулары болмыстың мың қатпар қиырларына көз жеткізіп, көркемдік өң дарытып отырады. Көркемдіктің бір кілті санатындағы әдебиеттегі күлкі құбылыстарының қатарында сатира, юмор, сарказм, гротеск, шарж секілді толып жатқан реңктер көркемдік шындықтың шырайына өзіндік сипаттар үстейді.

Әрбір әзіл-сықақта шындықтың үлесі бар. Шындықтың бетіне тура қарау қиын болғанмен, оны мойындамасқа шара жоқ. Әдебиеттегі әзіл-сықақ та шындықты тура айтудан гөрі көбінесе астарлы-тұспалды ауанымен, ойнақы әуенімен, құйтырқы құйылыстарымен шындықтың шырағын жағып, оқырманына жол тартып отырады. Сондықтан әдебиеттегі әзіл-сықақ тек сатириктердің ғана емес, дүйім қаламгер қауымның қамсыз сілтер қаруы, орайымен жүгінер тәсілі, орнымен қолданар құралы болып келеді.

Ұлттық әдебиеттануымызда сатира жанрының зерттелуінің өзіндік тарихы мен даму үрдісі бар. Оған дейін түрлі әдеби-сын мақалаларда сөз орайында көркем шығармадағы күлкі сипаты туралы бірлі-жарым айтылған болса, ХХ ғасырдың 60-жылдарынан бастап сатира мен юморға байланысты арнайы мақалалар жарияланып, жеке зерттеулер көріне бастады. М.Тілеужановтың “ХХ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі Абайдың сатиралық дәстүрі” (1957), Ғ.Әбетовтың “Абайдың саяси сатирасының идеялық-көркемдік

ерекшеліктері” (1960), Т.Қожакеевтің “Қазақ совет фельетоны” (1961) тақырыптарындағы кандидаттық диссертациялары бұл саладағы ізашар зерттеулер болды. Кейінірек қазақ сатирасын зерттеуші филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Т.Қожакеев, М.Тілеужанов, А.Мұсаев еңбектерінде сатираның даму тарихы, теориясы мен практикалық мәселелері кеңірек сөз болады [1]. Сондай-ақ, Е.Тұрсынов, Р.Алтынбекова, С.Қорабаевтардың диссертацияларында сатиралық жанрлар, сатира тарихы, сатирадағы дәстүр мен идеялық-көркемдік болмыс турасында қызықты пайымдаулар айтылып, ғылыми тұжырымдар түйінделеді [2]. Ұлттық комедияларымыз туралы Ә.Тәжібаев, Н.Ғабдуллин, С.Ордалиев, Р.Нұрғалиев, Р.Рүстембекова, Ж.Әбіл т.б. ғалымдардың зерттеулерінде сөз болды [3]. Қазақ сатирасының даму бағытын пайымдау, көкейтесті мәселелерін талқылауға сатириктеріміздің өздері де атсалысып келеді: О.Әубәкіров, Ғ.Қабышев, М.Рәшев, Ү.Уайдин, О.Иманалиев, К.Әмірбеков т.б. қаламгерлердің мақалалары мен рецензиялары жарияланды.

Өзінің ғылымдағы жолын сатира зерттеуден бастап, күні бүгінге дейін осы саланы індете зерттеп, сатиратануға қомақты үлес қосып келе жатқан ғалымдардың бірі – филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев. А.Мұсаев – көптеген монографиялар мен оқу құралдарының, әдістемелік нұсқаулардың авторы. Оның «Қазіргі қазақ сатирасы» (1993), «Рух бостандығының жыршысы» (2007), «Көркемдік кестесі» (2007), «Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы (1960-1970 жж.)», «Тарази тағылымы» (2009), «Қанатты қаламгер» (2010), «Әдебиет иірімдері» (2011), «Мәңгі өлмес күлкі» (2012) монографиялары мен зерттеу еңбектері – қазақ әдебиетінің теориялық мәселелері мен мәдени мұраларды зерттеуге арналған қомақты дүниелер.

Сондай-ақ «Поэтика казахской сатиры» (1997), «Жанды жүйе», «Көркем шығармадағы сатира» (2007), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (2007) секілді оқу құралдары көп жылдардан бері қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесін, сатира мен юмор поэтикасын жоғары оқу орындарында оқытуда кеңінен пайдаланылып келеді.

Профессор А.Мұсаевтың ғылыми ізденістерінің негізгі бағыты – қазақ сатирасы мен юморының теориялық мәселелері. Өзінің ұстаздары – ұлттық әдебиеттануда сатиратанудың негізін қалап, қазақ сатирасының тарихы мен практикалық мәселелері жөнінде ізашар зерттеулер қалдырған филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Т.Қожакеев пен М.Тілеужановтың ғылымдағы жолын жалғастырып келе жатқан, осы саланы үңіле зерттеп, құнды теориялық еңбектер жазған көрнекті оқымысты. Туған әдебиетіміздегі сатира мен юмордың концептуалдық жүйесін, жекелеген қаламгерлер шығармашылығындағы күлкінің көркемдік ерекшеліктерін, әдебиеттегі күлкі поэтикасы мен образдар табиғатын пайымдауда ғалымның «Қазіргі қазақ сатирасы», «Көркемдік кестесі», «Поэтика казахской сатиры», «Жанды жүйе», «Мәңгі өлмес күлкі» еңбектерінің маңызы зор.

Ғалымның «Қазіргі қазақ сатирасы», «Поэтика казахской сатиры» монографиялары отандық әдебиеттаудағы сатира поэтикасын зерделеген тартымды зерттеулер болды. Бұл еңбектердің ерекшелігі – бұған дейін негізінен қазақ сатириктерінің сатиралық шығармалары көбірек зерттелсе, аталмыш еңбектерде бүгінгі әдебиеттегі сатиралық емес шығармалардағы күлкі поэтикасының зерделенуі дер едік. Көрнекті қаламгерлердің байыпты прозаның аясында сатира мен юморды орынды пайдалануы өмір құбылыстары мен адам образдарын бейнелеудегі шеберлік қырлары, поэтикалық өрнегі ретінде қарастырылған.

А.Мұсаевтың «Жанды жүйе» монографиясы – қазақ әдебиеттануындағы сатира мен юмор поэтикасын зерделеуге арналған толымды еңбек. Монография төрт тараудан тұрады. «Әңгімедегі әзіл», «Жанды жүйе», «Күлкі табиғаты», «Уыз күлкі сырлары» деп аталатын тараулардың әрқайсысы өзара сабақтастықпен әдебиетіміздегі күлкінің қыр-сырын жүйелі пайымдайтын байыпты біртұтас зерттеуді құрайды. Алғашқы тарауда автор қазақ әдебиетінде қалыптасқан әзіл-сықақтық прозаның ілкі бастауларын халық ертегілерінен, Алдаркөсе, Қожанасыр, Тазша бала, Жиренше туралы күлдіргі әңгімелер мен аңыздардан тартып, кеңестік дәуірдегі қазақ жазушыларының әңгімелеріндегі әзіл-сықақтық мотивтер мен сюжеттердің табиғатын зерделейді.

Сатиралық емес шығармаларда, байыпты прозаның аясында сатира мен юморды көркемдік құрал һәм суреткерлік пафос ретінде оңтайлы пайдалана білген С.Сейфуллин, С.Мұқанов, І.Жансүгіровтерден бастап, қазақ прозасын дамытуға қомақты үлес қосқан Т.Әлімқұлов, М.Қаназов, Д.Исабеков, М.Байғұтов, М.Мағауин, О.Сәрсенбаев, Т.Нұрмағамбетов, Б.Әлімжанов, Қ.Жойқынбеков, Қ.Жиенбаев секілді көрнекті қаламгерлердің әңгімелеріндегі сатиралық элементтердің көркемдік ерекшеліктерін, олардың образ жасау мен өмір шындығын бейнелеудегі ілкімділік қасиеттерін өз кезеңіндегі отандық және шетелдік өзге де қаламгерлер шығармашылығымен салыстыра отырып байыпты зерделеген. Сатиралық суреттеудегі ирониялық ракурс, тапқырлық қырлары, комизм табиғаты, шарттылық заңдылығы, суреткерлік қиял мен ойдан қосу секілді мәселелерге де назар аударып, оларды нақты мысалдармен талдап көрсетеді. Мысалы, ирониялық бейнелеу ерекшеліктері туралы: «Ирония комикалық жанрдың бір түрі ретінде – кінәлау мен күлкі ету үшін емес, келеңсіздікті табу мен ашуға, қатып қалған қағидаларды және көзқарастардың тарлығын әшкерелеуге міндетті. Ирониянның сатирадан айырмашылығы не мүмкін, не мүмкін емес деген сұраққа айқын жауап беруге міндетті емес. Оның міндеті әрбір сұраққа бір мағыналы емес жауап берудің мүмкіндігін көрсету. Соңғы инстанцияда шындықтың бірінші роліне таласпай-ақ ирония адасудан шындыққа қарай алғашқы қадам басады. Иронияны қолдана отырып суреткер өз пікірінің шындығын бекіткісі келмейді, өз пікірінің салыстырмалы түрде ғана шындық екенін түсінетінін көрсеткісі келеді. Көбінесе иронияда комикалық трагедиялықпен түйісіп қалады. Ирониядағы күлкі сөз болған заттағы қарама-қайшылықтарды түсіну үшін түрткі ғана» [4,54] – деген тұжырым жасайды. Мұндай тұжырым автордың өзіндік байқаулары нәтижесінің сонылығымен ерекшеленеді әрі әлемдік әдебиеттанудағы ирония туралы айтылған түрлі ғалымдардың ой-пікірлерімен де сабақтасып жатыр.

«Жанды жүйе» деп аталатын екінші тарау прозаның ауқымды жанрлары – роман мен повестердегі сатира поэтикасын қарастырады. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан бастап Ғ.Мүсіреповтің «Жат қолында», Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер», «Сең» романдары, Д.Досжанов, М.Сүндетов, С.Сматаев, Т.Нұрмағанбетов, Т.Әлімқұлов, Қ.Ысқақов секілді көрнекті жазушыларымыздың роман, повестеріндегі сатираның сан қырлы көркемдік қасиеттері қазіргі әдебиеттанудағы теориялық-концептуалдық талдау тұрғысынан сөз болады. Сатиралық емес шығармалардағы сатира, юмор, ирония, гротеск, сарказм секілді сан құбылған күлкілі эпизодтар мен сыншылдық пафос табиғатын саралағанда автор қоғамдағы моральдық проблемалардың сөз өнеріндегі күлкі сүзгісінен өткізіліп бейнеленуінің ерекшеліктеріне ден қойған. Осының бәрі көркем шығармадағы күлкінің орнын, қаламгерліміздің поэтикалық репертуарындағы сатираның көркемдік қасиеттерін байыпты зерделейді.

Монографияның «Күлкі табиғаты» деп аталатын үшінші тарауында сатиралық, юморлық образ табиғаты пайымдалады. Қазақ қаламгерлерінің шығармаларында образдар сомдаудағы сатиралық құралдарды пайдаланудың жолдары, әр образдың ерекшеліктері нақты мысалдармен дәлелденіп, тұжырымдық шешімін тапқан. Сатиралық образ жасаудағы тапқырлық төркіні, гипербола, аллегория, шарж, каламбур, сатирадағы фантастика, шынға ұқсата суреттеу, қайшылықты бейнелеулер, монолог пен диалогтің орны секілді сатираның тиімді тәсілдері нақты шағармалар арқылы дәлелденеді.

Көркем сөз өнерінің бір саласы, балғын бүлдіршіндерді тәрбиелеудегі маңызды құрал балалар әдебиеті болғанымен, бұл саланың әдебиеттану мен әдеби сында ұдайы ескеріле бермейтіні жасырын емес. Ал балалар сатирасы туралы арнайы зерттеудің жоқтығын ескерген автор монографияның «Уыз күлкі сырлары» деп аталатын төртінші тарауын осы мәселеге арнаған. Балаларға арналған шығармалардағы сатира мен юмордың орнын «әрі ерекше, әрі қызғылықты құбылыс» ретінде пайымдайды. М.Қаназов, Т.Нұрмағанбетов, Қ.Қазиев, Т.Мәндібаев, М.Қабанбаев секілді белгілі балалар жазушыларының шығармаларындағы сюжет жаңалығы, қайшылықты жайлардың ерекше өткірлігі, күлкілеу әдістерінің көпқырлылығы, жазу мәнерінің ерекшеліктері секілді бүгінгі юмор поэтикасының негізгі белгілерін нақты туындыларды талдау арқылы дәйектейді. Олардағы шығарманың ділін құрайтын әшкерелеу күлкісі мен достық рәуішті күлкінің біріге келіп, жас жеткіншектерді адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеудегі ролін байыпты пайымдаған.

Автордың жазушыларымыздың туындыларындағы сатира мен юмор поэтикасын байыппен қарастыра отырып, «тапқырлық пен қуақылықты, әзіл-шынын араластыра мысқылдауды, ашығын айтар ащы сарказмды, айтары мен айтылуы басқа иронияны» орын-орнымен сараптап, оларды жазушының поэтикалық репертуарындағы алар орны мен өрісін, жүйеленген жөнін парықтауы тартымды шыққан. Қорытындысында автор: «Жаңа заманға, жаңа жағдайға сәйкес сатира мен юмор поэтикасы да жаңа мазмұнға ие болуда. Сатира мен юмор поэтикасының дәстүрлік сабақтастығы басқа да көркемдік компоненттерімен, жаңа тақырыптық, сюжеттік қатынастарда дамуда. Қоғамымызға, жалпы адамзатқа жат мерездерді шенеп жазған прозалық шығармалар қоғам мүшелерінің ізгілік, адамгершілік рухта тәрбиелеуде зор роль атқарады» [4,247], – деп тұжырымдайды.

Қазақ жазушыларының шығармашылық өмірбаяны мен қаламгерлік зертханасы, суреткерлік шеберлігі туралы ғалымның «Рух бостандығының жыршысы» (2007) және «Тарази тағылымы» (2008) зерттеулері де өрнегі бөлек, өзіндік ғылыми ой-тұжырымы бағалы еңбектер болып табылады.

«Рух бостандығының жыршысы» еңбегінде қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Жарасқан Әбдірашевтің шығармашылығын жан-жақты талдайды. Кітаптағы жеке тараулар ақынның лирикаларының тақырыптық-идеялық сипатын, көркемдік кестелерін, өлеңдері мен поэмаларындағы буырқанған шындық пен философиялық иірімдерді, балаларға арналған өлең-жырларының ерекшеліктерін, ақын эпиграммаларындағы әзіл-сықақ қырларын әдеби-теориялық тұрғыдан тәпсірлеген. Әсіресе, кітаптың «Әзіл-сықақ қырлары» деп аталатын тарауында Ж.Әбдірашевтың сатириктік талантын, атап айтқанда эпиграмма жазудағы шеберлігін талдауы – лирик ақынның ерекше қырын – туған әдебиетімізде эпиграмма, шарж жанрларын дамытудағы ерекше еңбегін танытады. Эпиграмма жанрын дамытудағы ақынның еңбегін автор былайша бағалайды: «Сатириктік талант – кез келген қаламгердің басында бола бермейтін жағдай. Жарасқан өзінің қаламгерлік жолының соңғы он-он бес жылында әбден пісіп, кемеліне келген кезінен бастап эпиграмма-шарждар жаза бастады. Оның эпиграммалары жұртшылық пен өзінің қалың қаламдастары арасында бірден жылы қабылданды. Баяғыдан-ақ осылай жазылуы керек сияқтанды. Оның бірнеше себептері де бар еді. Біріншіден, автор олардың көбісімен көп жылдардан бері аралас-құралас, қоян-қолтық жүріп, көп сырларына, мінездеріне қанық болса, екіншіден, олар дау айта алмайтындай шындық негізінде жазылуында жатыр еді. Ал үшіншіден, ең негізгісі – бұл дүниелер сатиралық, юморлық сезіммен суарылған, нағыз зергердің қолынан, қаламынан шыққан дүниелер еді. Біраз уақытқа дейін осы қырын қарап, қиястанған кейбір «шыбық тимес шын етерлердің» өздері де амалсыздан мойындауға, түсінуге мәжбүр болды. Бұл да өзінше қаламгерлік ерлік болатын» [5,106-107].

Зерделі зерттеушінің «Тарази тағылымы» еңбегі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы-драматург Әкім Таразидің шығармашылығына арналған. Суреткердің шығармашылық өмірбаяны кітаптан кітапқа өткен сайын кемелдене түскен жазушылық шеберлігімен сабақтастықта баяндалып, даралық стиль қырларының жүйелі сипатталып, туған әдебиетімізге қосқан қомақты үлесі сарапталған.

Ә.Тарази шығармаларын сараптағанда ғалым әдебиеттің теориялық мәселелерін жазушының нақты суреткерлік тәжірибесіне сүйене дәлелдеп, қызғылықты тұжырымдар түзеді. Автордың: «Ә.Тарази өз романдары мен повестерінде реалистік зерттеулерде аз роль атқармайтын характерлер мен оқиғалардың өзара келісімі мен өзара тәуелділігіне құрылған ортаның бейнесіне әдейі назар аударады. Жазушының характерлер қатарында әрекет етуші адамдар жасау үшін фантазиясы өте толық әрі жан-жақты көрінеді. Оның сатиралық кейіпкерлері өзімшіл әрі гротескілі. Жазушының кейбір образдары пародиялық мақсатта да жасалады. Оның кейіпкерлері – карикатуралық қана емес, әдебиеттік тип. Бірақ та, әдеттен тыс нәрсені қабылдап қана қоймай, таласқа түседі. Жазушы өз кейіпкерлерін жарқын түрде даралап және шытырман психологиялық характерлермен бейнелейді. Гротескілік образ жасауда Ә.Таразидің өз тәсілдері бар. Ол метафораны дәлме-дәл оқуға немесе метафораны жүзеге асыруға сүйенеді. Мұнда да фантастика элементі қатысып отырады, нақты айтқанда образ фантастикалық күйге түседі, бірақ бұл – күнделікті өмір фантастикасы» [6,50], – деген

пікірлері сөз өнерінің нәзік иірімдерін дөп басып, білгір сезімталдықпен байқаған нәтижелерін көрсетеді.

Әдеби-ғылыми ортада «сатира жанрының тамыршысы» атанған профессор Алпысбай Мұсаев туралы белгілі ғалымдар мен қаламгерлер жоғары пікірлер айтып келеді. Мысалы, кейіпкеріміздің ғылыми бағытының жаңашылдығы туралы профессор Т.Қожакеев: «Алпысбай Мұсаев қазақ әдебиеттану ғылымындағы сатира туралы еңбектерінде жаңа зерттеу бағытының концепциясын ұсынған» [7,115], – десе, академик З.Қабдолов: «Прозалық еңбектерінде терең де қатпарлы қойнауларына бойлап еніп, жарқырата көрсетуі оның шын мәніндегі әдебиетші екендігін көрсетеді» [7,114], – деп бағалайды. Сондай-ақ көрнекті әдебиеттанушылар – Қ.Ергөбектің: «А.Мұсаевтың зерттеу барысында қол жеткен нәтижелері қазақ әдебиетіндегі сатира поэтикасының ілгерілеушілік роль атқарғандығын айғақтай отырып, әдебиеттану ілімінде өз объектісін зерделеу тұрғысынан едәуір ықпал еткендігін баса көрсетуіміз керек. Зерттеушінің әрбір ғылыми нәтижесі әдебиеттану ғылымының дамуында өз орнын алады деп сенемін», десе [7,116-117]; профессор Б.Майтановтың: «Сатира табиғатына көз салатын А.Мұсаевтың теориялық әдебиеттану ғылымына өз үлесін қосқанын айту парыз» [7,117], – деп баға беруі осы сөзімізге дәлел бола алады.

Қорыта айтқанда, профессор А.Мұсаевтың сатира зерттеу саласындағы еңбектері – отандық әдебиеттану ғылымына қосылған қомақты үлес болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожакеев Т. Сатира және дәуір. – Алматы: 1976. – 204 б.; Сатиралық жанрлар. – Алматы: 1983. – 216 б.; Сатира – күштілер қаруы. – Алматы: 1985. – 288 б,: Сатира негіздері. – Алматы: 1996. – 464 б.; Тілеужанов М. Астарлы әзіл. – Алматы: 1976. – 116 б.; Мұсаев А. Қазіргі қазақ сатирасы. – Алматы: 1993. – 106 б.

2. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: 1976. – 200 б.; Алтынбекова Р. Гоголь және қазақ совет сатирасы. – Алматы: 1984. – 44 б.; Қорабаев С. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетіндегі сатираның дамуы. Канд. диссерт. автореферат. – Алматы: 1992. Канд. диссерт. 22 б.

3. Ордалиев С. Қазақ драматургиясының очеркі. – Алматы: 1964. – 276 б.; Рүстембекова Р. Бейімбет Майлиннің драматургиясы. – Алматы: 1969. – 120 б.; Тәжібаев Ә. Қазақ драматургиясының дамуы мен қалыптасуы. – Алматы: 1971. – 416 б.; Ғабдуллин Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. – Алматы: 1982. – 92 б.; Нұрғалиев Р. Айдын. – Алматы: 1985. – 400 б.: Телағыс. – Алматы: 1986. – 440 б.; Әбіл Ж. Қазақ комедиясы. – Алматы: 2000. – 272 б.

4. Мұсаев А. Мәңгі өлмес күлкі. – Алматы: 2012. – 376 б.

5. Мұсаев А. Рух бостандығының жыршысы. – Ақтөбе: 2007. –122 б.

6. Мұсаев А. Тарази тағылымы. – Ақтөбе: 2007. – 152 б.

7. Асыл сөзді ардақтаған. – Ақтөбе: 2008. – 164 б.

ҚАЗАҚ БАЛАЛАР ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

ӘОЖ 82.34

Балтымова М.Р.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, PhD докторант

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мәселесіне баса назар аударып: «Балалар – мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі. Сондықтан да алдағы жылды Балалар жылы деп жариялау керек деп есептеймін. Бірінші кезекте билік тарапынан балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қолдау бағытында нақты шаралар қолға алынуы керек. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы – біздің жалпыұлттық міндетіміз» [1], - дегені белгілі. Ел Президентінің тапсырмасына орай 2022 жыл – Балалар жылы болып, 2021 жылы басталған Балалар әдебиеті жылы 2022

жылы да жалғасын тапты. Балалар әдебиетінің қарқынды дамып жетілу сатысында фольклор шығармаларының танымдық сипатын қарастырудың маңызы зор.

Қазақ балалар фольклоры – қазақ тіліндегі балалар ауыз әдебиеті, балаларға арналған халық шығармалары. Балалар фольклорының пайда болуы мен дамуы қазақ қоғамының тарихи дамуына байланысты ғасырлар бойы жинақталған тәжірибе мен даналықты бойына сіңірген. Балалар фольклоры көркемдік байлығымен, мәнерлілігімен, тақырыптық арнасының кеңдігімен, жанрларының сан алуандығымен, өнегелі тәрбиелік мазмұндылығымен, балаларға түсінікті тіл көркемдігімен ерекшеленеді. Балалар фольклоры шығу тегіне қарай үлкендердің балаларға арнап орындайтын бесік жыры, жұмбақтары және балалардың орындауындағы өлеңдер, балаларға арналған басқатырғыштар, тақпақтар, балалар әндері және басқа да жанрлар болып бөлінеді. Балалар фольклорының шығармалары даналық пайымдаулардан құралып, мұнда балалардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескерілген.

Қазақ балалар әдебиеті XIV-XV ғасырларда қазақ халқының қалыптасып, қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңінен басталады. Кеңес Одағы кезіндегі балалар әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосып, өздерінің шығармаларын ұсынған ақын-жазушылардың, Тәуелсіздікпен бірге Қазақстандағы балалар әдебиетінің дамуына үлес қосқан Мұзафар Әлімбаев, Мұхтар Мағауин, Қадыр Мырзалиев, Бердібек Соқпақбаев, Сәуірбек Бақбергенов, т.б. шығармалары кеңестік дәуірге негізделген өзіндік динамикаға тән сипатта екендігі белгілі. Қазақстанның қазіргі балалар жазушылары Баянғали Әлімжанов, Тілеуғазы Бейсембек, Толымбек Әбдірайым, Маржан Ершу, Санжар Керімбай, Зира Наурызбаева, Лиля Калаус, Дарья Джумагелдинова, Ольга Марк және т.б. балалар әдебиетінің әдемі суреттермен көркемделген нұсқаларын ертегі, әңгіме, оның ішінде фантастикалық, поэзия жанрында балаларға арналған сөздіктер, энциклопедиялар құрастырып, балалар шығармаларын орыс және қазақ тілдеріне аударып оқырмандарға ұсынып келеді. Осы ғалымдардың балаларға ұсынған фольклор шығармаларының ішінде баланың танымын дамытуға бағытталған тақпақтар «Әлдиден эпосқа дейін» отбасы хрестоматиясында нақты берілген. Авторлар тобы «Баланың есте сақтау қабілеті 4-5 жастан соң шапшаң дами бастайды. Осы жаста баланың есте сақтау қабілеті тоқтап қалмас үшін үнемі жеңіл өлеңдер жаттатқан пайдалы. Ең алдымен балаға жеміс-жидектер туралы тақпақтар жаттату қажет. Себебі бала жеміс-жидекке, тәттіге үйір келеді. Оған «сәбіздің витамині көп, сәбіз же» деп үгіттегеннен гөрі:

«Қара жер төсегі,
Бар оның есебі.
Сәбізді көп жесең.
Бойларың өседі

Шие
Моншақтай алқызыл,
Бұтаққа ілінген,
Ерекше дәмді бұл
Кетпейтін тіліңнен.

Жесе де қаншама,
Шиеге тоймайды,
Ұшып кеп жан сала
Торғай да қоймайды.

Банан
Сары тон киінген,
Орақтай иілген.
Бананның бал дәмі
Тіліңді үйірген.

Қанша той кешінде,

Жегенім есімде.

Жейді оны біз түгіл

Сүйсініп мешінде» [2, 20], - деп тақпақ жаттатқан пайдалы. Жеміс-жидектің қасиетін білген бала оны ешкім айтпай-ақ, өздігінен жей бастайды» деп нақты көрсетуі баланың сезім мүшелері арқылы жеміс-жидектің дәмін, иісін сезіну арқылы танымы қалыптасады, есте сақтауы мен тілі қалыптасатынын көреміз. Сонымен қатар, зерттеуші «Сәбидің танымына сәйкес жазылған тақпақ оның білімге деген қызығушылығын оятады. Орыс ғалымы Е.Кудрявцева «Тақпақтың мазмұны бірден баурап алуы тиіс. Сондықтан оған өзі білетін аң-құстар, өсімдіктер, бұлт пен жаңбыр жайлы қысқа шумақтарды үйреткен абзал дейді» [2, 25], деп көрсеткен.

Дүниежүзілік балалар әдебиеті – ертегілер, әңгімелер, өлеңдер, энциклопедиялар, эпостар жанрларымен берілетін алуан түрлі басылымдар балалардың танымын дамытуда көркем суреттерге толы күйде балаларға ұсынылатыны белгілі. Олай болу себебі, бұл шығармалар балалардың қиял, сиқырлық және сиқыршылық әлеміне баурап алатындығында болып отыр. Мысалы, қазіргі заман балалары Дж.К.Роулингтің әйгілі Гарри Поттер романдарының сериясын сүйіп оқиды. Қазақстанда балаларға арналған әдебиет прогрессивті түрде дамып келеді, дегенмен, кітап дүкендерінің сөрелерінде әлі де болса аударылған шетел әдебиеті жеткілікті, қайта басылып шыққан көптеген кітаптар бар, қазақ тіліндегі басылымдар айтарлықтай емес. Қазақ тіліндегі кейбір ертегілер шетелдерде басылып жүр, соның бірі Күлшекыз туралы ертегі. Балалар әдебиетін баспаға ұсынуда қазақ баспаларының қатарында «Алматы кітап», «Атамұра», «Аруна», «Мектеп», «Ордаген» баспалары заманауи форматтағы балалар әдебиетінің нұсқаларын ұсынып жүр. Аталған баспалар ұсынған әдебиеттер аудио, визуалды әдіспен игерту тәсілдерін негізге алып, шығармалардың мазмұнын бейнелеу, графикалау, суреттеу түрінде беруге бет бұрған. Өйткені баланың таным жүйелері сезім мүшелерінің қабылдауы тұрғысынан, яғни аудио, визуалды күйдегі, 3D форматтағы қабылдауға көшкен.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты болуы жалпыұлттық міндетіміз деген тапсырмасына сәйкес, Қазақстандағы балалар әдебиеті өзгермелі әлемге байланысты қарқын алуда, батыстық жасаушылармен қатар қазақтың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, мифологиясымен, географиясымен және менталитетімен байланысты балалар көркем әдебиеті дамып, жас қазақ оқырмандарының көбеюде.

Бұл ретте «Отбасы хрестоматиясы» сериясы жобасының авторы С.Керімбай «Әлдиден эпосқа дейін» атты еңбегінде «Тал бесіктен жер бесікке дейін» адамның өмір сүру образы, менталитеті, сол аралықта жас ерекшелік кезеңдеріне сай рухани даму сатысынан өтуі туралы балалар шығармаларын ұсынғандығын айтсақ болады. Шығармада фольклор туындылары бесік жыры, тақпақтар, санамақтар, «Сөз атасы – ертегі», жаңылтпаштар, бата, қисса-дастандар, батырлар жырының балалар мен ата-аналар үшін пайдасы туралы жан-жақты қарастырылып, балалардың сөлеу тілінің дамуына әсер ететін фольклор туындыларының көмекші құрал екендігі туралы дәлелді фактілер келтіріледі. Қазіргі балалар шығармаларының көркемдік ерекшелігі сонда 4-5 жастан соң баланың есте сақтау қабілетінің шапшаң дамитындығын ескере отырып, баланың жасы мен психологиясы арасындағы сәйкестікті есепке ала отырып шығармаларды ұсынғандығын айта кетуіміз керек.

Қазақстандағы халықаралық деңгейдегі кітап көрмелерінде жергілікті әдебиетті балалар мен жасөспірімдер арасында кеңінен насихаттау мақсатында қазақстандық балалар жазушыларымен кездесулер ұйымдастырылып, республикада бірнеше жылдан бері балалар жазушыларының әдеби байқаулары, оның ішінде «Дарабоз», «Балауса» байқаулары өткізіліп келеді.

«Мәдени мұра» бағдарламасында көрсетілгендей, құқықтық қоғам орнатуға бет бұрған тәуелсіз мемлекеттің өз тұрғындарына азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім, өзара құрмет пен сыйластық, татулық пен ынтымақтастық тілеп, осы бастан өсер ұрпақтың бойына ұлтаралық қатынас мәдениетінің ұрығын сіңдіруге ұмтылыс – құптарлық іс, деп көрсетілуі қазақ балалар әдебиетінің болашақ ұрпақтың өзге елдермен теңдей тұрып, сол елдің

мәдениетін, тарихын білу арқылы өрісін кеңейтіп, интеллектісін дамытудың бір құралы балалар әдебиетінің шығармалары екенін білеміз.

Қоғамның дамуы мен өркендеуі барысында туындаған рухани-мәдени қажеттіліктер, соның ішінде ұрпақ тәрбиесіндегі жаңашылдықтар мен тың өзгерістер тарихи, салт-дәстүрлер мен әдеби байланыстар арқылы анықталатыны белгілі. Осы турасында ғалым Ш.Қ.Сәтпаеваның: «Қай халықтың болмасын өнер жағынан дамуында әдеби байланыстар сол ұлт әдебиетінің өркен жая өсуіне, оның әлеуметтік ықпалының күшеюіне септігін тигізіп, сөз өнерінде көрінген халықтың рухани қалпын, арман-мүддесін, өмір тарихын басқа халықтың тарихымен ұштастыруға, сөйтіп олардың өзара бөлісуіне, түсінісуіне, бір-бірін құрметтеп, достасуына дәнекер болады» [3, 3], - деп тұжырымдауы өзге ұлт мәдениетімен толық таныс болып, әлемдік өзгерістерге әркез бейім тұруына ықпал ететіндігін көрсетеді.

Қазақ балалар фольклорының танымдық қызметін көрсету бағыында жасалған талдаулар адам баласының басқа тіршілік иесінен ерекшеленетін қасиеті – қиялдау, елестеу, тану, сезіну қабілеті екендігін көрсетеді. Бұл дегеніміз қазақ балалар фольклорының адамның таным арқылы сыртқы дүние заттары мен құбылыстар арасындағы жеке образдарды жаңартуы, қайтадан өңдеп толықтыруы, өзінің санасындағы пайда болған бейнелер мен образдар арқылы сипаттап оны бойына сіңіретіндігі болып табылады. Осы ойдың дәлілін, қазақ зиялысы М.Жұмабаевтың «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада туып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиіс» [4, 76] деп көрсетуі қазақ халқының қиялынан тамаша бейнелердің пайда болғандығын байқатады. Қиял адамның барлық таным процестерін, соның ішінде ойлау, елестету, ерік, қабылдау, сөйлеуді дамытып, шығармашылық әрекеттерге үйретететінін ескерсек, фольклор туындыларының қайсысы болмасын баланың қиялын, елестетуін, логикасын, терең ойлау қабілеттерін дамытатынын білеміз.

Қазақ балалар әдебиетінің туындылары мен олардың ерекшеліктері жайындағы ұрпағымыздың танымын қалыптастырып қана қоймай, ұлттың мәдениетімен, тарихымен танысуда да ауыз әдебиеті шығармаларының құндылығы жоғары екендігіне көз жеткіздік. Ауыз әдебиетінің даму бағыттарын саралап, халық ауыз әдебиетіндегі балаларға арналған шығармалардың мазмұны ғылыми зерттеулерде көрсетілгендей баланың жасына сәйкес мінезі де, эмоциясы да, ойлау қабілеті де өзгеріп, дамып отырады. Баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес балалар әдебиетіндегі шығармалар бірнеше салаға бөлініп, өз алдына сана-сезім мен ой-өрісті кеңейтуде тәлім-тәрбие береді. Қазақ балалар фольклорын қарастырғанда осы бір салаға бөлінуіне байланысты атқаратын қызметіне назар аудару шығармалардағы көркемдік образ, лиризм, әуен, саздың болуы бала психологиясына тікелей әсер етеді. Балалар фольклорындағы шығармалардың қай-қайсысы болмасын баланың ойлауына, тілінің дамуына, көңіл-күйіне жылдам әсер етеді. Балалар фольклоры – ата-бабадан мирас болып қалған өмір оқулығы. Фольклор – ауыздан ауызға аңыз болып таралған тәрбиелік мәні бар, ешқашан ұмытылмайтын, өзектілігін жоймайтын әдеби көркем шығарма. Фольклор туындылары арқылы ұрпағымызға үлгі болып, өткен шақта өмір сүрген бабалар дәстүрі мен тәжірибесін ұрпағымыздың санасына жеткіземіз. Балалар фольклорының нәрестелік кезеңнен бастап баланы адамгершілік құндылықтарға баулитындығы әдебиет ғылымының дамуындағы қай кезеңінде болмасын зерттеушілердің назарынан тыс қалған емес.

Соның ішінде ұрпақ тәрбиесіндегі тәрбие құралы ретіндегі тагнымдық қызметін дәлелдеуде, оны ұрпағына қалдыруда Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы», М.Дулатовтың «Қырағат», «Балаларға тарту», І.Жансүгіровтің «Ел өтірігі», Қ.Ісләмжанұлының «Рухани уыз» шығармалары нәрестелік кезеңнен бастап кәмелеттік жасқа дейінгі уақытты қамтитын шығармалары жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасында кеңінен қарастырылған. Бұл аталған шығармалардың тарихи дәуірлерге сәйкес құлдырау, даму, қарама-қайшылықтарға түсу кездерін есепке алсақ, ұрпақ тәрбиесін назардан тыс қалдырмауды басты аргументке алған зерттеушілердің еңбектері адам өмір сүріп отырған қай заманда болмасын күрделі, өзекті жұмыс болып қала береді. Алдағы уақытта заманауи сипатта берілетін фольклор туындыларындағы жаңашылдық пен өзгерістер қазіргі заманда дүниеге

келіп жатқан ұрпақ психологиясына сәйкестенген шығармалар болып қалатынын ағартушы, ғалым А.Байтұрсынов: «Балалар әдебиеті жоқ жерде ертегі баланың рухани қиялын тәрбиелеуге көп керегі бар нәрсе, баланы қиялдауға, сөйлеуге үйретеді. Салт-санасына сәйкес пікірлерді келтесінен келтіріп, өлең түрде ұйқастырып айту – тақпақ болады. Тақпақ қысқара-қысқара маңызданып барып, мақалға айналып кететін де жері бар. Мақалдарды құрастырып қосып айтқанда, тақпаққа айналып кететін де жері бар. Бас қатырғыш жұмбақ сияқты ойландыратын нәрсе, бірақ жұмбақтай шешуі болмаған соң, босқа әурелейді. Шешуі жоқтығын білмей, жұмбағын табам деп ойланып, адамның басы қатады. Сондықтан бас қатырғыш деп аталады. Жаңылтпаш деген аты жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады [5, 412-424], - деп, балалар фольлкорына жасмалған талдауынан көре аламыз.

Балалар фольклорындағы шығармалардың қайсысы болмасын халықтың сөз өнері мен жазба әдебиетіндегі балаларға базарлық ретінде ұсынылатындығы балалар фольклор мен халық педагогикасы арасындағы өзара сабақтастықты басшылыққа алады. Әр бала жеке тұлға, жеке дара қарым-қатынасты қажет ететін өсіп келе жатқан адам екендігін ескеру бір басқа, ал ұрпағымыздың бойына ұлттық сана-сезімді қалыптастыру жұмысы бір басқа. Бұл жерде ұлттық психологияның ұрпағымыздың бойында салт-дәстүрлер мен ата-бабамыздың жүрген жолын түсінуде орны ерекше. Осы тұрғыдағы жүргізілген танымдық бағыттағы зерттеулер ұлттық психологияға негізделгендігін де айтпасқа болмайды. Ұлттық психологиямыздың астарында көшпенді қазақ елінің өмір сүру образынан алынған шынайы қорытынды ой мен сөздің мағынасын анық байқалып тұрғанын көре аламыз. Қай халық болмасын өз ұрпағының саналы болуын алдын ала болжап, өздерінің бастан кешкен қиындықтары мен бейнетінен алшақтатып, өз мақсатына жетудегі позитивті ой-пікірлері фольклорлық шығармалардың көмегімен түсіндіруі бала тәрбиесінде ерекше орын алатындығын көрсетіп тұрғаны анық. Бала тәрбиесінде қолданылатын фольклор үлгілерінің қайсысы болмасын көркемдік танымдық қызметін көрсетуда фольклорлық шығармалардың көрінісін жинақтап, кестеге түсірдік.

Кесте 1 – Қазақ балалар фольклорының танымдық қызметі

№	Фольклорлық шығармалардың түрлері	Фольклорлық шығармалардың танымдық қызметі	Нәтижесі
1	Мақал-мәтелдер	Ойлау мен сөйлеуді дамытады Баланың ойлау қабілетін арттырып, қиялын дамытады, оқыған мәтін мазмұнын еркін баяндауға үйретеді	Ой ұшқырлығы мен жазба жұмыстарын мазмұндама, шығарма, эссе жазу барысында ойын жүйелі баяндауға үйренеді
2	Жұмбақтар	Тапқырлыққа үйретеді Баланың шапшаң ойлау дағдысы мен кеңістікті бағдарлау қабілеті артып, математикалық, логикалық ойлауға үйренеді	Тапқырлыққа, шапшаңдыққа үйренеді
3	Жаңылтпаштар	Сөйлеу тілін дамытады, дыбыстар мен әріптерді дұрыс айтуға үйренеді Дұрыс сөйлеу, екпін, интонация қою қабілеті артады	Тілдегі логопедиялық кемшіліктер брадилалия, тахилалия түріндегі кемшіліктер түзеледі
4	Санамақтар, мазақтамалар	Математикалық, логикалық ойлауға дағдыланады	Орынды сөйлеу, логикалық ойлау

		Қалжыңды түсіну, дұрыс, орынды сөйлеуге үйренеді	қабілеттері қалыптасады
5	Ертегілер, аңыздар	Тарихи деректермен танысып, жан-жақты ойлауға үйренеді Қиялы дамиды, бала адамгершілік, ізгілік қасиеттерді игереді	Өз туған жерінің тарихымен, тілімен, дінімен танысады
6	Ұлттық ойындар	Ұлттық ойындармен танысып, оларды ойнуға үйренеді Шапшаңдыққа, жолдастық көмек қабілеттерін игереді	Ойын барысында ойын ережелерін сақтап, тәртіпті болуға үйренеді

Кестеде көрсетілген топтамалар бірін-бірі толықтырып, фольклор үлгілерінің балалар тәрбиесіндегі танымдық қызметін нақты көрсетіп тұр. Балалар шығармалары уақыт дамуына орайласа туындайтын түрлену, жаңару сияқты алуан сипатты өзгерістерге бейімделіп, ішкі мазмұны мен сыртқы бітімінде көркемдік белгілердің пайда болатындығымен ерекшеленетін ірі туындылар болып саналады. Балалар фольклорының ұрпақ тәрбиесіндегі орны мен тагнымдық қызметіне қарай жасалған пайымдаулар мен нәтижелерді жинақтап, оларды кестеге салдық.

Сөзімізді қорыта айтсақ, «Бала – адамның бауыр еті», «Бала – біздің болашағымыз» дегендей, бүгінгі бала ертеңгі қолына ел тұтқасын ұстар азамат екендігін болжасақ, баланы жастайынан тәрбиелеп, отбасында саналы ұрпақ қалыптастыру жұмысына аса мән беру керектігі айқын. Әрбір ата-ана баласының төл тарихымыздың, мәдениетіміздің асыл мұраларын жақсы қабылдап, түсініп кетуі үшін халқымыз туралы ой-пікірлермен таныстырып, бала бойында ержүректілік, батылдық қасиеттерді қалыптастыруда қазақ балалар фольклорының алатын орны ерекше Баланың фольклор туындыларын жастайынан бойына сіңіріп, жаттап өсуі танымдық жүйесін дамытып, адамгершілік нормаларын игеруіне, еңбексүйгіштікке, шыдамдылыққа үйренуіне ықпалы өте зор. Әдебиеттің даму тарихындағы орын алған тарихи кезеңдерге сай туындаған фольклор туындыларының, яғни салт-дәстүр, отбасы тәрбиесі, наным-сенімдерден туындаған мифологиялық аңыз-әңгімелер ұрпақ тәрбиесінің ерекшеліктерін, ұлттық мұраларымызды айқындауымызға толық негіз бола алатынын айтсақ болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа жылдық құттықтауы //https://egemen.kz/article/300394-memleket-basshysy-qasym-zhomart-toqaevtynh-dganha-dgyldyq-quttyqtauy
2. Әлдиден эпосқа дейін. Ә 50 ОТБАСЫ ХРЕСТОМАТИЯСЫ./құраст. Б.Бопайұлы, С.Керімбай, Ә.Нәби. М.Төлеген. 2 бас. өңд. толық. – Алматы: «орхон» Баспа үйі, - 2015. – 392 б. – сер. (Отбасы хрестоматиясы).
3. Сәтпева Ш.Қ. Әдеби байланыстар. – Алматы, 1974. – 216 б.
4. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 154 б.
5. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 180 б.

ӘОЖ 82.7

Мамыров А.И.
БҚИТУ, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор,
Нұғманова Ә.Т.
БҚИТУ, Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының 3 курс студенті.

Қазақ әдебиетінде Сатира деген болмысы бөлек көркемдік бейнелеу тәсілі бар. Мұның болмысы бөлек болуы өзіміз өмір сүріп отырған ортадағы оқиғаны, құбылысты не кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыруында. Сондықтан да «Сатира – күштілер қаруы» деп таңылады. Бұл күшті қарудың тілін білетін ғылым докторы Қазақстанда бүгінгі таңда біреу ғана, ол – Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы, белгілі әдебиеттанушы ғалым Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев.

Арғысы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышынан» бері сатираның аңдатпасы айтылғанмен бұл саланың табиғатын тану адамзат баласының жершарының солтүстігін кешеуілдеп игергеніндей кейін ғана және тәуекел етіп барғандары саусақпен санарлық. Соның ішінде биік нүктесіне жетіп ғылым докторы атанғандары үшеу. Олар: Алатаудай заңғар аңыз адам Темірбек Қожакеев, ағысқа қарсы жүзер Жайықтың бекіресіндей мінезді Мәтжан Тілеужанов және М.Тілеужановтың жетекшілігімен кандидаттық, Т.Қожакеевтің жетекшілігімен докторлық диссертацияларын қорғап, қос енені тел емген Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев.

Кейіпкеріміз Алпысбай Мұсаұлы елге әдебиеттанушы ұстаз-ғалым ретінде танылған тұлға болғанымен, Алпекең әдебиетке өлеңмен келген жан. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы Президенті кеңесшісі, белгілі ғалым Бауыржан Омаровтың «Қазалының қазағы» мақаласын оқыған ләзім.

Қазалының қазағы Алпысбай Мұсаев 1948 жылы қараша айында Қызылорда облысының Қазалы ауданындағы «Дихан» ұжымшарындағы қызметкер қазыналы Мұса қарттың отбасында отағасының алпысқа қараған шағында дүниеге келеді.

Алпекеңнің замандасы, сыйлас досы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері ақын-драматург Иран-Ғайып бұл жөнінде:

«Тағдырдың талмай тартыс талқысында,
Төтеп бар тауқыметке, бар қысымға –
Қыннан қылыш суырып өзің үшін,
Мұса қарт майдан ашқан алпысында?!»

деп жырлауы бекер емес.

Ертегідегі төстікке жерік болған ананың аңсары мен әкенің демсалы сойы бөлек Ертөстікті әкелсе, Сұлу ана мен Мұса қарт махаббаты Алпысбайды дүниеге әкелді.

«Ертөстігім» бір төбе дегендей шаңырақтың кенжесі Алпысбай да отбасының ерекше құрметіне бөленіп өседі. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ел әлі де болса еңсесін тіктей қоймаған кезең болса да Мұса қарт Алпысбайын дәмнен де, әннен де жұтаң қылған жоқ. Дастарқаны берекелі Сұлу ана мен тірлігі несібелі Мұса әкенің төрінде Сырдың талай сүлейлері таңды таңға ұрып жырдың тоғанын ағытқан болатын. Осылайша, жыр құсы бір қонақтаған қасиетті Сыр елінің топырағы Алпысбайдың да кеудесіне сөз өнерін құт қылып құяды.

Сөз өнері әдебиетке деген ықылас мектеп бітірген Алпысбайды 1966 жылы Ақ Жайық төріндегі А.С. Пушкин атындағы педагогикалық институттың филология мамандығына алып

келді. Тарихы жағынан елімізде екінші ашылған жоғары оқу орнының атағы ол кезде аспандап тұрған. Оралдағы педагогикалық институтқа түсу шын жүйріктерге ғана бұйыратын. Кейіпкеріміз Алпысбай Мұсаев сонау алпысыншы жылдардағы студенттік шақты еске түсіріп сөйлегенде:

« - Ол кезде академик Қажым Жұмалиев тірі, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын Оралда ашқан әрі тұңғыш кафедра меңгерушісі болған адам. Сол кезде Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық институтта қызмет істесе де Орал педагогикалық институтын қамқорлап, ұстаздарға ғылыми дәреже алуға жетекшілік етіп, өзі ашқан мамандық студенттерінің білімі жоғары болуын Оралдық әріптес шәкірттерінен талап етіп отыратын көрінеді» деген, Алпекең, өзіне сабақ берген ұстаздары Сәрсен Ақмурзин, Атымтай Көшімбаев, Ғабдрахим Әбуханов, Мәтжан Тілеужанов, Қалимолла Мырзағалиев, Меруерт Жолдықайырова, Шәнді Жұмағазиева т.б. ерекше құрметпен еске алып отырады.

Кейін өзі оқыған институтқа шақырту алған Алпысбай Мұсаев ізденушіден ғылым докторы дәрежесіне білімнің осы қара шаңырағында жетті. 1990 жылы «Қазіргі қазақ прозасындағы сатиралық образдың көркемдік ерекшеліктері» атты кандидаттық диссертациясын қорғаса, 1999 жылы «Қазақ прозасындағы сатира мен юмор» атты докторлық диссертациясын қорғады. Ұзақ жылдар кафедра меңгерушісі болды.

Алпекеңнің докторлық диссертация қорғауы Оралдық филологтарға үлкен серпін әкелді десек артық айтқандық емес. Өйткені, М.Тілеужанов пен А.Мұсаев аралығында бірде-бір докторлық диссертация қорғалмаған еді. Ғылым жолындағы кез келгенге жалын сипатпайтын бұл межеге жиырма жылға жуық үзілістен кейін Алпысбай Мұсаұлы қол жеткізді. Аймақтағы тілші мен әдебиетшілерге алынбас асудай болып көрінген докторлық дәрежеге Алпекең осылай жол салып берді.

Жаңа мыңжылдықтың басында 2003 жылы қызмет бабымен Оралдан Ақтөбе қаласына қоныс аударған Алпысбай Мұсаұлы Құдайберген Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің 2003-2005 жылдары ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры қызметін атқарды. 2005 жылдан бастап университет жанынан құрылған Гуманитарлық зерттеулер институтының директоры. Осы директорлық қызметінде жүргенде Алпекең мемлекеттік және аймақтық маңызы бар кешенді ғылыми бағдарламаларға қатысып, қазіргі таңдағы ұлттық мәдениетті, ауыз әдебиетін, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды зерделеудің тұтастай жүйесін жасауда ауқымды жұмыстар жүргізді.

Алпысбай Мұсалы өміріндегі Ақтөбе жылдары ғалымның ғылым жолындағы екінші тынысы ашылған кезең деуге болады. Мұны ғалымның жыл құрғатпай жарыққа шыққан еңбектерінен көруімізге болады. Бұған Оралдық тілектес достары, шәкірттері қатты қуандық. Осы көңіл күйді көптің атынан жергілікті ақын Айтқали Нәріковтің мына бір жыр шумағы жеткізіп тұрғандай:

«Адамға оң мен солын байыптаған,
Тағдыры сый-құрметті лайықтаған.
Сен жайлы жақсы хабар естігенде,
Мен мұнда кәдімгідей байып қалам».

Ұстаз-ғалым А.Мұсаев көптеген монографиялар мен оқу құралдарының, әдістемелік нұсқаулардың авторы. Бүгінгі таңда ғалымның еңбектері жоғары оқу орындарының филология мамандықтарында оқып жатқан студентер мен магистранттардың білім беру бағдарламасына енген негізгі әдебиеттердің бірі. Ғалымның шығармашылығын таратып айту бір мақала көлемінде мүмкін болмағандықтан еңбектерінің негізгілерін ғана атап өтсек, олар: «Қазіргі қазақ сатирасы» (1993), «Поэтика казахской сатиры» (1997), «Жанды жүйе» (2002), «Әйтеке би аймағының этномәдени мұрасы» (2006 ж.), «Рух бостандығының жыршысы» (2007), «Көркемдік кестесі» (2007), «Көркем шығармадағы сатира» (2007), «Қазақ әдебиетінің оқу әдістемелік кешені» (2007), «Қазақ прозасындағы жеке адам концепциясы» (2009), «Тарази тағылымы» (2009), «Қанатты қаламгер» (2010), «Әдебиет иірімдері» (2011), «Мәңгі өлмес күлкі» (2012). Жалпы көлемі 250 баспа табақтан аса ғылыми зерттеу еңбектері бар.

Соңғы жылдардың дидарында профессор Алпысбай Мұсаев шет елдердің ғылыми ортасына таныла бастады. Франция, Австрия, Италия университеттерінде дәріс оқып, еңбектері шет ел баспасында жарияланды. Соның бір дәлелі ғалымның жуырда Париж қаласындағы ЮНЕСКО орталығындағы Жипто баспасынан таңдамалы еңбектерінің үш томдығы басылып шықты.

Ғылыми ортада танымал Алпысбай Мұсаұлы 1996 жылы Қазақстан Республикасының Жаратылыстану Ғылымдары Академиясының мүше-корреспонденті, 2015 жылы Францияның Конкорд Академиясының мүше-корреспонденті (Франция, Париж). 2017 жылы мамыр айында Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының академигі болып сайланды. Сондай-ақ ұзақ жылғы жемісті педагогикалық еңбегі үшін «Қазақстан Республикасы Білім беру саласының үздігі» белгісімен марапатталды. Бірнеше рет Қазақстан Білім және Ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мелекеттік грантының иегері атанып, медальмен марапатталды.

Осы аталған жетістіктерге қол жеткізбес бұрын Алпысбай Мұсаұлының ғылыми әлеуетін, шығармашылық қарымын, болмысын Қазақтын Қабдоловы атанған Зейнола ағасы қалай таныған деп тәнті боласын. Докторант Алпысбайдың еңбегімен танысқан Зейнолла Қабдолов былай деген екен: «Құрметті әріптестер! Жалпы, қазақ әдебиеттану ғылымында сатирадан қорғағандар – өте аз, саусақпен санарлық, бұл жігіт сол аздың бірі. Бұл жігіттің қорғар алдында жазған еңбектерімен танысып шықтым. Ішінде үш өлең кітабы бар екен. Талантты ақын жігіт, докторлық диссертация жазған. Бұл не деген сөз? Бұл творчествоның психологиясын біледі деген сөз. Бізде әдебиеттанушылардың барлығы да творчествоның психологиясына бара алады деу қиын... Сондықтан олардың көбі «уморзительно» жазады. Ал, мына жігіт еңбек жазғанда өз тәжірибесінен алып отыр. Алған тақырыбына өзінің шығармашылығының қабысқан жері осы. Өте сәтті табысу. Жалпы бұл жігіттің ішкі гармониясы келіскендігін байқадық. Сондықтан да болмысының симметрично келетін жері осы арада деп білемін...».

Жоғарыда Зекең айтып өткен әдебиетке өлең арқылы келу бұрыннан бар дәстүрлі құбылыс. Оны ғылыммен ұштастырсаң творчествоның психологиясын танисын. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғаларының шығармашылығына үңілсек мұны көруімізге болады. Алпекең де бұл дәстүрді жалғастырушы. Мұны ағамыздың өмір жолының әр кезенінен-ақ аңғарамыз. Өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдары мерзімдік басылымдарда жариялана бастаған өлеңдері «Дария жыры», «Жыр бесік» ұжымдық жинақтарына енсе, «Телқоңыр» атты жеке жинағы «Өлке» баспасынан жарыққа шықты.

Араға ұзақ уақыт салып Австрия астанасы Вена қаласындағы «Шығыс және батыс бірлестігі» баспасынан «Жүрегімнің қоңырауы» атты жыр жинағы жарыққа шыққан болатын. Осы жинаққа енген ағаның «Автопортрет» өлеңінен болмыс табиғатын тану үшін бір шымшым татып көрейік:

«Мынау жарқын өмірден күш аламын,
Жүрсек жырлап, тілді де тұсамадым.
Орақ ауыз, от тілді, жазық маңдай,
Ұлы едім жомарт мінез – Мұса ағаның...

Аспан асты, жер үсті кең мекенім,
Еңбек етем, маңдайды терлетемін.
Шың демей-ақ қояйын өз төбеме,
Өзім салған жолменен мен жетемін.»

Бұл қаламгер-ғалымның қарымын көрсетер жыр шумақтары болуымен қатар, Алпысбай Мұсаұлының өмірлік ұстанымын көрсететін литмотиві.

Әңгіме Алпысбай Мұсаұлының шығармашылығы жөнінде болғандықтан ғалымның ғылымдағы өз келбетін танытқан «Жанды жүйе» еңбегіне көңіліміз ауды. Ақындық әлемде бәсі басқалардан бөлек жырды нақ шабыт үстінде туған өлең деген түсінік бар. «Жанды жүйе»

де ғылым жолындағы михнат пен махаббаттың ұштасуынан туған дүние. Алпысбай Мұсаұлының аталмыш еңбегіне дейін қазақ прозасындағы сатира мен юмор поэтикасы арнайы зерттелмегендігін ескерсек, оқулықтың шын мәніндегі қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған керек кітап екендігін көреміз.

Халық ауыз әдебиетіндегі күлкі феномендерінің ерекшелігін ашуда қасан қисынға жүгінбей мәтін дерегінің мазмұнына назар аударту арқылы ащы сатира, өткір мазақ, әзіл күлкі, келеке келемеждер табиғатының түс бояуын, дәм-тұзын таныта алған. Сөзімізді «Жанды жүйе» оқулығынан алынған мысалдар арқылы өрбітейік.

« ... Бірде Қожанасырға көршісі келіп кір жаятын жіп сұрапты. Сонда Қожанасыр тұрып: «Ренжіме, мен оған ұн жайып қойып едім», - дейді.

- Қалайша, жіпке ұнды іліп қойдың? – деп сұрады танданған көршісі.
- Ол қиын іс емес, егер сен оны бергін келмесе» - деп жауап береді Қожанасыр».

Мұны Алпысбай Мұсаев былайша түсіндіреді: «Көптеген суфизм өкілдері Қожанасырдың мына оқиғасын мүмкін емес түсініктерді қалыптастыру үшін қолданады» дейді. Ғалымның «мүмкін емес түсініктерді қалыптастыру» деген қисыны ерекше бөлек пайым. Осындайда ойға М.Әуезовтің: «Қожанасыр күлкісі өзінше бөлек күлкі...» деген пікірі түседі.

Алпысбай Мұсаұлы туралы сөз қозғағанда ұстаздық қырына тоқталмай өту мүмкін емес. Бұдан тура 31 жыл бұрын Мұсаевтың сабағы болады дегенде А.С. Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының бас ғимаратындағы 416 аудиторияға үш топтың 75 студенті түгел жиналатын. Бұл жиналу қырықтағы лектордың алды қаттылығынан қаймығудан емес, театрдың жаңа премьерасынан қалыс қалмауды ойлаған көрермендік қызығушылық ықыластан. Сатира мен юмор саласын теориялық жағынан саралап талдай келе ұстазымыз кілт тоқтап, ешкімге назарын салып қарамай, ұнжырғасы түскен кейіпте аудиторияда қолын артына айқастырған қалыпта әрлі-берлі бір-екі минут жүріп, кенет жан-жағына кезек қарап, алға бір-екі қадам басып сол ізімен еңсесін бұрмастан артымен кейін шегіне жүріп, кібіртіктеп тұрып алады. Сол кезде аудиторияның әр жерінен осы сәтті асыға күткен студенттер «қазір, қазір бастайды» - деп дегібірсіздене сыбырлаған сөздері естіліп жататын. Содан соң... ағай образға кіріп шығарманың иіріміне үйіріп алып кететін. Ол тұста ұстазымыздың сөзі өз алдына қас-қабағына дейін сөйлеп, ирония, сарказмдардың көңіл-күй пернесін тап басып тұратын. Бұл Мұсаевтың өзіне ғана тән шеберлік, әдіс-тәсіл, қазіргі тілмен айтқанда мастер клас сабақтар болатын... Алпекең студенттеріне «Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу - өлім» екендігін осылай түсіндіретін.

Алыптар тобы ағалар салған сатира мектебін бүгінгі күнмен жалғап, «Күлкі – өлмес елдің өшпес күші» екендігін қара ормандай қазақ көркем әдебиеті арқылы дәлелдеп келе жатқан белгілі ғалым, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевқа 75 жылдық мерейтой үстінде шығармашылық табыстар тілейміз. Өмірдегі және ғылымдағы серігіңіз Айсұлу Ақмадиқызы екеуіңіздің дендеріңіз сау, көңілдеріңіз қош ұл-қыз және немере-жиендеріңіз аман болсын деген тілек айтамыз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұсаев А. Мәңгі өлмес күлкі. – Алматы: 2012. – 376 б.
2. Мұсаев А. Рух бостандығының жыршысы. – Ақтөбе: 2007. –122 б.
3. Мұсаев А. Тарази тағылымы. – Ақтөбе: 2007. – 152 б.
4. Асыл сөзді ардақтаған. – Ақтөбе: 2008. – 164 б.

5. Мұсаев А. Париж қаласындағы ЮНЕСКО орталығы, Жипто баспасынан шыққан таңдамалы еңбектерінің үш томдығы. 2023 ж.

Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ «БӘСЕКЕ» ПОВЕСІНДЕГІ ЮМОР ПОЭТИКАСЫ

ӘОЖ 82.7

Қабылов Ә.Д.
ф.ғ.к., Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, Ақтау қаласы,
С.Абылғазиева,
педагогика және психология магистрі, №11 лицей мұғалімі, Ақтау қаласы.

Ә.Кекілбаевтың «Бәсеке» повесінің баяндалу машығында шуақты да сәулелі күлкі мен байыпты ирония жатады. Повестің фабуласы қарапайым, қазақы өмір-дағдымызға таныс, бәлкім өмірде болған, болмаса да өзінің шыншылдығына күмән қалдырмайтын қызғылықты оқиға алынған. Мыңды айдаған, мыңғырған бай Балпанның ұлдан кейінгі жалғыз қызы Ажарды ұзату жолындағы шырғалаңдары, талай құда түсуге келген сәлемшілерді кері қайтарам деп ел ішінде сөзге қалып, жағымсыз жағдайға тап болуы, сөйтіп жүргенде «қызымды өнері асқан, жүйрігі озған, күші басым жігітке берем» деген ақыл тауып бәсеке ұйымдастыруы, ақырында қызының кездейсоқтықпен жолы болып, бағы жанған Есен деген есірік біреуге кете баруы шығарманың фабулалық сүйегін құрайды. Ал осы оқиғаның көркем сюжетке айналу қисыны, композициялық жүйесі, тартыс табиғаты мен көркемдік-логикалық уәждемелер асқан шеберлікпен қиюласып, бас-аяғы жұп-жұмыр реалистік шығарма тудырған. Шығармадағы ахуалды «таңдаған тазға жолығады» деген мақалдың нақты жағдаятқа сай көркем тәпсірленуі десек те, мұндағы жағдай мен оқиғаның орын алуының өзіндік себептері мен дәлелдемелері жеткілікті.

Балпан бай артын ойламаған парықсыздықтың, даңққұмар дарақылықтың құрбаны болды. Әйтсе де, Балпан – бай болғанымен, сол байлығына мастанған, кердеңдікке салынған көп малдының бірі емес. Өзіндік кісілік ұстанымы бар, ішкі есебі түгел, бас пайдасын бір кісідей білетін, ұлыққа да жұғымды, ел ішінде де беделге кенде емес жан. Шығармадағы Балпанның мінездемесін автор жылы юмормен әдіптей отырып жеткізеді. Бәсеке ұйымдастыру Балпанның тығырықтан шығар жолы, қысылғанда ойлап тапқан жалғыз-ақ амалы ретінде уәжделеді. Повесте дарақылық, шашпалық, әсіре мақтанқұмарлық секілді пендешілік қасиеттер айыпталса да, Балпан әрекетінің шығарма экспозициясындағы логикалық дәлелдемесі мығым. Балпанды құда түсіп, жолы болмаған Можан, Даржан, Шүрендер табалағанмен, оқырманның таба қылуы екіталай, қайта аяушылықпен, жанашырлықпен қарары хақ.

В.Г.Белинский: «Күлкілілiктің қайнар көзі өмірлік құбылыстар мен парасатты болмыс заңдылықтары арасындағы қайшылықтарда жатады», – дейді [1,480]. Есеннің бәсекеде озып шығып, Ажар сұлуға қолы жетуінің сыры да кездейсоқтықта, күтпеген қайшылықта жатыр.

Бәсеке де – өмірдің бір заңдылығы. Өмірдегі күрестің, соған сәйкес, өнердегі тартыстың бір парасы осы бәсекеден туындап жатады. Өмірдің өзі – бәсеке. Өз қатарыңнан қалып қоймауға тырысуың, шамаң келсе, алда болуға ұмтылуың да – бәсекенің алғашқы баспалдақтары. Демек, бәсеке – адам тіршілігінің алға ұмтылдырар қозғаушы күші. «Шамаң келсе, өз заманыңның алдында жүр, оған шамаң келмесе ортасында бол, бірақ артта қалып қойып жүрме» дейтін дүниауи даналықтың да мегзеп отырғаны – осы бәсекелестік. Алайда, ісіңмен, талантыңмен, өнеріңмен, кәсібіңмен «жұрттан қалмайыннан» «өзгеден озық тұрайынға» дейінгі күнделікті қарапайым (табиғи) бәсекелестік бар да, «басқаны жер қаптырып, атымды шығарсам» дейтін дақпыртшылдық, даңққұмарлық, бақталастық бар. Адам баласы «қойдағы қошқар мен қорадағы итті таластырып қызықтаудан» бастап, мешкей жарыстырып, аламан бәйге ұйымдастыруға дейін атақ шығарудың нешеме түрін ойлап тапты.

Мұндай бәсекеқұмарлықтың ақыры кейде пендені бақталастыққа, мансапқорлыққа, тіпті таққұмарлыққа апаратыны да шындық.

Жазушы шығармаларындағы бәсекелестік мәселесі тек «Бәсекемен» ғана шектелмейді. «Үркер» мен «Елең-алаңдағы» хан-сұлтандардың бақталастығы, «Шыңыраудағы» Қалпақ құдықшыдан өнерін асырып, ол қазғаннан да терең құдық қазып, атын қалдыруға бел буатын Еңсептің жанкештілігі, «Күй» повесіндегі Дәулет пен адай күйшісінің өнер жарыстыруы мен Шопан атаның Темірбабамен құдірет таластыруы туралы аңыз, «Міне, керемет!» әңгімесіндегі он жеті жылдан соң кездесіп қалған курстас екі жігіттің өз дәрежелерін бір-бірімен іштей салыстыруы секілді жайттардың қай-қайсысы да түрлі деңгейдегі бәсекелестіктің көріністері. Атақ асырып, даңқ шығармақ болған бәсеке «Шыңырауда» Еңсепті мерт етсе, «Бәсекеде» Балпан байдың қызы Ажар сұлудың тағдырын тәлкекке ұшыратты.

Сөйтіп, жазушы жеке бір тұрмыстық драмадан туындайтын әлеуметтік мәні зор трагедияға әкелер халді көркем тәмсілдейді. Феодальдық заманда өткен бір оқиға ретінде баяндалатын осы шығармадағы тұрмыстық коллизия әлеуметтік парадокске ұштасады, орынсыз мақтан, көзсіз әрекеттің адам болжап білмес салдарынан сақтандырады. Ертелеу заманның оқиғасын суреттесе де, суреткер бүгінгі күннің де көкейтесті әлеуметтік-тұрмыстық проблемасын көтеріп отыр. Ертегілік фабуланың финалдық жаңаша трансформациялануы әлеуметтік-тұрмыстық парадокстік сипатымен кесапатты метаморфозаға ұштасады. Тақсіретті тағдырдың тағылық сабағын толғайтын тағылымды тәмсіл бұл!

Г.Бельгер: «Шыңырау», «Бәсеке» повесінде кейін суреткердің біздің заманымызға арналған шығармаларында айқынырақ көрінген қолтаңбасы бар еді, ол ерекшеліктер: композициялық шымырлық, тұрмыстық және этнографиялық детальдардың дәлдігі, терең психологизм, кейіпкерлердің әрекет-қимылдарын жан-жақты талдап көрсету, кейде сатиралық, кейде жеңіл күлкі шақыратын сыпайы, сұлу баяндау тәсілі деп білеміз», – деп, шығарманың стильдік ерекшелік белгілерінің ішіндегі сатира мен юмордың орнын орынды атап өтеді [2,6].

Шығарманың оқиғасы ойнақы леппен баяндалады. Автордың байыпты баяндауының тінінде өтіп жатқан оқиғаны оқырманның көз алдына әкелетіндей келісті жанды сурет те, ретроспективтік эпизодтық шегіністер де, кейіпкердің кейде жан күйзелісіне, енді бірде бір сәттік романтикалық шалқуларға тап болатын ішкі толқыныс-толғаныстары да, автор мен кейіпкердің қосүнді пайымдаулары да өзара жымдасып, ара-жігін білдірмейтін бірқалыпты арқау тартып отырады. Авторлық баяндау көбінесе орталық кейіпкер Балпанның ой ағысымен сабақтасып жатады. Негізінен, мәтіннің юморлық-ирониялық баяндау ырғағы сақталып отырады, кейде жеңіл әзіл мен наласыз күлкі, енді бірде мүсіркеуші-жанашыр ирониялық интонация басымдық алып жатады. Оқиғаның даму кезеңдеріндегі жағдаяттардың сипатына орай, тартыс пен характер болмысына көзқарас, негізінен, езу тартқызар ирониямен әдіптелген астарлы әуеземен әрленіп, бірде авторлық тура, бірде субъектілік пайымдау түрінде келетін психологиялық талдау әдісімен зерделенеді.

«Юмористический стиль требует такого живого движения автора к языку и от него, такого непрестанного изменения дистанции между ними и последовательного перехода из света в тень то одних, то других моментов языка», – дейді М.Бахтин. [3,61]. Жазушының юмористік стилінің бір сипаты – көркем тілдің оралымы арқылы суреттелетін мінез бен құбылыстың бойындағы елеулі-елеусіз алогизмді нәзік өрнекпен іліп әкетіп, авторлық баяндауға юморлық, ирониялық ойнақылық дарытып отырады.

«Бәсеке» повесінде ирония, сатира, юмордың мәтіндегі көрінісі, негізінен, мынадай үш арнада өрістеп отырады. Біріншіден, көркем мәтіндегі оқиғаның авторлық, авторлық-персонаждық баяндау арнасындағы оқтын-оқтын көрініп отыратын юморлық-ирониялық көңіл-күйлік әуен. Дара авторлық баяндау мен оның Балпан байдың көзқарасы, ой ағымымен астасып, жымдасып келуіндегі күлкі реңктері, әсіресе олардағы ирониянің қатынасы әр түрлі болады. Бұл туралы Н.А.Кожевникова: «Контекстің түрлі типтерінде – персонаж туралы баяндау мен оның көзқарасы тұрғысынан ұйымдастырылатын баяндауда – кейіпкердің тұрмыстық қолданысындағы стильдік бояулы құралдар әр түрлі роль атқарады: персонаж

туралы баяндауда олар персонажға қатысты кекесін түрінде қолданылуы мүмкін, ал персонаждың көзқарасы тұрғысынан баяндауда кекесін болмайды», – деп жазады. [4,90].

Балпанға қатысты «Балпан бай сонау бала күнінен әй-шәйсіз отасып келе жатқан бәйбішесіне сол күні қатты ренжіді, қыздың қырсық екеніне де сонда көзі жетті. Бақса, сұлу қызы бар кісі де астына ұрлықтан түскен ат мінген адамдай боп шықты», «Иекке сақал шығып, бетке иман жүгірген кезде Балпан байды енді ештеңе иектей қоймас», «Қайта дер кезінде Қыдырбайға тұзақ салып үлгерген марқұм қара шалға рахмет айтуы керек қой, әйтпесе өзіне салса, мына жүрісімен қатын қайда...» деген секілді зілсіз әзіл, мысқыл аралас сөйлемдер орайында дара авторлық баяндау ғана емес, сонымен қатар персонаждың ой ағымының ыңғайы да тоғысып жатыр. Бұл тоғысулар автордың кейіпкердің жан әлемін барлауды, айналадағы құбылыстарға кейіпкер көзқарасы тұрғысынан психологиялық талдауды жүзеге асырады. Мұндай «тоғыспалы стильдегі» баяндау мәнері Балпан байдың көзқарасы тұрғысынан оның шын ойы, көңілі тасуы, өзіне риза болуы секілді нақты көңіл-күйдің сыртқа шыққан тілдік көрінісі болса, ал оқиғаны бастан-аяқ қадағалап отырған авторлық интенция мен оқырманның қабылдауында ирониялық реңк алып жатады, яғни «...баяндаушы қызығушылықпен, ирониямен, кейін тіпті ашумен оқиғаны бақылап отырады» (А.Ісмакова).

Екіншіден, шығармадағы Можан, Даржан, Есен секілді жекелеген персонаждарға қатысты бейнелеу, суреттеу, мінездеу құралдарындағы сатиралық, юморлық колорит. Құда түсуге келгендердің ішінде Можан мен Даржанның мінез-құлқы мен ниет-пиғылын сипаттауда жазушы сатиралық-юморлық штрих-детальдарды оңтайлы пайдаланады. Можан туралы «баяғыда асықты бірге ойнап, молланың алдын бір көрген қалқан құлақ, сығырық неме», «үйіне барсаң шұлғауын мойнына іліп жүретін», «енді-енді бозғыл енген сұйқылт сақалын қайта-қайта сипап, мұртын шалғылайтын», «әншейінде аузына ақ ит кіріп, көк ит шығып, көмейіне сөз іркіп отырмайтын», «кеңсірігіне керги біткен келте танауы таңырайып, басы қосылмай бет-бетіне қашып тұрған күл өңдес мұрты», «жалпы лепіріп сөйлеп, леки күліп жүргенмен, сараң кемпірдің түйген шүберегіндей шамалыға ішін алдырта қоймайтын тымырсық» деген секілді стильдік айшықты құралдармен сипаттай отырып, оның сөзі мен ісі арқылы соның шындығына көзімізді жеткізеді. Можанның құдалықтан қалай қайтқаны туралы ел ішіне жайған әңгімесінің өзі оның қандай адам екенін әйгілеп береді: «...Мына сөз насырын қасыса да, Балпан бай жаман неменің бұл айтқанының жаны бар шығар деп бір мырс етіп күлген де қойған. Бірақ одан арғы сөздері шымбайына тіпті батыңқырады. Қыдырбайдың сары қызын жер астынан тауып алған сары алтындай көреді, қашан көрші ауылдың есегі ақырғанша өз басымен ақыруды да білмейтін мәңгі есектей қатынының айтқанын қайталағанына мәз депті. Жаман Можан қой бағып жүрмей, сөз бағып жүрген пәле боп шықты».

Үшіншіден, тақырып аясындағы оқиғаның барысына баға берушілік көзқарасты айғақтайтын, шығарманың жалпы мазмұндық-концептуальдық өзегінде жатқан ирониялық астар. Шығарманың сатиралық-юморлық бастауы бірте-бірте бәсеңсігендей көрінгенмен, ара-тұра жеке сөйлемдер, ой ағыны, сурет, болмыс-әрекет жылы юмор, езу тартқызар ирониямен алмасып отырады. Ирониялық стиль автордың өзі суреттеп отырған құбылысына тұрақты сыни баға беру дағдысы мен тілдік оралымдарды орайымен қолданып отыруды талап етеді.Повестің бәсекеге дайындық кезеңі, өнер сайысы мен ат бәйгесі бейнеленетін беттеріндегі көркем суреттер, поэтикалық өрнектер, философиялық-писхологиялық иірімдер ерекше қуатпен көңілге ұялайды. Осы суреттердің өзіндегі тереңіне тартар философиялық пайымның астарында ата-тұра оқырманға ой түсірер байыпты әжуа мен жүректі шымыр еткізер мысқыл жатады.

Жазушы қазақ аңыз-ертегісіне тән фабуланы реалистік көркем шығарма сюжетіне негіз етіп ала отырып, қазақтың тұрмыс-тіршілігіне тән, нақты жағдайдағы оқиғаны көркем бейнелейді, сөйтіп, өз заманының әуеніне етене жақын, бүгінгі күннің әлеуметтік проблемасын алға тартады. Мұны жазушының стильдік қолтаңбасының бір қырын дөп басып зерделеген ғалым А.Ісмакованың мына пікірі бекіте түседі: «А.Кекилбаев обладает собственным стильем и отразил в повести «Состизание» то, что важно было для духовной ситуации эпохи 60-х годов. Сказочная фабула о том, как бай Балпан выдал свою дочь замуж,

для писателя лишь изобразительный материал, который он подчиняет логике волнующих его социально-нравственных проблем современности» [5,312].

Суреткер шұғыл әсірелеуге, ашық карикатураға сирек барады. Оның шығармаларындағы оқиға мен кейіпкерлер шындыққа сәйкес келіп отырады. Жазушы комикалық ситуацияларды даладан іздеп, ойдан шығарып әуре болмайды, ол сырттай қарағанда байыпты, салмақты көрінетін қарапайым нәрселердің өзінен күлкілі, әзіл-әжуаға лайық жайттарды таба біледі.

Жазушының «қазып айтатын баяндау тәсілі» суреттеп отырған құбылыстың ұңғыл-шұңғылын қамтып өтуге шебер. Ішкі ой-сезімнің шарпысын бейнелегенде, сөз бен әрекеттің арбасуын суреттегенде қуатты күлкінің салмақты болмысы мен салиқалы уәжіне де жүгініп отырады. Қарапайым құбылыстың күлкілі көрінісі қаламгер назарынан тыс қалмайды.

Ирония мен юмор – тек күлкі ғана емес, оның әлеуметтік-эстетикалық сыр-сипаты сан-салалы, олар кейде шындық болмыстағы комизмді стильдік құралдармен бетке шығарып, күлкі объектісі етуімен қатар, көбінесе мәтіннің астарында ой-пайымға шақырып, өзіндік сыншыл көзқарас түйіп тұрады. Бұл жағдай, әсіресе, адам болмысының қалтарыс-қатпарлары мен қоғамдық шындықтан қат-қабаттарынан сыр тартып, оған философиялық, әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан талдау жасайтын ирония мен юмордың адамсүйгіштік, жанашырлық, тілеулестік ниеттегі пайымдаушылық пафосында тән. Интеллектуальдық күлкінің, өміршең юмордың әлеуметтік-эстетикалық маңызы да осында. Жазушы стиліне тән дара өрнектердің қатарына көркем мәтіндегі ой-толғамдардың астарындағы зерек зерде, парасатты пайым, ұлттық ұстанымен түйінделетін хаткерлік қасиеттің де сырлы-күйлі юмор мен уытты ирониямен жымдасып жататынын айта кету лазым.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Белинский В.Г. Собр соч. в 3 т. Т.I. М., 1948.
2. Бельгер Г. Дала балладалары // Кекілбаев Ә. Таңдамалы, 1 том. Алматы. Жазушы, 1989.
3. Бахтин М. Проблемы литературы и эстетики. М., Худ. Лит., 1975.
4. Кожевникова Н.А. О соотношении речи автора и персонажа // Языковые процессы современной художественной литературы. Проза. М., 1997.
5. Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. Алматы. Ғылым, 1998.

СТАНОВЛЕНИЕ СОВЕТСКОЙ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В НАЧАЛЕ 20-Х ГОДОВ XX ВЕКА

ӘОЖ 94(574)

Становление советской казахской государственности в начале 20-х годов XX века

Мусаев Б.А.
кандидат исторических наук, доцент АРУ имени К.Жубанова.

Начало 20-х годов XX века ознаменовалось возрождения государственности казахского народа под властью партии большевиков. Несмотря на то, что партия большевиков провозгласила лозунг «каждая партия имеет право на самоопределения», то в это время местные лидеры не торопились проводить в жизнь эту политику.

Начало становления государственности происходило в тяжелых социально-политических и экономических условиях. На территории Казахстана происходили ожесточенные бои между большевиками и их политическими противниками. Казахстан был ареной боевых действий, но и политических баталий. Это было связано с не только наследием колониального режима. В годы царизма на территории Казахстана были образованы казачьи войска, а также переселено значительное количество переселенцев. Некоренное население имело привилегированное положение и не желало его лишиться после свержения царского

режима. В местных органах власти шло противостояние между казахскими лидерами и представителями переселенского населения. Положение также усугублялось экономической разрухой, связанной с гражданской войной и политикой «военного коммунизма». К тому же на территорий Казахстана происходили волны мятежей и антисоветских выступлений, сменяя одна другую. Как правило, они носили политический характер и связаны были административно-территориальными устройством территории Казахстана, а также с распределением административного ресурса в местных органах власти. Острый кризис в стране переплетался к кризисом, который переживало сама партия большевиков.

Уже на рубеже 1920-1921гг. развернулась внутрипартийная дискуссия относительно основных принципов внутренней политики с точки зрения социально-экономических перспектив страны и советского государства с этим процессом.

Несмотря на все трудности послевоенного времени, партия большевиков приступило к реализации своей программы в сфере национальной политики образования национально-государственных единиц в рамках советского государства. В 1919 году начал свою деятельность временно революционный комитет по управлению Казахским краем. Чтобы прощупать настроение казахской элиты Казревком по согласованию с Туркомиссией назначил конференцию актива казахских работников с приглашением деятелей партии Алаш. Она прошла 8-11 январе 1920 г. в Актобе с участием 240 делегатов из всех областей, кроме Семипалатинской. Это форум был пробным камнем. Военные действия на территорий Казахстана еще не завершились, а провозглашение автономии требовало решения целого ряда сложных вопросов, связанного с последствиями колониальной политики царизма.

И многие советские деятели не поддерживали саму идею создания Казахской республики. Немало среди них было откровенно националистических настроений. Многие советские руководители считали, что среди казахов нет еще достаточного количества руководящих кадров и поэтому образование национальной республики казахов является несвоевременным. Также остро стоял вопрос о административных границах Казахстана. Так ряд деятелей Уральской губернии были против вхождения вышеуказанной губернии в состав Казахстана. В 10920 году на территории Уральской губернии вспыхнуло восстание Уральских казаков под руководством бывшего красного командира А.Сапожкова. Уральское казачество было против вхождения Уральской губернии в состав Казахстана. Восстание было подавлено войсками Красной армии под руководством Кемера. Но, этот эпизод, говорит о том, что формирование и государственное строительство Казахстана проходило в очень сложных политических условиях.

Основные требования национальной большевиков в теоретическом плане были сформулированы В.И.Лениным до Октябрьской революции. Главным тезисом этот политики явилось права наций на самоопределение вплоть до отделения и образования самостоятельного государства. Однако после установления советской власти большевики не стали торопиться выполнять этот принцип национальной политики. Для большевиков национальная государственность - это государство рабочих и крестьян, т.е. классовое. В.И.Ленин считал, что иметь Советы являются наиболее совершенным носителем идеи государственности, под руководством партии РКП(б) могут решить три основные функции политики большевиков; подавить сопротивление свергнутых революцией классов, ликвидировать попытки реставрации капитализма; сплотить всех трудящихся вокруг пролетариата и мобилизовать их на строительства социализма; вооружить революцию и организовать оборону страны от внешних врагов. Основные принципы регионально-государственного строительства были провозглашены в двух документах Советского правительства- «Декларации прав народов России» и обращение Советского правительства «Ко всем трудящихся мусульман России и Востока». Образование РСФСР- первого политического государства советского типа- дало импульс появлению новых национальных территориальных образований. Вслед за образованием РСФСР под контролем народного комиссариата по делам национальностей (Наркома) началась работы по созданию автономных республик на востоке страны. Коммунистические организации Казахстана при поддержке Наркомнаца начали подготовительные работы к созыву Всеказахского съезда Советов.

Одновременно большевики выражали свое неприятие автономии Алаш. Большевики полагали, что весной 1918 года сложились благоприятные условия созыва учредительного съезда Советов Казахстана с целью образования Казахской советской автономии. К тому периоду на всей территорий края (за исключением Уральской области) Советская власть установилась и укрепилась. В период укрепления Советской власти и проведения его подготовительных работ к образованию Казахской советской автономии лидером партии «Үш жүз» активизировано борьбу против партии Алаш. У Үшжүзовцев не было четкой политической позиции по вопросам национально - государственного строительства. Форму государственного устройства они видели в создании «Тюрко-татарского общества, то есть, полиэтнического государства объединяющего всех мусульман Центральной Азии. Весной 1918 года ушжүзовцы восприняв идею большевиков о создании советской автономии, поддержали Советскую власть и выступили против Алаш Орды. 12 мая 1918 года был организован Казахский отдел Наркомнаца для проведения подготовительных работ по образованию Казахской советской автономии. Но, однако формирование казахской государственности замедлялось в связи с начавшейся летом 1918 года гражданской войны. В ходе гражданской войны прифронтовой территории создавались чрезвычайные органы власти-рефкомы, для решения неотложных задач на местах. Из областных центров в сельскую местность были направлены инструктора для проведения выборов аульных, сельских и волостных Советов. Такие работы проводились во всех освобожденных от белогвардейцев районов Казахстаана.

По мере освобождения территории Казахстана и восстановления органов власти снова стал вопрос о проблемах национально-государственного строительства.

Для решения этой задачи был оранизован Революционный комитет по управлением Казахским краем.Председетелем был С.Пестковский, а всего первый состав вошли А.Байтурсынов, В.Лукашев, А.Жангелдин, М.Тунгашин, С.Мендешев. Б.Каратаев. В руках Революционного комитета была сосредоточена вся высшее военно-гражданское управление. Этот орган власти функционировал в условиях Гражданской войны и это определяло его чрезвычайный характер. Казревком функционировал пятнадцать месяцев и провел работу по подготовке.

Учредительного съезда Советов Казахстан, состав Казревкома отражал политический компромисс между большевиками «Алашординцами». Всего в составе наряду с большевиками были и алашордицы. Заместителем председателя Казревкаома был назначен А.Байтурсынов. Политический компромисс большевиков и непризнание «белыми» национальных территориальных образований способствовал к принятию лидерами Алаш идей образования советской автономии Казахстана на основе восстановления его территориаольной целостности. Работа и подготовка Казахской советской автономии шовинистическими настроениями среди большевиков. Большие споры возникали по поводу определения границ будущей ресублики. В этот период разгорелась острая дискуссия по вопросу о выборе столицы республики. Для республики Оренбург как столица Казахстана была наиболее удобным вариантом по многим причинам.

При Казврекома была организована особая комиссия по подготовке к созыву Всеказахского съезда в составе А.Байтурсынова, Б.Каралдина, С.Мендешова, В.Лукашева и Петрова. Порожение белогвардейцев и освобождение территории Казахстана создало благоприятное условия для завершения работ по образованию Казахской АССР. 26 августа 1920 г. М.И.Калинин и В.И.Ленин подписал декрет ВЦИК и СПК РСФСР «Об образовании Автономной Киргизской (Казахской) Социалистической Советской Республики. В сентябре во всех областях состялись выборы на первой Всеказахстанской съезд Советов. С 4 по 12 сентября 1920 года в Оренбурге проходил Учредительный съезд депутатов Казахской АССР, на котором был принят «Декларация прав трудящихся Киргизской АССР». Декларация определила основные принципы образования Казахской АССР и руководящие основы ее организации и деятельности.

Литература:

1. Асылбеков М.Х., Галиев А.Б. Социально-демографические процессы в Казахстане (1917-1980гг.).- Алматы: «Ғылым», 1991.-185с.

2. Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті: көмекші оқу құралы.-Алматы: «Санат», 1997.-320 б.
3. Алексеенко А.А. Сельское население Казахстана 1920-1990гг.- Алматы: «Ғылым», 1997.-125с.
4. Голод и классовая борьба /Сборник ЗКГУ. Республиканская научно-практическая конференция, посвященной 80-летию Ж.Молдагалиева.- Уральск, 2000г.-стр. 91-94.

ТАРИХИ ЖӘНЕ ТІЛДІК ҮДЕРІСТЕР - ҰЛТТЫҢ РУХАНИ-МӘДЕНИ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ БАСТЫ АРНАСЫ

ӘОЖ 94 (574)

Сабыр М.Б.
БҚИТУ, ф.ғ.д., профессор.

Мақала тарихымыздың басты арнасы Алтын Орда мемлекетінің рухани-мәдени үдерістерін талдауға арналған. Авторлар осы бір күрделі сұраққа жауап іздеу үшін тек тарихи деректер ғана емес, тілдік және әдеби деректерге де жүгінуіміз шарт дейді. Тарихтың ұзын жолында бабаларымыздың ізі ең әуелі тілдің бойынан көрінеді дей келіп, ұлттың тарихы тілінде сақталады деген тұжырымды ұсынады. Алтын Орда дәуіріндегі жазба мұралар бүгінгі қазақ тіліне тікелей қатысты екендігі талданған. Байырғы қыпшақтардың, Алтын Орданың мұрагері қазақ жұрты деген пікір толық дәлелденген.

Кілт сөздер: Алтын Орда, жазба ескерткіштер, қыпшақтар, қазақтар, мұрагер, тіл, әдебиет

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің «Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілі – рухани, мәдени құндылықтар әлемі» (AP19679282) атты жоба аясында жазылды.

Аннотация

Статья посвящена анализу актуальной проблемы - выявлению истинных наследников Золотой Орды. В раскрытии данного вопроса безусловно играют исторические факты, однако авторы подчеркивают важность учета прежде всего языковых фактов.

Формирование казахского народа на всех его этапах исторического развития находят отражение в его языке. В силу этого авторы придерживаются концепции, что история нации сохраняется в его языке.

В частности, изучение письменных памятников эпохи Золотой Орды дают возможность сделать вывод, что он напрямую связан с современным казахским языком. Авторы пришли к основному выводу, что казахи являются истиными наследниками древних кипчаков и Золотой орды.

Ключевые слова: Золотая Орда, письменные памятники, кипчаки, казахи, наследник, язык, литература.

Статья написана в рамках проекта Комитета науки МНВО РК «Язык письменных памятников Средневековья – мир духовных и культурных ценностей» (AP19679282).

Ұлт тарихын түгендеуде қашанда күрделі мәселелер бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында «Алтын Орданың 750 жылдығын төл тарихымызға, мәдениетіміз бен табиғатымызға туристер назарын аудару тұрғысынан атап өткен жөн»,-деді. Тарихтағы өз орнымызды саралауда Алтын Орда кезеңіне соқпай кете алмаймыз. Соңғы жылдарда Ресей тарапы Алтын Орда

тарихына қатысты ғылыми қалыптасқан көзқарастарын қайта қарап жатқаны белгілі. Екі жүз елу жыл татар-монғол басқыншылығының езгісінде болып, елдікке азаттық күрестердің нәтижесінде жеттік дейтін тұжырымдардан гөрі ел болып, етек жеңімізді жинауға Алтын Орданың мемлекеттік жүйесі тікелей ықпал етті деген пікірлер ұсынылуда. Әрине Алтын Орда ыдырағаннан кейін күшейген Мәскеу Русы мемлекеттік жүйені Алтын Орда дәстүрімен қалыптастырғаны аян. Осы тұжырымның артында Алтын Орданың мұрагері біз, Ресей деген ашық ой жатыр. Түптеп келгенде байырғы Алтын Орданың мұрагері Ресей болса, сол Алтын Ордадан тамырын алған бүгінгі елдердің, күллі Еуразияның қожасы Ресей деген өктем саясаттың да шеті қылтиып тұр.

Соңғы уақытта жарияланған Хакас мемлекеттік университетінің доценті Г. Тюньдешевтің «Великий хан Батый — основатель Российской государственности» атты кітабы көптеген пікір қайшылықтарын тудыруда. «Нынешняя Россия формировалась не на почве Киевской Руси, которая распалась на несколько суверенных государств еще в XII веке, за век до появления „монголов“, не в соперничестве с ордынцами, с которыми не было у русских трений на религиозной или культурной почве. Россия возникла на совершенно новой московской почве, которая была органической частью золотоордынской государственности; она выросла из соперничества Московии с ханствами, входившими ранее в Золотую Орду, за право наследия распадающегося великого государства», - дейді ғалым.

Алтын Орданың ежелгі территориясының қырық пайызы бүгінгі Қазақстан иелігі, байырғы қазақ жұртының ата-мекені. Алтын Орданың мұрагеріміз деп пікір айтуға біздердің де толық құқымыз бар. Биылғы жыл Алтын Орданың құрылғанына 750 жыл толып отыр. Ал мұрагерміз деп құр кеуде соғудан гөрі оның айқын дәлелін тарихтан да, тілден де, әдебиеттен де іздеу шарт. Кез келген тобыр ұлт бола алмайды. Қазақ халқы да ұлт болып қалыптасу жолында қилы-қилы тарихи кезеңдерді бастан кешірді. Бүгінгі қазақтар көне қыпшақтардың заңды жалғасы, мұрагері. Қыпшақтар қайдан шықты, қайда барды, қайда кетті деген күрделі сұрақтарға ғылымда соңғы кездері нақ жауаптар, тың тұжырымдар айтыла бастады. Белгілі тарихшы Мурад Аджи былай деп жазды: “Кыпчак – это имя одного из древнейших тюркских родов. Возможно, он когда-то первым отселился с Алтая, и других переселенцев стали называть его именем” [1,83-84]. Бұдан әрі ғалым тарихтағы халықтардың ұлы қоныс аударуының көш басында қыпшақтар болғанын айта келіп: “…Тогда, то есть к концу V века, кипчаки заселили пол Европы и всю Центральную Азию. Тюркская речь заглушала на Евразийском континенте любую другую. Тюрки были самым многочисленным народом мира… Один народ дал жизнь десятком других народов”,- дейді [2, 165]. Міне, осы қыпшақтар половцы, кумандар атала жүріп мың жылдан астам уақыт тарихта белгілі болған. “Қыпшақ” сөзі ең алғаш Селенгі өзенінің бойында тасқа қашалып бедерленген. Элетміш Күл Білге қағанның (747-757) басына қойылған құлпытаста былай жазылған: “түрк кыбчак еліг йыл ол дурмысын (когда тюрки-кыбчаки властвовали над нами пятьдесят лет)[3,24]. Араб зерттеушілерінің еңбектеріне үңілсек қыпшақтар IX ғасырдан белгілі болған[4,28]. Сонымен қатар IX-X ғасырларда тарих сахнасында оғыздардың да үлкен орны болды. Олар Солтүстік Каспий, Сырдарияның төменгі ағысы, Арал теңізі маңайын жайлады. Бірақ XI ғасырдағы қыпшақ тайпаларының өсіп, өркендеп, билік басына келуі оғыздарды ығыстырып, басқа да түрлі тайпалардың қыпшақ одағына сіңіп, ортақ қыпшақ тілінде сөйлеуіне мәжбүр қылды. С.Г. Агаджанов былай дейді: “В конце X-первой половине XI в. в политических рамках державы сырдарьинских ябгу происходит интенсивный процесс формирования огузской народности, он стимулировался распадом старых

кровнородственных связей, образованиям новых территориально-хозяйственных объединений и становлением раннефеодальных отношений. Однако данный процесс не получили своего завершения и был прерван гибелью огузского государства в середине XI в. в результате кипчакского движения [5,36].

Басында Қимақ қағанатының құрамында өмір сүріп, кейін дара тайпа болып бөлінген [6,53] қыпшақтар XI ғасырдан бастап Ә. Құрышжановтың сөзімен айтқанда "тарих сахнасының авансценасына" шығады. Орта ғасырлық қыпшақтар тарихын арнайы зерттеген С.М. Ақынжанов: "әртүрлі тарихи деректерге қарағанда, Қазақстан даласының солтүстік аймақтарында XI-XII ғасырларда түркі тайпаларының басында хан билігі бар қыпшақтар конфедерациясы қалыптасты", - деп тұжырымдады[7,205]. Қыпшақтар ұлан байтақ территорияны игеріп Балқаш көлінің жағалауларындағы жазық далалардан бастап Солтүстік Кавказ таулары мен Қырым қырқаларына дейінгі аралықты мекендеді. Мафазат әл-гузз (оғыздар даласы) атауының орнына Дешті қыпшақ (қыпшақтар даласы) атауы пайда болды. Қыпшақ тайпалары Қытай қорғанынан бастап Шығыс Түркістан, Алтай таулары, Орта Азия, Еділ аймағы, Алтын Орда, одан әрі Европаға дейін тарады.

Ал монғол үстемдігі кезінде құрылған Алтын Орда қыпшақтардың негізгі отаны болды. Бұл жерде М. Аджидің "Дешт-и-кипчак при новом монголском правителе получил и новое имя – Золотая Орда, …которая, как это ни парадоксально, целиком и полностью держалась на кипчаках" деген сөзінің маңызы зор [1,102]. Сол қыпшақтар қазақ халқының жеке этникалық топ болып қалыптасып, дербес ұлт ретінде тарих дастарханынан өзіне лайық орын алуына, сондай-ақ қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, қырым татарлары, қарашай, балқар, құмық, қарайым, алтай, қырғыз халықтарының ұлт болып қалыптасуына игі ықпалын тигізді.

Қазақтың біртұтас этнос болып қалыптасуында, өсіп-жетіліп, өркендеуінде Алтын Орда мемлекеті зор рөл атқарды. Осыдан төрт жыл бұрын ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатында мемлекетіміздің түп-тамыры сонау ғұн-үйсін, Түркі дәуірінен бастау алып, Алтын Орда мемлекетіне ұласқанын айта келіп, Қазақ хандығы өз еншісін осы мемлекеттен алғанын ашып айтқан еді.

Алтын Орда дүниежүзілік тарихта, әлемдік мәдениетте өзіндік орны бар іргелі де қуатты мемлекет еді. Бұл солтүстік-шығыста Бұлғар облысы, Еділдің орта және төменгі жағалауын, оңтүстікте Қырым, Кавказдың Дербентке дейінгі, тіпті одан да арғы далаларды, шығыста батыс Сібір мен Сырдарияның төменгі жағалауын алып жатқан кең байтақ ел болатын. Әуелде Жошы ұлысы ретінде дүниеге келген Алтын Орда Бату хан (1227-1255), кейін Берке хан (1257-1266) тұсында дәуірлеп, Мөңке Темір хан (1266-1280), Өзбек хан (1312-1342) мен Жәнібек хан (1342-1357) тұсында Еуразияның апайтөс даласында билік құрған қаһарлы мемлекетке айналды. Алтын Орданың нағыз гүлденген кезеңі – Берке хан мен Өзбек ханның билік жүргізген дәуірі. Берке ханның ислам дінін қабылдауы мемлекеттің дамуына игі әсер етті. Беркенің сарайына мемлекеттің төрт бұрышынан ғалымдар, ақындар, суретшілер келе бастайды. Қала мәдениеті өркендейді. Бұл жайында Э.Н.Наджип былай деп жазды: "Арабские и персидские историки, побывавшие в Золотой Орды сообщают о многих ученых, писателях, богословах и поэтах, которые жили на территории Золотой Орды, занимались научной и литературной деятельностью. Ныне обнаруженные памятники материальной и духовной культуры Золотой Орды подтверждают высокую культуру вес центрах" [8,I,29]. XIV ғасырдың бірінші жартысында бүкіл елге мұсылман діні кеңінен жайылды. Өзбек хан қалалар, мешіттер, медреселер салуға көңіл бөлді. Алтын Орда сауда жолында орналасқан ең мәдениетті мемлекетке айналды.

Алтын Орда мемлекетінің территориясын мекендеген халықтардың этникалық құрамы туралы әртүрлі мәліметтер бар. Түркітанушы П.М. Мелиоранский “Араб филолог о турецком языке” деген еңбегінде: “Золотая Орда состояла из смеси различных турецких и монгольских племен” деп көрсеткен [9,13]. Белгілі ғалым Ә. Құрышжанов тарихи деректерге сүйене отырып, Алтын Орда халқының дені қыпшақ рулары болған деген қорытындыға келеді. Сол қыпшақ рулары қазіргі қазақ халқының арғы тегі екені даусыз. Бұл ру, тайпалар әлемдік мәдениетке өз үлестерін қосып, кейінгі ұрпақтарға мол мәдени мұралар қалдырып кетті.

Ә.Кекілбаев «Қазақтың төрт мың жылдық тарихы бар, дәйекті, деректемелі тарихы екі мың жылдың көлемінде» десе, ал қазақтың сүйегін зерделеп жүрген, антрополог ғалым Оразақ Смағұлов «қазақтың тарихы бір тал шашында» деп, ұлтымыздың 40 ғасырлық тарихын бұлтартпас деректермен дәлелдеп отыр. Алаш ардагері Ә.Бөкейханов «қазақ тарихы – қазақ әдебиетінде» деген еді, ал біздің ойымызша, ең дәйекті, ең деректемелі тарих тілдің бойында сақталады. Қазақтың тарихы-қазақ тілінде. Сол тілде сөйлеп, сол тілді жазып жүріп, осыдан төрт, тіпті бес мың жыл бұрынғы ата-бабамыз айтқан сөзді, түбірді, жұрнақты, тіпті дыбысты айтып, күнде қайталап жүргенімізді өзіміз байқамаймыз.

Ұлт тарихын зерделеуде тілдің қалыптасу үдерісін ескермей алысқа бара алмаймыз. Тіл тарихы-ұлт тарихы. Ал қазақ тілінің ең көне тілдік деректері Орхон-Енисей жазба мұраларында сақталған. Академик Ә.Т. Қайдаров мына пікірі аса өзекті: “Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әртүрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін. Бірақ бұлардың бәрі этнос өмірінің мың да бір елесі ғана. Оның шын мәнісіндегі даналығы мен дүниетанымы тек тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірге қажет болған құрал-сайманның, қару-жарақтың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни жеке сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтел арқылы ғана бізге жетуі мүмкін[10,34].

Қыпшақ тілдерін, оның ішінде қазақ тілінің тағдырын сөз еткенде орта ғасырларда, дәлірек айтсақ Алтын Орда дәуірінде, XIV ғасырда дүниеге келген жазба ескерткіштер тіліне жүгінеміз. Атап айтсақ, олар Құтыптың “Хұсрау мен Шырын”, Сеиф Сарайидің “Гүлистан би-түрки”, Хорезмидің “Мұхаббат - наме”, Махмуд бин-Алидің “Нахдж әл-Фарадис” атты шығармалары. Отандық түркітануда орта ғасырлық жазба ескерткіштерді зерттеу ісі Э.Н.Наджип, Э.Фазылов, А.К.Боровков, А.М.Щербак, Ә.Құрышжанов, Б.Сағындықұлы, Ә.Керімов, А.Ибатов сияқты ғалымдардың есімімен тығыз байланысты. Жалпы ғылымда қалыптасқан көзқарас бойынша, XIII-XIV ғасырларда Алтын Орда мен Мысыр жерінде пайда болған ескерткіштер екі түрлі аралас тілдің бірінде: не қыпшақ-оғыз аралас тілінде, не оғыз-қыпшақ аралас тілінде жазылған (Наджип, Щербак, Баскаков). Дегенмен, қыпшақ-оғыз элементтері аралас келгенмен бір-бірінен алшақ кетпей, бір әдеби дәстүрге бағынған. А.Зайончковскийдің “XIII-XV вв. сложился единый тюркский литературный или письменный язык” [11, 93],-деген пікіріне сүйене отырып, аталмыш жазба ескерткіштер ортақ, бірегей түркі тілінде жазылған деп айтуға әбден болады. XI ғасырдан бастап XV ғасырларға дейін туыстас тілдердің бәріне ортақ, әртүрлі ру, тайпалардың бәріне түсінікті орта түркі тілі болғаны анық. Ә.Құрышжанов пен Ә.Ибатов “Орта түркі әдеби тілі өз заманында тек қана Орта Азия емес, қазіргі Қазақстан жерінің барлық түкпірі мен солтүстік аймақтағы түркі халықтарын түгел, Европа жеріндегі “Дешті қыпшақ” пен Қырым халықтары, тіпті сонау жер ортасы – Мысыр мен Шамды жайлаған мәмлүк

қыпшақтарына тән жазба ескерткіштердің бәрін қамтитын, солардың бәріне ортақ әдеби тіл болған[12, 101],-деп тұжырымдады. Осы орта түркі тілінің сол орта ғасырлардың өзінде-ақ деп екі үлкен тармағы, қыпшақ және оғыз варианты өзіндік белгілерімен даралана бастаған еді. Тіл тарихы халық тарихымен тығыз сабақтас, экстралингвистикалық жағдайларға тәуелді. Орта түркі әдеби тілінің қыпшақ варианты басқаларға қарағанда XIII-XIV ғасырларда тарих сахнасында мойны озық болды, өйткені Дешті қыпшақта, Алтын Ордада және Мысырда қыпшақтар гегемондық рөл атқарды. Сондықтан біртұтас орта түркі тілі, нақтырақ айтсақ көне қыпшақ тілі еді. XIII-XIV ғасырларда Еуразия кеңістігінде, Жібек жолының бойында халықаралық тілге айналған да осы көне қыпшақ тілі болатын. Алтын Орданың ресми тілі де көне қыпшақ тілі еді. Жазба мұрағаттар көне қыпшақ тілінде жазылған. Осы мұралар бүгінгі қазақ тіліне тікелей қатысты, қазақ әдеби тілінің басты бір арнасы.

Қазақ тілі бір тұтас, монолитті тіл, бірақ бұл тұтастықтың бастауы көне түркі заманынан басталып, орта ғасырларда шыңдалып, ұлттық деңгейде даралана бастайды. Сол дәуірлерден баз-баяғы қалпында, дыбыстық және мағыналық тұлғасы өзгермей қазақ тіліне жеткен сөздер байырғы сөздік қорды құрайды. Ал Алтын Орда жазба ескерткіштерінде қазақ тіліндегі баламаларымен дәлме-дәл 420-дан астам сөз бар. Олар: адым, азық, ай, алма, ала, сары, кең, тар, төрт, тоқсан, айыр, бар, кет т.б. Кейбір сөздердің қолданылу жиілігі 20-ға дейін барады.

Қазақ тілінің материалдық мәдениет лексикасы қалыптасуының бір арнасы Алтын Орда дәуірі мұралары. Осы жазба ескерткіштердің тілінен байқағанымыз, ата бабаларымыздың баққан малын (ат, бағлан, йылқы, оғлақ, сығыр, тева, қысрақ, қозы, қой) біз де бағып жүрміз. Ал таққан әшекейін (асырға, йүзук) тағып, ыдыс-аяқтарын (айақ, ызыш, бычақ, чанақ, чөмчә, қазған, қашуқ,), үй-іші мүліктерін (ачғуч, бешик, йастуқ, йоғурған, кийиз, килим, сипурткә) тұтынып, киген киімдерін(тон, чапан, кәмәр, құр, кафтан, көнләк, бөрк, башпақ) киіп жүрміз. Киім тігілетін материалдарын да (бөз, йүң, чөбрәк, қайыш, атлас, йибек, көн, мамұқ, тәри), еңбек құралдарын да (балта, бурғу, ырғақ, көрүк, тарғақ//тырнауыш, арава, йиб, тузақ, чәләк, қазуқ, қоңырағу) қолданып, ішкен-жеген тамағын да (аш, ет, бал,йоғұрт, сарқут,туз, ун, қаймақ, сүт) ішіп жүрміз. Бұның өзі этномәдени сабақтастықты көрсетеді.

Түркі тілдерінде түбір аса күрделі құбылыс. Олар күллі лексикалық қордың - мәйегі. Академик Ә.Қайдаров қазақ тіліндегі 3000 бір буынды түбірлерді айқындаған еді. Тілдің даму үдерісінде кейбір түбірлер көмескіленіп, түпкі түбірге не өлі түбірге айналады. Өлі түбір деген ұғым шартты түрде айтылып жүр. Түбір мүлде өлмейді, ол көмескіленіп, өзіне туындаған кейінгі тұлғаға сол мағынасын аманаттап тұрады. Өсімдіктің тамыры іспеттес. Бүгінгі қазақ тіліндегі синхрондық тұрғыдан түбір мен қосымшаға бөлінбейтін тұлғаларды диахрондық тұрғыдан буынға жіктеуге болады. Мысалы, Сы (сы-н, сы-н-дыр), ай (ай-т), бод (бод-ан), бош (бус-ан), кәп//кәб (кеб-енек), йіт (жіт-ім//өлім-жітім), қар (қар-ым-қатынас), саб (сөз сап-тау), тын (тын-ым). Бұдан байқағанымыз, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан өлі түбірлер Алтын Орда дәуірінің жазба ескерткіштерінде дербес сөз, дербес түбір тұлға күйінде қызмет атқарған. Көне қыпшақ тілі мен қазақ тілінің сабақтастығының жарқын дәлелі-осы түбірлер.

Ал тұрақты тіркестер ұлттың дүниетанымының - көрінісі. Фразеологизмдер – тілдің көркемдігін, суреттемелігін, бейнелілігін көрсететін тілдік бірліктер. Тұрақты тіркестердің қалыптасуы ұзақ үдеріс. Қазіргі қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің дені орта ғасырларда, Алтын Орда дәуірінде қалыптасқан. Халықтың өмір сүрген ортасына көзқарасы, ойлау жүйесі осы фразеологизмдердің бойынан анық көрінеді. Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің түп тамырын жазба ескерткіштер тіліндегі фразеологиялық тұлғалармен сабақтастыра зерделесек, сабақтастықты, ортақтықты

анық көреміз. Мәселен, Он төртинчи түннүң толун айы – он төртінші түннің толған айы, сұлу. Йелиб он төрт күн йар тиләйи, ол он төртинчи түннүң толун айы “он төртінші түннің толған айын (сұлуды) тілеп, он төрт күн, түн желді”.

Йүзин йергә қойуб – жүзін жерге қойып, ұялып. Бир ақил вазир шафаат йүзин йергә қойуб айтты “бір ақылды уәзір, жүзін жерге қойып, айтты” . “Ұялу, ұятқа қалу” мағынасын йүз сувын төк тұрақты тіркесі де береді.

Йети иқлим ичиндә – бүкіл әлем, жеті ықылым. Йети иқлим ичиндә көркә хали, сениң тек бир тағы сұлтан йоқ, ей жан “Бүкіл әлемде сенен асқан көрікке бай сұлтан жоқ, ей жан”. Қазақ тілінде жеті ықылым “дүние”, “бүкіл әлем” мағынасын білдіреді. Бұл деректер сөз жоқ қазақ тілінің көнелігін, қалыптасу жолын көрсетсе, қазіргі қыпшақ тілдерінің бұрынғы да, бүгінгі де ұйытқысы қазақ тілі екенін дәлелдейді. М.Жұмабаевтың “қыпшақтардың бір кезде дәуірлеп жасаған жазира даласының қара шаңырағының мұрагері де сол қазақтар” деген сөзі нақ шындық.

Ал Алтын Орда мұралары қазақ жазба әдебиетінің де басты арнасы. Қазақ жазба әдеби тілінің негізін салушы ұлы Абайдың ғылымда үш мектебі айтылады. Біріншісі-ауыз әдебиеті, екіншісі-шығыс әдебиеті, үшіншісі-орыс және Батыс Еуропа әдебиеті. Абайдың ақын болып қалыптасуындағы тағы бір арна, төртінші мектеп – ол Ж. Баласағұнның «Құдатғу білігінен» басталған түркілік жазба әдебиет еді. Абай өзіне дейінгі жазба дәстүрді, жазба әдебиетті жақсы білген және содан нәр алған. Абайдың қазақ әдебиетінде алғаш қолданған айшықты сөз тіркестерінің түп негізі Алтын Орда әдебиетінде жатыр.

Мысалы, Құтып ақында:

Көңіл құшы бу ғашық отында учар,
Хайалы ол Шырын Хусрауны қучар
деп, көңіл құшы түрінде айтылса,
Абайда:
Көңіл құсы құйқылжытар шар тарапқа
Адам ойы түрленіп алған шақта

деген сияқты көңіл құсы түрінде мағыналық, тұлғалық жағынан дәлме-дәл келіп, Құтыпта да, Абайда да бұл фраза “жүйрік қиял” мағынасында айтылып отыр. Немесе сынық көңүл тұрақты тіркесі Құтыпта:

Мені қадғумда аз хор қылғыл
Сындық көңүлүмні бәс азар қылған
түрінде айтылса,
Абайда:
Сынық көңілім көп кешер
Майда қолмен ұстасаң

деп келеді. Осындағы сынық көңіл фраземасы екі дәуір ақынында “жабырқаңқы, қайғылы көңіл күйді” білдіреді. Сонымен қатар ұлы Абайда көңілдің жайлауы, көңілдің күні сияқты бояуы қанық, жаңаша өрілген фразеологизмдер ұшырасады.

Бұл деректерге қарап, XIX ғасырдағы Абай поэзиясы, орта ғасырлық қыпшақ жазба поэзия дәстүрінің заңды жалғасы, дәстүрлі өнер сабақтастығы деп айтуға болады. Ғасырлар қойнауынан өзгермей, тарихтың ызғарлы желіне түтіліп кетпей келе жатқан тұрақты тіркестерден тұтас бір ұлттың қазақи бет-бейнесі анық көрінеді.

Қорыта айтқанда, осындай тарихи, тілдік және әдеби деректерге сүйене отырып, Алтын Орданың бүгінгі басты мұрагері-қазақ ұлты, Қазақстан Республикасы деп тұжырымдауымға толық негіз бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Аджи М. Полынь Половецкого поля. —М.: Новости, 2000. –210 с.
2. Аджи М. Кипчаки. Древняя история тюрков и Великой степи.М. Новости, 1999.—230 с.

3. Малов С. Е. Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. —М.-Л.: Изд. АН СССР, 1995. —260 с.

4. Кумеков Б.Е. Арабские и персидские источники по историй кыпчаков VIII-XIV в.в. — Алма-Ата: Наука, 1987. —160 с.

5. Агаджанов С.Т. К этнической истории огузов Средней Азии и Казахстана // Проблемы современной тюркологии. —Алма-Ата, 1980. —С. 35-37.

6. Кляшторный С.Т. Кыпчаки в руничеких памятниках // Сб. Тюркология. —Л.: Наука, 1986. —С. 53-60.

7. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекого Казахстана. —Алматы: Гылым, 1995. —294 с.

8. Қайдаров А.Т. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы, 1998. –303 б.

С. СЕЙІТОВ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АНТОНИМДІК, СИНОНИМДІК ҚОЛДАНЫСТАР

ӘОЖ 82.1.29

Хасанов Ғ.Қ.
ф.ғ.д., доцент М. Өтемісов атындағы БҚУ, Орал қаласы

С.Сейітов – жалпыхалықтық тілдің қат-қабатын терең меңгеріп, оларды батыл да үйлесімді қолдана білетін ақын. Ол үшін сөздердің тегінен гөрі, көркемдік, әсемдік заңдылықтарына сай келіп, жанды бейне туғыза білуі, белгілі бір стильдік жүк атқаруы маңызды. Оның өлеңдерінде антонимия құбылысы басты стильдік қызмет атқарады. Мысалы:

Мен сөйлеймін ***тірінің*** *де атынан*
Мен сөйлеймін ***өлінің*** *де атынан* [«Қан майданнан қайтпай қалсам», 1, 71].

Поэзиядағы антонимиялық қолданыс ақынның күшті жағымды не жағымсыз эмоциясынан туатыны ақиқат. Әрбір индивид биологиялық материя болғандықтан тілде, сөйлеу процесінде өз санасы арқылы сөз таңбаларын өзінше қабылдайды. Бұған себепші болатын эмоция, яғни сезім, онсыз мағына не тіл ешқандай толықтық сипатқа ие болмас еді. Мәселен:

Не заманнан жүз көріскен халықпыз
Қыз алысып, қыз беріскен халықпыз [«Түркменстан», 1, 39].

Жалпы эмоция туралы академик Ә.Т. Қайдаров былай дейді: «Эмоция адамдардың дүниедегі болып жатқан құбылыстар мен айналасындағы заттарға, жеке адамдардың қарым-қатынастарына, т.б. баға беруімен тікелей байланысты» [2, 181]. Ақын тілінде қарама-қарсылық жиі келгенімен орынды келіп, оқырманды ақын сырын түсінуге жол ашады. Мысалы:

Антонимдік қолданыстарды поэзияда керек ететін ақындағы сезімнің күші. Бұл күшті экспрессивті не коннотаттық мағына бөлігіне ие сөздер береді. Мәселен:

Пейілі кең даладай,
Пәктігі балғын баладай.
Үлкенді *де емдейді,*
Кішіні *де емдейді.*
Сезіміңді сергітіп,
Ойыңды да тербейді.
Емідертке *дауадай,*
Таңғы тұнық ауадай.
Таудан соққан самалдай,
Шешуін тапқан амалдай [«Емі шипа жаныма» 1, 167].

Экспрессия да латын сөзі, орысшасы – выразительность. Е.М. Галкина-Федорук: «Экспрессия – сөздің мәнерлігін, суреттілігін күшейту, айтар ойымыздың әсер қуатын арттыру. Тілді әлдеқайда айқын, күшті, ерекше әсерлі ететін амалдардың бәрі сөз

экспрессиясы болады» [3, 90]. Ғалым «тілде экспрессивті лексика жоқ, тек бейнелеу мен мәнерлеудің айрықша тәсілдері ғана бар», – деп есептейді [3, 91]. Мысалы:

Қуаныш пен қайғыны *егіз дейді*
Пәлсапашыл дәлелдеп негіздейді
Қуаныштан рахат тапсын адам
Қара жүзді қайғыдан нені іздейді [1,116].

Экспрессивтілік – ойды ойнату, елестету, жеткізудің жолы. Ол мәнерлілік, көркемділік әрі негізінен дыбысқа байланысты болып келеді. Бұның міндеті тек атын атау емес, көрнекі-сезімдік қабылдауға әсер ету. Мәселен:

Ақ демей қара *демей селбескенде,*
Бір-біріңе адал жақ болыңдар! [«Хатынь» 1, 34].

Ақын өз өлеңдерінде антонимияны гипер-гипониямиялы сипатта қолданады да, бұл сөздер тобы семантикалық өріс көлемінде жүзеге асады. Антонимдер теңеулер іспетті сипатта келеді де, толғау, өлеңдеріне өзгеше бір түр береді. Ол туралы Т. Қоңыров былай дейді: «Антонимия құбылысы – да теңеулерге тән лексикалық мағыналардың бірі. Антонимдік мағыналар теңеу атаулының барлығына да (тұрақты, еркін) ортақ. Теңеу антонимдігі екі теңеудің С элементтерінің мағынасының қарама-қарсылығына негізделеді» [4, 17]. Ақын өлеңдерінде антонимдік қолданыстар көптеп кездеседі. Мәселен:

– Ризамын, достарым,
Көз жұмармын көктей жас.
Өлім *емес тосқаным,*
Тәтті ***тірлік*** *еді, рас* [«Өсиет», 1, 65].
Шайқас дейтін ***өмір-өлім*** *сайысы*
Үстем түсер екеуінің қайсысы?
Болжау қиын: әлде ***өмір*** *жеңер ме?*
Болжау қиын: әлде ***өлім*** *жеңер ме?* [«Ер есімі мәңгілік», 5, 53].

Сонымен қатар, бұл жырда лексикалық мағыналар бір көлемдегі семантикалық өріске, яғни «өлім мен тірлік» деп атауға келетіндей өріс төңірегіне топтастырылған. Ақын толғауларында өмірдегі қарама-қарсылық ұғымдар жиі ұшырасады. Әрине, бұл қарсылық барлық ақынға тән болғанымен, поэзиясында астары тым тереңдегі оймен беріледі. Мәселен:

Көрінгендей шоғың күллі өмірге
Қаулап, лаулап, жану керек өмірде
Жану керек, жану керек бықсымай
Баяғының көңірсіген көңіндей
Жана-жана жету керек мұратқа
Дабыс-даңқың кетсін тарап жыраққа
Жану керек, өз ***отыңа*** *өртеніп,*
Күлге *айналып кетпеу керек бірақ та* [«Жану керек», 5, 102].

Бұндағы «от пен күл» антонимдік қолданыс көрсету ақынның өзіндік замандастық келбетін емес, қазіргі замандағы дос ұғымының өзгергенін көрсету деп ұғынуға болады. Бұнда «от пен күл» антонимдік қолданыс болып тұр.

С. Сейітов поэзиясында антонимдік қолданыстармен қатар, синонимдік қолданыстар да көптеп кездеседі. Бұнда сөз мағыналарының өзара үйлесу заңдылығын ақын мұқият сақтайтынын амалсыз байқап отырасың. Бұл да сөз зергерінің тағы соны қыры деп білеміз. Мәселен:

Сөзіңнен, сірә, бір қисын
Көрмедім, ылғи ырғисың.
Ұстатпайсың жалыңнан,
Сынаптай сусып, сырғисың.
[«Тармақтар –тамшылары толғамдардың» 1, 102].

Түркологиядағы синоним мәселесіне қатысты көптеген еңбектер тілдегі синонимдік құбылысты жалпы сөз таптарына байланысты қарастыруға арналған. Қазақ тілінде лексикалық синонимдерді алғаш зерттеген ғалым Ә. Болғанбаев болды. Синонимия құбылысы теңеулерге

де тән болады, сол себепті ақын тілінде синонимия да теңеулік синонимия да кездесіп отырады. Т. Қоңыров синонимиялық теңеулер туралы былай дейді: «...Лексикалық синонимдер мен компаративтік синонимдердің арасында айта қаларлықтай өзгешеліктер болмайды. Синонимия құбылысы тұрақты теңеулерге де, еркін теңеулерге де тән болады» [4, 17]. Мысалы,

*Қос шынардай **жайқалыңдар**,*
*Самал тербеп **найқалыңдар**.*
*Қос ұйқастай **сыңғырлаңдар**,*
*Тас бұлақтай **сылдырлаңдар*** [«Нұрлан мен Ділбарға», 1, 98].

Осы себептен осындай тың, жаңа синонимдік қолданыстарға тоқталып өткенді жөн көрдік.Бұнда ақын қолданатын синонимдік қатар құраушы сөздердің мағыналары бойынша үйлесе орналасу, сондықтан бұлар алогизмдер болмай оқырманға түсінікті болып келеді. Мысалы:

Қалай үнсіз жата берем?
Екеуіңе бата берем.
***Егіз** гүлдей ырғалыңдар,*
***Қос** жұлдыздай бір жаныңдар.*
[«Нұрлан мен Ділбарға», 1, 97].

Сөздің мағынасының өзгеруіне әсіресе ішкі себептерден гөрі сыртқы себептер көбірек әсер ететіндігі байқалады. Сөз мағынасының кеңею мен тарылуын зерттеген Р. Барлыбаев былай дейді: «Сөз мағынасының ішкі (лингвистикалық) өзгерістерінің бір себебі, жаңа сөз немесе жаңа мағына сөздік құрамға келіп қосылғанда бұрыннан тілде бар сөздердің мағыналарынан өзара қарым-қатынасқа түсіп, солармен синонимдік байланыста жұмсалады. Мұндай жағдайда байланыс екі жақты болуы мүмкін. Сөздік құрамға келіп қосылған жаңа сөз не жаңа мағына бұрыннан тілде қолданылып келе жатқан байырғы сөздер мен байырғы мағыналардың жаңа сөздер мен жаңа мағыналарға сондай әсер етуі ықтимал» [6, 27].

Тілдегі сөздер өмір құбылыстарының түрленіп, жаңғыруына орай, мағыналық жағынан жетіліп отырады. Сөздердің түрленген, жетілген жаңа мағыналары күнделікті қоғамдық ортада, адамдар арасындағы қарым-қатынаста қандай рөл атқарса, сөз мағыналарының қилы-қилы жақтарын айқындап, анықтауға синонимдер де сондай маңызды рөл атқарады. Синонимдік құбылыстың сөз мағыналарымен тығыз бірлікте қарастырылуы да сондықтан.

Синонимдер, біріншіден, әдеби тілдің жоғары талғамды болуын қажет етсе, екіншіден, қарапайым сөйлеу тілінің әдеби тіл дәрежесіне көтерілуіне әсерін тигізеді. Мысалы:

*Нансыз тірлік – **сәнсіз тірлік, құр тірлік***
Мәнсіз тірлік, нәрсіз тірлік, сұр тірлік [«Орақтан соң», 5, 89].

Кез келген тілді алсақ, синонимдер сол тілдің сөздік құрамы мен сөз байлығының дәрежесін байқатар көрсеткіш. Оның тілдегі сөздік қордың дамуына емес, жалпы көркем әдебиеттің, өнердің кемелденіп, толысуына, көркем сөздің жетілуіне, күнделікті өміріміздегі қарапайым сөйлеу тілінің нәрленіп, қалыптасуына тигізер әсері мол. Осы тұрғыдан алғанда, лексикалық синонимдердің қоғамдық және тілдік қарым-қатынаста атқаратын маңызы зор. Мысалы:

Аңғарғаным.
Арбалмадым,
Алданбадым.
*Құр бекерге **қарманбадым,***
*Құр бекерге **қамданбадым*** [«Аңғарғаным», 5, 105.].

Айта кету керек, синонимдес сөздердің ең негізгі қасиетінің өзі мынада: олар, ұқсас мағынаны білдіре отырып, белгілі бір ойдан нақтылы және жан-жақты, әр түрлі реңкімен, көркем жеткізуді айрықша мәнерлегіштік қызмет атқарады. Синонимдердің мұндай қасиетін А.М. Калинин ерекше атап өткен: «Синонимдерді тең мағынаны білдіретін сөздер деп есептеу – біржақтылық. Онда бұл сөздердің ең негізгі қасиеті ескерілмей қалады.Синонимдердің әр түрлі реңктік айырмашылықтарды бейнелей алуының өзі-ақ олардың тең мағыналы бола алмайтынын көрсетеді» [7, 66]. Мысалы:

Пейілі *кең даладай,*
Пәктігі балғын *баладай.*
Үлкенді де емдейді,
Кішіні де емдейді.
Сезіміңді сергітіп,
Ойыңды да тербейді.
Емі *дертке* ***дауадай,***
Таңғы тұнық *ауадай.*
Таудан соққан самалдай,
Шешуін тапқан амалдай.
[«Емі шипа жаныма» 1, 167].

Бұндағы пейіл, пәктігі балғын, емі дауа таңғы тұнық» тіркестері плеоназмдық тіркестер болып, ақын өлеңдерін ашып, құлпыртып тұрғанын айтқымыз келеді. *Жер қайда менің қайран Қандығымдай*

Қандығым сырбаз сырлар сандығындай.
Келбеті көктемдегі көз арбайды
Бойжеткен қыздың жасау-жабдығындай [«Қандық», 5, 89].

Бұнда да плеоназдық тіркес «бойжеткен қыз» болып қолданылып тұр.

Ескеретін жайт, синонимдерді анықтауда сөздердің сөздікте алынған мағынасы мен түсініктемесіне сүйенеді. Сөздіктерде әр сөзге әдеби баламасы мен қолданылу сипатына қарай толық мінездеме беріледі.

Синонимдерді анықтауда, өзара мәндес сөздердің мағынасын айқындауда контекстің маңызын мүлде жоққа шығаруға болмайды. Өлең жолдарында синонимдес сөздер өзін қоршаған сөздермен, сөз тіркестерімен қарым-қатынасқа түсу арқылы мағынасы жағынан айқындалады. Біздіңше, мағыналары ұқсас сөздердің контексте бірін-бірі алмастыра алу мүмкіндігі синонимдердің мағынасын анықтауда көмекші белгі ретінде танылғаны дұрыс. Синонимдес сөздер контексте бірін-бірі алмастыра отырып, мағыналары жағынан толық сәйкес келмегенімен, ұқсас келеді. Осы ұқсастыққа байланысты сөйлемде айтылатын ой бірде дәл, бірде қосымша реңктер арқылы жеткіледі. Әрі біздің мақсатымыздың ақын поэзиясындағы тілдік ерекшеліктерді ашумен қатар, синонимдер құрылымының сан қилылығын таныту екенін ескерген жөн.

Антонимдік және синонимдік қолданыстармен қатар ақын тілінде кейбір тілдік ерекшеліктер кездеседі. Солардың ішінде зерттеу нысанымызға енбесе де тоқталып кететін тілдік қолданыстар кездеседі. Әдебиет теориясында оны риторикалық сұрау деп таңбалайды, қазақшалғанда сұраулар толғауы деп атауға болады.

Қорыта айтқанда, антонимдік және синонимдік қолданыстарды өз жырларында өз мақсатына жету үшін ақын жиі қолданады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. С.Сейітов. Шығармалары. 1-2 том. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1997
2. Қайдаров Ә.Т., Баратов Ш. Русчә-ўйғўрчә тилшунаслиқ терминлериниң лўғити. - Алмута, 1987.
3. Галкина-Федорук Е.М. Слово и понятие. - М., 1956.
4. Болғанбаев Ә. Қазақ тілінің синонимдер сөздігі. – Алматы: Мектеп, I975.
5. С.Сейітов. Зерде. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1987.
6. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі сөз мағынасының кеңеюі мен таралуы: фил. ғыл. канд. ... дис. – Алматы, 1963.

7. Калинин А.М. Лексика русского языка. – М., Издательство Московского университета, 1971.

ФОЛЬКЛОР МЕН ӘДЕБИЕТ: ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ ПЕН ПОЭТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

ӘОЖ 82.91

Обаева Г.С.
аға оқытушы, магистр
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қаласы.

Фольклор мен көркем әдебиеттің арақатынасы мәселесі бүгінгі әдебиеттану ғылымында жаңалық емес, ол қай кезеңде де өзекті мәселе болып қала береді. Әсіресе, бүгінгі жаһандану заманында әр ұлттың өзіндік келбетін, рухын сақтап қалу үшін рухани мәдениетіміздің қай саласында да бастапқы өзекке оралу, өткенге үнемі қайта оралу қажеттілік боп отыр. Соның бірі – әдебиеттегі ұлттық негіздерді анықтау. Ал ол көркем шығармалардағы фольклорлық мотивтердің қолданылу дәрежесімен айқындалады. Фольклорлық негіз, фольклорлық дәстүр, фольклорлық мотивтер деп жекелеген қаламгерлердің шығармашылығының поэтикалық құндылығын анықтаған зерттеу еңбектер бүгінгі әдебиеттану ғылымында өз алдына жеке арна, ғылым саласы болып қалыптасты. Әдебиеттің көп қызметінің ішінде оның ұлттық идеологияның көзі ретіндегі маңызын баса айтамыз. Киелі сөз өнерінің қайнар бұлағы– халықтың сонау ертеден келе жатқан ауыз әдебиеті. Сөздің құндылығы ғана емес, ұлттық құндылықтардың өзегі сонда жатыр. Ұлттық фольклордың құнарынан қанып ішкен әр суреткердің шығармашылығында фольклорлық мотивтердің еркінен тыс генетикалық тұрғыда өзек алып жататыны–заңдылық.

Ұлттық әдебиеттің қай-қайсысы да фольклордың сарқылмас қайнар бұлағына үнемі жүгінеді. Шығармаларының сюжетінде, жалпы көркемдік тінінде шығармашылықпен өңделіп, пайдаланылған фольклорлық дәстүрлер көптеген жазушылардың таңдаулы шығармаларының құрамдас бөлігі болып табылады. Ауызша халық шығармашылығының сан алуан түрлерін терең де органикалық меңгеру қашанда нағыз дарынға тән қасиет. Бірақ ол соңғы онжылдықтарда халықтың рухани және мәдени құндылықтарын қайта бағалауға байланысты ерекше өзекті болды. Жазушылардың ауызша рухани мұраларды меңгеру тәжірибесін зерттеу әдеби процестің кейбір типологиялық белгілерін: оның динамикасын, прозаиктердің көркемдік шеберлігінің тереңдеуін, әдеби жанрлар дамуының кейбір заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. Қазақ жазба әдебиетінің жиырмасыншы ғасырдың басынан бері қарайғы көп жылдық тәжрибесіне көз жүгірткенде байқайтынымыз - шығармашылықпен игерілген фольклордың өмір шындығын, халықтың ең жақсы рухани қасиеттерін, эстетикалық өзіндік ерекшелігін бейнелеудің құралы екендігі.

Халық ауыз әдебиеті жазба әдебиеттің дамуы үшін үлкен алғышарт болды, оның ықпалымен жазба әдебиеттің алғашқы түрлері мен формалары қалыптасты. Фольклор жазба әдебиет дамуының барлық кезеңдерінде, яғни одан бөлініп, кәсіби сөз өнерінің дербес, ерекше саласы боп қалыптасқан кезеңінде де маңызды фактор болды және бола бермек. Жазба әдебиеттің дамуымен фольклордың маңызы бәсеңдеген жоқ, керісінше фольклор жаңашылдықпен жалғасын тауып, оның қолданбалы қызметі барған сайын артып келеді.

Әдебиет фольклордан тек сюжеттер мен мотивтерді ғана емес, әңгімелеу стилін де үйренді. Фольклор ерте заманнан бүгінге дейін әдебиетті үнемі сүйемелдеп келеді, екеуін екі бөлек қарай алмаймыз. Әрбір ұлы суреткердің шығармашылығынан халықтың рухани мұрасының ықпалы айқын көрінеді. Бұл байланыс кейде айқын, кейде жанама болуы мүмкін, бірақ ол әрдайым дерлік орын алды. Сонымен қатар өз кезегінде әдебиет те фольклорға өзіндік ықпалын тигізді. Жазба әдебиетте фольклорлық жанрлар жаңаша өріс тапты. Ертегілер, аңыздар, тарихи жырлар, тұрмыс-салт жырларының түрлері т.с.с. фольклорлық

жанрлар арқылы фольклор баяндаудың ерекше тәсілі ретінде бүгінгі әдебиетте жаңаша өріспен жалғасын тауып келеді. Яғни уақыт өте келе фольклорда да жаңа тақырыптар, жаңа образдар мен стильдік ерекшеліктер пайда болды, олардың шығу тегі көркем әдебиетке байланысты. Осылайша, «әдебиет пен фольклор» мәселесі дегеніміз, алдымен олардың өзара тең дәрежедегі бір-біріне ықпалы деп түсінгеніміз жөн. Бұл жалпы көркем шығармашылықтың халықтық сипаты туралы ауқымды тарихи мәселенің бір бөлігі ретінде қарастырылғанда ғана дұрыс шешіледі. Мұны білу жазушының фольклорды қабылдауы мен әдеби шығармашылықтың фольклорға ену фактілерінің мәнін дұрыс түсіндіруге көмектеседі.

Әдебиеттің фольклордан айырмашылығы, алдымен, стилінен, бейнелеу тәсілдері мен көркемдік идеяларды жүзеге асырудағы өзіндік тәсілдерінен айқындалады. Жазба әдебиеттің өзіне ғана тән қайталанбас көркемдік тәсілдері бар. Ал фольклор халық шығармашылығының жемісі ретінде ауызша таралған шығармаларды әр түрлі нұсқалары пайда болған жағдайда сақтап қалатын өзіндік жанрлық-стильдік әдістерін қалыптастырды. Осылайша, фольклор әдебиетке немесе әдебиет фольклорға ауыса салысымен оларда ішінара образдар мен стильдердің терең модификациясы, яғни өзгерістері қоса жүреді. Жазба әдебиет пайда болғаннан кейін де фольклорлық шығармашылық өзінің тіршілігін тоқтатқан жоқ. Халық ауыз әдебиеті мұраларына әр дәуірдің жазушысы әр қырынан, өзіндік таным тұрғысынан барады. Ал бірақ олардың бәрінің басын біріктіретін мақсат – өз оқырманын халық тілінің қайнарымен сусындатып, халықтың дүниетанымын, рухани негізін, ұлттық мәдениетін сіңіру. Себебі фольклор – бірнеше ғасыр бойы жинақталған халықтың ақыл-ойының жемісі, көркемдік дамуының шежіресі. Халық әдебиетінің бойында тұтас ұлттың бейнесі сақталған, бірнеше ғасырлық тарихы, әдет-ғұрпы, салт-санасы көрініс табады. Осы ерекшелігі, осы қасиеті фольклорға жазба әдебиеттің бет бұрып, оның көркемдік дәстүрін пайдалануына негіз болды. Өз кезегінде жазба әдебиет саласында да жаңа көркемдік заңдылықтардың ашылуына, дәстүр жалғастығының орын алуына, көркемдік-эстетикалық мақсаттардың тереңдеуіне ықпал етті.

Екі көркемдік арнаның өзара байланысының тарихнамасы олардың өзара ықпалдастығының тең дәрежеде жүзеге асатынын дәлелдейді. Қаламгерлер фольклордың қандай да бір дәстүрлерін, жанрларын көркем шығармаларында тікелей пайдаланбаса да, жалпы баяндау стилінде, шындыққа көзқарасын білдіруде халық шығармашылығының жалпы қағидаларын жиі ұстанады, ал бұл өз кезегінде фольклорға тән стильдік формалардың дамуына ықпал ету арқылы өз бастауына қайта әкеледі, сөйтіп өзара ықпалдастық орын алады. Сондықтан да қазақ әдебиетінің жиырмасыншы ғасыр басындағы дамуында үлкен рөл атқарған алаш зиялыларының қай-қайсысының да зерттеулерінде халық ауыз әдебиеті терең зерттеліп, жазуға бет бұрған әр суреткердің халық жырларымен терең сусындауы қажеттігі, қазақ тілінің өзге тілмен шұбарланбай, саф таза күйінде сақталып ұрпаққа жетуі үшін халық әдебиетінің құнарын пайдалануы насихатталды.

Фольклордың әдебиетке әсері әр суреткерде әр түрлі формада кездеседі, бірде ол әсер айқын көрінбей, шығарманың тінінде жасырын жатып, тек суреткердің идеялық-эстетикалық толғаныстары мен концепцияларының негіздерін, оның шындықты бейнелеу принциптерін зерттегенде ғана көрінуі ғажап емес. Ал енді бірінде фольклордың әсері айқын көрініс табады. Соның бірегейі М.Әуезов фольклорды жинап, бастырып, зерттеп қана қойған жоқ, оның әрбір көркем шығармасында қазақ фольклорының сюжеттік, жанрлық, көркемдік құндылықтары үлкен шеберлікпен пайдаланылды. Оның әр шығармасы фольклордың бай қазынасымен терең суарылған. Әуезов бұл істі мақсатты түрде жүзеге асырды. Оған дәлел – жазушының 1922 жылы «Шолпан» журналында жариялаған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласы [1]. Жас қаламгер осы мақаласында алғаш рет фольклор ғасыр басындағы енді қалыптасып келе жатқан жаңа әдебиеттің негізі деген тұжырымды батыл айтады. Себебі оған дейін фольклор және фольклортану ғылымы буржуазиялық сынның қармағына ілініп, іске алғысыз қылудың талай әрекеттері жасалған болатын. «Ескі әдебеттің түрін білу,бетін ұғу, ағымына түсіну біздің өзіміз үшін керек. Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз десек жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын, хәм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сөйлеуі мүмкін» дей келіп, қазақ фольклорының көркемдік құндылығына жоғары баға беріп, одан «әлі жас, әлі бойы өсіп

жетілмеген» жазба жаңа әдебиеттің үйренері көп екенін айтады [1]. Фольклорда жасалған Қодар, Шығайбай, Асан қайғы сияқты типтік бейнелердің әлі жазба әдебиетте жасалмағанын, типтік характерлер жасау ұрпақ үшін қажет екенін атайды. Әуезовтің пікірінше, «жазушының болашақтағы міндеті - қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін тұтас суретімен алып кіру». Жазушының өзі бұл ұлы міндетті артығымен орындады. Бір ғана «Абай жолы» эпопеясының өзі-ақ бұған дәлел. Сәбит Мұқановтың да фольклорлық дәстүрлерді пайдалану шеберлігі стильдік даралығымен айқындалады. Халықтың бай көркем тілінің құнарын өз шығармаларында шығармашылықпен игере білген жазушы. Оның да фольклорға иек артуы ауыз әдебиеті мұраларын жинап, зерттеуден бастау алды. Халқымыздың жыр үлгісін алғашқы өлеңдерінде пайдаланудан бастаған жазушы эпостық жыр, қара өлең дәстүрін сыналап енгізе отырып, фольклордағы дәстүрлі тілдік орамдарды, тіркестер мен ұғымдарды, бейнелеу тәсілдерін шебер үйлестірді. Бұлар оның шығармаларының оқырман жүрегінен терең орын алып, кең таралуына ықпал етті. «С.Мұқанов жаңа қоғамға бет бұрған дәуір әдебиетіне сыналап, дәстүрлі иірімдерді, нақышты өрнектерді енгізді. Бұл ақынның өзіндік болмыс-бітімін, поэтикалық әлемін танытады. ...Халықтың ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғам-талабы, әдет-ғұрпы мен дәстүрі – оның бүкіл болмыс-бітімін, тіршілігін бейнелейтін мол қазынасы – фольклорында көрініс табады. Сол себептен де болар, суреткерлердің барлығына дерлік тән қасиет – шығармашылығының бастауы етіп үнемі халық мұрасын нысана еткен» дейді ғалым Қ.Байтанасова [2]. Алыптар тобының бірегейі Ғабит Мүсірепов те өз творчествосында халықтық тақырыпты басты орынға қойды. Халықты ең ұқыпты оқырман санай отырып, ол өз шығармаларының алдымен сол қарапайым халыққа жетімділігіне баса назар аударды. Дәл осы мақсатта жазушы халықтың күшті рухын, сарабдал ақылын, орасан шығармашылық энергиясын, тума таланты мен бостандыққа деген ерекше ұмтылысын көрсетуге тырысты. Қай уақытта да жазушы алдымен халық ауыз әдебиетінің асыл мұраларынан сусындап, одан үйренетіні белгілі. Фольклорға деген қызығушылық халық өмірінің, халық тілінің құнарлы қайнарын, терең сырын игеруге деген қызу тілектен де туындап жатады. Ғабит Мүсіреповпен қатар жаңа әдебиет үшін күресті қоғамдық-революциялық күрестерімен ұштастыра білген Сәкеннің өзі халық мұрасының жақсы үлгілерін пайдалануды әдебиеттің басты міндеті деп көрсетеді. Халық ауыз әдебиеті мұраларын жинап оған ғылыми тұрғыда баға берген Сәкен: «Жаңа әдебиет ескі әдебиет мүсіндерін іс жүзінде меңгеріп алып, жаңа ережелермен мүсіннің үлгілерін, типтерін қарастырып, бажайлау, екшеу, сөйтіп оған еңбекші тап мазмұнын кіргізу негізінде жасалады» [3,431] деп, таптық тұрғыда қарауға баса назар аударса да, ең бастысы, фольклордың жазба әдебиетке негіз болатынын айтады.

Жиырмасыншы ғасырдың 60-90 жылдарындағы Ә.Кекілбаев, Қ.Жұмаділов, С.Сматаев, Ш.Мұртаза, С.Сматаев, Ә.Есенберлин т.б. ақын-жазушылардың шығармашылықтарында да халық әдебиеті үлгілері тақырыптық-сюжеттік үндестік тауып, жалғасты. Халық ауыз әдебиетінің жанрлары (тарихи жырлар, аңыздар, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер т.б.), түрлі мотивтер шеберлікпен игеріліп, әдеби шығарманың поэтикалық жүйесіне тән заңдылықтарға бағынып, өз алдына дербес көркемдік-эстетикалық қызмет атқарды.

Халық ауыз әдебиеті мұралары көркем әдебиет шеберлері шығармашылығының поэтикасының негізі ретінде ұлттық ерекшеліктің, халықтық дүниетанымның таусылмайтын көзі. Бүгінгі ғылыми ой әдебиет пен фольклордың өзара байланысын зерттеудің, әдеби дәстүрдің фольклор дәстүрін игеру барысындағы кезеңдері мен формаларын анықтаудың белгілі бір ғылыми бағыттар үшін жүйелік-типологиялық жағынан өзектілігі зор екенін мойындайды. Сондықтан да әдебиеттану ғылымының бұл бағыты бүгінгі күні өз алдына үлкен арна боп қалыптасты. Көркем шығармашылықта фольклорды пайдалану фактісі суреткер шығармашылығын біржақты етпейді, өйткені олар өмір шындығын көркемдік шындыққа айналдыруда неғұрлым еркін. Жазушы фольклордан идеялық-бейнелік, композициялық және жанрлық-стильдік формалардың мол таңдауын табады және әр суреткер олардың арасынан өзінің шығармашылық мүддесі мен талғамына сәйкес келетінін ғана алады. Фольклорлық мотивтер, фольклорлық-этнографиялық дәстүрлер, жанрлар, сөз-образдар т.б. бәрі де бүгінгі қазақ әдебиетінің көркемдік тініндегі айрықша ұлттық рухани діңгек.

Суреткер үшін фольклор әрдайым халықтың рухани өмірін танудың сарқылмас қайнар көзі боп келеді, сондай-ақ өз шығармашылығын халық мәдениетінің элементтерімен, халықтық поэтикалық мотивтермен, образдармен, сюжеттермен, жанрлық және стильдік формалармен байытудың маңызды құралдарының бірі болды. Қазіргі заман әдебиетінде фольклорлық элементтер рөлі шығарманың көркемдік идеялық концепциясының мазмұнын байытып қана қоймайды, халықты адамгершілік рухта тәрбиелеуде де үлкен маңызға ие. Көркем әдебиеттің фольклормен байланысын тек этно-генетикалық жағынан ғана емес, сонымен қатар тарихи-әлеуметтік тұрғыдан да біртұтас қарастырған дұрыс. Сонда ғана оның көркем әдебиетпен біте араласып кеткен қасиеттерін, оның көркемдік ерекшеліктерін тереңірек ұғамыз. Сондай-ақ, фольклор мен қазіргі әдебиеттің бірінен-бірі туындап, дамып жататын жанрлық принциптерін де ескерген дұрыс.

Қорыта айтқанда, қазіргі кезде кез келген адамзат қоғамының рухани қуаты мен оның болашақтағы рухани әл-ауқаты этникалық мәдени мұраны меңгеруіне байланысты екенін терең түсінетін уақыт келді. Соңғы уақыттарда көлемінде қоғамда болып жатқан сан қырлы өзгерістер жоғалған ұлттық мәдени құндылықтарды түгендеуге, өз халқының тарихи өткеніне, әдеби және мәдени мұраларына құрметпен қарауды тәрбиелеудің ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерін қалпына келтіруге болатынына үміт сыйлайды. Қоғам әлеуметтік-экономикалық және саяси аспектілермен қатар халықты бай рухани мәдениет пен дәстүр негізінде белсенді түрде тәрбиелеу міндетін алға қойып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М. Әдебиет тарихы. –А: 1991.
2. Байтанасова Қ. Сәбит Мұқанов және фольклорлық дәстүр мәселелері. — Астана, 2005.
3. Қирабаев.С. Екі томдық шығармалар жинағы.– Алматы: Жазушы, 1991. Т.1.:Сәкен Сейфуллин: Монография. – 448 бет.

МАҢҒЫСТАУ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӨМІР ШЫНДЫҒЫНА НЕГІЗДЕЛГЕН САТИРАЛЫҚ-ЮМОРЛЫҚ ӘҢГІМЕЛЕР

ӘОЖ 82.7

Жеткизгенова А.Т.
Ш.Есенов атындағы КТИУ, ф.ғ.к. , Ақтау қ.
Жеткизгенова М.Т.
ХББ Назарбаев зияткерлік мектебі, Ақтау қ.

Күлдіргі әзіл әңгімелердің сатиралық, юморлық образдар арқылы жазылып, жарыққа шығатыны белгілі. Әрине, бұл екі образдың ұқсастығы комизмге неізделгендігінде. Сондай-ақ, кейіпкерлерінің жағымсыз қасиеттерін сынап, мінін көрсету, қылықтарын әшкерелеп, күлкі етуді мақсат еткендіктен кейде юмор мен сатира шығарма ішінде тұтаса бірлесіп кететін тұстары да кездеседі. Дегенмен де юмордың көтерер жүгінің өзгешелігін ашып айтқан ғалым А.Мұсав: «Юморлық образ – күлкілі бейне. Көп жағдайда күлкіде зор қоғамдық сипат, әлеуметтік сыр жатады. Қоғам тіршілігіндегі кедергі атаулының бәрін күлкімен түйреп, сын садағына алып отырады. Ондағы мақсат – алынған образды жерлеу емес, оны түзету.

Сатиралық образдың юморлық образдан өзгешелігі – онда автор өзі бейнелеп отырған адамына жаны ашымайды, оны өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, қайта мұндай мүскін пенденің болмауын меңзейді. Ол ешуақыт ұнамды фактіге, қуанышты күлкіге негізделмейді. Ал юморлық обарзда автор өзі жазып отырған адамына іш тартатын, симпатиямен қарайтын болғандықтан ол оның жайсыз жағын ғана достық рәуіште іліп-шалып, әзіл-әжуа етіп түзетуді мақсат тұтады» [1,161] – деп, сатира мен юмордың әзіл әңгімелер жанрындағы арасалмағын ашып көрсеткен болатын.

Қазақтың шешендікке, тапқырлық, ділмарлыққа негізделген бай, әзіл күлдіргі әңгімелері көпшілік халық пен көнекөз шежірешілер аузында, ғалымдар қаламында,

зерттеушілер назарында болып, ұзақ уақыттар бойы айтылып, жалғасып, жиналып, жарияланып келе жатқан халықтың рухани қазынасы.

Сатира мен юмордың айқын көрінісін беретін, мазмұны мен маңызы келіскен күлдіргі әзіл әңгімелер кезең таңдап, уақыт күттірместен ел арасына таратылып отырған.

Көптеген күлдіргі әңгімелер өсіп келе жатқан жас буынды жат қылықтан сақтандырып, адал еңбек етуге, тапқырлыққа баулиды. Тосыннан тапқырлықпен айтылатын жүйелі сөздер таза ой жүйріктігін талап етеді. Кез келген адамның ойына асқан шапшаңдықпен келе қоймайтын, қисынын қиыстыра тапқырлықпен, дәлдікпен және айтылуы қажет тұста ауыздан шыққан күлдіргі әзіл әңгімелер ауыз әдебиетінің тамаша бір үлгісі қатарынан саналады. «Жау кеткен соң, қылышыңды тасқа шап» дегеннің кебін киген шабан айтушылардың осы тұста қапы қалатыны да бар. Себебі, ұтырлы ой мен ұтымды жауапты біріктіре беру де үлкен шығармашылық өнер.

Маңғыстау әдебиетіндегі сатира, юмор саласында Сержан Шәкірат, Көмек Ыбыраев, Ерекен Қорабаев, Қыдырбай Тұрмағанбетов, Әзірбайжан Қонарбаевтар үлгілі жанның антиподы – тоғышар, берекесіз, жалақор, дүниеқоңыз, қызғаншақ, іші тар, маскүнем тәрізді адами қасиетке жат жандардың образын жасауда шынайы шығармалар бере алған қаламгерлер қатарында деуімізге негіз боларлық тамаша туындылардың авторлары екендігі белгілі.

Сатирик ақын-журналист Әзірбайжан Қонарбаевтың сықақ әңгіме, өлеңдері мен әзіл-қалжыңдары топтастырылған «Түрлі-түрлі Тәнтанай» атты жинағындағы «Пай-пай, бастықтың оқуы болса» әңгімесінде күлкілі сюжеттен гөрі, қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық жайттардың жекелеген дертті көрінісі басым. Демек, автор туындының өткірлігін, уыттылығын арттыру үшін күлкі шақыратын көңілді көріністерді емес, керісінше, кертартпа құбылыстарды сынай отырып, жоғары моральдық сапаларды нығайту бағытын ұстанған. Әңгіме кейіпкерлерінің диалогтері әшкерелеушілік экспрессиямен беріле отырып, мінездеме оқырман ойымен жасалады. Әрине, «Сатиралық тапқырлық көрсетуде фантазиялық шалықтау, ойдан шығару, ойдан қосу, шарттылық, әсірелеушілік орын ала береді» «Сатира негіздері» [2, 59] – деп, ғалым Т.Қожекеев көрсеткендей, автор аталмыш әңгімесінде екі кейіпкеріне барлық жағымсыз қасиетті үйіп-төгіп таңғаны, олардың жиынтық образ екендігі белгілі.

«Сатира мен юморға объекті біздің өмірімізде жеткілікті. Соларды тап басып, жұртты олардан бездіре, соған қарсы күреске көтере беру үшін нағыз сатира жасау керек.

Сатира өмірдегі кеселді, келеңсіздікті, кері кеткендікті қаза қопарып, көптің көз алдына – көрініске шығарады, қағып сілкілейді. Мысқылмен түйрейді, сықақ етеді, көпті одан түңілтеді. Сатираның юмордан өзгешелігі – мұнда қаламгердің өзі сықақпен сілейте сынап отырған адамына жаны ашымайды. Оның кейпін түзеу, өзін өнегелі өмірге қайта қосу мүддесі болмайды, керісінше автор мұндай жексұрындық өмірде болмауы керек деген қатал үкімін шығарады; юморда түзету мақсаты жатса, сатирада жою, жоқ ету мақсаты жатады. Әрине, сатирадағы күлкіде юмордағы күлкідей шындыққа негізделген шынайы күлкі, жасанды қылжақ емес табиғи күлкі болу шарт» [1, 52]

Сонымен «Пай-пай, бастықтың оқуы болса» әңгімесіндегі Тәнтәнай мен Ойнакүл мектеп бітіргелі отырған қыздары Мәмпәсиді қай оқуға түсіретіндігін талқыға салады.

« – Ымм, ымм... Дәрігерлік оқуға түсірсек қалай болар екен? Былай жалақысы да, әптәритеті де жаман емес...Тіпті ақылы түріне түсірсек, құдайға шүкір, дорбалаған долларымыз «қызыл диплом» алып бермей ме?» [3, 25]деп, оң көзін көкке, сол көзін әйеліне аударған Тәнтәнайдың бар саралы ойы осы боп шығады.

Күйеуінің дәрігерлік оқу таңдағанына долданған Ойнакүлдің бар тапқан тұшымды жауабы: «Табысы тау қопарса да қаршадай жалғыз түйірімді ақсақ-тоқсақтың аяғын сипатып, соқырішекті қасаптатып, ылғи көксау, көк аурулардың ішінде жүргізгенше мен неге өле қалмаймын?!»[3, 26]. Ойнакүлдің осыншалықты өзіне күйініштi әңгімесінен оның психологиясы, өмірге деген көзқарасы, жалпы өзгелерге деген қарым-қатынасы бірден түсінікті болады. Әңгіменің басынан-ақ шайпау, тоғышар әйелдің образы ашылып сала береді. Оқырман осыдан-ақ Ойнакүлден тұшымды пікір мен парасатты ой күтпесі анық.

Автор Ойнакүлдің аузына қызына дәрігерлікті таңдаған күйеуіне мысқылдай « – Иә, жұмыртқа тауыққа ақыл үйретті тағы да!» деген интонациямен көтермелеген сөзді салуы да,

ер-азаматтың отбасындағы орнын қадірлемейтін көргенсіздік көрініс арқылы әдеп аулынан алшақ жүрген адуын әйелдің сүйкімсіз образын оқырманына бірден таныстыра кетеді.

Ерлі-зайыптылардың өздерінше бала болашағын болжап, мамандығын таңдап беру кеңесінің ішінде ағылшын тілі пәніннің мұғалімі, әнші, геолог, ұшқыш, журналист ...мамандықтарының басы шалынады. Тәнтәнайдың осы мамандықтарға қатысты табысы көп, қып-қызыл дүниеге көміліп, қап-қап ақшаның астында қалар айлалы тұстарын тізбелеген сөзіне қарсы Ойнакүл Мәмпәсиіне ауыр тиетін, қиын соғатын тұстарын санамалап шаптыға түседі.

Әке-шешенің ақырғы ойы «Пай-пай, шіркін, бастықтың оқуы болса... Оқуды бітірген бойда күрп етіп отыра кетіп, жұртты бір шыбықпен айдап отырса, ақшаның астында қалса...» [3, 27] деген Ойнакүлдің арманына тіреледі.

Қыздары Мәмпәсиге мамандық таңдап беруде пасық, жымысқы ойдың тізгінін тартпастан, айылын жимастан білек сыбана кіріскен екеудің сөзін бөліп, назарын аудартатын тұсты да автор жағымсыз картинамен береді.

«Нақ осы сәтте түпкі бөлмеден қарақұйрықтың лағындай ойнақши басып, жартылай жалаңаш Мәмпәси шықты. Ернін біресе жазып, біресе жымырып әкесі мен шешесіне еркелей күлді де:

– Әй, мені қай оқуға түсіретін болдыңдар? – деді

– Әңгіме қып жатырмыз, күнішім...

– Мен дискотекадан келгенше шешіп қойыңыздар. Едик күтіп тұр екен. «Платный» оқу жеңіл деседі ғой...

– Сонымен, Мәмпәсижанды қай оқуға түсіретін болдың енді?! – деп Тәнтәнай Ойнакүлге ойлана қарады.

– Айттым ғой әлгінде, бастықтың оқуы болса деп...

– Бастықтың?!. » [3, 27]

Әдетте, қыз баланың әдемілігін, әсем келбетін, тазалығын беретін «еліктің лағындай» деген теңеудің осы жерде «қарақұйрықтың лағындай» болып өзгеріп келуінде де мазаққа ұшырауға дайын кейіпкер бейнесі көрінеді. Мансап пен жайлы қызмет жолында қандай іс-әрекеттерден де бас тартпауға дайын отырған арсыз әке-шешенің тәрбиесін көрген қыздың болашағынан да көрініс беретін деталь оқырман көз алдына келеді. Оған қоса «жартылай жалаңаш» Мәмпәсидің үстіне киген киімі де аса мәнді емес. Оны елеп жатқан әке-шеше жоқ. Олардың тәрбиесінің басты принципі – ақшасы көп мамандықтың тұтқасына қол жеткізу.

Әңгімедегі сатира поэтикасы – Тәнтәнай мен Ойнакүлдің өмір қызығы мен қуанышын ақшамен өлшейтіндігі, ашкөздігі, тойымсыздығы, топастығы, дүнекоңыздығы, мансапқа жету жолындағы әрекетінде адамгершіліктен жұрдай қасиеттердің қай-қайсысына дайындығы арқылы көрінеді. «Біздіңше, дүниеқұмарлық дегенің – дүние-мүлік, киім-кешек, әдемі заттар жолында ата-ана, іні-бауыр, апа-қарындас,жора-жолдас, достық, махаббат, рухани жан дүние – бәрін мансұқ ету. Яғни вещизм кісі қадірін білмеу, адамнан дүние құнын артық көру» [4, 142] деген пікірі Мәмпәсилері үшін өліп-тіріліп оқу іздеп, мамандық әлемін шарлап отырған әке-шешесіне бір ғана «Әй» деп мәдениетсіз, дөрекі тіл қатысының өзі ойымызды түйіндеуге негіз болмақ.

Демек, Мәмпәси ар-ұят,намыс, саналы білім туралы түсініктен жұрдай, келешекте ата-ана алдындағы перзенттік парызын өтеуді борыш санамайтындардың санатында тоғышар дүниенің жетегінде кететін жан.

Автордың «– Бастықтың?!.» деп әңгіме соңын лепті кейіп танытып, сұраулы қалыптен аяқтауы да Тәнтәнайдың ішкі жан-дүниесінде күдігі мен күмәнінің жоқ еместігін көрсетеді. Әйелінен ығысып, жағымпаздана ақшасы көп болатын мамандық таңдауы да, ол мамандықтардың жемқорлық жолмен ақша табу ретін санаған бейшара әкенің мүшкіл халін де аңғартып отырады. «Тәнтәнайдың шүңірек көздері лай судың тамшысындай бұлдыр ғана жылтырайды. Оң көзі көкке, сол көзі әйеліне қарайды. Бұл «нервничить» еткен түрі» [3, 25]. «Домаланған төрт бұрышты әйелі сыңси сөйлеп ықылық атты» [3, 25]. Ә.Қонарбаев осы сөйлемдерімен Тәнтәнай мен Ойнакүл бойындағы жағымсыз қасиеттерді оқырманға жиіркеніш сезімін оята отырып, кейіпкерлерінің кескін-келбет, бет-пішіннің де оншалықты

оңып тұрмағанын көрсетуді ұмытпаған. Деформацияланған, карикатураланған екеудің сырт бейне жаратылысының өзі – автор назарынан тұтас шығарма бойынан ешнәрсе қалыс қалдырмағандығын, сатиралық проза поэтикасының кейіпкер портретін жасауда көркемдігін тұтас сақтағандығын көрсетеді. Тәнтәнай мен Ойнакүлдің образын беруге қысқа ғана портреттеуді шебер қолданған. «Оң көзін көкке, сол көзін әйеліне аударған» Тәнтәнайдан жөні түзу ой, жібі түзу сөз шықпасы анық. Ал кейіпкерлерді тура мінездеуді артық санаған автор одан әрі кейіпкерлерінің екеу ара диалогтары арқылы ащы мысқылмен оңбай түйреп отырған.

Маңғыстау әдебиетінде сатиралық-юморлық әңгімелерімен танылған қаламгерлеріміздің бірі – Ерекен Қорабаев.

Ерекен Қорабаев шығармашылығының өнікті саласының бірі –сатиралық-юморлық әңгімелері. Қаламгер бұл жанрда біршама ізденіп, сатирик ретінде де өзіндік қолтаңбасын жасап, стильдік-тілдік мәнерімен ерекшеленіп, айрықша үлгісін сақтай білген. Осы орайда жазушының сүбелі еңбектерінің қатарына «Маңғыстау әзілдері» деген атпен ел арасында ауыздан ауызға тарап, айтылып жүрген күлдіргі әзіл әңгімелерін жинақтаған екі кітабын жатқызуға болады. Аталмыш еңбекті саралай отырып, күлдіргі әзіл әңгімелерден ирониялық бояудың образ табиғатын ашуда, кейіпкер бойындағы моральдық-этикалық сапаларды көрсетудегі қаламгердің оқырман қабылдауына жеңіл, көпшілікке таныс көңіл-күй әлемін аша түскен шығармалар екендігіне көз жеткіздік.

Жылы юмор мен жеңіл әжуаға негізделген әңгімелерінің тілі мен баяндау мәнері анекдот стиліне келеді. Өзіндік ерекшелігі бар, қысқа да ұтымды сөзбен ұтырлы ой беретін жанрға қалам тартқан Е.Қорабаев өзінің айналасындағы таныс адамдар аузымен айтылған күлдіргі әзіл сөздерді әдеби қалыпқа түсірген.

Анекдот – көпшілікке ортақ түсінікті тілмен жазылған сатиралық-юморлық жанрдағы көркем туынды.

«Анекдот (грек. anekdotos — жарияланбаған) — қысқа, күлдіргі әңгіме, халықтың фольклор жанры. Басты ерекшеліктері — баяндаудың шындыққа жанасымдылығынан гөрі, тапқырлық танытып, әдейі әзілдеп айту шеберлігі. Анекдот көбінесе нақты адамдар туралы айтылады. Олар екі сипатты, екі ниетті болып келеді. Бір тобы қоғам мүшелерінің жағымды бейнесін, моральдық, психологиялық биік қасиеттерін паш ету мақсатымен шығарылады. Олар ақыл-парасатпен айтылады, күлдіре отырып, қоғамдағы теріс құбылыстар мен адам бойындағы жағымсыз қылықтарды әжуалап, әңгімеге көңілді сипат береді» [5].

Өзі туып-өскен аулынан әзіл-қалжыңдарды тікелей естіп, кейбір күлкі шақырар әрекеттерді көзі көріп, көркем туындыға арқау етер тақырыптардың мазмұнын қаймағы бұзылмаған қалпында таза сақтап, ұлттық уызын бойына мол сіңіріп, сатиралық шығармалар тудырған қаламгер әдебиет әзілқойларының өнегесінен де үйрене отырып, қаламын ұштағандығы О.Әубәкіров сынды сатира саңлағының үлгісімен қоса мен Б.Соқпақбаев сынды майталман жазушы кейіпкерлері қылықтарын өз шығармаларында салыстыру әдісі де ұшырасып отырады.

«Юморлық образды автор адамдардың іс-тіршілігіндегі, тәртібі мен мінезіндегі ұсақ-түйек міндерді игі ниеттен туған зілсіз күлкімен, көңілге қаяу салмас тіл, стильмен береді» [1, 162] деп юморға байланысты айтылған пікірлердің Е.Қорабаев шығармашылығына қатыстылығын аңғаруға болады. Мысалы, көпшілік арасында айтылып қалып, жеңіл де зілсіз күлдіріп көңілдерін ашатын, еріксіз езу тартқызбасқа қоймайтын әдемі сәттер қаламгер назарына іліккен:

«Қыдырбайдың ақындық, актерлік, әншілігімен қатар асабалық өнері бар болатын. Ауылда той болып соған шақырылыпты. Әзіл – қалжыңмен, әдемі сөздермен, әсем әнмен тойды құлпырта басқарып, елді аузына қаратып жүріпті. Ел ішінде не кездеспейді, бір жігіт тойға алдын ала қызып келіп, көп ұзамай құлап қалыпты. Сонда Қыдырбай: «Ерте көктеген гүл, ерте солады» - депті» [6, 161] әңгімесінен эстетикалық әсем әсер алуға да мүмкіндік бар. Бұндағы кейіпкер Қыдырбай Тұрмағанбетұлы әдеби-мәдени салада қызметтер атқарған, қағытпа қалжың, астарлы әзілдерімен жүрген жерін риясыз күлкімен кенелтіп жүретін жан болған. Бірақ тағдыры қысқа ғұмырлы болған Қ. Тұрмағанбетұлы небәрі 38 жасында өмірден

өткен. Қыдырбайдың өзі де «Қалжыңдасуға қалайсыз?» атты ұжымдық жинаққа өлеңдері еніп, кейін өмірден өткен соң қаламгер туралы естеліктер мен әдеби туындылары жинақталған «Көңілінде жүрсем көбірек» және «Шанышқы» атты сын-сықақ кітаптары жарық көрген қаламы жүйрік сатирик.

Е.Қорабаевтың әзіл әңгімелерінің арасында: «Ақтау қаласында оқу орны жоқ болғандықтан әне бір жылдары Маңғыстау балалары Атырау, Орал, Алматы асып кететін. Оралдың СХИ-ында оқитын Аман мен Қалдан қысқы семестрін аяқтап қысқа мерзімге елге келіпті. Туған жерге деген сағынышы кеудесіне симаған Аман Ақтауға қарап: - Шіркін, туған жерге келдік-ау! – депті. Жанында келе жатырған Қалдан. – Жолдан шығып жүрейік, туған жердің машинасы қағып кетер – дептімен» [6, 171] аяқталатын әзіліндегі Қалданның жай ғана ескерту түрінде айта салған «Жолдан шығып жүрейік, туған жердің машинасы қағып кетер» деуінің өзі жан сүйсінте жадырай күлдіретін тамаша тапқырлықпен тауып айтылған, қуанышты күлкі сыйлайтын сөз. Осы тұста Т.Қожакеевтің адамның жан-дүниесін, көңіл-күйін, белгілі бір болмыс-құбылысқа қатыстылығын аңғартатын күлкі түрлерін саралаған «Күлгенде шалды да шырайлы көрсететін, кісінің әрін кіргізетін *қуаныш күлкісі* қайшылықтан, үйлесімсіздіктен тумайды, комизмге негізделмейді. Ол – бірнәрседен ләззат алғандағы, риза болып, қанағат тапқандағы жан сезімнің дыбыс болып сыртқа тебісі, арман-аңсар, тілек-ниетіміздің орындалғанына масаттанғанымыздың, шаттанғанымыздың белгісі, сезімді селт еткізіп, жан жадырататын жақсылыққа адамның жағымды жауабы» [2, 51] деген пікіріне тоқтаған жөн. Ғалым бұдан өзге күлкіні келемеж, комизм, қулық, жандалбасалық, сорлы, қылжақ, ақымақ, жымысқы т.б. деп әрқайсысының атқарар жүгі мен анықтамасын санамалайды.

Е.Қорабаевтың әзіл әңгімелерінің көлемі шағын болып келеді. Әңгімелері ықшам формада, айтпақ ойын аз сөзбен-ақ қызықты ситуация арқылы әсерлі жеткізе біледі. Юморға аса қажет ықшамдылық, дәлелділік пен түсініктілік ұғымдарын шебер қолданған. Бұл орайда, қаламгер стиліне лаконизмді басты ұстаным еткендігі байқалады.

Қорыта айтқанда, Маңғыстау әдебиетіндегі юморлық-сатиралық әңгімелер – ең бір құнарлы да көркем жанрдың қатарында саналады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Мұсаев А. Мәңгі өлмес күлкі. – Алматы: Жазушы, 2012, – 376 б.
2. Қожакеев Т. «Сатира – күштілер қаруы» Оқулық. – Алматы: Санат, 1996. – 464 б.
3. Қонарбаев Ә. Түрлі-Түрлі Тәнтәнай. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2009, – 352 б.
4.Қожакеев Т. «Сатира – күштілер қаруы» Монография. – Алматы: Жазушы, 1985. – 288 б.
5.Уикипедия материалдары.
6. Қорабаев Е. Маңғыстау әзілдері. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2016, – 264

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ РОМАНДАРЫНДАҒЫ ПЕЙЗАЖДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРДІҢ АРХИТЕКТОНИКАСЫ

ӘОЖ 82.3

Бүркітбаева А.С.
ф.ғ.к. Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау.

Әдеби тіл - жалпыхалықтық тілдің құнды, дамыған, барлық халыққа түсінікті, стильдік жағынан сараланған түрі. Әдеби тіліміздің үнемі дамып отыруы қаламгерлеріміздің еңбектерінің әсеріне де тікелей байланысты.

Көркем әдебиет тілі жекелеген қаламгерлердің сөз қолдану машығын талдау, таразылау бүгінгі күндегі жалғасын тауып келе жатқан маңызды мәселелер қатарын құрайды. Қазақ әдебиетінің түрлі кезеңдерінде халықтың рухани дамуына өз туындылары арқылы үлес қосқан

сөз шеберлерінің тілін зерттеу, стильдік дәстүрлерін саралау қай кезеңде де өзектілігін жоймайды.

Сондай дара жазушы, қазақ көркем әдебиетіндегі авторлық ұстанымы, тілінің поэтикалық қуаты, шешендік ділмарлығы астасқан Ә.Кекілбаевтың прозадағы, романтистикадағы жеткен жетістіктері әлдеқашан тарихи-әдеби аксиомаға айналған. Жазушының тарихи оқиғалар көрінісін тарихи тұлғалармен ашуы, шындық пен қиялды жымдастыра кіріктіру позициясында даралық мәнері, тіл шеберлігі көрініс табады.

«Елең-алаңда» өмір шындығының тарихи шындыққа айналуы, кейіпкерлер бейнесінің сомдалуы, романның даралық өзгешеліктері Тевкелев, Кириллов, Әбілхайыр хан, Бопай ханым, т.б бейнелердің ашылуымен, романның өн бойындағы монолог, диалог, психологиялық егіздеулердің сәтті берілуімен ашыла түседі.

Жазушының әдеби процесстегі орнын айқындауда ғалым Д.Ысқақовтың «Әдебиет тарихын зерттеуші бұдан талай замандар бұрын өтіп кеткен дәуірлерге үңіліп, әдеби өмірде болып өткен елеулі оқиғаларды, фактілерді електен өткізіп, негізгілерін анықтау үшін әдеби өмірдің даму бағытын белгілеген басты оқиғаларды, негізгі ағымдарды сол дәуірдің саясиәлеуметтік, мәдени аясында ашып көрсетуі тиіс» [1,8] деген пікірін негізге аламыз. Осы арада жазушы еңбегінің басты ерекшелігі неде деген сауал төңірегінде ойланар болсақ, қазақ тарихының белсенді белесі Қазақстанның Ресейге қосылу кезеңін көркем әдебиетке құнарландырып енгізуінде және қазақтың бай ауыз әдебиеті мұралары, қанатты сөздер, афоризмдер, жазушы тіліндегі ерекше оралымдар, этнографизмдерді жүйелеген шығарма болғандығын баса айтуымызға болады.

Әдетте, «жазушы тілі» дегенде ең алдымен, ойға оралатыны да, іздейтініміз де-оның суреттеу шеберлігі, көркемдік әдістері туралы әңгіме болмақ [2,9]. Ғалымның пікіріне «жазушының өзінің шынайы болмыстан талғап, талғап, шығармасына арқау еткен тақырыбы» (Зейнолла Қабдолов) елдік мәселесінің қойылуы деген ұстанымды қосар болсақ, шығармада айтылатын ойды тұспал сөздермен жеткізу, сөз қолданыста қазақтың шұрайлы этнографизмдерін қолдану, қазақы бояудағы теңеулер мен эпитеттерден Кекілбаевтың жазушылық лабораториясының қаншалықты құндылығы барын танытады.

Жазушы шеберлігінің бір қыры-табиғат пен адамды егіздеп, негіздеп суреткерлік параллельдер түзуінде. Табиғатқа жан беріп, поэтикалық үстеме жасауында. Романдағы психологизм табиғат суретіне идеялық эстетикалық сипат дарытып, жазушының дара машығы арқылы тек пейзаждық бейнелеу емес, кейіпкерлерінің қоршаған ортадан алған әсері мен түйсіктік қабылдауымен байланысты жеке қызмет атқарып отыр.

Күркірей шыққан қаһарлы бұйрықтан мынау тығырық көгал алқаптағы қалың жиын ғана емес, сонау көз ұшындағы сәкиген сеңгір биіктер де селк ете түсіп, бұға-бұға қалысқандай. Аспанда құс атаулы көрінбейді. Бәрі де жаңағы қатал айқайдан тырым-тырақай безіп кеткендей [3,209].

...Осынау ығы-жығы адамға толы көгал алқаптан, сонау мың-мың қой мыңғыра жайылып жатқан көл-көсір ұлан жазирадан, аспан астын шірей толтырып жатқан боз даладан тек бұйығы тыныштық пен бұғыңқы момындықтан басқа не көріп тұрсың? Бетін ыққа, жонын желге тосқан бүкшеңбай төзімнен басқа мінез, «әйт» пен «шәйттің» арасындағы от оттап, су сулаған тұқшыңбай тіршіліктен басқа қимыл-қыбыр, әрекет, қылық көре алдың ба?Тап мынау жаппай жығылып, жаппай жусап жатқандарды қиялшыл ұлық Иван Кириллов көрер ме ед? Шіркін осыны тіпті патшаханымның өзі кеп көрсе ғой!Қайдағы бір қаңғыбасқа, шала көпес, шала суретші бұратана Джон Кэстлидің өзіне осылай жусап жатыр. Олар келсе, мына даланың тірі мақұлығы түгілі анау жансыз тау-жоталарының өзі жермен жексен боп үгітіліп кетер ме еді, қайтер еді! Бұлардың таулары неткен жатаған!Көлдері неткен мүләйім!Өзен-бұлақтары неткен таяқты көп жеп қалған тағы иттің құйрығындай бұлғаң, бұралаң! [3,211].

Жазушы мәнеріндегі суреттеу стилінде соны теңеулерді қолдануда жазушының біріншіден, халықтың, қазақ халқының болмыс-бітімін табиғатпен жарастырып бейнелеу болса, екіншіден, жазушының психологиялық көңіл-күйі, үшіншіден риторикалық сұрақ беру тәсілімен шығарманың экспрессивті-эмоциялық реңкін басым ете түседі. «Шешеннің жекелеген сөзінде де, жалпы өнерпаздық өнегесінде де ерекше жарқырап көрінетін басты үш

көркемдік-эстетикалық ерекшелік бар.Оның бірі-Тереңдік. Танымның, ой мен сөздің тереңдігі. Екіншісі-Айқындық. Танымның, ой мен сөздің Айқындығы. Осы екі ерекшелікті өзара тұтастырып, асқан келісіммен үйлестіріп тұрған және бір ерекше өлшем бар. Ол-Жүйелілік. Тағы да сол танымның, ой мен сөздің жүйелілігі [4,269].

Үзіндідегі баяндау ракурсының қалыңдығы туған жердің антропометриялық, тұрғындардың этнопсихологиялық жай-күйін бағамдаудан туған авторлық даралық деуге болады. Жазушы тектоникасындағы кейіпкерлер мен туған табиғаттың сезім күйінің астасуы Бопай ханымның алыстағы ұлы Ералыны аңсаудан туған ана сағынышы жазушының ой жүйесі, тілдік сипаты, уақыт талабы тұрғысынан тарихи фактілермен көркемдік қиялды байланыстырған натуралистік шынайылықпен суреттеледі.

Бар назары пәлен жыл бойы бір көрмеген баласын тасасына тығып, тымырайып жатқан теріскейдің сонау қатыгез адырларында. Бар назары сонау күйеуін осында келгелі бір түнетпей ауылдан-ауылға, рудан-руға қондырып, қолды қып әкеткен күншығыс беттегі Ырғыз бен Торғайдың кең түбектері жағында. Бар алаңы-сол екі тараптың қайсысынан қара шоғыр бұлт көрініп, бұрын кеп кермеге ат байлайтынында [3,182]

Туған жерді сағынудан туған Ералының сезім толқынысын автор табиғаттың масатыдай құлпырған көрінісімен, елге ынтыққан бала ынтызарлығын еске салады. Ералының өзімен өзі ойша еске алуында нендей сиқыр бар?

Жылда осы уақытта төл аяқтанатын. Жылда осы уақытта құм арасының қапырығы күшейіп, кене сасып кететін. Жылда осы уақытта жабағы жүн қырқылатын.... Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ арсы-күрсі дарияның жағасына жете бере көштер шөгерілер-ді....Қызыл құмды тізеден кешіп, төрт қолтығын түгел ақ көбік көмген атан нарлар ақ айран дарияға түсуден тайқасоқтап бақырып-шақырып бағар-ды. Ақыр соңында басқа-көзге төпеп берген қамшы мен сойылдан амалдары құрып, жөңкіле аққан жойқын суға жөнеп берер-ді....

Әншейінде көзі-басың күп боп ісіп, тозақ көрінетін сол бір күндердің өзі осындайда жадыңа түскенде жаныңды жадыратар бал дәурен екен ғой. Енді міне сол үйреншікті өміріне қайтып оралатын күндеріне де көп қалған жоқ. Шіркін, көктемде көшкеннен артық не рахат бар дейсің.

Әр әңгіме айтылған сайын бала ханзаданың көңілінде пәлен жылдан бері бұғып жатқан сағыныш одан сайын ұлғайып, көкірегіне симай барады. Әр дөңге көтерілген сайын ауыл көрініп қалатындай бір қопаңдап қояды. Ештеңе көрінбеген соң, лып ете қалған көздегі шыра қайта сөніп, тұнжырап сала береді [3, 86].

Көз ұшында-көк нілге бөгіп бұлдырап жатқан көк белестер. Көшіп келе жатқан ел, жатқан аң да көрінбейді. Маңайдағы індердің суыры мен борсығына дейін құрып кеткен. Аш қорғанның қайласы мен күрегі қыстың көзі қыраудың өзінде тоңды ойып, төбелерінен түсіп, көкелеріне кірістірген. Мынандай құлазыған кеңістікте қыбырлаған тір жан түгілі шаң көрудің өзі мұң. Ханзада қанша қадалып қарағанмен, кеше де солай, бүгін де солай. Бедірейген белестер бүлк етпестен бүк түсіп жатып алған. Ханзада сонда да күдерін үзбейді. Қара жалдың басына шығып, қылқандай мойыны үзіліп кеткенше, кеңірдегін созып, көкжиекке қарап телміреді де тұрады [3,123].

Ханзаданың монологтары арқылы уақыт пен кеңістік шегінде көркемдік-эстетикалық нақышын көтере отырып, кейіпкер бойында қорқаулық пен үрей, сағыныш тәрізді сезімдік күйі сипатталған. *Ұлғайған сағыныш, көздегі шыраның өшуі, құрып кеткен суыр мен борсық, бедірейген белестер* жазушының шығармадағы сәтті қолдана білген детальдары, кейіпкерінің жан дүниесіндегі рухани сезімін тежеуді көрсетеді. Теориядағы психологиялық егіздеумен байланыстыратын жазушының сәтті қадамынан «Адамның көңіл-күй толқындарының өзгерістерін, жан дүниесінің ішкі әлемін табиғат, жаратылыс көріністерімен астастырып, сабақтастырып, тұтас бірлікте толғаудан көркемдік дәрежесі биік, сапалы психологиялық егіздеу жасалады. [5,272]. Бедірейген белестер мен ханзаданың арасындағы психологиялық дидарластық осылай көрініс табады.

...Тыр жалаңаш тыртиып жатқан таңқы етек құмақтар көк масатыға бөленіп көкіректеріне гүл қадапты. Әншейінде жоғалған түйедей айдалада жападан-жалғыз маңқиып-маңқиып тұратын аңғал-саңғал жақпар биіктердің өздері қартайғанда қатыны өліп, тоқал

іздеп, амалсыз сақал-мұртын күзеп, жасанып шыққан мәужір еркектердей жасыл мен қызылды аралас жамылып, әсіре әлеміштеніп алыпты [3,124].

Алабөтен ақпандата кірген ызғарлы қыс күнгей мен күншығыстың сумаңдаған қызыл желіне көпке дейін бой бере қоймай, киіздей тұтасып тегіс түскен қар кешеге дейін көбесі сөгілмей бүтін жатты. Мұғаджардың жыра-жықпылының көлеңке беті мен Қарақұмның қара томарлы қалың түлейлерінің сәуле жете алмастай терең түкпірлерінде сараң қатын сақтаған қозы қарынының құрышындағы сарқынды майдай сарғайып кеткен сүр қарлар әлі ұшырасады. [3,124].

Образдық-сезімдік тұрғыдан әлемді тану, адам баласының табиғат-болмысына үңілу, тұрмыс-тіршілік мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асатын суретті, бейнелі ұғымдар синтезі, көркемдік ойлаудың ерекшелігі [5, 180] ретінде жазушының күрделі синкретті теңеулері бағзы өңірдің, табиғаттың тамаша үзік көріністерін бейнелейді.

Романның тұтас контексінде образды теңеулердің молынан ұшырауы далалық этностың даралық портретін беру үшін қолданылса, қазақ тұрмысына тән салт-дәстүрлік элементтер эпико-эстетикалық сипатта беріледі.

Жазушының даралығы-сайын даланың әрбір тау-тасына тіл бітірген, сөйлеткен» әдебиет пен тарихи фактілерге сүйенген жазушылық эрудициясының молдығы сөз жұмсаудағы биік эстетикалық талғамының молдығында.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ысқақұлы Д.Рухани толғамдар. Алматы, 2015.-404 б.
2. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы.-Алматы, 2014.
3. Кекілбаев Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы.-Алматы.-Т.-1999.-146 б.
4. Дәдебаев. Ж. Шешендік өнер теориясының негіздері: монография. Алматы, 2016.-286 б.
5. Негимов С. Шығармалары. Зерттеулер. Астана, 2015.-424 б.

ОРТА МЕКТЕП ҰСТАЗДАРЫНЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДА LESSON STUDY ӘДІСТЕМЕСІНІҢ МАҢЫЗЫ

ӘОЖ 371

Мулдашева А.Б.

Батыс Казақстан инновациялық-технологиялық университетінің 2 курс магистранты, жетекшісі **Тасимова А.А.** педагогика және психология кафедрасының профессоры.

Lesson study Жапонияда 19-ғасырда жаңа жалпы білім беретін жүйе орнатқан уақытта мектеп базасында, сонымен қатар өңірлік және ұлттық деңгейде пайда болды. Мұғалімдер жаңа оқыту әдістемесін талқылап, оны нақты сабақтарға бекіте бастады. Соңында бұл үдерістерді Lesson study деп атады. Содан кейін Lesson study тәжірибесі Жапониядағы барлық мектептерге берілді.

Lesson study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған,сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекші үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл.

Lesson Study – сабақты зерттеу тәжірибелі мұғалімдермен қатар, еңбек жолын жаңа бастаған мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі бірлесіп жоспарлау, бірлесіп қадағалау, бірлесіп талдау арқылы біз оқыту туралы бірлескен пікір қалыптастырамыз. Бұл жағдайда біз оқыту аспектілерін өзіміздің ұстанымымыз тұрғысынан ғана емес, *Lesson Study* дайындаған әріптестеріміздің көзімен де қарастырамыз, соның нәтижесінде біз *Lesson Study* барысында бақылаған нақты сабақты өзіміздің жоспарлаған сабағымызбен салыстырамыз. Бұл біздерге өзіміз әдетте мән бермейтін, елемейтін, әдетте «шеттетіп тастайтын» немесе болжамды білім ретінде сақталып қалатын нәрселерді аңғаруымызға түрткі болады.

Lesson Study тәсілін пайдаланатын көптеген адамдардың айтуынша, зерттелетін жекелеген оқушылардың оқудағы қажеттіліктері мен мінез-құлықтарына назар аударып, сол арқылы олар

туралы көбірек біле отырып, біз өз оқушыларымыздың әрбіреуін анағұрлым жақсы тани бастаймыз. Демек, мықты және нашар оқушылардың аралығындағы «орташа» сыныпты оқытуға қарағанда, *Lesson Study* мұғалімге өз жұмысын болмашы ақпаратпен шамадан тыс жүктемей, барлығынан хабардар болып, өмір бойғы тәжірибесінде әрбір оқушының қажеттілігін ескеріп отыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу сабағында мұғалім сабақ жоспарын ұстана отырып, өз сыныбында сабақ өткізеді. Барлық мектептердің мұғалімдері немесе осындай сыныптардың немесе пән саласының мұғалімдері зерттеу сабағын бақылайды. Зерттеу сабағынан кейін мұғалім мен тыңдаушылар зерттеу сабағын талқылайды. Кейде мектеп кеңесінің әдіскерлері немесе университет профессорлары сияқты шақырылған кеңесшілерді талқылауға қосылуын және кездесуге қатысқан мұғалімдерге кейбір кеңес беруін сұрайды.

Зерттеу тобы отырыстарында өткізілетін сабақтардың жоспарлары құрылып, сабақтан кейін талданып, артықшылықтар мен кемшіліктер, ABC бақылаудағы балалардан сұхбат алу қорытындылары, өзгерістер, келесі сабақта нені жақсартуға болатыны, қандай әдіс-тәсілдер тиімді болатыны туралы пікірталастар туындап, дұрыс шешімдер қабылданып, Оқушыны бағалау, Оқушыны зерттеу жұмысының жоспары, Сабақ қорытындысы бойынша талқылауларды жазу беттері, хаттамалар толтырылады.

«...Неліктен Lesson study тәжірибесі әлемге танымал болды?

1999 жылға дейін жапондықтардан басқа lesson study-ды шамалы адамдар ғана білетін. Тек Жапониядағы мұғалімдер ұзақ уақыт бойы lesson study-ды тәжірибеде қолданған. Жапониядағы Lesson study-ның маңызы бүкіл әлемде танымал болды. Оның қуатты импульсын 1999 жылы жарыққа шығарылған «Оқытудағы олқылықтар» кітабынан (Teaching gap) байқауға болады. «Teaching gap» - lesson study-ды бүкіл әлемге танымал еткен алғашқы кітап..» (Чичибу Т. Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық:- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Астана:, 2013.)

Lesson Study мақсаттары.

Lesson Study-дың мақсаты әр мектепте әртүрлі. Мақсатқа байланысты үш түрі бар. Бірінші түрі Lesson Study-дың бірыңғай тақырыбына байланысты, екінші түрі оқыту дағдыларын дамытуға арналған, ал үшінші түрі бақылау дағдыларын дамытады.

Lesson Study бірінші түрінде барлық мұғалімдер бірге жұмыс істеп, бірыңғай зерттеу тақырыбын таңдайды. Олар бірге ақпарат жинап, Lesson Study-ді соның негізінде өткізеді. Жыл аяғында олар зерттеу туралы есепті басып шығарады. Lesson Study-дың бұл түрінде әрбір мұғалім Lesson Study-ды өзі үшін емес, бірыңғай тақырып үшін өткізеді. Жыл бойы өткізілген әрбір Lesson Study мектептегі Lesson Study үдерісі бөлшектерінен тұрады. Бұл жағдайда, сабақ жоспарын талқылау әсіресе маңызды. Әрбір Lesson Study мектептің зерттеу тақырыбына байланысты болуы керек. Әрбір LS циклын өткізгеннен кейін мұғалімдер зерттеу нәтижелерін бірыңғай тақырыпқа байланыстыруға тырысады. Lesson study-дың екінші түрінде мұғалім өз еркімен Lesson study-ды өткізеді. Мұғалім өзінің зерттеу тақырыбын таңдап, өзінің оқыту әдісін дамытуға тырысады. Ол өзінің сабақ жоспарын зерттеу тақырыбына байланысты жазып, зерттеу сабағын өзі жүргізеді. Ол сабақты бірнеше мұғалімдер тобы бақылайды. Бақылаушылар сабақты талқылап, оның нәтижесінде мұғалім сабақ жоспарын қайта жазып, екінші зерттеу сабағын ашады.

Мұғалім Lesson study циклы барысында кері байланыс алып, өзінің оқыту дағдыларын дамытады. Lesson Study-дың үшінші түрінде барлық мұғалімдер зерттеу сабағын өткізіп, сонымен қатар әріптестерінің зерттеу сабағын бақылайды. Сабақты бақылаған кезде, мұғалімдер жақсы әдіс-тәсілдермен бөлісіп, өздерінің оқыту және бақылау дағдыларын дамыта алады. Lesson Study-дың бұл түрінде мұғалімдер өздерінің зерттеу тақырыбын таңдай алады, бірақ бірыңғай тақырыпты беру оларға көбірек пайда келтіреді.

Біздің мектебімізде Lesson Study үдерісі 2015 жылдан бастап II-деңгей бойынша сертификатталған мұғалімдердің ұйымдастыруымен өткізіліп келеді.

Lesson Study оқушылардың білім деңгейін көтеру және оқыту әдістемесін жетілдіру мақсатында, сонымен қатар оқыту үшін бағалау сияқты тәжірибелік әдістерді әзірлеу мақсатында табысты қолданылады.

Lesson Study өткізу барысы:

- Педкеңес қорытындысы бойынша ұсынылған сыныптарда шағын топтар құру;
- Сыныптың қажеттілігіне қарай жұмыс тобының тақырыбы мен міндеттерін анықтау;
- «Сабақты зерттеу» жобасының жоспарын құру;
- Отырыстарда бірлесіп ҚМЖ-лар құру, сабақ өткізу, А,В,С оқушыны бақылау, сауалнама өткізу, талдау, келесі сабаққа ұсыныс беру;
- «Сабақты зерттеу» циклдарын өткізу;
- А,В,С оқушыларды анықтау, мінездеме толтыру, күтілетін нәтижені анықтау;
- Топтар жұмысын талдау, рефлексия;
- Желілік, мектепішілік семинар-практикум (тәжірибе алмасу, педкеңес, жарияланымға беру).

Биылғы оқу жылында мектебімізде 1 тоқсан қорытындысы бойынша педагогикалық кеңесте білім сапасы 50% төмен сыныптарда *Lesson Study* циклдарын өткізу ұсынылды.

8 «Ә», 9 «Ә» сыныптарында сабақты зерттеу үдерісі үшін 5 адамнан фокус топтар құрылды: пән мұғалімдері, сынып жетекшісі-хатшы, топ басшысы. Қажеттіліктерді анықтау үшін дайындық жұмыстары жүргізілді. Жұмыс барысында әдебиеттер зерделеніп, сыныптардағы кедергілер зерттеліп, сауалнама өткізілді, АВС оқушылар анықталды, сабақтан кейін алынатын сауалнама , сабақ өткізу жоспары құрылды. Зерттеу сабақтарының тақырыбын «Деңгейлеп оқыту технологиясы арқылы оқушылардың пән бойынша білім сапасын арттыра аламыз ба?» деп алдық.

Әр сыныпта ағылшын тілі, қазақ тілі, биология пәндері бойынша үш сабақтан циклдар жоспарланып өткізілді; бақылау тобының отырыстары сабақ жоспарын бірлесе құрып, әдіс-тәсілдерді тиімді енгізіп жұмыстанды. Зерттеу тобы отырыстарында өткізілетін сабақтардың жоспарлары құрылып, сабақтан кейін талданып, артықшылықтар мен кемшіліктер, АВС бақылаудағы балалардан сұхбат алу қорытындылары, өзгерістер, келесі сабақта нені жақсартуға болатыны, қандай әдіс-тәсілдер тиімді болатыны туралы пікірталастар туындап, дұрыс шешімдер қабылданып, Оқушыны бағалау, Оқушыны зерттеу жұмысының жоспары, Сабақ қорытындысы бойынша талқылауларды жазу беттері, хаттамалар толтырылды.



Әр сабақтың фотоесебі жасақталды. Сабақты зерттеуге қатысқан пән мұғалімдері мен бақылаушы топ үлкен жауапкершілікпен қарады.

Тізбектелген сабақтар барысында, сабақтан тыс уақытта да оқушыларды бақылау нәтижесінде әр түрлі деңгейде дамыған оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы пайда болып, ынтасы мен белсенділігі арта бастады.

9 сынып оқушылары

Оқушылар	Зерттеуге дейін	Зерттеуден кейін
(А) оқушы	Сабақта белсенді, берілген тапсырманы дер кезінде орындайды.Қосымша сұрақ қойып, жауап бере алады. Үй тапсырмасын жүйелі орындайды.	Қосымша тапсырмаларды алдын ала орындай бастады. Топтық жұмыстарда өзінің белсенділігін көрсетті, сабаққа қызығушылығы арта бастады.
(В) оқушы	Сабақта белсенді, үй тапсырмасын орындайды, ауызша пәндерге қызығушылығы басым.	Сабаққа деген белсенділігі артты. Көшбасшы болып тағайындалғаннан кейін жауапкершілікті сезініп, басқалардан жылдамырақ орындап, көршісіне көмектесуге ынталы болды. Постер қорғауда, формативті бағалауда өз ойын еркін жеткізе алды.
(С) оқушы	Сабақта көбіне үнсіз отырады, қысқа жауап береді, сыныптастарымен қарым-қатынасы жақсы болғанымен, өз ойын жеткізуге қысылады.	Сабақтарда белсенділік таныта бастады, әсіресе ауызша сабақтарда өз ойын еркін айтуға төсілді.

Барлық оқушылар көшбасшы ролінде өздерін сезіне білді, формативті бағалаумен жинақтай келе, рефлексия сәттерінде ұтымды/ұтымсыз, неліктен деген сұрақтарға талдау жасау арқылы өз ойларын жеткізуге жаттықты. Сабақтардан кейінгі оқушылардан алынған сауалнама нәтижелерінде оқушылар әр түрлі әдіс-тәсілдердің ұнағанын, осындай сабақтар жүйелі болса ғой деген ойларын жеткізген.

Lesson Study циклдары бойынша қорытындылары.

9 сыныбының пән бойынша білім сапасы

№	Пән	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан
1	Қазақ тілі	40 %	50%	64%
2	Ағылшын тілі	43 %	48%	58%
3	Биология	48%	52 %	60 %



Сабақты зерттеу циклдарынан кейін фокус топтағы пән мұғалімдері рефлексивті есеп тапсырды. Жас маман, биология пәнінің мұғалімі Сергеева Таншлпан Бауыржанқызының рефлексивті есебінен: «...Осы зерттеу сабағы маған көптеген тәжірибелер алмасуға көмектесті. Білікті мұғалімдермен кеңесу арқылы өзімнің сабақ жоспарымды талдап, қателіктермен жұмыс істей алдым. Басқа пән мұғалімдердің сабақтарына қатысып, оқушылардың іс-әрекеттерін зерттеп, талдау жасауды үйрендім. Зерттеу сабағы оқушыларға да көп септігін тигізе алды. Оқушылардың шығармашылық өрістері кеңейіп, жаңа технологиялармен жұмыс істеп, қызықты сабақтардың куәгерлері болды».

- Сабақты зерттеу үдерісінде зерттеу сұрағын құрудың маңыздылығы дәлелденді.
- Сұхбаттасқан мұғалімдердің басым бөлігі ҚМЖ-ды бірлесе құрудың тиімділігін айтты.
- Мұғалімдер ұзақ мерзімді зерттеу сұрақтарына қарағанда, қысқа мерзімді зерттеу сұрақтары күтілетін нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететіндігін көрсетті.
- Сандық және сапалық дәлелдерді талдау алдағы жұмыс бағытын анықтауға көмектесетінін дәлелдеді.
- Сабақты зерттеу үдерісіне жас мамандар да, тәжірибелі мамандар да, мектеп әкімшілігінен де әріптестер қатысты.

Мақсаттар (SMART)	Нәтиже және табыс критерийлері
1. Оқыту мен оқу үдерісінде жаңа тәсілдерді қолдануды кеңейту мен жетілдіру.	- сабақ үдерісіне өзгеріс енгізіледі; - оқушылар топпен жұмыс істей алады; - балалар бірін-бірі бағалауды үйренеді; - оқушылардың сабаққа көзқарасы өзгереді;
2. Мұғалім қызметін тиімді бағалауды дамыту.	- мұғалімдердің кәсіби құзырлығы артады; - қарым-қатынастары мен ынтымақтастықтары күшейеді; - шығармашылықпен жұмыс жасау қабілеттері дамиды; - мұғалім жұмысын бағалаудың критериилерін бекіту; - кері байланысты табысты нәтижеге бағыттау;
3. «Lesson Study» үдерісін нәтижелі, жүйелі жүргізу.	- оқушылардың білім сапасы көтеріледі; - сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады; - мұғалімдер бір-бірімен тәжірибе алмасады, бірін-бірі үйретеді, білімін жетілдіреді;
4. Ата –аналармен ынтымақтастық қарым-қатынасты орнату.	- оқушылардың білімділік және тәрбиелілік деңгейлері артады.

Қорыта келе, орта мектеп ұстаздарының кәсіби құзыреттілігін дамытуда Lesson study әдістемесінің маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Lesson Study нұсқаулық Пит Дадли *Кембридж, 2011*
2. Lesson Study бойынша мұғалімге арналған нұсқаулық Астана, 2013

А.КЕМЕЛБАЕВА ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ “ҚОРҚЫНЫШТЫ ӘҢГІМЕ” САРЫНЫ

ӘӨЖ 82.0

Абдуллина А.Б.
Докторант, Alikhan Bokeikhan University, Семей.

Қазақ фольклорындағы әңгіме жанрының өзіндік ерекшелігі бар. Фольклордағы әңгімелік сарын нарративтік, ақпараттық, танымдық мәнге иелігімен таныс. Соның ішінде, фольклорлық әңгіме балалар мен жасөспірімдердің жас ерекшелігіне, таным-түсінігіне негізделген. «Қазақ әдебиетінің тарихы» антологиясының 1-томында әңгіме жанрын аша келіп, соның ішінде анекдоттарды қалалық жанрдың түрі ретінде көрсетіп, ұлттық ерекшелігіне тоқталады [1, 797]. Бірақ аталмыш томда қорқынышты әңгімелер туралы айтылмаған, жанрлық негізі де қарастырылмаған. Сыртқы пішіні хикаяға ұқсағанмен, қорқынышты (үрей) әңгімелердің өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, ұлттық дискурста кішкентай баланы қорқыту үшін «бөжәй келе жатыр», «қазір жалмауыз кемпір алып кетеді» деген секілді тіркестерді қолданатынымыз, балалардың өсу процесінде бір-бірін үркіту, аузына қарату, диалогқа түсіп, басқаның назарын аудару үшін айтылатын «қызы етік», «қызыл көйлек», «қызыл моншақ», «қара туфли» деген секілді әңгімелердің (заман талабына, уақытына, ағымына сай әңгімелер де өзгеріп отырады) қазір басқа бір фантастикалық мотивтермен трансформацияға ұшырағанын көреміз. Қорқынышты әңгімелердің жанрлық ерекшелігі – өте қысқалығында, тыңдаушысын өзіне қарату үшін үрей категориясын іске қосып, эмоциялық интеллектісін психологиялық дискурста пайдалануында. Мифтен, хикаядан айырмашылығы – айтушы мен тыңдарман, яки адресат пен адресант категориясының дискурстық негізде қатар әрекеттесуінде. Мифтік танымның мәдени кодталған, типологиялық негізден жалпыхалықтық ұғыммен ұштасқан архетиптердің ортақ түйісі десек те болады. Қорқынышты әңгімелердің функционалдық (үркіту, қорқыту, соңында күлдіру, нандыру), поэтикалық (жеткізу мәнері, сөйлеу, иландыру, ым, ишара, образдылық, шығармашылық), импровизациялық (ойдан, қиялдан қосу, оқиғалардың типтердірілген негізін ортаға салу, әдеби, кинематографиялық, ауызекі стильдердің ортақ шешімінен ой туындату) қызметін басты назарға алар болсақ, аталған жанр түрлі әдеби вариацияның шеңберінде жүзеге асады.

А.Кемелбаева прозасындағы қорқынышты әңгімелердің прозаға сіңісіп, хикаялық сипатта готикалық бағытта жүзеге асатынын фольклорлық-теориялық тұрғыда зерделелеу. Сондай-ақ интермәтінділік аясындағы түрлі әдіс-тәсілді арқау еткен әңгімелердің ортақ сарынын табу.

Аталған жанр орыс, ағылшын, европа фольклорында жіті танылып, зерттелген тақырыптардың бірі. Атап айтар болсақ, В.А.Шевцов [2], А.С.Мутина [3], А.Н.Рассыхаев [4], К.А.Рублев [5], О.Ю.Трыкова [6], Н.И.Белозубова, К.А.Титова [7] еңбектерінде қорқынышты әңгіме жанрының поэтикасының зерттелгенін көреміз. Аталған еңбектерден тек орыс халқы емес, сондай-ақ Кеңес одағы кезінен бастап, Удмуртия, Коми секілді мекендердегі, орыс және басқа халықтар әдебиеттеріндегі салғастырмалы зерттеулер мәселелері сөз болады. Сондай бір еңбектердің бірі Т.А.Мирводаның мақаласында теориялық жағынан тұшымды пікірлер берілген. «Не секрет, что среди современных детей, подростков и молодежи (впрочем, вероятно, как и среди более старших поколений) заметным спросом пользуются истории о страшном, мистическом, пугающем, необычном и / или удивительном. Причем существенный пласт среди всего многообразия «страшных» текстов, даже в эпоху перемещения фольклора в цифровое пространство, занимают нарративы, большинством исследователей обозначаемые как «детские страшные истории» [8, 38], - деген пікірді ұстанған бұл мақаласында автор өзіндік бөліністерді ұсынады. Яғни қорқынышты оқиғаларды ерекшелігіне қарай, ішкі

жанрлық топшаларға бөледі. Бұл мақалада қорқынышты оқиғалар жалпылық тұрғыдан ғана емес, мысалдар арқылы микрожанрлар теориясы зерделенген. Ал қазақ әдебиетінде қорқынышты әңгімелер (страшилкалар) хикая, миф жанрына кірігіп кеткен, иа, көп қорқынышты әңгімелердің негізінде мифтік танымның жататыны анық, алайда мифтік астарсыз да қорқынышты әңгімелер бары анық, оны толыққанды зерттеу фольклортанушылар құзырында. Енді осындай қорқынышты (үрейлі) әңгімелер мотивінің көркем шығармадағы көрінісіне тоқталсақ. Орыс әдебиеттануына сәйкес, қорқынышты әңгімелер және жалған қорқынышты әңгімелер (антистрашилка) болып бөлінеді. Алғашқысының өне бойында үрей, соңы да соған сәйкес болса, екіншісінің аяғы сатира, юмормен, пародиямен аяқталады. Қазақ әдебиеттануында қазіргі постмодернистік бағыттағы жазушылардың бірі – Айгүл Кемелбаева. Қаламгердің әр әңгімесі түрлі бағытты негіздейді, бір-біріне ұқсамайтынымен ерекше. Осы қорқынышты әңгіме сарынында жазылған әңгімелерін талдасақ. Алдымен жазушының «Тобылғысай» әңгімесін алайық. Біз талдағалы отырған бірнеше әңгімелердегі ортақ кейіпкер – Бижан атты лирикалық образдың інісі. Іні Бижан – әңгімелерде әпкесін таңғалдырушы, бір ауық қорқытушы, біресе әңгімешіл, біресе өзіне сендіріп, алдап-арбап, айтқанына көндіруші, қазақы танымға сай іні мен апа арасындағы әзіл-шыны аралас сыйластықты білдіруші. Әңгіменің экспозициясы ауыл көрінісі, соның ішінде Бижанның шалғыншылық сәтінен басталады. Оқиғаның даму барысында күн батуға таянғанда, Бижанның анасының айтқанын тыңдамай, пішен тиеп алып келуге аттанған сәті оқиғаны айшықтай түседі. Шопыр ағайыннан бортты машинаны сұрап, соны пайдаланып алмақ ниетпен оңтайлы сәтті пайдаланып қалмақ болған Бижан екі сағат емес, біразға кетіп, бір емес, бірнеше ауылдан пішен тиейді. Қараңғы түсіп, тез-тез жиналған Бижан Кітапбай жерінде жанармайы таусылып, көз байланған уақытта тұрады да қалады. «Аспанда ай жоқ, өлара. Түн көзге түртсе көргісіз тастай қараңғы. Бижан алға қарай үш жүз метрдей жүрген соң, сайдың аузындағы тобылғыға іліккенде көк желкесі тартып, төбе құйқасы шымырлап қоя берді. Бір нәрсе арқадан басқандай, тапжылмай қалт тоқтай қалған. Ішкі үнге жан бітіп, ары қарай аттап аяқ баспа, құрисың, жүрме, барма дегендей бұйырып, ауыр түйсік қамады. …Көңілінде суық сезім пайда болды» [9, 90]. Оқиғаның шиеленіс тұсында Бижанның ішкі сезімінің алабұртып, өз-өзімен алысып, ойы сан-саққа жүгіріп, неше түрлі күйді бастан кешіреді: қорқу, үрейлену, құдайға сену, құдайға тапсыру. «Артқы дөңгелектің тұсында зорайып бірдеңе қарауытты. Біреу бұқпалап таяп қалғандай жүрегі су етті. Бижан жалт бұрылып, ыршып кабинаға қайта тығылды. Алайда басы сол жаққа қарағыштай берген соң, жүрексінсе де тексеріп көрмекке жерге түсті. Айсыздықтың зары мұнша өтер ме? Қозғалмайтын сияқты. Қасына барып, аяғымен теуіп көрсе, домалап келген дәу қаңбақ екен. Кетпектей үлкен, тікенді қалың қаңбақ» [9, 91]. Бұл сюжетте жалған қорқынышты әңгіме мотиві көрініс береді. Соның ішінде Т.А.Мирвода бөліп көрсеткен, реалистік түрі (Реалистические антистрашилки). Бұл микрожанрда көбіне тұрмыстық мағына басты рөлге шығады, образ үрейден қатты шошығанмен, зардап шекпейді. Бижан да қорқынышын жеңіп, өзін сабырлықпен жеңеді, ойына әдемі сәттерді тізіп, күздің әдемі бейнесін позитивті тұрғыда сағынып, санасында жаңғыртады, адам мен табиғат байланысын, дархан даланы ойлайды. Оқып отырған оқырман да ойлаған сюжетін кездестіре алмайды. Сірә, көркем шығармада жалғыз адам мен түннің символында мифтік астар жататыны, «қараңғылық», «түн» концептілерінде «үрей», «қорқыныш» секілді ассоциациялық өрістің дамитынын да ментальдылық тұрғысынан бағамдаймыз. Алайда осы тұста автор оқырманын алдап, симуляциялық әдіспен бұл мотивтің астарын түбегейлі өзгертеді. Бижанды симулякр образ ретінде оңтайлы көрсету арқылы автор адамның сабырлылығын өзі басқара білу, құдаймен байланысты жоймау, жақсылықтан күдер үзбеу секілді идеяны ортаға салады. Осылайша түн баурайында қалып қойған Бижанды үй іші тауып алып, оқиға көңілді мотивпен аяқталады. Алайда Бижанның симулякр-бейне екенін апасының соңғы сөзі дәлел болады. «...Түн ішінде жапан түзде жоғалып кеткен адамға ұқсамайды өзі. Өйткені үрей атты жүректі жаулап алып, жаныңды обырдай обатын құбыжық сезім бейнесі бұлдырап бас көтермей бұғып қалды. Әпкесі соны қомсынды. ...Бижан әпкесінің өңінен оның жан түршігер үрейлі әңгіме тыңдай алмағанына өкінгендей сынайын жазбай таныды». Шығармадағы Бижан апасының түн туралы толғанысынан жоғарыда айтқан ұлттық, танымдық ерекшелікті көреміз. Қара мен ақ,

қараңғы мен жарық, жақсылық пен жамандық секілді ұғымдардың диалектикалық мәні де философиялық тұрғыда айтылады. Осылайша «Тобылғысай» әңгімесі Бижанның апасына болған оқиғаны рет-ретімен айтуынан, ал ондағы оқиғаны апасының місе тұтпай, інісі соның «қарызы» ретінде бір оқиғаны айтып беруге келіскенімен аяқталады. Шығарма сюжеттік негізде аяқталғанымен, «Жезтырнақ» әңгімесі «Тобылғысайдың» «заңдыдан» гөрі, «желілік» жалғасы десек қателеспейміз. Бұл әңгіменің астарында халықтық миф жатқанымен, жанрлық тұрғыда алатын болсақ, әңгіме ішіндегі әңгіме әдісімен жазылған. Яғни жиектік (рамалық) композиция деп аталатын, жалпы көркем шығарманың композицияның бір бөлшегі. Фольклорда жезтырнақ туралы оқиғаларды хикая жанрына жатқызады. Ғалым С.Қасқабасоватың айтуынша: «Хикая дегеніміз – ел өмірінде бар деп сенген неше түрлі жезтырнақ, үббе, албасты, күлдіргіш, жалғыз көзді дәу, шайтан, пері, дию сияқты нәрселер туралы нанымға негізделген әңгімелер» [10, 12], - дейді. Яғни хикаяның астарында тұрған нәрсе – миф. Сол себепті сюжеті хикая болғанымен, ондағы кейіпкердің атауы – хикаялық мифонимдер болып табылады. Олардың ерекшелігі – кейіпкерлер ғажайып, керемет сиқырлы күшке ие. Ғылыми тұжырымдарда: «Жезтырнақтың жанұясы болады, еркек жезтырнақ образы сирек кездеседі, еркек жезтырнақты тек өз балтасымен өлтіруге болады. Атрибуты – алтыны бар шилан, күміс шашпау. Олардың үңгірлерінде мол қазына бар деседі» [11, 23] немесе «имек жез мұрынды, үлкен жез тырнақты, сұлу жас әйел кейпіндегі жын-пері тектес мақұлық. Жезтырнақ ғаламат зор қара күш иесі, ащы даусы жер жаңғырықтырады [12, 186], - делінеді. Ел аузындағы қысқа хикаялар, мифтік әңгімелер негізінде бұл образды танымдық, халықтық, нанымдық тұрғыдан білгенімізбен, оның шығармадағы интермәтінділік сипаты поэтикалық тұрғыда өзіндік ерекшелікке ие. Мифтік шығарманы қайта жаңғыртып, интерпретациялау бар да, белгілі бір мәтінді дискурсты негізде ала отырып, мәдени мәнмәтін мен көркем мәтінді бір бүтіндік негізінде жанр тудыру да бар. Ғалым Ю.М.Лотман семиотика тұрғысынан алғанда, мәтін ішіндегі мәтінді өзіндік құрылымы бар категория ретінде қарады. Ол мәтіндік реминисценцияға семиотикалық, яки мазмұндық кодтың авторлық өлшем, құрылым мен оқырмандық қабылдау факторын жатқызады. Белгілі бір кодталған мәтінді бір жүйеден екінші жүйеге, бір құрылымнан екінші құрылымға немесе бір пішіннен екінші пішінге аударғанда, түпнұсқадағы ой сақталғанмен, авторлық позиция басымдылықпен алға озады. Автордың көптеген шығармаларында идея, ой жалғастығы басым. Жазушының “Қақпаншы” әңгімесінде де шалдың елеспен көзбе-көз кезігіп, бойын үрей билеп, тылсымдық әрекетін байқасақ, “Кірпі” әңгімесіндегі Бижанның әңгіме айту мақамындағы еліту, қызықтыру, оқырманды еліктіру, “ояту” секілді дискуртық мәтінді байқаймыз.

Қорыта келгенде, мақалада А.Кемелбаева прозасындағы “үрей”, “қорқыныш” мотивтерінің “қорқынышты әңгіме” жанры аясындағы поэтикалық көрініс сөз болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 812 б.
2. Шевцов В.А. Страшный детский повествовательный фольклор: жанры и тексты // Детский фольклор и культура детства : материалы науч. конф.: «XIII Виноградовские чтения (31 июня – 4 июля 2003 г.)» / ред.-сост. Е.В. Кулешов, М.Л. Лурье. СПб., 2006. С. 43–64.
3. Мутина А.С. Жанры современного детского фольклора на территории Удмуртии : дис. ... канд. филол. наук. Ижевск, 2002. 241 с.
4. Рассыхаев А.Н. Страшные истории в детской фольклорной прозе Коми (по материалам, записанным в естественных условиях в 2011 и 2013 годах) // Фольклористика коми. Фольклорные жанры Европейского Северо-Востока

России: динамика развития, трансформации, классическое наследие и современные формы. Сыктывкар, 2016. С. 137–151.
5. Рублев К.А., Трыкова О.Ю. Художественная литература и «страшный» детский фольклор (аспекты взаимодействия) // Проблемы детской литературы. Петрозаводск, 1992. С. 34–48.
6. Трыкова О.Ю. «Страшный» фольклор в русской городской прозе 90-х годов // Проблемы эволюции русской литературы XX в. : материалы межвуз. науч. конф. М., 1995. С. 230–231..
7. Белозубова Н.И., Титова К.А.. Жанр «страшной истории» в русской и китайской национальной картине мира // Вестник Бурятского государственного университета. Улан-Удэ : Изд-во Бурят. Гос. ун-та, 2015. Вып. 10 (1). С. 123–128.
8. Мирвода Т.А. Детский страшный повествовательный фольклор: к вопросу о жанровом многообразии традиции. Вестник Томского государственного университета. 2018. № 436. С. 38–48. DOI: 10.17223/15617793/436/5.
9. Кемелбаева А. Тобылғысай. – Астана: Елорда, 2001. – 120 бет.
10. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002.
11. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. – Алматы: Зерде, 1999. – 304 б.
12. Жанайдаров О. Ежелгі Қазақстан мифтері. – Алматы: Аруна, 2006. – 252 б.

ПЕДАГОГТЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІН ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ТАЛДАУ

ӘОЖ 378.24

Иргалиев А.С., Зәкірова Д.Қ.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал.

Заманауи білім беруді жаңғыртудың стратегиялық бағыты ретінде дамудың инновациялық жолын таңдау педагогикалық қызметтің жаңа жағдайларына икемді жауап бере алатын тиімді жұмыс істейтін педагогтың қажеттілігін талап етеді (педагогикалық міндеттерді шығармашылықпен шешу; кәсіби және жеке жетістіктерге ұмтылу; педагогикалық теория мен практиканы байыта отырып, инновацияларды қабылдау және құру).

Мектепте білім беру сапасын арттырудың ең тиімді ресурстарын іздеу біздің назарымызды қазіргі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі құрылымындағы ең өзекті және перспективалы кәсіби-тұлғалық білім ретінде мұғалімнің инновациялық құзыреттілігіне аударады. Біз білім берудің жаңа парадигмасы контекстінде білім беру процесін нәтижелі ұйымдастырудың қажетті шарты ретінде педагогтің инновациялық құзыреттілігіне назар аударамыз.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (МЖМБС) сәйкес педагогикалық қызметтің басты мақсаты білім беру қызметі арқылы әрбір білім алушының қалыптасуы мен дамуы үшін жағдай жасау болып табылады. Білім беруді жаңғырту талаптарына жауап бере отырып, оған қол жеткізу педагогтың инновациялық деңгейде кәсіби-педагогикалық қызметті жүзеге асырудың диагностикалық, бағдарлау-болжау, жобалау, ұйымдастырушылық, ақпараттық-түсіндіру, коммуникативтік-ынталандырушы, аналитикалық-бағалау, зерттеу-шығармашылық функцияларын іске асыруымен қамтамасыз етіледі.

Ғалымдар педагог қызметінің инновациялық түрін инновациялық сана мен шығармашылықтың әлеуеті, тез дамып келе жатқан қоғамның сын-тегеуріндеріне жауап беру қабілеті бар маңызды ресурс ретінде негізді түрде қарастырады. Біз инновацияның өмірлік циклінің үш негізгі блогын қамтитын инновациялық педагогтардың мақсатты қызметінің

процесі мен нәтижесі ретінде қарастырамыз: инновацияны құру (пайда болуы), игеру (дамыту) және қолдану (енгізу, тарату). Олардың құрылымдық байланыстарының өзара әрекеттесуінің бірлігінде білім беруді жаңарту процестерін едәуір жақсартуға және жеделдетуге арналған.

Инновациялық бағыттылық педагогтың кәсібилікке, кәсіптегі биіктерге жетуінің факторы ретінде қарастырған жөн; жеке тұлғаның іс-әрекет пен қарым-қатынастағы әлеуетін объективтендірудің жаңа, прогрессивті тәсілдерінде көрінетін және оны дараландыру сипатын анықтайтын мазмұнды және динамикалық сипаттамаларды біріктіретін күрделі көп өлшемді психикалық білім. Л.С. Подымова инновациялық бағыттылығы бар тұлғаны сипаттайды және оған ашықтық, өз пікірінен өзгеше басқа нәрсе үшін өткізгіштік; өз көзқарасын басқалармен үйлестіре білу; ашықтық, көпшілдік; жаңасын құру, дамыту және қолдану арқылы педагогикалық қызметті жаңарту, қайта құру қажеттілігі сияқты сипаттамалар береді [1, б. 106].

Инновациялық сана - бұл инновациялық қызметтің мазмұны мен құрылымдық ұйымдастырылуын түсіну бойынша педагогтың шығармашылық санасы; ол тұлға санасының құндылық-нормативтік және қажеттілік-мотивациялық компоненттерінің күрделі жүйесімен сипатталады және инновацияларды жүзеге асыруға байланысты мүдделерді, мақсаттарды, мотивтерді, бағдарларды қамтиды. Мұғалімдердің инновациялық санасы педагогикалық процеске инновацияларды игеру, әзірлеу және енгізу процесінде көрінеді және мұғалімнің инновациялық қызметті жүзеге асырудағы жинақталған тәжірибесінің нәтижесі болып табылады және оның инновациялық мінез-құлқын реттеуші ретінде әрекет етеді.

Инновациялық мінез-құлық - бұл басқа адамдар тудыратын жаңа идеяларды қалыптастыру немесе қабылдау (және оларды белсенді түрде жүзеге асыру, насихаттау, насихаттау). Инновациялық мінез-құлық-бұл инновацияларды дамытуға, практикалық қызметте қолданылатын толық ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін жүзеге асыруға бағытталған үрдіс. Н.Ю. Молостова инновациялық мінез-құлықты «жеке тұлғаның (қоғамдастықтың) инновациялық әлеуетімен, оның ішінде жаңашылдықты құру, қабылдау, жүзеге асыру, ескірген, орынсыз тәжірибеден уақтылы құтылу қабілетімен және жеке тұлғаның (ұжымның) қоршаған шындықты өзгертуге деген шығармашылық ұмтылыстарымен анықталатын прогрессивті өзгерістердің функционалды жүйесі» деп санайды [2, б. 133]. Осылайша, инновациялық мінез-құлық көп қырлы сипатқа ие және инновациялық процесс пен инновациялық қызметті байытуға айтарлықтай әсер ететін және мүмкіндік беретін мұғалімнің барлық мінез-құлқын қамтиды.

Педагогтың инновациялық құзыреттілігі ұғымын нақтылау үшін құзыреттілік ұғымының мазмұнын қарастыру қажет.

К.С. Құдайбергенова «құзыреттілік» (латын тілінен аударғанда «competens», адамның субъективті тәжірибесіне ерекше назар аудару нәтижесінде) белгілі бір саладағы білімді, сарапшы дегенді білдіреді. Оның пайымдауынша, «құзыреттілік» және «құзырлық» ұғымдары келесідей ерекшеленеді:

- білімнен айырмашылығы - ақпараттық емес, өнімді қызмет түрі;

- дағдылардан айырмашылығы - материалды зерттеу және шығармашылықты пайдалану арқылы құбылыстар мен заңдылықтарды өзгерте алатын саналы әрекет;

- шеберліктен айырмашылығы - бірнеше пәндер бойынша дағдылардың үйлесімі, автоматты түрде игеру немесе дағдыларды өзгерту емес, қызмет негіздерін жалпы түсіну [3, б. 30-36.].

Ш.Т. Таубаева «құзыреттілік - бұл адамның оқу және әлеуметтену процесінде алған білімі мен тәжірибесіне негізделген, оның жалпы қабілеті мен іс-әрекетке дайындығы ретінде анықталған жеке қасиет» деп санайды [4, б. 29].

Б.Т. Кенжебеков кәсіби құзыреттілік түрлерін келесідей бөледі:

- арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалау, жоспарлау қабілеті көрсетілген белгілі бір тар саладағы құзыреттілік түрі;

- әлеуметтік құзыреттілік - бұл кәсіби салада ынтымақтастықты жолға қою, басқалармен бірлесіп жұмыс істей білу, қоғам алдында кәсіби қызмет саласында алынған нәтижелер үшін жауапкершілікті ала білу;

- тұлғаның құзыреттілігі - бұл кәсіби қызметтегі даралық, даму мен өзін-өзі көрсету әдістері мен құралдарын жоғары деңгейде меңгеру;

- жеке құзыреттілік - өз әлеуетін іске асыра білу, кәсіпте өзінің даралығын дамыту, кәсіби өсуге дайын болу, өзінің даралығын сақтай білу, жұмысты ұтымды ұйымдастыруда икемділік, қиындықсыз, шаршамай нәтижелерге қол жеткізу [5].

Ж.Х. Салханова құзыреттілікті нәтижеге бағытталған білім беру жүйесіндегі адамның білім өлшемі ретінде қарастырады. Автор өз жұмысында «кәсіби құзыреттілікті» өзінің кәсіби білімінің, дағдыларының, жеке қабілеттерінің деңгейімен, кәсібилік деңгейін үнемі көтеруге деген ұмтылысымен, іске креативті және жауапты көзқараспен сипатталатын топ ретінде анықтайды [6].

Ж.М. Ақпаровтың кәсіби құзыреттілігін коммуникативтік, реттеуші және зияткерлік-педагогикалық құзыреттілік ретінде қарастырады:

- коммуникативтік құзыреттілік - эмоционалды тұрақтылық, тілдік дағдылар, тыңдау қабілеті, марапаттау қабілеті, сыпайылық, жалпы қабілеттерден тұратын кәсіби интегративті сапа;

- реттеуші құзыреттілік - мұғалімнің өз іс-әрекетін жоспарлау, бақылау, тұрақты белсенділік, өзін-өзі көрсету, рефлексия, іс-әрекетті бағалау, іс - әрекеттің негізгі факторы - мейірімділік, құндылық;

- интеллектуалды-педагогикалық құзыреттілік - бұл тиімді оқыту үшін қолданылатын аналитикалық дағдылардың жиынтығы, сондай-ақ инновациялық қызметке қабілеттілік [7].

Н.С. Байжұмановаңың пікірінше, жалпы маманның кәсіби құзыреттілігінің түрлеріне мыналар жатады:

- практикалық құзыреттілік - кәсіби қызметте әдістер мен технологияларды білу және қолдану, кәсіби тұрғыда маманның өсу мүмкіндігі, сондай-ақ шығармашылық қызметтің нәтижелері;

- әлеуметтік құзыреттілік - қоғам алдындағы жауапкершілік, жеке және топтық шешім қабылдай білу, дауларды бейбіт жолмен шешу, басқа мәдениеттермен және діндермен өзара іс-қимыл жасау;

- психологиялық құзыреттілік - рефлексия дағдылары мен іскерліктері, қоғаммен өзара іс-қимыл тәжірибесі;

- ақпараттық құзыреттілік - кәсіби қызметте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану білімі мен білігі;

- коммуникативтік құзыреттілік - шет тілдерін меңгеру, сондай-ақ сөйлеу мәдениетінің жоғары деңгейі;

- экологиялық құзыреттілік - экологиялық қызмет үшін қажетті білім, іскерліктер мен дағдылардың жиынтығымен ұсынылған экологиялық жауапкершілік;

- валеологиялық құзыреттілік - салауатты өмір салты, денсаулық саласында білім мен дағдылардың болуын білдіреді [8, б. 77-84].

Г.И. Боинчану педагогтың инновациялық құзыреттілігін - білім беру іс-әрекетінің тәжірибесінің жаңа құралдарын қолдана отырып, сапалы қайта құрудың шығармашылық бағытын сипаттайтын психикалық құбылыс ретінде, сондай-ақ оқушылардың білім алуының өзекті мәселелерін анықтау, оларды шешудің тиімді жолдарын табу және жүзеге асыру қабілетін анықтайды. Автордың пікірінше, инновациялық құзыреттілік мыналарды қамтиды: мотивациялық-құндылық, когнитивті, моральдық, операциялық және рефлексивті - коммуникативті компоненттер [9, б. 44-50].

Оқытушының инновациялық құзыреттіліктерін зерттей отырып, Н.Е. Копытова өзінің зерттеуінде оның маңызды компоненттеріне назар аударады: «инновациялық сезімталдық (оқытушының кәсіби қызметтегі өзгерістерге дайындығы); бастамашылық (жеке тұлғаның қабілеттерімен тығыз байланысты интеллектуалды тұлға сапасы); кәсіпкерлік (тапқырлық, энергиямен және практикалықпен байланысты)» [10, б. 29].

И.А. Эсаулова, Н.В. Линкова, А.А. Меркушева инновациялық құзыреттіліктер туралы авторлық түсінік береді – «...қызметкердің ұйымның қызметін жақсартуға ұжымдық немесе жеке қатысу қабілеті мен ниетін сипаттайтын мінез-құлық көріністерінің жиынтығы».

Ғалымдар инновациялық құзыреттіліктің бес кластерін анықтады: шығармашылық; оқыту және дамыту; кәсіпкерлік; ынтымақтастық; инновацияны оң қабылдау [11, б. 333].

Осылайша, педагогтың инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін талдаудың соңында келесі тұжырымдар жасауға болады:

Педагогтің инновациялық құзыреттілігін біз педагогтің кәсіби құзыреттілігінің құрамдас бөлігі ретінде анықтаймыз, ол педагогтің қабілеттерінде, білімдерінде, қабілеттерінде, қасиеттерінде білім беру процесінің өнімділігін жақсартатын және білім беру процесінің субъектілерінің жеке және кәсіби әлеуетін іске асыруды қамтамасыз ететін педагогикалық инновацияларды құру, игеру және енгізу арқылы көрінеді. Оның құрылымдық компоненттері: мотивациялық, проективті, когнитивті, технологиялық, шығармашылық, реттеуші.

Педагогтің инновациялық құзыреттілігін дамыту деңгейлері: репродуктивті, алгоритмдік, өнімді және шығармашылық.

Педагогтің инновациялық құзыреттілігінің деңгейін арттыруға ықпал ететін педагогикалық жағдайлардың жиынтығы: ұйымдастырушылық (контекстік оқытуды іске асыру, педагогтің шығармашылық әлеуетін өзектендіру, инновациялық технологияларды қолдану), психологиялық (педагогтің өзін-өзі жүзеге асыруға деген ұмтылысы, субъективті ұстанымы, жеке-сараланған тәсілі) және басқарушылық (біліктілікті арттырудың жүйелілігі мен жүйелілігін нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету, ғылыми жоспарлау және мониторинг - зерттеу қызметі, инновациялық кәсіптік-білім беру ортасының дәстүрлерін құру және қолдау).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сластенин В.А. Педагогика: инновационная деятельность / В.А. Сластенин, Л.С. Подымова. - М.: Академия, 1997. - 224 с.
2. Молостова Н.Ю. Теоретико-методологические основания понятия «инновационное поведение» // Известия Самарского научного центра. - 2010. - Т. 12. - № 5. - С. 132-136.
3. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық тұлға дамуының сапалық критерийі // Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі: Халықараралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. - Алматы, 2008. - Б. 30-36.
4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская компетентность специалиста в области образования / Ш.Т. Таубаева, С.Т. Иманбаева // Электронный научный журнал «ЦИТИСЭ». Педагогические науки. - 2016. - № 1(5). - С. 29.
5. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы: монография. - Астана: Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, 2001. - 275 б.
6. Салханова Ж.Х. Компетентность и компетенции: монография - Алматы: Казахский национальный университет им. аль-Фараби, 2013. - 178 с.
7. Акпарова Ж.М. Педагогикалық мамандыққа кіріспе: оқу құрал. - Қарағанды: Болашақ - Баспа РББ, 2009. - 171 б.
8. Байжұманова Н.С. Кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру ерекшеліктері // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. - 2009. - № 2(54). - Б. 77-84.
9. Боинчану Г.И. Формирование инновационной компетентности преподавателя высшего учебного заведения системы // Вестник Российского университета дружбы народов. - 2010. - № 3. - С. 44-50.
10. Копытова Н.Е. Инновационные компетенции преподавателя вуза // Гаудеамус. - 2013. - № 1. - С. 28-33.
11. Линькова Н.В. Инновационные компетенции как основа инновационного поведения сотрудников организации // Вестник Университета. - 2015. - № 5. - С. 330-335.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

ӘОЖ 37

Мамырова М.И.
Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, №273 ЖОББМ, жоғары санатты оқытушы.

Көрнекті ғалым Манаш Қабашұлы: «Отан тарихында ен зәрулі проблема - оны тарихи кайраткерлермен тұлғалау. Күні кешеге дейін жеке адам мен халқтың катынасы толық ашылмай келді. «Қайраткерлер» ұғымы қызметкерлер, мансап иесі дәрежесіне темендетілді. Қайраткер - жасампаз адам, жоқтан бар жасаушы, өз мүддесін халық мүддесімен қабыстырып, өз халқының өркениеті көгінде жарастырушы болса керек. Ендеше, Отан тарихынан кейбір кездейсоқ адамдарды аластап, тарихи тұлғаларды өз тұғырына қондыру керек» [1, 366-367 6.] деп жазған болатын Тұлға тарихын зерттеу, олардың қазақ қоғамындағы алатын орны мен қазақ халқының отаншылдық елжанды тарихының тағылымына қосқан үлесін саралай отырып зерделеу, тағылымдық жақтарын ашып көрсету,бағалау маңызды міндеттердің бірі больп табылады. Олай болса, жоғарыда айтылған тарихи тұлға тақырыбына көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өмірімен қоғамдық саяси қызметін мақаламызға арқау етпекпіз.

Тарихи тұлғалардың өмірбаянын арнайы тарихи зерттеу де бүгінгі таңда ғылыми бағыттың бір саласы больп табылады. Аса көрнекті ағартушы Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының қоғамдық ой пікірі, мәдениеті мен әдебиеті тарихында жаңашыл-педагог, жана мектептердің ұйымдастырушысы, этнограф, фольклоршы, ақын прозашы, қазақ тарихының жанашыры ретінде кеңінен мәлім. Мәселен, Ыбырай Алтынсарин өзінің Николай Ильминскийге жазған хатында: «... Бірақ, мен Сіздің, мейірімді Николай Иванович, шағыммен мазаңызды алайын деп отырған жокпын. Қазір қазақ хрестоматиясының екінші бөлімін құрастырып жатыр едім (айтқандай, орыс әліппесін қайдан алып жүрсің деген сияқтыларды айтып, мені бұл сорлы кітап үшін де мүбталаға салды); Ал кітаптың осы бөлімінің тарих тарауында қазақ тарихынан да мақалалар берілуі керек еді, бірақ оған еш жерден материал таба алмай отырмын.. Тіпті, Левшин мен Вельяминов-Зерновтың шығармаларын да еш жерден таба алмадым. жерден таба алмадым. Сондықтан, қазақтар жайында тарихи материалдар Қазаннан табылмас па екен, немесе егер ондай кітаптардың сатылатын жері болса, кімге жазып, кімге акша беруіме болар екен; Осы жөнінде маған бір жақсылық жасамас па екенсіз деп Сізге өтінгелі отырмын» (2, 352 б.),-деп жазады.Бұл хаты оның қазақ тарихының жанашыры, жоқтаушысы болғанын дәлелдейді.

Ыбырай Алтынсарин 1841 жылы 20 қазан күні Қостанай облысы Затабол ауданында туып өскен [2, 8 0.]. Ыбырай Алтынсарин Қазақстанда ұлы ағартушылық идеясын қалың халық бұқарасына тарататын, сөйтіп, оны ілгері алып бара алатын кадрлар даярдауды алдына мақсат етіп койды. Мұндай кадрларды ол тек азаматтық халық мектептері аркылы ғана дайындап шығаруға болатындығын ұғынды - Ыбырай Алтынсарин Қазақстанда халық ағарту жұмысын ұйымдастырып, оны жолға қоюды, оған дұрыс бағыт беруді үлкен арман етті. Халық ағарту жұмысын ұйымдастырып, оны ілгері алып бару үшін алғашқы кезде «түгел беріліп халықты сүйетін, мен сиякты қазақ керек» [2,19-20 66.]-деп жазды ол.

1858 жылы Орынбордағы қазақ мектебін тәмәмдаған [3]. Патша үкіметі стат кеңесшісі Ыбырай Алтысаринге 1858 жылың 6 қазанында Самар және Орынбор генерал-губернаторы «зауряд-хорунжи» атағын береді. 1879 жылы Ыбырай Алтынсарин Торғай облыстық мектептер инспекторы больп тағайындалды [4]. Торғай облысы сол кезде: Елек, Ырғыз,Торғай, Николаєв (Қостанай). - небәрі төрт уезге бөлінетін еді. Сол кездегі Торғай облысының, көлемі қәзіргі Қостанай облысын тұтас, Ақтөбе облысының көпшілігін, Чкалов облысының (РСФСР) бірнеше аудандарын камтыды [2, 20 6.].

Алтынсарин облыстық мектептер инспекторы больш кызмет істегенде, ол Торғай облыстық басқару мекемесіне тікелей бағынды, сол арқылы Орынбор оқу округіне қарады.

Сол кезде Торғай облысының бас қаласы Орынбор болды. Барлық облыстық мекемелер сонда тұрды. Ал Ыбырай Алтынсарин облыстық мектептер инспекторы больш тағайындалғаннан кейін, үш жылға жуық Торғай қаласында тұрып, одан соң Қостанай қаласына көшіп барды, сонда тұрып облыста ағарту жұмысын басқарды. Ол Қостанай қаласына үш шақырымдай жерде, Тобыл өзенінің иінінде, бір кішкене көлдің жағасында, өз қаражатымен үй салдырып,

сонда тұрып инспекторлық қызметін атқарды. Алтынсарин мекендеген жердегі көлді жергілікті халық «Инспектор көлі» деп атады, - сол көл «Инспектор көлі» аталып кетеді.

Облыстық мектептер инспекторы болып тағайындалғаннан соң Ыбырай Алтынсарин мектептер ашуға кіріседі. Ол алдымен уездік қалаларда орыс-қазақ балалары бірге оқитын орталық орыс-қазақ училищелерін ашуды қажет деп тауып, бірден дайындық жұмысын жүргізеді. Бұл мектептерді ашу оған оңай соқпайды. Өйткені, сол кезде үкімет тарапынан қаржы берілмеді, тіпті бұл іске көңіл де бөлінбеді.

Ыбырай Алтынсарин Торғай облысындағы 4 уезді аралап, мектеп ашуға халықтан қаражат жинайды. Жер-жерде халық бұқарасы оның ағартушылық идеясын қуанышпен қарсы алды.

Халықтан қаражат жиналғаннан соң, ол мектеп үйлерін салдырып, немесе сатып алып, Торғай облысына қарайтын уездердің (Елек, Николаев (Қостанай), Торғай, Ырғыз (Жармола) бәрінде де бір-бірден алты жылдық орталық орыс-қазақ училищелерін ашты. Осы ашылған училищелерді жабдықтауға Алтынсарин айрықша көңіл бөлді. Бұл училищелерді ашуда, Алынсарин: «Менің бел байлаған ойым қазақ уездерінің өз ортасынан, неғұрлым тезірек, бір-бір екі кластық орталық мектеп ашып, онын негізін берік қалау, оны әдемі, таза мектеп ету, сөйтіп, қазақ балаларына тәрбие беру жөніндегі жұмыстарымызда мектептің лас болуы, қабырғаларының дымқыл болуы, бөлмелерінің тар болуы, пешінен иіс шығуы, балалардың аш болуы, суыққа тоңуы, оқу құралдарының жеткіліксіз болуы, және халық мектептерінің көпшілігіндей, оқытушылардың сауатсыз болуы сияқты кемшіліктерді кездестірмеу» [2, 21б.]- деп жазып, мектептерде оқу жұмысы болсын, тәрбие жумысы болсын, жабдықтау жұмысы болсын, бәрін де үлгілі сатыға коюға тырысты. Алғашқы күннен бастап ол осы айтылғандарды өзінің де, халық ағарту майданында қызмет істейтін барлық адамдардың да алдарында тұрған негізгі міндет деп ұйғарды. Мектептерді жабдыктаудң маңызы аса зор екендігін ол мұғалімдердің көңіліне қонатындай етіп дәлелдеді, «Мектептің шаруашық жағдайлары жаман болса, оның ісі ешуақытта да оңға баспайды, пайдалы ешнәрсе бермейді, оның оқушылары да, оқытушылары да істен күдер үзіп кетеді, бұған менің әбден көзім жетті»[2, 21б.]- деп жазды Ыбырай Алтынсарин.

Ол орталық орыс-қазақ училишелерінің жанынан көрнекті кітапханалар ашуға үлкен мән берді. Бұл ашылатын кітапханалар тек мектеп оқушылары үшін ғана емес, жалпы халқ үшін де ашылулары керек, бұлардан жұрттың бәрі де кітап алып оқуға ерікті болуы керек деп ұйғарды, Алтынсарин. Өзінің 1883 жылы 15 сентябрьде жазған бір хатында, ол: «Мен...Торғай облысындағы мектептердің жанынан оқытушыларға және оқушыларға арналған кітапханалар аппакшымын. Буган 700 сомна жук акша да жыйыш алдым. Бул кігапханалардағы кітаптармен тек оқушылар мен оқытушылар ғана пайдалану үшін емес, сонымен катар, мектеп бітіріп қырда жүрген, жалпы сауатты адамдар да білімдерін өз бетімен көтере берулері үшін пайдалы кітаптар және оқу құралдарын тауып алуларына мүмкіндік туғызу мақсатымен ашылады» [2, 21 б.], - деп, бул кітапханаларды ашудағы мақсатын осылайша баяндады.

Өзінің баска бір хатында, Ыбырай Алтынсарин: «Тәжірибе барлық ғылымның бастамасы ғой, кем-кемдеп өзіміз де үйреніп, балаларды да оқыта берейік; мүмкін, сөйтіп келіп мақсатымызға да жетерміз» деп, мұғалімдердің көңлін көтере білді.

Алтынсарин жоғарғы өкімет орындарына қатнас қағаз жазып, бірнеше кыздар училищесін ашуға рұксат сұрайды. Бірақ патшалық өкімет орындары Ыбырай Алтынсариннің бұл өтінішіне уақытылы рұксат бермеді.

Ыбырай Алтынсарин: 4 жерде уездік орыс-қазақ училищелері, колөнері училищесін, ауыл шаруашылығы училищесін, қыздар мектебін ашумен іс бітпейді, халқ ағарту жұмысы бұлармен мүлдем канағаттанбайды, деді. Ол: халық ағарту ісі жалпы сауатсыздықты жоюға із салынса ғана, біркелкі жолға қойылады, сол із - ауылдық, болыстық жерлерде көптеген мектептер ашу арқылы ғана салынады, деп ойлады.

Ыбырай Алтынсарин болыстық мектептер ашу керек екендігін делелдеп, «Болыстық қазақ мектептері туралы записка» деген жеке еңбек жазды. Оның бұл еңбегі, тек Қазақстанда ғана емес, кейбір басқа көшпелі отар аймақтарда да болыстық мектептер ашуға болатындығын дәлелдеп болжады.

ЫБырай Алтынсарин: болыстық мектептер сол кездегі қазақ ауыльның көшпелі өміріне сәйкес болулары керек, яғни жазда олар елмен бірге жайлауда көпіп журетін, кыста елмен бірге қыстауды мекендейтін болулары керек[2, 22б.], - деп жазды. Ол Қазақстанда ,болыстық мектептер ұйымдастыру әдісін бірінші рет жүзеге асырған кемеңгер адам еді.

Ол, жер-жерде көптеген болыстық мектептер ашу үшін алдымен мұғалімдер кадрын дайындау керек екендігін айта келіп, мұғалімдер мектебін ашу жөнінде жоғарғы өкімет орындарының алдына мәселе қойды. Оның мәселе қоюы бойынша Орскі қаласында мұғалімдер мектебі ашылды. Бұл мектепте қазақ балалары оқыды. Қазан төңкерісінен бұрын Қазақстандағы оқыған мұғалімдердің көпшілігі осы мектептен оқып шықты.

ЫБырай Алтынсариннің аса көрнекті тарихи еңбегінің бірі - ол тұңғыш рет Қазақстанда азаматтық халық мектептерін ашты, сол мектептерде орыс тілін және казақтың ана тілін жеке пән етіп енгізіп, оны оқушы балаларға білім жолымен үйретті, азаматтық мектептерді патша үкіметінің реакцияшыл миссионерлік саясатына қарсы ұстай білді. Патша үкіметі тұсындағы қазактың дәстүрлі шаруашылығымен тұрмыс жағдайына байланысты қазақ даласында болыстық мектептер ашуға ЫБырай Алтынсарин үлкен еңбек сіңірді.Жергілікті орындар болыстық мектептер ашуға бірден рұрқсат бермеді, олар бұл іске өкімет тарапынан қаражат босатпады және халықтан қаражат жыйнауға да рұқсат етпеді.

ЫБырай Алтынсарин жұртшылық алдына патша үкіметінің реакцияшыл саясатын әшкереледі.В.Катаринскийге ол жергілікті патша әкімдерінің қылықтары жөнінде былай деп жазды: «Міне, қымбатты Василии Владимирович, дала әкімдерінің... бұрынғы қазақ әкімдерінің орнына апарып қойған әкімдердің- халық ағарту жұмысы жөніндегі қамы осындай.Қарабасының мүддесіне бола ірі қоғамдық іске зиян келтіріп, бұл істі аяқ асты қалдырып отырған адамдардың осы сияқты ұсақ-түйек мүддесін басқа біреуге айтып жатудың өзі қиын.Келешекте не боларын білмеймін,бірақ жергілікті әкімдер тарапынан ешбір жақсылық күтуе болмайтын сияқты».Сөйтіп, уезд начальниктерінің өз бастарының пайдаларын көздеп, халық ағарту жұмысының ілгері басуына кедергі келтіріп отырғандықтарын, олардың халыққа масыл екендіктерін әшкереледі. Ол Троицкі және ЫРғыз уездерінің начальниктерінің мектеп жұмысына тигізіп отырған қырсықтарын әйгіледі. Троицкі қаласында уезд начальнигі басқа жақсы үй жалдатпай халықтан жиналған 300 сомға өзінің күркесін мектепке жалдап, оқу жұмысына кесірін тигізіп отырғанын айта келіп, ЫБырай Алтынсарин Орынбор оқу округіне: қоғам ісіне келіп жеке адамның қарабасының қамы араласуы қашан қойылар екен, бұл қойылмаса, істі ілгері апару өте қиынға соғады деп хабарлады. Алтынсарин халық ағарту жұмысына жаңадан араласа бастаған кезде, 1862 жылы, патша әкімдерінің қазақтарды оқыту жөнінде бекіністердің жанынан мектеп салуға ықыласты еместігін айтады [2, 24 б.]. Халық ағарту жұмысын ұйымдастыру жөнінде, ЫБырай Алтынсарин қиыншылыққа қарамады, жоғарғы колонниялық үкіметтен болыстық мектептер ашуға рұқсат берілуін талап етті.

Алтынсариннің ағартушылық бағытына, демократиялық идеясына, қажымас жігеріне, қайтпас қайратына жергілікті үкіметтің ызасы келді.Торғай облысының соғыс губернаторы генерал Проценко оған каһарын тікті, тіпті соттамақшы да болды. В.Катаринскийге жазған бір хатында, ЫБырай Алтынсарин: «Ал енді менің қазіргі Торғай әкімшілігінің бастығынан көріп отырған жауыздығым жайына келетін болсақ, мен мұны жалпы түрде попечитель мырзаға жазған хатымда айтқанмын... Мен кәзір өт жабырқау, өте көңілсізбін, өйткені мен: көмектеседі, қолдайды деп үміт еткен өкімет орындарының өзі, ақырында келіп, мені заңды және тіпті заңсыз жолдармен үздіксіз қудалап отырады. Осыдан кейін не күтуге болады, әділеттілік деген қайда? Осының бәрін сарқа келгенде мен енді, әшкере сот құру арқылы болса да істің беті ашылса екен деген ойға келі жылдан бастп отырмын» -деп, патша әкімдерінің әділетсіздіктеріне мықтап қынжылды.

Сонымен қатар, ЫБырай Алтынсарин: «Губернатордың мектепке артық ақша жұмсалып жатыр деуі, шынында да, орынсыз сөз, мұны айтқанда ол тіпті олі күнге ешбір мектепті көрмей және әрбір мектепке қанша ақша жұмсалатынын білмей айтып отыр» [2, 25 б.], - деп жазып, жергілікті патша чиновниктерінің реакцияшыл саясатын әшкереледі, оларға қарсы күрестен бас тартпады.

Торғай облысының соғыс губернаторы генерал Проценконың қызметтен ауысып, басқа жаққа кетуімен Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық жоспарларының жүзеге асуына жол ашылды.

Генерал Проценко кеткеннен соң рұқсат алып, 1887 жылдан бастап Ыбырай Алтынсарин болыстық мектептер ашуға қызу кірісті.Болыстық мектептер ашуға рұқсат алғанына өте қуанып, В.Катаринскийге: «Сіздің маған деген жалпы ықыласыңыз үшін және биыл менде мектеп жұмыстарымның жақсы жүріп жатқанына қуанатыныңызды білдіріп жазған хатыңыз үшін шын ниетіммен рахмет айтамын» [2,24-25 бб.]. деп жазды.

Жылдан аса уақыттың ішінде ол Қараторғай болысында (Торғай уезі), Қарабұтақ болысында (Ырғыз уезі), Обаған және Жетіқара болыстарында (Қостанай уезі), Бөрте болысында небәрі бес болыстық мектептер ашып үлгерді.Осы кезде ол Қостанай және Ақтөбе қалаларында орыс балаларына арнап екі мектеп ашты.Бұл мектептер ашылғанда Ыбырай Алтынсарин ішінде өзі болып, бірінші үлгілі сабақты балаларға өзі берді.Ыбырай Алтынсарин уездік қалаларда 4 орталық орыс-қазақ училищелерін, бір қолөнері училищесін, 5 болыстық мектептерді, орыс балаларына арнап 2 мектеп ашып, оларды тегіс жабдықтады.

Ыбырай Алтынсарин жастарға жоғарғы сатыда білім беруді көкседі. Ол гимназияларда, университтерде, Красноуфимскі қаласындағы реальное училищеде оқитын қазақ балаларына стипендия тағайындады, сөйтіп, қазақ жастарының келешекте толық орта, жоғарғы дәрежелі білім алуларына жол салды.

Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсарин осы стипендияларды елден халық ағарту қорына жиналған қаражаттан тағайындады. Ыбырай Алтынсарин тек мектептер ашумен тынған жоқ, ол мектептерде пәндерді оқыту әдісіне, оқушыларды тәрбиелеу мәселелеріне де аса көңіл бөлді. Ыбырай Алтынсарин орыс-қазақ училищелерінде математика, химия, география, тарих, орыс тілі, қазақ тілі, пәндерін оқытты.

Ы.Алтынсарин заманынан 1917 жылға дейінгі аралық.Бұл кезеңдегі тарихты оқыту әдістемесінің қалыптасуымен дамуы Ыбырай Алтынсариннің есімімен тығыз байланысты.[5,199-200 бб.]. Ыбырай Алтынсарин Қазақстанда тарихты оқыту әдістемесінің біртіндеп қалыптасуына және басқада пәндерден мектепте оқушыларға сабақ берудің теориялық, педагогикалық, ғылыми-әдістемелік негіздерін қалады.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметінде балаларды оқыту және тәрбиелеу , мұғалімдердің беделін көтеру, рөлін аттыру мәселелері үлкен орын алады. Мұғалімдер оқушыларын өз балаларындай көрулері керек, сонда ғана оқу жұмысы ойдағыдай ілгері басады деп ойлады Алтынсарин.

Халық ағарту жұмысын ілгері дамытудағы мұғалімдердің рөлін Ыбырай Алтынсарин былайша бағалады: «Халық ағарту жұмысы бұл арада тек жаңа ғана басталып келеді, сондықтан, жаңа салынып жатқан үйдің жақсы болуы оның іргесінің берік және мықты қалануына байланысты болатыны сияқты, біздің қолға алып отырған ісіміз де, қазақ мектептерінің бар келешегі, көбінесе, істің қазіргі басталуына байланысты;исондықтан да мен қәзір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін... Халық мектептері үшін ең керектісі-оқытушы [2, 28 б],- деп жазды Ыбырай Алтынсарин,- тамаша жақсы педагогика құралдары да, ең жақсы үкімет бұйрықтары да, әдбен мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да оқытушыға тең келе алмайды» [2, 28 б.] деген болатын.

Орыс-қазақ мектептеріне «кәзір тек орыс тілін ғана оқыйтын, оқу, жазуды ғана үйретететін мектептер деп қарауға болмайтынын көрсетіп, ол мектептерден оқушыларды отырықшылыққа, тазалыққа дағдыланатын, әрнәрсеге де дұрыс ақыл-оймен қарай білетін етіп шығаруымыз керек» - деп, жазды Алтынсарин.Тағы бір хатында, ол: «Мен қазақ балаларын ұқыптылыққа, тазалыққа, отырықшылық тұрмыстың артықшылығына, мысалы, құрғақ, жылы бөлмелерде тұруға үйретудің өзі қазақ даласында тәрбиелік мәні бар жұмыс деп білемін» [2, 28 б.],- деп жазды. Алтынсариннің ұлы ағартушылық идеясы оның көркем шығармаларында да, ғылыми мақалаларында айқын көрініс тапты.

Ыбырай Алтынсарин әрі ақын, әрі қара сөздің ұстасы, қазақтың әдеби тілінің негізін салған артына ғылыми мұра қалдырған тұлғалардың бірі.

Ы.Алтынсариннің көркем әдеби шығармалары оның «Қазақ хрестоматиясында» Орынбор 1878 жылы 1 кітабында баслып шықты. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл кітап тек оқу құралы ғана емес, сол кездегі көркем шығарма, озат ой-пікір ұлт қазнасы. «Қазақ хрестоматиясына» енген өлеңдері, әңгімелерді Ы.Алтынсарин қаза болғаннан кейін оның шәкірттері 1899 жылы, Қазан қаласында, «Мактубат» деген атпен, арабша әріппен бастырып шығарып, халық арасына таратты.

Алтынсарин көркем шығармаларын жұртшылыққа әбден түсінікті тілде жазды. Оның шығармаларында халықтың көркем сөздіктері қорытылып, біркелкі қалыпқа түсірілді. Ол өзінің белгілі «Қазақ хрестоматиясын»:

Бір құдайға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық [2, 36 б.], - деп, жастарды оқуға, білім алуға шақырған үндеумен аштыАлтынсарин балаларға арнап оқу құралын жазды. Сөйтіп, ол қазақтың әдеби тілінің негізін салушылардың бірі болды.

Ыбырай Алтынсарин балаларға арнап, сөзі жатық, мағнасы қызғылықты ұсақ әңгімелер жазды. Ол қазақтың әдебиет тарихында бірінші балалар жазушысы болды.

Балаларға арналған ұсақ әңгімелерін жазуда, ол орыс жазушыларының (Крылов, Толстой т.б.), орыс педагогтерінің (Ушинский. Паульсон) шығармаларын үлгі етті, немесе солардың кейбір қызғылықты әңгімелерін қазақ тіліне аударды, аударғанда оны қазақ балаларының мінез-құлықына сәйкестіре, өзгерте аударды. Ол орыс жазушыларының әңгімелерін сөзбе-сөз аударған жоқ, мағнасына да, сөз құрылысына да өзгерістер енгізіп аударды. Ол өзінен кейінгі ұрпаққа құнды рухани қазынасы шығармашылық мұраларын қалдырды.

Алтынсарин заманының прогресшіл ағымының жаршысы болды.Мәселен, ол өзінің А.Мозохинге жазған хатында: «Ендігі жерде мынадай ақылды бұлжытпай ұстаңыз, бұл менің айтып отырған ақылым емес, атақты философ-педагог Каменскийдің ақылы. Ол кісі: «қолындағы барына қанағат ете білетін адам, шын бақытты адам және - біз өзіміздің адал еңбегімізбен тіршілік етіп отырмыз дей алатын адам- шын бақытты адам» деген екен; ал тағы бір араб философы бақыттылық пен байлық неде дегенде- «ынсаптылықта» деп жауап берген екен. [2, 360 б]. Оның бұл жазбаларынан дүниеге көзқарасы қазақ халқының прогресшіл мәдениеті ағымының әсерімен қалыптасқанын көрсетеді.

Өзінің әлеуметтік-экономикалық және саяси көзқарастарында Ыбырай қазақ халқының ұлттық мүддесін көкседі. Ол жергілікті әкімдердің парақорлығын, мансапқорлығын, неше түрлі зорлық-зомбылығын масқаралап беттеріне басып, олардың топастығын келемеж етті, таласына қарсы күресті.

Алтынсариннің көзқарастарына тән нәрсе- оның халықты шын сүйгендігі. «Қазақ деген-жасанды мінезі жоқ, қарапайым халық, бірақ сол қарапайымдығының өзінде оның, көп жқсылығы жатыр», «өз елімізге қолдан келгенше қызмет ету - біздің әрқайсымыздың борышымыз»- деп, айтты. Ыбырай - халықтың сүйген ұлы - «Барлық қазақ жастары менің соңымда, олар мені жақсы көреді мен қайтып жалғыз болайын ?»[2,30 б.], деген. Мұнан біз ұлы ағартушының елжандылық отаншыл қызметін көреміз.

Алтынсарин В. Катаринскийге жазған хатында: «Сізге соңғы хатымды жазғаннан кейін мен тағы да ауырып қалдым.Бұл жолы бұрынғыдан анағұрлым қатты ауырдым, жұрт мені жаны қалса болар еді деп қауіптенеді. Әлі де аурумын, ұйқым жоқ десем де болады, тамақ ішпеймін: жүрегімнің соғуы күшті, ентіге беремін. Троицкіден үшінші доктор шақыртқанымнан кейін, қәзір тәуіріреқсің деседі, ол маған 10 июльге дейін ішетін дәрі беріп кетті. Өзімізді бір құдайға тапсырдым, тағдырда жазылғаннан артық ештеңе болмайды ғой [2,397 б.] , -деп баяндайды. Алтынсарин өлер шағында өзінің салған үйін орыс-қазақ мектептерінде істейтін мұғалімдерге бағыштады. Ол үй кейіннен демалыс үйіне айналды. Ал 500 деятинадай өзіне тиісті жерін, ол Қостанай қаласында ашылғалы жатқан ауылшаруашылық училищесіне берді. Барлық саналы ғұмырын ағарту ісіне арнаған Ыбырай Алтынсарин 1889 жылы 17шілде күні ұзаққа созылған науқастан көз жұмған. [4, 25 п.].

Алтынсарин жоғарғы өкімет орындарына қатынас қағаз жазып, бірнеше қыздар училищесін ашуға рұқсат сұраған болатын.Патшалық өкімет орындары Ыбырай Алтынсарин қайтыс болғаннан соң 4 жерде қыздар училищелерін ашуға рұқсат берді.Сөйтіп, Алтынсариннің тілегіне сәйкес, қыздар училищелері Торғайда - 1891 жылы, Қостанайда - 1893 жылы, Қарабұтақ селосында (Қазіргі Ақтөбе облысындағы Қарабұтақ елді мекені. - Ө.И.) - 1895 жылы және Ақтөбеде - 1896 жылы ашылды.

1896 жылы Торғай облысының қоластындағы қыздар мектептерінде небәрі 211 қыз, олардың ішінде 70 қазақ қыздары, 141 орыс қыздары оқыды. Ыбырай Алтынсарин халықтың болашағын көздеп білім алуды аңсап келген қазақ қыздарының оқып, білім алуларына жол ашты. Алтынсарин қайтыс болғаннан кейін ол ашқан мұғалімдер мектебі. Орскі қаласынан Орынбор қаласына көшті.

Қорыта келгенде айтпағымыз, Ыбырай Алтынсарин қазақ халқының тарихында бірінші рет педагогикалық білімнің іргетасын қалады. Отандық білім беру жүйесінің тарихы Ыбырай Алтынсарин кезінен бастау алады. Ыбырай Алтынсарин - аса көрнекті ағартушы, өз заманының ақыл - ойшысы оның халқы үшін жасаған ағартушылық қызыметін тарихи тұлғалық бейнесін насихаттау біздің парызымыз. Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызыметінің тағылымымен елжандылық қасиеті ұрпаққа үлгі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. - Алматы:2011.-369 б.
2.Ыбырай Алтынсарин. Шығармалар жинағы. - Алматы:1955. -413 б.
3.Исенов О. И., Казыбековв М.М. Школа для казахских детей» при Оренбургской комисии и ее первый выпускник Ыбырай Алтынсарин.- // Сборник докладов международной научно-практической конференций «Дулатовские чтения - 2010», посвященной 125-летию со дня рождения М. Дулатова (19ноября 2010 г. Костанай), Костанай: Костанайский инженерно-педагогический университет, 2010. В 6-ая Педагогические науки. С.194-196.
Профессиональное образование. - 196 с.
4. ҚР ОММ. 25 - қор, 1- тізбе, 2557 - іс, 20-25 пп.
5. Исенов Ө. И Тарихты оқыту әдістемесі пәні және оның даму кезеңдері. // «Алдамжароқулары» Халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференциясының материялдары. Қостанай әлеуметтік- техникалық университеті ғылыми хабаршысы. №3. 4-5 желтоқсан. 2009. 199-205 бб.
6. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық, Т. 3.- Алматы: Атамұра, 2012,- 752 б. (553-536 бб.).

ТҮРКІТАНУ ӘЛЕМІНЕН ОЙ ҚОРЫТҚАН ЗАҢҒАР ҒАЛЫМ

ӘОЖ 94

Ұлықпанова Ә. Ж.
ГҒ магистрі, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Түркітану әлемінен мол білімі бар профессор Қ.Жұбанов Кеңес өкіметі кезінде «жабық» тақырыптар қатарынан саналатын Қожа Ахмет Яссауидің өмірі мен шығармашалығынын тереңінен тартып, жіліктей шағып талдаған ғылыми очерк жазған. Діни идеологияға барынша жан-жақты «шабуыл үдеп тұрған» қиын-қыстау кезенде, діннің руханиятын жоққа шығарған сонау төңкерістер романтикасы тұсында «Алланың таңғажайып құпиялары хақында тебіреніп айтылған жақсы сөздерім кейінгіге тәбәрік» деп күңіренген Яссауи жайында, оның «Диуани хикмет» атты өсиетнамасы туралы сөз қозғаушыны қызыл саясаткерлер «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» деп қабылдады. «Мұра хаттар. Түрки әдебиеттер тілінің танымы» деп тақырыпталған бұл еңбек қолжазба күйінде сақталып, Қ.Жұбановтың өз атымен тек қана 1999 жылы жарық көрген еді. Қожа Ахмет Яссауи толғауларының сырына үңілу

мақсатында басталған ғылыми ізденіс – Қ.Жұбановтың түркі тілдердің тарихы мен әдебиетін салыстыра зерттеу жолындағы түбегейлі мақсатына ұласқандығын жақсы білеміз.

Бұл еңбекті ғылыми тұрғыдан нақтылап, «Мұра-хаттар. Түрки әдебиеттер тілінің танымы» деп атауды ұсынған филология ғылымдарының докторы, профессор Есет Жұбанов еді. Ол «Медресе Хұсайнияны» тамамдаған жас түрколог Құдайберген Ақтөбеге келіп, Қошқар ата мешітінің түлегі, ишандық дәрежеге ие бола тұрып, мектеп мұғалімі қызметіне ауысқан Жанғазы Жолаевпен әріптес, әрі пәтерлес болуы нәтижесінде көне, орта түркі шағатай әдебиеті мұраларын қайта қарап, өз білімін пысықтап, бірсыпыра ескерткіштерді арнайы зерттеу ісін қолға алуға мүмкіндік туған тәрізді. Соған орай, бірінші кезекте «Диуани хикметтің» Қазан қаласынан басылған 1893 жылғы бір нұсқасы бойынша мәтінтану (текстология) сипатында тексеру ісін жүргізген тәрізді» [1, 21], – дейді. Осы ғылыми түсініктен көрініп тұрғандай, бұл еңбектің жазылу кезеңі 1925-1926 жылдар аралығы болуы тиіс.

Қ.Жұбанов репрессияға ұшырап, көп еңбектері қолды болып кеткен кезеңде, «Мұра-хаттардың» тағдыры да «қыспаққа түсті. Қ.Жұбановтың атынан жарияланбақ түгілі, бір кездері Н.Сауранбаевтың, бір кездері Ж.Жолаевтың атынан бірді-екілі жарыққа шығып, көп жылдар бойы «мұрағат тұтқынында жатты. Жарық көру тарихына қатысты ізденісімізді ортаға сала кетсек, Мұхамедрахым Жармұхамедұлының «Қожа Ахмет Иасауи және Түркістан» кітабында мынадай мәліметтер бар: «Р.Сыздық бір кезде «Қазақ әдебиеті» газетінде Н.Сауранбаев атымен жарияланған «№23, 1970 жылдың 5 июны) «Диуани хикмет» туралы бір-екі ауыз сөз» деген мақаланың Н.Сауранбаевтікі емес, мұғалім Жолаевтікі екеніне де назар аудартады. Алайда ғалым сол мақаладағы ой-тұжырымдардың дұрыстығына шәк келтірмеген, сондықтан да біз осы еңбекте сол айтылған пікірлерді негізге алдық» [2, 126], – дей отырып, «Мұра-хаттар» еңбегінің ғылыми маңыздылығына баса назар аударады.

Ахмет Жұбанов: «Қ.Жұбанов Ленинградта жүріп, Стамбул университетінің профессоры Көпілі-Задеден М.Қашқари сөздігінің Стамбул басылымын сұратып хат жазысқан еді. Осы басылымдағы Яссауидің өлеңдерін аудару барысының бір ұшы Ж.Жолаевқа келіп тірелетіні байқалады; біз Жәкеңнің қолжазбалары ішінде аталған сөздіктің толық қазақша аудармасы барын, оның әрбір беті сол Стамбул басылымының беттеріне сәйкес парақталғанын білетінбіз» дейді.

Ал Есет Жұбановтың берген мәліметінде «Мен 1947-1951 жылдары ҚазПИ-дің студенті болып жүрген шағымда Жәкең маған «Диуани хикметтегі» шағатайша өлеңдердің өзі аударған қазақша тәржімасын әр жерінен оқып беріп отыратын. Бірақ ол кездері менің әкем жайлы аса көп сөз қозғалмайтын, «аузына сақ» адам болатын. Енді ойласам, Ж.Жолаев ақсақал сол Яссауи мұрасын қазақшалау барысында Қ.Жұбановқа өз қолқабысын тигізген сыңайлы» делінген.

Қ.Жұбановтың қаламгерлік қолтаңбасын таныған көзі жіті оқырман, бұл ғылыми зерттеудің профессорға тиеселі екендігіне дау келтірмейді. Өйткені жазылу стилі, зерттеу әдістері таза Құдайберген Жұбановқа тән. Дегенмен де Жанғазы Жолаевтың қосар үлес-салмағын анықтасақ, қадірменді білімдар азамат Яссауи өлеңдерін аударуда жәрдем еткені анық дейміз.

«Егжей-тегжейіне дейін жағдайымен байланыстыра тексеру керек» деген принципті ұстанған Қ.Жұбанов алдыменен Қожа Ахметтің аты-жөнін оның тегімен байланыстыра отырып жан-жақты ашып «Хожа – тегі, Яссауи – меншікті мекені, өз аты Ахмет» – деп түсіндіреді. Яссауиге қатысты айтылған деректердің ешқайсысын да сырт қалдырмауға тырысады. Әсіресе, Яссауидің ата-тегі, туған мекені, ақылды-парасатты қалпы ақынның аты белгісіз шәкіртінің айтуымен баяндалған қалыпта көп кездеседі. Мәселен, белгісіз шәірттің ақынға арнағын жоқтауын келтіре отырып: «Ол кісінің асыл тегін – сүйегін көпшілік қара халық біле бермейді. Ол кісінің сүйегі жай қара халық емес, сейіт болады. Солай екендігі тәңірінің өзіне аян. Ол кісі – Ысхақ бабаның үрім-бұтағы, Ибрахим Шайхтың ұлы: ол – машаихтардың ең ұлығы болған менің Шайхым – Ахмет Яссауи» – деген мағынаны» беретін жыр жолдарын қазақшалап түсіндіреді.

Ғылыми аса сауатты тұлға, білімдар профессор Құдайберген Жұбанов мұсылмандардың қасиетті кітабы – Құранды да жақсы білгендігін зерттеуден анық аңғарамыз. Өйткені, Яссауидің ата-тегін ажыратып түсіндіруде, құраннан көрнекті орын алғандардың арасында Ысхақ баба бар екендігін атап өтеді.

Аталған еңбектегі «Қожа Ахмет Яссауи кім?» деп қарастырған негізгі мәселелердің бірі – ақынның туған жылы мен өлген уақыты туралы деректерді бір жүйеге келтіре отырып, өзіндік қорытынды жауапты беру болды. Зерттеуші ақынның туған жылы туралы еш деректің «Диуани хикметте» кездеспейтіндігін, бірақ қайтыс болған уақытын ақынның өз өлеңдеріне қарап, белгілі бір тұжырым жасауға болатындығын айтады. Яғни ақын толғауларына қарап, Яссауидің 125 жасқа жеткенде өмірдегі соңғы сөздерді айта бастағандығына байланысты, қайтыс болған уақыты да осы тұс деген болжам жасай келе, 63 жаста жарық дүниемен қоштасып, о дүниенің құшағына кетті деген қате тұжырым екендігіне назар аударады.

Ұлттың тарихы мен табиғатын таныту үшін халықтың әдеби мұрасын терең тексеру керек деп білген ғалым, бұл бағытта ақынның 95 толғауына жүйелі талдау жасайды. «Қазіргі қазақ атанып отырған халықтың тұрмыс-тіршілігін білу үшін Қазақстан жерінде өмір сүрген бұдан бұрынғы халықтардан қалған және олардың атақты жеке адамдарынан қалған ескі әдебиет мұраларына да үңіле қарау қажет. ...Біздің Қазақстан халықтарының ескі жазба әдебиет мұрасы өте кем. Ал, сол барының өзі де әлі тексеріліп біткен жоқ. Бізде Қожа Ахмет Яссауидің жазып қалдырған, осы күнге дейін көпшілік арасында тарихи бағасы мен сүйкімділік беделін жоймай келе жатқан «Диуани хикметі» бар. Бұл Қазақстан халықтарының ескіден қалған жазба әдебиет мұрасы емес пе? Қожа Ахметтің осы күнгі қазақ атанып отырған Түркістанда өсіп-өнгені бекер ме? Сөз жоқ, Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикметі» Қазақстан халқының ескі мұрасы», - деген өте байыпты тұжырымға келеді.

Қ.Жұбанов зерделеген ғылыми тұжырымға жіті көзбен қарайтын болсақ, әдебиет тарихындағы бірнеше мәселені қозғап отырғандығын байқау қиын емес. Біріншіден, зерттеуші, қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдерін жүйелеу туралы ой-пікірін ортаға салып отыр. Яғни, автор жыраулар шығармашылығынан бұрын да біздің әдебиетіміздің тарихында өзге кезеңнің өткерілгендігі жайында белгі береді. Екіншіден, жыраулар творчествосына дейінгі кезеңнің көрнекті өкілдерінің бірі – Қожа Ахмет Яссауи дейді. Үшіншіден, қазақ халқы мемлекет ретінде іргетасын қаламай тұрған кезеңнің өзінде-ақ, біздің тарихта жазба әдебиеттің негізгі қаланғандығынан хабардар етеді. Төртіншіден, жоғарыда айтылған негізгі мәселелерге мән бермей, көзжұмбайшылықпен қарау басым болып отыр дейді. Және басты әңгіме, әрине Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» атты мұрасы – Қазақстан халықтарының қасиетті қазынасы екендігі жөнінде. Қ.Жұбанов зерттеуінің сөз жоқ, өзіндік артықшылықтары бар. Әрине, ғалым зерделеген бұл мәселелер қазақ әдебиеті тарихында сол тұста мүлдем көтерілген жоқ, жаңалық ашты дей алмаймыз. Дегенмен де, лингвист ғалымның тіл проблемаларымен ғана айналыспай, өз ұлтының патриот ұлы ретінде әдебиет тарихындағы жұмбағы көп, күрмеуі шешілмеген проблемалардың сырын ашуға ұмтылғандығын айрықша бағалаймыз.

Қ.Жұбановтың әдебиеттанушы ғалым екендігін танытатын тағы да бір ерекше жайт, әдебиеттің басты белгілерін атап көрсетуінде жатыр. «Әдебиет сол қауымның саяси құрылысын, мәдениет халін, дүниетану көзқарасы дәрежесін, әдет-ғұрпын, қысқасы нені жақсы, нені жек көретінін бізден жасыра алмайды. Міне, сондықтан біз: «Диуани хикметтің» сөзі де сол өз дәуірінің қоғами тіршілігін суреттейді», − деп білуіміз керек» [3, 313], − дейді Қ.Жұбанов.

Тарихта қандай ірі оқиға, құбылыс болса да, кейінгі ұрпаққа ол – ұнасын, ұнамасын, бәрібір өткен күннің бәрі – тарих болып қала бермек. Қ.Жұбановтың «Диуани хикмәт» бізге ешнәрсе бермейді, тексеруге тұрғысыз, өйткені сол кездегі қауымның ешбір тұрмыс-тіршілігін, дүниеге көзқарасын бізге бейнелеп көрсетпейді», – деп айта аламыз ба? Жоқ, айта алмаймыз, ескісі болсын, жаңасы болсын – қандай әдебиет болса да бәрібір – ілгеріде өткен қауымның өмір тіршілігін біздің көзімізге елестетпей қоймайды. Яғни ол әдебиет сол қауымның саяси құрылысын, мәдениет халін, шаруашылық күйін, дүниетану көзқарасы дәрежесін, әдет-ғұрпын, қысқасы нені жақсы, нені жек көретінін бізден жасыра алмайды.

Өйткені, біз: қандай адам болмасын, ол – сол бір кездегі туған, өскен орталығының, әлеумет пен қоғам орталығының жемісі еді деп білеміз», – деуі де өте заңды еді.

Қ.Жұбанов – өз бойындағы энциклопедиялық білім көзін халық мүддесіне жарата білген ұлы ғұлама. Тума талантты үлкен ғалым, ізденімпаз зерттеуші қазақ халқының өркениетті ел қатарына қосылуын, халықтың әрбір азаматының білім алуын көздегендіктен, ел кәдесіне жарайтын білімнің қайнар бұлағының бар нәрлісін өз тарапынан да ұсынуға тырысты. Қай шығармасын алсақ та, біреуге бірдеме білгізсем деген адал ниеттің ұшқынын аңғарамыз. Қ.Жұбанов: «Тарихи әдебиеттердің деректері түрткі болып, Қожа Ахметтің «Диуани хикмәтін» тауып оқығаннан кейін, қазіргі жастарымыз үшін ол туралы бірнеше пікір айтуға мәжбүр болдық. Міне, осы баяндалып отырған жайлар солардың біріншісі болмақ», – деп толғанады.

Қ.Жұбанов «Диуани хикмет» тарихи құнды деректердің көрсеткіші деп біледі. Ол Яссауи толғауларында суреттелген қанды қырғынның туу себептерін, шапқыншылық зардаптарын түсіндіреді. Бұл тарихи оқиға 12 ғасырдың алғашқы ширегінде Орта Азияға қара қытайлардың басып кіріп, Амудария, Сырдария өзендерінің бойын мекен еткен халыққа көрсеткен шапқыншылық әрекеттер еді дей атап көрсетеді.

Әрбір сөздің астарынан тарихтың терең тамырын табуға тырысқан ізденімпаз зерттеуші, ақын толғауларындағы кейбір бейнелі сөздерге былай деп түсінік береді. «Бесіншіден, «Ботадай аңырап қалған боздайды олар» деген бейнелі сөз бен ұл, қыздарына «қозым», «ботам», «құлыным» деп тіл қатуларына, ат берулеріне қарағанда, ол кездегі Қожа Ахмет елінің күн көрісінің негізі ауыл шаруашылығы, мал өсіру болғаны байқалады» – дейді Қ.Жұбанов.

«Ардақталып өскен есіл ғана сәулелерім-ай! Қайтейін, жаудан қорыққаннан жүректерің ұшып кетті-ау!» деген сөздер мен «Жанымнан артық көрген жан сәулелерім-ай! Қайтейін, дінсіздердің қолына түсіп қор болдыңдар-ау!» − деп іші-бауыры елжіреп, ұлдардан айрықша, жаудың қолына түскен қыз бен әйелдерді шын жүрегімен есіркеуі − сол кездегі адамдардың әйелге деген көзқарасының қандай дәрежеде екендігін көрсетеді», − дейді.

«Әйел – ер адамның қабырғасынан жаратылған» дейтін ұғымдағы түркі тектес халықтардың түсінігі Қожа Ахмет Яссауи шығармаларында жоққа шығатын секілді. Қ.Жұбановтың айтуы бойынша, әйел баласына «төмен етекті» деп қараушылық, ислам діні күштеп енгізілген араб басқыншылығын кейінгі уақытта қалыптаса бастаған. Ал көне заман тұсында, яғни «ертедегі ата-бабаларымыздың ескі салт, көне дәстүрінде әйелдерге кемсітушілік көзбен қараушылық болмаған тәрізді». Әйелге – ақылшы, кеңесші ретінде қарайтын ізгі дәстүр көрінісі «Қорқыт ата кітабында» да кездеспейтін бе еді? Бұл тұрғыда зерттеуші Н.Келімбетов: «Қорқыт ата кітабы» – түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық, әрі тарихи мұра» [4, 78], – деп баға береді. Және «Қорқыт ата кітабындағы» Дерсеханұлы Бұқаш туралы жырдан әйелге көрсетілер зор құрмет туралы дәлел келтіреді.

Қ.Жұбанов толғаудың мазмұндық желісі бойынша топшылаулар жасай отырып, Яссауидің тек діншілдік сарында жазған мистик ақын еместігін, тарихи тағдырды тап басып жаза білген ақын деп бағалап, оның шығармаларының халықтың өмірлік халін танытуда аса зор маңызы барлығын дәлелдейді. «Кейбіреулер Қожа Ахметті: «Ол кісі мистикаға салынған, бұл дүниеден қол үзген адам. Сондықтан, біздің қазіргі өміріміз үшін «Диуани хикмәттің» сөзінің ешбір керегі жоқ», – дегісі келеді. Негізінде бұның өзі дұрыс пікір емес. Бұл Қожа Ахметті ғана дұрыс танымағандық болмайды. Сондай-ақ, бұл тек Қожа Ахметті ғана дұрыс танымағандық болып қалмайды, сонымен бірге бұл адам қоғамының өсіп, өну тарихын түсіне алмағандық та болып табылады» – деген күшті айтылған, ұтымды пікірін білдіреді. Сөйтіп «Яссауи әлемі – діни тұман» деп сыртқақпайлап жүрген Қожа Ахметтің ақындығын дәлелдей тауып айтады.

Очеркте Яссауидің «Екінші дүниеге ынта қою» себептері де түсіндіріледі. «Әлі жетпеген ақыретшіл!» – дегендей, қоғам құрылысындағы теңсіздікке наразы болған, бірақ өз қолымен әлеуметтік теңдік орнатуға күші жетпеген Қожа Ахмет бұл дүниедегі өмір тіршіліктен, қоғам өміріне көңілі суып, ақыреттен «мәңгі қызық» іздейді. Өзім де, өзіне ерген

басқаларды да сол «екінші дүниедегі» мәңгі бақытқа жеткізудің жолын көксейді. «Екінші дүниедегі» мәңгі бақытқа жетудің ең төте жолы – пақыр мен міскенге, жетім мен жесірге, ел ішіндегі аздар мен әлсіздерге, қиякелді қара қарындар мен мусафир – жолаушыларға жәрдемдесу, қоғам әлеумет арасында әділетті тәртіп орнату деп түсінеді, басқаларға да солай түсіндіреді. Әлем әдебиетіндегі діни-идеялистік бағыттағылардың басын біріктіретін танымал ақындармен Қожа Ахметті біртұтастықта қарастырып «нақты дүниеден» безушілік сарынында жазылған өлеңдердің «қоғам тіршілігін көрсететін құрал болғанын да ұмытпау керек» және бұл сарын «олардың халықаралық әдебиет қазынасына үлес қосқан ірі ақын болушылықтарына ешбір нұқсан келтірмейді, келтіру де мүмкін емес», – деп тұжырымдайды Қ.Жұбанов.

Ахмет Яссауи шығармашылындағы дін мәселесі – ең басты тақырыптарының бірі. Ақындық шеберлігін діни уағызбен көркемдеген Қожа Ахмет Яссауи шығармаларының құндылығы еш уақытта да жойылған емес. Қазақ тарихындағы ислам дінінің күретамыры – Яссауи хикметтерінен бастау алады десек, артық айтқандық болмас. Бұл хикметтер – халық құлағына ешқашан жат болмаған, ел санасына ғұмырлық сіңіп кеткен. Ақынның сөзі мен ісі қатар қабысып, елді имандылыққа шақырып, Алланың құлы болуға үндеген қасиетті сөздің иесінің өзі де, шын мәнінде Жаратқанның шын сенген құлы болды. 63-ке келгенде, пайғамбар жасынан аспаймын деп, қылуетке кірді. Алланың құдіреті тұла бойындағы тұнған талантты өшірткізбей, туған жұртына мәңгілікке бағыт алған хикметтерін жаратқызды. Бұл хикметтер – халқының бағына бола аман сақталды.

XX ғасырмен бірге келген «қызыл топалаң», «қанды қырғын» Яссауи хикметтерінің құдіретін жойып жібере алған жоқ. Жүрген жерінің бәрін «атеизм» аталатын «жаңа дінмен» жалмап жатқан төңкерісшіл заманда, Құдайберген Жұбанов секілді ғұлама ғалымдардың арқасында жаңа жұрты Қожа Ахмет Яссауиді қайта таныды. Қара киім киіп, «қаралы хабарды» жасанды жолмен жасай жүріп, жай жатқан халықты жанкештілікпен өмір сүруге мәжбүр қылған, дін атаулыны еріксіз құртып жіберуге ұмтылған өткен ғасырдың «сталиндік зұлматында», «құдай берген» ғұлама – Жұбановқа діндар да, ділмар ақын Яссауиді дәріп тұтқан зерттеуді жазғызған қандай құдірет десеңізші? «Діннің өзін – адамшылық діні» етуге үндеген Қожа Ахмет Яссауидің жан дүниесін тым тереңнен танып, бар әлемнен Яссауилермен үндес жұлдыздар шоғырын табуға талпыныс жасап, іргелі зерттеу жүргізген Қ.Жұбановтың азаматтық болмысында қаншама ірілік жатыр!

Қожа Ахмет Яссауидің кім екендігін танытуға тырысып бағып, құдіретті ақынның ата-тегін таратып айтып, ғұмыр кешкен қоғамының ақиқат шындығын әлеуметке ашқан, асқақ арманы мен кісілік көзқарасын ажыратып түсіндірген, Жаратқан Алланың атын жан-тәнімен сүйген, ақиқаттың ақ-қарасын ашпақ болып, көзі тірісінде қараңғы көрдің көлеңкесінен де қорықпастан, «жер ұжмағын» табуға ұмтылған жанның «Диуани хикмет» атты даналық дүниесін халқымен қайта табыстырмақ мақсатпен «Мұра-хаттар. Түрки әдебиеттер тілінің танымы» еңбегін зерттеген Қ.Жұбановтың «Яссауитануға» қосқан үлесі қисапсыз.

Түркі тілдес халықтар әдебиетінен ой қорытқан Қ.Жұбанов Шығыс классикалық әдебиетінің жарық жұлдыздарының шығармашылықтары жайында да жан-жақты талдау жасарлық, кең диапозонды ғылыми зерттеушілік талантын танытады. Аталған еңбекте Әлішер Науаи, Мұхаммед Фзули, Сағди, Хожа Хафиз Ширазилардың барлығына ортақ тақырып – Аллаға ғашықтық идеясына үндеген шығармаларына талдау жасайды. Автор өз зерттеуінің Ахмет Яссауи мен шығыс классиктері арасындағы үндестік мәселесін бағамдауда да терең білгірлік танытқан.

Жеке адам қиял кезіп, арман сарайына қонақтаған пенде ғана емес, ар-ожданы мен сана сезімінің шақыруына орай, ірі кісілік қасиеттерді орындай алатын басты тұлға болып табылады. Қоғам мен сол қоғамның мүшесі – адамды бір-бірінен бөлім алып қарамаған жөн. Сондықтан да, ізгі мақсаттағы адам баласын өзі өмір сүріп отырған заманынан тыс алып қарастыруға әсте болмайтындығы жөнінде Яссауи дүние-толғамы арқылы Құдайберген Жұбанов тұлғалы тұжырым жасайды. Ақындар қай уақытта да асқақ рухты адамдар ғой. Қожа Ахмет Яссауи – алдыменен, ақын. Ақындар, қашаннан елінің ойымен үндес, жүрегімен сырлас. Оларға кіршіксіз адалдық керек. Ал адалдық, әділдікпен егіз емес пе? Ал ақын Ахмет

Яссауи – адалдық пен әділдікті әсем арманның қиясына қонақтатқан. Қолы жетпеген арманын діни әлемнің періштедей пәктігінен тапқан.

Қуанұлы Жұбанов, бұл тұста да өзінің де гуманистік идеясын қоса танытады. Жалпы, төбеден төнген сырттай ақыл ешқашан елдің санасына сарайлаған емес, сондықтан да халықпен бірге. Сөз сонда ғана өтімді, міне, діни поэзияның өмірге келу сырының әлеуметтік себептері де осы болуы керек. Бұндай тұжырымды ойымыздың түйінделуі Қ.Жұбановтың «Мұра-хаттары...» зерттеуінен соң да беки түседі. «Мұра-хаттар. Түрки әдебиеттер тілінің танымы» аталған осы еңбектегі терең ойшылдық, Қ.Жұбановты мұсылмандардың санаулы философтарының қатарына қосқызады. Қожа Ахмет Яссауидің, оның «Даналық кітабынан» тек дін төркінін іздеп қана қоюдың қателік болатындығын, олай етсек әдебиетіміздің тарихына балта шабатын өзіміз болатындығын білгізген Қ.Қ.Жұбанов туралы айтылар ой толғақтың таусылар түбі жоқтай.

Ахмет Яссауиді «Ретті жерінде тайсалмайтын, көңілдегісін істеп тастай беретін батыл адам болған», деп бағалаған Қ.Жұбановтың өзіне де өткірлік, батылдық ешқандай да жат емес. Жалпы, ғылым әлемінде батыл түрде пікір айту өз күшіне сенген нағыз білімдінің қолынан келер қасиет екендігін, және бұндай ғылыми батылдық Қ.Жұбановтың бойынан сөзсіз көрінетіндігін көпшілік еріксіз мойындайды.

Құдайберген Жұбанов – ғалым, ғұлама-профессор десек, еш көлгірсусіз риясыз айтылар шындық екендігі даусыз. Тек ғылымның ғылымилығын түсінер көңіл көрсоқырланбасын. Даналығы қазақтан асқан ақын Абай «Сөз түзелді, тыңдаушым, сен де түзел», – деп бекерге айтпаған болар. Сөзімізді түйіндей келе, түйіндейтін негізгі мәселе, профессор Құдайберген Қуанұлы Жұбанов – қазақ тіл білімінің негізін салушы, аса көрнекті түркітанушы және білгір әдебиет зерттеушісі еді бағалаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұбанов Есет. «Мұра-хаттар» // «Жұлдыз» журналы. 8 тамыз, 1999.
2. Жармұхамедұлы М. Қожа Ахмет Иасауи және Түркістан. – Алматы, 1999. – 128 б.
3. Құдайберген Жұбанов. Шығармаларының толық жинағы. – Ақтөбе: «Жұбанов университеті» баспасы, 2019. – 584 б.
4. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті (оқулық). – Алматы, 1991.

БАТЫС ӨҢІРІНДЕГІ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

ӘОЖ 82.1

Мулдашева С.Б.
БҚИТУ, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор.

Шығыс сюжетіне құрылған түрлі тақырыптағы шығармалардың қазақ даласында мол тарауы дастан жанрының дамуына негіз болды.

Батыс Қазақстан фольклорының жанрлық құрамындағы дастандардың көлемі мол. Дастандар ауыз әдебиетінің ең жақсы көркемдік қасиетін бойына жинақтаған жаңа сападағы поэзиялық туындылар.

Дастан ұғымының мәні мен жанрлық ерекшеліктері жөнінде фольклортанушы ғалым Б.Әзібаеваның ғылыми зерттеуінде жан-жақты сараланып, зерттелген [1, 11]. Жаңа дәуір дастандарының ерекшелігі олар өткен дәуірдегі зорлық пен әділетсіздікті батыл әшкерелеуі, бостандық сүйгіш ізгі адамдардың ерлігі, даналығы ардақталады.

Патриоттық рухта жырланған жыр дастандарды сөз еткенде, ең алдымен Нұрпейіс Байғанин [2,Б.78-106] дастандарын ерекше атауға болады. Бұрын «Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан» сияқты батырлар жырын жырлаған жыршы Отан соғысы жылдары ерекше өнер көрсетті, асқан шабытпен жыр төкті. Ақынның шығармашылық жолының дамуынан фольклордың да даму жолын көруге болады.

Н.Байғанин – эпикалық желілі жырдың шебері. Батырлық эпосты өзге шеберлерден гөрі Атырау мен Арал аралығындағы дәстүрлі үрдісті дамытқан жыршы ақындар жігіне жатады. Фольклор заңдылықтарына мән берілмегендіктен Н.Байғаниннің дастандарындағы дәстүрлі қолданыстар жөнінде қате қорытындылар жасалды. Мысалы: «Бірінде ертедегі мифтік, аңыз, әңгіме түрі басым сезілсе, екіншісінде батырлар жырының көркемдік сөз жүйесінен аса алмайды, ал үшіншісінде Советтік патриотизм мен ұлттық патриотизмді ажырата алмай, кейде идеялық қайшылыққа ұрынады» – деп сыңаржақ айыптар тағылды [3, 161].

Нұрпейіс дастандарында жаңа заманға да лайықты, жаңа көркемдік жыр қалыптасып, эпикалық мотив пен лирикалық мотивтің ұштаса бастағандығы көрінеді. Ақын дастандарында қаһарманның жеке басына тән жайлардан гөрі Отан, ел мақсатына байланысты қоғамдық тарихи оқиғалар бейнесі басым жатады. Бұл ерекшеліктер Нұрпейіс Байғаниннің қазақ поэзиясына енгізген жаңалықтары. Нұрпейістің басқа халық таланттарынан ерекшелігі де, ақындық стиль жаңалығы да осында. Ол фольклорды заман талабына сай жаңғыртып, жандандыра білген. Оның басқа ақын-жыршылардан айырықша көріне түсетін ерекшелігі – ол әрі асқан шебер жырау-орындаушы әрі талантты импровизатор ақын. Нұрпейіс халық қазынасын мол білгенімен бәрі бірдей бізге жетпеген. Оның жырлауындағы «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «АйманШолпан» жырлары жазылып алынбаған. Бұл жайында ақынның өзі де: «Суырып салма ақынның өлеңі аққан өзен сияқты ғой, өзеннің ағысы үстем бола ма, біздің өлеңдеріміз де сол сияқты ағады, кетеді, айтқан кезімізде тез жазып алмаса, ойдан бір шыққан өлең енді қайта ақынға соқпайды», – деп ақпа ақындық табиғатының ерекшелігін атап көрсеткен. Яғни, Нұрпейістің ерекшелігі – жұртқа мәлім ескі дәстүрлі тақырыптарды жаңа заманда да тыңнан түлете жаңғырта жырлауында ғана емес, өзінің де тыңнан толғаған көлемді жырлар тудырғандығында.

Мәселен, ел аузында сақталып келген аңыз негізінде жасалған таза махаббат пен берік достық, әділет пен ерлікті жырлаған «Құбығұл» дастаны басқа осы іспеттес туындылардан ерекшеленеді. Жырдағы Құбығұл мен Ақбілек таза махаббат иелері: Құбығұл ғашығы үшін қандай қиындыққа да төзуге бар, мейірімді де батыр тұлғалы жан. Қыз әкесінің барлық келеңсіз әрекеттеріне ғашығы үшін көнеді. Ақбілек те ерге лайық ардақты ару, сұлулығы мен ақылы сайма-сай жан. Жырдағы екі ғашықтың тілегінде болып, қосылуына мүмкіндік жасау үшін еш қауіп-қатерден сескенбейтін қара күң образы Нұрпейіс Байғаниннің өзіндік ерекшелігі ол әділеттік, мейірімділік махаббат жөніндегі ақын ұғымымен астасып жатыр. Жырда ханға қарсы шығып, әділдік үшін ерлік сөз сөйлейтін адам образы тұңғыш сомдалған. Жырдағы жағымсыз бейнелер де кесек мүсінделген, мысалы залым хан Әділбай мен оның батырлары. Қысқасы, Құбығұл дастаны көне мен жаңа түсінік қабаттарынан тұратын ерекше бітімді дүние.

Нұрпейіс Байғаниннің ұзақ жырлаған «Төрехан» дастаны әке тағына, ата тағына таласқан хан балаларының өзара күрес-тартысын көрсетеді. Ол халық арасында кең тараған. Зерттеу еңбектерде «Бұл күрестің халыққа жаттығын суреттейтін «Төрехан» дастаны да ескі хандар тілеген тұрмыстың шіріктігін, керексіздігін көрсетуге арналған» деп бағаланған. Алайда халық арасында дастанның мол таралуы оның халық бастан кешірген тарихи дәуірлермен тығыз сабақтастығында. Алайда шығармадан саяси мән іздеген көзқарастар тұсында бұған мән берілмеген. Мысалы: «Ақсақалдық, рушылдық көзқарас Нұрпейіс шығармаларынан аз болса да орын алып отырады. Ақын жырлаған эпостық поэмалар «Құбығұл», «Төреханда» болсын өз шығармалары «Аққенже», «Нарқызда» болсын құдайға, аруаққа жалбарыну, оған сыйыну, өз руының ғана батырын мақтаушылық жиі кездеседі. Ақын Қазақбаймен айтысында ерлікті, батырлықты, елдікті жырлап, Қазақбайды жеңіп кеткенімен, өмірге патриархалды-феодалдық, рушылдық көзқарас тұрғысынан қарайды. Өз елінің, өз руының мейірімді байларын, әділ байларын мақтайды. Нұрпейіс шығармаларында әділетсіз хан, қанаушы бай болса, би-молдалар басқарған тұрмыстың шіріктігін сынай-әшкерелей отырып, ол тұрмыстан қалай құтылу керек, ескі қоғамды қандай күш арқылы қиратып, жаңа қоғам, жаңа бақытты өмірге қалай жету керек деген сұраққа жауап бере алмайды (яғни, тұсау салып тарихи талантты тежеген). «Төреханда» ақын халық хансыз тұра алмайды, тек хан

халыққа жайлы, жағымды болуы керек деген өте қате, кертартпа пікірді айтқызады – деген пікірлер болған.

«Артымнан өскен інім деп,
Дұшпан болған шіркінді
Туысқанға балама.
Ағаға ерік салмаған
Жаман іні оңа ма?
Аға тұрып, інісі.
Таққа ие бола ма?» -

деген жолдарда ежелден келе жатқан туысқандық қарым-қатынастың мұрагерлік (майорат, минорат) салттағы орны туралы ұғымдар бар. Патриархалды үлкен от басындағы үлкен бала мен кіші баланың әке тағына, мал-мүлкіне ие болуының қалыптасқан заңдылығы болғанын Е.М.Мелетинский [4, 117] жазса, қазақ фольклорының негізінде С.А.Қасқабасов [5, Б.120-123] бұл салттың ұлттық ерекшеліктерге сай өзгешеліктерін талдаған. Қазақ халқының салтындағы көне полигамиялық – патриархалды отбасының белгілері көп әйел алушылық пен әр анадан туған балалардың арасындағы билік үшін қақтығыс жырға негіз болған. Ханның екі әйелінің арасындағы татулық пен ата жолы үшін ұрпақтар арасындағы бірлікті сақтауға ұмтылған іс-әрекетіне ақын ерекше көңіл бөледі. Дастандағы әйел образының ерекше үлгісі – Егізбай мен Сегізбайдың анасы Қарашаш бейнесі.

Ақын бұл образға халықтық рух тұрғысынан келеді. «Оған өз баласы емес, ел баласы» дәрежесіне жеткен Төрехан бейнесі аяулы. Соның ісін құптап, мақтан тұтып соның тілеуін тілейді. Дастан бас кейіпкер Нарқыздың портретін жасаудан басталады. Одан кейін Мәмбет деген хан Нарқызды айттырып, көш алдында Нарқыз өзін танытпай ханның алдын кесіп өтуі арқылы оқиға әрі қарай өрбиді. Белгілі фольклортанушы Р.Бердібай. «Нарқызды» қаһармандық жыр емес, әлеуметтіктұрмыстық дастан деп дәлелдейді. Ғалым тұжырымынша «мұндағы ерлік пен намыстылық сырт жаудан қорғануға, елдің азаттығын сақтауға жұмсалмайды, жырда қоғамның өз ішіндегі әлеуметтік қайшылықтар мен күрестер сөз болады» [6, 159]. Нарқыздың ақылды айлалығы ханды алдап аз күн болса да мұрсат сұрап, уақыт ұтуынан көрінеді. Нарқыз ежелгі батырларша батырмен жекпе-жекте күш сынасады. Эпос заңдылықтарын жете талдаған В.М.Жирмунский пікіріндегі: «Наконец, постоянство сюжета и мотивов с неизбежностью приводит к более или менее прочным сюжетным ситуациям – вроде поединка или между богатырями, предшествующего массовому бою и сопровождаемого традиционными вопросами о роде-племени, гиперболической похвальбой и известным ритуалом при котором первый удар предоставляется старшему» [7, 113] дегендей кезекті жасы үлкенге беру арқылы Нарқыздың Ниязбен жекпе-жегінде дәстүрлі салт сақталады.

Нұрпейіс шығармаларында «сауыт бұзар, сүңгіні, көк темірге, садақтан» деген ұлттың ұғымындағы теңеу, балама сөздер мол ұшырайды. Мұндай ұлттық ұғымдар кезінде кемшілік деп қаралып, қателік саналған. Мысалы: «Челлюскиншілер жорығы көк сауыт, дулыға, қалқан, тұрған арқан» арқылы суреттері орынды, әдемі болып тұрған жоқ. Ал ақынның кейбір өлеңдерінде кездесетін «байрақ», «борыш», «келің, берің» деген сөздер сол облыс жұртшылығына ғана белгілі сөздер.» [72,77] – деген пікірлерден көрініп тұрғандай, Н.Байғанин шығармашылығында өзі өмір сүрген өлкенің тілдік ерекшеліктері анық көрініп тұратын тұстары да айқын көзге түседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Азибаева Б. Казахский дастанный эпос. А., «Ғылым». 1998.
2. Байғанин Н. Шығармалары. А. 1984.
3. Қазақ әдебиетінің тарихы. 2-том. 2-кітап. А. 1961.
4. Мелетинский Е.М. Герой волшебной сказки. М. 1972.
5. Каскабасов С. Казахское волшебное сказка. А. 1974.
6. Бердібаев Р. Эпос тағылымы. А. 1989.
7. Жирмунский В.М. Народный героический эпос. М. 19

ОСОБЕННОСТИ ТОПОНИМИЧЕСКОГО ФОЛЬКЛОРА ТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

ӘОЖ 82.1/9

Шуриева А.Б.
докторант АРУ им.К.Жубанова.

Топонимы всегда имели ценное значение для тюркских народов, которые в основном вели кочевой образ жизни. Тюркские народы не имели себе равных в умении давать имена местам, в которых им приходилось проживать, связывая эти названия с природными особенностями данной местности. Вероятно, это связано с тем, что ведя кочевой образ жизни человек и природа были едины. Одним из важных моментов является то, что названия данные водоемам и землям посредствам народного творчества, вошли в фольклорные сюжеты и имеют поэтический колорит. Образцы фольклора, зарожденные вокруг этих названий, тюркские народы окутали своими глубокими чувствами к Родине, добавили в стихи, украсили песнями, создали глубокие легенды и чудесные сказки.

Термин топонимический фольклор вошел в научный оборот в 2010 году и был основан на взаимосвязи фольклора и топонимии. Рассмотрим подробнее определения терминов «топонимика», «легенда» и «предание».

По материалам Википедии, топонимика (с.греч. «topos» переводится как «место», «onyma» - «имя») – раздел ономастики, которая изучает географические названия (топонимы), их происхождение, смысловое значение, развитие, современное состояние, написание и произношение. Топонимика является интегральной научной дисциплиной, которая находится на стыке наук и широко используется в различных областях знаний: лингвистике, географии, истории и т.д.

Топонимические предания – древняя, популярная в народе разновидность преданий. Они представляют собой рассказы о геграфических объектах (местностях, ркаx, озерах и т.д.) и населенных пунктах, прикреплены к определенным местностям. Основная особенность топонимических преданий состоит в том, что они объясняют характер, происхождение или названия географических объектов и населенных пунктов.

Топонимические легенды – жанр устной, несказочной прозы, изначально имеющий установку на достоверность, и объясняющий происхождение названия населенных пунктои или других геграфических объектов. Данный жанр является ярким примером «народной этимологии», благодаря чему имеет немалую поулярность в среде людей, далеких от понимания основ ономастики и тпонимии.

По словам С.А.Каскабасова: «... деление предания на исторические и топонимические чисто условное, ... по существу топонимическое предание имеет реальную основу, а в историческком предании нередко присутствует также топонимический мотив. Зачастую в таких случаях не содержание предания, а тема или мотив носит топонимический характер, поэтому очень нелегко различать эти два жанра» [1,156].

Степная цивилизация с древним фольклорным наследием, полной топонимических названий и массой тайн, характерна не только для казахов, но и для многих тюркских народов. Именно кочевой образ жизни сближает тюркские народы с цивилизацией Великой степи.

Топонимы могут выполнять познавательную, информативную и эстетическую функции. А в сюжетах фольклора, наряду с отмеченными функциями, особое место отводится символизации и воплощению Благодатного образа своего родного края. Р.Сыздыкова написала: «Символ – это материальный (сущностный) образ идеи, метафорический образ». Казахская поэзия хорошо знала эти символы. Поэт XV века Казтуган воспевает реку Волгу как символ, выражающий идею «Родины, Отчизны, постоянного жилища народа». [2, 10]. Таким образом, включение в поэму пейзажа родного края характерно и для фольклора других тюркских народов.

Кроме того, топонимические названия ценны тем, что имеют символику в своих данных, будь то в сюжете эпоса или в легенде. Доказывая фактическую природу топонимов ученый Р. Бердыбаев утверждает, что «в «Песнь о Токтамысе» среди документальных свидетельств, определяющих историческую эпоху того времени, можно увидеть названия мест, людей и родов, все это факты, необходимые для установления ист. географии поэмы». [3, 158].

Топонимы, используемые во всех этих жанрах, будь то героический эпос или романтический эпос, показывают любовь и глубокие, патриотические чувства тюркских народов к названиям местностей своей Родины. Каждый раз, когда свободно росший в степях тюркоязычный человек, находясь вдали от своего дома, воспевал эти песни, являющиеся памятником культуры, тем самым распространяя их по всей степи.

По мнению академика С. Каскабасова, легенды рассказывают о важных событиях, происходивших в жизни, о выдающихся людях, живших в прошлом, об определенной местности, водоемах, землях.

В большинстве случаев сюжеты легенд только национальные, легенда одной страны не переносится в другую страну, и даже большая их часть носит лишь региональный (локальный) характер. [1, 126].

Вообще топонимическая легенда прежде всего начинается с поиска ответа на то, почему так называются те или иные места, реки, озера, горы и скалы, имеющие место в сознании людей, и какие события происходили в этих местах [4, 137].

Хоть топонимические легенды и рождаются в разных регионах, на территории разных республик, их структурный мотив близок друг другу. То есть подавляющее большинство топонимических легенд тюркских народов основаны на том, чтобы раскрыть причину именования природных объектов. Подобные топонимические легенды многочисленны в фольклоре тюркских народов. Наряду с топонимическими легендами распространен и другой вид творчества тюркских народов - топонимические предания. Исследователи часто отмечают, что вопрос классификации топонимических преданий и легенд все еще остается открытым.

Ранее топонимика рассматривалась как объект языкознания и лишь только в лингвистическом направлении. Однако его социальная значимость, причастие к национальному менталитету, причины постоянного присутсвия в фольклорных сюжетах остались за рамками исследования. Мы считаем, что сейчас самое время по-новому взглянуть на этот вопрос и изучить связь топонимии с национальным фольклором. Как известно, легенды и предания имеют давнюю историю, также как и многие другие жанры фольклора.

Говоря о жанре топонимического фольклора, это достаточно новый вид жанра и его не существовало не то что на территории бывшего Советского союза, но даже в мире. На самом деле, это тот жанр фольклора, который заслуживает быть исследованым в мировом научном пространстве. Почему стоит изучать этот жанр? Вот несколько причин:

1. Фольклор – это золотой фонд, в котором хранится творческое наследие народа, накопленное за многие века;
2. Фольклорные произведения хранят историческую память народа, национальный духовный код;
3. Исторические события, походы, конфликты с внутренними и внешними врагами, разнообразные периоды жизни общества нашли отражение в фольклорных произведениях;
4. Обо всем этом достоверно рассказывают топонимы, встречающиеся в фольклорных сюжетах;
5. Если бы в фольклорных произведениях не использовались топонимы, то повествуемые события не были бы четко изложены и были бы абстрагированы. И люди, которые зачем-то отправились в путь, или герои эпоса, отправившиеся сражаться с врагом, или главный герой романтического эпоса, отправившийся на поиски возлюбленной, чувствовали бы себя как будто заблудившимися в поле. Именно поэтому, фольклор и топонимия являются взаимодополняющими областями науки.

Такая связь фольклора и топонимии существует в национальном творчестве любого народа, нужно только суметь раскрыть ее звенья и правильно изложить.

Заключение.

И фольклористика, и топонимика – две отдельные науки. Первая – творческое наследие народа, а вторая – названные народом геграфические места. То есть и то, и другое - продукты народного творчества, в чем и заключается сходство данных наук.

Среди казахских литераторов именно Муслимом Базарбаевым впервые была замечена связь двух наук. По словам ученого: «Человек и земля, природа и место где он жил, связанные с ним понятия, а также проблема языка были первыми материалами для художественной литературы, именно для искусства образного мышления и познания народом окружающего мира посредством образов и представлений...» [7, 67]. Таким образом, одним из первых возникших фольклорных жанров является топонимическая легенда, повествующая об особенностях истории определенного места, земли, воды, реки, озера, горы или скалы.

Список литературы

1. Қасқабасов С. Таңдамалы. – Астана: Фолиант, 2014. – 320 с.
2. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы. 1995. – 10 с.
3. Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995 – 351 с.
4. Пангереев А.Ш. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе: Нобел, 2014. – 465 с.
5. Фельетон “Сибирского вестника” – “Незабытое” прошлое и настоящее киргизов”. Очерки (Посвящается М.П. Б-ной) // Абай. – № 1–2 (25–26). – 1995, 150 с.
6. Е. Койчубаев. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1974, 300 с.
7. Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы. – Алматы: Жазушы, 1973. – 256 с.

ТАҚЫРЫПТЫҚ-ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТІҢ САТИРАЛЫҚ ПОЭЗИЯДАҒЫ КӨРІНІСІ

ӘОЖ 82-313.1

А.Салықбаева
№ 148 мектеп-гимназия мұғалім, Алматы.

Көне антикалық дәуірдің өзінде сатира алдымен лирикалық поэзияның жанры ретінде қалыптасты. Сатиралық жанрдың белгісі әдебиеттану ғылымында оның қоғамдағы түрлі келеңсіз құбылыстарды сынайтын қуатты сын айтар табиғаты аталады. Сатира латын тіліндегі аралас, араластырылған деген мазмұндағы ашшы тамақ деген мағынаны білдірген. Бірнеше жемістердің дәндерін араластырып жасалған тағам дегеннен шыққан. Сатира терминнің шығу төркіні туралы ғылымда осындай болжамдар бар. Өнердегі мағынасы туралы зерттеуші ғалымдар сатира дегеніміз жинақтап, түйіп айтқанда аса өзекті сын деген ойды қолдайды. Қазақ тілінде жарық көрген әдеби энциклопедияда Серік Қорабай анықтамасы: «Сатира (лат. satura) – өзі суреттеп отырған оқиғаны, құбылысты немесе кейіпкерді өткір сынға алып, әжуаға айналдыратын көркемдік бейнелеу тәсілі. Сатираның мысал, эпиграмма, памфлет, фельетон, пародия, шарж, карикатура, анекдот сияқты жанрлары бар. Драматургияда сатира комедия жанрынан көрінсе, көркем прозада сатиралық әңгіме, повесть, романдар жазылады. Сатиралық шығармаларда әсірелеу (гротеск), тұспалдау(аллегория), юмор (достық рәуіштегі күлкі), ирония(жеңіл әжуа), сарказм (ащы мысқыл, кекесін) тағы басқа бейнелеу тәсілдері кеңінен қолданылады.» [1, 580].

Сатира бейнелеу тәсілі, сонымен қатар, көркемдік-эстетикалық фактор, яғни сөз өнерінің көптеген жанрында, фольклорда көрініс табатын мәдени феномен. «Мәдени-философиялық сөздікте» сатираға мынандай қысқаша анықтама беріліпті: «Сатира (лат. Satura – қосынды) – болмыстағы жарамсыз құбылыстарды сықақ етіп, әшкерелеп көрсету және сол жанрда жазылған шығарма. Сатира алғашқыда антик дәуіріндегі халықтық «күлкі мәдениетінің» шеңберінде пайда болған» [2, 228].

Сатира өзінің табиғаты жағынан жанр ұғымынан аясы кең деген таным әдебиеттану ғылымында бар. Бұл бағыттағы ғалымдар сатира жеке жанр бола алмайды, ол тәсіл, стиль сондықтан барлық жанрларда көрініс табатын көркемдік құбылыс дейді. Осы анықтамада сатираның қолданыс аясы кеңейтіліп көрсетілген. Яғни, сатира тұтас күлкі мәдениетінің феномені ретінде қарастырылған. Сатиралық сынау, сатиралық әжуаның бастауы халықтық күлкіге барып ұласады. Оның мәні тереңде, мыңжылдық дәстүрі бар танымның «теріс аударылған» түрі сатира. Халықтық күлкі аса уытты, сатираның табиғатында сол күлкі көрініс тапқан. Ол – халықтық мәдениеттің көрінісі. Әр дәуір, әр кезең өз күлкісін, сатирасын тудырады. Күлкі еркіндіктің көрінісі. Осы ойтаным бізді сатираның табиғатын терең зерттеген М.М.Бахтиннің ұстанымына бастайды. Оның өнер арқылы халықтық деңгейге көтерілгенін өзінің атақты «Творчество Француа Рабле и народная культура средневековья и ренессанса» атты еңбегінде жан-жақты терең талдап көрсетеді. Ғалым орта ғасыр әдебиеті туралы: «Вся пародийная литература средних веков – рекреативная литература, создаваемая во время праздничных досугов и предназначенная для праздничного чтения, проникнутая атмосферой праздничной свободы и вольности» [3, 96]. Карнавал, халықтық ойын-сауықта «хан да бір, қара да бір» болып көңіл көтергенде көп нәрсені еркін айтуға мүмкіншілік берілген. Жай күндері айтуға тиым салынған нәрсені сондай бір көңіл көтерген халықтық думанда айтып салуға болған. Сатира, міне бастауын осындай ойын-сауықтан алады деген де тұжырым бар.

Ал қазақтың төл сатирасы да әр жанрда көрініс тапқаны әдебиеттану тарихынан белгілі. Атап айтар болсақ фольклорда, ауыз әдебиетінде, кейінгі ғасырлардағы әдебиеттерде дәстүрлі жалғасын тауып келіп, Абай шығармаларында айрықша көрініс тапты. Сатира Абай және Абай мектебі өкілдерінің шығармашылығында да көрініс тапты. Әсіресе дәстүрлі поэзиялық жанрларда қарқынды дамыды. Абайдың сатирасының тақырыбы соны, жанры нақты болып қазақ әдебиетінің тарихына енді. Болашақ сатиралық поэзияға шебер үлгі болды. Әсіресе, «Болыс болдым, мінеки…» атты өлеңінде ерекше көрініс тапқан. Қайталуға ұрынбас үшін, жазушы, көрнекті ғалым Мұхтар Әуезовтың Абай сатирасын, оның ішінде осы лирикалық шығармасын талдап келіп, түйіндеген терең ойына назар аударайық: «Елдің ендігі қанаушы әкімдері жаңағы болыстар болса, олар бір жақтан, таптық қанаушылығын жүргізе отырып, екінші жағынан, әрі жалтақ, әрі қорқақ жағымпаз да болатын. Жаманшылық қастығын істей отыра, сол кездегі тарихтық, қоғамдық көп қайшылықтарды көре бастаған, аңғара бастаған көпшілік халықтан жасқанатын да, неше алуан алдамшылық, аярлыққа салынатын. Бұл жағынан да, қазақ сахарасына патшалық өкіметі өзіне өкіл етіп қойып отырған әкімдердің шындық сырын ерекше батыл, турашылдықпен ашып беру – Абайдай халықшыл ақын үшін қасиетті жол еді. Сөйтіп, жаңағы болыстың кескініне келгенде, Абай ең әуелі оны өз тіліменен сөйлетіп, неше алуан қорлық, масқара шындықтарын өз тілімен айтқызады.

«...Болыс болдым мінеки,

Бар малымды шығындап», – деген жолдардан бастап сұмырай болыс өзін-өзі әшкерелей береді. Ақын сатиралық ең бір өтімді, дәлелді және өмір шындығына ерекше жақын, төте жолын алады. Жауыздығын өз аузымен тегіс түгендетіп өзіне айтқызу – Абайдың жаңадан дәл басып тапқан шебер әдісі. Психологиялық ерекше толық портрет болудың үстіне, болыстың кескіні сол болыстың өзі жасаған автопортрет болып шығуы бұл өлеңді ерекше реалистік дәлдікке жеткізеді» [4, 133].

Сатиралық жанрдың табиғатын тану, оның классикалық стилін айқындау, поэзиядағы жаңа жанр екенін айту, тақырыптың айқындылығын анық атап беру, автопортерттік ерекшелігіне тану әрине ғылыми танымы терең және көркемдік көру қуаты өрісті, тек М. Әуезовтің даналығы болатын. Біз бұл мысалды үлгі үшін алдық. Зерттеу нысанымыз поэзиялық қазақ сатирасы болғандықтан, одан бір ғасыр бұрынғы сатирадан бір мысал келтірумен шектелеміз. Бұл кезеңдегі сатира қазақ әдебиеттану ғылымында жан-жақты зерттелген. Оған Темірбек Қожакеевтің, Алпысбай Мұсаевтың, Серік Қорабайдың тағы басқа ғалымдардың еңбектері мысал бола алады.

Осы дәстүр XX ғ. екінші жартысында қалай жалғасын тапты, қазақ сатирасында жанрды дамытуда, тақырып іздеуде өрісті ізденістер бар ма деген сауал төңірегінде ой жалғастырмақпыз.

Бұл бағдарда ескертетініміз, зерттеудің жүйелі арнада жүруін мақсат етіп осы кезеңдегі қазақ сатирасын біз жанрлық, тақырыптық, көркемдік, эстетикалық, тілдік, бейнелік ерекшеліктерін талдау үшін біз мынадай методологиялық жол ұстанғанымызды жоғарыда атап өткенбіз. Ол сатираны поэзиялық сатира, прозалық сатира және комедиялық сатира деп жанрлық табиғатына қарай жүйелеп талдау. Бұл жағдайда бір автордың поэзиялық сатирасы бірінші тарауда қарастырылса, ал прозалық сатирасы екінші тарауда, егер бар болған жағдайда комедиялық сатирасы үшінші тарауда қарастырылады. Бұл біріншіден, сатираның жанр ретіндегі табиғатын тануға толық мүмкіншілік берсе, екіншіден, автордың да шығармашылық қарымын танытады деген үміттеміз.

Сондықтан XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басындағы позиялық сатираның тақырыптық-жанрлық ерекшелігіне келетін болсақ, бұл бағытта қазақ сатирасы аса қарқынды дамыды. Тақырып аясы да кең, жанрлық ізденіс те мол. Сатираның басты табиғаты адамзат қоғамындағы түрлі құбылыстарды сынға алу. Бұл аса биік танымдағы мақсат. Қалай адамзат баласының қоғамын, оның ішіндегі адамның бойындағы кемшіліктерді жоямын деген мәңгілік адамдық арманның көрінісі. Жұмыста зерттеу мақсатында шығармашылығына назар аударып отырған суреткерлер Мыңбай Рәш, Оспанхан Әубәкір, Үмбетай Уайдин, Ғаббас Қабышұлы, Қажытай Ілиясұлы, Көпен Әмірбек, Толымбек Әлімбекұлының сатирасы жанрлық жағынан да, тақырыптық жағынан да арналы, әрі жан-жақты. Соның ішінде сатиралық жанрға тақырыптық жағынан келіп қарастырмақпыз. Сатириктердің ішіндегі жас жағынан үлкені Мыңбай Рәш. Мыңбай Рәш өз кезінде тек Қазақстанға ғана емес, одан асып одаққа танылған сатирик-суреткер. Қазақстанға еңбегі сіңген мәдениет қызметкері болды. Сатириктің шығармалары XX ғасыр аяғында бүкілодақтық «Крокодил» кітапханасы сериясымен де жарық көрген еді. Сол кезеңде «Крокодил», «Дружба народов», «Ара» журналдарында шығармалары үзбей жарияланып тұрды. Сатирик Мыңбай өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ қоғамындағы келеңсіздік тамыршыдай дәл басып сынаған, оны ашып көрсеткен сатирик ақын. Ақынның «Қазаншының еркі бар» [5, 41-42] деп аталатын сатиралық өлеңі аса уытты, сол кездегі ұлттық танымның жойылып бара жатқанын әжуамен көрсете алған шығарма. Аталмыш сатиралық шығармада дүниеге келген нәрестеге ат қою негізгі тақырып болған. Қазақ ат қоюға ерекше мән берген. Мәселен отбасында қыз бала көп болса, келесісі ұл болсын деп ырымдап Ұлболсын деп ат қойған. Немесе, ұл баласы кеңпейіл болсын деп Жомарт, Дархан деген аттар қояды. Тағы бірде тарихи орны бар халқының дана ұлдарына ұқсасын деп Мұхтар, Бауыржан, Қаныш деп ат қояды. Тәуелсіздіктің келуімен қатар есімдері халқына қайта оралған алаш арыстарының аттарын, немесе қазақ батырларының аттарын қою дәстүрге айналды. Елбасына ерекше құрметпен қарап, балаларының аттарын Нұрсұлтан деп қойып жатқандар бар. Немесе, қыз балаға аты аңызға айналған, эпикалық кейіпкерлерге қаратып Айсұлу, Жібек, Еңлік т.б. аттарды қояды. Міне, осы дәстүрге сызат түскен кез де болған. Ол алдамшы идеология «коммунизмге» бір табан жақын қалдық дейтін XXғ. екінші жартысының бел ортасы болатын. Сол кезеңдегі ат қою, шілдехананың тойлаудың өзіне «шайтан судың» енуі қатты сынға алынған. Енді ақынның осы шығармасына кезек берелік:

«– Бауы берік болсын!
– Азекеңе серік болсын!
Тойға келгендер,
Батасын бергендер
Үйге лық толды.
Жас та, кір, де болды.
– Ал, туған ағайын,
Сендерден немді аяйын,
Ұзақ тойлаңдар,

Думанды қоймаңдар,
Жалғыз-ақ тілегім…
Ұлыма лайықты,
Даңқты
Ат ойлаңдар…»

Бұл баланың әкесінің тілегі. Сатирик ақын өзінің шығармасын осындай эпикалық дәстүрмен мейлінше еркін бастайды. Қуаныш үсті. Ат қою рәсімі. Қуанған әке ағайынға қаратып айтып отыр. Бірақ осы жайма-шуақтың өзінде бір юмордың тасқыны сезіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қорабай С. Сатира (580 бет) // Кітапта: Қазақ әдебиеті: Энциклопедия. – Алматы: Қазақстан Даму институты, 1999. – 750 б.
2 Ғабитов Т., Құлсариева А. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік . – Алматы: Раритет, 2004. –320 б.
3 Бахтин М.М. Творчество Француа Рабле и народная культура средневековья и Ренессанса. – М.: Художественная литература, 1990.- Изд. 2-е.- 543 с.
4 Красовский В.Е. Большая литературная энциклопедия . – М.: Эксмо, 2006. - 848 с.
5 Рашев М. Бес белес: Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1979. – 208 б.

ШЕБЕР САТИРИК, ІЗДЕНІМПАЗ ҒАЛЫМ

ӘОЖ 82-313.1

Ұлықпанова Ә.Ж.
ГҒмагистрі, аға оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

«Сатираның сарбазы» атанған көрнекті ғалым Алпысбай Мұсаұлы Мұсаев – қазақ сатирасының зерттелу заңғарында өзіндік арнасын қалыптастырды. Өткен ғасырдың 60-жылдарынан бастап Т.Қожекеев, М.Тілеужанов, Ғ.Әбетов, т.б. ғалымдардың ізін ала юмор мен сатира поэтикасын тыңғылықты зерттеген профессордың әдебиеттану ғылымында оң бағасын алған еңбектері біршама. Солардың ішінде біздер автордың «Жанды жүйе» еңбегін ізденіс нысанасына алып отырмыз.

«Әңгімедегі әзіл», «Жанды жүйе», «Күлкі табиғаты», «Уыз күлкі сырлары» деп бірнеше тарауларға тақырыпталған бұл зерттеуде «Бүгінгі сатирамызда кездесетін тапқырлық пен қуақылықты, әзіл-шынын араластыра мысқылдауды, ашығын айтар ащы сарказмды, айтары мен айтылуы басқа иронияны сол халықтық сатирадан үйренгені белгілі. Ауыз әдебиетінде көрінген күлкі – бертін келе жазба әдебиетіне жол сілтеп, негіз болғаны, оның жеке өкілдерінің үлгі-тәжірибе алғаны анық байқалады.

Қазақ халқының ауыз әдебиеті қызықты әзіл-қалжыңға, көңілашар анекдоттар мен өткір, іліп-шалма сөздерге, сықақты этюдтерге бай болып келеді. Қазіргі прозалық шығармаларда кездесетін сатиралық сарынның негізі осылайша әріде жатыр. Зерттеу еңбегімізде осы мәселелердің көрінуіне, дәстүрлілігін көрсетуге күш салдық» [1, 226], - деген тұщымды тұжырым жасайды.

Расында да, Алпысбай Мұсаұлының өте орынды атап көрсеткеніндей, халық ауыз әдебиеті – біздің жазба әдебиетіміздің қалыптасуына негіз болған басты қайнар бұлақ. Халық әдебиетіндегі уытты сатираға құрылған құнды әңгімелер мен шешендікке құрылған мол мұраның құндылық қадір-қасиеті өзіндік маңызын ешқашан жоймақ емес. Ата-бабамыздан кейінгі ұрпағына аманат болып, бүгінгі күнге сұрыпталып жеткен халық әдебиетінде арқылы поэзия, проза, драма жанрының ізі жатыр. Ал аңыз қаһармандары Алдар көсе, Қожанасыр атымен таралған әңгімелердің негізінде қазақ сатирасының іргетасы қаланды. Қарапайым

халық пен елге үстемдік еткен жуандардың арасындағы өткір қарым-қатынасты көрсететін сатира мен юморға толы фольклорлық шығармалардан тап қайшылығы танылады.

«Жанды жүйе» зерттеуінде жасалынған құнды бір байламның тағы бірі төмендегідей: «Көркем әдебиеттің тәрбиелік күші туралы сөз қозғағанда, әдетте оның өнегелік жағы көп сөз болады. Ал екінші жағы көбінесе ескерусіз қала береді. Ол адам тәрбиелеудің – тек жақсыны үлгі ету арқылы ғана емес, жаманнан жирендіру арқылы да жүзеге асатындығы» [1, 229].

Жақсыдан тағылым алып, жаманнан жирендіруге ұмытылдырған қазақ халқы ауызекі сөз өнері арқылы тәрбие ұғымының барлық деңгей-дәрежелік көрсеткішін жасап кетті десек те, артық айтқандық болмас. Қазақ халқының мақал-мәтелдері, ертегілері мен ертегіден тыс аңыздық прозасында, эпостық жырларында адам бойындағы жақсы қасиеттер мен жаман қылық атаулының барлығы дерлік анық та ашық ұғындырылады. Сөйтіп жас ұрпақтың санасына өнегелі бол деген уағыз сіңдіріліп, жаманшылықтан аулақ болуға үндейді. Осы адам бойындағы кісілікке жатпайтын қылық атаулыдан қашық болуға бағытталған насихатты әңгімелерде де халықтық сатираның ізі де анық байқалады.

Халықтың өнегеге толы ауыз әдебиеті мұраларында арзан күлкіге еш уақытта орын берілмейді. Бұл орайда, А.Мұсаев былай деп кетеді: «Халық күлкісі, халық әзілдері дегенде халық беталды күле бермеген. Ол әуелде күлер, күлкі етер жайлардың парқын пайымдап, ой таразысына салып содан кейін ғана оған деген өзінің қатынасын білдіріп отырған, өйтпеген күнде халық мағынасыз күлкіге жирене қараған» [1, 14].

Астарлы күлкіге тұнған халықтық әңгімелердің қай-қайсысында да әдемі әзілге құрылған юмор ғана емес, өткір тілмен берілген сатира да қаз-қатар өріліп отырған. Профессор А.Мұсаев өз зерттеуінде Алдар Көсе бейнесінің сатира жанрының бастауында тұрған тұлға екендігіне баса назар аударады: «... Алдар Көсе әңгімелері нағыз сыншы шебер күлкіге ұстаз қалың бұқара туындысы деп қарау керек.

Халық әңгімесі Алдар Көсеге кездестірген бөгет қарсылықты да ойда жоқ қиыннан қиыстыра құрайды. Оған сараңның бермесін алғызады, Алдампаздың ең зоры шайтанның өзін ұттырады. Елді, жұртты жеп алдап жүрген саудагерді тонатады. Сыр сыйқыры бар, кәрі күшті, тегі қатал ажалдай болып тұрған хан сарайын масқара етеді. Осының барлығы да – қиыннан қиыстырылған, оңайдан туған арзан күлкі емес, бөгетті жеңген тартыс күлкісі, мазмұнды күлкі» [1, 17].

Зерттеушінің осындай бағамдап берген тұжырымын оқи отырып, бүгінгі замананың әзіл-оспақ майданына араласып жүрген сатириктеріміз «мазмұнды күлкіні» тудырауға қаншалықты шебер деген сауал туындайды. Халықтың басын жиып, тек жеңіл әңгімеге, оспадарсыз әжуаға құрылған «жеңіл әзілдің» үстемдік алып тұратын тұстары да аз емес.

Халықтық сатира мен юмор табиғатынан заманы тынысын танытқан А.Мұсаевтың «Жанды жүйе» еңбегін қайта-қайыра оқи отырып, ұтымды юмор мен уытты сатираның қайнар бұлағы – халықтың бай ауыз әдебиетінде жатырғандығы рас деп ой қорыттық.

Сатира мен юмор поэтикасы кең ауқымда қарастырылған бұл еңбекте 1960-90 жылдардағы қазақ әдебиетіндегі көркем шығармаларға да тыңғылықты талдау, кең құлашты бағамдау жасалынған. Әсіресе, жаңа дәуірдегі сатира мен юмордың қоғамдық күші, әлеуметтік табиғаты зерделенеді.

Ә. Таразидің «Кәке», Т. Әлімқұловтың «Ішің білсін», «Құлқын», М. Қаназовтың «Қызыл дамбал», «Жебір» аталатын ирониялық стильмен суреттелген туындыларындағы кейіпкер поэтикасын олардың жан-дүниесі мен бет-пердесін ішкі нәзік иіріммен талдай отырып танытады.

Зерттеуші «Соңғы жылдардағы қазақ прозасындағы жаңалық – сатира поэтикасында ирониялық бояудың молдығы дер едік. Ирониянның ол шығармалардағы қолданылуы да әртүрлі. Біреуінде жазушы иронияны өз қаһарманына қолданса, біреуінде қаһарман өзін қоршаған ортаға, болмаса жазушы өтіп жатқан оқиғаға ирониялық көзқарасын білдіріп» отырады» [1, 59], - деп атап көрсетеді.

Ғалым Дулат Исабековтің сатиралық әдісінің басты құралы – ирония екендігін «Социализм зәулімі», «Ескерткіш», «Конфронтация», «Бонапартың үйленуі» әңгімелерінің поэтикалық құрылымын жіліктей шағып талдауымен дәмді жеткізе біледі.

Юмор мен сатира – қай уақыттан да осы бағытта жазылған әдеби шығарманың қос қанаты іспетті. Өткір күлкі – «қаруға» айналып, енді бірде тілмен шағып жеткізе, енді бірде күлкімен көмкерілген ащы шындықты әдеби туындының өзегіне енгізген қаламгер қоғам келбетін, адам тағдырын, әлеуметтік хал-күйді береді. Бұл санаттағы кейіпкерлердің бойынан әр адам «Өзін» танып-табуы да ықтимал.

Зерттеуші А.Мұсаев қоғамдағы келесіз жайттар өмірлік шындықтан – әдеби ақиқатқа айналған туындылар қатарында «Бейшара», «Ақпандағы мысықтар» (М.Байғұтов), «Күнбағыс алқабында» (С.Асылбеков), «Қырық бестегі қыз», «Ақ тайлақ», «Малтапқыш», «Түз адамы» (Л.Омарова) әңгіме-повестерінде замана бедеріндегі нарық қыспаған әркім әрқалай көтерген кейпін тайға таңба басқандай таңбалап көрсетеді.

«Күлкі» поэтикасын тыңғылықты зерттеген ғалым өз зерттеуінде «юморлық сезім» табиғатын көркем туындыдан табуға ұмтылады. «Юморлық сезім – интеллектуалдық тереңдігімен, эмоциялық күрделілігімен, болмыс құбылыстарын көру, зерттеу, бағалау қабілетімен адамға туа бітетін биік қасиет. Ол – интеллектуалдық норманың бір қыры, өмірді қабылдау, түсіну, оған қатыс білдірудегі ерекше бір қабілет» [1, 65], - дей отыра, Тынымбай Нұрмағамбетов бойынан табылатын осы бір ерекше қасиетті, жазушының «Бәйтеректер» жинағына енген «12 палата», «Жәрдемші», «Ақ көңіл ұры», «Түнгі серуен», «Етікші», «Ем» әңгімелеріндегі кейіпкерлер галереясын талдау арқылы ашып отырады.

Сатира мен юмор поэтикасының жанрлық жігін ажыратып көрсете отырып, қазіргі қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдері мен олардың таңдаулы туындыларына өзіндік бағасын қоса беріп отыратын зерттеуші, ендігі бір тұста былай дейді: «... Мархабат Байғұтов өз әңгімелерін юмордың сан қырын пайдалана отырып, жеңіл әжуамен, бірақ адамдық сүйіспеншілікпен жазады» [1, 74].

Әжуа күлкінің астарында жататын терең мағынаны А.Мұсаев еңбегінен таба аласыз. Тауып қана қоймай, көзіңіз жетеді. Расында да астарлы күлкінің арғы тамырында «қисықты тезге салу» қағидасы жатады. Әжуаға құрылған күлкінің бір тінінде жамандықтан аулақ қашып, жақсылыққа ғана жүгіретін таза халықтық қасиет жатыр. Профессор А.Мұсаев зерттеуінде М.Байғұтовтың «Бір дорба диплом», «Үш үй», «Тас кекіре», «Жәмелек» әңгімелеріндегі кейіпкерлер – қоғамдағы сан түрлі топтың бет-бейнесін таңбалайды.

М.Байғұтовтың «Үш үй» әңгімесіндегі сонау «Кеңестік Одақ» тұсында қазақтың танымына түпкілікті сіңісе жаздаған мінездің міні – арызқойлық, іштарлық секілді жағымсыз қылық атаулыны бойына мықтап жамаған кейіпкерлер әрекетін талдау арқылы, А.Мұсаев күлкі поэтикасының жанрлық белгілерін ашып көрсетеді.

Қоғамның алға басар қадамына қырсық боп шалынып, тұсау боп түсіп отыратын келеңсіздік атаулыны көркем шығарманың композициялық құрылымына кірістіріп отырған қаламгерлер шығармашылығын, олардың өзіндік жазу стилін оқырманның дұрыс түсініп қабылдауына мүмкіндік беретін зерттеуші Алпысбай Мұсаев еңбегінің мықтылығында дау жоқ. Мәселен ғалым былай деп жазады: «Жазушы (Д.Исабеков) «Ай-Петри ақиқаты» әңгімесінде келеңсіз мәселелерге басқаша қырынан келеді. Автор ойына бірден түсіну қиын. Күлкі тізгінін бермей, шым-шымдап береді. Былай қарағанда күлетін де ештеңе жоқ секілді» [1, 77-78], - деп әңгімедегі бас кейіпкер Жамал Сағатовнаның тербелген толқынмен қосыла жүзген кеме үстінде келе жатып, кемедегі жалғыз адамдық әсем бөлмеден үш адамдық жай бөлмеге ауысу сырын, әйелдің жан жары, ел басқарған күйеуі Заманбектің қызметінен босаған тұсымен сәйкес келетін эпизодынан мысал келтіріп өтеді.

Бұдан соң зерттеуші А.Мұсаев: «Жазушы нақты детальдар арқылы-ақ ашып көрсеткен сатира поэтикасы – қызметке құлдық ұру мен жағымпаздық, екіжүзділікте екендігі. Жағымпаздықтың жер талғамайтындығын, тіпті біршама алыс қашықтықтың өзінде, өзгеше ортада-ақ өмір сүріп жатқанын нанымды жеткізе алған» [1, 78], - деп тұжырымдайды. Жоғарыда келтірілген эпизод сырын нақты да, айқын тілмен түсіндірген зерттеуші ғалымның шеберлігі осы бағамдаудан-ақ аңғарылып тұр.

Қызғаншақтық, көре алмаушылық, бақталастық секілді пенденің жанын жер жамандық атаулының түп-тамырына балта шабуда сатира саласы ғана өзіндік үлесін қоса алары сөзсіз. Мінездегі мінді түзеу – оңай болмақ емес, әрине. Дегенмен де, көркем әдебиетке құмар болып

өскен буынның кейіпкерлер әлемінің жақсылығына жақын болып, жамандығынан аулақ жүруге асық болған ортаны да жоққа шығара алмаймыз.

Жалпы поэтика мәселесі – көрінген жанның оңай шаға қоятын жаңғағы емес. Оның ішінде, сатира мен юмор поэтикасын, юморлық сезім мен ирониянның қыр-сырын жеріне жетіп талдау жасау – мықты зерттеушінің ғылыми қорының салмақтылығына келіп тірелетіндігі әмбеге аян.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымында сатира саясында филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай аға Мұсаевтың шеберлік шыңына шыққандығын мойындаймыз. Монографиялық еңбектің «Жанды жүйе» деп аталуының өзі де зерттеушінің талғампаздық талантын танытады.

Уытты тілмен жазылған өткір сатира, езу жыйдырмас әдемі юмор, шын мәнісінде, адам баласының алпыс екі тамырына еркін тарап, сананы сергітіп, көңілге ой, көкірекке сәуле түсіріп, жанды жүйеге тіршілік нәрін ексе керек. Маңызы аса зор, ғылыми тұжырымы тым берік қаланған еселі еңбектердің авторы Алпысбай аға Мұсаев ағамызға мерейлі жасыңыз құтты болсын, айналаңызға, барша оқырмандарыңызға «күлкі» атмосферасын сыйлаған шалқар шабытыңыз шарықтай берсін демекпіз!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұсаев А. Жанды жүйе. Оқу құралы. – Алматы, 2001. 277 б.
2. Мархаббат Байғұт. Төрт томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Қазығұрт», 2005.

ҚУАНЫШ ЖИЕНБАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ ЖАНРЛЫҚ ТАБИҒАТЫ

ӘОЖ 82-34

Хасанова М.Ж.
БҚИИТУ, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы.

Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының, республикалық «Астана-Бәйтерек» әдеби шығармалар бәйгесінің, «Жалын» баспасы жариялаған жабық бәйгенің бірнеше мәрте жүлдегері Қуаныш Жиенбай жазушы Дүкенбай Досжанның тілімен айтсақ, көркемсөз көкжиегінен бел асып бара жатқан жазушы.

Өйткені, Қ.Жиенбай өз соқпағы, өз оқырмандар аудиториясы қалыптасқан, қалқып ішіп, қаузап талқылар тақырыбы мол қаламгер ретінде танылды. Бүгінге дейін оннан астам кітаптары жарық көрген, әдеби сыннан да өз бағасын алып үлгерген. Мерзімді басылымдарда жарияланып жататын әңгіме, повестерін былай қойғанда «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Ән салуға әлі ерте» романдарының авторы.

Жақында жазушы «Жер үстінде де жұмақ бар» дейтін жаңа роман жазып бітірді. Шығармада Байқоңыр космодромы мен Қорқыт баба кесенесі арасындағы «құдайдың назары түскен» қасиетті топырақтың бүгінгісі мен келешегі, оның аспан әлемімен байланысы, болашақта әлемдік туристік ұйым үшін таптырмайтын киелі мекен болатындығы нақты дәлелдермен жан-жақты баяндалған.

Жиенбай шығармаларының жанрлық табиғатының ерекшелігі неде? Ол, әрине, жазушының оқиға, сюжет қумай, кейіпкердің ішкі «менін» беруге мән беруінде.

Тақырып деген бүгінгінің тілімен айтқанда кез келген шығарманың «визиткасы», алғышарты десек, Қуаныш Жиенбай тақырып қоюға аса шебер жазушы, сөзімізге дәйек қылсақ, жазушының «Жалғыз желкен», «Теңіздегі бір тамшы», «Құлан жанарындағы ғұмыр», «Жер сілкінісінен бір жұма бұрын», «Даңқ түрмесінің тұтқыны», «Қателесесің, қымбаттым», «Елде жоқ ережелер», «Жиделітоғайдағы жеті күн», «Ән салуға әлі ерте», «Күн түспейтін терезе», «Жер үстінде жұмақ бар», «Тоқта, өлемісің?», «Етектегі ескі зират», «Әкім кетіп қалды»... Тақырыпқа көз жүгірте отырып, «артынан» еріксіз еріп кеткеніңді де байқамай қаласың. Тақырып еріксіз еліктіреді, арбап ала кетеді.

Әр қаламгердің жан дүниесіне жақын өз тақырыбы, өзінің айқын қолтаңбасы, адам психологиясындағы астаң-кестең арпалысты сезімдерді майдан қыл суырғандай аса дәлдікпен

суреттейтін шеберлігі болады десек, Қ. Жиенбай осы пікірімізге толықтай дәлел бола алатын прозашы.

Қуаныш Жиенбайдың әңгімелерінің дені теңіз тақырыбына арналған. Жағалау жайлаған жерлестердің сан қилы тағдыры, олардың қайсар мінездері және жан драмасындағы арпалысты сезімдері жинақта аса дәлдікпен, көркем суреттелген.

Автор шағын жанр арқылы-ақ адам психологиясын ашуға толықтай мүмкіндік барын дәлелдейді. Және осы орайдағы ешкімге ұқсамайтын өз қолтаңбасын да аңғартады.

«Күн түспейтін терезе» әңгімесі – кітаптың атауына таңылған туынды. Әңгіменің негізгі кейіпкері Әбдірәсіл деген ғалым. Ғалымның күллі өмірі бұйығы, керек десеңіз елеусіз. Ешкімге керексіз. Зейнет жасындағы оған ректор бөлме бөліпті. Сөйтсе, терезеден күн түспейді екен. Сол үшін қызы ректормен сөзге келіп қалып, әкесі жұмыстан шеттетіледі. Ал Әбдірәсілдің кабинетіне ғана емес, жүрегіне өмір бойы күн түспей келген. Ол балалары мен немерелеріне бір ауыз жылы сөз айтып, оларды еркелетуге де ебедейсіз. Балалары да оған немқұрайлылау.

Сөзімізге сол әңгімедегі мысалды дәйек қылсақ: «Ой дүние - ай, кешегі күнге дейін еліміздің алдыңғы қатарлы бір жоғары оқу орнында кафедра меңгерушісі болып, аудитория толы жеткіншектерді бір шыбықпен айдаған Әбдірәсіл бүгін өз немерелеріне бір ауыз жақ аша алмайды. Төменшіктейді, солардың ығына жығылады, алдарына түсіп құрдай жорғалайды. Сес көрсету ме саған, тоқтай тұр! Бет-аузына маска киіп алған цирк әртістеріндей өтірік ыржалақтайды, жорта күледі, иіліп-бүгіледі. Бұл маңнан Әбдірәсілдің иісін де таба алмайсың» (296-бет). Міне, біздің ғалымның бүгінгі келбеті.

Ол көбіне көп өзімен-өзі. Есесіне он жеті жыл бойы шалғайдағы келіншекпен хат жазысып, «өсіп» келе жатқан қызының қызығына малтып, оқуға түсіріп, ләззаттанған күмпілдек пенде. Келіншектің түпкі арманы «орындалып» еді, сағынышты хаттары да сап тыйылды.

Қысқаша айтсақ, бір кездері жолсапарда танысқан керекулік келіншек мұны жиырмаға жуық жыл өткен соң да тауып алып, махаббат мұңын шерткен хаттарын үздіксіз жолдап тұрады. Отбасы жылылығын, балаларының қайырымын көрмеген ғалымымыз керекулік келіншектің хаттарынан жылу тапқандай, өмірдің мәнін енді ұғынғандай болады. Әлгі хат жазғыш келіншек «сенен қызым бар, әкелік парызыңды орындап, қызыңды оқуға түсір» дейді ақыр-аяғында. Әбдірәсіл бар абыройын салып, өзгенің қызы ма, өзінің қызы ма белгісіз керекулік «қызын» оқуға түсіреді. Қыз оқуға түскен бойда керекулік махаббатынан хат та шорт кесіледі.

Нақ осы шығармада қоғамдағы көкейтесті мәселелер де Әбдірәсілдің басындағы қайғымен қабат айтылып, қоса көтерілген. Ол «компьютербасты» адамдардың бір-біріне жан жылуын көрсете алмауы. «Осы күндері адамдардың бір-бірімен хат жазысып сырласуы деген дәстүр де пышақ кескендей үзілді ғой. Қалта телефонымен бір-екі ауыз амандық-саулық сұрасады да барлық шаруаны сонымен бітіреді. Немесе, электронды пошта деген құдырет шықты бүгінде. Сарт та сұрт, өңкей шолақ сөйлемдермен діңкеңді құртады. Айызыңды қандырмайды. Құдықтың ащы суын ұрттап қойғандай ұртыңдағыны не ары, не бері төге алмай ит әуреге түсесің» (293-бет). Әбдірәсілдің осы бір ішкі ойы арқылы қазіргі қоғамдағы көп ішіндегі жалғыздық мәселесін көтереді.

Жазушының «Оны ешкім іздемейді» әңгімесі де осыдай психологиялық желіге құрылған. Әңгіме кейіпкері – аралдық балықшы Мөңкебай. Кезінде Аралдың балығымен аты шығып, балық зауытының құрмет тақтасынан суреті түспеген атақты балықшы. Бар саналы ғұмыры теңіз жағасында өткен оның қарттық өмірі қаланың көп қабатты үйіне сыймай жүрген, жоқтаусыз балықшы.

Мөңкебай да «Күн түспейтін терезедегі» Әбдірәсіл сияқты тірі кезінде бар-жоғы ұмтылған адам. Көп ішіндегі жалғыз. Шығарма тілімен баяндасақ, «Ара-тұра әңгімелесу үшін қоқыс салатын темір жәшіктің төңірегінен де адам-қара іздемеуші ме еді. Кезбе, бомж деп сол соры қайнағандарды несіне кемсітеді. Оу, олардың кезінде қандай адам болғандығын кім біліпті?» (309-бет). Тілдесу үшін тірі жанды кезбелер арасынан іздейтін Мөңкебай өз үйі үшін көлеңке ғана сияқты. Оқымысты ұлы Алдаберген үшін әкесінің қара көрсетіп, қауқиып

жүргені ғана керек. Таңнан газет оқумен азан шақыратын ол кешке дейін жұмыста болады. Әкесімен қауқылдасып отыратын уақыты жоқ. Ал келіні үшін оның бұл үйде мүлдем болмағаны жақсы. Түнде балаларының көрпесі ашылып қалғанын да қайын атасынан көретін кірпияз келін коммуналдық төлемді аз төлеу үшін Мөңкебайдың бұл үйде тұратынын елден жасырып әлек.

Хош, сонымен Мөңкебай кәрі Аралдағы жерлестерінен салтанатты кешке шақырту алады. Ол қуанышын бала-келініне айта да алмайды. Өйткені, мұның сөзіне құлақ қояр ешкім жоқ. Болмаған соң бар жаңалығын, өзіне іздеу салған жерлестерінің жеделхаты туралы бес жасар немересіне айтады.

Жолға шыққан Мөңкебай пойыз басында сол Аралдан Алматыға келіп, атақтары шыққан жерлестерімен танысады. Жерлестерінің осалы жоқ. Шетінен аты топ жарған ғалым, оқымысты.

Тағы да сол әңгімені мысал етсек, «шамалауынша арнайы вагонмен келе жатқандардың «осы қалайы» жоқ-ау. Өңшең академик, өңшең оқымысты, өңшең міністір. Қозғалулары қиын, сәлемдесулері салқын» (312-бет). «Адам-ау, мына жұрт шынымен жынданғаннан сау ма?! Төңірегі гу-гу, дарақы күлкі, гүрілдеген дауыстар. Тойға бара жатқандай. Әжік-гүжік әңгімелеріне де ара-тұра құлақ түріп қояды. Естіген сайын аза бойың тік тұрады-ай! Теңіз-анамыз әл үстінде жатқанда аузына су тамыза алмадық-ау деп кәдімгі адами жанашырлық танытатын бірі жоқ. Өңшең көк мылжың. Арақтың буы ма, әлде бір-бірімен жарысқа түсіп, бедел асырғылары келе ме, уәждеріне қарадай-қарап қарның ашады. Біреулері қызды-қыздымен космоспен байланыс жасағандығын да айтып қалды. Космоспен берілген сигналдың арқасында теңіз екіге бөлінген екен. Дарияның теңізге құяр азғантай суын сол жақтан есептетіпті-мыс» (313-бет), «атақты жерлестеріне жоламауға тырысты. Өңшең академик болмақ түгілі жер тіреп тұрған құдырет болса да ұрып қойыпты) Әне, ұялмай-қызармай ұлы теңіздің кешегі бастан кешкен бар тауқыметін ұмытып, тойлағалы келе жатыр. Кейбіреулерінің ат-шапан дәмететін сыңайлары бар» (314-бет). Жол үстіндегі Мөңкебайдың көргені осы. Теңіз табанындағы шеге құмнан бөгет тұрғызып, теңіз ұлтанынан там-тұмдап су жинаған жергілікті тұрғындардың еңбегі еленбей, ауылдан алыста жүрген атақтылардың марапатқа ие болып, масайрағандарын көрген Мөңкебай бастапқыдағы ойынан айнып та қалады. Алғашқыда Аралға жеткенше асығып, сағат санап келе жатқан Мөңкебай туған жеріне жақындаған сайын, ұяты оянып, туған жер алдындағы парызы есіне түсіп, өзінше бір әлемтапырық күйге түседі. Ауылдастары алыстан келе жатқан мұны ән-күймен емес, «жұмақ жер іздеп, тартылған теңіз жағалауына бізді тастап, үдіре көшіп кетіп едің. Енді не бетіңмен келіп тұрсың?» деп табалап, жазғырып қарсы алатындай көрінді.

«Әлденеден қашқақтайды, қуыстанады, бөтенсиді. Бірде болмаса бірде бір жүрек жұтқан «Немене, туған жерің енді есіңе түсті?!» деп дүңк еткізетіндей. Қарсы жолығысқанның бет-жүзіне тіктеп қараудан да жасқаншақтайды. Анда-санда: «Мұнан өткен сатқындық болар ма екен-ау!» деп те өзін-өзі жерлеп бітеді. Саналы түрде елден көшіп кетті. Сылап-сыйпайтыны жоқ, саналы түрде сатқындық жасады. Осы айыбын немен өтейді? Ал мұнан құтылудың жолы қайсы?» (315-бет).

Мөңкебай жан дүниесіне қылау түспеген лирик кейіпкер. Патриоттығы басым. Ол өзін арнайы шақырған салтанатты жиынға қатысып, сыйлыққа ұсынған зерлі шапан, кәдесыйға, атақты жерлестер құрметіне жайылған мол дастарханнан дәм татуға лайықсыз санады. Ішкі ойы, ар-ожданы жібермеді. Әңгіме соңында маяксыз қалған теңіз басына күзетші болып қалуды жөн санады. Қаладағы бар-жоғы білінбейтін тірлігінен теңіз басындағы күзетшілікті қош көреді.

Қуаныш Жинбай шығармаларының тағы бір ерекшелігі шығарманың фабуласында. Әңгімеде басты кейіпкерден басқа қосалқы обаздар жоқ. Диалог та жоқ. Бар болғаны негізгі кейіпкер мен оның ішкі ойы ғана. Кейіпкерлердің психологиялық

образы жан-жақты ашылған. Сюжет нанымды, тілі жатық. Бір деммен оқылатын шығармалар.

Қаламгер Қайсар Әлімнің сөзімен қорытындыласақ, «...жазушы жанрды емес, жанр жазушыны таңдапты. Демек, шын талант үшін кез келген жанр жат емес. Гәп – Қуаныштың оны қалай игергендігінде, иә, иін қапысыз, қандыра илепті… Мұнда ой мен оқиға, мінез бен тіл, көрініс пен пейзаж, идея мен образға жан бітіп, өмірдің ақиқат шындығына айналған. Қуаныш Жиенбай әңгімелерінің оқиғалары қолмен қойғандай мінсіз дөңгеленіп тұрады, сонысымен еліктіріп әкетеді. Сағат тегершігіндей тық-тық, артық әуен жат. Қырнауға қарманғаныңызбен қапыдан қызыққа кенеліп, қымбат уақыттың мол қайтарымды болғанына масайрайсыз».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қуаныш Жиенбай. Күн түспейтін терезе. - Алматы: «Қайнар» баспасы, 2010 ж.
2. Қуаныш Жиенбай. «Күн түспейтін терезе», Алматы, «Қайнар», 2020 жыл.
3. Қуаныш Жиенбай. Ән салуға әлі ерте.

ЖҰМБАҚ МӘТІНДЕРІНІҢ КОГНИТИВТІ ҚҰРЫЛЫСЫ

ӘОЖ 821

Бақытжанова А.Н.
АӨУ магистранты, Ақтөбе қ.

Жұмбақ мәтіндерінің когнитивті құрылысын қарастыру тілдік санадағы когнитивті феномен ретінде анықтауымен байланысты. Жұмбақтардың өзге де паремиялардан айырмашылығы функционалдығы арқылы анықталады. Бұл лингвомәдени ортада қалыптасқан білім жүйесі дегенді білдіреді. Н.Н. Семененко паремиялардың қоғамдық пікірдің ретрансляциясы екенін, әлеуметтік-мәдени ситуациядағы халық даналығының көрінісі тіл тұтынушысының тілдік жадында сақталған тұрақты әрі берік қалыптасқан бірліктер ретінде анықтайды [1, 56]. Осы ретте «Бабалар сөзі» сериясымен жарық көрген жұмбақтар жайлы бөлімде атау жайлы мынадай анықтама берілген: «Жұмбақ қоршаған ортаны, заттарды көркем тілмен бейнелеп, адамдардың әсемдік талғамын оятады. Тыңдаушының сезімін қозғап, сүйсіндіреді де, баурап та алады. Онда карапайым заттардың өзі асқақ поэтикалық толғаныспен бейнеленеді, демек, эстетикалық қызметі де тегеурінді деген сөз. Жұмбақтың тілі қарабайыр тіл емес, образды сөз, одан бір кездердегі халықтың сұлулыққа құштар талғам-түсінігін аңдаймыз» [2, 8]. Фольклорлық шығармалар ішінде жұмбақ жанр ретінде поэтикалық, логикалық болмыстары арқылы ерекшеленеді. Осы ретте қазақ және орыс жұмбақтары мәтіндерінің когнитивті құрылысын қарастырамыз.

Жұмбақ жанрын А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Әбжанов, Ж. Адамбаева, Н. Оңғарбаева, Ш. Керім, Ш. Әлібеков, Н. Семененко, А. Алефиренко, В. Топоров, А. Мухтаруллина сынды зерттеушілер қарастырған. Қоршаған ортаны танудың негізінде адамзат мида сақталған ақпараттардың қабылдауы санада когнитивтік процестерді туғызады. Алғашында балаларға арналған жанр ретінде қалыптасқандықтан, бүлдіршіндерге әлем жайлы ақпаратты таныту ретінде қарастырылады. Осы негізден жұмбақ жанрының қалыптасуы қиын процесс. Бұл жайында О. Ларионованың мынадай пікірі бар: «Әлемді қабылдау нәтижесінде алынған ақпараттар метафораға айналып, кодталады» [3, 265], - дейді. Жұмбақты шешу үшін ойлау операциялары іске қосылып, образды ассоциация арқылы жауабын табады. Осы негізден жұмбақты шешу үшін үш маңызды процесс көрінеді:

- Синтаксистік құрылым;
- Мәтін интерпретациясы;
- Лексикасы және метафоралық құрылым.

Зерттеуші О. Ларионованың пікірінше, когнитивтік парадигма аясында фольклор мәтіні ретінде жұмбақ ұжымдық білімнің көрінісі, автордың дүние жайлы көзқарасын анықтайды [3, 265]. Бұл арқылы жұмбақтың когнитивтік негізі анықтала түседі.

Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде жұмбақ жайлы анықтама былайша берілген: «Халық, ауыз әдебиеті жанрларынын, бір түрі, көлемі қысқа, есте сақтауға қолайлы келеді. Жұмбақтың негізі жанрлық өзгешелігі ол – белгілі бір затты, нәрсені, табиғи құбылысты, адам болмысын, іс-әрекеті, ой-өрісі, мінез-құлқын, психологиялық өзгешеліктерін, әлеуметтік, қоғамдық күрес-тартыс шиеленістерді ойланып, шешімін табуға ыңғайлап, басқа нәрсенің қасиет-сипаты немесе әрекет-қимылы арқылы тұспалдап айту тәрілі. Жұмбақ ерте заманнан дамып фольклорда, кейін әдебиетте кеңінен орын алған. Барлық елдердің әдебиетіне ортақ жанр. Фольклорлық туындылардың өзге түрлеріне қарағанда өсу, толысу жолдары мол. Әрбір дәуір туғызған жаңалықтарды бойына жинай отырған халық рухани қазынасының бір саласы. Балалар мен жасөспірмдерге білім берерлік, тәрбиелік мәні зор құрал. Бұл жанрдың өзіне тән бірқатар ерекшеліктері бар. Ең алдымен, тапқырлыққа, ой өткірлігіне назар аударады. Мазмұнында деректілік, нақтылық басым келеді. Кейде әрбір затты құлаққа естілетін, тек соған сай дыбыс белгісімен де бейнелейді: «Әуелі күбі түсті, күбінің түбі түсті»,– деп күннің күркіреуін дыбыс ұқсастығына қарап жұмбақтайды» [4, 122]. Осы негізден жұмбақтың қоғамдық сипаты анықталатынын көреміз.

Осы ретте К. Нургалиев, А. Нургалиева зерттеулеріндегі жұмбақтың этникалық менталитеті жайындағы пікірлерін қарастыру маңызды. Бұл арқылы әр этностың өзіне тән мәдениеті, халық мінезі, әлеуметтік, тарихи реалийлер әсер ететінін көреміз [5, 60]. Этникалық менталитеттің айқын көрінетін саласы – фольклор, халық ауыз әдебиеті. Бұның негізінде халықтың геомәдени факторлары жатыр. Халық ауыз әдебиетінің қалыптасуына қоршаған орта, өмір сүретін кеңістікте әсер етеді. Осылайша, жұмбақтар халық ауыз әдебиетінің нәтижесі ретінде қалыптасып, ұрпақтар алмасуында ойлау әрекетінің, ондағы жалпыадамдық құндылықтар жүйесінің ерекшелігін көрсетеді. Осылайша, жұмбақтар оқиғалар, заттар, құбылыстар жайлы поэтикалық образды қалыптастырады, құбылыстар мен заттардың сапасы, ерекшеліктері жайлы ойландырады. Алайда қазақ фольклорын зерттеуші М. Мукановтың жұмбақтар жайлы пікірлері фольклордың рефлексивті қызметімен байланысты. Зерттеуші әрекет жайлы критикалық ойлау арқылы қалыптасқан рефлексия формасы ретінде анықтайды [6, 10]. Осылайша жұмбақтың әр халыққа тән ерекшелігі анықтала түседі.

Халқымыздың аспан әлемі жайындағы жұмбақтарды қарастыратын болсақ, әлем жайлы, оның пішіні, формасы жайлы көзқарастарын көреміз:

Төңірегі тең көрініп,
Теген жатыр төңкеріліп,
Жас та сиған, кәрі сиған,
Астына оның бәрі сиған [2, 31]. Орыс халқында аспан жайлы мынадай жұмбақ кездеседі:
Голубой шатёр
Весь мир накрыл [7, 34]. Қазақ және орыс халықтарында кең таралған аспан жайлы жұмбақ геомәдени фактор арқылы ажыратылады. Көшпелілер үшін аспан ұғымы Тәңір ұғымының баламасы тәрізді. Барлық адамзат үшін сая болатын аспан түсінігі орыс халқы үшін «шатыр» ұғымымен байланысын көреміз. Бұл халықтың отырықшы салтының көрінісін білдіреді.

Жапанда жайнап тұрған бір бәйтерек,
Заты бар бұтақ сайын жанға керек.
Балта, шөміш, түрен мен мойынтұрық –
Төртеуін таңдап алдым ерекше елеп [2, 31], – деген жұмбақ түнгі аспандағы жетіқарақшы, көкбозат, ақбозат, арқан, таразы жұлдыздары жайлы. Жұлдыз ұғымы бәйтерек түсінігімен, күнделікті тұрмыста қолданылатын балта, шөміш, түрен, мойынтұрық сияқты заттармен жасырылған.

Рассыпалось к ночи золотое зерно,

Глянули утром – нет ничего [7, 78]. Келтірілген жұмбақта алтын дән түсінігі де – геомәдени фактордың белгісі.

Взгляну я в окошко,
Раскину рогожку,
Посею горошку,
Положу хлеба краюшку.
Всякий видит, да не всякий чует.
Кому светло,
Кому темно,
а мне голубо (небо, звезды, месяц) [7, 183]. Келтірілген жұмбақта бидай шаруашылығы сипатталып, халықтың тұрмысы образды бейнеленген.

Дарияда жайын жүзер дөп-дөңгелек,
Қанаты асты қара бір көбелек.
Жанады бір шаһардан сансыз шырақ,
Адамға қиын екен санап білмек [2, 34], – деген жұмбақта дария, дөңгелек ұғымдары халықтың танымында образды түсінік қалыптастырып, аспан әлеміндегі ай, күн, түн, жұлдыздар түсінігімен байланыстырылған.

Осы ретте А. Афанасьев зерттеуінде жұмбақтың шешімін табудың қиындығы бір құбылыстың екінші құбылыспен бейнеленуі, аналогиялық сипаттау арқылы жүзеге асатынын айтады [8, 13]. Осы негізден аспан, аспан денелері жайлы жұмбақтар геомәдени факторлар арқылы, оның ішінде әлемді қабылдау мен тұрмыс-тіршілікпен байланысты екенін анықтаймыз. Бұлай болуының себебі жұмбақтың тілдік белгіде денотант арқылы қалыптасатынын, ол өз кезегінде адам санасындағы образбен айқындалады. Осылайша образ менталитет белгілері мен қоршаған ортадағы қалыптасқан түсініктер арқылы жүзеге асады. Жұмбақтар екі бөліктен құралады:

- Жұмбақтар (Сұрақ);
- Жұмбақтың шешімі.

Аталған екі бөлік бірімен тікелей байланысты. Жұмбақ мәтініндегі семантикалық байланыс анық көрінбеуі маңызды. Себебі жұмбақтың шешімі бөлігінде қызығушылықты жоғалтады.

Жұмбақтар әлемнің тілдік бейнесінің фрагменті болғандықтан когнитивті метафоралық модельді қалыптастырады. Қазақ жұмбақтарын тақырып ерекшеліктеріне байланысты аспан әлемі; жер, табиғат құбылыстары; жануарлар; құстар; жәндіктер; адам; үй; шаруашылық құралдары; тағамдар деп ажыратылады. Жұмбақтардың когнитивті моделі сипатталумен байланысты. Мәселен, қой жайлы жұмбақ былай берілген:

Кішкентай ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны бар [2, 125]. Аталған жұмбақта қойдың болмысы, бітімі сипатталған. Бұл арқылы қазақ халқының тұрмысы, шаруашылығы бейнеленген. Көшпелі тұрмыс сүрген халқымыз үшін қой малы – төрт түліктің бірі.

Шапаным да, тоным да
Арқаның жүр жонында.
Атам соның соңында,
Таяғы бар қолында [2, 125], - деген жұмбақта да қой бағу шаруашылығы көрсетілген. Оның ішінде қойды таяғымен бағатын шопанның болмысы суреттелген. Бұл арқылы шаруашылық жайлы жұмбақтар қазақ халқының тұрмысы мен тіршілігін сипаттайды. Когнитивтік модель қазақ халқының қой өсіру шаруашылығы, жануардың болмысы, мінезі сынды ерекшеліктерін анық білумен байланысты.

Орыс халқының жұмбақтарында 21 түрлі тақырыпқа бөлінеді. Қазақ жұмбақтарынан айырмашылығы су, балық шаруашылығы, орман шаруашылығы түсініктері бар. Бұл халықтың негізгі геомәдени факторын көрсетеді. Табиғат құбылыстары жайлы жұмбақтарында жалқы есімдер, оның ішінде адам есімдері кеңінен қолданылады.

Посмотрю в окошко,
идет длинный Антошка (дождь).

Это что за невидимка,
Хлопает в саду калиткой,
На столе листает книжку,
Шорохом пугает мышку,
Сорвал с бабушки косынку,
Покачал в коляске Димку,
По-играл листвой, поверьте!
Ну, конечно, это (ветер).

Орыс халықтарында жануарлар жайлы жұмбақтарға тоқталатын болсақ:

Стоит копна: спереди вилы,
сзади копна (корова);
Четыре брата идут по дороге,
у всех бороды сзади (ноги лошади);
По земле ходит, неба не видит,
ничего не болит, а все стонет (свинья). Мәселен жылқы жайлы жұмбақта жылқының аяқтары төрт бауыр деп сипатталған. Бұндай «төрт бауыр болыпты» деген сипаттау көп жағдайда фольклорлық шығармаларда көбірек қолданылады.

Осы негізден жұмбақ жанр ретінде халықтың өмірлік тәжірибесі негізінде қалыптасып, менталитет пен ұрпақтардың тәжірибесі негізіндегі жинақталған білім арқылы үлкен маңызға ие. Жұмбақтардың негізінде геомәдени факторлар, этникалық менталитет сынды ерекшеліктер жанр ретінде күрделеніп, танымдық құрылымды түрлендіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Семененко Н.Н. Когнитивно-прагматическая парадигма паремической семантики (на материале русского языка):Дисс. д-ра филол. наук. Белгород, 2012. 417 с.
2. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2010. Т. 64: Жұмбақтар. – 432 бет.
3. Ларионова О.Н. когнитивная составляющая русских загадок. Вестник Тюменского государственного университета, 2010. №1. С. 264-269
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1998. - 384 б.
5. Нургалиев К., Нургалиева А. Казахские традиционные загадки как специфическая форма трансляции культурно-исторического опыта. // Культурно-историческая психология. 2022. Том 18. № 4. С. 59-69.
6. Муканов М.М. Исследование когнитивной эмпатии и рефлексии у представителей традиционных культур / Исследование рече-мысли и рефлексии. – Алма-Ата, 1979. С. 3-12.
7. Загадки народов России / Сост. Т. Климова. М., 1996. 264 с.
8. Афанасьев А.Н. Поэтические воззрения славян на природу. – Москва: Современный писатель, 1995. 820 с.

ШЕРНИЯЗ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САТИРАЛЫҚ САРЫНДАР

ӘОЖ 82-1/-9

Дауылова Ж.Т.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, докторант

Бабалардан қалған сөз мұрасын киелі санаған қазақ халқы оны ауыздан-ауызға жеткізіп,тарихи зердесінде сақтап келді. Алайда, ол мұралардың көпшілігі бізге жетпеді. Көне замандардан бері қазақ халқының авторлық ауыз әдебиетін жалғастырып,рухани-мәдени құндылықтарды кейінгі ұрпақтарға жеткізуші ақын-жазушылардың,әнші-жыршылардың,би-шешендердің,сал-серілердің шығармалары XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қана там-тұмдап болса да жинала бастағаны белгілі. Аталған жәдігерлер қазақтың сайын даласы сияқты шетсіз-шексіз қордаланған рухани қазынаның мыңнан бір бөлшегі

болғандықтан,олардың көлемі тым мардымсыз болды. Қазан төңкерісінен кейін алаланып болса да жиналған халық ақындары шығармаларының бірі-Шернияз Жарылғасұлы мұралары. [1.12]

Шерниязды басқа ақындардан ерекшелігі шығармаларында уытты сатираны сол қолдануында.Қоғамның бойындағы,жекелеген адамдардың бойындағы келеңсіз құбылысттарды сынау,ондай нәрселерді ащы тілмен түйрей суреттеу бұрыннан келе жатырған үрдіс.Бұрыннан дегенде бұны жыраулық поэзиядан желі тартып, XIX ғасыр ақындарына дейін келіп жеткен әдеби дәстүр деп айтуға болады. Бұл тарихи кезеңнің ақындары ел басында болып жатқан әлеуметтік ауыр жағдайларды ашына жырлады.Қоғамның басындағы отаршылдық саясат негізінде туындаған «дертті» зәрлі тіллмен шенеп көрсетті. Бұл жөнінде ғалым Т.Әлібек былай деп жазады: «Қалың бұқара көңіліндегі мұң мен жала, ыза мен кек, арман мен мұрат көркем сөз арқылы мейлінше кең көрініс тапқан еді. XIX ғасырда жасаған талантты ақындардың тұтас бір тобы ел тілегінің жоқшысы,күрес күндерінің ұраншысы, күрделі,қайшылықты заман шежірешісі болды [1.138]. Осы ақындар тобының ішінде Шернияз Жарылғасұлы заман сүреңін, ел басындағы әлеуметтік шындықты сатира тілімен жеткізуде ерекшеленіп көрінеді.

«Заман да келді қырыңнан,
Қамыңды же бұрыннан.
Бұрынғы заман билерде,
Арзан бір барма еді бұзылған,» [2.47] -

деп сөз саптауы Шерниязды заманының сол кезгі бейнесін реалды суреттеуі еді. Заманның кейпін қай ақын болса да өлеңдеріне қосады, Шенрниязды бұл жердегі ерекшелігі «заманына қарай адамы» деген сияқты, заманға қарай билердің түрленуін айтуы. Қазақ халқының ұғымында би-әділдіктің символы.Ал,енді би бұзылса, би «заманға күйлесе» не болады деген ақын ашуға булығады. Заман ағымын барынша ашып көрсетуге бел буады.

Шерниязды түсінігінде ел және елге қарсы адамдар деген екі ұғым бар. Ол елге қарсы адамдар тобының арасында өзі жақсы білетін, көзімен көріп жүрген Баймағамбет сұлтанды алдымен сөзбен түйрейді:

Аржақта Арғынқазы дүмбірлеген,
Байеке, елің бар ма бүлдірмеген?
Төре кетіп, төбеде төбет қалып,
Туып тұр ел басына бұл күн деген.
Қазақтың қара жұртын быт-шыт қылған,
Төре емессің,төбетсің дым білмеген [3.138]-

деп бетке соға айтуы бір жағынан Шерниязды ақындық арынын, хан алдында тұрса да қаймықпай айтатын ежелгі жыраулық дәстүрден сақталып жеткен жүректілігін,тілінің сатирамен суғарылған өткірлігін айқын көрсетеді.

Шерниязды тіл ерекшелігі ащы сөзбен шенеп айтуында ғана емес, сонымен бірге ирониялық тәсілді де шебер қолдануынан байқалып отырады:

Үш қабат ақ патшаға барып келдің,
Жақсыны жаманменен танып келдің,
Қызметің ақ патшаға жаққаннан соң,
Жанарал үлкен шенді алып келдің.
Бардыңыз Петерборға ол бір күнде,
Патша көріп таңданған келбетіңе.
Құдайдан бұдан артық не сұрайсың,
Сегіз санат тік тұрған қызметіңе. [4.33]

Ақынның бұл өлеңінде біраз тарихтың беті ашылған. Бір қарағанда Баймағамбет сұлтанның іс-әрекеттерін мақтаған сияқты көрініп тұрған өлеңде сатираның бір тәсілі саналатын ирониянның нақ өзі тұр. Патшаның аудиенциясын алу оңай еместігін ескере келіп Шернияз Баймағамбет сұлтанның ақ патшаға бір емес, үш мәрте барғанын жақсы қызмет жасай білетіндігін көрсетіп,жандарал шенін алғанын ирониялап жеткізеді.Халықтың «мақтамен бауыздады» деген астарлы сөзі осындайда айтылса керек. Шернияз Баймағамбетті мақтаған

болып отырып оның даңғазылығын осылайша келеке етеді. Оны түсінбеген Баймағамбет сұлтан ақынды барынша құрметтеп сыйлайды. Тіпті Шернияздың Исатай-Махамбет көтерілісінің белді қатысушысы,өзі қызмет қылып,мен алып отырған жүйеге қарсы адам екендігін де естен шығарғандай болады.

Исатай батырдың қасында жүріп,көтерілістің ұраншысы,сарбаздарға Махамбет үлгісінде дем беруші болған Шернияз енді көтеріліс күшпен басылған соң алаңсыздан ел ішіне қайта оралып,Баймағамбетті төңіректеп жүруге мәжбүр болады.Бай,сұлтандардың мақтау айтқанды жақсы көретін психологиясын білетін Шернияз Баймағамбет сұлтанды одан бетер мадақтап,көтермелеп сөйлейді:

«Білемін, хан Байеке,нарығыңды,
Келсе-кең, қайтса-қайтпас тарлығыңды.
Баласын алты Алаштың шырқ үйіріп,
Ел билеп,жұрт сұраған хандығыңды.
Шеріңе бір тілекті ал деп едің,
Алдың ба өзің қайтып жарлығыңды?
Өз атың жұртқа мәлім Баймағамет,
Патшаға сексен қара ат байлаған бек.
Сібірге Исатайды айдаған бек,
Шеріңнің басын алсаң жалпы жұртың
Қ...деп жүрмесін,-шайнаған бек.
Ажалым жетіп тұрса бар ма шара,
Өлімді ойлатпайды тіл бейшара.
«Қара қайта сөйлесе қатын» деген,
Хан қайта сөйлесе болды «қара» . [5.32]

Бұл сөздер Шернияздың Баймағамбетті тыста кездестіріп «үйге кіріп сөйлесейік» деген сұлтанның ұсынысына үстінде киімі жоқ екенін айтып:

«Ордаңа осы күйде кіріп болмас,
Жақтырмас ханымың да қаны қашар.
Ордаңа осы күйде кіріп барсам,
Тепкілеп қуып шығар ханышалар» [5.229]-

дегенде Баймағамбет үстіндегі ішігін шешіп беріп, «мынаны жамылып үйге кір, кейін өзіме қайтып берерсің» деп айтқанына берген жауабы болатын. Бұл жерде де сатиралық сарын айқын байқалады.Кисе ханға жарасар қымбат ішікті Шернияз қасақана сүмірейте суреттеп:

«Терісін он тышқанның бере салып,
Сұраған,төрем қайтып неткен сұмдық» деп салады. Одан әрі ішікті басы бүтін иемденіп алуды көздеп:

«Ақ сұңқар түлегенде түк қалады,
Бұл да бір қалған бүгім демесеңіз.
Жамылып ішігіңді шекем қызбас,
Қайтейін басы бүтін бермесеңіз» [5.230],-

деп Баймағамбетті тығырыққа тіреп қояды.Себебі ұлттық танымдар мен ырымдар ханға да,қараға да ортақ.Ақын осы арқылы ұтымды сөз табады және оны ирониямен шебер жеткізеді.Бұл ретте сатира зерттеушісі Г.Ушурованың бір пікірі дөп айтылған: «Сатиралық жанрдың ерекшелігі де сонда,идеал ұғымды «антиидеал» ұғымға айналдырған кейіпкерді сын найзасына ілетін сипатында.Шындығында сатирик ақынға тақырып тауып,оны аса бір астарлы салыстырумен беру шеберлікті талап етеді. Жалпы лирикалық сатира өзінің жанрлық жинақылығымен,тілінің уыттылығымен ерекшеленеді [6.11]. Осындай ерекшелік Шернияз шығармашылығының басты нысанасы болып табылады.

Шернияз бен Баймағамбет сұлтан арасында бейбіт,мамыражай күндері қазақы салтпен кездесулер де болған. Мәселен, Ақ Кете Шернияздың бір күні Баймағамбет сұлтан шақырып алып, қонақ қылады. Кетерінде оған соғымға бір түйе беріпті. Ертеңгісін дәрет алуға шыққан Шернияз түйенің қасында күбірлеп тұр екен. Оның не айтып тұрғанын білуге сұлтан өзінің тыңшысын жіберіпті. Сонда Шернияз түйеге былай деп сұрақ қойып тұр екен:

Сен түйемісің
Баймағамбеттің әкесі
Ералы,Нұралыны білемісің?
Іле-шала ақын өзі түйе болып былай жауап қайтарыпты:
Мен өзім байлаудағы түйемін,
Жіберсе Атыраудан да келемін,
Сен Ералы,Нұралыны сұрап тұрсың-ау,
Мен оның әкесі Айшуақ,Байшуақты да білемін.
Тыңшының сөзін естіген Баймағанбет: «Жағың сыңғыр,түйені кәрісініп тұр екен.Өрістен жас түйе әкеліп беріңдер» деген екен.
Келтірілген сюжеттегідей Шернияздың сатираны қару етіп қарсыласын сүріндіруі,байлардың,сұлтандардың келеңсіз қылықтарын әшкерелеп,әжуаға айналдыруы халық арасына тарап,елдің сүйсіне айтатын әңгімесіне айналған.Сондай фольклорлық әңгіменің бірі-Шернияз бен сараң байға байланысты.Шернияз Исатай-Махамбет көтерілісі жеңіліске ұшырғаннан кейін қуғында жүріп,бір байдың үйіне келеді.Аман-сау сұрасқаннан кейін үй иесі қонақтың Шернияз екенін білген соң,өрістен қой алғызады.Бай өте семіз,орнынан тұра алмайтын кісі екен.Билікті қолына алған бәйбіше «қаңғып жүрген Шерниязға осы да жарар» деп, үй маңындағы қойға ермей қойған нашарлау , арық тоқтыны да алдырыпты.
Тоқтыны есіктің алдына әкелген соң, бай сойылатын малға ақыннан бата сұрапты. Сонда Шернияз қолын жайып:
Жануардың тұрысын-ай марқалап,
Құйрықты да жүр екен ғой арқалап.
Бәйбішенің билігі-ау!
Балаларың тез әкелді арқалап.
Байекең арық-семізін қайдан білсін?
Жатысы мынау ғой,
Қарнын көтере алмай шалқалап, - дей бергенде, бай арғы жағын айтқызбай, бәйбішесі мен балаларына ұрсып, өрістен дұрыс мал алдырыпты. Міне, Шернияз Жарылғасұлының шығармашылығының еліміздің барлық аймақтарына таралып, әлі күнге дейін әңгімеленуінің сыры осында. Сайып келгенде сатираның тағылымдық мәні де осы деп білу керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлібек Т. Халық әдебиеті және тарихи жад.Монография.Алматы: «Тау-Самал», 2018.-284б.
2. Пангереев А.Ш. Ақын және оның дәуірі. «Шернияз Жарылғасұлы және ұлтт-азаттық поэзия»(Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары 12-13 қазан,2012ж)-Ақтөбе:Қ.Жұбанов атындағы АМУ РБК,2012.-309б.
3. Жұмашев Қ. XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті. Алматы: Мектеп,1967.-434б.
4. Қабылов Ә. «Өткір тілді өршіл ақын»
5. Бес ғасыр жырлайды.-Алматы: Жазушы,1989.-т.1.-384б.
6. Ушурова Г.А. XX ғасырдың аяғы мен XIX ғасыр басындағы қазақ сатирасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферат.-Алматы,2010.-28б.
7. Мусаев А.М. «Шернияз шығармаларындағы сатиралық сарын» . «Шернияз Жарылғасұлы және ұлтт-азаттық поэзия» (Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары 12-13 қазан, 2012ж) - Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы АМУ РБК, 2012. – 309 б.

АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯ ЖӘНЕ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ӘЛЕМІ

ӘОЖ 82-14

Бүркітбаева Г.
Маңғыстау облысы, № 17 ЖББОМ, Ақтау қаласы.

Адамгершілік тақырыбында сөз ететін жырау не ақынның кәсібі – адамтану, міндеті – адамды зерттеу, мақсаты – адам, оның биік мақсаттарға қол жеткізудегі жеткен табыстары туралы белгілі бір байламға келу. Адамгершілік тақырыбының мазмұны, аясы өте кең болғандықтан біз өз жұмысымызда зерттеу обьектісі ететін гумандық қасиеттерді мынадай сала бойынша бөліп қарағанды орынды санадық.

1) қонақжайлық, кеңпейілділік мінез;

2) қауым, уақыт сыры, адамның жас ерекшелігінің сыны мен сипаты;

3) діндік тағылымының адамгершілікке тәрбиелеудің басты құралы болу себептері;

4) қазақ поэзиясында жақсы мен жаманның бейнеленуі;

5) білім, ғылымға ынтықтықтың мәні мен маңызы.

Елдің елдік мәселелерін қозғауды мақсат еткен жыраулардың орны XIX ғасырда ақындармен алмасқан еді, әрине бұдан жыраудың я рөлі кеміп, я тарих сахнасынан мүлде шығып қалды деген ой тумауы тиіс. Ақын да, жырау да өз дәуірінің перзенті. Әрине, XIX ғасырда жыраулардың орны ақындармен алмасады, әйтсе де жыраулардың тілінде ақынға тән лиризм (Бұқар, Үмбетей толғауларындағы сыршылдық), ақындардың желдіртіп, жырауларша толғау айтып, көсілетін тұстары болған. Осы арада әдебиеттегі, поэзиядағы лирикалық кейіпкердің көрінісіне назар салайық. Ақындық поэзиядағы «меннің» қолданысын саралаудың маңызы зор деп білеміз. Зерттеуші Л. Тимофеев «лирикалық образ арқылы нақты адамның жан тебіренісін көре отырып, оның осы толқуына себеп өмірлік биографиясын да түйсінуге» болатындығын [1, 350 б.], зерттеуші Г. Поспелов «лирика – ақын жүрегіндегі эмоциялық көңіл-күйді жеткізуші, ал эмоциялық ойлау – медиативті (толғаныс) тіл» [2, 106 б.] деген анықтама береді. Кеңес дәуірінің зерттеушісі Л. Гинзбург:

«Лирическая поэзия – далеко не всегда непосредственный разговор поэта о себе и своих чувствах, но это раскрытая точка зрения, отношение лирического субьекта к вещам, оценка» [3, 5 б.]. Осы арада ақындық поэзиядағы «меннің» көрінуін саралап кетуді жөн санадық. Зерттеуші

Т. Тебегенов ақындық поэзиядағы автор тұлғаның айқындалуына қатысты «меннің» 3 түрде көрінетіндігін айтады [4, 65 б.].

а) шығарма иесінің өзінің тұлғасын, яғни лирикалық «менін» айтуы;

б) шығарма иесінің өзіне-өзі мінездеме беруі;

в) шығарма иесінің туындысында оның өмірбаяндық кезеңдерінің көрініс табуы. Біз өз зерттеуімізде ғалым Т. Тебегеновтың бұл саралауын негізге ала отырып, поэзиядағы ақындық «меннің» көрінуін былайша бөліп қарастырдық.

1) Махамбеттен бастап дараланған ерлік «мен».

2) Перзентінің қазасына қайғырған ақындардың элегиялық «мені». Элегиялық «меннің» айрықша көрінуі Батыс өлкесі ақындарының жырлары негізінде қарастырылады.

3) Ақындық талантты білдіру үшін қолданылатын шығармашылық «мен». Ақын – көркемдік тіл қуаты құнарлы, сөзі шымыр, ойы алдаспандай өткір творчество адамы. Ақынның жұрты алдындағы беделі қандай? Осы мақсатта біздің қарастырған шығармашылық «мен» туралы таратып айта кетейік.

1) Ақын өзінің сөзін тыңдар әлеуметті сағынады. Бұл әсіресе толғау-жырларында анық байқалады.

Майлықожа:

Бісміллә деп бастайын,
Ал, жақсылар, тыңдаңдар
...Бұлбұлың келді сайрауға
Миуалы гүлдер дарағым.

Базар жырау:

Көре алмай халқым сендерді –

Көптен бері көбеңсіп,
Қалыппын тоғым шайқалмай.

2) Ақынның білгірлігін, білімін сынға салуы. Бұл ақындар тілінде өткен ғұлама-шайхылардың есімін тілге тиек етуімен байланысты. Және де әр өлкенің дәстүрлі ақындық орта ықпалын да анықтайды.

Ұзақбай жырау:

Қожа Ахмет Иассауи
Пірден пірге төре екен.
...Зарыққанды жебеген,
Құр емес дейді зайырдан.

3) Ақындардың сөз қағыстыруында бір-біріне өр талаптар қойып, ақындық қуатын қайрап, шамырқана толғайды. Өзін көтермелеп, қарсыласын кішірейте сөйлеуі − ежелгі ақындық айтыстың дәстүрлі әдісі.

«Қашағанның Ізбаспен айтысында»:

Сен – бір жабы, мен – тұлпар,
Сен қарға да, мен – сұңқар,
...Мен – теңіздегі кемемін.
Басармын да кетермін,
Батарсың да кетерсің.

4) Ақынның топ алдында өзінің ақындық қарымын таныту үшін бейнелі метафоралармен беруі.

Базар:

Тереңдігім теңіздей,
Қайратым – қоңыр өгіздей.

Қалнияз:

Табаны тайпақ сүргінмін,
Тауысқан топты жорғалап.

5) Халықтың өлең-жырға құмарын қандыру да ақынның қаумалаған көпшілік алдындағы парызы саналатын. Мұнда ақын көп сусынын қандырар халықтың қалаулы азаматы, той-думанның дүлдүлі ретінде танылады.

Базар:

Құмарын тарқат алқаның,
Ықыласын көптің қайтармай.

Майлықожа ақын:

Ақынның анық жүйрігі
Жөнелсе сөзге құйылып,
Иіріндей дарияның
Алдына жұртты үйіріп,
Майдай жағып маңызы
Есіткен тұрса сүйініп,
...Үйездеген жылқыдай,
Тыңдаса халық үйіліп.

6) Ақын жүрегіндегі жан толқынысын, шерлі мұңын жеткізеді.

Аралбай:

Еңсесі кеткен жүйрікпін
Еріксіз шауып бұланған.
Қайғы толса қалыбыңа,
Ұшқындап шығар зыбаннан.

Біздің ақындық қарымын танытатын шығармашылық «мен» деп айрықша бөлуіміздің де мәнісі бар еді. Өйткені, шаршы топта қызбалықпен сөз бастау ақындарға оңайға түскен жоқ. Бұқар жыраудың «шаршы топта сөз бастаудан қиынды көргем жоқ» дегені де тегін емес. Дуалы сөзбен жиналған топтың аузын қаратып, ақын-жырау атану үшін де ел бағасына лайық құрметке ие болу керек болған. Міне, ақын-жыраулар өздерін ерекше бітімді, кесек тұлғалы

етіп, айрықша теңеулермен сипаттауы арқылы ақындық қиялының ұшқырлығын, сөзінің асылдығын, ойының маржан ділмәрлігін дәлелдеу үшін шығармашылық «менін» еркін қолданған.

Қазақ әдебиетінде де әйел-ананың өмірдегі орны, ел болып етек жапқан тұстағы арудың намысын қорғау идеясы басты тақырыптардың бірінен саналып, жырланып келеді. Әу бастан-ақ қазақ жұртында әйел затын ерекше ардақтау салты бар. Қыз баланы аз күндік қонақ ретінде сыйлап, нәзіктік пен сұлулықтың бастауы − әйел затына ерекше құрметпен қараған. Әсіресе, қазақ поэзиясында тұңғыш болып сүйікті жардың образын жасаған Доспамбет жыраудың «Алғаным Әли ағаның қызы еді, Қас арудың өзі еді, Маңдайы күнге тимеген, желке шашын үрмеген, серпіліп адам бетін көрмеген…» деп басталатын өлең жолдарында сүйікті жарға деген іңкәрлік сезімі лаулап-ақ тұр. XYIII ғасырдағы Ақтамберді де дұшпанының «айттырса бермес сұлуын, аппақ қылып маңдайын, бұғақ қылып таңдайын…тегін олжа қылар ма екембіз?!» деп армандайды. Абылай ханның кеңесші, көмекей жырауы атанған Бұқардың да әйел сұлулығын жырлағысы-ақ келген. Бірақ сұлуды барынша көтеріңкі леппен мадақтамаған. Өйткені, Абылайдай ірі, тарихи тұлғаның жанында отырып, ошақтың ұйтқысы − әйелдің ажарын жырласа, жыраудың елі алдында да, Абылай алдында да әлеуметтік-тарихи келбеті, сөз тоқтатар сарабдалдық қасиеті төмен болатын еді.

«Абайға дейінгі қазақ ақындарының сүйіспеншілік тақырыбындағы жырлары қыздың сыртқы сұлулығын тамашалаудан аспайтын, ал қыздың өзі тек жігіт тілегінің обьектісі ретінде, пассив қалыпта суреттелетін» [5, 14 б.]. Бірақ батырлар Махамбеттің, Ақтамбердінің дұшпанынан аруды тегін олжа қылуды армандауынан, не Қалнияз ақынның «атажан, деп шулаған, қыз-келіннің дауысы құлағымнан кеткен жоқ» деп қапылыс танытуы қай заманда да, барлық ұлт пен ұлыста әйел затының рөлі төмен болмағанын, тіптен арудың намысы үшін кектесіп, жауласудың да себебі болатынын тарихта да, әдебиетте де көреміз. Өйткені – бұл қатал дәуірдің басты проблемасы еді. Үмбетей де, Тәтіқара да, Ақтамберді де, Махамбет те ішіндегі жан мұңын, көңілін тебірентер жүрек қылын жая алмады, себебі әйел намысын қорғау, арудың арын сақтау жолында, оның ел тағдырымен, замана халімен тікелей байланыстылығы жорықшы-жыраулардан қайратты жырларды ғана керек етті, сондықтан ғалым Қ. Өмірәлиевтің бұл «...әдейі ойластырылған ақындық программаның жемісі емес,...тұрмыстық тақырыпты сөз етуге дейін «төмендей» алмай, одан жоғары тұрған құбылыстарды сөз қылу дәстүрі – ерік берген жоқ» [6, 45 б.] деген пікірі байламды тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Өйткені, 1723-1755 жылдар ішінде қалмақтардың қазақ еліне жасаған жортуылы ел басына ауыр, азапты күндер туғызды. Міне, осы тұста бірлік мәселесінің басты жолға қойылып, қалың елдің тұтастануына ықпал ету Бұқардай көнекөз жыраудың міндетіне енген еді. Жыраудың «Бірінші тілек тілеңіз» толғауы қалың қазақты кең масштабта елдікке, бірігуге үндеген ұранды толғау болатын.

Ақындар жырлауында азаматқа лайықты жақсы жардың ердің атағын шығарып, жаман әйелдің ердің атағын босағаға сүйрейтіндігі жөнінде ғақлияттық жырлар гуманист Шал ақыннан бастау алады десек қателеспейміз. Ұлы Абайдың өзі «әйел жақсы болмайды көркіменен, мінезіне көз жетпей, көңіл берме» демеп пе еді?! Ендеше біздің зерттеуімізде нәзік жандылардың көрік-сипатына не мінез-құлқына зер салу емес, әйел баласының қонақты күту салтына осылайша адамгершілік қатынастың басты қағидасы – қонақ күтуге қатысты ақындардың жыр жолдарын дәйектеуді басты мақсат еткен болатынбыз. Өйткені қазақ атты тұтас ұлыстың әлемге атағын жайған да оның ақжарқын, қонақжайлық мінезі болатын.

Тарихи бір аңызда қонақ күту салты Алашаханның есімімен байланыстырылады. Ол дүние салар алдында өзіне тиісті мал-мүлкін үш ұлына берудің орнына төртке бөліпті-мыс. Оның бірін Ұлы жүздің ағасы – Үйсінге, екіншісін Орта жүздің ағасы – Арғынға, үшінші бөлігін Кіші жүздің Алшынына арнап, төртіншіні қонақасы ретінде бөліске салмай қалдырыпты.

С. Ақатаев өз еңбегінде қонақтың құты, құтсызы, қадірлілігі жөнінде, қонақ сөзінің түбірінің – қону, көшумен, көшпелі өмір салтымен байланыстылығын ажыратып айтады. Мұсылман діни қағидаларындағы қонаққа қамқорлық діни «мұқтаждықтан», алла қаһарынан қорқудан,

философиялық тілмен айтқанда, утилитарлық-прагматикалық («Пайда» іздеушілік) іс-әрекет пен ой пайымдау барысында туады [7, 105-106 бб.].

Осыдан 30 жыл бұрын қазақтар (еңбекте қырғыздар делінеді – А.Б) кешігіп келген кешкі қонақты қабылдамауды қылмыс санады. Тіпті өте кедей тұратын қазақтардың өзіне де үйіне келген қонақты құрметтеуі парыз болған. Және де қонағын күтпеген үй иесіне арнайы айып салынатын болған. Кешкі қонақты риза қылып аттандырудың үшінші себебі төмендегідей әңгімеде келтірілген. Біз тек әңгіменің тақырыбымызға қатысты тұсын ғана алдық.

«Атақты билеуші Александр Македонский әлемде өзінің жауламаған елі, көрмеген жері қалмағанын айтып мақтанады. Патша адамның өмірін «мәңгі» ететін керемет бұлақтың барлығы туралы естиді. Осылайша өзінің маңайына ақылды Қыдыр мен Ілиясты ертіп, жолға шығады. Керемет құдыққа да жетеді. Қыдыр мен Ілияс шөлдерін қандырып, алтын сапты аяққа судан құйып әкеледі. Патшаның асығыстықпен суды ішейін десе, су ыдыста тұнып, Александр суды іше алмай үш рет талпыныс жасайды. Өмірінде алғаш рет қарсылыққа кезіккен патша қаһарына мінеді. Осы кезде көктен түсті ме, соқыр, жұпыны киінген шал пайда бола кетеді. Шал мәңгі судың еш опа берместігін айтады. Өзінің кезінде ешкім қарсы келмес патша болғанын, осы судан ішіп, семьясы, достарынан айырылғанын, енді жалғыздықта құдайдың әмірін, Алланың жіберетін өлім сағатын тағатсыздана күтіп отырғанын өкінішпен баяндап береді. Шалдың әңгімесінен кейін Александрға ақыл кіріп, «мәңгі суды» төгіп тастатады. Ал «мәңгі судан» дәм татқан Қыдыр мен Ілияс бұдан былай әлемді шарлап, жақсылықты шақырып, зұлымдық пен күнәһарлықты жазалап жүреді деген ұғым қалыптасқан. Уақыт өте келе Қыдыр беймезгіл келетін қонақпен шаңырақка еніп, үй иесі құрмет көрсетсе, сол отауға береке сыйлап, ал егер қонағына жылы қабақ танытпаған жағдайда үй иесі оның қарғысына ұшырап отырған. Қазақтардың кешкі келген қонақтың назарынан қорқатыны сондықтан» екен делінеді [8.].

Мұндай түсініктің халық арасында кең тарағаны, нақыл сөздерінің мән-мағынасына айналғаны, құдайы қонақ, арнайы қонақ деп атақ тағуы да қазақтың ұлттық діліне ғана тән айрықшалығын растайды. Қонақты құдайындай сыйлайтын қазақтың үйіне келген кісісін төрге оздырып, құрмет көрсетуі де ертеден ата-бабадан қанға сіңген әдет болып қалыптасқан.

«Қазақта қонақасы деген жақсы әдет бар. Қонақ қыс, жаз болсын, күн, я түн болсын, кез-келген уақытта құдайы қонақпын деп тура келген үйіне түседі. Егер бір кісіні қондырмаса, ертесіне биге шақыртып, жазаға тартады. Қазақтар жолаушы жүргенде бір түйір азық салмай, қанша ұзақ жолдарға алаңсыз кете береді. Аты арып, киімі ескіргендей болса, бір лайықты адаммен достасып, бұның қажеті сол орында өтеліп кете береді. Ондай қажетін өтеген кісіге қазақ «тамыр» деп ат қояды. Келесі кезекте тамыр да бұдан өз керегін алып кете береді. Бұл дәстүрді «қолқа салу» дейді. Негізінде бұл дәстүр «қол-алқа» деген ұғымнан туған, қолдау, көмектесу мағынасында айтылады. «Тамыр» сөзі «Уқиянус» кітабында «адамгершілік-хайыр-ихсан» мағынасында деп көрсеткен» [9, 91 б.]

Келген қонағын жақсы күтіп, дәмді тағамын ұсынумен қатар ірі мал сойылуына да үлкен мән берген. Әйтпегенде, ауыл елді аралап жүретін ақын-жыраулар мен сал-серілердің өткір сынауына ұшырап отырған. Батыс өңірінің жүйрік ақыны Қашаған Есқали аулының бір келіні үйіне қондырмай, дұрыс қабылдамағанын өткір шенепті. Әдетте, түскен үй иесін сынау, берген асына қарай ой қорыту ауыл-елді аралап, жырымен көптің назарында жүрген ақындарда сынаушылық көзқарас басым болады. Қашағанның Көптілеу байдың үйіне келіп, үй иесінің келген қонаққа оңды қонақасы бермегенін, осы арқылы ақын Көптілеудің көргенсіздігін бір көрсетеді және имансыздығын екінші көрсетеді .

Бай үйіне қарасам,
Қол жуатын құман жоқ,
Құман жоқ үйде иман жоқ.
Таңертең тұрып Көптілеу
Іше берді айранын,
Беті-қолын жуған жоқ.

Қашаған ақын тап адамдарын, молда-сұпыларды сынау барысында қандай бағыт-бағдарды ұстанады, обьективтілік таныта ма деген сауал? Ақынды жиіркенткен біріншіден,

Көптілеудің имансыздығы болса, екіншіден, Есқалидың жөнін білмес парықсыздығы. Ақынның шенеуіне, сынауына ұшырауына осы екі себеп те жетіп жатыр. Бірақ ақын мансап үшін не халыққа жағыну мақсатында сынамайды, көргеніне қорланып, елдегі сауатсыз молдалардың ісіне күйініп, болашағынан, елінің ертеңіне алаңдағандықтан «қатты айтсам көзі ашылар ма еді» деген мақсатпен өткірлікке барады.

Өзін сыйламай, домбырасын лақтырып, үйіне қондырмаған қытымыр сұпы мен келіннің әдепсіз қылығын табан астында төкпелеген жырымен өткір сынаған «Есқали сұпыға айтқан» толғауында ақын заман шындығын ашына айтады.

Жас жігіт қонам десе, қон дер едің,
Көрем де сақалымның буырылынан…
Итердің, өңменімнен қарға жығып…

Ақын Әбубәкір Кердері де осындай жайға тап болады, сұлу қыздың жылы жүзді болғанымен қонақты күте алмас әдепсіздігіне налыс танытады. Осы арада Әбубәкір ақын қызға құранды, құдайыңды білгендей ойың жоқ дегенге келтіреді, бұл ақынның дінге тым жақындығын да білдіреді, әрі құран хадистерінде әдептілік шарттары болатыны, тіпті аузына құдайын алған пенденің ұятсыз болуы мүмкін емес деген түйін жасайды. Ата-анасының босағасында отырған қыздың ертеңгі күні өзге отаудың шамын жағатынын ақын меңзеп отыр, бірақ бұл қыздан жақсы келін шықпайтынына ақын сенімді. Өйткені, әдепсіз келіннің Қашаған ақынды «өңменінен итеруі» бұған мысал бола алады. Бұл – даттау. Ахмет Байтұрсынов зерттеуінде:

«Даттау – сөгу, жамандау, айыбын, мінін айту. ...Адам басын даттағанда, әдейі мақсатпен, күйініп даттаған. Үйіне қондырмаған, қонақасы оңды бермеген сияқты ұсақ себептерден реніш етіп даттаған»,– деген анықтама беріледі [10, 440 б.].

Үмбетей жырау да қонақтың қадірлі болатынын, келген мейманды ыждағатпен, сыймен қарсы алу керек деген идеяны ұстанады.

Кісіні көрсең, есікке,
Жүгіре шық, кешікпе,
Қарсы алмасаң мейманды
Кесір болар несіпке!

Қонаққа әзілдей отырып, өз жағдайынан хабар беру, сол кездегі ақындардың стиліне тән еді. Кедейліктің ауыр тауқыметін тартқан Қобылан ақын:

Қонақ-ау, өзің жақсы, бабың қатты,
Күліп берген қара су балдай тәтті.
…Тоймадым деп, қонағым, өкпелеме,
Бір тойғанмен шекеңе бітпес мүйіз, –

деп қонағына шымшыма сөзбен өзінің жағдайсыздығынан хабар береді. Бірақ жоқтықты әзілге жеңдіру ақын қуатының шымырлығын көрсетеді.

Батыс өлкесінің тұңғыш лирик ақыны Ақтан Керейұлы әйел бейнесінің сұлулығын сәтті бере білумен қатар қонақты, мейманды бар қадір-құрметімен қарсы алуды жас ұрпаққа өнеге етіп ұсынады.

Жақсы сөзбен жай айтып,
Мейманды үйден қашырма.
Сөйлес десе қонаққа,
Үйде отырып айқайлап,
«Не сұрайсың» айтынба
Барым деп берсең ол қонақ
Риза болар шай-суға.

Ақынның сөзі Қашағанның сынына ұшыраған әдепсіз келіндеріне айтқан нақылы тәрізді. Ақтан ақын сол кездің ақын-жырауларының ауыл кезіп, бай-төрелердің үйін жағалап, қонақ болуға тырысатынын айтып отыр. Ас суын оңды берсе, келіні иіліп, тағзым етсе – ол ақынның мақтауына ұшыраған. Ал келген мейманның құтын қашырып, жылы қабақ танытпаған жағдайда құдайы қонағының назары жіберместігін ақын шымшыма өлеңімен жеткізеді.

Қонақ іздеп қонады,

Аты шыққан ауыл деп, –

қонағыңды сыйламасаң құтың мен ырысыңды қашырасың деген идеяны Шал ақын былайша береді:

Қас жаманның белгісі
Жиын тойға барғанда
Тамағына өкпе етер,
Өкпелеймін деп кетер.
Нәпсің бір көкжал бөрідей,
Иманың бағлан қозыдай
Егер тыю салмасаң
Иманыңды жеп кетер.

Қазақ халқының салт-санасында қонақ ұғымының тек сыйластықта, ағайыншылықта жүретін жандар ғана емес, сондай-ақ «адам – өмірге қонақ» деген мәтелдің мағынасымен де байланыстырыла қолданылатыны бар. Абыл ақынның әліппесінде:

Ас ішсең, бір қазаннан бір қауым жан,
Меймансың, бір-біріңе көрсетші сый.

Ақынның түсінігінде өмірде бір рет қана дүниеге келетін пенденің меймандық, қонақ ретіндегі рөлін сезіндіру арқылы мағыналы өмір мен бір-біріне жасалатын сый-құрметтің жоғары болғанын қалау идеясы жатыр. Ақын жалғаншы дүниеде «адам – бір қонақ» деген пәлсафалық ойды ұстанады.

Осылайша өмір мен өлімнің ара жігі де сөз болады. Өйткені, адам баласының «ілімді түгел білгенімен, қызығын қолмен бөлгенімен, қызықты күні қырындағанымен, қисынсыз күйге түскенімен» өмірге тойымсыздық танытатынын XYIII ғасырдың жырауы Бұқар керемет психологиялық, пәлсафалық тұрғыда жайып салған еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тимофеев Л. Советская литература. – Москва: Советский писатель, 1964. – 524 с.
2. Поспелов Г. Теория литературы. – Москва, 1978. – 351 с.
3. Гинзбург Л. О лирике. – Москва, 1964. – 384 с.
4. Тебегенов Т. Ақындық поэзиядағы фольклор мен әдебиет дәстүрі. Әдеби процесс. Авторлық поэзия. Ақындық өнер психологиясы: Ф.ғ.д. автореф. – Алматы, 2002. – 65 б.
5. Бес ғасыр жырлайды /М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы: Жазушы, 1989. – 1 т. – 384 б.
6. Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі: (XIX ғасырдың бірінші жартысы). – Алматы, 1983. – 240 б.
7. Ақатаев С. Күн мен көлеңке: Ғылыми-танымдық аңсар. – Алматы: Жалын, 1991. – 208 б.
8. Киргизская степная газета. – 1900. – № 11.
9. Құрбанғали Халид. Тауарих хамса / Ауд.: Б. Төтенаев., А. Жолдасов. Алматы, 1992. – 304 б.
10. Байтұрсынов А. Ақжол / Құр.: Р. Нұрғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.

Қажым Жұмалиевтің «Жайсаңдары қазақтың» әңгімелер топтамасы туралы

ӘОЖ 82-3

Магзумова Г.
БҚИТУ, ҚТӘ ББ магистранты.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті жанындағы «Академик Қажым Жұмалиев атындағы ғылыми зерттеу орталығында» Қажым Жұмалиев еңбектерінің библиографиялық көрсеткішін дайындау барысында байқағанымыз, дидактикалық очерк

жанрында жазылған «Жайсаңдары қазақтың» естелік әңгімелер топтамасына енген әңгімелердің бірқатары Қажым Жұмалиев қызметте жүрген жылдары газет-журналдарда басылғанымен авторының көзі тірісінде жеке кітап болып шықпағандығы. Халқымыздың аяулы ұлдары туралы жазбаларын Қажым Жұмалиев науқасы меңдегеннен кейін жинақтап, 31.X.1968 жылы «Жайсаңдары қазақтың» деген атаумен баспаға ұсынған. Өкініштісі, қолжазба араға бар болғаны төрт ай салып, 1969 жылы алтыншы ақпанда «Жазушы» баспасынан кітап болып шыққанда атауы өзгеріп «Жайсаң жандар» болып басылған.

Ендігі сөз жинақтың атауы мен әңгіме текстологиясы турасында болмақ. Кеңестік Одақтың көшбасшысы саналған Ресейде тарихи тұлғалардың өмірлік жолы турасында сыр шертетін жазбалар «Жизнь замечательных людей» сериясымен шығарылғаны белгілі. Осыны үлгі етіп Қ.Жұмалиев те кітап атауын «Жайсаң жандар» деп атаған болар деген ойға келгенбіз. Кітаптың атауы дыбысталуы жағынан әуезділігімен, мазмұнды түйіндеуде пайымдылығымен талайды қанаттандырған. Қазақ ой-өрісінің дамуымен «Жайсаң жандар» бір кітап атауы аясынан шығып, біріне-бірі сәулесін түсіріп тұрған сөздер үлкен мәнге, кеңістікке ұласып кетті. Бұлардың барлығы өткен күннің еншісінде.

Осы орайда ғылыми жетекшім, қажымтанушы Мамыров Азамат ағайдың «Жайсаңдары қазақтың» кітабына жазған алғы сөзіндегі мына бір пікіріне тоқталғым келеді: «Алматыдағы ғалымдар үйі саналатын «Жібек жолы» көшесіндегі Қажекеңнің үйінде жеке архивін қарап отырып, көзім сарғайған папканың сыртындағы ғалымның өз қолымен жазған «Жайсаңдары қазақтың» деген жазуға түсті. Көптен Жұмалиевті зерттеп жүргеннен кейін папка сыртындағы жазу өз қолымен жазылғандығын жазбай танымдым. Ой жүйрік қой, «Жайсаң жандардың» жарияланбаған жалғасы ма деп қалдым. Қарасы қалың көрінген папканының бірінші бетінде «Қ.Жұмалиев. Жайсаңдары қазақтың. «Жазушы» баспасы, Алматы – 1968» деген жазу бар. Машинкаға теріліп, баспаға әзірленген материал екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімі текстологиялық жағынан айтпағанда жеті әңгіменің мазмұны жағынан реттік орналасуы 1969 жылғы «Жайсаң жандармен» бірдей, ал екінші бөлім кітапқа мүлде енбей қалған» [1, 5].

Міне «Жайсаңдары қазақтың» түпнұсқасы осылай табылған болатын. Демек, күні бүгінге дейін бірнеше ұрпақ оқып келген «Жайсаң жандар» жинағын автор баспаға тапсырғанда болашақ кітап болып шығатын қолжазбасының атауы «Жайсаңдары қазақтың» болғаны. Қазақ зиялыларының адами болмысын, қайраткерлігін таныттын кітаптың бұлай аталуының өзі орынды, әрі үлкен мәнге ие. Автор кітабын «Жайсаңдары қазақтың» деп атау арқылы Ұлттық Меннің үні сол халықпен мәңгілік бірге жасайтын алып күш екендігін көрсетті.

«Жайсаңдары қазақтың» атауымен баспаға тапсырылған қолжазба не себепті «Жайсаң жандар» болып шықты? Авторының келісімі болды ма? Әлде, «өлгеннің айтқанын тірі істемес» дегеннің кері ме? Естелік әңгімелер қолжазбасы 1968 жылдың оныншы айының соңғы күні баспаға тапсырылып, Қажекең қайтқаннан кейін 1969 жылы жинақ болып шыққандығын жоғарыда айттық. Қолжазбадағы «қазақ» сөзінің жинақта «жандар» болып өзгертілуі кеңестік идеология цензурасы талаптарының салқыны екені аян. Осы өзгерісті қолжазбасы баспаға тапсырылғаннан кейін екі айға жетпейтін уақытта өмірден озған авторы білді ме? Біздің білетініміз Қ.Жұмалиевтің ғылым жолындағы шәкірті, сырлас інісі М.Атымов естелігінде Қажекең ауруы жанына батып жатқанымен қайтуына үш күн қалғанша аурухана бөлмесінде кісілермен жолығысқанын айтады. Осы аралықта кітап атауының өзгеретіні күн тәртібіне шықты ма, жоқ па ол да келер күннің еншісінде. Мүмкін, өз дегенін істетпей қоймайтын биліктің өзгерткен атауын айықпас дертке шалдыққан абзал аға амалсыз құп алды ма екен. Бұлай ойлауымызға шәкірттерімен сұхбат барысында айтқан Қажекеңнің мына бір сөзі себеп болып тұр. «Мен де өмірде ешкімге тәуелсіз өмір сүргім келіп, біраз жұлқынып көрдім. Бірақ ол болмайды екен, жігіттер. Өмір кейде өз дегенін істеп адамды езіп жібере жаздайтын кездері болатын көрінеді» [2, 120 б.].

Қағынан жеріген құландай болған қоғам, «Жайсаңдары қазақтың» деген атаудан үрке қарап, пролетаршылдық пайыммен «Жайсаң жандар» атауын құп көрсе, лаж бар ма...

Біз диплом жұмысында әңгімелер топтамасына енген жеті әңгіменің мазмұнына тоқтап, көркемдік ерекшелігін талдап жатпаймыз. Ол біздің зерттеу жұмысымызда алға қойылған

мақсат емес, жазушының тілі, әңгіме тақырыбы мен идеясы тағы бір диплом жұмысына жүк болғандай. Біздің нысанымыз бірінші басылымнан қиылып қалған бөліктерді қалпына келтіру, текстологиялық салыстыру жасау. Түпнұсқа мәтіннен нақты қанша сөз қиылғанын көрсету. Жекелеген сөздерге ғылыми түсінік беру.

«Қайсар қара, қайырымды адам» әңгімесі алғаш 1967 жылы «Жұлдыз» журналының №11 санында жарияланды. Мұнан кейін аталмыш әңгіме 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жайсаң жандар» кітабына енді.

«Жайсаңдары қазақтың» қолжазба нұсқасында бірінші әңгіме атауы «Қайсар қара, қайырымды адам» деп аталса, «Жайсаң жандарда» әңгіме атауы баспа тарапынан қысқартылып «Қайырымды адам» деп берілген. Әңгіме мазмұнымен толық танысқан оқырман авторының әңгімеге «Қайсар қара, қайырымды адам» деп атау беруімен келіскен болар еді. Әңгімедегі «Қайырымды адам», есімі елге танымал қоғам және мемлекет қайраткері, ағартушы, Қазақ Советтік Социалистік Автономиялы Республикасының Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы – Сейітқали Меңдешұлы Меңдешев. Ал, «Қайсар қара», әңгімедегі табанды кейіпкер Қарабаланың прототипі – Қажым Жұмалыұлы Жұмалиев. Көркем шығармадағы «Қайырымды адам» бейнесі «Қайсар қара» бейнесімен сабақтас, сондықтан қолжазба нұсқасындағы «Қайсар қара, қайырымды адам» атауы әңгіме тақырыбының идеясын толықтай ашуда да үлкен мәнге ие.

Әңгіменің қолжазба нұсқасымен кітапта басылған түрін текстологиялық тұрғыда салыстырғанда айырмашылық бары байқалады. Қолжазба нұсқадағы мәтін көлемі кітап болып басылып шыққанда біршама қысқартылған. Нақтырақ айтқанда тарихи шындықты, авторлық ұстанымды көрсетіп тұрған 992 сөз кесіліп қалған. Бұл бір ғана «Қайсар қара, қайырымды адам» әңгімесінен қиылып қалған сөз. Көрсетілген 992 сөз әңгіменің әр жерінен кесілген. Ол он жеті бөліктен тұрады. Мұны диплом жұмысында сандық ретпен бөліп көрсеттік. Әрі көрнекті болу үшін курсивпен тердік. Олар (курсивпен терілген) төмендегіше:

1. «Қала толған халық. Ерсіл-қарсыл жүріс. *Көшеге кірісімен-ақ олар әркіммен бір қақтығысып қала берді. Кейбіреулер:*

– Кешіріңіз!

– Извиняюсь!

– Слепой, что ли? ... десе, кейде сыпайылықтан тысқары сөздермен нықтап өтушілер де кездесті.

Ондай дөкір сөздерді аңғарып қалғанда Сүлекең Хамзаға қарап, қабағын түйеді. Оның да өзінше мәні бар. Алты баланың ішіндегі орысша тілге «жүйрігі» Хамза. Басқалары орысша үзіп алмайды. Хамзадан үйреніп алған өз араларында ғана айтуға болатын бірен-саран сөздерден басқа орысша тіл қорлары жоқ. Ол сөздерді мына тәрізді дипломатиялық қарым-қатысқа қолдануға бола ма, жоқ па, оған көздері еркін жетпейді. Ол жайды жақсы білетін Сүлекеңнің қабақ шытуынан Хамзадан басқалар тыс.

Қаланың орталығына жақындаған сайын тротуарда жүргіншілер көбейіп, қақтығысу жиілей түсті. Ағынға қарсы келіп, мастау біреуді Сүлекеңнің оң жағында келе жатқан дүр қара – Тілек ығымен қағып қалғанда, анау кейіндегі біреулерге, олар үшіншілеріне соқтығысып, жұрт шоғырланып, адам ағысы сәл тоқтап қалды. Сол сәтті пайдаланып, әлгі мас Сүлекеңді шәкірттерімен қоса сыбап берді. Өздері білетін дөкір сөздер ештеңе емес екен. Мына сабаздың аузынан боқтау сөздердің не жуандарын естіді. Түсінбесе де жалпы нобайын аңғарады. Есесін қайыруға тіл жоқ. Бірден жұдырық сілтеуге таныс емес жер, батылдары бармай, бастығы Сүлекең болып аңырып қалды. Бұған дұрыстап жауап қайтарар, есесін жібермес деген Хамза үмітті ақтамады. Ол жаратылысында жуастау, шатақтан алысырақ жүруді жақсы көретін-ді. Сол мінезіне тартып, үндемей құтылуды дұрыс көрді. Басқалары оған риза болған жоқ. «Әттең, Хамзадай орыс тілін білсем, мына масқа көрсетер едім, боқтаудың қалай болатындығын», – деп, іштей кіжінгендер де болды.

Манадан бері Хамзаға риза болмай келе жатқан Сүлекең, екінші көшеге бұрыла беріп:

– Өзің қазақша білесің. Өзің орысша білесің, осындай жер жебірімізге жетіп, боқтап жатқанда жұмған ауызыңды аша алмайсың. Қайтіп адам боласың? – деді.

– Сүлеке-ау, мас адамға не деуге болады?

Сөзің бар болсын, – деп, Сүлекең теріс қарады.

Қасындағылар:

– *Жүрегің ұшып кетпей, неғып аман қалдың?*

– *Намысты қолдан беріп...*

– *Батыр болсаңдар, қайда қалдыңдар?*

– *Біз түсіне алмай қор болдық. Қайыруға тіл жоқ.*

– *Әлгі мастың шұбырта жөнелген боқтауларының бәріне бірдей мен түсінді деп ойлайсыңдар ма? – деп, Хамза расына көшті.*

Шындық әр кезде-ақ өз үстемдігін жасайды. Осы сөзден кейін жолдастары әзілдерін тоқтатып, Хамзаның орысшасының онша терең еместігіне көздері жеткендей болды. Шынында да оның орысша білімі нан сұрарлық, жол сұрарлық дәрежеде екен.

– «Орынбор дорога қайсы?» – деп ол жол сұрайтын. Орыстар алдыңғы екі сөзден жол сұрап тұрғанын аңғарып, бағыт сілтейтін де, басқаларға Хамзаның орысшасы мүрсіндей көрініп, тезірек естерінде қалдыруға тырысатын. Оларға Хамза білмейтін орыс сөзі жоқ тәрізденетін. Олай еместігін жолдастары енді ғана аңғарғандай болды.

Сұрай-сұрай *табандары тасқа тиіп, әбден сарсылған кезде олар* Наркомпросқа келді». «Жайсаңдары қазақтың» қолжазба нұсқасы 11-13 бб.

Жоғарыдағы үзіндіде алыстағы ауылдан Орынборға жалаң аяқ жол азабын тартып, жаяулап жеткен қазақ балалары мен ақсақалын жергілікті жұрттың кемсітушілігі, балағаттауы дәуір шындығы ретінде кінәмсіз көрсетіледі. Әңгімедегі жат жер, тіл білмеу, іштей тыну сюжеттері әлдекімдердің әдепсіздігін көрсету үшін емес, асқақ арман жолында жігері мұқалмайтын қайтпас қазақ балаларының табандылығын таныту үшін беріліп отыр.

Ал осы үзіндідегі мән-жайды толық баяндайтын 368 сөзден тұратын мәтін, 1969 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан «Жайсаң жандар» кітабында болмаған қысқартуға ұшырап, 3 сөйлем, бас-аяғы 10 сөзбен берілген. Әрінен, нәрінен айырылған сюжет желісі төмендегіше:

«Қала толған халық. Ерсіл-қарсыл жүріс. Сұрай-сұрай Наркомпросқа келді». «Жайсаң жандар» 18 бет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1Атымов М. Қажым Жұмалиев. Алматы, 1987. – 160 б.

2 Жұмалиев Қ. Жайсаңдары қазақтың. – Тараз: Қарақан, 2019. – 348 б.

І. Жансүгіровтің стильдік ерекшелігі

ӘОЖ 82-1

Жампозов М.
БҚИТУ, ҚТӘ ББ магистранты.

Академик Қажым Жұмалиев Ілияс шығармашылығы туралы ақын ұсталып, халық жауы атанған 1937-жылға дейін де талай пікірлер білдірілгендігін, дейтұрғанмен шығармаларының мазмұны мен көркемдік қуаты жөнінде 1958 жылдан бері қарай жан-жақты зерттеле бастағандығына тоқталады.

Негізгі пікірлердің дені 1958 жылдан басталуын зерттеуші мына себептермен түсіндіреді. Бірінші – 20 жылдан астам баспа жүзін көрмеген ақын творчествосы мен оқушылар жұртшылығын таныстыру. Екінші – ақынның көзқарастары социалистік өмір шындығынан ауытқымайтындығы және оның еңбектерінің негізгі нысанасы халық тілегі, жұрт мүддесі екендігін аңғарту. Үшінші – ірі талант, шын мәніндегі кестелі сөздің шебері екендігін жалпақ елге таныту, сонымен қатар І. Жансүгіров

қалдырған әдеби мұралардың идеялық - мазмұны мен эстетикалық жақтарын дұрыс ұғынып, дәл түсінуге бағыт сілтеу.

Ғалым І. Жансүгіров шығармашылығы туралы айтылған пікірлермен өз ойын сабақтастыра отырып, оны әдебиеттің барлық жанрында қалам тартқан лирик, эпик, драматург, әрі сатирик деп таниды.

І. Жансүгіровтің ақындық қырын ашатын терең зерттеулер мен арнаулы монографиялық еңбектер ол кезде болмағандығына тоқталған ғалым, қазақ әдебиеттану ғылымында ақынның шығармашылығы туралы жазылған мақала, очерктердің ішінде салмақтысы деп, сол кездегі филология ғылымдарының кандидаты М. Қаратаевтың "Ілияс Жансүгіров" атты очеркін көрсетеді. "Негізінен алғанда Қаратаев жолдастың қорытындысы дұрыс. Әсіресе, Ілиястың ақындық таланты жөніндегі топшылаулары жалпылап айтылса да шындыққа дәл. Бірақ, осы мақаланы түгелдей алғанда көзге түсетін бір жайт, Ілиястың өзіне тән ерекшелігінен гөрі де, жалпы қазақ совет әдебиетіне ортақ мәселелер ақынға таңылып, осы жағы баса айтылуы. Мысалы, Ілияс шығармасының халықтығы, партиялығы, поэзиясының заман құбылысын қамтуы оның басқалардан айырмашылығы емес, бірлігі. Бұл формулаларды Сәкенге де, Сәбитке де қолдануға болады. Сондықтан біз бұл мақаламызда Ілиястың өзіне тән творчестволық ерекшеліктеріне, яғни бұрынғы авторларда аз айтылған, не айтылмаған мәселелерге көбірек тоқталмақпыз – деп зерттеу жұмысының бағыт-бағдарын ашып көрсетумен қатар жеке шығармашылық адамының стильдік ерекшелігін ашып көрсетуде ескерілуі тиіс тұстарды нақтылап өтеді [1, 52 б.].

Қ. Жұмалиев белгілі бір ақын-жазушының шығармашылығын сөз еткенде, оның әдебиеттегі орнын айқындағанда сөздің түйіні, қаламгер шығармаларында әлеуметтік маңызға ие нендей мәселелерді көтергендігімен және әдебиетке енгізген (тақырып, идея, метод, жанр, стиль, композиция, тіл, өлең құрылысы) т. б. теориялық жаңалықтарымен өлшенеді деп санайды.

І. Жансүгіров шығармашылығына осы тұрғыдан келген ғалым, ақынның өзіне тән ерекшелігі деп "жаңа заманның жаңа тынысын" жаңа мақаммен, өткен заманның тарихи тақырыптарын уақытқа лайықтап жігін жатқыза "жаңаша" жырлауы дей келіп, осы жаңашылдықтар жаңа тақырыпқа, өлең құрылысына (ырғақ, ұйқас, метод, образ) т. б. ұласқандығын сөз мәнерін талдауда таратып ашып бере алғандығын байқаймыз.

І. Жансүгіровтің поэзияда өзіндік үнін, сөз саптауын қалыптастырып үлгергенше өзіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілеріне, Абайға еліктеп бірлі-жарлы өлеңдер жазғандығын автордың шығармасын терең зерттеген ғалым нақты мысалдар арқылы аша келіп, ақынның көп жылғы тәжірибесінің толықсып, көлемді дүниеде көрінуі 1929 жылы жазылған "Гималай" поэмасы деп таниды. Сонымен қатар, І. Жансүгіровтің өлең жазуда кәсіби деңгейге көтеріліп, өзіне тән стильдік ерекшелігінің қалыптасу уақыты "Гималай" мен "Құлагердің" аралығы екендігін ғылыми тұрғыда негіздей біледі.

І. Жансүгіровтің қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесі "Гималай" поэмасының мазмұны мен құрылысына қатысты ғалым пікірі ақынның қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесін танып-білуде құнды: "Гималай" аралас ұйқасты өлеңдердің тобына жатады. Бұл өлеңде ақын ерікті ұйқаспен қара өлең ұйқасын қиюластырып, мағыналы аяқталған бір ойды білдіретін өлең шумағын жасаған" [1, 57 б.].

Мысалы:

«Ақшалап басын қар көміп,
Аспанның төсін арда еміп,
Апасындай алтын күн,
Сел жіберіп бір жуып,

Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай...
Сол күннен нұр ала алмай,
Басы мұнар, бауыры тар...
Гималай асқар неге олай?»

Қ. Жұмалиев поэмадағы терең мазмұн мен бөлек көркем түрдің тууын үлкен идеяның ақындық қуатпен қабысуы екендігін аңғартады. Сонымен қатар, І. Жансүгіровтің бұл поэмасы 7-8 буындық жыраулық үлгіде жазылып, адамзат баласының рухын көтеретін деңгейге жете білуі "Гималайдың" ұлттық тілдің мүмкіндігін көрсетер көрнекті үлгісі деп қарайды.

І. Жансүгіровтің шығармашылығын зерттеу барысында ақынның өсу жолын бірден-бір тап басып көрсете білген Қ. Жұмалиев "Гималайдан" кейінгі шығармашылық жетістігі қазақ халқының екі ғасырлық жүріп өткен жолынан сыр шертетін эпикалық "Дала" поэмасынан көрінетіндігіне тоқтала келіп, мұны идеялық - көркемдігімен де, құрылысы жағынан да елеулі жаналық әкелген шығарма деп біледі.

Бұл тақырыпты ақындарымыз талай жырлағандығын, автордың өзі поэмаға дейін жақсылы-жаманды бірнеше өлеңдер жазып, "Дала" поэмасына тастүйін дайындықпен келгендігін айта келіп, Ілияс "Даласы" бұрынғы поэма деп аталатын ұзақ өлеңдерден айырмасы - схематизмнен арылуы деп көрсетеді.

"Ілияс "Дала" поэмасының композициялық желісін халық өмірінің тарихы сүрлеуіне негіздеп құрды. Бұл жаңа әдіс емес, және талайды тақыршыққа отырғызған, сүрінткен әдіс болатын. Бірақ сол талайды сүрінткен әдіс қиялы ұшқыр, тілі орамды, талантты ақынды сүрінте алған жоқ.

Поэма адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсетуге құрылмаса да, ескі заман, өткен кездердегі ел басында болған ауыр күн, ащы тұрмыстардың картиналарын көзге толық елестете алады [1, 59-60 бб.].

Поэманың композициясындағы негізгі әдістердің бірі - шендестіру екендігін ашып бере білген теоретик ғалым, "Ақтабан", "Құл көгені", "Құрбандық" т. б. бөлімдердегі қилы заман, қиын тұрмысты бейнелейтін эпизодтарды суреттеу құр әншейін шолып айту үшін емес, келесі "Октябрь", "Теңдік", "Қызыл жұлдыз" сияқты эпизодтардағы суреттеулерге қарама-қарсы қойып, кешегі мен бүгінгі өмірді оқырмандардың өздері безбендеп, қорытынды шығаруын көздеушілік деген ұсынақты пікір айтады.

"Дала" поэмасының және бір жаңалығы өлең құрылысында. Дәлірек айтқанда, шумағы мен ұйқасында. Бұл әр тармағы 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ.

«Алатаудың ақ сүті - а
Асқар иген, құм сүйген - б

Боз даланың қос құты: - а
Сыр менен Шу екі ене - в
Екі өзеңнен шықты шаң - г
Екі енені шапты жау...
Жуды жауды, қанды қан... - г
Батыр шықты "жекеге» – в

Бұл ерікті, не кезекті, не шұбыртпалы ұйқастардың түрімен келетін "жыр ағымы" - 7 буынды өлең емес, белгілі бір тәртіпке негізделген, жаңа ұйқасты шумағы, поэманың

басындағы “Арнау” мен ең аяғандағы “Той бастаудан” басқа бөлімдерінде берік сақталынады.

Бұл поэзиямызда бұрын болмаған жеті буынды өлеңнің жаңа бір түрі” - дейді[1, 61б.].

“Дала” поэмасының жанрлық сипатына қатысты әдебиет зерттеуші ғалымдар М. Әуезов, М. Қаратаев, М. Дүйсенов, Т. Нұртазин, Н. Смирнова, М. Сильченко, З. Кедрина, Ә. Дайырова, Ә. Нарымбетов т. б. әр түрлі пікірлер айтқаны белгілі. Бірі лирикалық – философиялық, екіншісі, тарихи – философиялық поэма, үшіншісі, сюжетті – тарихи поэма, лирико – публицистикалық пома т. б. дейді. Шындап келгенде “Даланы” жанрлық сипаты жағынан бір түрге танып тастауға келмейді. Онда тарихтың да, философияның да, психологияның да жанрлық элементтері бар.

“Дала” тақырыбынан кейін І. Жансүгіровтің ақын жүрегінде муза отын маздатып, шабытының шарқайрағына айналып, қаламын ұштай, қиялын қалықтатқан және бір тақырып-қазақтың ән-күйі. Ақындық қуатымен тақырыпты жоғары деңгейге көтере білген І. Жансүгіров, өз биігінде өзі қалып қойған жоқ, әр кез тың ой, жаңа тақырыптармен жұртшылық назарын өзіне аудара білді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1 Жұмалиев Қ. Стиль-өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 350 б.
2 Жансүгіров І. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1990. – 430 б.
3 Кәкішев Т. Дәуір дидары. – Алматы: Жазушы, 1985. – 304 б.

Изучение библиографии в книге А.Мусаева «Поэтика казахской сатиры»

ӘОЖ 027.081

Утешева З.Б.
ЗКИТУ, старший преподаватель,
Кунуспаева М., Султангалиева Ш., студенты 2 курса

Важнейшие функции науки – производство нового знания и его внедрение, создание условий для инновационного развития общества и конкретных сфер человеческой деятельности. Главная цель филологической науки как отрасли гуманитарного знания, основной задачей которой является изучение текстов. Текст осмысляется и исследуется в филологии как главный источник сведений о человеке, его сознании, обществе, как первичная данность гуманитарного мышления. При планировании и выполнении научно-исследовательских работ используются источники информации, относящиеся к теме исследования и методам, применяемым в работе [6]. Порядок выполнения исследований предусматривает работу с источниками информации на таких этапах, как: выбор направления исследований (ознакомление с литературой, классификация наиболее актуальных направлений); формулировка цели и задач исследования (подбор и составление библиографических списков; изучение отчетов других исполнителей по теме исследований; реферирование отобранных источников). Анализ пристатейного цитирования является известным и эффективным методом в работе библиографа. Он используется для изучения востребованности фондов, информационных потребностей читателей.

Алпысбай Мусаевич Мусаев автор более 40 книг, *известный ученый-литературовед, доктор филологических наук, профессор, член - корреспондент Академии Естественных Наук Республики Казахстан, член-корреспондент Международной академии наук Конкорд Франции, академик Академии педагогических наук Республики Казахстан, лучший преподаватель высших учебных заведений Республики Казахстан, который сделал значительный вклад в казахскую литературоведческую науку, в том числе в изучение казахской сатиры и драматургии, на основе достижений литературоведения проблемы*

казахской сатиры и юмора в современной казахской литературе; ориентация прозы, поэзии, драматургии в современной казахской литературе; проблемы регионального литературоведения и культурного наследия; проблемы литературного языка и современного казахского языка; новые направления обучения казахскому языку и литературе; организация преподавания литературы в высшей и средней школе; проблемы модернизации методической основы преподавания филологических дисциплин; вопросы фольклора и к проблемам лингвистики, дискурса, лингвопоэтики.

В качестве изучения мы выбрали книгу Алпысбай Мусаевича Мусаева «Поэтика казахской сатиры». Как считает автор, исходной позиции этого исследования явилось понимание поэтики как науки о структуре и о всех важнейших компонентах произведения, взятых в диалектическом единстве [8].

В 1998 году, когда вышла книга Мусаева Алпысбая, известный в Казахстане и России литературовед, фольклорист, член Союза писателей России, лауреат международной премии имени Валериана Правдухина, кавалер ордена «Құрмет», почётный работник образования и науки Республики Казахстан, который внёс неоценимый и колоссальный вклад в литературное краеведение Николай Михайлович Щербанов написал: - «Книга для нашего времени несколько необычна. В период засилья массовой культуры преимущественно развлекательного характера, А. Мусаев выпускает книгу в которой ставяться серьезные теоретические проблемы, касающиеся своеобразия художественной литературы....» [11].

Поэтика художественного слова всегда была предметом пристального изучения, начиная с античных времен. Термин "поэтика" известен в литературе очень давно. Данный термин появился еще в Греции, где литература занимало важное место в культуре. Поэтика – наука о системе средств выражения в литературных произведениях. В широком смысле поэтика совпадает с теорией литературы, в узком – с одной из областей теоретической поэтики. Поэтика изучает специфику литературных родов и жанров, течений и направлений, стилей и методов, исследует законы внутренней связи и соотношения различных уровней художественного целого [4]. Поэтика бывает нескольких видов: Теоретическая поэтика; Историческая поэтика; Сравнительная поэтика; Практическая поэтика. Особенностью поэтики является изучение специфики литературы, то есть осознанием и описанием того, что свойственно только литературе, что отличает ее от всех остальных областей духовной жизни [10].

Алпамыс Мусаев в своем исследовании учитывает в этой области достижения древнегреческого философа и ученого Аристотеля, римского поэта Горация, русских ученых А.А. Веселовского и А.А.Потебни[8]. Аристотель - один из величайших философов и ученых древности, который оказал огромное влияние на развитие европейской культуры и науки. Он был учеником Платона и учителем Александра Македонского. Среди его многочисленных сочинений, посвященных различным областям знания, особое место занимает книжный памятник - трактат "Поэтика" в котором он изложил свою теорию литературы и искусства. Поэтика" Аристотеля - это первое систематическое исследование поэзии и драмы в истории человечества. В нем Аристотель определяет поэзию как подражание действию, характеру и мысли. Он различает три средства подражания: ритм, гармонию и слово. Он также классифицирует виды поэзии по тому какие предметам они подражают каким способом они это делают и какими средствами они пользуются. В книге Аристотель рассуждает о значении искусства трагедии и комедии в жизни людей. Большая часть посвящена драме (трагедии) и эпосу [2]. Поэтика Аристотеля, которая столько бы раз переиздавалась, о которой так много было бы написано и которая имела бы такое большое влияние на целые литературные течения. Со времени вывода в свет первого печатного издания Поэтики (1508) до настоящего времени появилось более 160 изданий этой книги с переводами и без переводов. Количество отдельных исследований и статей о ней, рассеянных в различных журналах, доходит до 500 слишком, а влияние Поэтики, хотя она была неправильно понята и неправильно истолкована, отразилось в литературных течениях XVI— XVIII веков в Италии, Испании, Франции, Англии, Германии и косвенным образом, через ложно-классическую французскую трагедию и французские поэтики, — в России. Поэтика Аристотеля переведена почти на все европейские

языки. Есть переводы ее также на еврейский, сирийский и арабский языки. Переводы Поэтики в Германии и Франции насчитываются десятками. Среди переводчиков встречаются имена таких выдающихся ученых, как Ибервег, Гомперц, Фален, Дасье, Бартелеми Сент-Илер и др.

Следующий литературный памятник, которому обращается А.Мусаев это произведение Горация О поэтическом искусстве[5]. Квинт Гораций Флакк - древнеримский поэт «золотого века» римской литературы. Интересно, что по оценке современников, Гораций считался вторым поэтом Рима после Вергилия, родился в Венузии, старинном городке Южной Италии, в семье вольноотпущенника. Отец его, скопивший небольшое состояние, всячески старался облегчить сыну доступ в привилегированные слои общества. Молодой Гораций получил блестящее литературное образование в Риме и философское — в Афинах. Как большинство прогрессивных людей своего времени, он считал себя последователем эпикурейской философии. В своём творчестве Гораций сравнительно мало касался острых политических тем, редко и весьма сдержанно возносил хвалы императору. Личное счастье, которое он видел в безмятежности духа и в умении довольствоваться «золотой серединой» (принадлежащее ему крылатое выражение), гимны вину и любви, борьба с суетными страстями и пороками — темы поздних стихов Горация. Гораций был великолепным мастером стиха. Его литературное наследие состоит из нескольких сборников од и сатир, а также «Посланий», где особенно примечательна «Наука поэзии», содержащая изложение взглядов автора на литературу. Ни один поэт древности не издавался и не изучался так много, как Гораций, особенно начиная с эпохи Возрождения. Его поэзия оказала большое влияние на всю новоевропейскую лирику [9].

Другой исследователь на которого ссылается ученый Алпамыс Мусаев - академик Александр Веселовский. Всякое произведение искусства, считал Веселовский, носит на себе печать своего времени и своей культуры. Общая установка исторической поэтики – требование сравнительного подхода: поэт родится, но материалы и настроение его поэзии подготовила группа. В этом смысле можно сказать, что петраркизм древнее Петрарки. Вообще, итальянскую литературу «золотой поры» А.Веселовский считал отчасти органическим продолжением литературы римской, возникшей на основе античной культуры. Работы А.Веселовского посвящены литературным родам и видам, поэтическому стилю, сюжету, эволюции поэтического сознания, синкретизму древней поэзии, психологическому параллелизму и его формам в отражении поэтического стиля, истории эпитета, истории романа и повести, эпическим повторениям как хронологическому моменту, выделению понятия поэзии и пр. В своих работах по исторической поэтике А.Веселовский показал, что лирика выделяется из хоровой песни как выражения «коллективной эмоциональности», а драма развивается из обряда и культа (обряд – родовое понятие, культ – профессиональное действо жрецов). «Самосознание личного творчества», «развитие поэтического сознания» происходят именно во время этих процессов.

Проблемам взаимоотношения языка и мышления, языка и нации, происхождения языка посвящен фундаментальный труд А.Потебни - "Мысль и язык", который рассматривает А.Мусаев. Эволюцию языка Потебня связывал с развитием мышления. Наибольший интерес вызывали у него исследования психологических основ языкового творчества. Потебня отличался необычайной широтой научных интересов и энциклопедическими знаниями. Он рассматривал язык как важнейший компонент духовной жизни народа, его культуры. Его исследования обрядовой поэзии, мифов, песен славянских народов, выводы, которые он сделал при сопоставлении поверий и обычаев русских и украинцев, до сих пор являются основополагающими для современных исследователей: фольклористов, искусствоведов, этнографов, историков. А.А. Потебня - выдающийся украинский и русский филолог. В 1850-1856 гг. он обучался в Харьковском университете, здесь же впоследствии и работал. В 1863-1891 гг. Потебня - доцент, профессор, заведующий кафедрой российской словесности Харьковского университета. За свои научные труды отмечен премиями и золотой медалью Академии наук. В 1877 г. стал членом-корреспондентом Петербургской Академии наук.

В своем исследовании Мусаев обращается к произведению Ахметова З. «Поэтика эпопеи «Путь Абая» в свете истории ее создания», где освещаются вопросы поэтики эпопеи Мухтара Ауэзова в связи с проблемами ее творческой истории; важнейшие идейно-художественные

особенности произведения, идейная проблематика, художественная разработка образов героев, сюжетно-композиционное построение. Рассматриваются также вопросы, вытекающие из своеобразия данного произведения: авторский замысел и его воплощение, соответствие художественной и исторической правды, трактовка образа исторической личности, раскрытие роли народа как движущей силы истории, роль художественного вымысла в процессе реалистической типизации персонажей и др. [3]. Изучение творчества Мухтара Ауэзова — художника слова с мировым именем — дает богатейший материал для осмысления насущных, злободневных вопросов современного литературного процесса, для постановки многих важных литературных проблем. Сказанное в первую очередь относится к самому значительному, главному произведению писателя — эпопее «Путь Абая». Эпопея «Путь Абая» — вершина творчества Ауэзова. Она свидетельствует об огромной высоте творческого взлета автора. Как бы ни были значительны и весомы другие творческие достижения писателя, но уже после появления первой книги эпопеи, тем более после выхода в свет всех четырех книг, личность Ауэзова — художника слова стало невозможно представить без его романаэпопеи об Абае. «Создание романов „Абай“ и „Путь Абая“ — любимое дело едва ли не всей моей творческой жизни», -писал Мухтар Ауэзов[1], имея в виду романы, объединенные позже в единую эпопею «Путь Абая». Благодаря богатству идейного содержания и совершенству художественной формы эпопея «Путь Абая» получила всеобщее признание как произведение подлинно новаторское. «Огромным событием в истории советской культуры стала бессмертная эпопея „Путь Абая“, созданная выдающимся казахским советским писателем и ученым Мухтаром Ауэзовым. Именно эта эпопея, рассказавшая миру о жизни и борьбе, силе духа и трагической судьбе великого казахского поэта, мыслителя и просветителя Абая Кунанбаева, достигла самых высоких вершин реализма в той литературе, которая совсем недавно пребывала лишь в фольклорных формах, а теперь стала явлением поистине мировым» [7].

Списки и ссылки использованной в научно-исследовательской работе литературы – это не просто совокупность библиографических описаний, а система теоретических, практических и методических знаний, на которую опирается в своем развитии предметная область профессионального знания.

В современном обществе, с одной стороны, возросла роль библиографа как навигатора в потоке информации, книжном и литературном мире, но, с другой стороны, изменился и статус читающего человека. Все это требует осмысления, детального анализа, поиска новых путей для взращивания человека читающего. На наш взгляд, для современного библиографа, формирующего читательский вкус и развивающего читательский интерес, весьма эффективной может быть «теория мостов». Смысл этой теории сводится к тому, чтобы от исследований ученых перекинуть мост к шедеврам мировой культуры или к иным отраслям знаний.

Использованая литература:

1. Ауэзов М. Собр.-соч.; В 5-ти т. М., 1975, т. 5, с. 439
2. Аристотель Поэтика /пер. И.И. Новосадского–Л., Academia., 1927,-120 с.
3. Ахметов З. А. Поэтика эпопеи «Путь Абая» А: Наука, 1984. — 256 с.
4. Гаспаров М.Л. Поэтика // Литературный энциклопедический словарь – М.: 1987
5. Гораций. О поэтическом искусстве (Пер.А.А.Фета) М., "Наука", 1981 Серия "Литературные памятники"
6. Кожухар В.М. Основы научных исследований: учебное пособие. М.: Дашков и К°, 2010. 216 с
7. Кунаев Д. А. Советский Казахстан. Алма-Ата, 1980, с. 177—178.
8. Мусаев А.М. Поэтика казахской сатиры – Алматы: Санат, 1997 – 192 с.
9. Попкова О. И. Гораций. Слово о поэте. "Я памятник воздвиг". Поэтическое творчество в системе человеческого бытия»[Электронный ресурс].
10. Федосеева Т.В. Введение в литературоведение – Ряз. гос. ун-т им. С.А. Есенина.2011
11. Щербанов Н.М.Книга уральского ученого //Приуралье, 1998, 10 февраля

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ТЕХНИКАСЫН ЖЕТІЛДІРУ

ӘОЖ 14.07.09

Д.М.Какимова, А.Е.Максутова
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті.

Бастауыш мектептің оқыту тәрбиелеу үрдісінде оқушыларды оқуға, ұйымшылдыққа, еңбек ете білуге даярлау, олардың бойында адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, сабаққа белсенділігін, қызығушылығын арттыру барысында, қазақ тілі және әдебиеттік оқу сабақтарында деңгейлік тапсырмаларды қолдану аясын кеңейту, оларға қойылатын талаптарды жетілдіру. Тапсырмаларға жете мән беру, оларды әр түрлі мақсаттарға сай түрлендіріп, сабақта тиімді пайдалану.

Осы тақырыптардың өзектілігін негізге ала отырып, алдыма мынадай мақсат, міндеттер қойдым:

Оқушыларға қызықты сөздер мен сөз тіркестерін анықтау арқылы оқудың дағдысын меңгерту, оқушының қабілетінің жеке дамуы, шығармашылық ойлау қабілетінің дамуы және рухани ішкі дүниесін тәрбиелеу.

— оқушылардың қазақ тілінде ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау қабілеттерін арттыру.

— сөздердің лексикалық-логикалық үйлесімі келіскенде ғана сөз мағыналы болатынын ұғындыру.

— тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға үйрету.

Қазақстан Республикасының Білім беру заңына сәйкес мектепте білім алу үш сатыда жүзеге асырылуда. Бала қазақ тілін бастауыш мектептің есігін ашқаннан бастап, орта мектепті бітіргенше оқиды. Әрине, әр басқышта ана тілін оқытудың мақсаты, білім көлемі әр түрлі болатыны түсінікті. Бірақ, білімнің негізі бастауыш сыныпта қаланып, тілді меңгерудің алғашқы сатысы бастауыш сыныпта басталады. Бастауыш сыныпта оқушылардың алған білімі мемлекеттік стандарттан төмен болмауы тиіс. Ана тілі-оқушының өмірлік қажетін өтейтін қатынас құралы. Сондықтан мектептерде ана тілін арнаулы әрі негізгі пән ретінде оқытуға ерекше мән беріледі.

«Оқу - ең жақсы тәлім». Шын мәнінде де солай. Балалардың еркін, мәнерлеп оқуы, оқығандарының мазмұнын түсінуі, кейіпкерлердің іс -әрекетін талдай алуы және тиісті қорытынды жасай алуы олардың мектеп жылдарындағы оқудағы табысына байланысты. Ең алдымен баланы ойлауға, қиялға, демек, шығармашылыққа баулуға мүмкіндік беретін иллюстрациясы бар теориялық материалды қарастыру керек. Оқуға немесе естуге арналған иллюстрациялар балалардың шығармашылығы мен оқуға деген қызығушылығын дамытудың кілттерінің бірі болып табылады. Иллюстрация әр түрлі формада болуы мүмкін - сурет салу немесе әңгіме, әңгіме немесе рефлексия, қиял немесе мимика, театрландырылу немесе пікірталас.Ертегінің үзіндісін оқығаннан кейін алдымен баладан «оқығаныңды қалай түсіндің?» Сұрағына жауап беруін сұра. немесе «Сіз қазір не елестетіп жатырсыз?», содан кейін қағазға баланың қиялын бейнелеңіз. Бұл жерде баланың оқуы мен дамуына интеграцияланған тәсіл маңызды. [1,35]

Мен өз жұмысымда келесі әдістерді қолданамын:

1) Жетістік баспалдағы - зымыран, ұшақ, тікұшақ, ат, піл, жылан, тасбақа

2) Дүрілдеген оқу - бұл барлық оқушылар жолдастарына кедергі жасамау үшін дауыстап, бір уақытта дауыстап оқитын кезде, олардың әрқайсысы өз жылдамдығымен, кейбіреулері жылдамырақ, кейбіреулері баяу. Жаттығу бес минутқа созылады. Егер сіз оны үнемі және дәл осылай оқысаңыз, онда ол ақырында жалықтырады. [2,51]

3) «үш ұпай» қабылдау. Балалар кітабын оқығанда, менің оқушыларым менің сигналым бойынша 1 минуттан кейін тоқтаған жеріне қарапайым қарындашпен нүкте қойыңыз. Содан кейін олар оқылған сөздердің санын есептейді. Содан кейін мен сізден мәтінді тағы 1 минут оқып шығуды сұраймын, оқушылар да қарындашпен нүкте қояды. Оқылған сөздердің саны есептеледі. Және ол

мұны оқудың үшінші минутында өзі жасайды. Мұндай оқу аяқталғаннан кейін біз бірге қорытындылаймыз. Нашар оқитын оқушылардың бірі оқу техникасын тексеруі керек. Оқушылар «Мен бүгін қалай оқыдым?» Деген сұраққа жауап береді.
4) Күн сайын бес минут. Оқулар кез келген сабақта бес минуттық оқуды білдіреді - оқу, сурет салу, орыс тілі.
5) «Фото көз». Тақтада оқушылар белгілі бір уақыт бойы оқитын сөздер бағанасы орналасқан. Сөздер жабық, балалар жадынан оқыған сөздерін атайды.
6) Рөлдер бойынша оқу.Оқушылар рөлдер бойынша оқуда өздерінің шығармашылығын көрсетеді және еркін дауыс ырғағына, дауыс интонациясына салады. [3,41]

Оқу техникасымен жұмыс жасау - бұл ұзақ процесс және балалар үшін әрқашан тартымды емес. Алайда, қалыпты оқу техникасы болмаса, оқу айтарлықтай қиын болады.Сондықтан оқушылардың қызығушылығын жоғалтпау үшін тәсілдерді түрлендіріп отырамын.
Сонымен қатар, бастауыш сыныпта ең маңызды міндеттердің бірі-оқушылардың оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру. Қалыптасқан оқу дағдысы кем дегенде мынадай екі бөлімнен тұрады:
а) оқу техникасы (дұрыс, тез қабылдау және сөздерді дыбыстау).
б) мәтінді түсіну (негізгі ойды, мазмұнды ажырату).

Бұл екі бөлім бір-бірімен тығыз байланысты. Олай дейтініміз, жетілдірілген оқу техникасын түсініп оқуды жеңілдетеді, ал түсінуге жеңіл мәтін дұрыс және нақты түрде қабылданады. Яғни, оқу дағдысын қалыптастырудың алғашқы кезеңінде оның техникасына, кейіннен оқығанын түсініп қабылдауға көбірек көңіл бөлу қажет деген сөз. Әдетте, мұндай дағды көптеген жылдар барысында қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларының оқу сабақтарында жіберілетін қателері:
— әріп, буын немесе сөз қалдырып кетіп оқу;
— кейбір буындарды, сөздерді екі рет қайталап, ежелеп оқитындар;
— тілі келмегендіктен немесе әдеттеніп кеткендіктен бір әріпті екінші әріппен алмастырып оқиды.[3,10]
Кейбір жағдайда оқушылар мүдірмей шапшаң оқыса, осы қанағат етіп, оқу дағдысы қалыптастырылды деу қате. Себебі, үңіле қарасақ, бала шапшаң оқығанмен, оны саналы түрде түсініп, дауыс ырғағын келтіре мәнерлеп оқи алмауы мүмкін. Оқушымен жүргізілетін оқу дағдысын қалыптастыруға қажетті жаттығулар мұғалім тар апынан тілдің заңдылықтары, қасиеті, ережелері меңгерілген кезде ғана мүмкін болады. Яғни грамматиканың жеке бір ережелерін, орфографиялық және тыныс белгілерінің ережелерін жете білгенде ғана, оқу дағдысының жаттығуларын жүргізу мүмкіндігі туады. Оқу сабағын жүргізуде және оған қажетті әдіс-тәсілдерді іздестіру үстінде мыналарды ескеру қажет:

Біріншіден, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдысының жетілдірудің бір шарты – оқушының дұрыс және мүдірмей оқуын қамтамасыз ету. Олай етпеген жағдайда оқушының мәтінді толық түсінуі мүмкін емес. Мәтінді толық түсіну үшін сабақ үрдісінде оқудың мына түрлерін жүргізуге болады:

- мәтінді толық оқу;
- мәтінді бөлімдерге бөліп оқу;
- мәтінді дайын жоспар бойынша оқу;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- абзац бойынша оқу;
- мәтінді жартылай дауыстап оқу;
- мәтінді рольге бөліп оқу;
- мәтінді оқып, мазмұндау;
- мәтінді қысқартып оқу;
- мәтіннің негізгі ойын білдіретін бөлікті тауып оқу
- ертегілерден қиял мен шындықты бейнелейтін үзіндіні түсініп оқу.

Екіншіден, оқу сабағында ойлау қабілетін, қызығушылығын, байқаушылығын, салыстыра білетін қабілетін, ой - өрісін дамыту үшін мына оқу түрлерін пайдалануға болады:

- мәтіннен қатты, ақырын, жылдам, баяу оқылатын сөйлемдерді табу;
- мәтіннен логикалық ықпалы бар сөйлемдерді тауып оқу;

- мәтіннен ереже бойынша сөйлем тауып оқу;
- мәтіннен нақыл сөздерді тауып оқу;
- мәтіннен көтеріңкі көңіл-күйге байланысты сөйлемдерді тауып оқу;
- мәтіннен мағынасы жақын сөздерді тауып оқу;
- мәтіннен автор сөзін алып тастап оқу;

Үшіншіден, оқу сабағында оқушының шығармашылық қиялына әсер ете білу үшін келесі оқу түрлерін қолдануға болады:

- мәтіннен суретке сәйкесті үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен сұрақтарға жауап тауып оқу;
- мәтіннен көркем бейнеленген үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен мақал-мәтелге сәйкес үзінді тауып оқу;
- мәтіннен кейіпкердің жағымды бейнесін суреттейтін үзіндіні тауып оқу;
- мәтіннен жағымсыз кейіпкерді суреттейтін үзіндіні тауып оқу;
- Сонымен қатар, әрбір сыныпта мәтінді өте баяу оқитын, оқу барысында көптеген қателер жіберіп, өздерінің оқығандарын өздері түсінбейтін оқушылар аз емес. Ата-аналар мен оқушылар тарапынан жүргізілетін жұмыстарының нәтижесі де ойдағыдай бола бермейді. Тіпті, үлкендер жағынан жүргізілетін тексеріс барысында әр кез сәтсіздікке ұшырайтын оқушыларда үрей мен өзіне деген сенімсіздіктің күшейетіні де, оқуға деген жек көрушілік сезімі қалыптасатыны да таңсық емес. Жалпы бастауыш сынып бағдарламасында оқу дағдысын қалыптастыру — сыныптан-сыныпқа көшіру барысында оқылған мәтіннің көмегімен, оқу жылдамдығы — оқушының дұрыс және түсіне оқуының қалыптасуына қарай бағаланады.

Оқудың техникалық және мағыналық жағы болады. Оқудың техникалық жағы төмендегідей компоненттерді қамтиды: оқу тәсілі , оқу жылдамдығы, оқу жылдамдығының динамикасы (өсімі), оқудың дұрыстығы. Мағыналық жағы: мәнерлілік және оқылғанның мазмұны.

Оқу тәсілі мен оқу шапшаңдығы, шапшаңдық пен динамиканың арасындағы өзара байланыс тағайындалады. Осыған толығырақ тоқтала кетейік. Бірінші сыныптықтардың кейбірі мектепке оқып келеді. Бірақ оқу тәсілдері әр түрлі. Біреулері буындап оқиды, енді біреулері буындап және тұтастай оқиды, үшіншілері тұтас оқиды, төртіншілері тұтас сөзбен және сөздердің тобын оқитындай дәрежеде. Яғни, балалар оқу техникасын меңгерудің әр түрлі кезеңдерінде орналасады. Ал мектепте мүлдем басқа жағдай орын алады: бала буындап оқиды, яғни сөзді тұтас оқи алмайды, оның оқу техникасының деңгейіне сәйкес келмейтін мәтін ұсынылады, әрі оқу жылдамдығын тексереді. Ғалымдардың пайымдауынша, баламен оның мүмкіндігіне сәйкес жұмыс жүргізілуі керек, егер бала буындап оқыса, оған соғұрлым көбірек буын саны аз сөздер ұсынылуы қажет. Әрине, мәтінді де оқу керек, бірақ оның көлемі шағын болғаны жөн. Егер бала буындап және тұтас сөзбен оқыса, онда буындық құрылымы қарапайым және күрделі сөздерді оқыту маңызды. Мәтіннің көлемі ұлғая түседі, бала біртіндеп тұтас сөздер және сөздер тобын оқи бастайды. Әрі қарайғы міндет - бұл тәсілді тұрақты ету, яғни оны дағдыға айналдыру. [5]

Уақыт өте береді, баланың оқу қарқыны көтеріле түседі, мұғалім оның жетістігін белгілеп отырады, оқу жылдамдығының динамикасын байқап отырады. Сыныптағы басқа оқушылардан шапшаңырақ оқитын оқушылар тобының оқу жылдамдығының динамикасы мен баяуырақ оқитын оқушылар тобының оқу жылдамдығының динамикасының көрсеткіштерін салыстыра отырып, оқу жылдамдығы мен оның динамикасының өзара байланысын байқауға болады. Минутына 20 сөз оқитын оқушы минутына 70 сөз оқитынға қарағанда аз сөз қосады. Егер біріншілері 15 сөздей қосса, екіншілері екі есе көп 30 сөздей қосады. Минутына 20 сөз +15 сөз Минутына 70 сөз + 30 сөз Енді, оқудың дұрыстығы жөнінде.

Оқудың дұрыстығы - бұл қатесіз оқу:

а) Әріптерді тастамай, түгел оқу;

ә) әріптердің орнын ауыстырмау

б)артық әріп қоспау;

в) басқа әріппен алмастырмау;

г) тыныс белгісіне мән беріп оқу;

ғ) түсініп оқу.

Бұл қателердің сипаты бірыңғай емес. Бірінші кезеңдегі (буындық) қателіктер әріптердің бейнесін дұрыс түсінбеуден болады. Бұны оңай аңғаруға болады. Сондықтан, дыбысты меңгерту барысында әр баланың дыбысты дұрыс қабылдауына жете назар аудару керек. Оқушының оқу дағдысы тек мынандай жағдайда ғана алға жылжиды. Біріншіден, дыбыстың дұрыс дыбысталуы, екіншіден буынға дұрыс бөліп оқуы. Бала оқу барысында буындап оқудан бастап, буын + буын, сөз + буынмен оқып жаттығады. Алғашында кейбір қысқа сөздерді тұтас, күрделі сөздерді буынға бөліп оқиды. Бала дұрыс, қатесіз, түсініп оқыған сайын, оның оқуға деген құлшынысы күшейе түседі. Жалпы оқу барысында баланың оқыған сөзді түсініп оқуы үлкен маңыз атқарады.Оқу турлерін салыстырып қарайтын болсақ, түсініп оқу алдыңғы орында тұрады. Оқу – сөйлемнің мазмұнын түсініп, ақпарат қабылдау үшін қажет. Оқыту барысында осыған көп көңіл аударылады. «Оқы, не түсіндің?» - деп сұралады. Бала сөздің мағынасын түсінгенше қайталап оқыту жүзеге асады. Бұндай оқу барысында оқушының оқу жылдамдығы төмендейді. Минутына бағдарлама талабындағыдай сөз көлемін оқып берген бала одан еш нәрсе түсінбесе, одан тапқан пайдамыз қайсы? Сондықтан баланың оқу шапшаңдығы мен түсіну шапшаңдығын қатар дамыту керек. Мәнерлеп оқу - көркем сөздің үлгісі. Ол адам сезімін оятып, кісінің жан дуниесіне әсер етеді. Ондағы дауыс құбылысы - бейнелі сөздің әсері, мимика, қозғалыс, тағы басқалардың бірлігі мәтін мазмұнын аша түседі. Мәнерлеп оқуға қойылатын бағдарламалық талаптар төмендегідей: әуенді - сазды ерекшеліктерді сақтап оқу , сөз екпінін дұрыс қойып оқу; ой екпінін дұрыс қойып оқу; кейіпкердің көңіл - күйін сезіне оқу. [5,49]

Бүгінгі таңда жалпы білім беретін оқу орындарындағы білімдік процестің дамымалы мүмкіндігіне елеулі маңыз беріледі. Сынып оқушысының тұлғасы дамуының ерекшелігін оның оқудағы жетістігі, оқу іс -әрекетінің компоненттерін меңгеруі, жалпы оқу біліктілігі мен дағдыларыньң қалыптасу деңгейі анықтайды. Жалпы оқу дағдыларының бір саласы - оқу техникасы. Аталған дағдыны жоғары деңгейде қалыптастырмайынша оқушының әрі қарайғы сапалы біліміне қол жеткізу мүмкін емес.

Қорыта келгенде американдық жазушы Джордж Карлин «Балаларды оқуға үйрету соншалықты маңызды емес, балаларды оқығандары туралы ойлануға үйрету әлдеқайда маңызды!» деген екен. [4,86]

Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларына ұсынылып отырған мәтіндер бір-біріне ұқсамайтын, ерекше көңілді тапсырмалар қолданып, баланың көңіл-күйін , оқуға деген қызығушылығын, тіл байлығын, сөздік қорын, есте сақтау қабілетінің қалыптасуына ықпалын тигізуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бугрименко Е.А., Цукерман Г.А. Мәжбүрлемей оқу. - М.: Шығармашылық педагогика,1993.- 96с.
2. Квашнина Н.С. Ырғақты оқу элементтерін дамыту. // Бастауыш мектеп. 1991. 8 сс. 22-25.
3. Костромина С.Н., Нагаева Л.Г. «Оқуды үйренуде қиындықты қалай жеңуге болады». - М.: Ред. «Ос -89», 1999. - 239б.
4. Тұрғынбаева Б.А. Шығармашылық қабілеттер және дамыта оқыту Алматы, 1999ж. 47б.
5. В.Н. Зайцев «Резервы обучения чтению» Москва, «Просвещение», 2011.

САХНА – МӘДЕНИЕТКЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КӨЗІ

ӘОЖ 18.45.45

Заур Қ.М, Турегалиева А.Е..
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті.

Сахна тілінің басты мақсаты – адамды дұрыс сөйлеуге машықтандыру, олардың сөздік қорын байыту, сөйлеу мәнерін жетілдіру, әрбір сөзге мән беріп оны түсінуге, ұлттық тілдің табиғатын танытуға баулу дер едік. Көркем әдебиет тілін лингвистикалық поэтикамен байланыстыра зерттеу, мәтін стилистикасының өзіндік құрылымы мен жүйесінің мәселелерін

айқындау бүгінгі стилистиканың маңызды мәселелерінің бірі болып отыр. Соның ішінде, біздің зерттеуіміздің нысаны болып отырған сахна тілінің лингвистикалық поэтикасын зерттеу, тіл мәдениетін көрсету, ең алдымен драматургтың стилін анықтаудан басталады.

Прагмалингвистика табиғаты жағынан коммуникативтік іс-әрекетті зерттейтін сала болғандықтан, барлық тілдік талдауларға ықпалын тигізеді.

Көркем әдебиет тілін гуманитарлық ғылымдармен байланыстыра, антропоцентристік тұрғыдан қарастырғанда, лингвопрагматикалық аспект көркем шығармалардың тілін кешенді және фрагментарлы түрде зерттейді [1].

Прагмалингвистиканың мақсатын айқындай түсетін прагматикаға сөйлеуші субъект пен адресаттың (тыңдаушының) арақатынасынан туындайтын мәселелер кіреді. Сөйлеушінің ниеті немесе айтылған сөздің прагматикалық маңызы, сөйлеушінің референциясы, прагматикалық) пресуппозициялар, коммуникативтік қатынастарға байланысты мәселе (диалог, сөйлеудің әлеуметтік-этикалық қырлары, т.б.) қамтылады.

Сахна тілінің прагматикасы да кейіпкерлердің нақтылы сөйлеу жағдаяттарында вербальды және вербальды емес тілдік тәсілдерді пайдалануын, олардың пікір алмасуын, яғни, коммуникативтік іс-әрекеттердің жүзеге асырылуын көздейді.

Ал коммуникацияның негізгі формалары дискурс пен мәтін екені белгілі. Дискурс формасына көбірек жақындайтын сахнадағы коммуникант тілін интенциясымен қабыстыра қарастыру да – прагмалингвистиканың зерттеу максаттарының бірі [2].

Демек, сахна тілі – ақпарат берудің, алудың, оны жеткізудің сан түрін, яки, тілдік және тілдік емес арналар арқылы (көзбен көруге болатын, құлақпен еститін, тактильдік, факторлық т.б.) жүзеге асыратын ерекше синкретті тілдік жүйе.

Театр тарихында сахна тілінің өзіндік өзекті мәселелері әр дәуірде әртүрлі болып келеді. Яғни, әр дәуірдің өзіндік ерекшелігіне сай театры болады, сахна тілі де соған бейімделіп отырады. Кез келген театр сахнасында тіл басты орын алады.

Сөз дегеніміз тіл деп аталатын алып құрылыстың кірпіші іспетті. Кірпіш аз болса немесе сапасыз болса, үйіңіздің жақсы соғылуы неғайбыл. Сол сияқты сөзді дұрыс қолданбасаң, сөйлемді жүйелі құрастырмасаң тілдік нормаға нұқсан келеді. Сахна тілінің де өзіне сай лексикалық, грамматикалық, орфоэпиялық нормасы бар. Тілдік норма жазуда ғана емес, сөздің қолданылуы мен айтылуында да, сөйлем құрауда да, яғни тілдің өн бойында болуы тиіс [3].

Тілдік норманы сақтап сөйлеу – мәдениеттіліктің белгісі. Тіл мәдениетіне жетікпін дейтін тұлға сөздің мағынасын, мәндестік ерекшелігін, әдеби, тілдік төркінін, сөздердің еркін және тұрақты тіркестер құрамына ену мүмкіншіліктерін жете білуі керек. Яғни, сахна тілі орфоэпиялық ережелер мен нормаларды сақтауды қатаң түрде талап етеді. Сахнада әдеби тіл нормалары түгел сақталып, актердың оны сөйлеу тілінде қаншалықты меңгергендігі жан-жақты көрінеді. Яғни, актер сөйлеу мәдениеті мен сөйлеу техникасын қатар меңгеруі қажет.

Әдеби тілді сақтауда және оны таратуда сахнаның орны ерекше. Сахнада актер тіл арқылы көрерменімен тікелей байланысқа түседі. Актер тілі көрермендер үшін дұрыс айтылған әдеби тілдің үлгісі болуы тиіс. Әдеби тілдің бірыңғай нормасына үмтылу, тіл мәдениетінің бір белгісі болып табылады. Сондықтан, театр – актер – тіл бір-бірінен ажырамас ұғымдар, ал тіл мәдениеті мен сөйлеу техникасы да тығыз байланысты [4].

Сахна – мәдениетке тәрбиелеудің көзі. Сахнадан адамдар бір-ақ сәтте қаншама сөз қабылдайды. Драмалық шығармаларда басы артық сөз болмайды. Драманың тілі қысқа да нұсқа болуы шарт. Сондықтан онда олпы-солпы құралған тіркестер, қалай болса солай айтыла салған сөздер, басы артық шұбалаңқы сөйлемдер болмайды. Демек, сахна тілі адамдарды сөздерді орнымен дұрыс қолдануға, әдемі пікірлесуге, әдеби нормамен сөйлеуге баулиды. Тіл мәдениетінің басты мәселесі де осында – тілдік құралдардың көмегімен қарым-қатынас жасау барысында адамға ықпал ету.

Яғни, сахнада тіл арқылы адам сезіміне эстетикалық, әдемілік жағынан әсер ету басты нысана болып табылады. Театрдағы басты құрал – сөз болғандықтан, сөздің астарын, айтар ойын, көтеретін жүгін, артар салмағын сезінгенде ғана көрермен шығармадан эстетикалық ләззат алады [5].

Драмадағы ең басты нәрсе – тіл, екіншісі – қимыл екендігі белгілі. Сөз, сөйлеу кезінде жазумен беріле алмайтын бет, дене қимылдары, ым мен ишарат мимика, жест), эмоция, дауыс ырғағы, екпін, пауза театрдың ажырамас көркем бірліктері.

Сөйлеудің қай түрі болсын, интонация басты рөл атқарады. Интонация – поэтикалық мәтіннің мағыналық байлығын және оның фонетиклық қырын ашуда маңызды рөл атқарады. Интонацияны мағыналық және ритмикалық пауза, логикалық екпін, темп (ырғақ) қамтиды. Интонация, күлкі, көзқарас – сезім сигналдарына тікелей әсер етеді.

Сахнада персонаждардың жасайтын образының қайталанбас тілдік характерін қалыптастыруға баса назар аударылады. Актер диапозоны, олардың сөз саптаулары, штамп, дикция, тыныс – осының бәрі сөйлеу шеберлігінің маңызды да қажетті қырлары [6].

Ежелгі театрларға көркем сөз оқуда штамптардан аса алмау, (патетикалық көтеріңкі) сарын, памфездік тән болды. Көңіл толқынын еселеп көтеруге құштарлық басым болған. Келе-келе реализммен бірге сахнадағы көпсөзділік жойылып, шынайы репликаларға құрылған театр тілі сахналық шаблондардан арылды.

Радио, кино, телеэкран – жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының барлығы актерді, дикторды көрерменге жақындастыра түседі. Алайда онда жоғарыда айтып кеткеніміздей, декламациядағы штамп, патетика, шаблондар басым болып келеді. Ал сахна тіліндегі сөйлеу – жанды құбылыс болғандықтан құбылып, жанданып, өзгеріп отырады [7].

Актердің ішкі жан дүниесін көрерменге паш етер құралының маңыздысы – тіл туралы болмақ. Тіл – қоғам өмірін ұйымдастырушы басты күш болуымен бірге, әлеуметтік және экономикалық өрлеу мен дамудың, халық пен қоғам өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтардың айнасы.

Қоғамдағы өзгерістерге байланысты республикамызда жалпы білім беру жүйесін қайта құру, ұлттық мектептерде білім сапасын арттыру мәселесі қолға алына бастады. Білім беру жүйесінде енгізіліп отырған өзгерістерге сай оқу процесінде тәрбие тәсілдерін ұлттық психологияға бейімдеу, кәсіби бағдар беру, студенттердің қабілетін, талап-талғамын ескере отырып, жеке пәндерді теориялық әрі практикалық жағынан тереңдетіп оқыту іске асырыла бастады.

Тілден тиянақты білім беру мұғалімінің шеберлігіне байланысты десекте, талапқа сай жазылған тұрақты оқулық болмайынша, соншалықты жауапты міндеттің ойдағыдай орындалуы мүмкін емес [8].

XVIII ғасырда өмір сүрген шведтің табиғат зерттеушісі Карл Линнейдің: «Егер сен сөздерді тілді білмесең, заттарды зерттеуің мүмкін емес» - деген пікірі бар. Сөзді зеттеу, оның мағынасын, астарын, мәнін аша отырып, түпкі төркінін тапжылтпай тану оңай емес. Сондықтан да Асан Қайғының:

Қазаққа сөз дарыған,
Бір сөз үшін семіріп,
Бір сөз үшін арыған,-
деуі тегін емес еді.

«Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім» - деп Мағжан жырлаған ана тілімізді құрал ретінде қолданып, қадірлеу – перзенттік парызымыз. Актер мамандығы бұл бір жағынан ұстаздық мамандықты қоса алып жүреді. Өйткені, әр сахна төрінде айтылған сөзің белгілі бір мақсатпен көкейкесті ойыңды, халыққа деген назың болсын, төгер қаһарыңды болсын білдіреді. Сонымен әр сөзің арқылы көрермендік психологиясына әсер етіп, белгілі бір дәрежеде тәрбиелейді. Сондықтан да біз актерлер тілімізді жүз құбылтып қолдануға келетін икемділігін, дыбыс жүйесінің әсем сазды әуезін, тартымдылықпен өзгелер емес, алдымен өзіміз сезінуіміз қажет. Сонда ғана жүректен шыққан сөз, жүректерге жетеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ю.А.Васильев «Сценическая речь» С-Петербург, 2005
2. Теория и практика сценической речи. Санкт-Петербург, 2005
3. Сценическая речь «ГИТИС». Москва, 2006
4. Искусство речи «ГИТИС». Москва, 2007

5. З.Қабдолов «Сөз өнері» Мектеп, 1976
6. С.А. Қасқабасов»Ел қазынасы ескі сөз» Ғылым, 1994
7. З.Ахметов «Өлең өрнегі» Мектеп, 1976
8.https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/65199/?ysclid=lb5z93zl2j487941655

ОТБАСЫЛЫҚ ҒҰРЫП ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ БЕЛБЕУ МОТИВІ

ӘОЖ 82-36

Мұхан А.Ж.
Қ.Жұбанов атындағы АӨУ, филология магистрі, аға оқытушы.

Белбеу адамның беліне байланып, жалпы мифологиялық ұғым бойынша ғаламның орталығы, кіндігі деген ұғымды білдіргендіктен қасиетті саналған, кісінің әлеуметтік мәртебесін білдіретін рәміз саналған.

Фольклортанушы ғалым К. Матыжанов сыңсу жырларындағы жолдарды этнографиялық материалдармен салыстырып, астарлы мағынасына тереңдей зерттей отырып, «... буынғаным беліме кісе ме еді?», «Неге өсті екен қыз сорлы сылауменен, тал шыбықтай аш белін қынауменен» деген жолдар жай ғана ұйқас үшін алынған тіркестер емес, олар келесі жолдармен іштей ұштаса келіп, нәзік емеуірін, астарлы ойға жетелейді»[1, 151-б.], - деп зерттеушілерге ой тастайды. Біз аталған ғалымның осы пікірін негізге ала отырып, сыңсулардағы осы жолдарға көңіл аударуды жөн көрдік. Мәселен, сыңсуларда:

Базардан алған құйысқан,
Беліңе белбеу ұйысқан [2, 24-б.**].**

Буынғаным беліме,
Кісен бе еді жар-жар-ау,
Бекем бусам *белімнен*
Түсер ме еді жар-жар-ау! [2, 28-б.].

Буынғаным беліме кісен бе еді,
Кімдер бейнет сусынын ішем деді[3, 90-б.].

Ебек кенә билбәу − бил күрке,
Матур ғына егет − ил күрке[4, 41-б.].
Басымды ювдым балменен,
Белімді будым талмекен[5, 69-б.]**.**

Негізінде бұл жолдардағы белбеудің ұғыптық мәні тым тереңде. Оны анықтау үшін біраз этнографиялық деректерге сүйеніп көрейік.

Көптеген түркі тектес халықтардың қыз ұзату тойларында қыздың беліне белбеу тағып ұзататын дәстүр бар. Мәселен, башқұрттар қызды ұзатар алдында беліне белбеу тағып, мынадай ырыми өлеңдер айтқан:

Бил-бил, биләйім,
Билкәйемди бизәйем,
Котоңдо мин биләйем,
Тул бәхете теләйем[6, 88-б.].

Қыздың беліне белбеу тағу рәсімі азербайжан, тәжік да арнайы орындалатындығын азербайжан фольклорын зерттеуші Абдулла Бахул айтады[7, 144-б.].

Тува халқы өлген адамның беліне белбеу тағу рәсімі болған[8, 154-б.].

В.П. Дьяконованың мәліметіне сүйенсек, тувада әкесі өлген күні оның белбеуі ұлына мұраға қалған[9, Б.88, 106; 10, 183-б.].

Сондай-ақ тува халқы ер бала үш жасқа толған кезде беліне арнайы белбеу тағу рәсімін өткізген[9, 176-б.].

Келтірілген деректерді салыстырып қарасақ, белбеудің адамның әлеуметтік деңгейін көрсететін ғұрыптық киімдердің бірі екендігін түсінеміз.

Демек ұзатылған қыздың беліне белбеу тағу мен оның сыңсуында белбеудің көрініс табуы жайдан-жай емес екендігі анық.

Дәстүрлі дүниетанымда жер бетіндегі адамдар беліне белбеу тағып жүреді деген түсінік болған[10, 83-б.].

Ол жайында Ш.Уалиханов мынадай пікір айтады: «Аспанда да адамдар тұрады, олар белбеуді тамағының астынан буынады, біз әлемнің ортасында тұрамыз, сондықтан да белбеуді белімізден буынамыз, ал жер астында тұратындар (олардың да өздерінің күні, айы, жұлдыздары бар) белбеуді аяғына буынады[11, 181-б.].

«Мойныңа белбеу салма» деген тыйым бар, ал Тәңірге мінәжат етіп, бала ұрпақ, амандық-саулық, жеңіс тілегенде көшпелілер мойнына кісебелдік тағатын болған. . Белбеуді буыну сан түрлі мағына береді.

Біріншіден, белге белбеу тағу бір жерге аттануды білдіреді. Мәселен, Қамбар батыр жырында батыр жауға аттанар алдында Жәдігерге:

Қылмаңыз көп уайым
Әуелі алла, екінші
Жұрт үшін *белді буайын*,
Отыңды жанған өшіріп,
Асырып қырдан қуайын[12, 148-б.]. − дейді.

Ұзатылған қыз да туған жерінен жат жерге аттанушы. Негізінде ұзатылған қыздан бөлек өлген адамды шығарарда да үш жерінен түйіп аттандырады. Оны жер астына салар сәтте беліндегі белбеуін шешіп, аяқ жағына қояды. Жоқтауларда «Үш жерінен түйіп-түйіп, Жаға жеңсіз көйлек киіп», «Үшкүлсіз көйлек кидіріп, Үш жеріңнен түйдіріп»; «Келмеске белін байлаған, кең сарайын сайлаған» деген жолдар осы дүниетанымды аңғартады. Бұл дегеніміз оны ортаңғы әлемнен шығару рәсімі болса керек.

А. Тойшанұлы: «Адамның белі мен ораған белдік ортаңғы әлемді рәміздейді, сонымен бірге өсіп-өну мен күш-қуатты нышандайды»[13, 81-б.]деп тұжырымдайды.

Демек өлген адамның беліне белбеу орап аттандыру мен жат жерге ұзатылған қыздың беліне оралған белбеудің түп төркіні бір. Жат әлемге аттануды білдіреді. (баланың тұсауы кесіледі)

Белбеудің ғұрыптық мазмұны сан қырлы. Мәселен, тәжіктерде отбасында бір адам қаза болғанда әйелдер беліне белбеу тағып жүрген. Артынан азалау күндері аяқталған соң белбеуді шешкен[14, Б. 63-65; 15, 148-б.]. Кейбір деректерде ұйғырлар мен қазақтар аралас тұратын аудандарда сыйлы кісі қайтыс болғанда қазақтар да ұйғырларша ақ белбеу тартып жүретіндігі жайында жазады[16, 187-б.].

Жоқтауларда осы ұғым көрініс табады:

Өртенді күнім бесінде,
Белімнен белбеу шешілді [17, 252-б.].

Белімдегі белбеуім,
Үзіліп кетті белімнен[18, 10-б.].

Түрме *белбеу* белде жоқ,
Бизлердей болған елде жоқ [19, 188].

Ақ бозлағым кетти бел асып,
Белине белбеу жарасып [19, 225].

Немесе:

Қарағай найза түзеттім,
белімді шешпей күзеттім,
белбеудің табы белде жоқ,
Жетімді жетім деп пе едің?![19, 170-б.]

Одан әрі «Беліме құрсау кемерім», «Беліме қуат тұтындым», «Белімді бекем буайын», «Жан ағам кетті бел асып, беліне садақ жарасып» деген жолдар кездеседі.

О.А. Сухарева азалы әйелдердің беліндегі белбеуді шешу қайғылы күннің біткендігін білдіреді [15, 65-б.] деген де пікір айтады. Демек, белбеудің белге орануы мен шешілуінің де өзіндік бір мәні бар.

Халықтың белбеуге қатысты осы ұғымы қазақ ертегілерінде да сақталып қалған. Мысалы, Төстік жүрерде Кенжекей өз белін он екі құлаш торғын орамалмен тартады да, «не Төстік өлді деген күні, не Төстік келді деген күні шешіл» деп серт қылады. Беліндегі орамал Төстік келген күні шешіледі. Сонда Кенжекей былай дейді:

Сертпен тартып ораған,
Торғын, *белден босайсың,*
Аяқты орап шаршаған,
Жүргізбейсің, тұсайсың,
Әлде бір хабар Төстіктен
Білгенге бүгін ұқсайсың[20, 285-б.].

Сондай-ақ, белбеу − күш-қуаттың, мықтылықтың белгісі саналған. Мәселен, атаның баласы белде деген түсінік бар. Бел ұрпақты сақтаушы. Сондықтан болар башқұрт халқы үйлену тойында күйеу жігіттің беліне арнайы белбеу тағып:

Изге теләк теләйем,
Илең нық булһын,
Билең тоз булһын,
Балаларың көп булһын![6, 99-б.]− деп, көп балалы болуын тілейді.

Бүгінде күрескерлерге «қара белбеу» беру де мықтылықты білдіреді.

З. Самашев пен Ж.Жетібаева белбеудің мағынасын былайша жіктейді: белбеу − билік атрибуты, белбеу − соғыс символы, белбеу − сәндік бұйымы, белбеу − айыру белгісі[21, Б. 57-59].

Демек, белбеу халықтың салт-дәстүрлеріндегі бірқатар ғұрыптармен тығыз байланысты. Себебі, бұл ғұрыптардың арғы тегінде халықтың белбеуге қатысты ұғым-түсінігі жатыр.

Дәстүрлі дүниетанымда белбеуді белге байлау өмірге келу, өмір сүру деген мағынаны білдірген. Мәселен, жаңа дүниеге келген сәбидің кіндігін жіппен байлаған. Кіндік – адамның ең аяулы мүшесі. Ана мен баланы жақындастырған мүше.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Матыжанов К.І. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры. Монография. – Алматы: Арыс, 2007. – 332б.

2 Саттаров Қ. Рухани мұра: Сыңсу мен қыз мұңы. – Шымкент, 2006. – 76 б.

3 Тал бесіктен жер бесікке дейін (Қазақтың отбасылық ғұрып жырлары). Құраст., алғы сөзі мен түсініктерін жазған К. Ісләмжанұлы. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.

4 Султангареева Р.С. Об особенностях жанра сенляу // Башкирский фольклор: Иследования последних лет / Под редакцией Барага Л.Г. и Зарипова Н.Т. – Уфа, 1986. – с. 40-54.

5 Ногай халк йырлары. – Москва: Наука, 1969. – 215 б.

6 Султангареева Р.А. Семейно-бытовой обрядовый фольклор башкирского народа. – Уфа: Гилем, 1998. – 234с.

7 Бахул Абулла . Азербайджанский обрядовый фольклор и его поэтика. Баку: Элим, 1990. – 216 с.

8 Традиционное мировозрение тюрков Южной Сибири: Человек и общество. Новосибирск: Наука, 1989. − 243с.

9Дьяконова В.П. Погребальный обряд тувинцев как историко-этнографический источник. – Ленинград: Наука, 1975. – 162 с.

10 Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири: Пространство и время. Вещный мир. − Новосибирск: Наука, 1988. – 225с.
11 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 557 б.
12 Қазақ әдебиетінің тарихы. Фольклор. Т.1. – Алматы, 1948. – 438 б.
13 Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы: Монография. – Алматы: Баспалар Үйі, 2009. – 192 б.
14 Сухарева О.А. История Среднеазиатского костюма Самарканда. (2-я половина XIX-начало XX век). – Москва: Наука, 1982. –139 с.
15 Кармышева Б.Х. Архаическая символика в погребальной обрядности узбеков Ферганы // Древние обряды верования и культура Средней Азий. – Москва: Наука, 1986. – 205 .
16 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: біртұтастығы мен ерешелігі. Т.1. (Құрастырған С.Әжіғали). – Алматы: Арыс, 2005. – 328 б.
17 Боздағым: Қазақтың жоқтау жырлары. – Алматы: Жазушы, 1990. – 304 б.
18 Саттаров Қ. Қазақтың «теріс өлеңдер» жылау, жоқтау. – Ташкент, 1999. – 95 б.
19 Қарақалпақ фольклоры. Көп томдық. 5-том. (Жинаған, баспаға даярлаған Ә.Тәжімұратов) – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1980. – 467.
20 Қазақ ертегілері (Құрастырған О. Асқар). – Алматы: Балауса, 2004. – 464 б.
21 Самашев З., Жетібаев Ж. Қазақ петроглифтері (Көне тамыры мен сабақтастығы). – Алматы, 2005.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАРДЫҢ МӘНІ

ӘОЖ 82-311.2

Жұмашева А.Б.
БҚИТУ, магитсранты,
жетекшісі **Тасимова А.А.** Педагогика және психология кафедрасының профессоры.

Қазіргі жаһандану заманында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, индустрияның қарыштап өсуі, мәдени дамудың әлемдік деңгейіне көтерілуге бет бұру кезеңінде ұлттық мәдени-тарихи, рухани құндылықтарымызды бойына сіңірген шәкірттерге қоғамның сұранысы өсіп тұрған шақта дарынды балалардың интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруын қамтамасыз етудің маңыздылығы артуда.

Оқыту және тәрбиелеу процесінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың интеллектуалдық, шығармашылық қабілетін арттыруға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда жаңа талап, жаңа заманға сай оқушыларға тәлім-тәрбие мен білім берудің басым бағыттарында дарындылықты айқындау, ақыл-ой, интеллектуалдық шығармашылығын дамытуға баса назар аударылуда.

Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту өте маңызды, күрделі және көп салалы мәселе болып есептеледі. Шығармашылық – ол адамның мақсатты ісіне жету жолындағы талаптануы мен талпынысынан, жігері мен сабырынан, сұранысы мен ізденісінен түзіліп, ақыл ойы мен сезімінің, қиялының ерекше бітімінен көрінеді. Шығармашылық – адамның ойлауының және өз бетінше әрекетінің жоғарғы формасы. Дегенмен шығармашылықтың объективті және субъективті болатындығы белгілі. Оның алғашқысы ғылымда, зерттеулерде бұрын болмаған жаңалық деп танылса, соңғысы субъектінің өзі үшін жаңалық болып, оны әрі қарай жаңа бастамаларға шабыттандыратынымен сипатталады.

Шығармашылық қабілет құпиясы, данышпандық жұмбағы т.б. осымен байланысты мәселелер адамзатты барлық уақытта да ойландырған және бүгінге дейін де ойландырып келеді.

Шығармашылық мәселесінің дамуына ерекше үлес қосқан философтардың бірі Л.Фейербах болды. Ол шығармашылыққа антропологиялық тұрғыдан қарап, оны адамның өз белсенділігі, күші мен ерік-жігері және еркіндігі деп қарастыратын идеяға негізделген тұжырымдаманы ұстана отырып, адамның ішкі қуаттары мен әлеуеті туралы мәселе көтереді. Бұл идея қазіргі уақытқа дейін шығармашылыққа қатысты зерттеулердің негізі болып отырғаны белгілі.

XIX-XX ғасырларда ойшылдар арасында әр адамның бойында шығармашылыққа бастайтын негіз болатындығы жайлы көзқарастар айтыла бастайды.

Сондай ойдың иесі шығармашылық жайлы өзіндік пікір қалдырған А.Шопенгауэрдің тұжырымдамасында адам ерік пен интеллектінің иесі ретінде қарастырылып, оның назарына адамның субъектілігінің сезімдік астарларынан гөрі күші көбірек ілігеді. Философтың ойынша шығармашылықпен әрекет ететін адамдар – дарынды адамдар. Ал дарындылықтың ең жоғарғы көрінісін ол даналық деп есептейді және бұл қасиеттің сақталуы мен дамытылуының қажеттілігіне баса назар аударады.

Шығармашылық орыстың ойшылдарының да назарына ертерек ілінген мәселе қатарына жатады. XIX ғасырда ол туралы А.И.Герцен, В.Г.Белинский, ал XX ғасыр басында С.О.Грузенберг, М.А.Блох, т.б. ғалымдар еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл авторлар шығармашылықты дарындылық пен еңбексүйгіштіктің қосындысы ретінде қарастырады. Осы мезгілде қоғамдық өмірдің әр саласындағы шығармашылық әрекет жайлы зерттеулер жасалады.

Шығармашылық мәселесі - Орта Азия мен Қазақстан ойшылдарын да толғандырған мәселе.

Әбу Насыр әл-Фараби тұлғаның өз әрекеті мен оның дамуы жөнінде сындарлы тұжырым қалдырған - шығыстың ұлы ойшылы. Оның сана туралы ілімінде сана сарқылмайтындығымен сипатталып, ол әлеуеттене отырып, бардың мәнін түсінуге әкеледі деген ой айтылады. Оның “Бақытқа жол сілтеу” атты трактатында адамның өмірден кеткеннен кейінгі баянсыз бақыты туралы емес, тірі адамның бақыты туралы сөз етіліп, оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіруі, қиын жолдардан өтуі тиіс екені көрсетіледі.Сондықтан бақытқа барар жолдардың бірі – адамның интеллектуалдық жағынан дамуы екеніне тоқталады. Бұл еңбектегі біз үшін маңызы бар мәселе – ойдың, интеллектінің дамуы логикалық жаттығулар мен сабақтар нәтижесінде жүзеге асады, тек солар арқылы адам айналадағы ақиқатты танып біледі, жетіледі, адамның шығармашылық әлеуеті де жоғарғы ойлау әрекетінде және оны ұдайы жаттықтыру барысында іске қосылып, өз өнімін беретіндігі турасындағы тұжырым.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – көп аспектілі және күрделі проблема. Шығармашылық қабілет деп белгілі бір бағыттағы білім, іскерлік, дағдыны ғана емес, сонымен қатар олардың тез қабылдануын, бекітілуін және практикада қолданылуын да айтады. Осының бәрі жалпы білім беретін мектептегі педагогикалық процесс барысында дамытылатын тұлғаның шығармашылығы мен шығармашылық қабілеттерінің зерттелуіне ерекше көңіл бөлудің қажеттігін көрсетеді.

Мектептегі оқу процесі оқушылардың ізденімпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылығын дамытуына жол ашуы қажет.

Оқыту процесі – екі жақты процесс болғандықтан, оқушының өзіндік жұмысы, дербес іс-әрекеті мұғалімнің басшылығымен қатар, олардың ізденімпаздығын, белсенділігін, өз ықыласымен жасайтын әрекетін де керек етеді. Осыған байланысты кейбір педагогтар мен психологтар оқушылардың өзіндік жұмыстарының негізгі ерекшеліктері – олардың ықыласын және өз еркімен әрекет жасауына байланысты деп пікір айтады.

Оқушылардың өзіндік жұмысының жоғары формасына олардың өз еркімен амал-тәсілдер қолданып жасайтын шығармашылық жұмыстары жатады.

Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс-жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың алғы шарты болып табылады. Шығармашылық, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде

шығармашылық, практикалық сипаттағы әр түрлі тапсырмаларды орындау процесінде қалыптасады.

Елімізде бірқатар ғалымдар адамның руһани, интеллектуалды, басқа да кәсіби әрекетке шығармашылықпен өзін-өзі дамытуы туралы өз пікірлерін ұсынуда. Солардың ішінде Т.С.Садықов, А.Е. Әбілқасымова, С. Смаилов, М.Ә.Құдайқұлов, Қ.Бөлеев, Л.К.Керимов, О.С.Сәлімбаев, Б.К.Момынбаев Б.А.Тұрғынбаева т.б. еңбектері маңызды.

А.Е. Әбілқасымова: "Шығармашылыққа үйрету тұлғаның аспектісі ғана емес, оның психологиялық, мінез-құлық ерекшеліктерін де көздейді. Оған жігерлілік, жаңа жағдайларға бейімделуге икемділік, қажырлылық пен табандылық, тәуелсіздік пен адамгершілік сезімі, ынтымақтастық, белгісіз жағдайдағы өзіне сенімділік, аққиқатты іздеудегі және және қарым-қатынастағы адалдық жатады",- деп шығармашылықтың және жеке тұлғаның қызығушылығын ояту маңыздылығын нақты көрсеткен. "Шығармашылық мүмкіндікті қалыптастырудың маңызды міндеті – дарынды балалармен, оларды табумен және мадақтаумен, олардың өзін-өзі жоғары дәрежеде дамытуға жағдай жасаумен байланысты болып отыр",-деп тұжырымдайды.

Шығармашылық қызығушылықтың мәні мен мазмұнын анықтау қазіргі таңда ғылымда қолданыла бастаған "креативтілік" ұғымына байланысты қарастыру маңыздылығы артып отырғанын ескеру қажет.

Д.Б. Богоявленская, В.Д. Шадриков, В.Н. Дружинин және т.б. еңбектеріне сүйене отырып, біз креативтілік жеке тұлғаның бағытталушылығынан (танымдық мотивацияның басым болуы, танымдық қызығушылық, танып-білуге ұмтылу, білімқұмарлық); қабілеттерінен (стреотиптерді жеңе білу, проблеманы сезіну, ой жүйріктігі мен алғырлығы); мінез-құлқынан (бірегейлік, бастамшылдық, белгісіздікке шыдамдылық, зеректік) танылатын интегралды сапасы ретінде қарастырамыз.

Креативтілікті сипаттайтын қабілеттер арасынан мыналар ерекшеленеді:

• ойдың жүйріктілігі мен алғырлығы, бірегейлік, білімқұмарлық, болжам жасауға қабілеттілік, қиялшылдық;

• пікір дербестігі (С.И. Архангельский, В. Окунь және т.б.);

• пікір диалектикалығы (Ж.Т. Туленова);

• ассоциациялау жеңілдігі, «ойлау процесінің қайтымдылығы» (В.А. Крутецкий).

Д.Б. Богоявленская креативтілікті жеке тұлғаның «шығармашылық дарындылығы» ретінде қарастыра келе, шығармашылықты талдау бірлігі – интеллектуалдық белсенділікті (шығармашыл тұлғаның танымдық және мотивациялық сипаттамасын олардың бірлігінде бейнелеп көрсетеді) және интеллектуалдық белсенділіктің үш деңгейін: *стимулдық - өнімді, эвристикалық* және *креативтілік* деп ажыратады.

Білім беру процесінде шығармашылық жүйелі ойлаудың қалыптасу нәтижелілігі көбіне шығармашылық ойлаудың негізгі компонентерінің қалыптасу деңгейімен айқындалады.

Мұнда компоненттер құрамына енеді:

- талдау мен жинақтауға, салыстыру мен себеп-салдарлық байланыстарды таба білу қабілеттілігі;

- ойлаудың сыншылдығы (түрлі келіспеушіліктер мен қателерді таба білу) және қарама-қайшылықтарды аңғара білуге қабілеттілік;

- дамудың мүмкіндігін болжау;

- кез-келген жүйені немесе нысанды, өткен шақ, бүгінгі күн, келешек тұрғысынан көре білуі;

- әрекеттер тәртібін құру, жаңа идеяларды ұсыну және бейнелі-белгілік түрде шешімін табуды ұсыну.

Шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу мен дамытуда жаңаны ұсынуға қабілетті мұғалім білім беру процесінде үлкен рөлге ие.

-сурет – Жеке тұлғаның шығармашылық ойлауын дамыту

“Педагог тосын жаңалықты жанынан шығару құқына ие ғана емес, оның жаңаны суырып салып айтпауға құқығы жоқ, ол сабақта ойлаған мақсатына толық әрі тиімді түрде қол жеткізу мақсатында ең жақсы шешімдерді ойлап шығарып және іздеуге дайындық, жаңаны жанынан шығаруға әзірлік жағдайында болу үшін әрдайым өзін-өзі жетілдіруге міндетті”.

Мұғалімнің шығармашылық күш-жігері мен қабілеттерінің өзін-өзі өзектендіруі және жұмылдыру процесі, мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамытуының құрылымына енетін кәсіби іскерліктері мен қабілеттерін жетілдіруді жүзеге асырады.



-сурет – Жеке тұлғаның шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытуы

Жоғарыда баяндалғанды қорытындылай келе, жеке тұлғаның шығармашылық тұрғыда өзін-өзі дамытуы, бір жағынан «өзіндік» процестердің тиімділігін арттыру және қарқынын күшейтуге, келесі жағынан, әрдайым күрделеніліп отыратын проблемалық-шығармашылық міндеттерді қарама-қайшылықтардың шешімін табуға бағытталған субъект-субъектілік бағдардың шығармашылық әрекетінің ерекше түрі екендігін айтуға болады.

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЖАЛПЫ ДАРЫНДЫЛЫҒЫ БАР БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

ӘОЖ 376.5

Иргалиев А.С., Оразғали Ә.Ә.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

Түйіндеме

Мақалада дарынды балалармен әлеуметтік педагог қызметінің негізгі бағыттары көрсетілген. Дарынды балалармен әлеуметтік педагог жұмысының негізгі функциялары мен міндеттері талданды. Кіші мектеп жасындағы дарынды балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың мазмұны анықталды. Әлеуметтік-педагогикалық аспектідегі дарындылық феноменін және дарынды балалармен әлеуметтік педагог жұмысының бағытын түсінуге талдау келтірілген.

Резюме

В статье представлены основные направления деятельности социального педагога с одаренными детьми. Проанализированы основные функции и задачи работы социального педагога с одаренными детьми. Определено содержание социально-педагогической работы с одаренными детьми младшего школьного возраста. Приведен анализ понимания феномена одаренности в социально-педагогическом аспекте и направления работы социального педагога одаренными детьми.

Summary

The article presents the main areas of activity of a social teacher with gifted children. The main functions and tasks of the work of a social teacher with gifted children were analyzed. The content of social and pedagogical work with gifted children of primary school age is determined. An analysis of the understanding of the phenomenon of giftedness in the socio-pedagogical aspect and the direction of work of a social teacher by gifted children is presented.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру саясатының басым міндеттерінің бірі дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау болып табылады, өйткені олар - елдің серпінді дамуға және қойылған міндеттерді уақтылы шешуге мүмкіндік беретін әлеуеті. Аталған талаптарды орындау - бұл зияткерлік және шығармашылық қызметтің түрлі салаларында дарынды балаларды анықтаудың, дамытудың және атаулы қолдаудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету. Бұл «Қазақстан Республикасының бала құқықтары туралы» Заңы, «Білім туралы» ҚР Заңы сияқты бірқатар маңызды заңнамалық құжаттармен расталады. Дарында балалар категориясымен әлеуметтендіруші қызметті әлеуметтік педагог жүзеге асырады [1].

Әлеуметтік педагог, микросоциумда балалармен және ересектермен жұмыстың ұйымдастырушы. Ол қоғамдағы балалардың құқықтарын қорғауға, әлеуметтік және кәсіптік қалыптасу кезеңінде оларға жәрдемдесуге, сондай-ақ әлеуметтік-педагогикалық көмекке, өзара іс-қимылға бағытталған педагогикалық, әдістемелік, зерттеу қызметін жүзеге асырады. Балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың басты бағыты жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету - баланың шығармашылық әлеуетін, қабілеттерін, бейімділігін белсендіру, дамыту және іске асыру үшін жағдай жасауға бағытталған. Әлеуметтік педагог балалар мен ересектерді әлеуметтік шығармашылық процесіне, жан-жақты бірлескен әлеуметтік маңызды қызметке, әлеуметтік бастамаларға қосады.

Әлеуметтік педагог әр баланың мүдделері мен табиғи қасиеттеріне, қарым-қатынас жасау қажеттіліктеріне жауап беретін іс-шараларды ұйымдастыруға тырысады [2, 13 б.]. Оның жұмысының негізгі бағыттары Т.А. Шишковецке сәйкес, келесідей: барлық жастағы балалардың әлеуметтік және жеке мәселелерін анықтау мақсатында әлеуметтік-педагогикалық зерттеу, баланың құқықтарын әлеуметтік-педагогикалық қорғау, оқушының жеке басын қалыптастыруда отбасына әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету, әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру, әлеуметтік-педагогикалық профилактика, түзету және оңалту, тұлғаның оңтайлы дамуы үшін педагогикалық бағдарланған ортаны құруға жәрдемдесу балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік құнды қызметін қолдау, ұйымдастырушылық-әдістемелік қызмет [3, 32-34 б.].

Әлеуметтік педагог жұмысының нақты бағыттары ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: оқушының жеке басындағы психикалық ауытқуларды және олардың оқуы мен мінез-құлқына әсерін алғашқы анықтау, қажет болған жағдайда жекелеген оқушылар терең диагностикаға жіберілуі мүмкін; медициналық және әлеуметтік орталықтармен неғұрлым толық диагностиканы қамтамасыз ету және түзету немесе әр түрлі ауытқулары бар жекелеген оқушылармен түзеу жұмыстары; жекелеген оқушылармен және топтармен бағытталған әлеуметтік-педагогикалық жұмыс; әр түрлі орталықтармен өзара әрекеттесу бірлескен тәрбиелік күш-жігерді үйлестіру үшін девиантты мінез-құлық балаларымен жұмыс; оқушымен, сыныппен жұмыс жасауда мұғалімге әлеуметтік-педагогикалық көмек; оқушыларға, мұғалімдерге және ата-аналарға психологиялық-педагогикалық кеңес беру [4, 13-14 б.].

Дарындылық құбылысының мәнін анықтай отырып, біз дарынды балалардың ерекшеліктерін қарастырып, категориясын анықтаймыз.

Дарынды балалар - бұл белгілі бір қызмет түріндегі жарқын, айқын, кейде ерекше жетістіктерімен ерекшеленетін балалар. О.А. Запотылоктың «Дарынды балалармен жұмыс» еңбегінде көрсетілгендей, дарынды бала - бұл құрдастарына қарағанда жоғары, басқа да тең жағдайларда, ілімге бейімділігі және айқын шығармашылық көріністері бар бала; белгілі бір қызмет түрінде жетістіктері бар (немесе оларға ішкі алғышарттары бар). Мұндай балаларды зерттеу, оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмысты үйлестіретін дарындылық және дарынды балалар жөніндегі дүниежүзілік кеңестің тұжырымдамасына сәйкес, дарынды және талантты оқушылар - бұл кәсіби дайындалған адамдар жоғары қабілеттілікке байланысты жоғары жетістіктерге жету мүмкіндігі бар деп анықтаған [5, 54-55 б.].

Дарындылық белгілері - бұл дарынды баланың нақты іс-әрекетінде көрінетін және оның іс-әрекетінің сипатын бақылау деңгейінде бағалануы мүмкін ерекшеліктері. Айқын

дарындылықтың белгілері оның анықтамасында жазылған және іс-әрекеттің жоғары деңгейімен байланысты. Дарындылық белгілері дарынды баланың мінез-құлқының екі аспектісін қамтиды: инструменталды және мотивациялық. Инструменталды - оның жұмыс тәсілдерін сипаттайды. Мотивациялық - баланың шындықтың бір немесе басқа жағына, сондай-ақ оның қызметіне қатынасын сипаттайды [6, 28 б.]. Арнайы дарындылықпен емес, жалпы деп аталатын балаларды оқыту және дамыту мәселесі ерекше өзектілікке ие деп санаймыз. Жалпы дарындылық әр түрлі іс-шараларға қатысты көрінеді және олардың өнімділігінің негізі ретінде әрекет етеді, сонымен қатар арнайы дарындылықтың болуы қабілеттердің үйлесімі ретінде жалпының болуын жоққа шығармайды [7, 140 б.]. Жалпы дарындылықтың психологиялық өзегі - бұл адамның эмоционалды, мотивациялық және ерікті қасиеттері қалыптасатын ақыл-ой қабілеттері (немесе жалпы танымдық қабілеттер).

Әлеуметтік педагогтың балаға жалпы дарындылықты дамытуға көмектесу мүмкіндігі көбірек, арнайы емес, өзін нақты қызмет түрлерінде анықтайтын және одан тиісті салада қосымша мамандануды талап ететін жекелеген салаларға (көркемдік, математикалық, музыкалық және т.б.) қатысты анықталатын [6, 10 б.]. Әлеуметтік педагогтар арнайы дарындылықты дамытуға тек делдалдық функцияны орындай отырып, көмек көрсете алады. Мұндай балаларды қосымша білім беру мекемелеріне, үйірмелерге, секцияларға және т.б. бағыттай алады [8, 140 б.]. Осыған байланысты, жалпы дарындылығы бар балаларды дамытудың психологиялық-педагогикалық жүйелерін дамытудың өзектілігі айқын. Бұл жүйелер мұндай балалардың дамуының психологиялық ерекшеліктерін, олардың танымдық қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеруі керек.

XXI ғасырдың маңызды өзгерістердің бірі - зияткерлік және шығармашылық қабілеттері жоғары балаларды оқыту проблемасы. Әр баланың жеке мүмкіндіктерін ашуға бағытталған мектеп оқушылардың шамамен 30%-ы бастауыш мектепте оқып жүргенде өздерінің шығармашылық дамуының бастапқы көрсеткіштерін төмендететіндігімен сипатталады. Егер оқушылардың осы 30% интеллектуалды және шығармашылық сұраныстары қанағаттандырылмаса, онда баланың ең құнды қасиеттері – «ашық ақыл мен балалық шақтың икемді қызығушылығы» жойылады (Дж. Дьюи) [9, 34 б.]. Н.Б. Шумакова, «Дарынды бала: оқу ерекшеліктері» жұмысында «ерекше дарындылықпен емес, жалпы деп аталатын балаларды оқыту» мәселесі ең өзекті екенін дәлелдейді. Себебі, жалпы (ақыл-ой) дарындылығы бар оқушылар өздерінің танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға және мектепте де, қосымша білім беру жүйесінде де жоғары қабілеттерін көрсетуге мүмкіндігі жоқ оқушылардың ең кең санаты болып табылады» [9, 34 б.]. Осыған байланысты даму көрсеткіштерінің төмендеуі көбінесе осы балалар тобында байқалады. «Психологиялық зерттеулердің деректері мұндай төмендеудің себебін дарынды балалардың кез-келген биологиялық ерекшеліктерінен емес, олардың дамуы үшін қажетті жағдайлардың болмауынан көруге мүмкіндік береді, өйткені мектеп қарапайым оқу дағдыларын қалыптастыруға шамадан тыс назар аудара отырып, көбінесе дарынды баланың дамуына тосқауыл болады [9, 34 б.].

Дарынды балаларға «олардың жоғары танымдық мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін жағдайлар қажет және онсыз олардың әлеуеті іске асырылмай қалуы мүмкін. Бұл жағдайлар аралас сыныпта ішкі саралау және оқытуды даралау арқылы жасалуы мүмкін. Бірақ жоғары дарындылықты дамыту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар дарынды балалардың жалпы сипаттамаларына арнайы бағытталған және сонымен бірге олардың жеке ерекшеліктерін ескеретін бағдарламаларды қамтамасыз етеді», дарынды балалардың зияткерлік және шығармашылық қабілеттеріне оқытудың сәйкестігін қамтамасыз етеді, бұл олардың табысты когнитивті дамуын және оларда жағымды жеке қасиеттердің қалыптасуын анықтайды.

Бастауыш сыныптарда дарынды балалармен тәрбие - білім беру жұмысының негізгі мақсаттары:

- баланың жалпы қабілеттерін барлық арнайы қабілеттердің негізі ретінде дамыту («жалпы интеллект факторы» немесе «базальды дарындылық факторы»), өйткені қабілеттердің табиғи бейімділігін осы қолайлы жас кезеңінде дамытуға болады;

- баланың интеллектісін дамыту (ойлау, есте сақтау, сөйлеу және басқа интеллектуалды функциялар).

Жұмыстың негізгі міндеттері: дарынды балаларды анықтау, олардан өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі өзгертудің негізгі қабілеті ретінде үйрену қабілетін қалыптастыру, қарым-қатынас дағдыларын тәрбиелеу, оқу ынтымақтастығын жасау, балалардың психикалық денсаулығы мен эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету және сақтау кез келген іс-әрекеттің сәттілігінің қажетті шарты.

М. Линдсли дарынды балалармен жұмыс істеуге дайын мұғалімдердің біліктілік деңгейлерін ұсынды:

1 деңгей - әр баланың (оның жеке басының) ашылуы мен дамуын ынталандыратын барлық мұғалімдерге қажетті жеке сипаттамаларды, білімді, дағдыларды және көзқарастарды қамтиды;

2 деңгей - кез-келген дарындылықты дамыту үшін қажетті білім, дағдылар мен көзқарастарды қамтиды;

3 деңгей - белгілі бір түрдегі (жалпы, интеллектуалды, шығармашылық, арнайы және т.б.) дарындылықты дамыту үшін қажетті білім, дағдылар, көзқарастар [10, б.196].

Баланың дарындылығын анықтау және дамыту - қазіргі мұғалім қызметінің өзекті міндеті. Ол үшін дарынды баламен жұмыс істейтін мұғалімнің жоғары кәсіби құзыреттілігі қажет.

Кәсіби құзыреттілікке дарындылық психологиясы мен педагогикасын белсенді игерудің нәтижесі болып табылатын психологиялық-педагогикалық білімді, іскерліктер мен дағдыларды қамтиды: дарындылық, оның түрлері, психологиялық негіздері, анықтау критерийлері мен принциптері туралы білім; дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері, олардың жас және жеке дамуы туралы білім; дарындылықпен жұмыс істеу үшін мамандардың кәсіби біліктілігінің ерекшеліктері туралы білім дарынды балалар; дарынды балалармен жұмыс істеу бағыттары мен нысандары туралы, дарынды балаларды оқыту бағдарламалары мен технологияларын әзірлеу принциптері мен стратегиялары туралы білім; дарындылық белгілері негізінде дарынды балаларды анықтау әдістерін әзірлеу және іске асыру саласындағы дағдылар мен дағдылар; оқушылардың дарындылығының түрлері мен ерекшеліктерін, олардың контингентін ескере отырып, дарынды балаларды оқытудың дидактикасы мен әдістемесі саласындағы іскерліктер мен дағдылар және оқытудың нақты шарттарын; дарынды балаларға, олардың ата-аналарына және басқа да отбасы мүшелеріне психологиялық-педагогикалық кеңес беру дағдылары мен дағдылары. Кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрамдас бөлігі мұғалімдердің кәсіби маңызды жеке қасиеттері болып табылады: танымдық және ішкі кәсіби мотивацияның, эмпатияның дамуының жоғары деңгейлері; бақылаудың ішкі локусы; жоғары және барабар өзін-өзі бағалау; жеке өсуге ұмтылу [11].

Дарынды балалармен жұмыс істеу үшін мұғалімдерді даярлау жалпы және арнайы оқытудың бірлігі мен сарапауы қағидатын, оқытудың кезеңділігін, теориялық және практикалық дайындықтың бірлігі қағидатын ескере отырып құрылуы керек.

Дарынды балалармен құзыреттіліктің белгілі бір деңгейіне жеткен мұғалім жұмыс істей алады, оның құрылымы мотивациялық-құндылық, ақпараттық-коммуникативтік, операциялық-белсенді және инновациялық-шығармашылық компоненттермен ұсынылған. Олардың жиынтығы дарынды оқушыларды оқыту, дамыту және психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша қызметтің тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мұғалімнің диагностикасын жылына бір рет оқу жылының басында білім беру мекемесі әкімшілігінің өкілдері, психологтар, мұғалімнің өзі жүргізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Иргалиев А.С. Тұлғаны әлеуметтендіру (цифрлық білім беру кеңістігі). Монография. - 3 басылым. - Орал, 2023. - 118 б.

2. Шептенко П.А. Методика и технология работы социального педагога: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / Под ред. В.А. Сластенина. - 2-е изд., стер. - М.: Академия, 2007. - 272 с.

3. Шишковец Т.А. Справочник социального педагога: 5-11 классы. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: ВАКО, 2007. - 336 с.
4. Гришанова О.С. Справочник социального педагога. - Волгоград: Учитель, 2010. - 210 с.
5. Запотылок О.А. Работа с одаренными детьми. - Мн.: КрасикоПринт, 2006. - 176 с.
6. Панютина Н.И. Система работы образовательного учреждения с одаренными детьми. - Волгоград: Учитель, 2007. - 204 с.
7. Никитина Н.И., Глухова М.Ф. Методика и технология работы социального педагога: учеб. пособие для студентов. - М.: Владос, 2007. - 399 с.
8. Галкина Л.А. Развитие профессионально-личностной готовности социальных педагогов к работе с одаренными детьми // Ярославский педагогический вестник. Т. II (Психолого-педагогические науки). - 2013. - №4. - Б. 139-143.
9. Шумакова Н.Б. Одаренный ребенок: особенности обучения: пособие для учителя / Н.Б. Шумакова, Н.И. Авдеева, Л.Е. Журавлева. - М.: Просвещение, 2006. - 239 с.
10. Шумакова Н.Б. Обучение и развитие одаренных детей. - М.: МПСИ; Воронеж: НПО «МОДЭК», 2004. - 336 с.
11. Савенков А.И. Одаренный ребенок дома и в школе. - Екатеринбург: Фактория, 2004. - 272с.

К ВОПРОСУ ИЗУЧЕНИЯ ЭГОЦЕНТРИЗМА У ДЕТЕЙ ПОДРОСТКОВОГО ВОЗРАСТА

ӘОЖ 3701

Султаниязова Н.Ж.
– PhD, ассоциированный профессор кафедры педагогики и психологии,
Федосеева А.А.
– студент 3 курса ОП «Педагогика и психология»

Швейцарский психолог и философ Жан Пиаже, сделавший ряд важных открытий в области психического развития и мышления детей, первым употребил термин «эгоцентризм» в начале XX века.

В ходе исследований ученый задавал детям вопросы, ответить на которые можно было только посмотрев на ситуацию с точки зрения другого человека. Как правило, дети терялись и отвечали неверно.

Любопытно, что ребята порой не учитывали себя, отвечая на подобные вопросы. Например, так выглядел диалог ученого с семилетним мальчиком:

— Сколько у тебя братьев?
— Двое, Поль и Альбер.
— А у Поля есть братья?
— Да, один — Альбер.

Эгоцентризм (от лат. ego - я + centrum - центр) – это выученная жизненная позиция, которая сформировалась еще в детстве. Маленький ребенок осознает себя центром Вселенной, где все люди, предметы и явления подчиняются его желаниям и до 7-10 лет — это абсолютно нормально. Но детский эгоцентризм может трансформироваться в другие личностные свойства. При правильном воспитании – в уважение к другим, сопереживание, при неправильном – в безразличие к окружающим или требовательность. Для решения такой проблемы могут требоваться годы, будут применяться различные методы, такие как гештальт терапия, когнитивно-поведенческая терапия или психоанализ сновидений. Эгоцентрист считает, что он – центр своей Вселенной, он считает, что настолько самодостаточен и развит, что ему больше никто не нужен. Окружающие со своими интересами и проблемами ничего не значат для него[1].

Существует 3 вида эгоцентризма.

1-Познавательный эгоцентризм – проявляющийся в процессе восприятия и мышления;

2-Моральный эгоцентризм – характеризуется невозможностью восприятия совершения каких-либо моральных поступков, психологии других людей в обществе

3-Коммуникативный эгоцентризм – проявляется в нарушении речи, затруднении общения с людьми, в связи с тем, что мало общается в обществе[2].

Признаки эгоцентризма

Чтобы работать с проблемой эгоцентризма, стоит определиться, какие признаки на него указывают. Если для вас характерны следующие особенности, возможно, вы эгоцентричны:

Вы — центр всех событий.

Вам часто кажется, что все происходящие события — последствия ваших действий и решений, другие люди и обстоятельства не играют в них никакой роли. Вы берете на себя ответственность за события, даже если напрямую от вас ничего не зависело. Вы испытываете «синдром главного героя», когда как окружающие люди ощущаются вами как массовка или публика.

Вы любите поспорить.

Когда вы слышите чуждую вам точку зрения, вы бросаетесь доказывать свое мнение всеми правдами и неправдами. Ваша задача — доказать свое мнение, так как мнение оппонента кажется вам совершенно неправильным, поэтому вам не интересно вникать в его точку зрения и дискутировать. Знакомые часто говорят вам, что в диалоге вы будто не слышите их, а только ждете своей очереди высказаться. Также вы легко можете вести ожесточенные споры на чувствительные темы: эмиграция, дискриминация, политические события, аборты и так далее. Во время таких разговоров вы редко замечаете, если оппоненту некомфортно и тема вызывает у него негативные эмоции.

Вы любите давать советы.

Зачастую вы можете давать советы, даже если вас об этом не просили, так как уверены, что точно знаете, как решить ту или иную проблему. Вам характерно пытаться «причинить добро» в ситуации, когда вашему другу или близкому скорее нужна была эмпатия и поддержка.

Вам сложно решать конфликты.

Вы часто ссоритесь со своей второй половинкой или с друзьями, а примирения достичь сложнее. Вам очень сложно признать свою неправоту или равноценность позиций в конфликте. Близкие часто говорят, что ваши извинения, если они происходят, звучат формально и неискренне, будто вы говорите это только чтобы сгладить конфликт, а вовсе не потому, что вам действительно жаль. Из-за этого отношения с романтическими партнерами или друзьями часто рушатся, их не удается построить крепкими и долговечными[4].

Есть ли отличие между эгоизмом и эгоцентристом

Если эгоистичные люди чаще всего осознают эту свою черту, то собственную эгоцентричность порой сложно отследить. Эгоцентрик попадает в когнитивную ловушку — он считает себя правым во всем, потому не способен подвергнуть свои поступки сомнениям и критике. Так что, если вы заметили у себя признаки эгоцентризма и признали их — похвалите себя, это уже большой шаг вперед. Признание является главным фактором, который позволит вам побороть собственный эгоцентризм и научиться строить прочные и комфортные для всех участников отношения.

Психотерапевт Светлана Мардоян рассказывает, что эгоцентризм чреват тем, что людям может быть некомфортно общение с таким человеком. Это утомляет, раздражает, возникает чувство, что ты здесь не равноценный участник диалога, а лишь статист. Это приводит к дистанцированию и нежеланию общаться.

Светлана Мардоян: «Самое действенное средство от эгоцентризма — соотнесение своих интересов с интересами других людей. Стоит почаще спрашивать себя: как то, что я делаю или говорю отразится на другом человеке? Не причинит ли это вреда другому? Если своими силами это не получается, с таким запросом можно обращаться к специалисту»[3].

Одна из лучших и простых методик для диагностирования эгоцентризма – это, «Заверши предложения».

Методика направлена на выявление такого личностного качества как эгоцентризм. Являясь по сути проекционной методикой, обработка данных проводится строго стандартизировано. Быстрота проведения и обработки результатов является неоспоримым преимуществом данной методики.

Эгоцентризм не является самостоятельным диагнозом, а только показателем наличия глубоких, устойчивых личностных проблем. Эгоцентризм является следствием если не всех, то большинства личностных расстройств: неврозов, психопатий, акцентуаций, неадекватных психических состояний и пр. Эгоцентризм возникает практически всегда, когда у человека возникает чувство неадекватности собственного «Я» по сравнению с «другими Я». Вследствие этого возникает «зацикленность» на собственном «Я», своих проблемах – человек воспринимает окружающий мир через призму собственного «Я», своих проблем.

Проведение методики: Испытуемому на отдельном бланке предлагается десять незавершенных предложений:

1.Несколько лет назад ...
2.В действительности ...
3.По сравнению ...
4.Чем дальше ...
5.Легче всего ...
6.В ситуации ...
7.Это неверно, что ...
8.Будет время, когда ...
9.Основная проблема ...
10.Самая большая ...

После этого дается инструкция: «Перед вами десять незавершенных предложений. Завершите их. При этом старайтесь думать как можно быстрее».

Обработка состоит в подсчете количества использований во всех десяти предложениях имен собственных производных от «я» (включая и само «я»): «мне», «мое», «мои» и т.д.

Норма составляет 1-3 упоминаний. При количестве упоминаний больше 6 можно говорить о ярко выраженном эгоцентризме.

Проведя эту методику в средней-общеобразовательной школе, в 7 классе, получены следующие результаты:

Диляра: 4
Артур: 3
Тимур: 4
Раушан: 8
Денис: 7
Альбина:11
Елена: 10
Инна: 8

Заключение

У большей половины класса выявлен выраженный эгоцентризм. Проявляется это также и в поведении учащихся как на переменах, так и на уроках. Ребята любят поспорить между собой, каждый доказывая свою правоту. При этом им трудно самим выйти из конфликта и решить все мирным путем. Узнав результаты диагностики большинство учеников не стали отрицать того факта, что у них крайне завышена самооценка. Другие же наоборот старались это скрыть. Причин такого поведения может быть множество. Для этого необходимо проводить дополнительные диагностики.

Список литературы:

1. Большой толковый словарь. - СПб. : Норинт, 2012.
2.Андреева Г.М. Социальная психология: учеб. для высш. учебных заведений. - М.: Аспект Пресс, 2016.

3. Быкова Н.В. Обида как способ взаимодействия с ближайшим окружением // Психология совпадающего поведения: материалы междунар. науч.-практ. конф. / отв. ред. Е.А. Сергиенко, Т.Л. Крюкова. - Кострома: КГУ им. Н.А. Некрасова, 2007. - С. 185 - 187.
4. Возрастная и педагогическая психология: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов. / под ред. проф. А.В. Петровского. - М. : Просвещение, 2013.

ЦИФРЛЫҚ ОРТАДА ТҰЛҒА ДАМУЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘОЖ 37.03

Баймуханова Б.К.
БҚИТУ, аға оқытушы,
Назарғали А.Қ.
Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты.

Қазіргі таңдағы қарқынды жүріп жатырған әлеуметтік кеңістікті ақпараттандыру, цифрлық орта тұлғаның эмоционалды - жеке және психикалық дамуға үлкен әсер етеді. Сол себепті цифрландырудың қоғамға және әрбір тұлғаға әсері өзекті мәселе болып отыр. Ерте балалық шақтан бастап әр бала өмірдің ажырамас бөлігіне айналатын электрондық ақпараттық құрылғыларды пайдаланады. Бұл "цифрлық балалық шақ" деп аталатын құбылыс. Сандық құрылғылар сыртқы әлеммен өзара әрекеттесу формаларын өзгертеді, баланың өмірін толықтырады, дамудың жаңа жағдайын жасайды және әлеуметтенудің толыққанды бағдаршысына айналады. Қоғамның барлық салаларына ене отырып, жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіптерді де туғызады. Балалар цифрлық ортада өмір сүреді және оқиды. Олар өз өмірлерін цифрлық өріссіз елестете алмайды, өйткені олар алдыңғы ұрпақпен салыстырғанда цифрлық ортада дүниеге келген ұрпақ. Цифрландыру адам дамуының когнитивті, коммуникативтік, эмоционалдық, психофизиологиялық, әлеуметтік салаларына әсер етеді. Соңғы жылдары, Касперский зертханасының мәліметі бойынша:

- балалардың 85% - ы өз өмірін сандық құрылғыларсыз елестете алмыйды;
- үй шаруасымен айналысатын ата-аналар көбінесе балаға ұялы телефон немесе планшет береді;
- 4-5 жастан бастап ата-аналардың 92%-ы балаларын гаджеттерге үйретеді;
- бастауыш сынып оқушыларының 40% - дан астамы әлеуметтік желілерде өз аккаунтына ие [1, б.37].

Жалпы баланың миы табиғи жағдайда дамуы қажет. Бірақ қазіргі қоғамдық жағдайға байланысты ол цифрлық ортада дамиды. Осы себептен қарым- қатынас пен байланыс тәсілдерінің өзгеруі цифрлық аутизмге және жалпы табиғи ортадан ажырауға әкеледі. Балалар басқа адамның ішкі әлеміне енбейді, олар бір-бірімен байланысын тоқтатты, эмпатияға бейім болмаймайды. Қазір көптеген қызметтер тек онлайн режимінде ұсынылады, оқушылар қашықтықтан оқытумен таныс. Бұл жағдайда тұлға трансформацияға ұшырайды, тіпті жеке қарым-қатынас адам психикасына ауыртпалық әкелетіндей көрінеді.

"Цифрсыз" әлеммен таныс ересектерден айырмашылығы, балалар "қолында смартфонмен дүниеге келді". Қазіргі мектеп оқушылары мен 20-30 жыл бұрын оқыған ересек буынның айырмашылығы міне осында. Цифрлық ортада дүниеге келіп, өмір сүріп жатырған балалар үйде көбірек отырып, таза ауада аз серуендейтін болды. Көп жағдайда компьютерлік экрандар физикалық белсенділік, жақын-туыс ересектермен қарым-қатынас және өнімді еңбек әрекеттерін алмастыратын болды. Тіпті балалар бірлескен ашық ойындар ойнай алмайды. Олар алаңдар мен аулалардағы қарым-қатынастан айырылып, командалық өзара әрекеттесу дағдыларын жоғалтуда деуге келеді. Қазіргі балалар шынайы дос болу дегенді бермейді. Себебі, олар "достар" деп енді виртуалды сұхбаттасушыларды атайды. Достар саны – бұл әлеуметтік желідегі жеке парақшаға тіркенгендер саны және оны кез-келген сәтте жою арқылы өзгентуге болады. Жасөспірімдер тарасында дау-жанжал пайда болған кезде, олар

қалай әрекет ету керектігін білмейді, өйткені виртуалды әлем шынайы өмірден әлдеқайда алшақ.

Кибермания эпидемия сипатына ие және өте қарқынды түрде өсуде. Ата-аналар тарапынан жиі еленбейтін және негізгі болып табылады диагноз - цифрлық тәуелділік, ол аурулардың халықаралық классификациясына енгізілген (ICD-11) [2, б.85]. Компьютерлік тәуелділіктің көріністеріне мыналар жатады:

- оқу үлгерімінің күрт төмендеуі;
- оқу мотивациясының төмендеуі;
- танымдық қызығушылықтың әлсіздігі;
- құндылықтардың құнсыздануы.

Адамның шынайы өмірдегі құбылыстарға қызығушылығы азаяды және виртуалды кеңістікте көбірек уақыт өткізеді. Мазасыздықтың жоғары деңгейі адамның қоршаған әлемге осындай көзқарасы. Мұндай жағдай баланың психикалық және физикалық денсаулығын жоғалтуға қауіп төндірмейтін балама ұсыныстарды қажет етеді.

Мектеп жасына дейінгі шақ баланың тұлғалық дамуының сензитивті кезеңі болып табылады. Бұл кезеңде тұлғаның психологиялық механизмдері, негізгі жеке білім, қалыптасады және бала жалпыадамзаттық құндылықтар мен моральдық-этикалық нормаларды түсінеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші қызметі - бұл қазіргі заманғы "цифрлық" қоғамда өзгерістерге ұшырайтын ойын, бұл, әрине, өз кезегінде әлеуметтік-тұлғалық дамуға әсер етеді [3, б.80].

Цифрландыру үрдісі денсаулыққа қауіп төндіретінін ескеру қажет. Зерттеушілер мектепке дейінгі жастағы цифрлық тәуелділік тәуелділіктің басқа түрлерінің, яғни ойын, алкоголь, есірткі сияқты заттарға тәуелділіктің пайда болу қаупін тудыруы мүмкін екенін дәлелдеген болатын. Қозғалыс белсенділігінің жеткіліксіздігі мидың жұмысындағы кинестетикалық механизмнің дамуында артта қалушылықты тудырады және кейіннен сөйлеу мен ойлауды дамытуда қиындықтар тудыруы мүмкін [4, б.11].

Мектепке дейінгі жастағы бала бойында қарым-қатынас дағдылары мен әлеуметтік кеңістікті тану белсенді дамуы керек. Ал қазіргі кезде балаларда әлеуметтену дағдысы нашар қалыптасады, оларда шынайы өмірде қарым-қатынасқа түсу мүлдем нашар. Сондай-ақ, бақылау және ерікті реттеу мәселелері де орын алып отыр. Себебі балалар компьютерлік ойын ойнаған кезде еріксіз зейінді ғана пайдаланады [5, б.167].

Міне, бүгінгі таңдағы "цифрлық баланың" психологиялық ерекшеліктері осындай. Бұл мәселені жою үшін, әр ата-ана өздері де, балаларына да гаджеттерді қолдануды шектеп, эмоция мен жылулыққа негізделген қарым-қатынасқа көбірек түскен дұрыс. Баланың шынайы достары, қызығушылықтары, алатын әсерлері болуы үшін оның бос уақытын дұрыс ұйымдастыру қажет. Балалар заманауи цифрлық технологиялардың не екенін, олар не үшін қажет екенін түсінуі керек. Бұл міндетті орындауға ата-аналар мен мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтары тікелей қатысты.

Бүгінгі таңда мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыра отырып, мектепке сәтті дайындықты қамтамасыз ете отырып, білім беру процесінде педагогикалық технологиялардың кең спектрі қолданылады. Мектеп жасына дейінгі тәрбиешілердің пікірінше, цифрлық технологияларды енгізу мектепке сәтті дайындықтың негізі болуы мүмкін.

Қорытындылай келе, цифрлық технология қоғам өміріне әсерін молынан тигізуде деп айтуға саяды. Дегенмен, осы цифрлық ортада еліміздің болашағы – қазіргі жеткіншектердің аталған психологиялық тәуекелдерге бой алдырмауы үшін, цифрлық технологиялар мен интернет ресурстарын қауіпсіз және тиімді пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылардың жиынтығын қалыптастыруымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Карабанова О А., Молчанов С. В. Риски негативного воздействия информационной продукции на психическое развитие и поведение детей и подростков // Национальный психологический журнал. 2018, № 3 (31), с.37.

2. Смирнова Е.О., Смирнова С.Ю., Шеина Е.Г. Родительские стратегии в использовании детьми цифровых технологий // Современная зарубежная психология. 2019 Том 8 № 4 с. 85.

3. Солдатова Г.У. Цифровая социализация в культурно — исторической парадигме: изменяющийся ребёнок в изменяющемся мире // Социальная психология и общество. — 2018.-т.9-№ 3 — с. 80.

4. Спирина А.В. Особенности влияния просмотра видео и телепередач с элементами насилия на психологическое развитие детей дошкольного возраста // Здоровье и образование в 21 веке. 2017. Том 19 № 6 с.167.

5. Коротаева В.А. Анализ содержания контекста исследований использования гаджетов с технологией тачскрин детьми дошкольного возраста / Е. А. Коротаева // Педагогическое образование в России, — 2020.-№ 5,-с.49.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДА АГРЕССИВТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫҢ КӨРІНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘОЖ 373.2

Баймуханова Б.К.
БҚИТУ, аға оқытушы,
Сұлтанова Ә.С.
.Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты.

Бала кездегі мінез-құлықтың бұзылуы және агрессиялықтың негізгі себептері, психикалық зақымданулар, отбасы тәрбиесіндегі кемшіліктер, мінездің акцентуациясы, әр түрлі конфликтілермен байланысты болады. Балалардағы жаңа бағыттағы қалыптасулар, қарым-қатынас деңгейінің өсуіне байланысты өзіндік сананың өсуі, ата-анамен, ересектермен, құрбы-құрдастарымен қатынастарын күрделендіреді. Балалық шақтың ішкі қарама-қайшық аумағы және оның үлкендерге қарсы сипаттары, өзара әрекеттері балаларға қатты әсер етеді. Бала үшін барынша тезірек ересек адамның статусын жаулап алуға тырысу, өз бетінше тез тәуелсіздікке жету жағдайы ерекше болады. Өзінің даму кезеңін басынан кешіріп жүрген көп бөлігінде, мінез-құлықтың екі түрі қалыптасады:

1. Бірінші типтегі балада өзінің жеке позициясын сақтау үшін қоршаған ортамен өзара әрекетін (қалыптастыруға) өзгертуге тырысады. Мысалы: олардағы негативизмді, карсылық мінезді, қарсыласуды және шектен шығу сияқты сапаларды айтуға болады.

2. Екінші типтегі бала микроортаның кері әсерімен ерекшеленеді, себебі қоршаған ортамен мінез-құлықтың қатынас эталоны, әлі қалыптаспайды. Осының нәтижесінде өзіне, басқаларға деген қатынастарда сарапшыл емес, өзара қарым-қатынастың жағымсыз жағын норма ретінде қабылдайды. Нәтижесінде мінез-құлық бағдардың қалыптасуынан балалар өзінің дамуын өзгертуге тырысады, алайда мінез-құлықтық бағдардың жеткіліксіз даму себебінен мақсатқа жетудің адекватты құралын таба алмайды. Сондықтан олардың динамикалық тенденциялары негізінен мазмұнды, мағыналылығынан басым болады. Балалардың бейімділігі немесе соларға тән мінез-құлықта мағына құрастыру процесінің мотивтерімен байланысы, қоғамдық жағымды мақсаттары мен баланың әлеуметтік мәнді мінез-құлықтың идеологияларының арасындағы арақатынастардың бұзылуына әкеліп соғады.

Мектепке дейінгі жастағы әлеуметтік бас тарту ретіндегі агрессивті мінез-құлық, егде жастағы адамдарға қарағанда жиі кездеседі, бұл кезде агрессивті мінез-құлықтың көрінісі әлеуметтік тұрғыдан қолайлы деп қабылданады. Бронфенбреннер баланың қалаулары мен қажеттіліктеріне әсер ететін бес деңгейді анықтайтын биоэкологиялық модель жасады: микрожүйе, мезожүйе, экзожүйе, макрожүйе және хроножүйе. Осы жүйелердің біріндегі өзгеріс екіншісіндегі өзгеріске әкелуі мүмкін және олардың барлығы бір-бірімен өзара әрекеттеседі. Микрожүйе - бұл бала дамитын ең жақын (мектеп, мұғалімдер және отбасы) және балаға ең көп әсер ететін жүйе. Баланың мектепке дейінгі жаста агрессивті мінез-құлық көрсетуінің себептері көптеген аспектілермен байланысты. Баланың негізгі тұлғалық

айырмашылықтары, жеке тәжірибесі және әлеуметтік ортасы баланың агрессивті мінез-құлқымен де байланысты және балаға байланысты айтарлықтай өзгеруі мүмкін. Сонымен қатар, төменгі және жоғарғы қан қысымы да баланың агрессивті мінез-құлқын күшейтетін дененің физикалық ерекшеліктері де бар [1, б.135].

Агрессивті мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін шартсыз факторлардың бірі - отбасындағы қатынас. Когнетивті-бихевиористік концепсия шеңберінде балалардағы агрессияны әлеуметтік үйренудің нәтижесі деп қарастыруға болады. Агрессиялы әрекетті бекіту мен дамыту негізін ата-аналар баланы алғашқы жылдарда қалай тәрбиелегеніне байланысты. Ата-аналарының агрессивтілігінен, агрессивтілік және қылмыстық тенденциясын туындататын күрделі конфликтілер себебінен бала агрессивті болады. Ата-ана тарапынан агрессивті мінез-құлықтың шектен тыс болуы балаға зиян келтіреді. Бала міндетті түрде өзінің ашу-ызасын ішінде жинауға мәжбүр болған жағдайда онда аутоагрессия күшейе түседі. Қатал жазалау жаңа фрустрацияға әкеледі. Жасырын агрессивтілік болған жағдайда балада мазасыздану, жайсыздық жоғарылай бастайды. Агрессивті әрекет ата-анасының ашуын көтере алмаған жағдайда және кедергіге жауап бере алмаған кезде, балада мазасыздану жоғарылай бастайды. Осыған байланысты агрессияның дамуының маңызды шарты тек әлеуметтік үйрену ғана емес, ата-ана махаббатының болмауы немесе олар тарапынан үнемі жазалаудың болуына байланысты туындайтын фрустрация да жатады. Бала зорлық-зомбылық пен жаза үстемдік ететін отбасында өмір сүрсе, бұл баланың мінез-құлқына үлкен әсер етеді және қоршаған ортаға қатысты агрессивті мінез-құлыққа әкеледі. Бұл жағдайда отбасын дисфункционалды деп сипаттауға болады, өйткені бұл баланың күші мен өзін-өзі құрметтеуін жоққа шығаруы мүмкін.

Индивидуалды психологияның негізін қалаушы А.Адлер баланың бүкіл дамуында өзіне толық емес жартылай сенімділік сезімін агрессияның туындауынын негізі деп қарастырды. Бала ұзақ уақыт біреуге тәуелділігіне күйзіледі, баланың жетілмегендігі, өзіне сенімсіздігі және өз бетінше алып кете алмауы, отбасындаағы адамдарға бағынышты болуы қатты қайғыруға әкеліп соқтырады. Бұл балада өзіндік бағалаудың төмендігін тудырады, сөйтіп жетістікке жетуге бағытталған ұзақ күрестің бастамасына айналады [2, б. 87].

Мектепке дейінгі жастағы балада өзіндік бағалаудың негізгі функциясы: іс-әрекет пен мінез-құлықты реттеу болып табылады. Өзіндік бағалау агрессиялы мінез-құлыққа әсер етеді және көп жағдайда тұлға аралық өзара әрекеті, ішкі әсерленулер мен эмоциялық реакцияларды, іс-әрекетке деген мотивациясын анықтайды.

Психоаналитикалық бағыттың түсіндіруі бойынша, бала жасында туындайтын жалғыздық және өзін жоғалтуды бастан кешіру жағдайы эмоциялық ашығуды тудырады. Эмоциялық ашығу жолдастарымен қарым-қатынас кезінде қанағаттандырылады, бала белгілі бір эмоциялық тәжірибе алады, яғни мадақтау, эмпатия, рөльдік мінез-құлық идентификациясы, мазасыздану мен кінә сезіміне бөлену сияқты тұлға аралық қатынастардың сипатына ие болады.

Агрессия бала дамуында сәтсіздіктерге әкеліп соқтырады. Лонгитюдтік зерттеу нәтижесінің көрсеткіші бойынша бала кезіндегі агрессия біртіндеп орта буындағы жасөспірімдік кезеңде бекем әлеуметтік немесе антиәлеуметтік әрекетке ауысуы мүмкін. Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессиялы әрекеттердің жоғары деңгейде болуы және әлеуметтік байланыстан қашқақтауы, кейін оқу іс-әрекетінде қиыншылықтарға, интелектуалды дамуының төмен деңгейіне, бейімделудің нашар болуына әкелуі мүмкін. Бала жастағы агрессивтілік оның өзін қоршаған шындықпен қатынасын ғана емес, оның бүкіл жан-жақты тұлғалық дамуын анықтайды.

Балалар үшін әлеуметтік қоршаған орта мәнді роль атқарады. Сондықтан, мектеп жасына дейінгі бала агрессивтілігінің тағы бір себебін олардың құрбылары мен тұлғааралық қатынастарынан, сонымен қатар ол үшін референтті болып саналатын топта қабылданған әлеуметтік нормалар типтерінен іздеу керек [3, б. 114].

Мектеп жасына дейінгі балалардың агрессивтілік мінезінің мотивтеріне кино мен теледидардың әсерін жатқызуға болады. Эксперименттік зерттеулер көрсеткендей балалар ақпараттық құралдар арқылы агрессивтілік мінездің жаңа түрлерін меңгереді:

«қабілеттендіруші», «қоздырушы» моделдері. Сонымен баланың жасына тән заңдылық агрессия деңгейінің өсуімен байланысты болады. Егер бала өзінің агрессивті әрекеттерін қадағалауды үйренбесе, өсе келе агрессиялық басым болып өз жалғасын табады [4, б. 102].

Қорытындылай келе, бала бойындағы агрессивтілік әрекет кейін тұлғаның ерекшелік сипатына айналуы мүмкін. Оны болдырмау үшін психолог маман, ата-ана, тәрбиешілер мен мұғалімдер бірігіп жұмыстану арқылы алдын алу қажет. Психологтың кез-келген түзету әрекеті баланың мінез-құлқындағы қиындықтар мен агрессияның деңгейін диагностикалаудан басталады. Агрессивті мінез-құлықты зерттеу кезінде көбінесе бақылау әдісі, сауалнама және психологиялық әдістемелер қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Реан А. А. Агрессия в структуре поведения возбудимой и демонстративной личности // Ананьевские чтения-97: Тезисы научно-практической конференции. СПб.: Изд-во СПбГУ, 1997. С. 135.
2. Бережкова Е. И. Воздействие агрессии в СМИ на ребенка с точки зрения возрастных особенностей младших школьников // VII Царскосельские чтения: Тезисы докладов и сообщений Международной научно-практической конференции. СПб., 2003. Т. III. С. 87.
3. Воробьева К.А. Агрессия и насилие в подростковой среде. М., 2011. -114с.
4. Гребенкин Е. В. Профилактика агрессии и насилия в школе. Ростов-на-Дону: Феникс, 2006.-102с.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘОЖ 373.1

Сатыбалдиева Г.К.

Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет.», - деп атап өткен болатын.

Демек, Егеменді Қазақстанның болашақ потенциалын оқытып тәрбиелейтін мұғалім. Ал, егер мұғалім – шығармашыл, жан-жақты білімді, парасатты, мейірімді, сезімтал, интеллектуалды, мәдениетті, кәсіби шебер, ізденімпаз, ғылыми зерттеуші болса, онда жеке тұлғаға қойылатын мынадай талаптар алдыңғы орынға шығады: креативтілік, белсенділік, жауапкершілік, ой-өрісінің кеңдігі, сауаттылық, танымдық әрекетке қызығушылығының басымдығы.

Білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып, құрылымдық жүйесін жаңарту, өзгерістер енгізу білім реформасын жүзеге асыру алғышартта тұрғаны белгілі.Қазіргі жаңа формация мектебінде жұмыс істеп жүрген педагогтардың алдында тұрған негізгі мәселелер:

1. Баланы оқи білуге үйрету;
2. Баланы ойлауға үйрету;
3. Баланың өзін-өзі тұлға ретінде дамуына жағдай жасау [1, 67].

Осыған орай мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер енуде. Әр педагогтың міндеті – оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдаяттар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру. Осы дағдыларды оқушылардың бойында қалыптастыру барысында шығармашылық жобаларды қолдану тәжірибеге енгізілді. Шығармашылық жоба мұғаліммен ұйымдастырылған және оқушымен өз бетінше мәселені

шешудегі жүзеге асырылған іс-әрекеттер жүйесі [2,105]. Мәселен, бастауыш сынып оқушыларының жобалауды қолданудағы негізгі мақсаты оқушылардың қызығушылық ынтасын дамыту, өз бетімен жұмыстарын жүргізу арқылы білімдерін жетілдіру, ақпараттық бағдарлау біліктілігін қалыптастыру және сыни тұрғыдан ойлау қабілетін арттыру арқылы оқушыны болашақта әр түрлі жағдаяттарда, әр түрлі қоғамдық ортада өзін өзі көрсете білуге бейімдеу қажет.

Сапалы білім беруде шығармашылық жобаларды тиімді пайдалана отырып, оқушылардың ізденімпаздық, зерттеушілік, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Сонымен бірге, ата-ана, мұғалім және оқушы арасындағы ынтымақтастықты қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру керек. Ал, оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға жағдай жасай отырып, баланы ізденімпаздыққа және өзіне сенімді болуға ұмтылдыру, ақыл-ой деңгейін қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту болып табылады. Егер оқушы жоба тақырыбын дұрыс таңдай отырып, жоспарлай білсе, оны дұрыс орындай алса – ол болашаққа дұрыс бейімделген тұлға болып қалыптасады. Бастауыш сынып оқушылардың ізденушіліктерін, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу іскерлігін дамыту, сыни тұрғыдан ойлауын дамытуымыз керек.

Ғылыми әдебиеттерде жобалау – алда болуы тиіс нәрсенің өте қысқаша және өте нақты сипаттамасын жасау қызметі деп түсіндіріледі, бұл жерде ең маңыздысы – бір нәрсенің болашақ сипаты туралы, оның қолжетімдігі туралы, мақсаттық-құндылықтық ұстанымның болуы. Басқаша айтқанда, адамның ойлау әрекетінің қалыпты шеңберінен шыға алуы – трансценденттенуі – ойлау қызметінің дамытушылық функциясы іске асырылады.

Зерттеушілікке бағытталған жобалау әрекеттері педагогикалық белсенділіктің қайнар көзі ретінде мәдениет тарихында ұзақ жылдар бойы қалыптасып келді. Оқушының зерттеушілік ойлау әрекеттері арқылы айналадағы құбылыстарды танып білуінің маңыздылығын швейцар ғалымы И.Г.Песталлоци да атап өткен. Оның айтуынша, адамның ақыл-ойы әрекет барысында дамиды, өйткені, тәжірибеде қателіктер мен олқылықтар оңай байқалады деп, оқытудағы көрнекілік пен тәжірибенің рөлін негізгі талаптар ретінде қарастырған. Педагогикалық идеялар мен тәжірибенің даму барысында Сократтың әңгімелесу әдісі мен Ф.Динтердің дамытушы катехизация әдісіне, одан А.Дистервегтің эвристикалық әдісіне қарай жүретін бағдарлар да болғаны белгілі.

Өткен ғасырдың екінші жартысында жобалау әрекетін әлеуметтік және білім саларында ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге ғылымның әртүрлі салалары 62 өкілдері үлес қосты. Олардың ішінде Дж.Дьюи, К.Поппер, Г.Саймон, В.Х.Килпатрик және т.б. бар. Атап айтқанда, Д. ьюи еңбектерінде педагогикада «жобалау» әдіс түсінігінде қолданылса, В.Килпатрик «жоба» түсінігін әрекет нәтижесі ретінде қарастырған. В. Килпатриктің айтуынша, кез келген әрекет, егер ол белгілі бір мүддені көздей отырып бірлескен және жоғары деңгейдегі өз бетіндік жұмыс ретінде орындалған білім алушылар тобының әрекеті болса, онда ол жоба болып есептеледі. Килпатрик жобаның үш негізгі компоненттерін бөліп көрсетті. Олар:

– оқушылардың табиғаты мен қызығушылығына құрылған оқу материалдары;

– мақсатқа бағытталған әрекет;

– оқытуды-өмірді үздіксіз жаңғырту және одан жоғары сатыларға көтеру құралы ретінде қарастыру. Жобалау әрекеті оқушының нақты ситуацияларда жол таба білуіне бағытталған мақсатты іс–әрекеттерді ұйымдастырудан көрініс табады.

Осыдан шығатын оқыту мақсаты-оқушыларды проблеманы шешудің, ізденісзерттеулердің әдіс-тәсілдерімен қаруландыру.

В.Х.Килпатрик еңбектерінде жобаның төрт түрі көрсетілген:

1) өндірістік, немесе жасампаздық;

2) тұтынушылық;

3) интеллектуалдық немесе басқа да проблемаларды шешуге бағытталған;

4) жоба–жаттығулар.

Өткен ғасырдағы педагогикада гуманитарлық идеялардың дамуы жобалауды кәсіби әрекеттің ерекше түрі ретінде қабылдап, білім беруде жобалау мәдениетінің қалыптасып дамуына ықпал етті. Батыстық педагогикада (К. Роджерс, Э. Фромм) оқытудың жобалау мәдениеті тұрғысынан қарастырылуы білім алушының жобалау әрекеттеріне қатысуы арқылы тұлғалық өсуіне, жеке әлеуметтік тәжірибесінің дамуына, шығармашылық еркіндігін көтермелеуге бағытталған педагогикалық жағдайлар туғызылады деп қарастырылды.

Посткеңестік елдерде, соның ішінде Ресейде және Қазақстанда жобалау әдістері негізінде оқыту шетел тәжірибесімен қатар жүрді деуге болады. Өткен ғасырдың басында-ақ С.Т.Шацкийдің жетекшілігімен оқыту барысында жобалаудың бірнеше түрлерін пайдалану жұмыстары ұйымдастырылды. Одан соң, В.А.Герд практикалық жұмыстағы жобалау әдістерін, А.П.Пинкевич жаратылыстану ғылымындағы сынақ-тәжірибелік жұмысында, Б.Е.Райков зерттеу жұмыстарында, К.П.Ягодовский зертханалық жұмыстарда жобалау әдістерін дамыта бастады. Оған осы кезде орыс тіліне аударылған Килпатрик еңбегінің ықпалы мол болды, соның негізінде оқу және әлеуметтік-педагогикалық жобалау педагогикалық әрекеттің ерекше түрі ретінде терең таратылды. 1931 жылы БКП (б) Орталық Комитетінің Қаулысымен жобалау әдістері үлкен сынға ұшырады, 64 өйткені, оқушыларға нақты пәндер аясында білім жүйесін игеруге мүмкіндік бермейді – деп көрсетілді. Соған орай, кеңестік елдерде жарты ғасырға жуық уақытта жеке әдіс ретінде қолданылмады.

Шетелдер тәжірибесінде, атап айтқанда, АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия, Израиль, Финляндия, Германия, т.б. көптеген елдер жобалау әдістері ең тиімді гуманитарлық әдіс ретінде кеңінен тарады. Жобалау әрекеттерінің одан әрі дамуы мәдени құбылыстардың қалыптасу логикасы бойынша-жай репродукциядан-зерттеуге, зерттеуден-мақсатты қайта құруға әкелді. Дамытып және дамып отыратын жобалық түзілім: танымға қызығушылық-таным әдістері-білім құрылымы негізінде өзіне тән ерекшеліктері бар ойлаудың жобалық амалы, жолдары қалыптасты. Кеңестік мектептерде жобалауды педагогикалық ойлау логикасы тұрғысынан А.С.Макаренко қолданды, ол нақты бір тәрбиеленушінің қабілеті мен қызығушылықтары негізінде тәрбиелеу мақсатындағы тұлғаның оқу-тәрбие әрекеттерін жобалау әрекеттерін қарастырды.

1970 жылдары Н. В. Кузьмина еңбектерінде жобалау компоненті педагог әрекеттерінің құрылымына енгізілді, қазіргі кезде терминологиялық аппараттан педагогикалық жобалау, мұғалімнің жобалау әрекеті, педагогикалық жобалау ұғымдары орын алды. Олардағы жобалау объектілері ретінде педагогикалық әрекеттің әдістері мен түрлері алынады.

Жобалауды одан әрі зерттеген В. В. Давыдов, Генисаретский, Н. Г. Алексеев, А. В. Петровский, И. В. Якиманская, И. А. Колесникова, В. И. Безруков, т.б. жобалауды білім беру жүйесін жаңартуға бағытталған әрекеттер негізінде қарастырады

Бастауыш мектепте оқушыларға қысқаша ғана тапсырмалар немесе шығармашылық тапсырмаға ұқсайтын микро – жобалар беріледі. Шығармашылық деп аталу себебі – жоба барысында оқушы қалыптасқан әдіспен орындауын қажет етпейтін, дәстүрден тыс, ой–қиялын қозғайтын жағдай туғызады. Бұл тапсырмалар жеке оқушыға, не шағын топтарға да берілуі мүмкін. Әрине микрожобалар оқу әрекетінде түгелдей өз бетіндік жұмысты әзірше қамтамасыз етпейді, бірақ оның пайда болуына, дамуына ықпал ете бастайтыны сөзсіз. Солай бола тұрса да, бұл жағдайда дәстүрлі оқытудағыдай оқушының жекелік ерекшелігі, ой – қиялы шектелмейді, бірін–бірі тыңдауға, бірлесіп оқуға, шешім қабылдауға мүмкіндік жасалады. Бастауыш мектепте қалыптасқан өзара қарым–қатынас, бірін–бірі тыңдау, бірлесіп оқу, үйрену мәдениеті қалыптасуы, кейін негізгі мектепте жобалау әрекетін жүргізудің басты құралдары бола алады. Микрожобаларды ұйымдастыру оқыту ситуациясындағы жекелік тұрғыны жүзеге асыруға мүмкіндік береді [3, 234-236].

Педагогикалық әдебиеттерде жиі кездесетін тапсырманы таңдау, жұмыс түрін, топ мүшелерін таңдау аз қолданылатыны белгілі. Ал, кішкене ғана, қысқаша және аз уақытта орындалатын тапсырмалар балалардың өзіндік ерекшеліктерін, өз бетімен жұмыс істеу қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді. Бастауыш мектепте жобалау әрекеттерін пайдалану бала бойында жаңа сапаларды дамытып қана қоймай, осы жаста ойын үстінде дамитын еркін ойлау, ой белсенділігі, елестету – қиялдау қабілеттерінің сақталуына оң әсер етеді. Сондай–ақ,

микрожоба барысында олардың мінез–құлқында пайда болатын өз әрекетін ұйымдастыру, өзін-өзі басқара білу, өзгелермен санасу сияқты дағдылары да қалыптасатыны сөзсіз.

Бастауыш мектеп оқушылары үшін жобалау жұмысын сынып ішінде, бірнеше пәндерден ұйымдастыруға болады, бұл кеңістік олар үшін әзірге жеткілікті. Кейде мектеп ауласы, мектеп ішінде пайдаланылады.

Шығармашылық тапсырманың, жобаның тематикасы оны орындау мүмкіндігін ескере отырып жасалуында; Оқушы (топ):

- тақырыпты таңдамас бұрын оның нәтижелерін дайындайтын уақытын, өз мүмкіндіктерін талдайды;
- тапсырманы орындау кезеңдерін анықтайды, оның уақытын, орындаушыларын көрсетеді, уақыт бөледі;
- тапсырманың кейбір бөліктерінен мүмкіндікке қарай бас тарта алады (мысалы, ресурс жеткіліксіз, уақыт аз, т.б.);

Осылайша, міндеттерді орындаудан–оның кезеңдерін жоспарлау, бағдарлама жасау, қолда бар ресурстарды игеру сияқты жұмыстар жалғастырылады. Білім беру барысындағы құрылымда оқушылар төмендегі жұмыстарды орындайды:

- тақырып таңдайды;
- жұмысты орындау жолдарын таңдайды;
- жұмыстарды орындаудың бірнеше әрекеттерін жоспарлайды;
- жоба өнімін жасайды;
- қорытынды өнімнің нәтижелерін көрсетудің түрлерін анықтайды.

Шығармашылық жоба әдісін қолдану өзін-өзі таныту деңгейін арттырады, балалар ата-аналары мен мұғалімдердің көмегіне сирек жүгінеді. Бастауыш сыныпта оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауға мүмкіндік беретін бағыттар анықталады. Сондай–ақ оқушылар міндетті, нормаланған және еркін, өз бетімен жасалатын жұмыстарды ажырата алады және өз бетіндік әрекеттерін ұйымдастыра алады.

Қорыта айтқанда, шығармашылық жобаларды жүзеге асыру негізінде меңгерту, біріншіден, білім сапасының көтерілуіне жол ашса, екіншіден, оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін заманауи талаптарға сай дамытуға кепілдік береді; үшіншіден, оқу үдерісінің оқушы үшін мәнін танытып, олардың оқу мотивацияларын дамытады; төртіншіден, оқыту үдерісінің үш мақсатын – білімдік, тәрбиелік, дамытушылық – қатар орындаудың шарты болып саналады; бесіншіден, қоғам талабы мен оқушы мүддесінің толық үйлесімде дамуына тірек болады .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Матяш Н.В. Хохлова М.В, Творческие проекты в младшей школе. /Под ред. Симоненко В. Д. - .Брянск, 2011.
2. Конышева Н.М. Проектная деятельность младших школьников на уроках технологии: Книга для учителя начальных классов. - Смоленск: Ассоциация 21 век, 2006.
3. **Бахишева С. М., Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы:** *Оқулық. - Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.*

ГЛИНОТЕРАПИЯ КАК СРЕДСТВО КОРРЕКЦИИ ТРЕВОЖНОСТИ ДЕТЕЙ СРЕДНЕГО ШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

ӘОЖ 373.3

Жумагулова Г.А.

ЗКИТУ, магистр педагогических наук, старший преподаватель.

На сегодняшний день проблеме тревожности посвящено большое количество работ в области физиологии, психофизиологии, психологии, психиатрии, биохимии, философии, социологии. Наиболее распространенным является понимание тревожности как устойчивой черты, предполагающей повышенную склонность индивида испытывать состояние тревоги.

Понятие «тревожный» отмечается в словарях с 1771 года. Существует много версий, объясняющих происхождение данного термина. Например, Баженов В. Г. дает определение слову «тревожность» как психологическое состояние повышенного беспокойства, эмоционального напряжения человека[1, 17]. А. М. Прихожан дает определение тревожности как переживание эмоционального дискомфорта, связанное с ожиданием неблагополучия, с предчувствием грозящей опасности. [2] Еще раньше занимались изучением тревожности такие авторы как: К. Роджерс, Э. Фромм, З. Фрейд.А. Адлер, Н.Д. Левитов, А.М. Прихожан, В.П. Астапов, Ч. Спилбергер. Фрейд говорил о тревожности как о симптоматическом проявлении внутреннего конфликта, причиной которого является бессознательное подавление ощущений, чувств, импульсов, которые являются для человека раздражающими. [3, 78]

Термин «тревожность» используется для обозначения относительно устойчивых индивидуальных различий в склонности индивида испытывать это состояние. Эта особенность напрямую не проявляется в поведении, но ее уровень можно определить исходя из того, как часто и как интенсивно у человека наблюдается состояние тревоги. Личность с выраженной тревожностью склонна воспринимать окружающий мир как заключающий в себе опасность и угрозу в значительно большей степени, чем личность с низким уровнем тревожности.

Особое внимание стоит уделять формированию состояния тревожности в условиях школы. Высокий уровень тревоги может влиять на аспекты познания, которые имеют решающее значение для успешного обучения и производительности: обращение внимания на то, что должно быть изучено; эффективная обработка информации (например, организация или разработка на ней); извлечение информации и демонстрация навыков, которые ранее были изучены.

Неспособность распознать тревогу у детей может привести к тому, что дети и молодые люди с тревогой могут легко разочароваться, что приведет к гневу, истерикам. Ребенок, который является взрывным, оппозиционным или агрессивным, может реагировать на непризнанную тревогу. Тревога у детей может быть выражена такими признаками, как невнимательность и беспокойство; трудности с концентрацией внимания; частое отсутствие, прогулы; разрушительное поведение; зацикленность на проблеме, вызывающей беспокойство; затруднения при ответах на вопросы в классе; чрезмерные поиски уверенности и т.д.

Работники сферы образования могут заметить признаки тревоги, наблюдая за изменениями в поведении ребенка или повторяющимся поведением из списка выше. Службы образования и ухода обязаны позаботиться о том, чтобы устранить любые спусковые механизмы в школе, которые могут повлиять на психическое здоровье и благополучие детей[4]. Тревожность школьников характеризуется повышенным уровнем беспокойства, неуверенностью в себе, эмоциональной неустойчивостью. А.М. Прихожан называла такое ощущение неблагополучия учеников «школьный невроз» или «школьная фобия». По мнению ряда авторов (А.Л. Вегнер, Б.И. Кочубей, Е.В. Новикова, О.А. Слепичева, Е.Р. Хабирова, А.К. Дусавицкий) основными причинами школьной тревожности являются учебные перегрузки, неадекватные требования со стороны родителей, неблагополучные отношения с учителями, постоянно повторяющаяся оценочно-экзаменационная ситуация, смена учебного коллектива или неблагоприятные отношения со сверстниками. [5, 34].

Необходимо рассмотреть, какие виды тревожности существуют.

Во-первых, реалистическая тревожность – тревожность извне. Уровень реалистической тревожности снизится, как только перестанет существовать угроза. В целом благодаря этому обеспечивается функция самосохранения.

Во-вторых, невротическая тревожность, которая представляет собой изменённую форму реалистической тревожности. В данном случае человек испытывает страх внешнего наказания, но он не является следствием конкретной ситуации. Индивид боится потерять контроль над своими внутренними инстинктивными желаниями и побуждениями.

И третий вид: моральная тревожность. Все действия индивида контролируются через «Супер-эго» - моральный кодекс. Такая форма тревожности возникает из-за опасения человека

наказания со стороны «Супер-эго». Именно оно говорит, как нужно поступать, чтобы соответствовать социальным стандартам поведения. Человек боится следовать побуждениям своего инстинкта ввиду того, что за этим последует какое-либо наказание. Возникновение таких желаний провоцирует появление чувства стыда, вины, ненависти к самому себе. [6, 93].

Более высоким уровнем тревожности обладают двоечники и отличники. Для троечников и хорошистов, так называемых «середнячков», характерна эмоциональная устойчивость в вопросе успеваемости, если сравнивать их с учениками, которые ориентированы на получение одних «пятерок» или не рассчитывают на оценку выше «тройки».

Что же является причинами возникновения тревожности у школьников среднего школьного возраста?

1. Неадекватные ожидания со стороны родителей. Это одна из главных причин появления тревожности в среднем школьном возрасте. Неадекватные ожидания зарождают внутриличностный конфликт, который приводит к закреплению тревожности. Главная претензия родителей к детям – это школьная успеваемость. Родители оценивают школьные успехи своих детей только через оценки, которые они получают. Чем более родители ориентированы на достижение ребенком высоких учебных результатов, тем более выражена у ребенка тревожность, что продемонстрировано в исследовании Б.И. Кочубея и Е.В. Новиковой.

2. Неблагоприятные отношения с педагогами как фактор формирования школьной тревожности многослойны. Не секрет, что огромное влияние на возникновение тревожности у младших школьников оказывает педагогический стиль обучения учащихся. О.А. Слепичевой были проведены исследования, которые показали, что наиболее высокий уровень школьной тревожности демонстрируют дети из классов учителей, практикующих «рассуждающе-методический» стиль педагогической деятельности. Такой стиль подразумевает одинаково высокую требовательность учителя к «слабым» и «сильным» ученикам, нетерпимость к нарушениям дисциплины, склонность переходить от обсуждения конкретных ошибок к оценкам личности учащегося при высокой методической грамотности. Соответственно ученики не стремятся выходить к доске, боятся ошибиться при устном ответе и т.д. [7, 56].

Также формирование тревожности может быть вызвано завышенными требованиями, которые педагог предъявляет к ученикам и, как правило, требования не соответствуют возрасту и возможностям учеников. Нередко учителя совершают ошибку, рассматривая повышенную тревожность как положительную характеристику школьника, свидетельствующую о его ответственном подходе к учёбе, и специально стараются нагнетать эмоциональную напряженность в учебном процессе, что, на самом деле, даёт прямо противоположный эффект. Избирательное неприязненное отношение к конкретному ученику также может являться возбудителем тревожности. Причиной неприятия может выступать систематическое нарушение дисциплины в школе и на уроке. Что в свою очередь является следствием уже сформированной школьной тревожности. [8, 103].

Мы в своем исследовании предлагаем использовать методы арт-терапии для коррекции тревожности школьников среднего школьного возраста. Арт-терапия - это метод коррекции и развития посредством художественного творчества. Арт-терапия как наука и искусство в 30- х годах прошлого столетия. Данное словосочетание «арт-терапия» обозначало использование разных методов и видов творчества в терапевтических целях. Термин «терапия творчеством» рассматривается узко по отношению к виду лечение искусством, но шире к таким видам деятельности, как рисование, драма, танец, музыка и прочим видам творчества. [9, 44].

Арт-терапия включает множество направлений и видов. Основными из них являются изотерапия (рисуночная терапия), работа с рисунком и цветом, работа с глиной и пластилином; библиотерапия - литературное сочинение и творческое прочтение литературных произведений; музыкотерапия - воздействие через восприятие музыки; сказкотерапия - воздействие посредством сказки, притчи, легенды; драмотерапия - разыгрывание какого либо сюжета; игровая терапия - основана на использовании ролевой игры как одной из наиболее сильных форм воздействия на развитие личность; куклотерапия - основан на процессах

идентификации ребенка с любимым героем мультфильма, сказки и с любимой игрушкой; хореотерапия (лечение танцем) - активная работа с телом через танец и движение под разнообразную музыку; цветотерапия и песочная терапия т.д.; метафорические карты (МАК) – работают с бессознательным.

Уникальность арт-терапевтических методов состоит в том, что они позволяют работать с неосознаваемым материалом, когда много неясного и неопределенного, когда имеется масса «нежелательных» чувств, которые осознавать чаще всего бывает очень трудно и больно. Как метод психологической помощи, арт-терапия эффективна в решении самых разнообразных проблем:

- от проблем в общении, семейных, творческих до профессиональных и организационных;
- депрессивные состояния, апатия ко всему, нежелание что-либо делать;
- внутренние конфликты;
- состояние кризиса (возрастного, кризиса карьерного роста и т.п.);
- психологические травмы;
- тревожность, страхи, фобии (в том числе с детства);
- низкая самооценка; [10, 23].

Арт терапия дает выход внутренним конфликтам и сильным эмоциям, помогает при интерпретации вытесненных переживаний, дисциплинирует группу, способствует повышению самооценки, способности осознавать свои ощущения и чувства, развивает художественные способности. Образовательная ценность арт-терапии заключается в развитии познавательных и созидательных навыков.

Существуют различные варианты использования арт-терапии: использование уже существующих произведений искусства через их анализ и интерпретацию; побуждение человека к самостоятельному творчеству; использование имеющегося произведения искусства и самостоятельное творчество; творчество самого педагога, психолога, социального педагога, направленное на установление взаимодействия с личностью.

В работе с детьми с помощью методов арт-терапии мы должны придерживаться общих принципов работы с детьми в арт-терапии.Принципы задают «правила и условия игры» и отражаются в каждом нашем «шаге» и действии.

1. Принцип ритуала (начинать за заканчивать каждое занятие каким-либо одинаковым действием, например, передавать по кругу кисточку и говорить о своих впечатлениях);

2. Принцип эмоциональной вовлечённости взрослого (реагируйте на творчество детей, но воздерживайтесь от оценок «хорошо» — «плохо», используйте фразы «это очень интересная идея», «какой живой образ» и т. д.);

3. Принцип личностного общения (все участники группы могут общаться между собой, высказывать своё мнение, но стоит установить правило, которое гласит об уважении индивидуальной позиции каждого участника и запрещает переходить на личности);

4. Принцип отсутствия образца (никогда не показывайте образец выполнения, на вопросы о способах выполнения задания отвечайте: «Поступи так , как считаешь нужным»);

5. Принцип авторства(подписывайте работы детей, а лучше пусть они это делают самостоятельно);

6. Принцип выставки (организуйте выставки работ — это очень важно для юных творцов);

7. Принцип диалогического обсуждения (следите, чтобы каждый мог высказаться и быть выслушанным);

8. Принцип похвалы, поощрения (не забывайте подбадривать своих подопечных);

9. Принцип права на ошибку (каждый иммеет право на ошибку, а ваша задача обернуть её в необычное творческое решение). [11, 39].

Для работы с тревожностью мы можем предложить упражнение С помощью глинотерапии можно проработать свои негативные состояния, чувства, эмоции. Когда вы начинаете лепить из глины, происходит эмоциональная разрядка, снятие напряжения, агрессии и т. д. Есть множество примеров, когда дети еще только на начальном этапе работы с

глиной осознают те ситуации, которые их беспокоят и вызывают стресс. Так например, можно предложить ребенку закрыть глаза и просто начать манипулировать куском глины. Предлагаем размять, покатать глину, слепить какую-нибудь фигуру. То как ребенок отнесется к данному заданию также можно проанализировать. Одни дети с удовольствием принимаются за работу, другие испытывают внутреннее сопротивление, некоторые не хотят касаться глины, испытывают неприятные чувства. Другие дети чувствуют неприязнь к глине, нежелание даже жотронуться до куска глины. С помощью правильно поставленных вопросов, можно с ребенком обсудить появившиеся чувства. Таким образом, мы видим, что, даже не приступив к лепке фигуры, мы получили достаточное количество информации про взаимоотношения в семье. Возможно необходимо будет применять дополнительные методы, например, МАК-терапию, сказкотерапию, речевые техники, выяснить причины возникновения данных чувств и эмоций. Таким образом, мы предлагаем использовать в коррекции тревожности у детей среднего школьного возраста метод глинотерапии, так как с помощью глинотерапии мы можем лучше понимать детей, видеть, что на самом деле тревожит ребенка.

Список использованной литературы:

1. Баженов В.Г. Психологические механизмы коррекции девиантного поведения школьников. – М.: Феникс, 2007
2. Прихожан А. М. Тревожность у детей и подростков: психологическая природа и возрастная динамика. — М.: Московский психолого-социальный институт; Воронеж: Издательство НПО «МОДЭК», 2012
3. Фрейд З. Психология бессознательного. / под ред. Ярошевского М. Г.– Питер, 2022 г.
4. Комаров Б.А., Ширяева А.А., Сухомлина Е.С. Методическое сопровождение решения экспериментальных задач по физике. Физика в школе и вузе: международный сборник научных статей. Российский государственный педагогический университет им. А.И. Герцена. Санкт-Петербург, 2020
5. Хабирова Е.Р. Тревожность и ее последствия //Ананьевские чтения-2003.–СПб. 2003.
6. Основы специальной психологии: Учеб. пособие для студ. пед. учеб. заведений / Л. В. Кузнецова, Л. И. Переслени, Л. И. Солнцева / Под ред. Л. В. Кузнецовой. – М.: Издательский центр Академия, 2002. – 480
7. Марцинковская Т.Д. Диагностика психического развития детей.М Линка,Пресс 1997.
8. Мальковская Т.Н., Учитель-ученик / Москва, 1995 // Хрестоматия по педагогической психологии / сост. А.И. Красило, А.П. Новгородцева. – Москва: Международная педагогическая академия, 1995.
9. Захаров, А.И. Предупреждение отклонений в поведении ребенка. / А. И. Захаров. - СПб.: Союз, 2010. -224 с.
10. Лебедева Л.Д. Педагогические аспекты арт-терапии // Дидактика 2011.
11. Справочник педагога-психолога. Детский сад №05, 2012.

НЕЙРОЖАТТЫҒУЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН ЕРЕКШЕЛІГІ

ӘОЖ 373.51

Кадыржанова Ж.Е.
БҚИТУ, пс.ғ.к., аға оқытушы.
Базарбаева Г.Ж.
Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты.

Нейрожаттығу - қозғалыстық нейропсихологиялық түзетудің (немесе сенсомоторлық түзетудің) танымал атауы. Бұл психикалық дамуы тежелген, алалия, дизартрия және т.б. сияқты әртүрлі неврологиялық аурулары мен синдромдары бар балаларға дәрі-дәрмексіз көрсетілетін көмек түрі. Сондай-ақ нейрогимнастика нейротипті балаларға жалпы психофизикалық даму үшінде пайдалы [1, 35].

Нейрожаттығуды 40 жыл бұрын американдық психолог Пол Деннисон өңдеп шығарған. Автордың пікірінше бұл нейроикемділікті дамытуға арналған жаттығулар жүйесі, яғни мидағы нейрондар мен нейрондық желілердің жаңа ақпаратқа жауап ретінде байланыстар мен мінез-құлықты өзгерту қабілеті, сенсорлық ынталандыру және басқа да тәжірибе. Ол барлық қабылдау органдарын белсенді түрде іске қосады.

Адамның миы - кез келген басқа бұлшықеттер сияқты бұлшықет. Оны жаттықтыруға болады және ол маңызды! Байланыстар әлсіреп, жаңа байланыстар қалыптасуы үшін мидың әртүрлі аймақтарын барынша көп жұмылдыру керек [1, 22]. Адам бұрын шешілмеген міндетке тап болған кезде - ми жасырын ресурстарды іске қосады.

Психомоторлық түзету бұл баладағы бас миы қызметінің қалыпты дамуын қамтамасыз ету мақсатында әртүрлі бұзылыстарды түзетуге бағытталған.

Қозғалыс нейропсихологиялық түзету когнитивтік түзетумен кешенді түрде жүргізілуі тиіс, бірақ кезек бойынша қозғалыс нейротүзету бастапқы болып табылады, өйткені мидың қалыпты жұмыс істеуі когнитивтік функциялардың қалыпты дамуын қамтамасыз етеді [2, 29].

Егер баланың неврологиялық ауруы болса, бұл мидың қандай да бір құрылымында дамудың жетіспеушілігі бар екенін білдіреді. Интеллектуалды даму бұл ми өлшемімен емес, ми құрылымдары мен мидағы қан айналымы арасындағы жүйке байланыстарының саны арқылы қамтамасыз етіледі.

Сенсорлық стимулды қабылдаған кезде, оған жауап ретінде қимыл-қозғалыс реакциясы жүреді және жаңа жүйке байланысы пайда болады. Қозғалыссыз бұл процесс мүмкін емес. Сондықтан қозғалыс - бұл өмір ғана емес, ол интеллект. Қозғалыс жоқ болса, тәжірибе мен жаңа білім алу жүзеге аспайды, сонымен бірге жаңа нейрондар да болмайды.

Биохимиялық деңгейде қозғалыс жаңа нейрондар мен олардың арасындағы байланыстардың пайда болуына ықпал ететін биологиялық белсенді заттар - нейротропиндердің түзілуіне себепкер болады (сондықтан да қозғалыстық нейропсихологиялық түзету бұл - емдеудің дәрі-дәрмектік әдістеріне қарағанда неғұрлым экологиялық) [2, 41].

Кез-келген қозғалыс белсенділігі мидың дамуын ынталандырады, егерде, бұл қажетті психомоторлық функцияларды дамытуға тікелей бағытталған және үйлестірілген қозғалыс болса.

Нейрожаттығу бас миының қабықасты құрылымдарын, ми қабағының жартышарларының арасындаға байланыстарды, ми қабығы мен қабықасты құрылымдары арасындағы байланыстарды дамытуға бағытталған жаттығулар кешенін қамтиды.

Қозғалыстық нейропсихологиялық түзету мынадай жаттығулар кешенін қамтиды:

– тыныс алу жаттығулары: миды оттегімен қанықтыру;

– созылу (бұлшықеттерді созу жаттығулары): бұлшық ет дистонияларымен және гипертониямен жұмыс істеу. Мысалы, гипертониядағы шиеленіскен бұлшық еттер миға дененің күйзеліске ұшырағанын және оқуға (жаңа білім алуға) дайын еместігін көрсетеді. Сонда ми діңгегінің барлық сенсорлық стимулдары үлкен жарты шар қабығына жетпейді, өйткені лимбикалық жүйе оларды стресстік жағдай ретінде қабылдай отырып, өткізбейді. Созылу кезінде бұлшық еттер босаңсыған кезде - бас миы қызметі үйренуе дайын және лимбикалық жүйе оларды шытырман және танымдық тәжірибе ретінде қабылдайды және сигналдар ми қабығына кедергісіз көтеріледі.

– бас миы жарты шарлары арасындағы байланыстарды дамытуға арналған жаттығулар: бас миы жартышарының үйлесімді жұмысы үшін, мидың аналитикалық-синтетикалық қызметін дамыту үшін, сөздің айту және түсіну бөлігін дамыту үшін, ақпаратты қайта өңдеу жылдамдығын жақсарту үшін.

– ұсақ мотериканы және көру-моторлық үйлесімділікті дамытуға арналған жаттығулар: сөйлеу тежелуі бар балаларға бірінші кезекте сенсомоторлық түзету қажет, себебі қозғалыс орталықтары мен сөйлеу орталықтары бас миында бір-біріне жақын орналасқан. Сондықтан ірі және ұсақ мотериканың дамуы балалардың сөйлеуінің дамуына ықпал етеді. Көру-қозғалыс үйлесімділігіне арналған жаттығулар балалардың көз қимыл функцияларын дамытады, қозғалыс дәлдігін, моторлықептілігін жетілдіреді, көру өрісін кеңейтеді,

көзқарасын жанды қылады, ақпаратты көру анализаторы арқылы жылдам қабылдауға мүмкіндік береді, қолды жазу әрекетіне дайындайды, жазуды түзейді.

– икемділікті және қозғалыс үйлесімділігін дамытуға арналған жаттығулар;

– кеңістіктік бағдарын дамыту және дене қалпын қалыптастыру жаттығулары: сабақтарда түрлі жаттығуларды орындау арқылы сенсорлық интеграция функциялары жақсарады, бала өз денесін жақсы сезінеді, оны сәйкесінше пайдаланады, осылайша қозғалыстың бірқалыптылығы,ептілік дамиды, ми энергиясының көп бөлігі интеллектуалдық қызметке бағытталады, сенсорлық ынталандыру барабар қабылданады[3, 51].

Сабақта бала нұсқаушының қозғалысын қайталайды, жұптасып доп ойнайды, серіктесінің қозғалысына байланысты өз қозғалысын үйлестіруге және бейімдеуге үйренеді - осының бәрі сәтті қарым-қатынас негіздерін жаттықтырады.

Әрбір жаттығу баланың сол жаттығу элементтерін дұрыс орындауға жұмылдырады, жаттығулардың күрделілігі біртіндеп артады - осының бәрі балалардағы зейінінің тұрақтылығы мен еріктілігін дамытады.

Логопед және клиникалық психологтармен жұмыстану кезінде балалар негізінен бір қалыпта, қозғалыссыз отырады, ал нейрожаттығу сабақтарында белсенді қозғалыс болады, бұл баланың физикалық жай-күйін, әсіресе бас миындағы қан айналымы жақсартады, яғни өкпенің жұмысын белсендендіріп, миды оттегімен қанықтырады [4,29]. Дәл осы қозғалыс белсенділігі вестибулярлық аппарат қызметін қоздырады, ол өз кезегінде дененің сергек және оқуға дайындығын көрсетіп, интеллектуалдық функцияларға жауапты бас миының жартышарының қабығын ынталандырады. Егер адам пассивті жағдайда болса, онда вестибулярлық жүйе жұмыс істемейді және бас миы қабығының қызметін белсендірмейді. Міне, сондықтан да белсенді өмір салтын ұстану маңызды - бұл интеллект үшін, атап айтқанда, жаңа білім мен тәжірибені меңгеру үшін пайдалы.

Қозғалыстарды үйлестіру жаттығулары (оның ішінде ми стимуляциясы). Жаттығуларды меңгергенде, бала өзіне сенімді болады және осылайша баланың эмоционалдық жай-күйі жақсарады. Мидағы лимбиялық жүйе жауап беретін эмоциялар біздің иммунитетімізді күшейтетін немесе әлсіретететін нейротасылмалдаудың күштерін анықтайды[5, 15]. Осылайша, нейрожаттығулар балалардың психикалық және физикалық дамуын жақсартуға ықпал етеді.

Нейрожаттығудың негізгі қағидаты екі қолдың синхронды және бір уақытта жұмыс істеуінен тұрады, олардың әрқайсысы өз міндетін орындайды. Мұндай тәсілмен мидың сол және оң жарты шарының келісілген жұмысы жүреді.

Нейрогимнастиканың артықшылықтары:

– Жүйке жүйесінің жай-күйін жақсарту.

– Когнитивтік қабілеттерді дамыту (есте сақтау, ойлау, зейін).

– Мидың жасырын қабілеттерін ашу.

– Күйзеліс пен эмоционалдық шаршаудың алдын алу.

– Эмоциялық интеллектіні дамыту (көңіл-күйді жақсарту, мазасыздану мен уайымнан арылу, ашу-ызаны төмендету, агрессия көріністерін бақылау).

Нейрожаттығу - орындалуы қандай да бір орынға немесе уақытқа байланыстырылмаған жаттығулардың қолжетімді кешені. Жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін күн сайын кем дегенде 5-7 минут жаттығуды орындау керек.

Балалар үшін нейрожаттығулар дамудың және оқуға дайындаудың тамаша құралы болуы мүмкін. Есте сақтауды және зейін тұрақтылығын дамытуға арналған жаттығулар балалардың мектепте ой мен зейінінің тұрақты болуына және жаңа материалды оңай меңгеруге көмектеседі [5,47]. Нейрожаттығу логикалық ойлауды, креативтілікті және ассоциативтік ойлау қабілетін дамытады.

Сонда-ақ, нейрожаттығуды жарақаттардан, инсульттардан немесе ми функцияларының бұзылуымен байланысты басқа да аурулардан кейін миды жаттықтыру үшін пайдалануға болады. Жаттығулар жоғалтқан дағдылар мен қабілеттерді қалпына келтіруге, сондай-ақ компенсация үшін мидың сау бөліктерінің жұмысын жандандыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Семенович А. В. Нейропсихологическая диагностика и коррекция в детском возрасте. — М. : Академия, 2002 – 52б.
2. Колганова В. С. Нейропсихологические занятия с детьми. Практическое пособие. В 2 частях. Часть 2 / В. С. Колганова и др. - М. : Айрис-пресс, 2016. – 144б.
3. Колганова В.С., Пивоварова Е.В. Нейропсихологические занятия с детьми. – М.: «Айрис – пресс», 2018 – 63б.
4. Праведникова И.И. Нейропсихология. Игры и упражнения. – М.: «Айри – пресс», 2017 – 47б.
5. Свободина Н.Г. Коррекция нарушений письма: Просто о сложном вопросе дисграфии у детей. – 2018 – 57б.

АРТТЕРАПИЯ – ЖАҢА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ОЗЫҚ ҮЛГІСІ РЕТІНДЕ

ӘОЖ 373.52

Калкенова Г. Б.
БҚИТУ аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Орал қ.
Болат Р.Н.
Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2 курс студенті.

Алғаш арттерапияны оқу, талдау, қолдану XX ғасырдың 20-шы жылдарында Принцхорнның, Германия, Австрия, Щвейцария, Жапония ауруханаларында жан ауруына ұшырағандардың творчестволық жұмыстарына анализ жасауға негізделген фундаментальды жұмыстарынан басталады (Prinzhorn, H.,1922). Кейін келе Крепелин, Блейлер, Бумке, Кречмер сияқты атақты психиатрлар психикалық ауруға ұшырағандардың творчестволық еңбектеріне талдау жасай бастады. 1926 жылы Ресейде осы тақырыпқа орай Карповтың кітабы, алғаш монографиясы шықты, ол “Жан ауруына ұшырағандардың шығармашылықтары және оның ғылым мен техника дамуына тигізер әсері”- деп аталды. Карпов сурет салудың емдік әсері бар екендігін көргендердің алғашқыларының бірі болды.

Бейнелеу өнерінің көмегімен терапия жүргізудің теоритикалық негізі – Зигмунд Фрейдтің психоаналитикалық көзқарасынан шығады, бірақ Фрейдтің өзі арттерапияның психотерапиялық мүмкіндіктеріне қызығып, айналыспаған; Юнгтың аналитикалық психологиясынан, ол өзінің суреттерін жеке және әмбебап символдардың идеясын нақтылауға қолданған. Сонымен қатар, Наумбургтың терапиялық көмек көрсетуде өзін-өзі графикалық бейнелеудің динамикалық теориясынан, оны АҚШ-та арттерапияның пионері деп санайды. Кейін келе арттерапияның дамуына гуманистік бағыттағы психотерапевтердің үлестері де тиді.

“Арттерапия”– термині **(*art – өнер, artterapy – өнер арқылы терапия жүргізу*)** көбіне ағылшын тілді халықтар қоныстанған елдерде кеңінен тараған. Арттерапия – ауру адамның психоэмоциональды халіне творчество арқылы ем жүргізу және әсер етуді білдіреді.[1, 32]

Арттерапия өнерге негізделген, бірінші орында творчество мен өзіндік өнерін көрсететін психотерапияның мамандандырылған бөлімі, формасы.

Алғаш бұл термин 1938 жылы Адриан Хиллдің санаторияда туберкулез ауруына шалдыққандардың көңіл-күйлерін сипаттау жұмысында қолданылады. Кейіннен бұл термин өнерге қатысты барлық терапияның салаларында (музыкалық терапия, драмалық терапия, бимен терапия жүргізу т.б.) қолданыла бастайды Бірақ көптеген мамандар мұндай анықтамаларды өте кең әрі нақты емес деп санайды. Отандық психотерапиялық әдебиеттерде кей кездерде “Изотерапия” және “Сурет терапиясы” термині қолданылады, бірақ олар, ағылшын тілді аналогқа келіңкіремейді және мән мағынасын тарылтады. Тарихқа сүйенсек арттерапевт мамандар психиатрлар мен психотерапевттердің көмекшісі болған, оларға

пациенттің диагнозын анықтауға немесе ем жүргізуге, олардың суреттеріне қарап, әдіс таңдауға көмектескен. Біртіндеп арттерапевттер ешкімге тәуелсіз маман статусын иемденген. 1969 жылы арттерапевт-практиктерді біріктірген американдық арттерапиялық ассоциация құрылды. Осы сияқты ассоциациялар кейіннен Англия, Голландия, Жапония және Ресейде құрылған. Онда арттерапевттер қазіргі уақыттағы психотерапияның процестері мен жекеліктерін зерттеуге өз үлестерін қосуда. Қазіргі уақытта психотерапияда осындай күшті эмоциональды фактор, яғни өнер мен творчествоны қолдану қажеттілігі көрініп отыр. "Арттерапия - біздің ғасырымыздың жемісі", – деген тұжырымдар өте дұрыс қабылданған қорытынды.[2, 133]

Арттерапияны жүргізу барысында клиенттерге бейнелеу өнері мен шығармашылық сипатынан әр түрлі жұмыстар (сурет, графика, кескіндеме, сәулет өнері, мүсін, дизаин, әрлендіру, пластика, ойма, күйдірме, бедер салу, батин, гоболен, әшекей т.б.) ұсынылады. Бұлар бірінші жағынан психотерапевтпен қарым-қатынас жасау белсенділігін және топта өзінің уайым-қайғысын толық әрі нақты бейнелеуін, проблема, ішкі қайшылықтарын шығаруын көрсетеді. Ал, екінші жағынан, өзін творчестволық адам ретінде бейнелейді. Дәл қазіргі уақытта арттерапияға – видео-арт, инсталяция, перформанс, компьютерлік творчество деген творчествоның түрлері қосылған. Мұндағы қарым-қатынаста визуальды канал негізгі роль атқарады.

Арттерапия фактілі материалдардың жеткіліктілігіне қарамастан, теориялық жағынан эмпирикалық қорытындылау сатысында тұр. Арттерапияның емдік қасиеті туралы жалпы қабылдаған теория әлі жоқ. Ол арттерапияға қатысты көпфакторлы қиындықтар мен оны салыстырмалы түрде ғылыми тұрғыда зерттеудің аз уақыттылығына және алғышарттарына байланысты.

Кратохвил арттерапияны – сублимационды, проективті және әрекетшіл деп бөледі.

Ал Дельфина – Бейли арттерапияны қолдануда 4 негізі бағытты бөліп көрсетеді.

1. **Пассивті (енжар) арттерапия.** Дайын өнер туындыларын пациентпен анализ және интерпретация жасау арқылы емдік әсерге қолдану.
2. **Актив (белсенді) арттерапия.** Пациентте өзіндік шығармашылығын ояту, мұнда шығармашылықтық акт негізі емдік фактор болып саналады.
3. **Бірінші және екінші** қағидаларды бір мезгілде қолдану.
4. **Психотерапевттің өзіндік ролін,** оның пациентпен шығармашылық жұмысын оқудағы қарым-қатынасын акценттеуі. [3, 176]

Арттерапия әдісі – адамның ішкі өзіндік "Менін" сурет салуда, өлең жазғанда, скульптура жасағанда, ойланбай істесе де көрсетіп отырады деп сенімді тұжырымдайды.

Әлемдік әдебиеттерде арттерапияның емдік әсеріне әртүрлі көзқарастар бар. Олар, креативті, сублимативті, проективті және арттерапиямен босболмаушылық ретінде (арттерапия как занятость).

Креативті көрініс жағынан психикаға арттерапияның адаптациялық әсерін шығармашылықпен байланыстырып, түсінуге болады. Бірінші орында терапиялық әсері бар адамның өнерге деген сенімі қойылады және өзіндік терапиялық әсерді иемденген латентті творчестволық күштің мобилизациясы. Бұл көріністердің теориялық негізі – адамда алғаш кезден-ақ оның мінез-құлқын анықтайтын рухани және альтруистік қажеттілік болады деп жеке адамды психологиялық құрылым ретінде қарастырған гуманистік бағыт болып саналады.

Арттерапияның мақсаты барлық адамды суретші немесе мүсіншіге айналдыру емес, оның мақсаты индивидтің творчестволық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, ішкі көңіл-күйлерін ашып көрсетуге белсенділігін арттыру. Терапиядағы табандылық клиенттің өз қабілеттілігіне сай жеке творчестволық белсенділігін арттыруына көмектеседі, өзінің бір туынды жасап шығаруына бағыт-бағдар береді.

Гольдштейннің көзқарасы бойынша, творчество – адамның конфликтілі жағдайларда туындаған қорқыныш сезімдерінен құтылудың бірден-бір жолы. Шығармашыл адамдар өз күш жігерлерін ішкі және сыртқы қайшылықтарды, сонымен қатар конфликтілерді жеңуге жұмсайды.

Маслоудың пікірінше – адамның іс-әрекеттерінің қайнар көзі, дені сау адамдарға ғана тән өзін-өзі бейнелеуге талпынушылық болып табылады. Неврозды адамдарда бұл қажеттілік бұзылады немесе мүлдем жойылады. Ал оны қалпына келтірудің бірден-бір жолы өнер болып табылады. өзін - өзі актуализациялаудың жетекші қабілеттерін айта келе, Маслоу, сұлулық пен экстазаны уайымдаудың ең жоғарғы сәті болатынын көрсетті. Психотерапевтің мақсаты – адамдарға осы сәтті сезінуге көмектесу, олардың пайда болуына жағдай жасау, сонымен қатар өзіндік "Менін" танытуға және шаршау, тұнжырауларынан босануға көмектесу. Адамның өзіндік творчестволық қабілеттерін сыртқа шығармай ұстап қалуы, невроздың пайда болуына әкеліп соғады. Ал психотерапияның мәні – одан босату болып табылады.

Жоғарыда айтылған көзқарастар бойынша шығармашылық тек әсер етуші процесс болып қаралмайды, олар оның эстетикалық жағын бөліп көрсетеді. Өнердің интегралдау ролінің қорытындысы творчестволық процесс неврозға әкелетін қысымды төмендетеді және ішкі қайшылықтарды объективтендіретінінен көрінеді.

Анастази, Фоли, Конова өнердің интегративті – креативті мүмкіндіктерін психологиялық бейберекеттік дезинтеграцияға күрес жүргізу мүмкіндігі ретінде қолданады.

Арттерапияның емдік әсерінің басқа механизмі – сублимация және жауап берушілік болып табылады. Адамның инстинкті импульсі визуальды көркемөнер - образды бейнелеулерге ауысқанда, көркемөнер сублимациясы пайда болады. Бұл концепцияның өкілдерінің пайымдауынша, шығармашылық сублимацияның бір формасы ретінде ұғынуға, көрсетуге, шығармашылық арқылы айтып беруге және инстинкті импульстері арқылы жауап беруге (сексуальды, агрессивті) және эмоциялық жағдайын бейнелеуге (депрессия, уайым-қайғы, қорқыныш сезімі, қанағаттанбаушылық, ашу-ыза, тұнжыраушылық, т.б.) көмек береді. Әлеуметтік ортадағы іс-әрекеттерде жоғарыда айтылған сезімдердің көрініп қалуы мүмкін деген уайымдардың қауіптілігін төмендетеді.

Творчество арқылы адамның өзін – өзі максимальды түрде көрсетуі, әңгіме немесе хат жүзіндегі тексеруге қарағанда өзін анық бейнелеуге және психотерапевтке өзін санасыз түрде ашып беруге көп ықпалын тигізеді.

Арттерапиямен бос болмаушылық (занятость арттерапией) творчествода сауықтырушы процесс ретінде әсер етеді. Творчествоны қарапайым нұсқау түрінде қарастырсақ, ол клиентті жанға батарлық уайым-қайғыларынан арылтады және алдандырады.

Арттерапиямен бос болмаушылықта топтық характерге маңызды мән беріледі. Мұнда клиенттер топтағы өз орнын бағалап, өзінің алатын ролін мойындап, творчестволық қабілетін және өзін айқын бейнелеудегі міндеттілігін түсінеді. Сонымен қатар арттерапия - босболмаушылықтың эмоциональды әрі қызықты формасы болып табылады және ол клиенттердің бір-бірімен қарым-қатынасқа түсуіне қосымша мүмкіндік береді. Бірлесе жүргізген творчестволық іс-әрекет клиентке өзге адамдардың жан – дүниесін түсіне білуге көмектеседі, ал ол әлеуметке бейімделушіліктің қиын жақтарын жеңілдетеді. [4, 103]

Арттерапиямен кімдер айналысады?

Арттерапиямен психологиялық қиындықтарды (музыка, живопись, сурет салу, жабыстыру, театрлық драма) творчествоның көптеген түрлерімен жеңілдете, шеше білетін адамдар айналысады.

Арттерапевт қалай жұмыс жүргізеді?

- Арттерапевт топпен болсын немесе жеке дара болсын жұмыс жүргізгенде өзін-өзі силау, өзін-өзі түсіну сезімдерінің даму деңгейін зерттеу мақсатында ешқандай зиянсыз және мәжбүрлеусіз жағдай туғызады.
- Білім-дағдылары мен танымдық процестерді дамыту мақсатында сабақтар, жаттығулар ұйымдастырады.
- Өзіндік құндылықтарын сезіну үшін, қарым-қатынасқа түсіп әлеуметтендіру мақсатында өзін-өзі көрсете білуге жағдай жасайды.
- Ішкі және сыртқы қарама-қайшылықтарды жеңу үшін, өзіне немесе өзге адамдарға деген қатынасын өзгерту мақсатында ішкі творчестволық қабілеттіліктеріне үңілуге мүмкіндік береді.

- Жеке творчестволық диапазонын кеңейтуге септігін тигізетін, өзін-өзі зерттеу мен өзін-өзі танып-білуге жағдай жасайды.

Арттерапевт зерттейді:

- Эмоционалды хал-жағдайды.
- Физикалық денсаулықты.
- Әлеуметке бейімделушілікті.
- Оқыту процесіндегі танымдық мүмкіндіктерді.
- Бірлесе жүзеге асыратын творчестволық қабілеттілікті.

Көптеген зерттеушілер арттерапияның эффекттивті әсеріне абайлап қарап, өте жоғары баға берудің қажеті жоқ деп те санайды. Маджеска барлық творчество түрлерімен емдеуге қарсы пікір білдіреді. Оның пікірінше ауру адам творчествомен айналысамын деп ол өз белсенділігін жоғалтады. Куби да творчество арқылы ауруларға емдік көмек беруге қарсы пікір білдіреді. Оның айтуынша ірі танымал суретшілердің ең айтулы туындылары өте ауыр жолмен дүниеге келеді екен. Соның әсерінен суретшінің жүйке жүйесіне ауыр әсер етіп, неврозға әкелуі мүмкін. Сондықтан ол емдік әсер бермейді деп санайды. Федереннің айтуы бойынша психоздарда арттерапия залал келтіреді.

Мұнда қарсы көрсетілетін жағдайлар клиенттердің белгілі бір уақыт бойы жұмыс столында отыра алмауы, клиенттердің өзгелерге кедергі көрсетуі. Психотерапевтке ең қиыны клиенттің әсер етуші объектіге өз зейінін аудара алмауы, яғни, клиентте психомоторлы және қозуында маникальдылығының көрінуі. Қарсы көрсетілетін жағдайларға сананың бұзылысы мен клиенттің ұзақ уақыт бойына өз-өзіне кетіп қалуында көрінетін ауыр депрессиялық ренжулер де жатады.

Арттерапияның толық мәнінде проективті суреттер арттерапияға жатпайды, өйткені мұнда эстетикалық нәтижеге қол жеткізу мақсатталмаған.

Кратохвил проективті арттерапияны клиенттердің хал-ахуалын толық көрсетуге жеңілдік көрсететін қосымша әдіс деп түсіндіреді. Проективті арттерапияның өтілу барысында қарым-қатынас, сезім демонстрациялары стимулдануы қажет және клиент сол сезімдерді түсініп, оны өзінің басынан өткеруі қажет. Проективті суретте психотерапевт клиентке проективті характердегі сюжетті ұсынады және содан кейін суретті талдап, интерпретация жүргізеді. Арттерапияны жүргізу кең көлемді, яғни ол “Белгілі бір мөлшерде” қолданылады. Оны индивидтің жеке жасырын уайымдарына байланысты анықтап алады. өнер мен шығармашылықтың көп жоспарлы әсері , оны жасы әртүрлі диагностикалық өлшемдері кең көлемді клиенттерге қолдануға мүмкіндік береді. Арттерапияға дайындар алдында клиенттің клиникалық көрінісі, уайым-қайғысы мен эмоциональдық сферасына қоса, оның ауырып отырған кездегі өнер мен шығармашылыққа деген қызығушылығы және көзқарасына, дайындығына, ақыл-ойына, сонымен қатар т.б. факторларға көңіл бөлу қажет. [5, 77]

Арттерапияны психомоторлы қозу мен агрессивті тенденцияларды басу жолында қолданады: ол адамды алдандыру функциясымен босболмаушылық; контактіге түсуді жеңілдету мен жасырын уайымдарын шығару; босаңсуға көмектеседі. Босаңсу творчестволық белсенділік кезінде әртүрлі қысымдарды төмендетуге жұмсалған энергияны шығарғаннан кейін көрінеді.

Кейбір авторлар арттерапияны профилактикалық қажеттілік ретінде, яғни өзіндік эмоциональды дискомфортты әңгімелеу үшін қолданады. Клумбиес ұйқының бұзылуында еркін сурет салумен айналысуға кеңес береді, ал Порембески – Грау краскамен сурет салу және ойындарды психопрофилактикалық әдіс ретінде қолданды. Мұндай ойындар стресстік жағдайды азайтады және өзіндік қабілеттіктеріне күмәнденуынан айырады, өзінің бағалы екенін сезіндіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Практикум по арт-терапии/ Под ред. А.И.Копытина. – СПб: Питер, 2020.
2. Рудестам Н. Групповая психотерапия. Психокоррекционные группы: теория и практика. – М.: Прогресс, 2012.

3. Гнездилов А.В. Авторская сказкотерапия. Дым старинного камина (сказки доктора Балу). – СПб.: Речь, 2003.
4. Баркер Ф. Использование метафор в психотерапии. Эффективное использование метафор и анекдотов в психотерапии. Воронеж, 2006
5. Богоявленская Д.Б. О предмете исследования творческих способностей.// Психологический журнал, 2005. – Т. 16.- № 5

МЕКТЕПТЕГІ МАЗАСЫЗДАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

ӘОЖ 373.51

Калкенова Г. Б.
БҚИТУ аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі, Орал қ.,
Ғылымбекқызы Ү
Педагогика және психология білім беру бағдарламасының 2 курс студенті

Балалар қорқынышы – бала тәрбиесіндегі көптеп тараған мәселе. Балалар қорқынышы сан алуан түрлі. Кей балаларға түнгі қорқыныш тән, олар түнгі ұйқысынан шошынып, жылап оянып, анасын шақырып, үлкендердің бірге ұйықтағанын сұрайды. Басқалары бөлмеден жалғыз қалудан қашады, қараңғыдан қорқады, ата - анасыз баспалдаққа шығудан қорқады, кей кезде балалар ата - аналары үшін де қорқады, олардың анасына немесе әкесіне бірдеңе болуы мүмкін деген қорқынышпен мазаланады. Енді бір балалар сырғанақтан түсуден, бөгеттерден өтуге, бассейнде жүзуден бас тартады, иттен қашады, жалғыз оңашада қала алмайды және т.б. Осы себептердің барлығында қорқыныш туралы сөз етілуде.

Бала мектептік өмірдің жаңа сатысына қадам аттап жаңа қорқыныштармен соқтығысады. 1. «Мектептік фобия» термині балада мектепке бару алдында туындайтын қорқынышты білдіреді. Бірақ бұған жалғыз мектеп емес сонымен қатар үйден кету. 2. Көп ауырып ата – ана қамқорлығында көп болған баланың айырылысуы қиын. [1, 45]

Кейде ата – аналардың өздері мектептен қорыққандықтан балаларына санасыз осы қорқынышты сендіреді, оқу басындағы проблемаларды айтып балалырының орнына есепті шығарып береді. Оларды тым артық бақылауда ұстайды.

Ереже бойынша өзіне сенімді сүйікті құрдастарымен болғысы келетін және оқудағы проблемаларды өз бетінше шешуге тырысатын белсенді балаларда мектепке бару алдындағы қорқынышты сезбейді. Басқа жағдай, егер бала анасына тым жақын болып құрдастарымен қатынаста керекті тәрбиені меатепке дейін жинап үлгермесе бұл балалар «ата – анасының үмітін ақтай алмаймын ба» деп қорқып мектепке бейімделмейді қиын болып мұғалім алдында қорқады.

Мектепке барғанда ол қателік ақымақтық жасау ұятқа қалу күлкіге қалу сияқты қорқыныш сұрақтары туады. Сұраққа үрейшіл балалар жауап беруге қорқады, әсіресе тақта алдында. Тақта олар үшін - өзіндік, жазалайтын орын. Бұл эмоционалды сезімтал, әлсіреген, жиі ауыратын, «км күшті» екені анықталып қойған сыныптарға жаңадан ауысқан балаларда көп болады. [2, 66]

Үрейленудің үдемелі қарқындылығы бірінші сыныптан екінші он бірінші сыныпқа дейін екі есеге өседі. Бастауыш сыныпта үреуленуді баға жағы тексеру: тақтаға шығып айту, сынақ, көпшілік алдында сөйлеу туғызады.

Көбіне бала қысымын жеңілдететін жанұясы болып табылады. Отбасында бала жеке тұлға ретінде нақтыланады, өз уайымдарымен бөлісетін шеңбер табады, бір нәрсені бөлуді жөн көрмесе бөліспей қоя салады. Осы эмоционалдық фундаментті бере алмаған отбасы қиыншылықтар алдында және әлемнің қайшылықтары алдында баланы қорғансыз қалдырады. Сонда ол жан сүйеніші мен басқа ересектер арасында іздей бастайды.

«Жанұя менктептің бірлігі» қағидасына қаншалықты абай болу қажеттігі осыдан түсінікті болып отыр. Жақсы мұғалімнің өзі де баланың жекелік ерекшелігін ескермей, қателесуі мүмкін осы кезде жанұя мен мектеп бір-бірінің әрекетін қайталамай жай ғана

толықтырып отыруы қажет. Көбіне біріккен мектеп пен жанұя былай көрінеді, ата –аналар жақсы бала деп – жақсы оқитын үйдегілермен тату тұратын, үйге мақтау қағаздарын тағы басқа әкелетін үлгерімді бала деп таниды. Ал мұнда отбасы мен мектеп бірігіп балаға қарсы шығады. [3, 147]

Жиі жақсы мұғалімді үрей бойын алған балалар болмайды, ол мектепке дейін қалыптасса да қорқыныш сезімі күшін жояды. Олар өзінің мақсаты деп балаға өзіне деген сенімділігін қайтару деп біледі.

Бірақ көп балалар басқа мектепке шартта жағдайда оқиды. Мектептік шақты олардың ескі отбасының қалыптасқан мәселелеріне қосымша тағы да жаңа одан да қиын проблемалар қосылады.

Оқушының эмоционалды проблемасына жауапкершіліктің бәрін мектепке жаба салу бұл әдепсіз болар еді. Мектепке бара жатқанда оқушы мәселесін үйде қалдырып, ал үйге бара жатқанда оқытушы талаптары мен конфликттерді гардиробында қалдырып ұмыта алмайды. Одан қалса өз «менін» қалыптастыруда бала бал ара сияқты өзі туралы ақпаратты отбасынан, мектептен, есік алдынан, секциядан жинайды. Үйдегі жылы қатынас мектептегі қақтығыстың орнын толытырады. Және, керісінше тәрбиендегі кемшіліктер мықты мұғалім мен жақсы қатынастағы сыныптастары мен бітуі мүмкін.

Ата –ана баланың мектиептегі сәтсіздіктерін жеке ұғынып түсінбей жатып жиі жағдайда баланы кіналайды. Бұл баланың өзін - өзі төмен бағалауға әкеледі.

Оқушы үшін түрлі жылдарда әртүрлі адамдардың қарым – қатынасы маңызды. Бастауыш метеп жасындағылар әсіресе бірінші сыныпта бірінші кезекте мұғалімге өте жақсы ұнауға тырысады. Егер де мұғалім нашар баға қоятын болса онда кіші мектеп оқушы пікір ол мені жақсы көрмейді.

Бастауыш сынып оқушыларының мазасыздану деңгейі екі ол үшін маңызды бірегейліктің бір кезеңде болуы: жанұя (оның талабына баяғыда үйренген) және мектеп талабы онша анық емес бірақ маңызды егер жанұя оларды «жарыққа шығарса» ал мектеп оларды өздері қандай болса сондай етіп қабылдаса онда эмоционалдық проблемаларда туындамайды.

Бірақ барлық уақытта бұлай бола бермейді. Не ата – анасы баласын өздерінің жекелік жанұялық мәселесінен жандарынан сөз жүзінде айтқанымен іс жүзінде жібермейді. Не мектеп оқушыға жаңа өмірге бейімделуге көмектеспейді. Осыдан бастауыш мектеп оқушысында эмоциональді бұзылыстар пайда болуы мүмкін. Міне осы мектептік невроз. Ол іш ауруы қызыуы көтерілуі, бас ауруы; агрессия кезінде; немесе балалық депрессияда да – көңіл күйдің төмендеуі жасаураушлық өлім туралы олану кезінде көрініс табады.

Бәрнен бұрын құрдастарымен араласуда тәжірибесі аз балаларда әсерлі болады.

Бастауыш сынып оқушыларының мазасыздануының жоғарылуының тағы бір маңызды себебі – олардың физиологиялық және интеллектуалдық дамуының жеткілікті деңгейде болмауы. Мектепке қадам басу кезі жастың дағдарысымен сәйкес келеді, одан әр бала түрлі кез бен әртүрлі үйренулерді алып шығады. Біреу белсенді де тез түсінетін басқасы жай қозғалатын, үшіншісі ақымақ және ашуланшақ. Уақыт өте келе, балалар өздеріне деген сенімділікті жоғалтып алмаса, олардың қабілеттері біршама бірдей деңгейге жетеді. [4, 37]

Кім үлгермесе тығырыққа тіреледі. Ал кім «өте жақсыға оқыса онда кездесетін бірінші сәтсіздіктен құлайтын» жұлдыз ауруыена шалдығуы мүмкін.

Кейде балаға жоғары талап қоятын бастау ғана маңызды болып ал маңызы мен бағыты маңызды болмайды. Мысалыға ол үшін қандай баға алғаны бәрібір, тек анасын ренжітпеуге бола тырысып, бар күшін салып оқиды.

Басқа жағдайларда осы жоғырғы талаптар балаға сіңіп оның жеке өзінің талаптарына айналады. Бірақ оның санасында «қайшылықта комплекс» істей алмасамшы? және де «міндеттімін» деген қайшылықты комплекс пайда болады.

Осыдан «оқу бәрінен жоғары» принципті бойынша тәрбиеленген бала «4» алғанда қорқыныш жаулайды. «Мен - өте жақсы оқимын» бейнесі оның өзіндік сипаты болған соң, ата – анасының 3,4 қорқынышты баға емес сөзі оған көмектеспейді.

Баланы оның жетістіктері бойынша бағалау (мектепте, секцияларда) – оны ішкі конфликтке ұшырату деген сөз. Өйткені, қашан да болмасын баланың жанында одан да көп жетістікке жеткен адам табылады.

Мазасыздануда босану мүмкін егер ересектер түсінсе: кез-келген бала ол жақсы оқитын, белсенді немесе жай қимылдаса да – жақсы көрінушілік пен құрметке лайық; адамның құндылығы бағасы оның марапаттаулары оның басқа да сәттілік белгісіндегі шарттары емес, оның өзінде яғни адамгершлік қасиеттерінде.

Әлде де балаларының ашық түрде қадірін түсіріп ұратын отбасылар кездеседі. Мұндай жағдайдар көбінесе маскүнемдер үйінде болады. Мұндай ситуациялар қорқынышты бірақ мазасыз балалар мұндай отбасыдан шықпайды. Осы жанұядағы бала ашуланшақ немесе эмоционалды түрде ересектердің жанынан алшақтап достық пен эмоционалды жақындықты сырттан іздейді. Егер тапса оның жақсы дамуына барлық жағдай бар.

Балалық мазасыздануды тамыры – баланың қызығушылықтарын қанағаттандырудан емес ол тұрақсыз сенімсіз ал кейде жай адамша махамббат баланың ішкі қайшлығын тудырады. Ал басқаша қалай? – ол біресе жақын біресе алыс біресе бар шапағатқа бөленеді. Біресе неге екенін өзі де білмейді – жазаланады. Үрейленудің мәні – бала жанының ішкі қара – қайшылығы. Бала кәдімгдей өзіндегі қарсы күштерді сезінеді. Оның біреуі ата – анасына тартады. Басқасы итермелейді алыстатады. Ол махаббатты мейірімді сезінеді (ең болмағанда оның белгісін көреді), бірақ сол мезетте қатар осы махаббатты жоғалтып алу қорқынышын да сезеді. Ол оның берік екеніне сенбейді. Мұндай қорқыныш кез-келген жазадан да қорқынышты. [5, 45]

Бастауыш сынып оқушыларының қорқыныш және мазасызданумен қалай күресуге болады? Немесе, олардың мектептегі үлгеріміне әсерін барынша төмендетуге болады? Ең бірінші оның негізінде астарында қандай психологиялық құбылыстар бар екенін анықтап, соған байланысты көмек берудің ең тиімді тәсілін таңдау керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абрамова Г.С. Возрастная психология: Учебник.- М.: Академический Проект, 2011.
2. Астапов В.М. Тревожность у детей.-М.,2011.
3. Бреслав Г.М. Эмоциональные особенности формирования личности в детстве: Норма и отклонения.- М.: Педагогика, 2020г.
4. Божович Л.И. Личность и её формирование в детском возрасте.- М.,2020.
5. Вилюнас В. К. Психология эмоциональных явлений. - М. : Изд-во МГУ, 2010г.

ЭТНОМӘДЕНИ БАҒЫТТЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

ӘОЖ 373.24

Султангалиева А.И.
БҚИТУ аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі,
Исатай А.Ә.
«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті

Мектеп жасына дейінгі балалардың мемлекеттік міндетті білім беру стандартының жобасында: «Мектепке дейінгі білім беру – Қазақстан Республикасының жалпы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімі ретінде маңызды роль атқарады, себебі оның шегінде баланың табиғилық сапалары мен ерекшеліктері анықталып, олардың даму жағдайлары қамтамасыз етіледі...»-деп көрсетілген[1]. Осыған байланысты балаларға саналы тәрбие мен білім беруде халқымыздың баға жетпес мұралары - этнопедагогика материалдарын балабақша өміріне кеңінен қолдану негізінде бүлдіршіндердің тілін, ақыл-ойын, дүниетанымын дамыту өзекті мәселе.

Қазақ этнопедагогикасын ұлттық мәдениетті дамыту мәселесімен байланыстырып оқыту ісі, қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріндегі мәдени үрдістерді тәрбиеде қолдану мәселесі

арқылы этнопедагогика пәнінің ұлттық мәдениетті дамыту ісіне қосатын үлесі айқындалмақ. Еліміздің ғалымдары қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық негіздері оның әдебиеті мен мәдениетінде және салт-дәстүрінде екендігін дәлелдей отырып, этнопедагог ғалымдар сол ұлттық ғылымның әр саласына талдау жүргізіп, ғылыми-теориялық тұжырымдар жасады. Жеке тұлға дамуының алғашқы баспалдағы мектеп жасына дейінгі кезеңде қалыптасатындықтан, баланың таным қабілеттерінің дамуының негізі осы шақта қаланады.

Академик Г.Н.Волковтың пікірінше, халықтық педагогика адам баласының дүниеге келген күннен бастап, бірге дамуымен ерекшеленеді. Халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі озық тәжірибелері мен ой-түйінділері сол халықтың ой-тілегімен, арманымен ұштасып келетіндіктен, озық үлгілері мәңгі сақталып, кейбір түрлері біртіндеп қолданыстан шығып қалды. Халықтық тәрбие құралдары салт-дәстүрлер, әдет-ғұрып, ойын түрлері, ауыз әдебиеті үлгілері өмірде қолданыс тапса, этнопедагогика теориялық ойларға, ғылымға негізделеді. Ол халықтың этнографиялық салт-дәстүрлерін, тұрмыс-тіршілігін педагогикалық ғылыми жүйе тұрғысынан зерттеп қарастырады [2, 376]. Ғалым халық педагогикасының халыққа қажет қасиеттерді қалыптастыру үшін пайдаланатын педагогикалық мақсаттың, міндеттердің, әдіс-тәсілдердің жиынтығы мен өзара байланысы дей келе, халық педагогикасы жайындағы білім мен мағұлматтар ауызша таралғандығын айтады.

Белгілі педагог, ғалым К.Ж.Қожахметова «этникалық» деген ұғымды тәрбиелеу және оқыту саласында дәстүр, тіл этникалық сана-сезім ерекшелігінде материалданған, этно ерекшеліктерге, белгілерге зейін қою деп есептейді. Қазақ этнопедагогикасы – бұл жекелік, мұнда тілде, дәстүрде, салттарда, дінде көрінісін тапқан этникалық мәдениеттің өзіндік беті арқылы пайда болған ерекшеліктерін көреміз. Бұл ерекшелік ортаның, тұрмыстың, шаруашылық іс-әрекеттің, этникалық психологияның әсерімен тарихи қалыптасқан этникалық дүние танудың өздігінен пайда болып отыр [3, 317].

Ғалым Құбығұл Жарықбаев: «... этнопедагогика – ұлттар мен ұлыстардың атадан балаға мирас болып қалған, тәлім-тәрбиелік тәжірибелерінің: дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып тағы басқа қыры мен сыры туралы ғылым», - деген тұжырым жасаған. Ұлттық педагогика, яғни қазақ этнопедагогикасы ата-бабаларымыздың көне дәуірінен бүгінге дейін, жас ұрпақ өкілдеріне сапалы білім, саналы тәрбие беру жөніндегі автохонды-эмпирикалық жетістіктері болып келеді [4, 352].

Қазақ этнопедагогикасын мектепке дейінгі оқу-тәрбие жұмыстарына енгізуге байланысты ғалымдарымыз зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ғалым Р.Қ.Керімбаева мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстармен таныстыру арқылы қалыптастырудың жолдарын зерттеді. Табиғат құбылыстары туралы ұғым мазмұны жыл мезгілдеріне байланысты топтастырылып, үздіксіз және жүйелі түрде білім беру арқылы бала дүниетанымын қалыптастыру керектігін айтады. Сонымен бірге, балабақша тәрбиешілерінің жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстарымен таныстыру арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыру жұмысын қаншалықты жүйелі жүргізіп, оқытудың тиімді әдістерін қолданатындарын анықтай отырып, тәрбиешілерге арналған лекция, семинарлық жұмыстарды жоспарлап отырған. Бұдан шығарар қорытындымыз дүниетанымды қалыптастыру мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының барылық түрлерінде, сабақтарда, дене тәрбиесінде жүзеге асырылып отыру керек. Балалардың дүниетанымын қалыптастыруда тек жаттатып ғана қоймай, оны ой елегінен өткізіп, күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландырып отыру қажет.

Қазақ этнопедагогикасы негізінде мектеп жасына дейінгі балаларға тәрбие мен білім беруде Ф.Н.Жұмабекова сәндік-қолданбалы өнер негізінде балалардың көркемдік талғамын қалыптастырудың теориялық және әдістемелік мүмкіндіктерін жан-жақты қарастыра отырып, қазақ халқының қол өнерінің бала тәрбиесіне ықпалын дәйекті дәлелдеген, Ш.С.Сапарбаева балабақшаның ересек тобындағы балаларды қазақтың тұрмыс-салт дәстүрлері арқылы еңбекке баулудың тиімді жолдарын әдістемелік жағынан ашып көрсетсе, Р.М.Сыздық ауызша есептердің мазмұны қазақ халқының әр дәуірлеріндегі тұрмыстық жағдайлар мен аң аулау, кәсіпшілік істерімен байланысты екендігін ғылыми еңбектерінде атап көрсетті [5,280].

Ұлттық мәдениет (дәстүр, салт, рәсімдер, фольклор т.б.) көпшілік жастармен анахронизм ретінде қабылданып отырсада, ол әлеуметтік мәдениеттің сабақтастығының басты өзегі болып табылады. Өскелең ұрпақтың бойындағы өз тарихына, өз халқының салт-дәстүріне деген терең және Отанына деген шексіз сүйіспеншілік сезімдері қалыптасуы мен дамуын ұлттық мәдени өзіндік сәйкестендірусіз елестету мүмкін емес.

Сонымен бірге, көпмәдени және көпұлтты аймақта өмір сүретін біздің жастарымыз тек ұлттық ғана емес, сонымен қатар, мәдениеттік, нәсілдік, діни айрмашылықты өзектендіру мәселесімен ұшырасады [6, 265].

Тұлғаның ұлттық мәдениеті бұл – интеллектуалдық компоненттер (ұлттық, ұлттық мәдении білім, дағды, түсінік), эмоционалды-құндылық компоненттер (ұлттық теңесу, ұлттық сезім, ұлттық сана-сезім), іс-әрекет компоненттері (ұлттық өзін-өзі тәрбиелеу, ұлттық әлеуметтендіру, ұлттық іс-әрекет) сияқты күрделі құрылымды жүйеден құралған.

Ұлттық мәдени білім беру қазіргі өркениет жағдайында жеке тұлғаның нақты ұлттың және әлемдік қоғамның субьектісі ретінде өзін-өзі анықтай алуына, әлеуметтенуіне және дамуына бағытталу керек. Ол мына үш негізгі міндетті шешуге бағытталады:

- Ұлттық мәдени жоспарда – ұлттық сана-сезім деңгейі жоғары белгілі бір мәдениет өкілі – тұлғаны тәрбиелеу;
- Мәдениет аралық жоспарда – басқа халықтардың мәдениетін білетін, сыйлайтын тұлғаны қалыптастыру;
- Көп мәдениетті жоспарда – жалпыадамзаттық мәдени құндылықтарға араластыру.

Ұлттық тәрбие ұлттық мәдениет элементтерін игеруден басталады, кейін оның негізінде өзіне және қоршаған ортаға деген қатынасының қалыптасуына әкеледі, нәтижесінде нақты ұлтқа тән мінез құлық, іс әрекет, құныдылық ұстанымдарының пайда болуымен аяқталады [7, 29].

Қазақ этнопедагогикасы арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыруға арналған әдістемелік көмекші құралдардың қолданылуы ұсынылған әдістеменің тиімділігін арттыратынына сенімміз мол.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. «1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламасының мазмұнының базалық минимумы». – Астана, 2004.
2. Волков Г.Н. Этнопедагогика. - Чебоксары: Чувашское кн. изд.,1974.- 376 б.
3. Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. - Алматы: Ғылым, 1998. - 317 б.
4. Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі: оқу құралы. - Алматы: Санат, 1995. 352 б.
5. Қалиұлы С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы: оқу құралы. - Алматы: Білім, 2003. - 280 б.
6. Әбілова З. Этнопедагогика. - Алматы, 1997. - 265 б.
7. Сапарбаева Ш.С. Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақтың тұрмыс-салт-дәстүрлері негізінде еңбекке баулу (5-6жас): пед. ғыл. канд. ... автореф: 13.00.01. - Алм, 2004. - 29 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАР МЕН АТА-АНАЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ

ӘОЖ 373.29

Султангалиева А.И.
БҚИТУ аға оқытушы, педагогика ғылымдарының магистрі,
Кенжетай С.А.
«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ежелден үлкен көңіл бөлген халық. Мектепке дейінгі балалардың ата-аналарымен өзара қарым-қатынасындағы қиындықтар педагогикалық психологиядағы ең күрделі мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселелердің шынайы қиындығы қазіргі қоғам дамуы кезінде ауқымды мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі таңда еліміздегі болып жатқан экономикалық өзгерістер уақыт талабына сай қабілетті, жан-жақты жетілген парасатты адамдар тәрбиелеп өсіруді көздеп отыр.

Баланың дамуы қарым-қатынастан басталады. Бұл әлеуметтік белсенділіктің бірінші түрі және бұл онтогенезде пайда болады. Бала бұл кезде, өзінің жеке даралық дамуына керекті ақпарат алады. Бала өмірге келісімен алдымен үлкендермен, одан кейін қатарластарымен қарым-қатынасқа түсе бастайды. Осының нәтижесінде жаратылысынан берілген адам болу қабілетін іске асырады. Қарым-қатынас баланың психикалық дамуының негізгі факторы және жағдайы. Қарым-қатынаста адамдар өзін-өзі және басқаларды тану қажеттілігін қанағаттандырады[1, 16].

Қарым-қатынаста адамдардың әлеуметтік қатынасы жүзеге асады. Қарым-қатынастың бір-бірімен байланысты үш жағын қарастыруға болады. Коммуникативті жағы, мұнда қарым-қатынас адамдар арасындағы ақпарат алудан тұрады; интерактивті жағы – адамдар арасындағы өзара әсер етуді ұйымдастырудан тұрады; перцептивті жағы – қарым-қатынасқа түскен адамдардың бір-бірін қабылдау негізінде өзара түсінушіліктің пайда болуы. Л.С.Выготский, Б.Н.Ананьев еңбектерінде қарым-қатынасты өмір әрекетінің бір формасы, адам дамуының әлеуметтік жағдайы, жеке адамның қалыптасуының түрткісі деп қарастырылды. Р.С.Немовтың пайымдауы бойынша, қарым-қатынас барлық тірі жанға тән, бірақ адамда күрделі формада, саналы түрде болады.

А.Н.Леонтьев іс-әрекеттің қай түрін болмасын қарым-қатынаспен қабаттас болады деп түсіндіреді. Ол іс-әрекетті қарым-қатынастың қажетті шарты ретінде қарастырады. А.Н.Леонтьевтің қарым-қатынасты іс-әрекеттің өзгеше түрі деп талдау тұжырымдамасы, Б.Г.Ананьевтің, А.А.Бодалевтің коммуникативтік әрекет жайлы ілімдері біздің зерттеуіміздің әдіснамалық негізі болды[2, 29].

Ғылыми әдебиеттерге талдау жасай отырып, қарым-қатынас механизмдерін қарым-қатынастың тиімділігін анықтайтын, өзара түсінікті сипаттайтын күрделі психологиялық құрылым деп түсінеміз. Осы орайда В.С.Агеев, А.А.Бодалев қарым-қатынастың механизмдерін көрсетіп, оларға эмпатия, идентификация, децентрация, рефлексия, стереотипизацияны жатқызады.

Сонымен қарым-қатынас деп – екі (немесе одан да көп) адамның қатынастарын жасап, реттеуі мен ортақ нәтиже алуды мақсат етіп, келісім мен бірлестікке бағытталған өзара әрекеттерін айтамыз. Біздің зерттеу жұмысымызда 5-6 жастағы балалардың қарым-қатынас сферасындағы әдепті лексика ұғымын, ересектердің, ата-аналардың, педагогиканың балаларға психологиялық әсері, ықпалын қарастырамыз. Қарым-қатынастың қажеттіліктері, мотивтері, тәсілдері, құралдары, формалары мен стильдері мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынастарын жетілдіру, коррекциялау мәселері үшін аса мәнді деп санаймыз.

Осыған орай психологиялық әдебиеттерде балалардың қарым-қатынасын анықтау әдістемелері қолданылады. Балалардың коммуникативті іс-әрекетінің тиімділігін оның тұлғалық, когнитивті қасиеттерін зерттеп, бағалауға мүмкіндік беретін әдістемелерді қолдану маңыздылық танытады. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі «бала-бала» жүйесі В.С.Мухина

еңбектерінде сипатталынады. Ғалым баланың басқа балалармен қарым-қатынас құруы оның психикалық дамуына жағдай жасайтынын тағайындайды.

Онда негізгі 3 жағдай баса көрсетіледі:

- баланың балалар тобымен қарым-қатынас құруында ерекше, ересектермен жасалған қарым-қатынастан айрықша қатынас тағайындалады;
- «бала-бала» жүйесінде ғана кейбір іс-әрекет түрлерін меңгеруге болады, яғни балалар топпен ғана ересек адамдардың қатынасын бірлесіп қайта жаңғырта алады.
- Балалар тобында мінез-құлық, жүріс-тұрыс нормалары мен адамгершілік қасиеттерді қолданып, жаттығуға мүмкін болады[3, 231].

И.А.Бойкова 5-6 жастағы балалардың ересек адамдармен қарым-қатынас құруы жеткіліксіз болса, олардың қатарластарымен байланыс жасау мүмкіндіктері де шектеу болатындығын көрсетеді. Ал Д.Б.Годовикова балалардың ересек адамдармен құрған қарым-қатынасы қатарластармен арадағы қарым-қатынасқа проекцияланатындығын айтқан.

Балалардың өз қатарластарымен қарым-қатынас құруы осы қарым-қатынасты қажетсінуімен анықталады. Бұл қажеттілік үш жасқа келген балаларда қалыптаса бастайды.

А.И.Фукин 5-6 жастағы балалардың басқа балалармен қарым-қатынасты қажетсінуін 3 топқа бөліп көрсетті:

1-ші топқа қарым-қатынаста белсенді қатысатын балалар жатады. Олар басқа балалармен байланыс жасағанда жағымды эмоциялы реакция, жұптасуға қызығушылық танытып, аса назар аудару, сезімді көрсетуі, жұптасының қарым-қатынас құруына түрткі болу сияқты мінез-құлық, жүріс-тұрысын көрсетеді.

2-ші топқа қарым-қатынаста енжар балалар жатады. Олар өздерін топ ішінде ұстай алмай, беймаза күй кешеді, жағымсыз эмоция танытады.

3-ші топ қарым-қатынаста аумалы болатын балалармен сипатталады. Оларға 1-ші де және 2-ші де топ балаларының тенденциялары тән болады.

Қазақстандық ғалым Х.Т.Шерьязданова мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетінде ересектер мен бала арасындағы қатынасқа құрымдылық-логикалық тұрғыдан еңбектерінде қарастырылған.

Сонымен баланың басқа балалармен қарым-қатынас құруында әрбір баланың ересектермен байланыс жасауындағы психологиялық жас ерекшеліктері айқын көрінеді. Олай болса, ұлттық салт-сана, біздің жағдайымызда қазақ отбасындағы әлеуметтік роль, қазақ халқының адамгершілік құндылықтарын қарым-қатынаста ескерілуі қажет деп пайымдаймыз.

5-6 жастағы балалардың психикалық дамуының басты факторы қарым-қатынас болады. Балалар бұл кезеңде қарым-қатынасты ересек адамдармен және өз қатарластарымен құра алады. «Қарым-қатынас» ұғымы психология, педагогика және олармен салалас ғылымдарда қарастырылады. Педагогикалық-психологиялық ғылымдарда қарым-қатынастың құрамдас компоненттері нақтыланған. Оларды анықтау арқылы ғана балалардың қарым-қатынас сферасына қатысты қажеттіліктер, мотивтер, тәсілдер, формалар, әрекет-актілер, жеке-дара стильдер, яғни жалпы нәтиже белгілі болады.

Сондықтан 5-6 жастағы балалардың қарым-қатынасты қажет етуін, коммуникативтік мотивтерінің болуын, қарым-қатынас тәсілдерін меңгеруді, қарым-қатынас құралдарын (вербалды және вербалды емес) жетілдіруді, қарым-қатынастан жалпы нәтиже алуды қамтамасыз ету қажет болады. Ол үшін ересектердің жетекшілігімен, балалардың бір-біріне әсері болатындай ерекше топтық жағдай ұйымдастыруды тиімді педагогикалық, психологиялық әсер деп санаймыз. Бала өсе келе мектепте оқуға мотивациялық, интеллектуалдық және коммуникативтік тұрғыдан даяр болады. Олай болса, балалардың 5-6 жасар кезеңінде қарым-қатынасты жетілдіруге баса назар аударылуы қажет.

Мектепке дейінгі кезең – балалар дамуындағы маңызды кезең, себебі олар дүниеге келгеннен кейін мектепке дейінгі дамудың үлкен жолын бастан өткізеді. Отбасы тәрбиесінде қарым-қатынастың негізгі үш түрі көрсетіледі: авторитарлы, либералды және демократиялық қарым – қатынастар.

Авторитарлы түрі – ата-аналар тарапынан балалармен қарым-қатынаста қаталдық, талап қойғыштық көрінеді. Ересектер баланың пікірімен, тілектерімен, қызығушылықтарымен аз

санасады. Ата-аналар кейде өз балаларын физикалық түрде жазалауы да кездеседі. Авторитарлы қарым-қатынас түрін психологтар қаталдық, алдау пікірмен санаспау баланың ішкі дамуында қарама-қайшылықты туғызатындағын айтып отыр. Жасөспірім шақта мұндай жанұяларда балалар ата-аналарымен дау-жанжалға жиі түседі, олар жанұядан бөлшектене бастайды.

Либералды түрі – баламен қарым-қатынаста ата-аналар тарапы өте шыдамдылық көрсетеді. Оның негізі болып ата-ананың баласына шексіз махаббаты болып табылады. Мұндай қарым-қатынастағы жанұяда балалар тәртіпке бағынбай, жауапкершілікке жүгінбей өседі. Ата-аналар өз баласын тәрбиелеуде оны эгоист, жауапкершілігі жоқ адам етіп тәрбиелеп жатқанын байқамайды. Балаға осындай қарым-қатынастағы педагогты А.С.Макаренко «педагогикалық ақылсыздық», ешқандай адамгершілік жоқ қарым – қатынас түрі деп атады.

Демократиялық түрі – демократиялық қарым-қатынастағы жанұя баласының тәрбиесінде ата-аналармен бірлесе отбасылық ұжыммен ұйымдасады. Анасы мен әкесінің, сонымен қатар жанұядағы басқа да мүшелердің өзара қарым-қатынастары үйлесімділікпен, сыйластықпен, назар аударумен, қамқорлықпен сонымен қатар балалар арасындағы өзара қарым-қатынас үйлесімділігі мен сипатталады. Ата-аналар өз балаларын терең тануға тырысады, балаларының жақсы не жағымсыз қарым-қатынастардың себептерін анықтауға тырысады. Сонымен қатар балалар «болады», «керек», «болмайды» деген сөздерді өте жақсы түсінеді. Демократиялық қарым-қатынас баланың тыңдауына, саналы тәртібіне белсенділік туғызады, отбасындағы қызығушылық әрекеттермен қоршаған ортаның жағдайларына қызығушылық тудырады. Балалар өз ата-аналарынан азмат пен азаматшаларды көреді, олардың еңбек сүйгіштік қасиеттерін, шыншылдықтарын көріп өз ата-аналарына ұқсағысы келеді. Мұндай жанұяларда ата-аналардың балалары үшін қапаланып, мазасызданuы көрінбейді. Бұл кезеңде денелік және жалпы ағзаның тез өсуі мен негізгі мидың және ағзаның барлық жүйесінің дамуымен сипатталады. Бұл кезең тек жалпы ерекшеліктер мен қатар баланың жеке типологиялық мінез-құлықтары да көрінеді[4, 121].

Зерттеушілер жоғары жүйке жүйесінің әрекеті мақсатқа бағытталған тәрбие жүзінде болады, сондықтан да олардың ерекшеліктері жойылуы да мүмкін. Баланың мінез-құлқындағы ерекшеліктер мен темпераменті жоғары жүйке жүйесімен байланысты, бұл кіші жас кезінде көрінеді. Бұл ерекшеліктерді әрекеттер реакцияларынан көреміз, яғни қоршаған ортамен, үлкендермен, құрдастарымен қарым-қатынастарында көрінеді. Мектепке дейінгі кезең балаларға жаңа принципті жетістіктер алып келеді, яғни бұл кезең адамның әлеуметтенуінде, үлкендермен қарым-қатынаста жағымды нәтиже береді. Сонымен қатар бала қатарластарымен әр – түрлі шын ойындар арқылы өзара қарым-қатынаста болады. Мектепке дейінгі балалардың үлкендермен өзара қарым-қатынасын зерттей келе У.И.Ауталипова өз еңбегінде өзара қарым-қатынастың жағымды және жағымсыз жақтарын көрсетті. Негативті жағын дау–жанжалдармен байланыстырды. Жақсы көру мен риза болу сезімін қажетсініп, бала қоршаған орта арқылы өзара қарым-қатынастың позитивті жағымды формасын үйренеді. Ол мектепке дейінгі балалардың дамуында тілдік қарым-қатынас пен қозғалыс әрекет арқылы эмоционалдық қарым-қатынас құруға дайындығын көрсетеді.

Қарым-қатынастың нақты пәні әрбір адамның өзара байланыстағы сапасы мен қасиеті болып табылады. Бұл мәселе жөнінде ғалымдар М.И.Лисина, Д.В.Менжарицк, А.В.Петровский қарастырған.Үлкендер мен баланың жаңа қарым-қатынасының құрылуы мектепке дейінгі балалардың жеке тұлғалық құрылу үрдісінде жүзеге асады. Сондықтан да «қарым-қатынас қоғами қарым-қатынас ансамблиясы болады және жеке тұлғаның мәнін құрады». Қарым-қатынастың сипаты көбінесе тәрбие мен оқу үрдісінің тиімділігіне тәуелді болады.қарым қатынас тек ұжымдық әрекетін құрып қана қоймайды, сонымен қатар ол, тәрбиелеу арқылы жеке тұлғаның қалыптасуына маңызды фактор болады. Яғни адамдарды тәрбиелеу оған тек әрекет жасап оны түсіну ғана емес, сонымен қатар дәләлдеуді құру, оның мінез құлқын басқа адамдармен қарым-қатынаста тәжіриби жүзінде жинақтауды қамтамасыз етеді.

Балаға қатыста не қосымша барлық шарттардың координациялануы тек баламен қарым-қатынас заңдылықтарын білу ғана емес, сондай-ақ қарым-қатынасты әрекет жөзінде

пайдалану, яғни оқыту мен тәрбиелеуде талапты жоғарлату мен жүзеге асады. Қарым-қатынастың кез келген түрі серіктестікте «педагог-бала» сияқты, жағдайға қатыссыз түрде тәрбиелеуші болады. Тұлғаның қалыптасуындағы алғашқы фактор, қарым-қатынастың кең мағынадағы мүмкіндіктерін ұсынады.

Ізгіліктік жағымды және қайырымды қарым-қатынас арасындағы негізгі факторлар мен әдістер осы сапалардың қасиеттері болуы мүмкін. Педагог тәрбиеші балалармен қарым-қатынасты қалай құрса, тәрбиелеудің тиімділігі соған тәуелді болады. Тәриелеу үрдісіндегі қарым-қатынаспен өзара әрекет оқу түрткілерінің көмегімен мектепте жағымды қарым-қатынас жасаудан, дұрыс өзін-өзі бағалаудан, оқу тапсырмаларын өз қалауымен орындау және т.б. көмегімен жүзеге асады. Педагогикалық үрдістегі тұлға аралық қарым-қатынастың сыртқы және ішкі жағы бар. Педагогикалық қарым-қатынас – бұл тәрбиелеушімен тәрбиеленуші арасындағы әлеуметтік-психологиялық өзара әрекеттердің мақсатқа бағытталған үлгілері мен дағыдылары, ақпарат алмасуы, қарым-қатынас арқылы тәрбиелеуші ұйымдар көмегімен жүзеге асады[5, 69]..

Ал «педагогикалық қатынас» бірнеше түрге бөлінеді: тұрақты – жағымды, тұрақсыз, ашық – жағымсыз, енжар – жағымды.

- Тұрақты жағымды тип балаларға дұрыс тиімді қарым-қатынас, қиындық кезде оларға қамқорлық таныту. Мұндай педагогтар балаға шын баға береді. Педагог балаларға сөз, жымию, мимика, қозғалыс және пантомимикамен қарым-қатынас жасайды.
- Енжар – жағымды тип балалармен балалармен қарым-қатынасста имоционалды жағымды байланыс көрінеді.
- Тұрақсыз тип – педагогтың жағдайға байланысты эмоциялары көрінеді. Мұндай педагогтар көңіл күйлері мен уайымдарға жиі түседі.
- Ашық –жағымсыз тип педагогтар балаларға жағымсыз қарым-қатынас ұстанады.

Балалардың қарым-қатынасын зерттеуге арналған әдістемелер негізінен байқауға, әңгімелесуге, сауал-сұраққа, вербалды тестік әдістерге сандық, сапалық жағынан бағалауға, эксперттік бағалауға негізделген. Мұнда балалардың жас ерекшелігіне, тәжірибесіне байланысты диагностикалық жұмыстар табиғи жағдайда өтуі жөн болады. Балалардың белсенділігі қарым-қатынас жасауына, өз-өзін танып білуіне мүмкіндік береді. Біз қазіргі балалар қарым-қатынасын анықтауға арналған әдістемелерді толық (саны жағынан) қолданса ғана балалардың коммуникативті іс-әрекетін диагностау дәлдікке ие болады деп ұйғарамыз. Алайда барлық қарым-қатынас компоненттерін зерттеуге арналған әдіс тәсілдерді толық қолданудың қандайда болсын уақыт шеңберіне симайтындығы даусыз. Ал екінші жағынан, әрбір бала белгілі бір әлеуметтік ортаның ықпалында болады. Сол ортаның құндылықтарын өзінің жеке басына «сіңіреді», бұл жағдай балалар қарым-қатынасының логалды әлеуметтік этикетпен, ритуалмен, құндылық есебіндегі мінез-құлық, жүріс-тұрыс стандарттарымен әрленіп, өзіндік әлеуметтік таңбасы болатындығы белгілі. Әсіресе ұлттық өзіндік сананың интенсивті дамуына барынша жағдай жасалынып жатқан қазіргі қоғамда қарым-қатынас субъектілерін ұлттық ерекшеліктерінен, салт-санасынан бөліп алып, «тексіз», «ұлтсыз» пенде күйінде қарауды, зерттеуді заттың футлярын ғана қызықтаумен салыстырар едік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бесмағамбетова Р.Қ Ата–ана мен балабақша арасындағы қарым-қатынас негізінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау. //Балабақша меңгерушісі және әдіскері- №2, 2013.
2. Лосева В.К. Рисуем семью: диогностика семейных отношений.-М., 1995.
3. Лисина М.И. Общение, личность и психика ребенка. - М., 1997.
4. Мудрик А.В.Общение как вид деятельности детей. //Ребенок в системе коллективных отношений.- М., 1972.
5. Шортомбаева.Ш. Мектепке дейінгі жаста қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру. // Бала мен балабақша №3, 2016.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ ҚҰРАЛДАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

ӘОЖ 373.25

А.Е.Жумасейтова
БҚИТУ педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
А. Г. Нигметуллина
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті.

Қазақстанның әлемдегі озық отыз елдің қатарына ену мен мемлекетте бәсекеге қабілетті, интеллектуалды ұлт қалыптастыру қажеттілігі жағдайында қазіргі үздіксіз білім беру саласына, соның ішінде баланы мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне аса мән беріліп отырғаны мәлім.Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздерінде балаларды табысты әлеуметтендірудің бастапқы мүмкіндіктері өмірлік циклдің бірінші жылдарында қалыптасатындығы айтылған. [1].

Мектепке дейінгі жас – адам өмірінің ең маңызды әрі жауапты кезеңі болып табылады. Осы жас аралығында адамның әрі қарай дамуын анықтайтын негізгі қабілеттер қалыптасады.Дәл осы кезеңде таным белсенділігі, өзіне, өмірге сенімділік, адамдармен қарым-қатынас, шығармашылық мүмкіндіктер, жалпы өмірлік белсенділік және т.б. басты қасиеттер қалыптасады.

Қазақ халық шығармашылығы құралдары – ауыз әдебиеті (ертегілер, санамақтар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар), әлпештеу жырлары, ұлттық би қимылдары, ойын фольклоры, қолөнерінің түрлері және т.б. мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдау, қиял, зейін, жады, ойлау психикалық үрдістеріне, сөйлеу коммуникативтік қарым-қатынасқа түсуіне, тілін дамытуға тез ықпал етіп, олардың танымдық белсенділігін арттырады. Өйткені қазақ халық шығармашылық құралдарының бай табиғаты, бар болмысы балалардың заттар мен құбылыстар, адами қатынас, отбасы, табиғат, өмір және т.б. туралы білімдерді олардың сөйлеу, айту, ойнау, билеу, сипап-сезу, ұстап көру, жасай алуы арқылы жүзеге асуына мүмкіндіктер береді. Әсіресе, халық шығармашылығы құралдары ерте жастағы балалардың «қажетсінуден құштарлыққа, құштарлықтан байқауға, байқаудан-білуге, білуден-үйренуге, үйренуден-жасап көру» сұраныстарын қанағаттандырып, танымдық әрекеттерін белсендіреді. Қазақ халық шығармашылығының құралдары бір жағынан ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін арттыруға әсер етсе, екінші жағынан олардың тұлғалық ерекшеліктерінің ұлттық негізде қалыптасуына ықпал етеді.

Баланы ерте жастан дамыту мәселесі ежелгі грек философтарының еңбектерінен бастау алып(Аристотель,Платон, Сократ және т.б.) күні бүгінге дейін шетелдік және отандық психология, педагогика ғылымында, соның ішінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында өзекті зерттеу мәселесіне айналып отыр. Ерте жастағы балалардың психологиялық және физиологиялық дамуының теориялық негіздері В.С.Мухина, М.Щелованов, Н.Л.Фигурин, Н.М.Аксарина, Е.И.Радина, Ж.И.Намазбаева және т.б. еңбектерінде негізделген. Мектепке дейінгі балалардың тәрбиесінде халық фольклорын пайдалану мәселесі Э.А.Музенитова, О.В.Акулова, М.Н.Братухина, Г.Н.Пивнева және т.б. еңбектерінде көрініс тапқан [2].

Мектепке дейінгі жастағы бала қазақ халық шығармашылығы құралдарын ұйымдастырылған іс-әрекеттерде үйрену негізінде сан алуан түсініктер мен ұғымдарды меңгереді. Бала қазақ халық шығармашылығын үйрену барысында оларды *бақылай* отырып, заттардың ерекшеліктерімен, олардың түрімен, көлемімен,түсімен танысады.Алайда бала оларды өздігінен анықтай алмайды. Сондықтан баланы қоршаған орта жағдайында ұлттық бұйымдар мен заттардың ерекшелігін бөле білуге үйрету керек.Үш жастағы баланың іс-әрекеті күрделі және әртүрлі бола бастайды:заттық іс-әрекет (геометриялық фигуралармен, біздің жағдайымызда ол геометриялық ою-өрнектер болуы мүмкін), сюжеттік ойындар (ұлттық

ойыншықпен ойнау), бақылау, суреттер, ұлттық бұйымдар, киімдер, көру,еңбек іс-әрекетінің элементтері (ұлттық бұйымдарды ұстап көру, ұлттық қуыршақтарды, ойыншықтарын жинау), бейнелеу іс-әрекетінің басталуы (сурет салу, мүсіндеу).Осы іс-әрекет түрлерінің бәрі баланың ақыл-ойының дамуы үшін маңызды болып саналады.Барлық іс-әрекет түрлерінің ішінде сюжеттік ойындар ерекше орын алады.Бала ойнай отырып, айналасындағылардың көптеген қимылын келтіреді (ұлттық дәстүрлерді сахналастыру, мәселен, тұсау кесу, кесе ұсыну, наурыз шәйін ішу және т.б.). Рөлдік ойындар элементі пайда болады.Үш жастағы баланың жаңаша дамуының бір түрі ол іс-әрекетті бастамас бұрын алдын-ала мақсатын анықтап алады: «Мен киіз үй құрамын»,«Мен көкпар ойынына қатысамын», «Мен қара жорға биін билеймін» және т.б.,яғни бұл жастағы баланың іс-әрекетінде жоспарлаудың элементтері пайда болады.

Осы осы айтылып өткендер бізге қазақ халық шығармашылығы мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудың компоненттерін анықтауға негіз болады. Біз мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық белсенділігін қазақ халық шығармашылығы құралдарымен дамытудың компоненттерін үшке бөліп анықтадық:

1.қажетсіну-құштар болу компоненті

2. байқап-білу компоненті

3.үйреніп-жасаукомпоненті

Қажетсіну-құштар болу компоненті балалардың танымдық қажеттіліктерін: қызығушылығын, құштар болуын, таңдамалы танымдық іс-әрекетін көрсетеді.Мектепке дейінгі баланың танымдық қызығушылығына байланысты біз олардың жаңа нәрселерді үйренуді, түсініксіз заттарды анықтауды, шындықтың құбылыстарын, олардың мән-мағынасына тануды, олардың арасындағы байланыстарды және қарым-қатынастарды табуды қалайтынын байқаймыз.

Байқап-білу **компоненті** балалардың бастамашылық танымдық іс- әрекеттерінде білім мен тәжірибе жинақтау және түсіну арқылы жүзеге асырылады.

Үйреніп-жасау **компоненті** ерікті танымдық қызмет барысында үйрену мен дағдыларды меңгерудегі балалардың тәжірибесін қамтиды, балалардың танымдық қызметке деген саналы қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған[3].

Қазақ халық шығармашылығы құралдарының түрлері ерте жастағы балалардың әр түрлі психикалық үдерісінің дамуына қарай іріктелді. Мәселен, ауыз әдебиеті құралдары, ерте жастағы балалардың дыбыстарды анық шығаруына, дауыстап айтып үйренуіне,тақпақтап айтуға жаттығуына, айтуына жеңілдігіне қарай, сөздерді қосып айтуға дағдылануына, түсініп қабылдау мүмкіндігіне, қайталауға икемділігіне қарай таңдалса, музыка құралдары баланың тыңдауына, есітуінің шоғырлануын дамытуға, эмоционалды қабылдауына, жағымды есітілуіне, зейінін аударуға, есінде сақтай алуына, билеуге икемділігіне қарай таңдалды. Қолөнер құралдарын іріктеуде ерте жастағы баланың заттық іс-әрекеттік ортада дамуының басымдығы тұжырымдары негізге алынды.Өйткені қолөнер құралдарының барлығы да көзбен көретін, қолмен ұстайтын бұйымдар. Демек, балалардың заттық кеңістік ортасын қазақ ұлттық бұйымдарымен, киімдерімен, тұрмыстық, сыйлықтық заттарымен безендіру және оларды балалардың ұйымдастырушылық іс-әрекеттерінде пайдалану мүмкіндіктері қарастырылды.Сондай-ақ, қолөнердің ою-өрнек түрлерінің баланың қабылдауына жеңіл түрлерін (тұмар ою, шаршы ою, күн оюы және т.б.), мектепке дейінгі жастағы балалардың геометриялық фигуралардың көлемін, түстерін өту барысында қолдану мүмкіндіктері ескерілді. Олардың ересектер дайындаған жапсырма кестелерді желімдеп жапсыра алу, жеңіл құрастырылатын ұлттық тұрмыстық заттарды (аққұман, шәйнек, кесе, торсық) мүсіндеу мүмкіндіктеріне қарай іріктелді. [4].

Жалпы айтқанда қазақ халық шығармашылығының ерте жастағы балалардың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері кең. Ғылыми әдебиеттерде

халық шығармащылығы балалар тәрбиесіндегі халық педагогикасының құралдары тұрғысынан зерделенген.

Мектепке дейінгі жастағы балаларға өз халқының ұлттық мәдени құндылықтарын құрметтеуді қалыптастыру, олардың қарапайым ұлттық мәдени түсініктерін игеруін дамытады. Мектепке дейінгі жас – көркем қабылдауды қалыптастырудың белсенді кезеңі. Балалар бесік жырынан, тақпақтардан, әндерден және т.б. бастап халық шығармашылығының шағын түрлерімен кең түрде таныса бастайды.Халық шығармашылығының шағын формасы туғаннан балаға төл мәдениетінен хабар беріп, оларға деген сезімін қалыптастыруға негіз бола алады. Ауызекі шығармашылықтағы әлпештеу жыры баланың тұлға ретінде және ұлттық мәдени дамуының, соның ішінде санасын, зияткерлік, танымдық өресін дамытудың бірінші баспалдағы. Әлпештеу жыры баланы туылған күнінен бастап 1,5 жасына дейін айтылады, осы кезеңде бала қоршаған ортаны жәнеөзін-өзі алғаш тани бастайды. Қоршаған ортаны тану және өз-өзімен танысу ата-анасының, туыс, жақын адамдардың көмегімен, ана махаббаты, қамқоры, жылылығына негізделген осы әлпештеу өлең-әндері арқылы іске асырылады. [3].

Қазақ халық шығармашылығын түрлерін қарастыру барысында біз олардың балалардың қабылдауына жеңіл, білуге құштарлығын арттыратын, қиялын ұшқырлайтын, зейінін қалыптастыратын, эмоционалдық жақсы сезімталдыққа бейімдейтін, ой-өрісін өсіретін, танымдық аясын кеңейтетін, саналы-әрекетке итермелейтін, белсенділігін арттыратын педагогикалық құрал екендігін анықтадық.

Кесте1.Қазақ халық шығармашылығы құралдарының ерте жастағы баланың танымдық белсенділігін дамытудағы мүмкіндіктері

Жанр	**Танымдық белсенділігін дамыту**	**Нәтиже**
Бесік жыры	Қабылдауын, қызығушылығын дамыту,эмоционалдық ықпал ету,музыканы тыңдауға, сөздерді ұғынуға зейінін тұрақтандыруға, ырғақ сезімін дамытуға әсер ету	Баланы жұбату, тыныш ұйқы, вестибулярлық аппаратты дамыту, адам дауысын қарым-қатынас ретінде қабылдау, сөзді қабылдау, тілді түсіну, сөздерді ұғыну.
Әлпештеу жырлары	Дене, ақыл-ой, тұлғалық, сөйлеу дағдыларын, ырғақ сезімін,сезімталдығын дамыту	Сергектік, эмоциялар, ырғақ сезімінің пайда болуы, ауызекі тілдесу, диалог құру, қарым-қатынас орнату.
Санамақтар	Дене, ақыл-ой, эмоционалдық даму, ырғақ сезімін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Тілін дамыту, дыбыстардың анық айтылуын, сөз қорын кеңейту, есте сақтау, зейінін дамыту,шығармашылық қабілеттің қалыптасу.
Жұмбақтар, өтірік өлеңдер	Эмоционалдық қабылдауын арттыру, қиялын ұшқырлау, ақыл-ойын, зияткерлік қабілетін, танымдық іс әрекетін дамыту	Қисынды ойлауды дамыту, баланың ақыл-ойын дамытуға негізделген іс-әрекеттерін белсендіру, талдау,астарлы сөзбен таныстыру, әзілді түсіну сезіміне ықпал ету.
Ертегілер	Ой-өрісін дамытуға, қиялын тереңдетуге, эмоционалдық қатынсын дамытуға ықпал ету	Отанына деген сүйіспеншілік, мейірімділік,тапқырлық, қызығушылықтарын дамыту, абстракты ойлау, қиялын қалыптастыру,батылдық, достық, өзара көмек, адалдық сезімдерінің дамуы.

Жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер	Ырғақ сезімін, эмоционалдық қабылдауын, тілін дамыту, сөздік қорын көбейту, ақыл-ойын өсіру, белсенді әрекетін дамыту	Баланың анық сөйлеуі, артикуляцияны дамыту, сөздік қорын молайту, абстракты ойлау, қиялын қалыптастыру.
Ұлттық би музыкалары	Музыкалық, эмоционалдық, эстетикалық, сезімдеріне ықпал ету, қол моторикаларын, дене қимылдарын белсендіру, ұлттық биге қызығушылықтары арттыру	Музыканы қабылдауға, тыңдауға, ұлттық би элементтеріне дағдылану, эстетикалық сезімді дамыту, шығармашылыққа баулу, ырғаққа бейімделу.
Қолөнер (ұлттық бұйымдар, киімдер, ою-өрнек)	Ұлттық қолөнерді қабылдауын дамыту, қызығушылығын ояту, көру зейінін шоғырландыру,қол моторикасын дамыту	Қолөнер бұйымдарының атауларын білуге, ұлттық киім түстерін ажыратуға, геометриялық өрнектерді ажырата алуға үйрету. Мүсіндеуге үйрету, қол моторикасын дамыту.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасында ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздері«Ақпараттық-талдау орталығы»АҚ.-Астана, 2014.
2. Бадел А. Қазақ этнопедагогикасы негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың дүниетанымын қалыптастыру: пед.ғыл.канд... дис. –Астана,2010.
3. «Қазақ ұлттық ойындары-тәрбие көзі» әдістемелік нұсқау:Астана, 2011
4. Жұмабекова Ф,Н. Мектепке дейінгі педагогика. Астана, 2012.

ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕГІ БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КИБЕР ҚАУІПСІЗДІГІ

ӘОЖ 316.77

Амангелдиева Б.Н.
БҚИТУ пед.ғ.магистрі, аға оқытушысы,
Қанат Т.Т.
«Психология» білім беру бағдарламасының студенті.

Қазіргі қоғамда бұқаралық ақпарат құралы, интернет сияқты құбылыстарды елемей өмір сүру мүмкін емес. Ақпараттық бум қоғамның барлық топтарын, соның ішінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларды қамтуда. Алайда, отбасылық тәрбиеде баланың теледидардан не көретініне, құлаққаппен тыңдайтынына, қандай компьютерлік ойындар ойнайтынына, қандай кино кейіпкерлеріне еліктейтініне жеткіліксіз көңіл бөледі. Балалардың өзіндік санасы қалыптаспаған, сондықтан балалар ең әсерлі және тәжірибесіз көрермен ретінде көрнекі ақпарат құралдарының ең үлкен әсеріне ұшырайды.

Балалардың санасына тікелей әсер ету бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жүзеге асатынын түсіну керек. Сонымен қатар, егер өскелең ұрпақтың психикасын қарастыратын болсақ, онда бұл жағдайда кәмелетке толмаған баланың (бала немесе жасөспірім болсын) психикасына кез-келген ақпарат әсер ететініне назар аударған жөн.

Балалар мен жасөспірімдерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, атап айтқанда интернет пен ұялы телефондардың көмегімен қудалау – оқушылар арасында суицидке, ауыр тұлғалық өзгерістерге әкелетін ең маңызды мәселелердің бірі десек, БҰҰ кибербуллингті кәмелетке толмағандардың физикалық, психологиялық немесе ақыл-ойдың

зорлық-зомбылықтың кез-келген түрінен қорғалуына кепілдік беретін бала құқықтары жөніндегі БҰҰ конвенциясының 19-бабын бұзу деп таниды. Балалар мен жасөспірімдерді осы құбылыстан қорғаудың белсенді әрекеті ретінде БҰҰ Бас Ассамблеясы және оған қатысушы елдер 2014 жылы қорқытудың кез-келген түрімен күресуге қарар қабылдады.

Еліміз бойынша 6-15 жас аралығындағы интернет желісін пайдаланушыларды жалпы республика көлемінде алсақ, 2017 жылы 67,9 %, ал 2018 жылы 72,9%, бір жылдың ішінде олардың үлесі 5 пайызға артқанын көруге болады. ҚР БҒМ балалардың құқығын қорғау комитетінің 2018 жылғы баяндамасында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, еліміздегі балалардың 50 пайызы кешкі сағат 22.00-ден кейін интернетте отырады, балалардың 30 пайызының интернет пен әлеуметтік желілерге пси-хологиялық жағынан тәуелділігі өте жоғары [1].

Балалардың жас ерекшелігіне байланысты даму процесі жүріп жатқандықтан, ересектерден айырмашылығы олар келген ақпаратты даму процесінде қабылдап, ересекке қауіпсіз, нейтралды болып саналатын ақпарат балаға күрделі өзгеріс немесе бұзылыс әкелуі мүмкін.

Мектепке дейінгі балалардың әлеуметтену процесі эмоционалды сферасының дамуынан басталады. Баланың цифрлық әлеуметтенуіне әсер ететін БАҚ-ғы ақпараттар эмоциялық фильтрдан өтіп өз өмірлік тәжірибесіне айналады. **Жүргізілген зерттеулердің, сондай-ақ «Балалар онлайн» сенім телефонына келіп түскен өтініштерді талдаудың негізінде интернетті пайдаланушыларда кездесетін интернет қауіптерінің жіктемесі анықталған:**

Контенттік қауіптер - **интернетте заңсыз, этикалық емес және зиянды ақпаратты (зорлық-зомбылық, агрессия, эротика немесе порнография, әдепсіз сөздер, ақпарат) қамтитын әртүрлі материалдардың (мәтіндер, суреттер, аудио және бейне файлдар, үшінші тарап ресурстарына сілтемелер) болуымен байланысты. нәсілдік араздықты қоздыру, анорексия мен булимияны насихаттау, суицид, құмар ойындар, есірткі және т.б.). Оларды барлық жерде кездестіруге болады: әлеуметтік желілерде, блогтарда, торрент сайттарында, жеке сайттарда, видеохостинг сайттарында.**

Электрондық қауіптер **– жеке ақпаратты ұрлау немесе зиянды бағдарламаның шабуылына ұшырау мүмкіндігі. Зиянды бағдарламалар – бұл компьютерге зиян келтіретін және ондағы сақталған ақпараттың құпиялылығын бұзатын әртүрлі бағдарламалық қамтамасыз ету (вирустар, құрттар,** *трояндық* **аттар, шпиондық бағдарламалар, боттар және т.б.).**

Коммуникациялық қауіптер - **интернетті пайдаланушылардың қарым қатынасымен және тұлғааралық қарым-қатынасымен байланысты. Мұндай қауіптер мысалдарына мыналар жатады: киберқорқыту, заңсыз байланыс (мысалы, сыртқы келбет, жыныстық құдалау), онлайн танысу және желідегі таныстармен кездесу. Байланыс қауіпті чаттарда, онлайн мессенджерлерде (ICQ, Google talk , Skype), әлеуметтік желілерде, танысу сайттарында, форумдарда, блогтарда сөйлескен кезде туындауы мүмкін.**

Тұтынушы қауіпі **– интернетте тұтынушылардың құқықтарын бұзу. Мыналарды қамтиды: сапасыз тауарларды, әртүрлі контрафактілік өнімдерді, жалған және жалған өнімдерді сатып алу, өнімді немесе қызметті сатып алмай ақша жоғалту, алаяқтық мақсатында жеке ақпаратты ұрлау [2].**

Жасөспірімдер мен баланың психикалық жайлылығына және денсаулығына кері әсерін тигізетін баланың дамуындағы базалық психикалық ерекшеліктерін көрсетуге болады:

- Баланың даму механизмінің бағыты, яғни балаға кезіккен нәрсенің барлығы жаңа, сондықтан әр нәрсе баланың зейінін аудартады.
- Баланың жедел қабылдауы, яғни келген ақпаратты ойына тез арада іліп алуы;
- Еріксіз, санасыз қабылдау, қабылдаған ақпаратты сыни тұрғыдан талдай алмау, сенгіштік;
- Қабылдаудың эгоцентрлігі, яғни өз көзқарас тұрғысынан ғана қабылдай алу;
- Сезімталдық, эмоционалды жауап қайтаруы, эмпатияның жоғарылығы;
- Көшіруге, еліктеуге, имитацияға бейімділік, яғни көрген, естігенін қайталау, қабылдағанды мінез-құлық ретінде өмірде көрсету [3].

Жалпы білім беру ұйымдары мектеп оқушыларының медиақұзыреттіліктерін дамытуға жағдай жасауға жауапты. Бұл оқушылардың психологиялық денсаулығын, физикалық және әлеуметтік салауаттылығын сақтауға қамтамасыз етуге көмектеседі.

Соңғы уақытта «кибербуллинг» термині жиі қолданыла бастады. Бұл электронды өзара әрекеттесу құралдары арқылы қорлауды, әдейі жүйелі әрекеттерді агрессивті сипатта қолдануды білдіреді.

Кибербуллингтің виртуалды ортаның бірегейлігі және дәстүрліден қорлаудан айырмашылығына байланысты психологиялық аспектілерін көрсетуге болады. Оларға мыналар жатады:

- ✓ қорлаушының жасырын тұлға болып қалуы және жәбірленушіні үнемі бақылауда ұстау мүмкіндігінің болуы;
- ✓ жәбірленушінің ата-аналар мен ересектерден компьютерге кіруді шектеуден қорқу салдарынан (ұялы телефон, планшет және т.б.) қудалау фактілерін жасыру үшін кибербуллингті жасыру мотивациясының болуы;
- ✓ қорқыту куәларының көптігі мен жасырын тұлға болып қалуы, мұндай әрекеттер үшін жаза мен жауапкершіліктің болмауы;

Интернетте рұқсат етілген анонимділік өздік Менді алмастырып және әртүрлі әлеуметтік рөлге еніп тәжірибе жасауға мүмкіндік береді. Бұл әдетте бетпе-бет қарым-қатынаста болатын басқалардың теріс бағалауы немесе әлеуметтік санкция қоюдан қорықпауға жол ашады [4].

Жасөспірімдер кибербуллингке ең осал болып табылады. Әдетте жәбірленуші – көбінесе шынайы өмірде бұрын қорқытудың нысанасына айналған адам. Құрбандар мен бұзақылардың көпшілігі 11-16 жас аралығы, яғни. кез келген қорлауға, қауесеттерге және әлеуметтік сәтсіздіктерге жоғары сезімталдықпен сипатталатын жыныстық жетілу жасындағы балалар.

Кибербуллинг қалай пайда болады? Кейде олар белгілі бір адамды қорлауға арналған арнайы беттерді жасасақтайды (мысалы, сыныптасы немесе мұғалімі). Ол бетте қорлаушы адамды мазақ етіп жазады, карикатуралар, қорлайтын фотосуреттер немесе бейнелер жариялайды, қорлайтын лақап аттар ойлап табады және құрбандар туралы қорлайтын қауесет таратады. Бұл қорлау түрі жасөспірімдер арасында өте танымал: жәбірленушінің фотосуреті мен телефон нөмірі, оның атынан жыныстық қызмет көрсетеді деп жариялайды. Кейде адамды қорлау мен қорқытулар бар пікірлер немесе жеке хабарламалар жазып қорқытады. Тағы бір қорқытудың танымал әдістерінің бірі - жәбірленуші туралы ақпаратты оның еркінен тыс (бопсалау арқылы) жариялау. Сөйтіп жәбірленушінің атынан оның жақындарына, сыныптастарына және туыстарына хабарламалар жазады.

Бір қарағанда, қорлаудың бұл түрі зиянсыз болып көрінеді. Бірақ кибербуллингтің өзіне тән ерекшеліктері (анонимділік, кең аудиторияның болуы, тәулігіне 24 сағат қорқытуды жүзеге асыру мүмкіндігі, фактілерді бұрмалаудың қарапайымдылығы) баланың психологиялық денсаулығына одан да көп қауіп төндіреді. Кибербуллинг құрбандары интернетке кіру мүмкіндігінен айырылу қорқынышы себебінен ересектермен бөліскісі келмейді.

Шынайы өмірде буллинг құрбаны қорлаушыдан қашып құтыла алады. Мысалы бала мазақтаудан қашып, мектепке бармай, үйде демалады. Ал кибербуллерлер күндіз-түні аңды алады. Нәтижесінде кибербуллинг құрбанының өзіндік бағалауына әсер етіп, депрессия, агрессивті мінез-құлық, үрей, қоршаған ортаға деген сенімсіздік, көңіл-күйдің өзгермелілігі, қорқыныш сезімі, суицидтік ойлар пайда болады [5].

Кибербуллинг құрбандарында пайда болатын негізгі белгілер:

денсаулық: денсаулық көрсеткіштері нашарлайды, бас ауруы пайда болады ауырсыну, іштің ауыруы, ұйқы проблемалары, көңіл-күй проблемалары;

мінез-құлық: кенеттен пайда болатын жасөспірімнің тұйықтығы мен оқшауланuы, зейіннің шынайы әлемнен виртуалды әлемге, ойын әлеміне ауысуы, оқу үлгерімінің күрт төмендеуі;

үйдегі заттардың жоғалуы: жеке заттар немесе ақша кенеттен жоғалып кетеді; ата-аналарға олардың жоғалуын анықтау қиын емес болады;

кибербуллингтің маңыздылығын төмендету: көбінесе кибербуллинг құрбандары ересектермен сөйлескен кезде олар желідегі қиянат жағдайларын жасырады7

Кибербуллингтің көптеген түрлерінің ішінде ең көп таралғаны:

- жәбірленушіні мақсатты түрде топтан шығарып тастау, интернеттегі барлық әлеуметтік топтарға, атап айтқанда, ойын ойнауға рұқсат етілмейді, кездесулер немесе басқа достар қауымдастығы, барлық бірлескен онлайн сұхбаттар тобынан шығарылады. Топтан шығарудың себебі кез-келген болуы мүмкін тіпті, мысалы, балада смартфонның жоқтығы;
- үнемі қасақана қорлау ретінде қудалау: баланы жеке чат немесе топтардағы чаттарда хабарламалар арқылы жасөспірімді қорлап, қорқытады. Кибербуллингтің бұл түрі өте қауіпті және бала үшін ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Себебі хабарламалар үнемі күндіз-түні келеді, оның жай ғана хабарламалардан демалуға уақыты болмайды. Зиянды хабарламалар баланы қорқытып, өзіне сенімсіз етуі мүмкін;
- аутинг - бұл адамның жеке мәліметтерін оның келісімінсіз оны қорлау мақсатында қасақана жариялау.
- киберсталкинг – ересектердің интернет арқылы кәмелетке толмағандармен жыныстық қанау мақсатында олармен жеке кездесу ұйымдастыруға әрекет жасауы. Бұл кибербуллингтің өте қауіпті түрі, ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін;
- фрейпинг - оның барысында құқық бұзушы баланың әлеуметтік желілердегі жеке профиліне кіріп, оның атынан орынсыз ақпараттар жариялайды. Бұл арқылы қылмыскер жәбірленушінің беделіне нұқсан келтіреді;
- жалған аттар мен фотосуреттері бар жалған профильдерді, біреудің телефон нөмірін пайдалану арқылы киберқорлаушылар күдік туғызбай, желіде жасырын түрде адамды қудалайды. басқа. Әдетте бұл жағдайда қылмыскер қорқыту нысанасын жақсы біледі, сондықтан танып қоймау үшін жалған профильді пайдаланады;
- диссинг - жәбірленуші туралы жала жабатын, беделіне нұқсан келтіруі мүмкін ақпаратты интернетте тарату немесе жариялау. Сондай-ақ жәбірленушінің басқа адамдармен қарым-қатынасына зиян келтіреді. Құқық бұзушы бар күшімен баланы немесе жасөспірімді қорлауға тырысады бұл процеске барынша көпшілікті назар аудартады. Көбінесе мұны жәбірленушінің таныстары жасайды, бұл жағдайды ушықтырады;
- жалған айту – киберқорлаушы балаға немесе жасөспірімге жалған айту арқылы сеніміне кіріп, жеке немесе интимдік ақпаратты біліп, оны желіде жариялайды.
- троллинг – интернет форумдар мен әлеуметтік желілерде балағат сөздерді қолданып, қасақана арандатушылық. Негізгі мақсаты - жәбірленушіні қорлау, ашуландыру және оны ашулануға мәжбүрлеу. Жәбірленуші ретінде арнайы сезімтал адам таңдалады.
    - кетфишинг - киберқорқыту, алдау мақсатында жәбірленушінің бастапқы профиліне толығымен ұқсас жаңа профиль жасайды. Жалған профиль атынан олар жәбірленушінің барлық достарын қосады, оларға бұл шынымен дұрыс профиль және алдыңғы профиль өтірік деп айтады, сөйтіп жәбірленушінің атынан достарынан қарыз сұрай бастайды немесе қорлайды [6].

Кибербуллингті алдын-алу мәселесінде ең алдымен қауіпсіздік туралы айтылады. Киберқауіпсіздік - бұл қолданушыларды, олардың ақпараттық жүйелерін, желілері мен бағдарламаларын сандық шабуылдардан қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған қызмет. Мұндай кибершабуылдардың басты мақсаты әрі хакерлердің жеке мақсаттары үшін осы ақпаратты одан әрі пайдалану үшін пайдаланушының құпия ақпаратын алу, әрі бүкіл бизнес-процестің жұмысын бұзу болуы мүмкін. Сондықтан, әсіресе мемлекеттік департаменттер мен ірі жеке ұйымдардың жағдайында, Қазақстан үшін, сондай-ақ әлемнің басқа елдері үшін Интернетте тиімді және қауіпсіз болу үшін басты міндеттердің бірі дәл осы киберқауіпсіздік саласын дамыту болып табылады. Киберқауіпсіздік қауіптердің үш түрімен күреседі:

Киберқылмыс – жүйенің жұмысын бұзу немесе қаржылық пайда алу мақсатында оған шабуыл жасау мақсатында бір немесе бірнеше шабуылдаушылар ұйымдастырған әрекет.

Кибершабуыл – бұл негізінен саяси сипаттағы ақпаратты жинауға бағытталған әрекет.

Кибертерроризм – қорқыныш немесе үрей тудыру мақсатында электрондық жүйелерді тұрақсыздандыруға бағытталған әрекеттер.

Киберқауіпсіздік тұжырымдамасы ("Қазақстанның киберқалқаны") Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына енуі бойынша "Қазақстан-2050" Стратегиясының тәсілдерін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" атты Жолдауына сәйкес әзірленген. Тұжырымдама мемлекеттік органдарды ақпараттандыру, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандыру, "цифрлы" экономиканы дамыту және өнеркәсіптегі өндірістік процестерді технологиялық жаңғырту перспективалары, ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету аясын кеңейту саласындағы ағымдағы ахуалды бағалауға негізделген. Тұжырымдама электрондық ақпараттық ресурстарды, ақпараттық жүйелер мен телекоммуникация желілерін қорғау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын белгілейді. Осы Тұжырымдаманың орындалуы қазақстандық қоғамды одан әрі жаңғыртуға қызмет етеді және Қазақстанның БҰҰ-ның Киберқауіпсіздіктің жаһандық бағдарламасын іске асыруға қосқан үлесі болады [7].

Балалардың қауіпсіздігінің кепілі ретінде ата-ана бақылауы қарама-қайшылық тудыруы мүмкін: әрине, баланың интернет әлеміне енуі – бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынаста сенімділік, ашықтық, жүйелілік және адалдық қамтиды. Дегенмен балаға керек өз бетінше және саналы түрде шешім қабылдауға, өзін түсінуге үйрету және интернетте өзбетінше қызмет ету дағдылары қалыстаспауы мүмкін. Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынас фон ретінде және қолайсыз жағдайларда қолдау көзі болып табылады. Бала интернет арқылы әлеуметтенеді, одан қашып құтылу мүмкін емес, тек өзбетінше қауіпсіз әлеуметтеніп, интернеттің тиімді тұстарын пайдалана алуға жағдай жасау бұл қоғам алындағы басты міндет болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. О.Ж.Ошанова «Киберқауіпсіздік және балалардың құқығын қорғау» Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Журналистика сериясыХ. №2 (68) 2023 ISSN 1563-0242 eISSN 2617-7978 5-15 бб.
2. Смирнова Е.О. Психологические особенности компьютерных игр: новый контекст детской субкультуры / Е.О. Смирнова, Р.Е. Радева // Образование и информационная культура. Социологические аспекты. Труды по социологии образования. Т.V, Вып. VII / Под ред. В. С. Собкина, М., 2020, С. 12-26.
3. Камалова Г.А., Диярова Л.Б. Ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттарды қорғау: Оқу құралы./Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті.-Алматы: Альманах, 2020.-116б. ISBN 978-601-7590-04-08.
4. Солдатова Г.У., Зотова Е.Ю. Зона риска. Российские и европейские школьники: проблемы онлайн-социализации // Дети в информационном обществе. – 2021. – № 7. – С. 46–55.
5. Черкасенко, О.С. Феномен кибербуллинга в подростковом возрасте / О.С. Черкасенко // Личность, семья и общество: вопросы педагогики и психологии. – 2015. - № 6. – С. 52-54.
6. Насимов М. «Киберқауіпсіздік: негізгі түсініктері мен белгілері» Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет Академия государственного управления при президенте Республики Казахстан ISSN: 1994-2370 Болашақ Университеті, Қызылорда. 2017ж. 53-59 бб.
7. Киберқауіпсіздік тұжырымдамасын ("Қазақстанның киберқалқаны") бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 407 қаулысы.

ЭТНОМӘДЕНИ ДҮНИЕТАНЫМДАҒЫ ҚАСҚЫР БЕЙНЕСІ

ӘОЖ 392

Ибрагимова Г.А.
"Шет тілі: екі шет тілі" Магистрант:
Ғылыми жетекші Кушкимбаева А. С., PhD.,

Аттың жалында, түйе қомында тіршілік кешкен халқымыз үшін қасқыр жай жыртқыш жануар емес, сакральды мәнге, мифологиялық сипатқа ие тіршілік иесі. Қасқыр ұғымымен қатар көк бөрі, көк түрік түсінігі бірге қолданылады. Д. Қыдырәлі зерттеу мақаласында «Көк түрік» дегендегі көк рудың атауы, Ашина атауының көк бөрі, қасқыр мағынасын білдіретінін айтады [1, 40]. Түркі халықтарында рудың тотемі ретінде, тіптен Көк тәңірі мен адамдар арасын байланыстырушы жануар ретінде қасқырдың маңыздылығы жоғары. Бөрілі байрағына белгі болған қасқыр жануар ретінде кең даланы мекен еткен халқымызға еркіндік пен батылдық, қайсарлық үлгісі болып саналады. Қасқыр тотемі жайлы пікірлер Әбілғазы, Рашид Ад-Дин, Ш. Уәлиханов, Л. Гумилев, Э. Тэйлор зерттеулерінде, Н. Келімбетов, А. Сейдімбеков, А. Шәріп, С. Қондыбай зерттеу еңбектерінде кездеседі.

Халық арасында қасқыр бейнесі тотемнен жебеуші функциясын атқарған. Бұл жөнінде С. Итеғұлова мынадай пікір білдіреді: «Ел үмітін ақтаған батырлардың аруағын үстем етіп көрсету үшін оларды ең киелі ұғым көк бөрімен байланыстырған» [2, 8]. Осылайша қасқыр киелі жануар ретінде халқымыздың этномәдени дүниетанымында көрініс берген.

Дегенмен қасқыр бейнесі көне түркілік кезеңде тотем қызметін атқарып, кейіннен рух, хтоникалық жануар, магиялық күші бар жыртқышқа, көркем бейнеге айналған. Зерттеуші С. Итеғұлова қасқыр бейнесін былай ажыратып көрсетеді: «Қасқыр» тотем кезінде ілкі баба, жолбасшы, жас балаларды асыраушы; рух ретінде: дос рух – бақсылардың ие-қыласы, тумысынан керемет жан; қаскөй рух – сиқыршының жаны, зорлықпен өлтірілгендердің жаны; Хтоникалық жануар ретінде: адамды жейді; аспан денелерін жұтады; антын бұзғандарды талайды; моланы, көмбені күзетеді; Магиялық күш ретінде пайдасы: бас сүйегі малды қорғайды, тісі тіл-көзден сақтайды, өті емге қолданылады, еті батырлық қасиет береді; ал зияны: көз жанарымен арбайды, ізін басса, жылқыға зиян келеді; терісін киген адам ауру болады не аңға айналады. Көркем бейне ретінде екі түрлі қызмет атқарады: жабайы жыртқыш, аллегориялық бейне [2, 11]. Қасқыр бейнесінің сан түрлі қызмет атқаруы халқымыздың этномәдени дүниетанымын көрсетеді. Халқымыз қасқырдың тісін, басын үйіне әкеліп, атын атамай «ұлыма», «серекқұлақ», «ит-құс» деп мал-жаннан аулақ жүруін тілеген. Дегенмен қасқыр мен көк бөрі ұғымдарының арасында айырмашылық бары көрінеді. Қасқыр жыртқыш, жануар ретінде көрінсе, көк бөрі құтқарушы тотем деп танылады. Қазақ фольклорында көк бөрі образы «Оғыз наме» жырында, «Ергенекон» дастанында, «Ақ қасқыр» ертегісінде сомдалған. «Ер Тарғын» жырында Ер Тарғын бейнесі былай бейнеленген:

Мінді батыр еріне,
Іздеген жауға көріне,
Келген қалмақ жолықты
Тарғын сынды бөріге.
Ай бетінен кіреді
Күн бетінен шығады.
Қойға кірді бір бөрі
Бөріктіре қырады.

Талай қалмақ құлады [3, 116]. Батыр болмысы мен қасқыр болмысы қатар сипатталып, екеуіне тән қасиет батырлық екенін көреміз. Тұтастай батыр болмысының қасқырға теңелуі еркіндік, батылдық, өжеттілікті айқындайды.

Сонымен қатар жырда мынадай деталь кездеседі:

«Жебір сұлтан, сен білмейсің,
Мен бір аңқау туған бөрімін.

Көк екен деп саған иек сүйемен» [3, 131], - дегенде «аңқау туған бөрі» тіркесі батырға тән аңқаулықты, аңғалдықты бейнелейді. Солай ата-бабаларымыздың мифологиялық санасында көк бөрі киелі жануардан құдірет деңгейіне көтерілген.

«Оғыз наме» дастанын зерттеген М. Жармұхамедов «көк» сөзінің айрықша қолданылып, үш түрлі мәнге ие екенін айтады. Біріншіден, заттың сынын, сипатын білдіретін «эпитет» түрінде; екіншіден, белгілі бір заттың не кісінің тікелей аты, бұны зерттеуші былай деп анықтаған: «көк шатырымыз болсын», «оқты көкке атыңдар», «Көк – Оғыздың ұлының аты»; үшіншіден, әмірі күшті Алла болмысы көрінеді [4, 32]. Осылайша Көк Тәңірінің өзі көк түріктерді аман алып қалуға жіберген ерекше жануар көк бөрі екенін көреміз.

Орхон жазба ескерткіштерінде де қасқыр бейнесі көрінеді. «Тәңірі күш бергені үшін әкем қаған әскері бөрідей бопты, жаулары қойдай боптыі» [5, 24], - деген ерлік істерді атқарған батырлар көк бөріге ұқсатқан. Дауылпаз ақын Махамбет те Исатай екеуінің бірге жорықтарға шығып, ұлттық идея жолында күрескенін тарлан бөріге теңейді.

Мен, мен едім, мен едім,
Мен Нарында жүргенде
Еңіреп жүрген ер едім.
Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім,
- Біз ер едік, ер едік,
Ен нарында жүргенде
Талма талтүс шағында
Тай жеген тарлан бөрі едік [6, 4],

Қасқыр жануарының табиғатынан мінезі қайсар, батыл, ешнәрседен тайынбайтын, өжет болғандықтан тілімізде көкжал бөрі, арлан бөрі, қасқыр жүрек сынды тіркестер қалыптасқан әрі ақындарымыз сол болмысын өлеңге қосып отырған. Халқымызда «қасқыр байлағанға көнбес, шошқа айдағанға көнбес» деген мақалы да еркін өмір сүретін қасқыр болмысын көрсетеді.

XIX ғасырдың басты ақыны, айтыс шебері Сүйінбай Аронұлы да өлеңіне көк бөрілік танымды негіз еткен. «Бөрілі байрақ» өлеңінде:

Бөрлі байрақ астында –
Бөгеліп көрген жан емен!
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен!
Бөрлі найза ұстаса,
Түйремей кетке жан емен!
Бөрілі байрақ құласа,
Күремей кекен жан емен!
Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсе,
Қозып кетер, қайдағым, – [7, 24]. Бөрілі байрақ халқымыздың ерлігінің, еркіндігінің көрінісі болып, намысының, абыройының биік болуының белгісі ретінде көрінеді.

«Қасқыр – символикалық мәні зор, халық тынысын кең танытатын, фольклорлық туындылардың барлық жанрларында мейлінше жиі өрнектелген бейнелердің бірі» [8]. Осы негізден қасқыр бейнесі халқымыздың дүниетанымында тотемдік, магиялық сипатқа ие болған. Халқымыздың көшпенді өмір салтында «жылқы», «қасқыр», «дала» түсініктері айрықшаланған. Бір жерге тұрақтап қалмай, жыл он екі ай көшіп-қону кезінде жылқы ер серігі болса, дала қазақтың шаңырағы саналған. Қасқыр болса кең даланы еркін көсіліп жүрудің символы болған. Тіптен қасқыр атауы табу саналып, тікелей айтуға тыйым салынған. Тіліміздегі «қасқыр» жүрек атауы жануардың ештеңеден қаймықпайтын бейнесін көрсетеді. Сондай-ақ, батырлығымен, батылдығымен көзге түскен жігіттерді мақтап, мадақтау кезінде көкжал, бөрі деген атау да қолданылады. Халық арасында өз тірлігіне пысық жандарды жағымды мағынада «қасқыр адам» деп те аталып жүр.

«Қасқыр да қастық қылмас жолдасына» деген тіркес қасқырдың отбасына, досына адал болуынан қалыптасқан. Жануардың тектілігі бөлек әңгіме. Қандай да бір ауыл жанына апанын салса, сол ауылдың малына тиіспейді. Апанына келген адамдарға қарсы шаппайды екен. Бұл әрекетін аңшылар пайдаланып, күшіктерін алып кетіп, ішіндегі сырттанының тілерсегін кесіп кетеді. Дегенмен қасқырдың жануар ретіндегі жағымды қасиеттерімен қатар жағымсыз сипаттары да кездеседі. Айлакер, кекшіл аң ретінде қасқыр өз күшіктеріне тиіскен аңшылардың ауылына тиісіп, мазасын алады. Сонымен қатар тілімізде «қой терісін жамылған қасқыр» тіркесі жағымсыз сипатта қолданылады. Адамның екіжүздігін, арам ниетін көрсетеді. Қасқыр жайлы қалыптасқан зооморфтық метафора қатыгездік, жауыздық, ашкөздік қасиеттері арқылы көрінеді.

«Көк бөрі» ұғымы арқылы халқымыздың рухани мәдениеті, фольклоры, этномәдени дүниетанымы нақтыла түседі. Тотемдік сенім негізінде көк бөріге табыну халқымыздың сенімін, дүниетанымын көрсетеді. Ертедегі түркілердің ататегі көк бөріден қалыптасқан деген түсінік адам мен киелі жануардың арасында тылсым байланысты анықтаудан көрінеді. Көк бөрі бейнесі арқылы ерлік, батырлық, батылдық, қайсарлық, адалдық қасиеттері, ұстанымдары айқындалады. Ата-бабамыздың тотемдік дәрежеге көтеруі бүгінгі таңда қоғамдық өзгерістермен трансформацияға түсіп отыр. Осылайша этномәдени дүниетанымдағы қасқыр бейнесі әр кезеңде батырлықтың, қайсарлықтың үлгісі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қыдырәлі, Д. К. Ашина (түрк-моңғол этностарын тарихи-этномәдени тұрғыдан зерттеудің кейбір аспектілері) [Мәтін] / Д. К. Қыдырәлі // Алтаистика, түркология, моңғолистика. – 2018. - № 1. – 36-48 беттер.
2. Ер Тарғын [Мәтін]: батырлар жыры. – Астана: Алматыкітап, 2007. – 104 бет
3. Жармұхамедов М. «Көненіңкөзі». – Алматы «Санат», 1996ж. – 54 бет
4. АСЫЛ МҰРА түркі антологиясы, ҚР Білім және ғылым министрлігі Түркі академиясы, Астана – 2012. КҮЛТЕГІН ескерткішінің мәтіні
5. Махамбет. Менің атым - Махамбет [Мәтін]: өлеңдер. – Астана: Жібек жолы, 2006. – 268 бет
6. Аронұлы С. Бөрілі байрақ ту етіп. [құраст. Р. Әбдіғұлов] – Алматы: Арда баспасы, 2015. – 400 бет
7. Кульбаева М. Махамбет шығармаларындағы көк бөрі бейнесі. [Электр. ресурс] http://www.rusnauka.com/35_OINBG_2012/Philologia/3_120444.doc.htm

МЕТАДАҒДЫЛАРЫ МЕН МЕТАҚҰЗЕТТІЛІКТЕР БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ОҚУ ЖОСПАРЛЫ РЕТІНДЕ

ӘОЖ 378.147

Халикова Б.Т.
БҚИТУ аға оқытушысы, магистр.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесінің айтарлықтай өзгеруі байқалады, бұл сыртқы және ішкі факторлардың әсерінен болады. Мамандарға қойылатын талаптар күрделене түседі, жұмысшылар өздерінің біліктілік деңгейін үнемі көтеріп отыруы керек, ал кейбір жағдайларда қосымша білім алуы керек. Мұның бәрі білім беру процесінің мақсаттары мен міндеттерін қайта қарау қажеттілігіне әкеледі.

"Білім туралы Заң" мектеп оқушыларға қажетті білім, білік пен дағдыларды алуға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар олардың білім беру процесінің шеңберімен шектелмейтін тәуелсіз шешім қабылдау, таңдау, ұтқырлық және тиімділік үшін өз өмір жолын таңдау және жауапкершілікті өз мойнына алуға дайын болу қажеттілігін қалыптастыруы керек екенін көрсетеді. "Білім туралы заңда" оқушылардың академиялық ұтқырлығы, оның ішінде оқытудың желілік нысаны, яғни бірнеше мекемелердің материалдық базасын пайдалана

отырып оқыту түрінде жүзеге асырылатын мүмкіндік қамтамасыз етілуі тиіс екендігі атап өтілді [1].

Негізгі жалпы білім берудің мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес оқытудың жеке, пәндік және мета-пәндік нәтижелері қамтамасыз етілуі керек. Соңғысына игерілген пәнаралық ұғымдар жатады;

білім беру қызметін жоспарлау мен жүзеге асырудың дербестігі, яғни оқу іс-әрекетінің мақсаттарын өз бетінше қоя білу, оларға қол жеткізу жолдарын жоспарлау, бақылау, өзін-өзі бақылау, түзету, оқу міндетін орындаудың дұрыстығын бағалау;

өзіндік білім беру траекториясын қалыптастыру және ұғымдарды анықтау, жалпылау құру, жіктеу, логикалық пайымдау құру, қорытынды жасау, білім беру мәселелерін шешу үшін белгілерді, белгілерді, схемалар мен модельдерді құру, қолдану және түрлендіру және т.б. сияқты қалыптасқан әмбебап оқу әрекеттері [2].

Жоғарыда аталған оқу нәтижелерін қамтамасыз ету үшін тиісті дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру қажет. Мета-пәндік дағдыларға адам өмірінің барлық салаларында әмбебап болып табылатын жалпы білім беру дағдылары мен дағдылары кіруі керек, бұл оларға "үйренуге" мүмкіндік береді.

Метадағдылар-жалпы білім беретін, пәнаралық (пәннен тыс) танымдық дағдылар:

- теориялық ойлау;
- ақпаратты өңдеу дағдылары;
- сыни тұрғыдан ойлау;
- шығармашылық ойлау;
- реттеуші дағдылар (сұрақтар қою, гипотезаларды тұжырымдау, мақсаттарды анықтау, жоспарлау);
- ойлау қасиеттері.

Метадағдылардың әмбебаптығы оқушыларға барлық пәндерде жатқан, бірақ сонымен бірге кез-келген пәнмен жеке жұмыс жасағанда көбейтілетін жалпы техниканы, схемаларды, ойлау жұмысының үлгілерін үйретуден тұрады.

Метадағдыларға өз бетінше шешім қабылдау қабілеті кіруі керек. Ол үшін білім алушы өз қызметін жоспарлай білуі, себеп-салдарлық байланыстарды түсінуі, оқиғалардың реттілігін болжай білуі тиіс. Айта кету керек, бұл дағдылар тек білім беру процесінде ғана емес, жалпы өмірде де қажет. Өкінішке орай, көптеген заманауи мамандар өздерінің өмірлік мақсаттарын анықтай алмайды, өздерінің кәсіби қабілеттері мен даму бағыттарын барабар бағаламайды, бұл қызметкердің өзіне де, оның атқаратын жұмысының сапасына да теріс әсер етеді.

Екінші метадағды ретінде топта тиімді әрекет ету қабілетін ажыратуға болады, яғни өз әрекеттерін басқалардың әрекеттерімен байланыстыру, ұжымда әртүрлі функцияларды орындау және нәтижеге жету үшін тиімді өзара әрекеттесуді орнату. Бұл ретте білім алушы әртүрлі топтарда тиімді қарым-қатынас құра білуі, сол немесе өзге ұжымның ерекшелігін түсіне білуі, топтық мәселені шешуде өз мүмкіндіктерін түсінуі тиіс екенін атап өтеміз. Сонымен қатар, ол ұжымның идея генераторы және олардың орындаушысы ретіндегі құндылығын түсініп, басқа адамның пікірін құрметтеуі керек. Топтағы кез – келген бірлескен жұмыс-бұл ұжымдық үлестірілген іс-әрекеттің ерекше оқу жағдайы, бірақ әдеттегі бірлескен ойын-сауық емес [4, 24].

Метадағдыларының тағы бір тобы студенттердің компьютерлік сауаттылығымен байланысты. Бұл қазіргі кезеңде ақпарат ағыны едәуір кеңейгендіктен, студенттер бірнеше секунд ішінде қажетті материалды таба алады, бірақ сонымен бірге ақпаратты таңдауда, оны сыни тұрғыдан түсінуде және дереккөз мәтінімен жұмыс істеудің герменевтикалық әдістерін қолдануда қиындықтар туындайды.

Сондықтан, белгілі бір мәтінді талдауға авторлық тұрғыдан қарау үшін студент тек сөзбе-сөз көбейту ғана емес, сонымен қатар хабардар болу қабілетіне ие болуы керек. Осыған байланысты, автор бастапқыда мәтінге және оның жасаушысынан бөлек мәтіннің бар екендігін түсіну қабілетін түсіндіруде белгілі бір қиындықтар туындайды, бірақ білім беру процесінде мұндай терең бөлік қажет емес, оқушы алған ақпаратты қабылдауға және түсінуге қабілетті болады. Мұғалімнен жеке нәтижелерді қалыптастыру ерекше дағдыларды талап

етеді. Біз олардың бүкіл білім беру процесінде қалыптасатындарын атап өтеміз: сабақта да, сабақтан тыс уақытта да. Білім алушының жауапкершілігі мен шешім қабылдау қабілетін, басқа адамның көзқарасын түсіну және құрметтеу қабілетін қалыптастыру және дамыту – бүкіл оқыту мен тәрбиелеу процесінің маңызды нәтижелері.

Сонымен қатар, оқушылардың эстетикалық қажеттіліктерін, салауатты өмір салтын, жоғары құндылықтарды және т.б. дамыту көзделеді.

Айта кету керек, көптеген жеке нәтижелер мета-пәндік нәтижелермен тығыз байланысты. Қарсыластың көзқарасын түсінуге келгенде диалогқа кіру үшін сіз оны естуіңіз керек, бұл мета-пәндік нәтиже.

Метақұзіреттіліктер деп субъектінің көптеген қызметтерінің құзыреттілік құрылымына кіретін құзыреттер түсініледі. Бұл ретте метақұзіреттіліктер субъектінің жетекші қызметіндегі құзыреттілік ретінде айқындалады; метақұзіреттіліктің болуы басқа құзыреттіліктерге қойылатын талаптарды алып тастайды немесе төмендетеді.

А.А.Реданова атап өткендей, метақұзіреттіліктер мен метадағдыларын зерттеу кезінде олардың мақсатты дамуы мен диагностикасында проблемалар туындайды, соның ішінде арнайы жаттығулардың жеткіліксіз немесе мүлдем болмауына байланысты. А.А.Антонов, А.А.Дроздов, Н.Е.Кузьменко, Е.Ю.Петрова, Л.В.Шкерина, Ф.А.Григорьева, Ф.Ракуньо, А.В.Хуторская сияқты әртүрлі мұғалімдер ұсынатын әдістер оқу процесін күрделі қайта құруды қажет етеді немесе тек нақты пәндерде қолданылады. Сонымен, А.В.Хуторская оқу процесіне арнайы мета пәндерді енгізуді ұсынады: "Проблема", "Білім", "Мәдениет" және т.б. [4, 166], бұл өте қиын, сонымен бірге студенттерде метадағдылары мен метақұзіреттіліктерді диагностикалау және қалыптастыру үшін мұғалімде осы құзыреттер мен дағдылардың болуын талап етеді. Осыған байланысты мұғалімдерді мета-пәндік тәсіл аясында жұмыс істеуге үйрету қажеттілігі туындайды, оның нәтижесі мұғалімнің біліктілігін арттыру ғана емес, оның оқу процесін қайта құру болуы керек. Жоғарыда айтылғандай, қазіргі кезеңде метақұзіреттіліктер мен метадағдыларын қалай бағалауға және дамытуға болатындығы туралы бірыңғай түсінік жоқ, сондықтан білім беру процесінде мета-пәндік тәсілдің "дұрыс" құрылуы туралы біркелкі түсінік жоқ.

А.В.Карпов метақұзіреттіліктер мен метадағдыларын дамыту процесінде рефлексияға шешуші рөл беріледі деп санайды [3, 87]. Зерттеушінің пікірінше, рефлексия субъектіге белгілі бір жағдайда "жоғарыда" позицияға түсуге, сыртқы жағынан қарауға, жалпы мәтінде не болып жатқанын байланыстыруға және соның салдарынан проблемалық жағдайды нәтижелі шешуге мүмкіндік береді.

Осылайша, метақұзіреттіліктерді дамытудың мәні мен маңызды критерийі рефлексия категориясының ұсынылуымен байланысты. Рефлексия-бұл адамға ғана тән ерекше қасиет, бір нәрсені білу күйі және өз мазмұнының психикасын бейнелеу процесі. Рефлексияны қолдана отырып, зерттеуші метақұзіреттіліктердің дамуын бағалау критерийлерін анықтады, олар рефлексияның келесі сараланған категориялары болып табылады, олардың болуы метақұзіреттіліктердің динамикасын қамтамасыз етеді:

- ретроградтық рефлексия
- кооперативті рефлексия
- коммуникативті рефлексия
- перспективалық рефлексия
- ситуациялық рефлексия
- интеллектуалды рефлексия [3, 132].

А.В.Карповтың пікірінше, жоғарыда аталған барлық критерийлер өнімді қызметті қамтамасыз ететін метақұзіреттіліктерді жүзеге асыру үшін маңызды.

Бірақ оқыту әдісінің тиімділігі жоғарыда аталған критерийлерге байланысты санаттардың максималды мазмұнына байланысты екенін ескеру маңызды. Өйткені рефлексияның әрбір түрі басқалармен қандай да бір түрде өзара әрекеттеседі және рефлексияның басқа түрінің дамуына ықпал етеді. Қазіргі мұғалім қолданыстағы іс-әрекет тәсілінен бас тарта отырып, білім берудің мета-пәндік тәсіліне назар аударуы керек; ол тек білім алушыларда ғана емес, сонымен қатар өздерінде де метанәктер мен метақұзіреттіліктерді

дамытуы керек. Бұл мета-пәндік тәсіл аясында мұғалім мен оқушы үнемі шығармашылық ізденісте болатын білім беру іс-әрекетінің субъектілері ретінде әрекет ететіндігіне байланысты. Мета-пәндік тәсілмен белгілі бір технологияны таңдау және оны ұстану мүмкін емес, мұғалімнің білім алушылармен қарым-қатынасында өзін-өзі дамыту мен өзара дамудың тұрақты процесі қажет.

А.А.Реданова оқушылардың метақұзіреттіліктерін дамыту үшін әртүрлі жаттығуларды қолдануды ұсынады. Атап айтқанда, жаттығулардың жеке тобы мәтінді модельдеу жаттығуларынан тұрады. Мәтін моделі бойынша зерттеуші мәтіннен басқа нәрсені, ондағы ақпаратты ұсынуды түсінеді. Бұл жағдайда модель бізге қажет нақты мәтіннің қасиеттеріне ғана ие болады. Әдетте бұл негізгі ұғымдар, күндер, оқиғалар.

Модель әр түрлі формада болуы мүмкін: кесте, диаграмма, карта, график. Пішін мәтіндегі ақпаратқа, сондай-ақ тапсырманың өзіне байланысты. Сонымен, кез-келген елді география бойынша зерттеу кезінде ол туралы ақпаратты қамтитын кесте құрылады. Тарихтағы шайқастың барысын сипаттаған кезде оның негізгі сәттерін сызбалық түрде көрсететін картаны көру қызықты болады. Бірақ оқу процесі үшін графикалық модельдер ерекше рөл атқарады, онда графиктің шыңдары негізгі ұғымдарды, ал доғалар олардың арасындағы байланыстарды көрсетеді. Олар салыстырмалы түрде шағын кеңістікте мәтіннің "қаңқасын" көруге мүмкіндік береді [5, 194].

Зерттеуші студенттердің метақұзіреттілігі мен метадағдыларын дамытуға арналған басқа жаттығуларды ұсынады. Оның пікірінше, білім беру процесін толығымен өзгертудің қажеті жоқ, мета-пәндік тәсілдің арнайы технологияларын енгізу жеткілікті. Е.Алюкова оқу процесін ұйымдастыру жолдары оқушылар алдында туындайтын міндеттерді шешу тәсілін дербес (негізінен) іздеуге бағытталғанын көрсетеді. Бұл дегеніміз, негізгі әдістемелік құрал танымдық мәселені шешу әдісін көрсетуді тоқтатады. Өйткені, мұғалім қажетті әдісті көрсеткеннен кейін оқушылар оның "Мен сияқты жаса" деген нұсқауларын орындауы керек [4, 28].

Қазіргі кезеңде нақты оқу пәндерінің мысалдарында Мета-пәндік тәсілді қолдану мүмкіндіктері қарастырылатын жұмыстардың едәуір саны бар екенін ескеріңіз. Әрине, бұл әзірлемелер зерттеу өрісін байытады, метадағдылар мен метақұзіреттіліктердің дамуы туралы әмбебап идеяларды құру үшін негіз қалыптастырады. Сонымен қатар, бұл мәселеде бірыңғай тәсіл немесе технология құру туралы әлі айтудың қажеті жоқ.

Демек, білім алушылардың метақұзіреттіліктері мен метадағдыларын дамыту олардың табысты білім беру және болашақ кәсіби қызметінің қажетті шарты болып табылады деп айтуға болады. Бірақ бұл процесс диагностиканың бірыңғай критерийлерінің болмауына және метақұзіреттіліктер мен метадағдыларын дамытуға, мұғалімдердің бір бөлігінің өзінің педагогикалық процесін қайта құруға дайын болмауына, мета-пәндік тәсіл шеңберінде өзінің тиімділігін көрсететін технологиялардың жеткіліксіз дамуына байланысты қиынға соғады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы осы мәселелерді тереңірек пысықтау қажеттілігін көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы (өзгертулер мен толықтырулармен 01.01.2024)
2. Карпов А.В., Скитяева И.М. Психология рефлексии. – М.: ИП РАН, 2002. – 244 с.
3. Метапредметный подход в обучении школьников: Методические рекомендации для педагогов общеобразовательных школ / Авт.-сост. С.В. Галян – Сургут: РИО СурГПУ, 2014. – 190 с.
4. Реданова А.А. Формирование метапредметных умений и навыков: типология задач // Преподаватель XXI век. 2018. № 1. – С. 189-197
5. Хуторской А.В. Работа с метапредмет-ным компонентом нового образовательного стандарта. Практический аспект // Народное образование. 2013. № 4. – С. 157-170.

ЖАСӨСПІРІМ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСТАНУДА АРТ-ТЕРАПИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

ӘОЖ **37.013.42**

Аманқұлова А.С.
БҚИТУ «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының магистранты.

Педагогикада гуманитарлық технологияларды зерттеудің қажеттілігі қазіргі қоғамдағы жағымсыз құбылыстардың өсуімен, әлеуметтенудегі әртүрлі әлеуметтік категориялардың субъектілеріне оң – бейімделу, профилактикалық, түзету – әсер етудің өткір қажеттілігімен байланысты. Балалармен әлеуметтік-педагогикалық қызметте гуманитарлық-эстетикалық тәжірибелерді дамыту әлеуметтік-мәдени процестердің жағымсыз факторларын күшейту жағдайларына жауап береді, онда адамның әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды игеруі барған сайын қиындай түседі, бұл оның әлеуметтенуіне және бейімделуіне әкеледі.

Психологтың, әлеуметтік-педагогикалық қызметтері субъектіге, әлеуметтік топқа жағымсыз жағдайларға, оқудағы, тәрбиедегі, қарым-қатынастағы қиындықтарға, балалардың бейімделуіне байланысты мәселелерді шешуге көмектесуге бағытталған. Әлеуметтік педагог, психолог көмекке мұқтаж балалармен жұмыс істеудің тиімді технологияларын қолдануға құзыретті болуы тиіс. Әлеуметтік педагогтарды, психологтарды даярлаудағы негізгі құзыреттердің бірі-білімді қажет ететін кәсіби міндеттерді шешуде әртүрлі қызмет түрлерін ұйымдастыруға дайын болу, қазіргі заманғы технологияларды, оның ішінде гуманитарлық-эстетикалық технологияларды қолдану дағдылары мен тәжірибесі. Бұл көркемдік-эстетикалық тұлғаның ішкі әлемімен байланыста болғандықтан, оның психоэмоционалды жүйесіне енеді, сананың құндылық-семантикалық деңгейлеріне, терең өмірлік тәжірибелерге әсер етеді, рухани тәжірибені қалыптастырады. Өнердің мақсатты әсері психикалық жағдайды жақсартуда, танымдық, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамытуда, жеке тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруында көрінеді. Бұл әсер әсіресе балалық шақта пайдалы [1, 25].

Балалармен әлеуметтік-педагогикалық қызметте арт – терапия мәселесін (сөзбе-сөз-өнермен, шығармашылықпен емдеу; бұл термин А.Хиллді медициналық практикада қолданды) зерттеу оның ішкі әлемін үйлестіруде және рухани-адамгершілік бағдарларды алуда көрінетін тұлғаның дамуы мен қалыптасуына өнердің күшті оң әсерін түсінумен негізделген. Арт-терапияның негізгі мақсаты-өнер мен шығармашылық арқылы адамға жағымды әсер ету, оның рухани денсаулығын дамыту. Арт-терапияның жеке тұлғаның маңызды күштерін жандандыруда психологиялық-профилактикалық, дамытушылық және әлеуметтендіру бағыты бар екендігі жалпыға ортақ, соның арқасында арт-терапия әртүрлі салаларда қолданылады және балалармен жұмыс жасауда әлеуметтік-педагогикалық профильдің тиімді технологиясына айналуы мүмкін.

Теориялық талдау көрсеткендей, арт-терапия әртүрлі қолдану салаларында, соның ішінде клиникалық және әлеуметтік (А.И.Копытин, А.В. Криницына, Л.Д.Лебедева) эмоционалды әсер ету үшін көп қырлы және терең құбылыс ретінде зерттеледі. Арт-терапевтік бағыт практикалық психологияда, білім беруде және әлеуметтік жұмыста дамиды. Арт-терапия емдеу-оңалту, педагогикалық және әлеуметтік-педагогикалық қызметте қолданылады: психотерапиядағы көмекші әдіс ретінде (психодрама, көркемдік-шығармашылық қызмет, библиотерапия), емдік және арнайы педагогикада (ертегі терапиясы, ойын терапиясы, түс терапиясы және т. б.), өнер педагогикасы мен қосымша білім берудегі, гуманитарлық-эстетикалық тәрбиедегі Денсаулық сақтау бағыты ретінде. Арт-терапияны дамытудың қазіргі кезеңінің ерекшелігі оның психологиямен, әлеуметтанумен, мәдениеттанумен пәнаралық байланысын күшейту болып табылады [2, 30].

Жалпы мағынада арт-терапия оны қолдану саласына байланысты қарастырылады:

- психотерапиялық практиканың бір түрі ретінде;
- арт-терапиялық әдістердің жиынтығы;
- педагогикалық әдіс;

-балалармен әлеуметтік жұмыста және әлеуметтік-педагогикалық қызметте қалыптасатын технология, техника.

Шетелдік дәстүрде, еуропалық және американдық (Британдық арт-терапевттер қауымдастығы, американдық арт-терапевтік қауымдастық), арт-терапия психотерапиялық қатынастар контекстінде бейнелеу өнері мен бейнелеу өнері шекараларында тәжірибені білдіреді (сурет, кескіндеме, графика, мүсін және т. б; Н. Гелинг, Э. Бушон, С. Дженнингс, Г. Шоттенлер).

Қазақстанда қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-педагогикалық қызметте арт-терапия тар мағынада түсініледі-балалардың бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы шығармашылық (изотерапия) сабақтары кезінде психоэмоционалды жағдайға әсері. Графикалық тесттер мен сурет терапиясы айтарлықтай шектеулі, негізінен визуалды бейнені, вербалды емес қарым-қатынасты құру және түсіндіру құралы бола отырып, баламен жұмыс істеудің диагностикалық кезеңінде материалды жинауға және талдауға бағытталған.

Музыка терапиясы (аудиалды бейнелер) іс жүзінде әлеуметтік-педагогикалық қызметке енгізілмеген; көркемдік педагогика мен гуманитарлық-эстетикалық білім берудің заманауи тәсілдері қолданылмайды, осы салада педагогикалық интерактивті технология ретінде арт-терапия мүмкіндіктері іске асырылмайды. Сонымен қатар, бұл психоэмоционалды шиеленісті жеңілдетуде, әлеуметтену проблемалары бар балалардың коммуникативті, танымдық, рефлексивті және басқа да өмірлік дағдыларын дамытуда өнермен диалогтық өзара әрекеттесудің ерекше маңызы бар екені анық. Яғни, әлеуметтік-педагогикалық салада арт-терапия әдістемесінің белгісіздігі, заманауи ғылыми негізделген тұжырымдаманың болмауы, технологиялық аспектілер мен сапалы инновациялық әдістерді пысықтау жағдайында жүйелік емес сипатта болады.

Әлеуметтік жұмыс шеңберінде әлеуметтік-педагогикалық қызметке қатысты арт-терапия ұғымы, керісінше, өнер және көркемдік қызмет арқылы адамдарды оңалту әдістері мен технологиялары ретінде кеңінен түсіндіріледі: музыка, кескіндеме, әдебиет, театр. Мұнда әлеуметтік мұғалімнің қызметінен тыс шығу "оңалту" ұғымының күрделілігімен және оның медициналық аспектісімен байланысты. [3, 44]

Осылайша, біз арт-терапияның тұжырымдамалық аппаратын, оның мәнін, әлеуметтік-педагогикалық қызметтегі функциялары мен мазмұнын нақтылау, әлеуметтік педагогикалық сала үшін тиімді тәжірибелердің түрлерін бөліп көрсету, оларды әлеуметтік ортаға сәтті енгізу үшін балалармен профилактикалық, түзету, бейімдеу жұмыстарында қолданудың мүмкіндіктері мен орындылығын зерттеу қажеттілігін анықтадық. Арт-терапия теориясы мен әдістемесі әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралардың сапасын арттыру үшін педагогикалық саладағы заманауи тәсілдерге сәйкес назар аударуға және жаңартуға лайық.

Ғылыми жұмыстар мен бағдарламаларды талдау педагогика мен өнер педагогикасында арт-терапевтік әдістер мен тәжірибелер педагогикалық міндеттерді шешетінін көрсетті; қосымша білім беру мен әлеуметтік жұмыстың түзету және дамыту бағдарламаларында мұндай тәжірибелер негізінен мектеп жасына дейінгі балалармен арт-терапевтік әдістер Н. О.Сучкова жұмыста қолданылады. Әлеуметтік жұмыс жүйесінің орталықтары негізінде педагогикалық арт-терапия бағдарламалары жасөспірім балаларға арналған ("арт-гармония", Т.Ю.Киселев) және жасөспірім балаларға арналған (7-15 жас аралығындағы ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған арт-терапия бағдарламасы, О.В. Русакова). Бұл бағдарламалар әр түрлі санаттағы балалардың арт-терапиясының әлеуметтік-педагогикалық әлеуетін ашуға бағытталған, осы бағытта оң жұмыс тәжірибесі бар, оны зерттеу және жалпылау қажет. Жоғары сынып оқушылары үшін осы бағыттағы интегративті бағдарламалар мен курстардың болмауы анықталды.

Педагогикалық және әлеуметтік арт-терапия саласында бытыраңқылық пен жүйесіздік бар; негізінен оның әмбебап әлеуеті сұранысқа ие. Арт-терапия практикасы әлеуметтік педагогикалық мақсаттар мен міндеттердің ерекшеліктерін, қызмет бағыттарын ескерусіз қолданылады. Жеке зерттеулер арт-терапияның практикасы мен психологиялық механизмдерінің түрлерін, олардың ерекшеліктерін, функцияларын, технологиялары мен

нәтижелерін бағалау әдістерін сараламай, әлеуметтік-педагогикалық қызметте өнер құралдарының жеке тұлғаға әсер ету мәселесіне қатысты.

Бұл ретте зерттеушілер мен педагогтар балалармен арт-терапевтік сабақтардың жаңашылдығы мен әлеуетін атап өтеді. Өнерді терапевтік фактор ретінде пайдалану әлеуметтік тәрбиеші үшін қол жетімді. Бұл үшін мамандарды кәсіптік оқытуда қалыптасқан білім, дағдылар қажет екені анық [4, 15].

Ресейлік ғалымдар жасөспірім балалардың әлеуметтенуінің жас ерекшеліктерін зерттеу (Л.И.Божович, Н.Ф.Голованова, В.Г.Закирова, А.В.Мудрик, Н.Д.Никандров), жеке тұлғаның дамуымен байланысты өнер мен көркемдік коммуникацияны қабылдау ерекшеліктерін психологиялық-педагогикалық зерттеу (Л.С. Выготский, А.А.Мелик-Пашаев, Н.Г.Тагильцева, Е.М.Торшилова), арт-терапияны психологиялық-педагогикалық технология ретінде зерттеудің теориялық және практикалық аспектілері (Т.Д.Зинкевич-Евстигнеева, О.А. Карабанова, А.И.Копытин), білім берудегі және әлеуметтік жұмыстағы арт-терапияның педагогикалық негіздері (Л.Д.Лебедева), өнер педагогикасындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың арт-терапиясындағы заманауи тәсілдер (Т. Ю. Киселева, А. В. Криницына), балалармен әлеуметтік жұмыстағы арт-терапевтік әдістердегі әдістемелік тәсілдер (Г.Н. Евтушенко, Е. А. Белова) [6, 21].

Әлемдік педагогикалық ғылым контекстінде Вальдорф-Штайнер педагогикасындағы өнер синтезіне негізделген арт –терапия идеяларының заманауи интерпретациялары, драма, қозғалыс өнері-эвритмия (Р.Штайнер), К. Орфтың "Шульверк" балаларды музыкалық тәрбиелеу жүйесі қызығушылық тудырады, мұнда музыка қозғалыс, ән айту, аспаптарда ойнау және импровизацияны байланыстырады.

Арт-терапия тұжырымдамасының негізділігі әлеуметтік педагогика мен әлеуметтік жұмыс теориясының негізгі қағидалары мен қағидаттарына сәйкес келетін Пәнаралық ғылыми-әдістемелік тәсілдерді енгізуді, әлеуметтік топтардың балаларының өнерімен өзара іс-қимылының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін ашу негізінде ерекшеліктерін, функцияларын бөліп көрсете отырып, оның құрылымы мен мазмұнын нақтылай отырып, арт-терапияның әлеуметтік-педагогикалық моделін құруды қамтамасыз етеді әр түрлі жастағы.

Балалармен әлеуметтік-педагогикалық қызметтің практикалық міндеттерін шешуде зерттеу нәтижелерін пайдалану мүмкіндіктері арт-терапияны әлеуметтік педагогтар мен басқа мамандардың жұмыс жүйесіне инновациялық мәдени технология ретінде түсіну және енгізу болып табылады (арт-терапия әдіснамасына мәдени көзқарасты енгізу). Әлеуметтену проблемаларын-мәдени құндылықтар мен әлеуметтік рөлдерді игерудің күрделі процесін бастан өткерген балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетуде арт – терапияның технологиялылығын, трансляциялануын және тиімділігін арттыру – көп көркемдік және интегративті тәсілдерді, фасилитацияны, оқытудың және көркемдік коммуникацияның интерактивті әдістерін қамтамасыз етеді.

Арт – терапияның әртүрлі тәжірибелерінде, өнермен қарым – қатынастың оң педагогикалық тәжірибесінде мазмұнды өзара әрекеттесуіндегі әлеуметтік-педагогикалық қызмет технологияларын кеңейту субъектілерді тәрбиелеу процесінің сапасын арттырады.

Арт-терапияның балаларды өнер және көркемдік коммуникация құралдарымен әлеуметтендірудегі инновациялық технология ретіндегі перспективалары оның пәнаралық сипатына, ғылым мен практиканың біріктірілген салаларында жемісті идеялардың болуына, осы салада мазмұндалған өнер педагогикасының тәсілдері мен әдістеріне, гуманистік принциптер мен тәсілдерге сәйкес келетін гуманистік-эстетикалық білімге байланысты. Арт-терапияның әдіснамасы мен технологиясының ерекшеліктері теориялық білім мен практиканың пәнаралық саласы ретінде мәселені зерттеудің жаңа педагогика бұрышын енгізуге және оны әлеуметтік педагогикалық қызметтегі ресурстық сынуда шешудің оң тәжірибесін зерттеуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Евтушенко Г. Н., Белова Е. А. Роль арт-педагогики и арт-терапии в гармоничном развитии ребенка с проблемами// Интерактивная наука. – 2016. – № 2. – С. 85-88. – Режим доступа: http://cyberleninka.ru/article/n/rol-artpedagogiki-i-art-terapii-v-garmonichnom-razvitii-rebenka-s-problemami
(дата обращения: 12.01.17).
2. Забара Л.И., Якина Л.Н. Инновационные технологии в методике преподавания МХК // Педагогическое образование в России. – 2013. – № 5. – С. 20-24.
3. Копытин А. И. Арт-терапия в контексте культуры и технологии // Арт-терапия и творческое самовыражение в сохранении здоровья и развитии человеческого потенциала: тез.докл. Междунар. конф. по терапии искусством (Москва, 9-11 апр. 2010 г.). – М., 2011. – Режим доступа: http://rusata.ru/art-terapiya_v_proshlom_i_nastoyasc?view=52628201 (дата обращения: 27.01.17).
4. Клочкова Л. И. Реализация идей ресурсного подхода в развитии воспитания школьников: к вопросу о системе понятий // Современные проблемы науки и образования. – 2014. –№ 3. – Режим доступа: http://www.science-education.ru/ru/article/view?id=12821 (дата обращения: 17.12.16).
5. Лебедева Л. Д. Практика арт-терапии: подходы, диагностика, система занятий. – СПб. : Речь, 2003. – 256 с
6. Перевышина Н. Ю. Арт-технологии в музыкальном образовании детей с ограниченными возможностями здоровья. – Режим доступа: http://academicon.ru/publ/pedagogika_socialnaja/perevyshina_n_ju_art_tekhnologii_v_muzykalnom_obrazov

О.БӨКЕЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ РОМАНТИЗМНІҢ БЕЛГІЛЕРІ

ӘОЖ 82-3

Бақтыгерей А.Х.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, ҚТӘ ББ 1-курс магистранты

Қазақ әдебиетінде романтизмнің қалыптасуы кездейсоқ құбылыс емес. Ұлттық деңгейде романтизм әдісі XX ғасыр басындағы ағартушылық идеяларды жеткізіп, кемелдену, қоғамдық жетілу мәселелері қарастырылды. Қазақ жерінде романтизмнің орнығуы ұлттық және жеке тұлға санасының оянуымен, қазақ әдебиеті әлем әдебиетінің үрдісіне қосылуымен қалыптасты.

Қазақ әдебиетінде романтизм әдісін жаңа арнада қолданған қаламгердің бірі – Оралхан Бөкей. Жазушы қазақ әдебиетінің кербұғысы атануының бір себебі шығармаларындағы романтизм деп білеміз. Себебі, жазушы өмір сүрген заман кеңестік дәуірдің дәуірлеп тұрған кезең еді. Соған қарамастан, романтикалық сарындағы, жаңаша көзқарастағы туындыларды жазды.

Романтизм жайлы айтпас бұрын, алдымен қаламгер дүниетанымын қарастырып өтейік. Қаламгердің әлемге, қоғамға, адамға деген қарым-қатынасы, өмір мен табиғатқа деген көзқарастарының қалыптасуының нәтижесінде дүниетаным анықталады. Жазушының дүниетанымынан, адам мен қоғам жайындағы ойларын тебіренген мінезі, табиғат, өмір турасындағы пайымдаулары мен идеалдарынан қарастыру керек. Сонда, қаламгердің романтикалық дүниетанымына қандай факторлар әсер етуі мүмкін? Біріншіден, аталған кезеңде қалыптасқан тарихи-әлеуметтік жағдай мен әдеби дәстүр негізінде анықталады. Сол кезеңнің әлеуметтік-саяси жағдайына көңіл толмау, қоршаған ортаға сын көзбен қарау, субъективті әлемге көбірек ден қою жалпылай алғанда романтизмге тән. Романтик-жазушылардың тұтастай болмысқа наразы болуы жеке көңіл-күй мен сезімнің әсері емес.

Оның себебі қоғамның әлеуметтік жағдайларында жатыр. Сондықтан Оралхан Бөкей кеңестік заманның көлеңкелі тұстарын тереңнен танып білді. Кеңестік идеологияның үстемділігін жүргізген әдебиеттің соңында кетпей, шындықты жеткізуде түрлі амал-тәсілдерді пайдалануды жөн көреді. Өз кезеңінің тынысын тап басып, романтикалық сөз қуатымен кеңестік жүйенің тар темір қоршауынан шығуға мүмкіндік барын көреді. Жазушының шығармаларында халқымыздың басынан өткізген небір құқайларын, трагедияларын, қасіретті де келеңсіз тұстарын тоталитарлық жүйеде ретін таба, орайын келтіре айтып жеткізе алды. Ішкі наразылық кейде ашық, кейде астыртын ой негізінде символикалар негізінде жазушының шығармалары арқылы көрінді. Тымырсық қыспақтың рухы мықты адамды ұстап тұра алмайтынын сезіп, туындыларында еркін әрі тәуелсіз тақырыптарға қалам тартты. Романтикалық сарынның шығармаларда орын алуы да осыдан. Шығармашылық адамының еңбегі адами позициясын, азаматтық кейпін анықтап береді. Өмірді, қоғамды біртұтас құбылыс деп танып, ал адамды сол ұлы табиғаттың, жаратылыстың бөлшегі ретінде анықтайтын жазушы прозасынан дүниетанымының тереңдігін байқаймыз. Байқағанымыздай, адам мен табиғат байланысында табиғаттың идеалды дүние екенін, мәңгіліктің үйлесімділігі екенін жеткізеді. Жазушының пікірінше, табиғатсыз адамның күні қараң болатынын, тұл екенін айтады. Мұзтаудың айбынды асқар шыңы немесе Алтайдың ақ арайлы таңы жазушының жанының бір бүтін бөлшегіндей. Бұл арқылы автордың ешкімге ұқсамайтын қиял байлығынан көре аламыз. Пантеистік сенім деңгейінде, адам мен табиғаттың берік байланысын, бұзылмайтын бірлігін адам болмысының мәңгілік мәселелерін философиялық, романтикалық тұрғыдан қарастырады. «Катарсис» жазушы үшін табиғаттың көзі, рухани жаңару мен тазарудың таразысы ретінде анықталады. Кейіпкер мен табиғаттың тіршілігін сабақтастыра суреттейтін жазушы табиғатқа тебіренетінін, ол болмаса романтик болмайтынын жеткізеді. Алғашқы туындыларында әлеуметтік мәселелерге қарағанда, жеке сипат басым. Жазушының алғашында нәзік сезімге бой алдырғанын, мұңға бейімділігін көрсетсе керек. Кейін келе, қоғамдық мәселелерден алыс кетпей, өз көзқарастарын қалыптастырып, жазушылық қолтаңбасын қояды. Әрі алғашқы кездегі шығармалары қиын сюжеттен, сапырылысқан оқиғалардан тұрмайды. Оның орнына кейіпкерлерінің ішкі күйі, сезімі, жан сарайына мән беру басым екенін көреміз. Мәселен, жазушының «Мұзтау» шығармасын романтикалық сипат басым. Повестегі романтикалық контраст, автор мен кейіпкер образының бірігуі, бейнелеудегі шарттылық, автор баяндауындағы эмоционалдық реңк – романтикалық шығармаға тән сипаттар. Ақтанның «ертек адамның ең соңғысы болу», Асан шалдан кейін «ауылдың бар бері жақ ашпаған», туғалы сөйлегенін көрмеген шешесінің кенеттен сөйлеп кетуі – шығарманы шарттылық кемеріне әкеліп, кейіпкер сомдаудағы әсірелеу тәсілін аңғартады. Сондай-ақ, «Жасын» әңгімесі де қаламгердің романтикалық сипаттағы дүниетанымынан көрініс береді. Материалдық дүниеден гөрі рухани байлақты жоғары қоятын гуманистік идея талданады. Пайда табушылық ниеттен ада, адамгершілік мұрат, рухани өсу сынды мәселелерге бола аласұрады. Адам баласының тыныштығы арманы болуының өзі романтикалық қасиет деп анықталады. Сонымен бірге романтикалық пафостың кейіпкерлердің бойындағы ерекшеліктерін емес, баяндаудың стильдік өзгешелігінен байқалады. Романтикалық бояу, эмоционалдық леп бірден көрінеді. Бейбіт өміді аңсаған Қиялханның гуманистік мақсаты жазушының субъективті көзқарастаынан бастау алады. Мәселен, қаламгердің «Мен сені көп іздедім» деген 1970 жылы жарыққа шыққан мақаласында: «Мен аспанда, жайлы, жұмсақ орында ұшып келе жатып, сонау қияндағы вьетнамдық достардың халі не күйде екенін ойлаймын. Үндіқытай проблемасын осы жерде отырып, шешіп тастайтындай, анау Таяу Шығыстағы Израиль армиясын тұншықтыруға аттанып бара жатқандай жұлқынып, тісімді қайраймын. Өз дәуірімнің дүмпусіз, оқ-дәрінің қоңырсық иісінсіз өтуін тілеймін. Әкелер көрген күйді, әкелер тартқан азапты басқа бермеуін тілеймін» [1], - деген екен. Шығармадағы Қиялханға маза бермей, уайымға салғанда осы тектес ойлар. Ол былай көрінеді: «Ангола-Хиросимадағы мәңгі мүгедекке айналған адамдардың Америка Құрама Штаттары мен атом бомбасын қарғай зарлаған дауыстары кетпейді» [1, 34], - деп жазушының соғысты ұнатпайтынын, оны болдырмауды ойлайды. Басты кейіпкердің бүгінгі күні Прометейді іздеуі арқылы туындының романтикалық сарыны

көрінеді. Романтикалық дүниетанымды әңгіме еткенде міндетті түрде эстетикалық идеал тақырыбы көтеріледі. Қаламгердің дүниетанымында идеал маңызды саналады. Себебі, шығарманың көркемдік шешіміне тауып беруге көмектесіп, болмысқа берген бағасы негізінде анықталады. Қиял мен арман немесе идеалдан тұрады деп романтизмді анықтауға болмайды. Жазушының көркемдік әдісте болмаса бағытта туындысына арманын өзек еткенімен, туынды идеалсыз болмайды. Жазушы туындыларында да идеяға құштарлық негізгісі екенін, сюжет пен оқиғасының тек қана қаптама екенін көреміз. Адам жөніндегі концепциядан байқалатын идеал ұғымы кейіпкерлердің болмысынан көрінеді. Мәселен, Оралхан Бөкей кейіпкерлері рухани дүниесі биік, арманшыл, еңбекқор, еркін. Сондай-ақ, жазушы кейіпкерлеріне тән қасиет ретінде рухани максимализм анықталатынын көреміз. Барлығына да ортақ ой – рухани құндылық, адам жанының сан жұмбағы мен құпиясы, рух, адам өмірінің мағынасы, мәні. Сырттай қарағанда жұмбақ көрінетін жандардың бірнәрсе шарқ ұрып іздеуі оқырманға түсініксіз. Бұндай беймаза сезім әлемдік әдебиетте Байроннан да, Шекспирде де, Пушкин де, Лермонтовта да кездеседі. Сонда, кейіпкерлерінің беймазалығының себебі – олардың өмір сүрген замандарында. Тыныштық таппай, торығуы, трагедияға тап болуына кінәлі – дәуірі, қоғамы. Сонымен қатар, жазушы кейіпкерлеріндегі ең басты айырым жаңа нәрсеге, дүниеге, тазалыққа ұмтылып, армандар мен сезімдерге беріліп, табиғат сұлулығын өте жоғары деңгейде сезіну екенін көреміз. «Өліара» шығармасындағы жер шарын сондай қорғағысы келетін Қойшы, «Қайдасың, қасқа, құлыным» туындысындағы Орал, «Жасындағы» Қиялхан, «Қар қызында» Нұржан, «Мұзтаудағы» Ақтан образдары екенін байқаймыз. Өз кейіпкерлерін танытуда, суреттеуде идеал деңгейіне көтеріп, Ақбота – табиғат құпиясы мен адам күшінің бірігуі негізінде қанды шайқасқа жібермей ұстап тұрған, сақшы, жұмбақ қыз. Қоңқай – «әлемдегі мықты және қатыгез шал», Гүлия – «соңғы Жібек, ақырғы Баян, Ақжүніс», Асан шал және Ақтан – «ертек адамының соңы», Кербұғы – «он сегіз саладан оқыстан жаралар хайуанның соңы», Бура – «халықтың ең ақырғы түйесі» деген мінездемені жазушы астыртын жасырып қойғандай көрінеді. Бұдан түсінеріміз, жазушының әр қаһарманы – өзінше бір әлем. Шығармаларындағы басты конфликт сюжеттің тілінде емес, адам болмысындағы шешуін таппаған жайлары мен проблемаларын шешуге ұмтылған ішкі коллизиясында көрініс табады. Өз ортасына қарсы тұрып, күресіп жүрген бір кейіпкер бар. Бәлкім, ол елден екі баласын алып безінген Шал, бүтін бір ауылға жарты ес танылған Қиялхан, тау мен тасты мекен еткен «аң» атанған Ақтан сынды кейіпкер өз ортасына мүлде жат екенін көреміз. Романтизм эстетикасына адамгершілік бастаудың адамзаттың өмірдегі даму деңгейінің күшеюімен байланысты. Техниканың, табиғаттың дамуымен қатар, табиғатты бағындыруды көздейтін, тек қана байлық жиюмен өмір сүретін қоғамды қабылдай алмайды. Адамның рухани негізден өсуіне жағдай жасай алмайтын, өркениеттің жылтырақ сырт белгілерінің апарары рухани қайыршылық екенін жеткізеді. Оралхан Бөкей танымында дүние адамгершіліктен, рухани тұрғыдан дамығанда ғана өз өрісін табатынын айтады. Қоғам дамуы техникалық не ғылыми жетістіктерден емес, барлық адамның рухани дамуы негізінде анықталатынын пайымдайды. Бұл идея «Жетім бота» повесінде анық көрінеді. Жазушы ретінде Оралхан Бөкейдің шығармаларының мерзіміне қарай өскенін, қолтаңбалық өзгешілігі танылa бастайды. Бастапқы шығармаларында табиғаттың жанашыры ретінде көрінсе, кейіннен уақыттың қазысы ретінде бағалайтынын көреміз. Солай жазушының реализм бағытында да жаза бастағанын көруге болады. Осы орайда, З. Қабдолов пікіріне назар салсақ, яки зерттеуші пікірінше, екі әдістің тек біреуі ғана қаламгер шығармасында көрініс табатынын, екеуі бірдей қолданылмайтынын, не таза романтик, не таза реалист болу керек деген пікірдің шала екенін, қазақ жазушыларында екі әдіс араласа қолданылатынын айтады [2] [3].

Қорытындылайтын болсақ, қазақ әдебиетінде романтизм әдісінің дамуы О. Бөкейдің шығармашылығы негізінде даму арнасына түсіп, өз заманындағы оқиғаларды суреттеуде ұтымды қолдана білді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оралхан Бөкей. Шығармалары. Роман, повесттер.–Алматы: «Ел шежіре», – 2013. – 384 б.

2. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Санат, 2003. – 528 б.
3. Жанұзақова Қ. Оралхан Бөкеев прозасындағы романтизм. Филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты. Алматы, 1999. – 31 бет

ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТҰРМЫСТЫҚ ЛЕКСИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

ӘОЖ 81-11

Бимұханова Н.Қ.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті ҚТӘ ББ 1-курс магистранты.

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінде тұрмыстық лексика саласын зерттеу басты назарда. Лингвистикада адам өмірінде қолданыс табатын заттары мен бұйымдарын, үй шаруашылығында қолданылатын сөздер тұрмыстық лексика аталып, арнайы қарастырылады. Мәселен Ж. Манкеева зерттеулерінде тұрмыстық лексикамен ұлттық лексиканың байланысты екенін айтады [1, 10]. Сонымен бірге тұрмыстық лексиканың көркем шығармада молынан кездесетінін айтады. Түсіндірмелі сөздікте тұрмыстық сөздер жеке қарастырылып, күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздер деп анықталған [2, 334]. Ә. Хасенов зерттеулерінде күнделікті тұрмыс-тіршілікте жиі қолданылатын әрі тұрмыстық санада, әдет-ғұрып, дәстүріне қатысты сөздер деп анықтайды. Сонымен бірге тұрмыстық лексиканың халық өмірінің айнасы деп жеткізеді. Ғалым классификациясы былай көрінеді [3, 128]:

- Үй-баспанаға қатысты сөздер: кереге, уық, шаңырақ, жеркепе және т.б.;
- Құрал-сайман атаулары: қамшы, жүген, құрық және т.б.;
- Киім-кешек атаулары: бөрік, сәукеле, күпі, камзол және т.б.;
- Ыдыс-аяқ атаулары: қазан, тостаған, табақ және т.б.

А. Төлегенов тұрмыстық лексиканы былай жіктейді [4, 8]:

- Киім, мата және матадан жасалған материалдар: тон, ішік, бөрік, шапан, шыт, жібек, шұға, кебін және т.б.;
- Үй жиһаздары, тағам, ыдыс-аяқ атаулары: шатыр, шаңырақ, қазан, сандық, ошақ, құман, сорпа, ет, көже және т.б.;
- Мал атаулары: бура, нар, түйе, інген, айғыр, жылқы, тай, сиыр, бұзау, көрпеш, қозы, қой және т.б.

Е. Жанпейісов этностың өткені тұрмыстық лексикадан көрінетінін, өңірге тән табиғат құбылыстары, заттық мәдениет, рухани мәдениет лексикасының халық өмірімен байланысты екенін жеткізеді [4, 7]. А. Жолдасбек қазақ және орыс тілдеріндегі киім атауларын этномәдени тұрғыдан талдап, тұрмыстық лексикадағы киім атауларының маңыздылығын көрсетеді [5, 64]. Ж. Ибраимованың зерттеулерінде тұрмыстық лексика қатысымдық актіде, коммуникативтік тұрғыдан анықталады. Зерттеуші тұрмыстық лексиканың халықтың материалдық мәдениетінің деңгейін, сипатын, шаруашылығын, тұрғын үй мүліктерін, киім мен тұрмыс бұйымдарын көрсететін, қолөнер бұйымдарын бейнелейтін дексика ғылымының бір арнасы деп көрсетеді [6, 28]. Бұның негізінде қандай да болсын тұрмыстық сөздердің ұлттың ішкі ерекшеліктерін көрсетіп, ұжымдық санада сақталған тарихтың көрінісі екенін түсінеміз. Толығырақ айтатын болсақ, қоғам мүшелерінің сан мыңдаған жылдық тәжірибесінің, дүниетанымының айқын нәтижесі ретінде анықталады. Қорытындылайтын болсақ тұрмыстық лексика құрамында адамдардың күнделікті өмірінде қолданылатын қажетті заттар деп анықтаймыз. Тұрмыстық лексиканың тарихи кезеңдерге сай өзгерісі мынадан көрінеді [6, 59]:

- Қоғамдық және әлеуметтік жағдай;
- Тілдік тұлға танымы, сөйлеуі, ұлт танымының деңгейі.

Осылайша тұрмыстық лексиканың А. Бақтыгереевaның шығармашылығында қолданылуына талдау жасасақ.

«Қыздар жайлы хикаялар» өлеңінде:

Ол бұрын бәрімізден сөз алатын,
Бөз мата жамылғандай базар атын.
Менменшіл бұлақтаған өктем жігіт
Қайны боп қалғанына бозаратын [7, 278], - дегенде бөз мақтадан тоқылатын жұқа әрі арзан ақ мата. «Мергенге наз» өлеңінде:

Көкжалды атты сұр мерген, көкжалды атты,
Арқыраған азуды оқ жалматты.
Кең далада құйрығын бұлғаңдатқан
Қу түлкіден басқаға жол қалмапты [7, 286], - дегенде арқыраған сөзінің берер мағынасы жылқының кісінеуі деп келгенін көреміз әрі бұл жерде қолдануына қарағанда көкжал мен жылқыға тән мінезіне ортақ негіз ретінде қарастырғанын көреміз. «Ауылға бардық» деп басталатын өлеңінде ауылдағы тіршілікті сағынатынын, ауылға барып таза пейілден демалып қалғанын айтады:

Ауылға бардық,
Маңырап қозы,
Пішен мен тезек үйілген,
Қарапайымдау адамдары да
Жадағай, жалпы киінген.
Қаладан шаршап,
Тырысып барған мына біз
Тынығып қайттық,
Аңқылдақ, аппақ пейілден [7, 291], - дегенде жадағай сөзі әншейін, жай, қарапайым киінгенін білдіріп тұр.

Ұрыстым сені өзімше
Қай жақтан ғана тап болдың.
Жыртылып қалды көзімше
Үлбіреп жатқан ақ торғын [7, 300], - деп ақын өз өлеңінде матаның көнерген атауларын қолдануында өз есімінің де матаның атауынан болғандықтан әрі үлбіреп деп мінезін, қатты деп ақұштап матасын айтуында мінезді беруі жатыр ғой дейміз.

Сондай-ақ ақынның «Болашақ бойжеткендермен сырласу» өлеңінде:

Бізден басқа ырғақта ән айтасыңдар,
Басқаша әуен аспабын тартасыңдар.
Біздер тамақ пісірген қазандарды
Тамашалап музейден қайтасыңдар [7, 184], - деген өлеңінде халқымыздың тұрмысында үлкен мәнге қазан сөзі қолданыс тапқан. Ақынның жеткізуінше әр кезеңнің өзіне тән ерекшеліктері барын айтып, қазанның ұлт танымындағы маңызын көрсетеді. Жаугершілік заманда қазанды төңкеру ұрпақсыз қалған шаңырақтың жасайтын әдеті саналған. Жай күндері қазанды төңкеруге болмайды. Сонымен қатар береке, несібе саналатын тамақты жасайтын ыдыс болғандықтан төңкеруге рұқсат жоқ. Кезіндегі Исатай мен Махамбет көтерілісі де сары бала, қара қазан қамы үшін екені де қазан ұғымын кеңейте түседі.

Қорытындылайтын болсақ, тұрмыстық лексика қазақ халқының тұрмысында ғана емес, санасында үлкен мәнге ие сөздер тобы екенін анықтаймыз. А. Бақтыгереева шығармашылығында бөз, ақторғын, ақұштап сынды мата атауларын, жадағай киім, тезек пен пішен сөздері арқылы халық тіршілігін суреттейді. Осы арқылы тұрмыстық лексиканың халық танымында сақталған мәні мен мазмұнын анықтауда маңызы зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Манкеева, Ж.А. Этнос тілі табиғатының ерекшеліктері [Мәтін] / Ж.А. Манкеева // Тіл тарихы және оның табиғаты – Алматы: Ғылым, 1997. – 356 б.
2. Қалиев, Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі [Мәтін] / Ғ. Қалиев. – Алматы: Сөздік- словарь, 2005. – 440 б.
3. Хасенов, Ә. Тіл білімі [Мәтін] / Ә Хасенов. – Алматы: Санат, 1996. – 416 б.

4. Төлегенов, А. Түркістан уәлаяты газетінің лексикасы [Мәтін] / А. Төлегенов // Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. – Алматы: Ғылым, 1989. – 255 б.
5. Жолдасбек А.О. Компонентный анализ лексико-семантической групп «одежда»: Дис... канд. филол. наук. Алматы, 2000. – 153 с.
6. Ибраимова Ж.К. Тұрмыстық лексиканың коммуникативтік негіздері. [Мәтін] / Ж.Т. Ибраимова // Ғылым кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның автореферaты – Алматы: [ж. б.], 2008 – 126 б.
7. Бақтыгереева А. Гүлдесте. Ақын шығармашылығы жайлы ой-пікірлер, сұхбаттар, мақалалар, арнаулар / - Орал: Ағартушы, 2009. - 368 бет

АСҚАР АЛТАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПТАР

ӘОЖ 82-3

Әлімова Л.Қ.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, «Филология» ББ 1-курс магистранты.

Қазіргі қазақ прозасының дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген қаламгерлердің бірі – Асқар Алтай. Қаламгер шығармаларында қоғамдағы өзекті, күрмеуі шешілмеген мәселелер көтеріледі. Қазіргі кездегі бақытсыздықтың көбеюі, теріс әрекеттердің жастар арасына тез таралуына алаңдаушылық білдіреді. Мәселен «Түсік» әңгімесінде Биболдың түсікке айналып, әр адамның өз әрекетіне жауап беру керек екенін жеткізеді. «Казино» әңгімесінде қоғамның шынайы болмысы көрініп, құмар ойынға тәуелді болған жастардың бақытсыздығын баяндайды.

Қаламгер шығармашылығында «Киллер сауысқан» туындысының маңыздылығы жоғары. Қоғам жайлы, ондағы адамдардың ниетінің сауысқан тірлікке ауысқанын жеткізеді. Шығармада баяндалатын оқиға бір отбасында орын алған. Автор бір отбасының жеке мәселесі арқылы бүкіл халықтың мәселесін көтереді. Туындыда баяндалатын оқиға барлық қазақ отбасында болатынын жеткізеді. Қараш отбасында орын алған сұмдық оқиғаның өз себебі бар еді. Бұл қарттың аңды сауысқанмен аулап, тіршілік құруы еді. Әңгіме желісінен Қараштың бұл өнерді Косман деген жатжұрттықтан үйренгенін көреміз. Дегенмен Қарашқа сауысқанмен аң аулауды үйреткісі келмейтінін қазақ халқының тектілігімен, намысқойлығымен ерекшеленетінін, кесірі тиетінін ескерткен еді. Алайда Қараш қарт қарсылыққа қарамастан сауысқанмен аң аулап күнелтті. Бір күні отбасындағы орын алған жағдай барлығын өзгертті. Немересі көзсіз туылыпты. Қарт аңшылыққа шыққанда сауысқан көздеген жануардың көзін ойып, оңай жемтікке айналдыратын. Сол әрекетінің обалын тартқандай күй кешкен Қараш қарт өміріндегі болған оқиғаларды қорытындылап, ендігі сауысқанмен аңға шықпауға уәде етеді. Сауысқан тірлік кешіп, өмірдегі жаңалықтардан құр қалған қарт өмірінің бос өткеніне налиды. Дегенмен бәрі кеш.

Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде аң аулау бүркіт, қыран сияқты құстарды әбден баптап, обалынан қорқып себепсіз ысырапшылдық жасамаған. Қыран мен бүркітті дұрыс баптауға назар салған. Себебі дұрыс бапталмаса тіптен адамға шабуыл жасайтын болған.

«Құдай-ау, мұның немересі ғана қамаукөз емес, өзі де қамаукөз өмір сүріпті-ау! Қамаубас тірлік кешіп, жер бетінде адамнан өткен хикметші жоқ екенін дәлелдепті. Мынау дүниенің өзі қамаубас, көкірегі қамаукөз екен» [1, 156], - деп қарт Қараш өзінің жайын ойланады. Дегенмен шығарма соңында үміт оты оянады. Ота жасауға болатыны анықталып, жақсылықтан күдер үзбеу керек екенін көреміз. Солай шығарма ұрпақтар сабақтастығында халықтың салты, дәстүрі сол қалпында сақталып, айналаға зияны тимеуі керек екенін жеткізеді.

Қаламгер шығармашылығы жайлы Д. Исабеков жақсы пікірде. Автордың тілі бай, шығарма тілінің қазақ тіліне бай екеніне назар аударған [2]. Қаламгердің ең өзекті туындыларының бірі – «Кентавр». Туындының негізгі кейіпкері – Кентавр. Шығармада «құлын-сәби, құлын-бала, құлын-ұл, құнанжігіт, жылқы-жігіт, құнан-ұл» тіркестері

қолданылып, кентавр тұлғасында туылған баланың болмысын суреттейді. Шығармада тұрқы бөлек кентавр бейнесі арқылы мистикалық сипат көрініс тапса да, қоғамдағы жатсынған бейнелерге аллюзия тәсілі арқылы нұсқау береді.

Заманауи шығармаларда кездесетін прецедентті мәтіндерге сілтеме беру сюжет деңгейінде цитата, реминисценция, аллюзия формасында кездеседі. Постмодернистік әдебиеттің дамуы негізінде қазақ әдебиетінде интермәтінділік, оның ішінде аллюзия, реминисценция, цитата, симулякр түсініктері қалыптасты. Г. Сәулембек «аллюзия» ұғымын «тұспал» деп жеткізеді [3, 54]. Бұл арқылы қаламгердің шығармада тұспал мақсатында үзік-үзік тіркестермен кентавр баланың болмысын бейнелейді. Шығармадағы Кентавр бейнесі реминисценциялық образ ретінде саналады. Постмодернистік шығармаларда екі түрлі образ кездеседі: реминисценциялық және симулякр. Кентавр бейнесін талдай келе, реминсценциялық образға жататынын анықтаймыз. Ежелгі грек мифологиясында кентавр адам мен жылқының қосындысы деп суреттеледі. Дегенмен шығармада сондай жаратылыстың көшірмесі емес, қарапайым ата-анадан туылған бала бейнесінде көрінеді. Осы себептен де түпнұсқадан үлкен айырмашылығы болуымен реминисценциялық образ деп танылады.

Әлем әдебиетінде Ф. Кафканың «Құбылу» шығармасы постмодернистік бағытта жазылған маңызды шығармалардың бірі ретінде танылады. Шығармада қоңызға айналып, өз ортасынан, өз қоғамынан жерінген кейіпкердің ішкі әлемі суреттеледі. Өз ата-анасының қастандық жасап, өлтіруге тырысуы кейіпкердің жанына жара салады. Сол қоңыз қалпында қабылдамағандарын түсінбейді. Өз кезегінде қаламгер А. Алтай шығармасындағы Кентавр баланың болмысын ата-анасы қабылдағанмен, ортасы, туған-туыстары қабылдай алмайды. Өз қоғамынан жатсынған, шалғай өмір сүретін Кентавр үшін қалың орман атамекен сезіледі. Шығармадағы Кентавр трагедиясы жалғыз жеке басының ғана емес, бүкіл қоғамның трагедиясына айналады. Ешкімге жамандығы жоқ, тек сыртқы бейнесі ғана өзгелерден ерекше болғанынан өзінің туыс ағасының қолынан қаза табады. Қазақ қоғамының өзгерістерге, жаңашылдыққа дайын еместігін, әр адамды өз ерекшелігімен қабылдау керектігін шығарманың мазмұны мен мәнінен түсінеміз.

Тәуелсіздік тұсындағы әдеби туындылардан біз соңғы ширек ғасырдағы сөз өнеріміздің беталысын-бағытын, даму ерекшеліктерін ғана емес, сонымен бірге егемендік алғаннан кейінгі жылдардағы қазақ қоғамының өзіндік болмысын, қоғам мүшелерінің өзіне ғана тән ойлау жүйесін де тани аламыз. Проза жанры сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтардың ғана емес, ұлттық құндылықтар жүйесінің де бет-бейнесін дәл таныта алуымен де құнды. Осы негізден А. Алтай шығармаларындағы қоғам мәселелерін ұлттық деңгейде ғана емес, жалпыадамдық деңгейде суреттейді.

Қаламгер үшін қоғамдағы мәселелердің түпкі мәні адам жан дүниесінде екенін жеткізеді. Қазақ қоғамындағы мәселелердің жалпыадамдық мәселе екенін танытып, постмодернисттік бағытта жеткізеді. Жазушы кентавр образы арқылы ежелгі грек мифологиясының кейіпкерін сомдап қана қоймай, бүгінгі заманда қайта бейнелейді. Бұл жерден қаламгер кентавр образын реминисценциялық образда қолданып, жатсыну мәселесін көтереді.

Автор туындыларындағы назар аударатын құбылыс – мифтік желі. Адамзат пен табиғат арасындағы байланысты көрсетуде қаламгер мифтік сюжетті, мифтік образды қолданады. Кейбір зерттеушілердің пікірінше жазушының мифтік желіні қолдануы кеңестік кезең әдебиетінде астарлау әдісімен жүзеге асқан әдеби тәсіл екенін айтады. Әңгімедегі оқиғалар нарық заманындағы материалдық құндылықтардың алдыға шығып, руханияттың құлдырауы, адамгершілік, адалдық ұстанымдарының төмендеуі сынды оқиғаларды баяндайды. «Киллер сауысқан», «Кентавр», «Түсік», «Казино» әңгімелерінде автор адамгершілік қасиетті ұмытып, байлыққа кенелуді көздеген жандарды бейнелеп, қоғамдағы адамзаттық құндылықтардың, руханияттың төмендегенін көрсетеді. Бүгінгі нарықтық қоғамның басты мәселелерін бейнелеп, мифтік желі, реминисценция әдістерімен жеткізеді.

Қорытындылайтын болсақ қазіргі қазақ прозасында Асқар Алтай постмодернисттік бағыттың негізгі әдістерін қолднап, бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелерін жеткізеді. Қазақ

прозасының жаңа арнаға көтерілуіне, дамуына «Киллер сауысқан», «Кентавр» шығармаларымен өзіндік үлесін қосты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алтай А. Киллер сауысқан. Повестер мен әңгімелер. – Алматы: «Арда+7», 2013. – 400 бет
2. Рахимбаева Г.К., Ермекқызы А. Асқар Алтай прозасындағы заман шындығы. Scientific Collection «InterConf», (53): with the Proceedings of the 7th International Scientific and Practical Conference «International Forum: Problems and Scientific Solutions» (April 25-26, 2021). Melbourne, Australia: CSIRO Publishing House, 2021. 761 p.
3. Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм. Философия докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2017. – 136 бет
4. Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики. Исследования разных лет / М. М. Бахтин. – Москва: Худож.лит., 1975. – 504 с.

ЖАЛҒЫЗДЫҒЫ ЖАРАСҚАН ЖАЗУШЫ

ӘОЖ 82-31

Өмірбек Кенжеахметов,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, ҚТӘ 1-курс магистранты.

«Көңілінің кірі бар адамның қолына
қалам ұстатып, алдына ақ қағаз жаюға болмайды.
Өйткені, ол ақ қағаздың бетіне
көңілінің кірін төгеді, ол елге жұғады».
Р.ОТАРБАЕВ

Рахымжан аралы. Бұл ұғымға сондай ынтызармын. Осы сипаттағы оңаша кеңістікті іздеймін де тұрамын. Және табамын да. Тапқан сайын көңілімді мөлдір мұң билейді. Тіпті, сол қиял аралында бұрын әлденеше рет болғандай қызық күй кешемін. Өзге түгіл, өзімді өзім түсіне алмай, дегбірім қашып, кісімсігендерден баз кешіп кететұғын сәттер жиі орын алады. Ал бар саналы ғұмырында параллель екі әлемде өмір сүріп, оң мен түстің ортасында жүріп дүниеге шедевр шығармалар әкелген, қазақ қоғамы әлі де болса танып-түйсінуі тиіс дара драматург, сөз зергері Рахымжан Отарбаевтың жалғыздығы қандай еді? Мені осы толғандырады...

«Біз біреуге жақпасақ мінімізбен емес, мінезімізбен жақпадық» дейді Рахаң бір сөзінде. Мінді – басқалары тағатыны түсінікті. Сол үшін де ол қай-қайсымызда да жетіп артылар. Мінезді ше? Мінезді қоғамға қарай түзеп-күзейтін адам баласының өзі, мына біздер. Рахаң олай етпеді. Ол ішкі мінезін сақтап қалды. Онысын сыртқа шығарарда жұртқа ұқсап кейіп ойлап тауып әуре болмады. Қалай бар, солай ұсынды. Қолындағысын. Ойындағысын. Бойындағысын. Бәрі-бәрін ішкі сезімдерін тудыра отырып, сыртқы күштерге тізгін берместен шынайы жазды. Риясыз, алғаусыз сөйледі. Ішкі жалғыздығын қызғыштай қорыды. Сонысымен де ерекше еді. Ішкі жалғыздығымен...

...Мен де біреудің кіндіктен жалғызы едім... Сондықтан да болар, Рахымжан десе – бірден жалғыздық тақырыбы ойға оралатыны... Мен танығаң Отарбаев әуелі ішкі жалғыздығымен құнды.

Кейіпкер етіп алған кесек тұлғамның кескінін көз алдыма елестете бергенде әлгі портреттің өн бойынан сұсты байқаймын. Сұс болғанда да шаршап, шалдығып, асарын асап, жасарын жасаған қалжыраңқы сұс емес, отты көзі жанарыңызды тесіп жіберердей, жалғанның сан сұрақтары мен сұмдығы санасына сыймай, әбден сергелдеңге салына-салына шыңдалған тегеурінді сұсты көремін. Адамның көңілін оқысам, дүниеге басқаша бір көзқараспен қарасам деген пендешіліктен ада терең түсінікті аңғарамын. Бұл – мен танығаң Отарбаевтың портреті тұрғысынан алып қарағандағы екінші қыры.

Портрет... Ол да жалғыз. Ол да жалғыздықты білдіреді емес пе? Солай...

Аңғарсақ, кей кезде жүректің айтқысы келгенін тіл құрғырды дұрыс жеткізе бермейді, иә? Бұған талай рет куә болып та жүрміз. Шекспирдің былай өкінгені бар-ды:

«Әттең, Тәңір, берсе-дағы көз маған.

Жүрегіңді бір көруге жазбаған...».

Бірақ, көз жүректі көрмегенімен, жүрек көзі, көңіл көзі бәрін де көру мүмкіндігіне ие. Ал Рахаң жазары мен айтарын жүрек көзімен көріп, көңіл сүзгісінен өткізіп барып оқырманның яки тыңдаушының назарына ұсына білген қырағы қаламгер. Оқиғаларының кейіпкерлеріне жүрек көзі, көңіл көзімен қарай білу – мен танығаң Отарбаевтың тағы бір қыры деп есептеймін.

Мәселен, ол Бейбарысты қалай көрді? Жазушы-драматург кір жуып, кіндік кескен туған елінен жырақтап, Мысыр жеріне құл болып барып, билеушілікке дейін жеткен батыр бабамыздың бейнесін қалай ашты? Бір ғана «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол» деген жалғыз ауыз сөздің бітім-болмысын пьесаның тұла бойына сыйдырып жіберген жоқ па? Анасының «Барысым» деп маңдайынан сипағанына зар болуы, сағыныш шөбі – Ақжайықтың жусанына деген сағынышын суреттеуі тіпті бөлек әңгіме. Әйелі Тәжібақыт, балалары Ахмад пен Саид төртеуі Каир төрінде қазақтың киіз үйін құрғандағы көріністен алатын әсерді жеткізу мүлде қиын.

Бұл – қойылымның шарықтау шегі (кульминациясы). «Көтерілген шаңырақ – жәй шаңырақ емес. Ол көтерілген қазақтың рухы» деп өзі де айтып кеткен еді. Көбіне орыс тілінде қойылып жүрсе де, «Бейбарыс Сұлтан» – Р.Отарбаевтың шоқтығы биік шығармаларының бірі екендігі даусыз.

Жалпы Рахаңның драматургиясы позитивті юморға толы болғанымен, бет алды күлкіге шақырмайды. Күле отырып таңғалу, таңғала отырып жылап жіберуге дейін жеткізеді. «Актрисаның» бір өзінде сан түрлі өнердің синтезі саналатын театр психологиясы қандай керемет жақсы берілген десеңізші?! Ал «Нашақор жайлы новелласы» жайында не айтуға болады? Жалғыз ұл... Сол жалғыздықтан сабақ алмаған баланың бір теріс әрекеті әке мен шешені өмірден біржола бездіріп жібереді.

Бұдан бөлек, автор көптеген тарихи, трагедиялық драмаларды да жазғанын білеміз. «Мұстафа Шоқай», «Бас», «Жәңгір хан», «Сырым батыр» және басқалары. Осылардың ішінен «Абай: сотты» бөліп алғым кеп тұр. Мыңмен жалғыз алысқан Абайды Рахымжан Отарбаев сахнада қалай көрді? Қоржынына халқының мұңы мен зарын арқалап, мына біздің заманға тап болған Абай сол қоржынды аманаттап табыстап кетер адам таппай қиналады. Соңында, амалсыз ескерткішке айналып кете барады. Трагедия ма? Трагедия...

Бір білеріміз, ұлы данышпан секілді Рахаң да сөз – кие деп ұқты. Сол киесінен қорықты. Әйтсе де, ол драматург ретінде өзіне дейін ешкімнің батылы бармаған үлкен тарихи тақырыптарды жазуға жүрексінбеді. Оның аталмыш «театралды» қыры – мен танығаң Отарбавтың кезекті феномені екендігіне күмәнім жоқ.

Сөзімнің басында «Рахымжан аралы» жөнінде қозғап едім ғой. Жоғарыда айтылғандардың бірде біреуінің маған дәл осы ұғымдай жақындығы жоқ.

Жалғыздық...

Саналыға, Р.Отарбаев бұл ұғымды соңғы жылдары жалпыадамзаттық деңгейге көтерді десем артық айтқандығым емес. Азғантай ғана 4-5 беттің көлеміндегі реквием. Ал, режиссер Мұқанғали Томановтың «Жалғыздығы» қандай?! Кез келген пьесаның сахналық шешімі табылмаса, одан жөнді спектакль шықпайтыны әмбеге аян. Бұл тұрғыда Мұқан ағаға бас иемін! Камералық нұсқадағы форматының өзі ерекше. Высоцкий мелодиялары. Өзеннің арғы бетіндегі мұны тоса-тоса тозаң боп кете жаздаған анасының моласына жете алмай қиналған ұлы...

«Жалғыздық» алмаған асу бар ма? Республиканы да бағындырды, түрік ағайындарды да тамсандырды. Ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік – ол мәңгілік тақырып. Анаң тірі кезінде сені қалай қорғап жүрсе – өмірден өткен соң да шырылдап рухы жанында жүрері сөзсіз. «Жалғыздықты» өрге сүйреген, сүйрей де беретін осынау ана рухының қамқорлығы болса керек...

Әлгінде, Рахаңның жалғыздық ұғымы жалпыадамзаттық деңгейге көтерілді дедім бе? Иә, солай! Оны көтерген Мұқанғали Томанов! Адамзаттық деңгейдегі Жалғыздықтың прототипі – Рахымжан Отарбаев!

Ол – жалғыздығы жарасқан жазушы...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Р.Отарбаев, «Айна-ғұмыр». Пьесалар. – Астана: Фолиант, 2013

ҒАШЫҚТЫҚ ЖЫРЛАРДАҒЫ ДӘСТҮР МӘСЕЛЕСІ («ҚОЗЫ КӨРПЕШ – БАЯН СҰЛУ» ЖЫРЫ НЕГІЗІНДЕ)

ӘОЖ 82-13

Сатыбалдиева Н.М.
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, ҚТӘ ББ 1-курс магистранты.

Ұлттық дүниетанымның, халқымыздың руханиятының бастау арналарының бірі – фольклор. Қазақ фольклоры көшпелі өркениет, далалық дүниетаным, шаруашылық түріне байланысты қалыптасты. Фольклордың шығуы мен даму тарихы халықтың тұрмысымен, тіршілігімен байланысты. Осы негізден ұлттық руханияттың асыл мұрасы саналатын халық ауыз әдебиеті, соның ішінде аңыз, батырлар жыры, ғашықтық жырлар, мақал-мәтелдер анықталады. Фольклорлық шығармалардың арасында ғашықтық жырлардың маңызы ерекше.

«Қозы Көрпеш пен Баян сұлу» жыры – лиро-эпостық жырдың үлгісі. Жырдың шығуы жайлы көптеген пікірлер бар. Соның ішінде М. Әуезов жырдағы баяндалған оқиғалардың саха елінде де болғанын айта келіп жырдың ескі екенін жеткізеді [1, 121]. Эпос сюжетінің пайда болуы тіптен ислам діні енгенге дейін қалыптасқаны жайлы пікірлер бар. «Ұзақ уақыт этностың фольклорлық жадында сақталып, ауыздан ауызға ауысып, мыңдаған рет айтылған, орындалған ескі аңыз, әңгімелер бірте-бірте жүйеленіп, өзара жымдасып, қосалқы мотив, сарындармен байып, біртұтас сюжет құрайды. Осы сюжеттің көлемді жырға айналған уақыты туралы ғалымдардың пікірі әр түрлі» [2, 12]. Баяндау тәсілі басым эпикалық шығармада кейіпкерлер әлемі көркем әдебиеттің сан түрлі тәсілдерімен суреттеледі. Эпостық шығармада баяндалатын шығарма оған өзі куәгер болған адамның атынан суреттеледі. Халық ауыз әдебиетінен бастау алатын эпостық шығармалар батырлар жыры және ғашықтық жырлар деп ажыратылады.

Сюжетті әңгімелерге құрылған ерекше жанрлардың бірі – лиро-эпостық туындылар. Батырлар жырында батырлардың ел мен жерді қорғауы және ерлігі басты тақырып саналады. Лиро-эпостық туындылардың мынадай ерекшеліктері бар:

- Лиро-эпостық туындылар халықтың әдет-ғұрпына, үйлену салтына байланысты шыққан;
- Ғашық болған жастардың қуанышы, арманы суреттеледі;
- Бас еркі болмаған жастардың сүйгендеріне қосылу жолында небір қиындықтарды басынан өткізуі, кейбірі өткізе алмайды.

Солай лиро-эпостық туындылар да өткен заманның жастарға жасаған озбырлықтары, шектеулері суреттеледі. Бір-біріне ғашық жандардың бірге бола алмауының мынадай себептері бар: ата-ананың қарсылығы; екі рудың арасындағы жауыздық.

Ғашықтар жыры көп нұсқалы болып келеді. Оның себебі жырлардың өкпе уақыт ауыздан ауызға тарап, бір ұрпақтың жаттап алып, келесі ұрпаққа таратуымен бүгінгі күнге дейін жеткен. Қазақ ауыз әдебиетінде сақталған ғашықтық жырлар мынадай:

- Қозы Көрпеш-Баян сұлу;
- Қыз Жібек;
- Мақпал қыз;
- Айман-Шолпан сынды туындылар.

Қозы Көрпеш-Баян Сұлу XIII-XIV ғасырлардан бастап жырланып, XIX ғасырдың ортасында қағазға түскен қазақ халқының лиро-эпостық жыры. Поэма Сыбанбай, Бекбау, Жанақ, Шөже ақындардың орындауында ауызша таралған. 20-ға жуық нұсқасының ішінен ең белгілісі – Жанақтың нұсқасы. Алғаш ел арасынан жинап, хатқа түсіргендер: Г.Саблуков (1830), Ғ.Дербісалин (1834), А.Фролов (1841), Шоқан Уәлиханов (1856). Жырдың мазмұнын М.Путинцев орыс тіліне аударып бастырды (1856), кейін В.Радлов «Түркі тайпаларының халық әдебиеті үлгілері» жинағының 3-томына еңгізді (1870) [3, 833]. Шығарманың басында қазақ тұрмысында кең таралған «атастыру» дәстүрі кездеседі. Қарабай мен Сарыбайдың аң аулап жүріп, балаларын атастырып, ұлды болған Сарыбай қазаға ұшырайды. Бір-бірінің жүзін көрмесе де, Қозы мен Баян ғашық болады. Уақыт өткен соң сараң Қарабай қызын жетім Қозыға бергісі келмейді. Бұрынғы уәделескен сөзді ұмытып, жергілікті палуан атанған Қодарға ұзатпақ болады. Қодар да екі ғашықтың ортасына түсіп, Қозының басын алады. Баян қайғыдан қан жұтса да, кек алуға тырысады. Қодарға құдықтан су алып берсе, тұрмысқа шығатынын жеткізеді. Бұған иланған Қодар құдықтан су алып бермекке тырысқанда бұрымын кесіп тастап, түпсіз терең тұңғиыққа түсіп кетеді. Қозының кегін қайтарған Баян өзіне өзі қол жұмсап, дүниеден өтеді. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» ғашықтық жырының негізгі идеясы сол кезеңдегі жастардың сүйіп қосылуын арман еткені көрінеді. Әуелден шығарма қазақ халқының «жесір» түсінігімен байланысты. Халқымыз атастырылып қойған қыздың басқа әулеттің жесірі екенін, қалай болса да жесірін сол әулетке алып қалуға тырысқан. Себебі «жесір» сол рудың заңды меншігі саналған. Жырда былай көрінеді:

Алдауыңа мен енді кірмен, шеше,
Өзге қызбен дәурен сүрмен, шеше.
Құдай қосқан жарымды естіген соң,
Енді мұнда жан болып жүрмен, шеше!
Баяндай қыз Алашта бар ма, шеше?
Баяндай қыз бар ма екен мұнда да оңды?

Баянға қыз Алаштан қайдан ұқсар! [4, 26]. Десе де ғашықтық жырлардың басты тақырыбы болмаса да, сүйіспеншілік тақырыбы жете қозғалған.

Ғашықтық жырда дегеніне жете алмаған екі жастың оқиғасы жоғары деңгейде суреттелген. Жырда айтыс, естірту, жоқтау сынды тұрмыстық салт көріністері берілген. Бұл арқылы ғашықтық жырдың бояуы артып, қазақ халқының тұрмысы жан-жақты жырланғанын көреміз. Мәселен жырда «бесік құда», «ежеғабыл» дәстүрлері көрініс тапқан. Халқымыз бір-бірін өте жақсы танып, бірінде қыз, бірінде ұл дүниеге келетін болса, бесік құда болуға талпынған. Бұл өз кезегінде екі достың арасын нығайтып, отбасылық құндылықтардың берік болуына әсер етеді.

Шығармада бейнеленген «қоштасу» дәстүрі былай көрінеді:

Балталы, Бағаналы ел, аман бол,

Бақалы, балдырғанды көл, аман бол!

Кірім жуып, кіндігім кескен жерім,

Ойнап-күліп ер жеткен жер, аман бол! [4, 108]. Амалсыздан елінен, жерінен қоштасу оңай еместігі көрінеді.

Ғашықтық жырдың басты кейіпкері Қозы Көрпеш патриахалды-рулық қоғамның салты мен дәстүрлерін толық мойындаған, тәртіп-заңдарын құптаған, өз заманының идеалында танылатын кейіпкерлер ретінде саналады. Қай кезеңде, заманда болмасын адам үшін сүйіспеншілік сезімі басым болып суреттеледі. Шығармада сырттан келген жауға қарсылық көрсету немесе ел мен жерді қорғау тақырыбы емес, жеке бас мүддесі бейнеленген.

Шығарманың кейіпкерлер әлеміне тоқталатын болсақ. Қозы – ғашықтық жырдың басты кейіпкері. Өмірінде болған қиындықтарға қарамастан, сезіміне адал болған жан. Баян – ақылына көркі сай, сезімі үшін күресе білетін кейіпкер. Қодар – жағымсыз образда сомдалатын кейіпкер. Екі ғашықтық ортасына түсіп, кедергі келтіреді. Сарыбай – Қозының әкесі, батыл, қайсар адам. Қарабай – шығармадағы зұлымдықтың бастауы, қара ниетті сараң адам. Өзінің пайдасын ойлап, өзгелердің қалауына басын ауыртпайды. «Қарабай» дегендегі қара сөзі адамның болмысын толықтай танытады. Айбас – жырдағы ұнамды кейіпкер. Қозы мен Баянның танысуына әсер етеді. Шығармада назар аударатын деталь – тағдыр басқа деп көне салу емес, оны өзгертуге деген ұмтылыс.

Қорытындылайтын болсақ, ғашықтық жырда сүйіспеншілік, махаббат тақырыптары ғана емес, тұрмыс-салт өлеңдері арқылы «бел құда», «ежеғабыл» дәстүрі, «жесір» ұғымы, «қоштасу» өлеңдері берілген. Патриахалдық қоғамның талаптары ғана емес, отбасы, махаббат, бақыт мәселелері де жан-жақты қарастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы // Мұхтар Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы, 4-том – Қазақстан: Ғылым, 2001.
2. Әзібаева Б.У. Қазақ эпосындағы романтикалық қаһарман бейнесі. Керуен, №66 (2020). DOI: https://doi.org/10.53871/2078-8134.2020.1-01
3. Байзаков Ж.А., Миралиева Д:Н: Лиро-эпостық жырлар және олардың халық ауыз әдебиетіндегі орны. Educational Research in Universal Sciences OLUME 2 | ISSUE 4| 2023. 831-837 беттер
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық.—Астана: «Фолиант», 2009. Т. 54: Ғашықтық жырлар. —456 бет.

ӘДЕБИЕТТЕГІ «АВТОР» БЕЙНЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСТАРЫ

ӘОЖ 82-32

Салымова А.Б.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, ҚТӘ ББ 1-курс магистранты.

Қазіргі таңда қазақ әдебиетінде автор түсінігі «қаламгер шеберлігімен» қатар анықталып жүр. Дегенмен кейіннен жазылған шығармаларға назар аударатын болсақ қазақ әдебиетіндегі постмодернисттік бағыттың дамығанын, ондағы интермәтінділік құбылыстарының қазақ прозасында молынан ұшырасатынын көреміз. Бұл өз кезегінде автор түсінігіне кеңінен қарауға мүмкіндік берді.

Зерттеу мақаламызда үш түрлі авторды қарастырып, автор бейнесінің парадигмасын анықтаймыз. Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар Ә. Кекілбаев, Т. Әбдік, Д. Амантай шығармашылығын қарастырып, автор бейнесінің сан түрлі көрінетінін айқындаймыз. Бірінші кезекте Ә. Кекілбаевты қарастырсақ.

Жазушының шығармашылығын қарастыруда Г. Пірәлиеваның «Көркем шығармадағы психологизм» [1, 117] еңбегін қарастырамыз Әбіш Кекілбаевтың шығармаларында «түс көру» әдісі өз шыңына жетіп, көркемдік, характерлік, символдық, мифологиялық, психоаналитикалық қызмет атқарар әдіс қана емес, тіпті түгелдей бір туындының тұтқасын құрайтын көркемдік тұтастыққа, концепцияға да ие бола бастайды. Жазушының «Ханша Дария хикаясы» мен «Аңыздың ақыры» шығармаларында бастан аяғына дейін түстерден тұрады. Ішкі монологтың басты элементі кейіпкердің күйін, санасында болып жатқан түрлі псхологиялық процесті бейнелейтін тәсіл екенін көреміз. Түс элементіне мұншалықты мән беру қазақ прозасындағы үлкен философиялық ойды, әлеуметтік-қоғамдық проблемасын көтеріп, осы негізден көркемдік әлемі де ашыла түседі. «Үркердегі» Әбілқайыр ханның түс көріп, оны сонша жерге ат арылтып досы Тайланға жорытуы, «Аңыздың ақырындағы» Кіші ханым мен Әміршінің түстері, «Күй» повесіндегі Жөнейттің, «Ханша-дария хикаясындағы» Гүрбелжін ханымның қыз күніндегі мен ерге шыққан кейінгі үнемі кіретін бір мазмұндағы түсері т.б. Адам жанының тереңдігін түстер арқылы пенденің шын бет бейнесін, кейіпкер табиғатын, ішкі иірімдерін, сана түкпіріндегі құпия сырды анық көрсетеді.

Қазақ әдебиетінде Т. Әбдікұлының шеберлігі «Оң қол» және «Парасат майданы» шығармалары арқылы танылады. А. Кеңшілікұлы Т. Әбдікұлы шығармашылығы жайында былай дейді: «Өнерге үлкен дайындықпен келген Төлен Әбдікұлы «Оң қол» әңгімесін жиырмадан асқан шағында жазып, әдебиет әлемін дүр сілкіндірді. Ал «Парасат майданы» секілді кемел туынды қаламгердің қаламынан алпысқа жақындап қалған шағында туды. Уақыт таразысымен өлшесек, көңіліне алуан-алуан ой тағалайтын екі шығарманың өмірге келуінің арасын отыз жылдан астам уақыт бөліп тұр. Әрине, осы жылдардың ішінде Төкеңнің шығармашылық шабыты талай мәрте жемісін беріп, әдебиетімізден баға жетпес байлығы болып қалатын талай-талай туындылар өмірге келді. Бірақ сол дүниелердің барлығы да, осы екі аралықты жалғап тұрған жазушы шығармашылығының алтын көпірі, «Парасат майданы» повесін туғызуға себепкер болған тізбекті туындылардай» [2, 7], - деп бағалайды. Сыншының пікірінің жөні бар. Сонда, сыншы «Оң қол» мен «Парасат майданы» арасындағы байланысты анық көрсеткен. Жазушының екі шығармасының негізі бір екенін, қаламгердің дайындығын анық көрсетеді. Ж. Елшібек жазушының парасат биігі шығармаларында негізделгенін, қаламгер туындыларында «Парасат майданы» шығармасымен қатар, «Райхан», «Тозақ оттары жымыңдайды» сынды шығармаларын атайды [3, 11].

Қаламгердің «Парасат майданы» туындысы жайында Ә. Кекілбаев «Адамстанға саяхат» мақаласында былай дейді: «Парасат майданы – қайталап айтып беруге, тіпті жіліктеп талдап беруге келмейтін зұлмат хикая! Оны оқып отырып ойың он саққа, санаң сан саққа жүгіріп, ойланасың, тебіренесің. Ойланған сайын ойсырай құлазып, тебіренген сайын теңселе күйзелесің. Нағыз өнердегі «шок терапиясы». Өзінен-өзі адасқан адам. Өзінен-өзі алжасқан қоғам. Өзінен-өзі күйреп бара жатқан әлем. Дәрігер кім? Пациент кім? Диагнозы қайсы? Дауасы бар ма, жоқ па? Әлде бейдауаға тап болған өңкей бейбақтармыз ба?... Күдіктене бастап, күңірене оқып, күйзеле аяқтаймыз» [4, 12], - деп бағалайтынын көреміз. Адам өмірінде жақсылық пен жамандықтың, адалдық пен арамдықтың, ізгілік пен зұлымдық шайқасы тоқтаған емес, бұл – парасат майданы деп аталып, әр адамның өз майданында тартысқа түсетінін көреміз. Әлемнің өзі жаралғанда жақсылық пен жамандықтың тартысынан туындаған болатын. Осынау шайқасты тұлғаның екіге бөлінуі арқылы сипаттау әлем әдебиетінде Ф. Достоевский шығармаларында көрініс тапқан болатын. Р. Стивенсонның «Дәрігер Джекил мен Хайд мырзаның қызықты оқиғалары», М. Булгаков «Шебер және Маргарита», Е. Водоглазкин «Авиатор» сынды шығармалардан көрінеді.

Келесі кезекте Д. Амантайдың шығармашылығына тоқталсақ. Дидар Амантай – шығармалары постмодерндік эстетикаға жақын қаламгер. Оның «Гүлдер мен кітаптар», «Тотықұс көбелек», «Шайтан мен шайыр» романдары мен «Сағындым сені», «Мен сенің көзіңнен» т.б. Оның әңгімелерінен постмодерндік дүниетанымы басқа жазушыларымыздан ерекшелеп тұрады. Автор шығармаларының ерекшелігі постмодернисттік әдебиетте кеңінен қолданылатын «автор өлімі» түсінігімен байланысты.

Мәселен, кейіпкер Әлішердің роман жазу барысында григориан күнтізбесімен салыстыра отырып құрастырған «Түркі күнтізбесі», бейне бір сандардан құралған басқатырғыш секілді. Автор оны өзі құрастырып, жауабын да өзі шешкенімен, сөзбен берілген жұмбақ шартын сәл аялдап, зейінмен зер сала оқымайыншы түсінбейді. Шығармасындағы көп жұмбақтың шешуін оқырманның өзіне қалдырып, «құдіретті автор» болудан бас тартады. Бұл арқылы «автор өлімі» деген Р. Барт ұсынған идея жандана түседі. Шығармада автор негізгі рөлде емес, кейіпкерлер әлемі негізгі орында. Өз кезегінде автор шығармада мүлде көрінбейді. Оқиғаның басталуы да, аяқталуы да кейіпкерлердің әрекетімен жүзеге асады. Жалпы роман қазақ прозасындағы постмодернисттік бағытта жазылған алғашқы туындылардың бірі болғандықтан, әрі эксперимент ретінде жазылғандықтан автордың романынан әлемдік әдебиеттегі осы бағыт өкілдерінің ықпалын байқауға болады. Автор «Гүлдер мен кітаптар» еңбегінде постмодернисттік әдебиеттің негізгі белгісі саналатын интермәтінділік құбылысын қолданған.

1) әдеби мәтіндер мен теориялық еңбектерден алынған интертекст. Абай Құнанбайұлының өлеңдері, Х.Л. Борхестің «Вавилон кітапханасы» әңгімесі сынды т.б.

2) мифтер мен түркі тарихын зерттеуге арналған еңбектерге жасалған интертекст, түркі халықтарының қасқырдан пайда болуы туралы мифтер, қазақ әдебиеті тарихында «Жерұйықты іздеуші» ретінде орын алған ақын Асан Қайғы толғаулары.

3) діни мәтіндер мен оларды зерттеуге арналған теологиялық еңбектерге жасалған интертекст.

Көркем шығармадағы автор бейнесі жазушының өз тұлғасының бейнеленуі деп анықталып жүр. Бұл жөнінде З. Ахметов автор түсінігінің негізінде қаламгердің көзқарасы, құндылықтары, көркемдік принциптері анықталатынын айтады [5, 21]. Сонымен бірге шығармашылық тұлғасы көрініс тауып, суреткерлік шеберлігі анықталады. Дегенмен қазіргі таңда автор түсінігінің мағынасы кеңейе түсті. Автор көркем шығармадағы оқиғалар желісін баяндаудан бөлек, туындының негізгі идеясын жеткізуде, кейіпкердің ішкі күйін суреттеуде көрінеді. Кейінгі кезеңде жарыққа шыққан постмодернисттік туындыларда автор мен кейіпкер бірігіп, көбіне кейіпкер алдыға шығады. Осы негізден автор бейнесінің когнитивті парадигмасын талдауда Ә. Кекілбаев, Т. Әбдік, Д. Амантай шығармашылығы қарастырылды.

Осылайша қазақ әдебиетінде автор парадигмасының көрінісін Ә. Кекілбаев шығармашылығындағы «түс көру», Т. Әбдік туындыларындағы «тұлғаның екіге жарылуы», Д. Амантай шығармасындағы «автор өлімі» ұғымдарынан көреміз. Бүгінгі қазақ әдебиеті қарқынды дамып, әлем әдебиетінен қалыс қалмай, озық туындыларды үлгі еткенін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). Монография. Алматы: Алаш, 2003. – 328 бет

2 Кеңшілікұлы А. Парасат майданының суреткері. Жас Алаш, 2022. №61. 6-7 бет

3 Елшібек Ж. Суреткердің парасат биігі. Егемен Қазақстан. – 2014. – 11 маусым. – 11 бет

4 Кекілбаев Ә. Адамстанға саяхат. Егемен Қазақстан, 2002. 4-қыркүйек. 10-15 беттер

5 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. /Құрастырушылар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев/ Алматы: «Ана тілі», 1996. – 240 б.

М.ӘУЕЗОВ ӘҢГІМЕЛЕРІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ

ӘОЖ 82-3

Шайнулла Н.С.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, ҚТӘ ББ магистранты.

М.Әуезов шығармаларына қуатты күш, тегеурінді серпін беріп, шығарманы ажарландырып, көріктендіріп тұрған терең психологизм.

Бұл орайда Б.Майтановтың: «М.Әуезов психологизмін дүние жүзі әдебиетіндегі Стерн, Стендаль, Толстой, Достоевский, Тургенев, Чехов, Джоис, Кафка үлгілерімен салыстыру қажет емес. Әдеби орта, ұлттық дәстүр, суреттеу объектісі, қаламгер мақсаты, адамдар

тағдыры мен ара-қатынасы әр алуан болғандықтан, стильдік ізденістер де басқаша шығуы даусыз» [1,6] деуі орынды.

Мұхтар Әуезовтің дүниетанымы, көркемдік әлемі бөлек. Жазушы әр шығармасында да қарапайым адамның ішкі жан сырын терең ұғынып, түйсініп, бір адамның жүрек лүпілі арқылы күллі жұрттың парасат, зердесін таныта алатын биік қасиет дарыта алған. «Оқыған азамат» әңгімесінде жазушы оқырманын адамгершілік қасиеттердің маңыз-парқын таразылай біліп, құндылығын түсіне білуге жетелейді, ақ пен қараны, жақсы мен жаманды қарама-қарсы қояды.

Шығарма табиғат суретімен басталады: «Суық қыстың орта кезі, күн түске тақап қалған. Аспанда бұлт жоқ, ашық. Жарығы көз тайдыратын нұрлы күн бүгін жазғы түріне түскендей болып өзгеше жарқырап тұрса да ызғарлы қар, суық ауа қызуын жоғалтып, жарығына жансыздықтың табын басып тұрғандай» [2,162].

Табиғат келбетін суреттеу барлық жазушыға, ақынға тән қасиет, дегенмен де М.Әуезовтің табиғат келбетін суреттеуі, пейзаж жасау шеберлігі, оны қолдану әдісі ерекше. М.Әуезов табиғат суреті арқылы шығармаларына рең беріп, бойына қан жүгірткен және табиғат суретін шығармаға бастаушы алғашқы баспалдақ ретінде қолданған. Шығарманы бастаудың қиындығын табиғат суреті іліп әкетіп, ауыр жүгін өз мойнына алып, автордың шабытының шалқуына өзіндік ықпалын тигізіп тұрғандай.

Тұрғын халқының көбі қазақ болған Сібірдің кішілеу қаласы қыстың ақ киімін даламен бірге жамылып, жабайы табиғаттың жайлы күйін күйлегендей. «Бұл қала Сібірдегі үлкен өзендердің бірінің сол жағасында орнапты» [2,162] деген сөйлемдер автор нысана еткен қаланың Семей екендігі күмән тудырмайды.

Оқиғаны үшінші жақтан баяндап, кейіпкерлеріне тура мінездемелер бере отыра, олардың іс-әрекеттері арқылы мінез-келбетін аша түседі,

Науқастың сыртқы пішіні арқылы оның жанының күйзелісін, ішін буған азапты көрсетуде шеберлік танытқан. Ауру меңдеп, хал үстінде жатқан Мақсұттың портретін ашуда: «Беті ашаңдап жүдеген. Әншейін ақсұр түсі күренденіп ісінген. Көзі қанталап, жастанып апты. Қысқалау қою қара мұрты, сұлу қара касы, қайырған ұзын қара шашы да қатып қалғандай болып, жабысып жансызданған сияқты. Еріндері іштегі қызумен кеберіп, жарылып, қарауытып қапты. Еті қашып, арыған жіңішке қолдары қазір де дірілдеп, бір жерге орнықпай, ауру кеудесін сипалай береді. Қолдарының түсі сарғыштанған, тырнақтары көкшілденіп қанталап тұр» [2,163] деп, сұлық жатқан науқастың жанына батқан ауруын, ішкі азабын бет пішінін суреттеу арқылы көрсетеді. Көз алдымызға бұрынғы көріктің жұрнағы да қалмаған, ал бары, соншалықты аяныш тудырарлық күйдегі мүсәпір жанның суреті келеді. Сөзбен салынған сурет дерсіз.

Ия,Ф.М.Достоевскийдің «Өлі үйдегі жазбалар» атты шығармасындағы адамның сыртқы пішішінің суреттелуінің соншалықты дәлдігі, қылқалам шеберлерінің талай портреттерді дүниеге әкелуіне негіз болғанын ескерсек, Әуезов кейіпкерлерінің сыртқы бет әлпеті, эмоциясының суреттемесі арқылы да сурет галереясын жасауға болары күмәнсіз.

Бет пішініндегі алуан өзгерісті қырағылықпен байқап, үзіліп түсудің аз-ақ алдында жатқан адамның жүзінен кешегі жайдарылықты іздегендей.

Мақсұттың қандай адам екендігін, төсекке таңылғанға дейін нендей іспен айналысқанын, оның жетім қалып бара жатқан балалардың қамын ойлап, оларға еңбек сіңіре алмағанына өкініп, сандырақтай сөйлеуі арқылы көрсетуге тырысқан. Төсекте бас көтере алмай жатқан Мақсұт өз жанын ойлап, қапаланып, тағдырына өкпелемейді, артында қалып бара жатқан кәрі шешесінің ертеңгі күнін ойлап, камығады. Ал Қадиша жайына келсек, қара жамылып күңіренудің бұл сұлу келіншекке тән нәрсе емесін Мақсұт та болжағандай: «Қадиша өлмейді. Бірақ ол сенен туған жоқ... Басы көп, бай төркіні бар. Ең болмаса, соларға кетіп қалады ғой. Сені о да жылатар» деген сөзі арқылы автор Мақсұттың бүгіннен келер күннің белгісін сезгенін көрсете отырып, мұнысымен оқиғаның айтарлықтай соңы барын білдіріп, оқырман көңіліне де қызығушылық ұялатады.

Мақсұт татар дәмі таусылып кең дүниемен қоштасты, артында зарлап шешесі қалды. Ал Қадиша болса, жүрек емін Мақсұттың кешегі досы Жұмағұлдан тауып, жарасын тез жазды,

мұнымен тынбай күйеуінен қалған барлық мал-мүлікке қол салып, адамшылықтан, сезімнен жұрдай қатыгездік те көрсетеді. Жұмағұл мен Қадиша бір-біріне ұқсас, ниеттері бір жандар. Жұмағұлдың ауылдағы әке-шешесі де есебі түгел, дүниеқорлығымен ел аузында жүрген адамдар. Олардың көздегені - кемпірдің колындағы мал-мүлік. Шығармада байлыққа қызыққан бұл адамдардың барды олжалаудың көзін іздеп, айла мен амалға, қатыгездікке де барғандығы аса әсерлі баяндалады.

Автор жас жұбайлардың әккі әрекетіне қолжаулық болып, мақсаттарының жүзеге асуына септігін тигізген оқығандардың ісін де сынайды. Кәрі шешенің баласынан қалған бар мүлікті Жұмағұл сияқты жатқа беруге келіспей, ырзалығыммен бір сабақ жіп бермеймін деп қарсылық көрсетуі Қадиша мен Жұмағұл үшін тосын болатын. Талайдан бергі арманын кемпірдің наразылығына орай тоқтатып, табан тіреген ісінен айни қоймай, әлсіз кейуанаға күш көрсетуге де барған олардан не қайыр?! Мақсұтың көзі тірісіндегі арасынан қыл өтпес жақын досы Мейірханның Жұмағұл мен Қадишаның тойында іші жылай отыра: Мен сендерді Мақсұт үшін ішуге шақырамын. Жасасын Мақсұттың аруағы! деп, рөмке көтеруден өзгеге дәрмені жетті ме? Тіпті, Жұмағұлға ақыл айтпақ болғанында Мейірхан қызғаншақтық қылып жүр деген өсекке таңылды. Мейірханның ішінен қан жұтып күйзелгенмен, оқиғаның осылайша өрбуіне шектеу қоя алмаған.

Егер көркем шығармадағы Мейірхан М.Әуезовтің өзі деген байлам жасаған болсақ, Мейірханның бастан өткерген барлық күйініш-күйзелісін М.Әуезовтің өз басынан өткергені ғой. Сондықтан, өмір құбылыстарын өзінің дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарасы тұрғысынан саралаған жазушы өкініштің ұрығын сеуіп, жүрегіне сызат түсірген оқиғаны шығармасына арқау етпеуі мүмкін емес еді.

Шығарма бойында жазушының өзіндік көзқарасын білдіріп, кейіпкердің жөнді-жөнсіз істерін жазғыру жоқ, тек оқиғаны баяу байыппен баяндап, осыдан қорытынды шығарып, түйін түюді оқырманның еншісіне салу бар.

XX ғасыр басындағы қоғамдық, әлеуметгік өзгерістердің халықтың рухани өміріне де ықпалын бергені шығармадан айқын байқалады. Ол - надандықтан құтылып, озық ойлы, озық мәдениетті халықтың бірі болу жолындағы білімге, жаңалыққа ұмтылыс, сонымен қатар мұсылманшылықтан аттау, адамгершілік құндылықты аяққа таптау. Атеистік тәрбиеге бой үру -абзал азамат Мақсұттың әруағын сыйламау, жылын өткізбей жатып той тойлау арқылы берілген.

Ғасыр басындағы қазақ тіршілігі Әуезовтің «Үйлену» атты әңгімесінде де айқын көрініс табады [2,154-161]. Қоғамдағы ірі өзгеріс-терге халық өкілдерінің де бейімделе түсіп, қадамын қатар алып келе жатқанын көруге болады. Ескі мен жаңаның арасындағы өліара кезеңдегі ел тұрмысы шығармада айшықты белгілермен ашыла түскен. Шығарма бойында мысқыл да бар. Автор қолындағы аз билікке мас болып, мансап сүйген Қасым бейнесі, көп оқып, аз тоқыған Оспан бейнесі арқылы сол тұстағы аңқау елге билік еткен белсенділер әрекетін керсетеді. Ауылда туып-өсіп, енді жусаған қой мен оқыралаған сиырды, кемпір қайнатқан құртты алғаш көргендей таңдана қараған. Оспанның жасанды мінезін, Қасымға берген уәдесінен тез тайған қалыңдықтың тұрақсыздығын көрсете отыра кейіпкер мінезін ашады. Болатком бастығы Қасым сайлаушы Оспан төренің арбауына оңай түсіп, аңдаусызда қалыңдығынан айырылды.

«Қыздың пішіні, мінезі, барлық сөзі де жігітке әбден жақты. Бұл уақытта Жәмила да «оқыған жігіт» дегенді жаңа көргендіктен, бұған өзгеше көңілмен қарап, орысша сәнді киінген, қызыл шырайлы сүйкімді пішініне айрықша көңіл бөлгендей болды. Жас жігіттің ажарлы пішіні мұның да әр түрлі сезімін оятқандай еді. Кеудесінде үміт пен күдік ауысып, тағатсызданып отырған күйеуді ұмытып, сайлаушы терең өз әзілінің жарастығын іздей бастадың. Жәмила бойынан да аса тереңдік, көргендік байқалмайды. Жедел ойлап, шолақ шешімге келген ол да сол тұстағы құрбыларындай, бақытына араша түсуге талпыныс жасайды. Ата жолын аттап кетіп, күйеуін тең көрмей оқыған жігіт Оспанның етегінен ұстайды. «Үйленудегі» кейіпкерлердің іс-әрекеттерінен Әуезовтің 1920 жылдарда басынан өткен оқиғаларын салыстыра келе сабақтастық көруге болады. 1920 жылдың жазында Мұхтар Әуезов кеңес қызметінде жүрген. Ол Шыңғыс болысында жолсапарда болып, қазақ даласында

болыстық ревкомдар құру ісіне, съезге делегаттар сайлау істеріне араласады, яғни қаладан қырға өкіл болып барған баратын. Автор кейіпкер бейнесін сомдауда өз басындағы және сол кезеңдегі босқа де «оқығандар» эрекетін сынға алған болса керек.

М.Әуезовтің «Сөніп жану» атты әңгімесі ең алғаш «Заман еркесі» деген атпен 1922 жылы «Шолпан» журналында жарияланады. Қалыңдық іздеп, ауыл-ауылды аралап, жұрттың мақтаулы қызына көз тоқтатқан әңгіме кейіпкері Сыздық қыздың бойынан асқан сұлулық таппаса да, көңіліне жақын тұтып ұнатқан. Құда түсуге бел байласып, келер жылы қалыңдығына үйленеді. Алайда, сезімтал, талғампаз жігіттің арыны тез басылды. Танып білмей жар еткен адамын сүймейтінін, қате басқанын түсінді. Оларды жалғр, дәнекер болар дәнеңе жоқ еді. Суынған жігіт көңілі даланы аңсап, бақытын өзгеден іздеді.

Әңгіменің желісіне үңіле, сонымен қатар Ақылия Тұрағұлқызының, Мұғамила Мұхтарқызының, Әлкей Марғұлан, Мәжит Диханбаевтардың естеліктерін салыстыра келе заманының еркесі болған Сыздықтың өмірі мен М.Әуезов өмірінен біршама байланысты көруге болады. Әрине, бұл естеліктер әңгіме кейіпкері Сыздық Мұхтардың тікелей прототипі дегеннен алшақ, және біз де дәл осы деп дөп басып айтудан аулақпыз. Дегенмен, М.Әуезов өмірімен сабақтастық көрген бірнеше себептерді дәлел етіп алға тартуға болады. Мәселен, шығармадағы тарихи деректі алайық, бұл қазақ өміріне айтарлықтай қайғы әкелген 1916 жылдың зобалаңы тұсында өткен оқиға екені аңғарылады. Демек, Сыздықтың қалыңдық айттырып, үйлену уақыты 1916-17-жылдар шамасы, М.Әуезов те осы мезгілде үйленеді. Сыздықтың ел кезіп қалыңдық іздеуі, айттыруы, ұрын келуі, аламан той жасап үйленуі, кейіннен дәмі жараспай, некесінің бұзылуы Мұхтар өміріне ұқсас. Мұхтар да бұл тұста Көкен атты ел азаматының Райхан есімді қызын алып, шамалы уақыттан соң ажырасып кеткен.
Албырт шақтың қызуына малынған жас Мұхтардың да әлі өзі асып көрмеген асудан өтуге талпынып, алдындағы қою тұманға қарамастан ілгері қадам басуға талпынған тұсы еді.

Үйленудің адам өмірінде айтарлықтай орны бар күрделі құбылыс екені рас және оның кейінгі күндерге де әсер, ықпалын тигізетіні бұлтартпас шындық. Ендеше, М.Әуезов шығармасында өмірінде айтарлықтай орны бар алғашқы некесі жөніндегі ой толғауы заңды құбылыс сияқты. Сыздық - оқыған, қала өміріне әбден қанық, талғамы биік, ауылдан шыққан жігіт. Ол өмірден ерекше нәзіктікті, сырлы, әуезді, тамаша құбылысты күтеді және оны некеден іздейді. Айттырған қалыңдығын алғанға дейін түрлі ой-қиялға батқан Сыздық үйленуді өмірін күрт озгертіп, бақытқа батыратын ғажайып құбылыс санайды. Жігіт: «Бізге, оқып жүрген жігіттерге, қырда жақсы тәрбие алған, мінезі жақсы, адамшылығы бар ел қызын алу керек. Соны тәрбиелеп, адам қылу - міндет! Кісіге шын дос, шынымеи бас сыйлайтын, өзіңді құрметтей білетін, жаныңа ауыртпалық түсірмейтін, қабағыңа қарап іс қышатын таза жолдас қыр қызынан шығады дейтінбіз. Соның ішінде әсіресе жақсы тәрбиелі қыз, жақсы мінезді қыз адал, момын, кедей қызы болады дейтінбіз. Мына көрген қыз, өз ойымша, сол сынға толатын сияқты» деген байсалды пікір білдіргенімен де, бұл жайлар өз басына түскенде бөгетке қарсы түра алмады, жар етіп алған бұйығы қыз Жәмиланың кемшілігін түзетуге тырыспай, керісінше, сағым қуып алыстай берді.

Автор шығарманың басынан алғашқы сөздермен соңына дейін Сыздықтың ой, қиял, сезімін, қуанышы мен күйінішін, күмәні мен күдігін ерекше шеберлікпен суреттеп, оның мінез-келбеті, болмыс-бітімінің ашыла түсуіне зор күш салған тәрізді. Қалыңдық айттыруға туған-туыстарының ықпалымен бел байлаған Сыздыққа Есімжан, Сүлеймен «...әуелі ақылмен ойлап, көңілді бір жерге тоқтатып алып, сонан соң тәуекелмен алуын» өтінеді. Күмән мен күдікті ой Сыздықтың да тынышын бұзғанмен, келер күнге үміт артып, тәуекел етті, құда жібертті, ендігі асыққаны қайнына бару, қалыңдығын анықтап көру, көңілінде анда-санда таныс еместік себебінен туатын болымсыз күдікті жоғалту еді.

Алайда, қалыңдығын алуға келгенде талайдан бергі арманы мен үмітінің зая кеткеніне өкінгендей болды: «Жәмила бұған әдептілік, сыпайылықты, тіпті, орынсыз жуастыққа, жасықтыққа жеткізген отсыз адам сияқты көрініп қалды және де оның алғашында сұлу көрінген көркі де сүреңсіз көрінді. Бұрын Сыздық ақ деп ойлап жүрсе, қазірде шикілі-сары сияқты. Бетінің қызылы бұрын жұқалаң ұнасымды, ақшыл қызыл сияқты еді, қазірде тұтасқан,

қаны шыққан, ең ұнамсыз жалпақ қызылдай көрінді. Денесі бұрын жіңішке, сұңғақ сияқтанса, қазірде жуан, жауырынды, икемсіз, ешбір нәзіктік белгісі жоқ сүйкімсіз сияқтанады» [2,219].

Жас жігіт өз ойымен арпалысып, көзі де, коңілі де алдайтындай сияқтанып, алас ұрды. Автор жігіттің алуан түрлі сезімге бөленіп, тұрақты байламға келе алмай дал болған кейпін тамаша суреттермен береді. Сыздықтың қалыңдық таңдаудағы аса ынтықтығы «момын, таза мінез, таза жүректі, кедей қызы» санаған Жәмилаға көз тоқтатуы, іштей сүйіп, ыстық қиялын суретіне байлауы, соңынан қалыңдығының мінез-құлқы, түр- сипаты «асығып, аласұрған қиялға, қызылды-жасылды болып қуантып жүрген жүрекке қалыңдығының қазіргі қалпы ешбір үйлеспейтіндей көрінген» күмәні, арпалыс, жан толқынысьш шығармада аса дәлдікпен, нәзіктікпен суреттеген. Сыздық бірте-бірте алған жарының бойынан ұнамсыз көп кемшілік тауьш, алабұртқан сезімі, жүрек жылуы суи бастады. Автор шығармада жар таңдаған кербез жігіттің шалыс басқан бұл оқигасына өзіндік сынын да білдіреді, сонымен қатар оның бір көрген адамға деген жылт еткен болмашы сезімді үлы күшке балап, ішін білмей, сыртын ұнатып, күпті күйге түсірген бүл жайына түсіне де қарайды. Тіпті, оқиғаның басталуыиан, сәтсіз аяқталуына дейінгі аралықта өткен әрбір оқиғаны тізбектей отыра кейіпкерін айыптан арашалауға тырысқандай көрінеді. Өйткені, Сыздық жас, талғампаз, өмірден сұлулықты, даналықты көруге үмтылады, сонымен қатар көлденең келген бөгетке қарсы түруға, жоюға дәрменсіз, әлі пісіп-жетілмеген. Бүл тұста З.Қабдоловтың: «Өз көзімен көрмеген немесе өзі сезіп білмеген шындықты жазушы творчествосында оның өз өмірбаянына (биографиясына) енбейтін бірде-бір сызық жоқ. Жалғыз-ақ бірде-бір сызық сол қалпында емес, ылғи ғана аунап түсіп отырады» [3,337] дегені ойға түседі. Бұдан қорытарымыз, М.Әуезов өз басынан кешкен бар сезім-қиялды, толғаныс-тебіреністі Сыздық арқылы көрсеткен тәрізді.

Дархан дарын иесі «Үйлену» әңгімесіндегі көкірек көтерген бос кеуде, төре жігіт Оспанның бейнесін ашуда өткір сынмен мысқылдай отыра, жігіттің жүріс-тұрысы мен сөйлеген сөзін, маңғаздығын мінейді, сатира мен юморды ретін келтіріп, орынымен іске жаратқан. Қазақтың ірі сатира зерттеушісі Т.Қожакеев сатира мен юморды М.Әуезовтің өз шығармаларында молынан пайдаланғанын дәлелдейді. Ғалымның пікірінше, Мүхтар Әуезов өзінің эпостық, драмалық шығармаларында жеке бір елес-көрініс, болмыс-құбылыс, бейне-образдарды сатиралық, юморлық әдіс-тәсілмен суреттеп, баяндап отырған.

М.Әуезов прозасы тұтас мысқылға құрылмағанымен, шығармаларының біршамасында жеке жайларды, сонымен қатар сан алуан кейіпкердерді әрекет үстінде көрсетуде, пасықтығын, дүниеқоңыздығын сынауда сықақ, әжуа мол пайдаланылған. Үйлену әңгімесіндегі қалаша киініп, сөзі мен жүріс-тұрысын қаладағы қара таяқтыларға еліктеп түзеген Оспанның әрекетін нақты детальдар арқылы көрсетеді. «Сайлаушы төре таңертеңгі шайдан соң енді гулять жасау керек деп, қыр кісілерінің бір жерде отыра беретін мінезін өзінше сөгіп, біраз жүріп келуге тысқа шыққан. Бірақ тыстың ыстығын шыққан жерден жайсыз көрсе де, қайта кіруді ыңғайсыз көріп, қасына өзінің шабарманы мен тағы бір-екі жігітті шақырып алып, ауылдагы әр нәрсені бұрын көрмеген кісідей тамашалап жүрді» дегені арқылы-ақ жігіттің ұнамсыз кейпін бере алған.

Үйлену әңгімесі «Сана» журналында жарияланып, соңына аяғы бар деп жазылады, ал осы жылы жарияланған «Сөніп-жану» әңгімесі алғашқыда «Заман еркесі» (роман) деп аталган еді. Бұл әңгімелердегі оқиға желісіне үңіле түсіп, Әуезовтің 20-жылдардағы өмір кезеңінен мағлұмат беретін естеліктер мен тарихи деректерді салыстыра отыра шындық пен көркемдік арасында тығыз байланыстылық пен тұтастықтың барына көзіміз жетеді. Екі шығырмадағы кейіпкерлердің Жәмеш және Жәмила болуы да бұл тұжырымымызды нығайта түседі. Көркем шығармадағы портрет пен пейзаж көркем әдебиет жаралғалы өмір сүріп келе жатқан, сонымен бір туған көркемдік, қажетті буын. Сондықтан да, көркем шығармада пейзаждың болмауы мүмкін емес. Көркем шығарманың предметі адам болса, шығармадағы табиғат суреті, жануарлар, заттар да адам өмірімен сабақтас, тәуелді болады. Жазушылар өз шығармаларына табиғат суретін жиі пайдаланады және оны адам мінезі мен тағдырын суреттеуге қолданады. Әйгілі ойшыл Гораций тоғай, жылға, кемпірқосақ сынды табиғат көріністерін жалаң, адамзат тағдырымен байланыстырмай суреттеудің тек нашар суреткерге тән құбылыс екенін айтқан еді. Табиғат суретін оз туындыларына ақын да, жазушы да пайдаланатыны рас, бұл ретте

М.Әуезовтің пейзаж жасау шеберлігін сез етпей ету лайықсыз. Көркем пейзаж жасаудың суреткердің дүниетанымының кендігіне, рухани және материалдық мәдениеттерді жете білуіне, бір-біріне жақындамайтын тегі басқа, тірлігі оқшау құбылыстарды орайластырып, жымдастыруға, байланыстыруға саяды. М.Әуезовтің табиғат суретін шеберлікпен, аса сырлы нәзіктікпен жаза білуі оның шығармаларының ішкі мазмұнын, идеялық сапасын да биікке көтереді. Жазушы пейзаж жасау арқылы ұлттық тіліміздің нәзік, мөлдір, терең сырларын, қасиетін ашуға да ықпал етті. Жазушы шығармаларының барлығында дерлік пейзаж бар, ол автор ойының бастамасы сияқты. Әсіресе 20 жылдардағы шығармаларында автор кейіпкерлер әрекетін суреттеуден бұрын табиғат суретін беру шығарманың алғышарты санағандай. Кей ретте шығарманың алғашқы сөйлемдері арқылы оның қандай нотамен аяқталатынын байқататын тәрізді. Мәселен, «Қорғансыздың күні» мен «Қысқы түн» әңгімесіне көз жүгіртсек, бұлар қатал қыстың ызғарлы бір күнінің суреттемесімен басталып, күнәсіз, дәрменсіз жандардың өмірінің үзілуімен аяқталады. Бұл тұжырымымыз автор шығармасында жеткізер ойын алғашқы сөйлемдерден-ақ мағлұм етеді дегенге саймайды, ол тек сезімге қатысты айтылған дүние. Керісінше, М.Әуезов алғашқы әңгімелерінде айтар ойын сабақтап, оқырманын қызықтыра отырып, әңгіме түйінінде құпия, ғажайып бір сырдың жатқанына меңзейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Майтанов Б.Қ. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: зерттеулер, эсселер. – Алматы: Жібек жолы, 2009. – 544 бет.
2. Әуезов, М. Шығармалар жинағы : повестер, әңгімелер / М. Әуезов ; құраст. Б. Әбдешев ; алғы сөз З. Қабдолов. – Алматы: Өлке, 2012. – 382,[2] б. – (Жасөспірімдер кітапханасы).
3. *Қабдолов* З. «Менің Әуезовім» .Алматы, 1997.

ЖАСӨСПІРІМДЕР БОЙЫНДА ДЕВИАНТТЫ МІНЕЗ ҚҰЛЫҚТЫҢ ПСИХОЛОГИЯСЫ

ӘОЖ 316.624

Мамбеталиева А.З.
БҚИТУ п.ғ.м, аға оқытушы
Имангалиева А.Ұ.
«Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 3курс студенті.

Девиантты мінез құлық жалпыға ортақ ережелерден ауытқитын әлеуметтік іс-әрекет, осы ережелерді бұзатын адамдар мен әлеуметтік топтардың қылықтары; қабылданған құқықтық немесе моральдық нормаларды бұзған адамның мінез-құлқы.Әлеуметтенудегі девиантты мінез-құлық тұжырымдамасын қалыптастырған француз әлеументтанушысы Эмиль Дюркгейм. Ол әлеуметтік девиацияны түсіндіру үшін аномия тұжырымдамасын ұсынды. «Аномия» термині француз тілінен аударғанда ұжымның, заңның болмауы.Тарихқа терең бойлай отырып, біз адамдардың іс-әрекеттерінің іздерін байқаймыз, бұл іс-әрекеттері қазіргі қоғамдық ғылым тілінде девиантты мінез-құлық деп аталады (өзін-өзі өлтіру, нашақорлық, басқаларға агрессивті әрекет, қылмыстық) [1]

Негізге алынатын факт ретінде, біз девиантты мінез-құлық бұл жүйелі немесе көпжақты анықтаушы (полидетерминтті) құбылыс. Аталған құбылыс пайда болғанда тарихи, макроәлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық және жеке тұлғалық факторлар бірлесе әрекет етеді.

Ғылыми пәндер салаларыныңешқайсысында да осы құбылыстарды түсіндіруге және олардың қоғамдық әрекеттерінің алдын алу шараларын даярлауға қажетті барлық ұғымдық құралдар жоқ. Тек қана жалпыға танымал ғылымдар тобы: әлеуметтану, пси-

хология, тарих, этнография, құқықтану, педагогика, психиатрия, генетика және т.б. девиантты құбылыстардыңбарлық «өлшемдерін» тұтас талдай және алынған мағлұматтарды ұйымдастыра алады. Девиация (ауытқушылық) көпшілік мақұлдаған нормалар мен белгіленген стандарттардан (моральдық, әлеуметтік, заңдық) ауытқыған мінез-құлық деп есептеледі. Психологияда адамның белсенділік деңгейін көрсету үшін іс-әрекет, қарым-қатынас, таным секілді ұғымдармен катар «мінез-құлық» термині кең қолданылады. Ауытқушылық әртүрлі формада кездесуі мүмкіндарындылар, дуаналар,тақуалар, әулиелер, қылмыскерлер және т.б.Өз көзқарастарының басты ой желісін ескере отырып, В.Д.Менделевич кітабында мынандай анықтама береді: «Адамның девиантты мінез-құлқы қоғамда қабылданған нормаларға қарсы келетін және психикалық үрдістердің теңсіздігінде, бейімсіздікте, өзін-өзі актуальдендіру үрдісінің бұзылуы кезінде және өзінің мінез-құлқына эстетикалық және өнегелі қадағалаудан ауытқу кезінде пайда болатын қылық жүйесі немесе жеке қылық болып табылады» [3] деген.

Қазіргі кезде девиантты мінез-құлықты зерттеу екі бағытта қарастырылады: біріншісі —- психикалық денсаулықнормасынан ауытқыған мінез-құлық ретінде (жүйке аурулары психосоматикалық бұзылулар, патологиялық күй және т,б.); екіншісі «әлеуметтендіру -- дезадаптация — оқшаулау» құқықтық, мәдени және әлеуметтік нормаларды бұзуымен байланысты әлеуметтікке қарсы мінез-құлық.

Девиацияның ең айқын көрінісіне делинквентті (құқыққақарсы) және криминалды (қылмыстық) мінез-құлық жатады. Психологиялық сөздікте девианты мінез-құлық«адамның белгілі бір қоғамда бекітілген немесе қалыптасқан нормалар мен үміттерге сай келмейтін іс-әрекеті, қылығы» деген мағынада берілген. [2] Сондықтан да ауытқыған мінез-құлық психология, педагогика, психиатрия секілді ғылымдардың зерттеу нысаны болса, әлеуметтік құбыдыс ретінде әлеуметтану, құқық, әлеуметтік психология ғылымдарының зерттеу пәні болып табылады.

С.А.Беличева девиантты мінез-құлықтағы әлеуметтік ауытқуды былайша топтастырады:

а)пайдакүнемдік бағыттар: материалдық, қаржылық, мүліктік пайда табуға ұмтылумен байланысты заң бұзушылық, теріс қылық. Бұлар: ұрлық, тонау. Алыпсатарлық, алаяқтық және т.б.;

ә) қастандық бағыттар: жеке тұлғаға карсы бағытталған әрекеттер: тіл тигізу, бұзақылық, ұрып соғу, өлтіру, зорлау және т.б.;

б)әлеуметтік енжар түрлері: белсенді өмір салтынан қашқақтау, азаматтық міндеттерден бас іарту; жеке және әлеуметтік мәселелерді шешуге құлықсыз болу. Бұл топқа жұмыстан, оқудан бас тарту,т.б [3]. Ғылыми бірлестікте девиантты мінез—құлықтың пайда болу себептері туралы пікірлестік жоқ. XX ғасырдыңбасында девиацияның себептері туралы биологиялық және психологиялық тұжырымдар кең тарады. Италиялық дәрігер Ч. Ломброзо адамның асоциалды мінез-құлқы мен биологиялық ерекшеліктерінің арасында тікелей байланыс бар деп есептеген. Американдық психолог У.Х. Шелтои адамнын дене бітімі оның мінез-құлқын анықтайды деп есептеген. Оңалту орталығында 200 ұл балаға жүргізілген зерттеуге сүйеніп, Шелтон девиацияға атлеттік дене бітімі бар адамдар анағұрлым бейім деген қорытынды жасайды. Кейіннен психологиялық тұжырымды қолдаушылар девиацияны психикалық ерекшеліктермен (психиканың тұрақсыздығымен, эмоционалды ерікті саланың дамымауымен) байланыстырды.

Ауытқыған мінез-құлық табиғаты әртүрлі. Мінез-құлықтағы бұзылулар тұлғаның ерекшеліктерімен тығыз байланыста қарастырылады.

Абрумова А .Г., Жезлова Л.Я. девиантты мінез-құлық түрлерінің, әлеуметтік психологиялық тәсілге негізделген, тұжырымын ұсынады. Олар балалар мен жасөспірімдердегі девиантты мінез-құлықтың негізгі төрт түрін бөліп көрсетеді:

1. Тәртіпке қарсы мінез-құлық;
2. Антиәлеуметтік (қоғамға қарсы);
3. Делинквентті (құқыққа қайшы келетін);

4. Аутоагрессивті мінез-құлық.
Девиантты мінез-құлықтың тәртіпке қарсы түріне оқу-тәрбиелеу жеке мәселе ретінде қалыптасқан режим мен тәртіпті бұзу жатады, мысалы: сабақтан күнделікті қалу, оқу тапсырмаларын орындаудан бастарту және т.б. [4]

Мінез-құлықтьщ патологиялық емес формаларына микро-әлеуметтік караусыз калу және бас тартудың, карсы шығудың. имитацияның ситуативтік *м*інездік реакциялары, құрдастарымен топтасу, эмансипация, үйден қашу, құмарлық. компенсация және гиперкомпенсация, жас кезінен жезөкшелікке салыну және т.о. жатады. Тәрбиелеудің қолайлы жағ-дайларында жасөспірімдердің жоғарыда көрсетілген ерекшеліктерін лайык. әлеуметгік жағымды әрекеттің көмегімен жоюға болады. Әлеуметтік қолайсыз жагдайларда бұл ерекшеліктер зиянды ыкпалды өршітіп, негативті бағыт алады.
Девиантты мінез-құлықтың сыртқы физикалық жағдайларына климаттық, геофизикалық, экологиялық факторларды енгіземіз. [4] Мысалы, шу, геомагниттік, өзгеріс, таршылық, т.б жағдайлар үрей туғызып агрессивті және басқа да қажетсіз мінез-құлықтың көрінуінің бір себебі болады. Сонымен бірге әлеуметтік орта әсерлері де өз ықпалын тигізеді:
үрдістер (әлеуметтік-экономикалық жағдай, мемлекеттік саясат, салт-дәстүр, бұқаралық ақпарат құралдары, т.б.);
тұлға бар әлеуметтік топ мінездемесі(этикалық құрылым, әлеуметтік мәртебе, референтті топ,); микроәлеуметтік орта (отбасының өмір стилі және деңгейлері, отбасындағы өзарақарым-қатынас типі, отбасындағы тәрбие стилі, достар, басқа да маңызды адамдар).

Қорыта айтқанда, девиантты мінез-құлықты балалармен тәрбиелік жұмыстарын жүргізуде римдік философ Сенеканың: «әрбір адам өмірінің тек кейбір жақтарын ойлап талдайды, бірақ ешкім жалпы өмір туралы ойланбайды» деген ой-пікіріне сүйене отырып, девиацияға коррекция жасаушы әрбір маман ұстаз, баланың тек кейбір мінездік кемшіліктерін түзетіп қана қоймай, оларды, қоғамдық өмірдің талаптарымен ұштасқан дұрыс қарым-қатынас жолына қайтып әкеліп, ары қарай қалыптаса дамуына, әлеуметтенуіне көмектесуі қажет. Бұл педагогикалық іс-әрекеттер мазмұны, қоғам өмірінде бекіген адамгершілік қадір-қасиеттер мәнімен, талаптарымен тікелей байланыстыра, адамдар арасындағы қарым-қатынастар (достық, жолдастық, туыстық, сүйіспеншілік, махаббат т.б.) [5] нормаларымен ұштастырыла жүзеге асырылғанда, балалар бойында девиантты мінез-құлықтың өріс алмауына және оларды мектеп қабырғасынан бастап әлеуметтендіруге мүмкідік жасалады

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. Алматы: , 2007
2. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.
3. Кондратенко В. Т. Девиантное поведение у подростков: Социально-психологические и психиатрические аспекты. Минск, 2008.
4. Глинский Я.И., Афанасьев В.С. Социология девиантного поведения. СПб., 2003.
5. Ж.Аймауытов.Психология оқу құралы.Алматы.2004 ж.

ТҰЛҒАНЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ МӘСЕЛЕСІ ЖӨНІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

ӘОЖ 37.022

Қабди Ж.С.
БҚИТУ магистрі, аға оқытушы.
Кенжетаева С.А.
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиеле» білім беру бағдарламасының 3 курс студенті.

Әлемдік өркениеттену барысында тұлғаны дұрыс жолда әлеуметтендіру мәселесі педагогика және психология ғылым салаларында өзекті болып табылады. Оның себебіне

қоршаған ортада адам баласына әсер ететін факторлардың атап айтқанда түрлі ақпараттардың кеңдігін атап өтуге болады. Адам - әлеуметтік тұлға. Адам дегеніміз белсенді түрде әрекет етуші, өзінің өмір сүру жағдайларын өзгертуші әлеуметтік субъект, әлеуметтік ақыл-ой және әлеуметтік сезім иесі. Ол өмірге келгеннен бастап әр түрлі әлеуметтік маңызды жағдайлардың қатысушысы болады.

Әлеуметтену – негізгі мәні бойынша, жарық дүниеге келген бала адамзат мәдениетін игеруге бағдарланған өзін-өзі дамытып, өзінің тұлғалық – психологиялық ерекше қасиеттерін, сондай-ақ қоғамдық өмірге араласуына мүмкіндік беретін әлеуметтік маңызды қасиетерді, білім мен білікті бойына жинақтаған тең құқылы тұғаға айналдыру жолы. Сондықтан әлеуметтену дегеніміз, индивидтің әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу процесі, осының барысында қоғам тұлғаны тәрбиелеу, білім беру, мәдениетке ұмтылдыру арқылы оған тұлғаға тән әлеуметтік мәні мол қасиеттерді сіңіреді.

А.Н.Леонтьев адам әлеуметтенудің бүкіл үрдісінде көптеген іс-әрекет түрлерімен айналысуында қалыптасатындығын атаған болатын. Мұнда үш негізгі маңызды процесс өтіледі. Біріншіден, бұл әрбір іс-әрекет түрінде болатын және оның түрлері арасындағы байланыс жүйесінде бағдар болады. Ол әр тұлға үшін маңызды іс-әрекет аспектісін анықтауы, игеруі болып табылады. Осындай бағдардың жемісі ретінде іс-әрекетті тұлғалық таңдау деп атауға болады. Оның негізінде екінші үрдіс туындайды, яғни - негізгі таңдалған іс-әрекет төңірегінде орталықтану және басқаларды оған бағынышты ету. Үшіншіден, іс-әрекетті жүзеге асыру барысында тұлға жаңа рольдерді игеріп, олардың мәнділігін игереді. Осындай жаңартулардың қысқаша мәнін іс-әрекет жүйесіндегі дамушы индуктивті көрсетуде оның іс-әрекет субъектісі ретіндегі мүмкіндіктерінің кеңею үрдісі айқындалады. Осы мәселе тұрғысындағы зерттеулерде мақсатты білім алу үрдісін қарастыру негізгі сауалдарды құрайды [1].

А.В. Мудрик, А.Л. Свенцицкий шетелдік және отандық психологиялық ғылымда қалыптасқан адамды әлеуметтендірудің ең «салмақты» тұжырымдамаларына шолу жасайды.

А.В. Мудрик педагогикада әлеуметтендірудің негізгі факторларын үш топқа біріктіріп көрсетеді.

- планетаның барлық тұрғындарын немесе белгілі бір елдерде өмір сүретін адамдардың өте үлкен топтарын әлеуметтендіруге әсер ететін макрофакторлар (ғарыш, планета, әлем, ел, қоғам, мемлекет);

- мезофакторлар (мезо - орташа, аралық) - ұлттық белгісі бойынша бөлінетін адамдардың үлкен топтарын әлеуметтендіру шарттары (этнос әлеуметтендіру факторы ретінде); олар тұратын мекен орны мен типі бойынша (өңір, ауыл, қала, кент); аудиторияға жататындығы бойынша бұқаралық коммуникация желілері (радио, теледидар, кино және т. б.);

- микрофакторлар, оларға нақты адамдарға тікелей әсер ететін адамдар жатады: отбасы, құрдастар тобы, микросоциум, әлеуметтік тәрбие жүзеге асырылатын ұйымдар - оқу, кәсіби, қоғамдық және т.б. [2].

А.И.Ковалеваның пікірінше, әлеуметтендірілген норма индивидтің қоғамға кірігуінің қалыптасқан, әрі реттелген әлеуметтік механизмін көрсетеді, адамның жас мөлшері мен жеке даралық психологиялық мінезін ескерген тұлғалық дамудың бағыт алуы деп түсіндіреледі. Ол әлеуметтену нормасының үш түрлі типін ажыратады: идеальді, нормативті, шынайы жағдай. Әлеуметтену нормасының идеальді типі тұлғалық дамуға бағытталған қоғамдық идельдармен анықталады. Бұл – шынайы жағдайдан алыс бірақ соған жақындастырылған тип. Көбінесе манфест, саяси бағдарламалар т.б. құжаттарда идеологиялық немес тәрбиелеу мақсаттарында идельді тип әлеуметтенуі қолданылады. Нормативті әлеуметтену индивидтің қандай болу керек, оған сәйкесінше әлеуметтік институар индивидтің қоғамға интеграциялануын қамтамасыз ету шараларын көрсетеді. Шынайы әлеуметтену – қоғамдағы адамдардың нақты жағдайда әлеуметтенуінің жиынтығы. Шынайы әлеуметтену нормативті типке ұқсас, кейде қарама-қарсы болып та кездесе береді. Әлеуметтенудің бұл түрі түрлі бағытта болуы мүмкін. Ол адамның қоғамдағы орны, әлеуметтік мәртебесі, құндылығы т.б. сияқты обьективті немесе субьективті себептердің әсерінен болады [3].

Мәселен Г.М. Андреева әлеуметтендіру дегеніміз екі жақты процесс, ол өзінің мазмұнына, бір жағынан, индивидтің белгілі бір әлеуметтік ортаға еніп, онда жинақталған әлеуметтік тәжірибені меңгеруін, екінші жағынан, индивид өзінің белсенді іс-әрекетінің ықпалымен әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінің ұдайы толықтырылып отырылуын қамтамасыз ете алуы әлеуметтік ортаға белсенді түрде қосылуы, - деп түсіндіреді. Оның пікірінше, әлеуметтендіру процесінің бірінші жағы - әлеуметтік тәжірибені меңгеру - бұл ортаның адамға тигізетін ықпалын сипаттаса, онда оның екінші жағы әлеуметтенген адамның өзінің саналы іс-әрекетімен өзін қоршаған ортаны өзгертуге бағытталған белсенділігін танытады. Адам тек әлеуметтік тәжірибені меңгеріп қана қоймайды, оны өзінің саналы өмірінде жаңа мазмұнмен толықтырады, қажетіне жаратады [4].

Қазақстанның көрнекті психологы Қ. Жарықбаевтың айтуынша, жаңа туған нәресте «адам» деп аталғанымен, «тұлға» деген атқа көпке дейін ие бола алмайды. Өйткені, кісі болып, ер жету үшін бала оңы мен солын, өзінің «менін» басқа «мендерден», яғни басқа адамдардан ажырата білуі тиіс [5].

Көптеген зерттеулерде әлеуметтену адекватты тұлғаның өзін-өзі бағалауы өзін қоғам үшін және оның алдында өз міндеттерін саналы қабылдауын, толыққанды әлеуметтік белсенді дамуын белгілеуде мәнді орынға ие. Зерттеулер тәжірибесінде өзін-өзі бағалаудың құрылуын екі факторға анықтап көрсетеді. Олар: біріншіден, сыртқы фактор - әлеуметтік орта, қоршаған аймақ, іс-әрекеттегі сәттіліктер мен сәтсіздіктер. Ал екіншіден, ішкі адамның индивидуалды-психологиялық ерекшеліктері. Осы ішкі және сыртқы факторлардың адам дамуы үшін қолайсыз қатынасы негізінен адекватты емес өзін-өзі бағалауы қалыптасып, адамның тұлғааралық қарым-қатынас жасау барысына, іс-әрекеттегі сәттілігін, қоғамдағы орнын анықтауда өз септігін тигізді. «Мен» құрылымы өмір барысында қоршаған ортамен өзара әрекеттесу арқылы дамиды. Былайша айтқанда, бала психологиясы әлеуметтік сезімтал және оның когнитивті және перцивтивті қабілеттері даму мөлшеріне байланысты «Мен – концепциясы» мазмұны көп дәрежеде әлеуметтену үрдісінің жемісі болып табылатындығын көрсетеді.

Ғалым А.С.Иргалиев «Тұлғаны әлеуметтендіру» атты өзінің монографиясында жасөспірімдердің әлеуметтендіру үдерісінің қиындықтарын зерделей келе, нәтижелі әлеуметтендірудің бағыттарын атап көрсетеді.

1. іс-әрекеттің педагогикалық бағыты – мұнда баланың өзі туралы оң пікірінің қалыптасуына, дара қайталанбас тұлға екенін сезінуге жан-жақты жағдай жасау;
2. әлеуметтік – психологиялық бағыты, яғни өзіндік сана мен өзіндік «Менін» қалыптастырумен қатар, кәсіби бағдарға көңіл бөлу қажеттілігі;
3. түзету-дамыту бағыты – жасөспірімдерді жетістікке жетуге бағыттайтын дағдыларын қалыптастыру [6].

Негізгі әлеуметтену феноминдеріне мінез-құлық стереотиптерін игеру, іс-әрекеттерде әлеуметтік нормаларды меңгеру, ұлттық дәстүрлер мен қызығушылықтар және құндылықтарды игеру жатқызылады. Әлеуметтік құндылықтар мен әлеуметтік тәжірибе терең меңгерілген сайын, әлеуметтік байланыстар кеңейген сайын, соғұрлым адамның жеке өмірі, өзін-өзі таныту және өзін-өзі жетілдіру мүмкіндігі, яғни өз бейімі мен мүмкіндіктерін көрсетуі мол болады.

Әр адам қайталанбас тұлға болып есептеледі, сондықтан адам адамгершілік қарым-қатынасқа құқылы. Әлеуметтендірудің мәні адамның қоғамға бейімделіп жекеленуі болып табылады. Тұлғаны әлеуметтік ортаға енгізу – әлеуметтік қатынастың жалпы жүйесіне, ортасына қарай әлеуметтік бейімделуін қалыптастырады маңыздылық танытады. Ал тұлғаны әлеуметтендіру үшін тек қана қоғам ғана емес, ең алдымен әрбір адам өзі белсенді рөл атқарғаны абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Леонтьев А.Н. Деятельность.Сознание.-Личность. -М.: 1977. -345с.
2. Мудрик А.В. Социализация и воспитание. – М.: Сентябрь, 1997. 95,[1] с

3. Ковалева А.И. Социализация личности: норма и отклонение. – М.: Голос, 1996. - 222,[1] с.
4. Андреева Г. М. Социальная психология. М., 1988. - 362, [1] с
5. Жарықбаев Қ.Б. Жалпы психология. Алматы: Эверо, 2004. **– 378 б.**
6. Иргалиев А.С. Тұлғаны әлеуметтендіру. Монография. Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2019. -113б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

ӘОЖ 373.211.24

Сатыбалдиева А.М.
БҚИТУ, педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Утегенова М.А.
«Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» ББББ 3 курс студенті.

Қазіргі таңда еліміздегі оқу-тәрбие жұмысына байланысты болып жаңартулар білім мен тәрбие жұмысын қайта қарауды міндеттейді. Бүгінгі таңда тиянақты біліммен жан-жақты қаруланған ұрпақ тәрбиелеу қажет екендігі белгілі. Сондықтанда білім мазмұнын жаңарту мақсатында түрлі ізденістер жасауда. Бұл міндет қарым-қатынас жасауға, танып-білуге талпыныстың пайда болуына жетелейді.

Қарым-қатынас – адамның рухани, қоғамдық және дара көріністерін танытатын маңызды орта, адамдардың өзара түсінісуінің құралы. Қатынастың әлеуметтік психологиясының негізі – адамдардың арасындағы, адамның өзімен және дүние құбылыстарымен ешқашанда тоқталмайтын процесс.

Зерттеушілердің (В.А.Крутецкий, А.Н.Леоньев т.б.) қабілетке берген анықтамаларынан қабілеттің белгілі бір нақты іс-әрекет пен анықталатын жеке тұлға қасиеттерінің жиынтық екенін көреміз. Осы жеке тұлғаның қасиеттерін қарым-қатынас жасауда да қолдана білу қажет.

Қатынас дегеніміз – белгілі мәні бар, айтылатын ой пікірді, сезім күйі мен эмоцияны басқа адамдарға білдірудің тәсілі. Айтылатын ой-пікір, сезім күйі мен эмоцияны басқа адамдарға білдіру үшін арнайы қабілеттер, яғни коммуникативтік қабілеттер қажет.

Олай болса, оқушыларды өз ой – пікірін, сезім күйі мен эмоциясын басқа адамдарға білдіруге үйрену үшін олардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту қажет.

Сондықтан тәрбиеші үшін коммуникативтік қабілет туралы ғылыми әдістемелік түсінігі терең болып, оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту жұмыстарын толық өз мәнінде жүргізе алудың маңызы зор.[1; 382]

Тілдік коммуникация туралы мәселені қарастырмастан бұрын, «коммуникация» немесе «коммуникативтік» терминдері қандай мағынаны білдіріп, қалай қолданылатындығы жөнінде айта кеткен жөн.

Мәселен, 1980 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрген «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінің» 5-томында осы түбірге қатысты бір ғана сөз берілген. Ол – «коммуникация» сөзі. Мұнда айтылған анықтаулар мен мысалдар «жол қатынасы», «байланыс» деген ұғымды көрсетеді. Мысалы: «Коммуникация» - зат. Қатынас, байланыс, жол қатынасы. Коммуникациялар айқұш-ұйқыш кесіп өтті. Партизан отрядтары жаудың коммуникацияларына күшті әрекет жасаумен болды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Әскери Теңіз флоты жаяу әскерге көмек жасап, олардың жағалаудағы және өзінің соғыс-теңіз базалары мен коммуникацияларын қорғады.

1959 жылы шыққан қазақ тілі сөздігінің бірінші томында «коммуникация» сөзі берілмеген. Бұл сөздікте «коммуникациялық» деген сын есім көрсетіліп, оған қысқаша түсініктеме айтылған. Мысалы «Коммуникациялық»-сын. Қатынастық, қарым-қатынастық.

«Коммуникация» ұғымы бұдан басқа да бірнеше мағынаны білдіреді.

Адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас деген ұғымды білдіру арқылы бұл сөздің мағынасы әлдеқайда кеңейеді. Сонымен қатар «Коммуникация», «коммуникативтік» ұғымы соңғы жылдары лингвистикада ғана емес, одан басқа да барлық ғылым салаларында кеңінен қолданылып келеді. Бұл сөздің тілге, сөйлеуге қатысты алғашқы мағынасы «қарым-қатынас»,тіл арқылы түсінісу, пікірлесу дегенге саятын болса, кейінгі кезеңдерде бұл ұғым одан әлдеқайда тереңдей түсті.Мәселен, тілдік коммуникация – тіл арқылы сөйлесу, ұғынысу дегенді білдірсе, қоғамдық коммуникация – қоғамдық байланыс, қоғамдағы қарым – қатынас дегенді аңғартады, ал саяси коммуникация – саяси өмірдегі байланыс, саясатқа қатысты қарым – қатынас дегенді байқатады. [2; 443]

«Коммуникативтік» ұғымына қатысты зерттеу еңбектерінде оның қарым – қатынас құралы, сөйлеуге байланысты қасиеті баса айтылады. Мұның өзі сөздің, ең алдымен, тілдік қарым – қатынасқа, екіншіден, адамдардың өзара ұғынысуына, бірін – бірі түсінуге негізделетінін дәлелдейді. Коммуникация арқылы адамдар бір – біріне ойын жеткізіп, белгілі бір нәрсені хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар олар өзара түсініседі, пікір алмасады, бірінің ойын екіншісі ұғады. Екі адамның бірінің жанын бірі ұғуы бір топтың түсінісуіне, ал топтың пікір алмасуы қоғамның жетілуіне әкеледі. Осыдан барып, адамзат тілінің әрі қоғамдық, әрі әлеуметтік функциясы көрінеді, «коммуникативтік» ұғымның әлеуметтік сипаты осыдан келіп шығады.

«Коммуникативтік» ұғымы қоғамдық – әлеуметтік мәні бар тілдік қатынас деген ұғымды білдіреді. Қоғамнан тыс адам болмайтыны сияқты, адамнан тыс тіл де болмайды. Бірақ ол тіл – жеке адамның тілі емес, белгілі бір қоғамда өмір сүруші адамдардың өзара түсінісу, сөйлесу құралы. Сондықтан тіл әрі қоғамдық, әрі коммуникативтік қасиетке ие болады.

«Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Осыдан барып «коммуникабельді» - тез тіл табысатын, түсінуге, сөйлесуге, бейім, «коммуникабельдік» - түсінушілік т.б. деген сияқты сөздер пайда бола бастады.

Сонымен, «коммуникация» - қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді.

Іс-әрекет – бұл қарым-қатынас, ұжымның өздігінен істеушілік және ішкі процесінің көзі, нақты мақсатқа жету. Іс-әрекетттің барысында қарым-қатынас дамиды.

Қарым-қатынас – бұл адамға адам қажеттіліктерін қанағаттандыру. Сондықтан педагогикалық ұжымның міндеті – жеке адам қарым-қатынас жасаудың негізінде басқа адамдармен бірігіп, қуанышты көңіл күйін жеңілмейтін тілекті сезуі тиіс.

Мектепке дейінгі жастағы баланың рухани – адамгершілік дамуы балабақшасы мен отбасы арасындағы қарым- қатынастың тығыздығы артқан сайын ойдағыдай жүзеге асады. Әрбір бала қандай да болмасын бір міндеттіорындау үшін, өзіндік ерекше жағдайлар жасалады. Мәселен, ойында ұнамды әдеттер, өзара қарым – қатынастар, адамгершілік сезімдер қалыптасады, еңбекте еңбек сүйгіштік, үлкендер еңбегін құрметтеу, сондай – ақ қасиеттер, жауапкершілік, парыздың сезімі сияқты қасиеттер, патриоттық сезімдер жайлы мағлұматтар қалыптасады.

Рухани – адамгершілік тәрбие – дұрыс дағдылар мен өзін – өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым – қатынас мәденитінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез – құлқы мен ісәрекетін анықтайды. [3; 336]

Мектепке дейінгі адамгершілік тәрбие – балалардың адамгершілік сана – сезімін, мінез – құлқын қалыптастыруды қамтиды. Дәлірек айтқанда, адалдық пен шыншылдық, адамгершілік, кішіпейілділік, қоғамдағы және өмірдегі қарапайымдылық пен спайылық, үлкенді сыйлау мен ибалық адамгершілік тәрбиесінің жүйелі сатылап қамтитын мәселелері. Адамгершілік тәрбиесінің әрқайсысының ерекшеліктерін жетік білетін ұстаз халық педагогикасын ғасырлар бойы қалыптасқан салт – дәстүрлерді, әдет – ғұрыпты жан – жақты терең білумен қатар, өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық

кезеңдерінде пайдаланғаны дұрыс. Ата – ананың болашақ тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іліеді» дегендей, ата – ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы балаға үлкен сабақ. Жас балалардың үлкендер не айтса, соны айтататынын, не істесе соны істегісі келетінін бәріміз де білеміз. Баланың үйден көргені, етене жақындарынан естігені – ол үшін адамгершілік тәрбиесінің ең үлкені, демек жақсылыққа ұмтылып, жағымды істермен айналысатын адамның айналасындағыларға көрсетер мен берер тәлімі мол болмақ.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педогогикалық міндеттері- балалардың белсенді өміршіл позициясын, қоғамдық борышқа сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік нормаларынан ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басын қалыптастыру мен дамытудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы оқушының ата-анаға, қоғамға, Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Тәрбиелі ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі, бұл бағытқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттердің ізгі ниеттілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады.

Адамгершілік тәрбиесі бірнеше міндеттерді шешуге көмектеседі:

- Өмір талабына сай қоғамның моральдық нормасын орындауға лайықты шәкірттерді тәрбиелеу;
- Баланың бойында адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- Баланың санасына және мінезіне ұстаздық ықпал жасау;
- Отанға, халқымызға, еңбек және қоғамдық іс- әрекетке жауапкершілік сезімін күшейту;

Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін тәрбие шаралары балалардың жас ерекшеліктеріне, қызығушылығына лайықты жасалады.[4; 298]

Адамгершілік тәрбиесі оқу- тәрбие үрдісінің барлық салаларында, яғни оқыту, білім беру барысында және еңбек үрдісінде жүзеге асырылады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік нормаларын құр жаттап алу жеткіліксіз, оны терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру және толғануды мінез- құлыққа бекіту керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ж.Б.Қоянбаев , Р.М.Қоянбаев «Педагогика» -Алматы 2002, 382 бет
2. Ж.Әбиев, С.Бабаев , А.Құдияров «Педагогика», Алматы «Дарын» -2004,443бет
3. Жұмабекова.Ф.Н. Мектепке дейінгі педагогика.- Астана: Фолиант, 2008.-336 бет
4. Мұсаева С.А., Бегалиев Т.Б. “Жас ерекшелік педагогикасы” - “Фолиант” баспасы Астана – 2006 ж. 298 бет

ТАБИҒАТ ТУРАЛЫ ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ СЕМАНТИКАСЫ

ӘОЖ 808.5

Сисембаева М.К.
Магистрант Ақтөбе қ.

Тілімізде көкейге қонымды, орамды әр түрлі тұрақты сөз тіркестері кездеседі. Санадағы ойды саралап жеткізетін бұл тілдік бірліктерді халқымыз орынды пайдалана біледі. Тұрақты сөз тіркестерінің әрқайсы да халықтың сөйлеу тілінің негізінде пайда болғандықтан, халық дүниетанымына, табиғатына әсер етіп, бай мазмұнды болып келеді. Адамдардың өмірге көзқарасын, танымын, ақыл ойы мен түсінігін танытуда тұрақты тіркестердің алатын орны зор.

Әр тілдің өзіне тән мәдениеттілігі мен құдіреттілігін, тілінің мазмұндылығы мен маңыздылығын танытатын қазынасы – тұрақты сөз тіркестері. Оларды тілге ерекше реңк беретін, ерекше ажар беріп, өтірлік сипатын арттыратын ерекше құрал деуге болады.

Қай халықтың да ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын ұлттық мұрасы оның әдебиетінен көрініс табады. Қазақ тіл білімінде фразеологияның жалпы проблемалары бүгінгі күні

түбегейлі зерттеліп, өзінің тиянақты шешімін тапты дей алмаймыз. Бұл категория әлі күнге дейін лексикалық тұрғыдан зерттеліп келеді.

Көркем әдебиеттегі, соның ішінде прозадағы тұрақты тіркестерді стильдік тұрғыда қарастыруда жазушылардың шығармашылығындағы фразеологиялық оралымдардың қолданылуына назар аудару керек. Кез келген автор тұрақты сөз тіркестерін белгілі бір мақсатта, дайын қалыпта немесе өзгерте отырып қолдану арқылы, басты ойды ашып көрсетеді.

Жазушылардың дара стилі мен ерекшеліктерін танытатын фразеологизмдерді авторлық қолданыстағы фразеологизмдер деп атайды. Оларды бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады.

1. Фразеологизмдердің құрамындағы сөздердің орындарының ауысып, инверсия құбылысына ұшырауы. Мысалы: *Еңкейген күннің сәулесімен жалтырап жатқан айдынына қарасаң, кеудедегі жүрегің тыпыр-тыпыр еткендей болады*. Бұл мысалдағы **күн еңкейді** тұрақты тіркесі **еңкейген күн** деп ауысып тұр.

2. Кейбір кезде қаламгердің өзінің ыңғайына байланысты фразеологизмдердің құрамына жаңа сөз қосылуы мүмкін. Мысалы: *Байып бара жатқан күннен өзенге өрт тарағандай*. **Күн байыды** деген фразеологизм инверсияға ұшырауымен қатар, өзінің құрамына **бара жатқан** деген жаңа сөзді қосып алған.

3. Автор фразеологизмнің құрамындағы кей сөздерді түсіріп те қолдануы мүмкін.

4. Бір сөйлемнің ішінде бірнеше фразеологизмнің қатар қолданылуы. Мысалы: *Бетіндегі боз қырауды алақанымен бір сипап тастап, сары табан қарды сықыр-сықыр басып келе жатқанын көрді де, бұл шапанын жамылып, көрші үйге кетіп қалды*.

Ғалым Г.Н. Смағұлова авторлық қолданыстағы мағыналас фразеологизмдер жайында:

1) Егер сөйлемде бірнеше мағыналас фразеологизм кездессе, онда олар амплификациялық қатар түзеді. Екі-үш қатарлы мағыналас фразеологизмдер кездесетін болса, онда кез-келген бір қатары авторлық фразеологизм бола алады.

2) Фразеологизмдердің құрамындағы лексикалық варианттардың үлгісі әрдайым өзгеріске ұшырап отырады. Мысалы: түкірігі жерге түспеу/қақырығы жерге түспеу.

3) Мағынас фразеологизмдердің қатарындағы авторлық қолданыстардың жасалуында сыртқы дыбыс үйлесімділігі байқалады.

4) Авторлық қолданыстардағы фразеологизмдердің мағыналарынан ұлттық ойлаудың ерекшеліктерін байқауға болады. Сол себептен, олар кейіннен фразеологиялық қорға қосылуы мүмкін [1,138].

Прозада кейіпкерлер жан дүниесі мен психологиялық күйін білдіру үшін авторлар тұрақты тіркестерді жиі қолданады. М. Әуезовтің «Қаралы сұлу» атты туындысында Қарагөз бейнесі, оның ішкі сезімі табиғатпен қатар алына отырып, суреттелген. *Іште – ыстық сезім, қарсы соққан салқын леп...*

Көптеген жазушылар табиғатты, оған жан бітіре отырып, оны адамдарға тән қимылдар мен әрекеттермен байланысты образдар жасау арқылы суреттейді. Олардың бірі – Оралхан Бөкейханов [2,150].

Мысалы: *Алдымен төпеп тұрып қар жауады да, артынан жел соғады ұлып. Күн нұры қар шыршықтарымен сүйісіп, қылмыңдап, көз қарықтырар әдемі бір қылықпен ойнайды. Аспан шайдай ашық еді... Сонау қарашадан басталған суық жел бір аптадай атына қайта мініп, жұқалау жауған қарды сай-сай, бұта-қарағанның түбіне айдап тастаған*

Бұл мысалдардағы **ыстық, суық, жылы** сияқты ұғымдар адамның санасына әсер ету мақсатында кейіптеніп, эмоционалдық реңк тудыру үшін, барынша жанданып қолданылуда.

Тіліміздегі қолданылып жүрген тұрақты тіркестердің бір тобын табиғат туралы тұрақты тіркестер құрайды. Олар атқаратын қызметтер тіліміз үшін өте маңызды әрі ерекше. Жаны жоқ нәрселерге, жан беріп, табиғат құбылыстарын жанды образдарға айналдыру да тұрақты тіркестердің осы бір тобында ккрініс табады. Мысалы: *Жел гулеп соғып, ұйтқып ойнаған*

боран атты кісінің өзін алып ұратындай үдей түсті. Аяғың тайып құлап түссең бас салып сабалап, ақ түтегімен көміп тастардай ашулы .

Айналадағы болып жатқан түрлі құбылыстар адам өміріне тікелей байланысты болғандықтан, сол құбылыстар адамның санасында затты ұғым тудырады. Сол сияқты, табиғат құбылыстарына жататын жауын-шашынның түрлерін, нөсерді суреттеген кезде бейнелі тұрақты тіркестерді орынды пайдалана білген.

Жауын-шашындарды жаууы мен қозғалысына, сипатына байланысты әр түрлі атайды. Олардың түрлері ақ жауын, нөсер, өткінші жауын, қар аралас жауын, мұздақ жауын сияқты түрлері болады. Осындай табиғат құбылыстарын күнделікті өмірмен байланыстыратын тұрақты сөз тіркестері жиі қолданылады. Жауын-шашын түрлеріне қатысты көркем әдебиетте де, ауызекі сөйлеу тілінде де бейнелі фразеологизмдер жиі кездеседі.

Ақ жауын. Ақ деген ұғым қашан да болсын тазалықтың, пәктіктің белгісі болып саналады. Қазақ халқында ақ түске қатысты *ақ отау, ақ неке, ақ бесік, ақ бата, ақ босаға* сияқты ұлттық танымды, дүниеге көзқарасын ашық танытатын ұғымдар көп. Табиғатта кездесетін әр түрлі табиғи құбылыстардың белгілері мен сипаттарына байланысты көптеген тұрақты тіркестер бар. Мысалы: *Көк тіреген таулардың ақ қар, көк мұз жамылған шыңдары көрінбей кетті.*

Бұл мысалдағы **ақ қар, көк мұз** тіркестері қыстың аязды кезі айтып тұр. Сонымен қатар, тіліміздегі **ақ жауын** – ұзақ жауатын, өте майда жауатын жаңбырдың бір түрі; **ақ тұман** немесе **ақ сүт тұман** – ақ бұлттай ұйыған тұман сияқты тұрақты тіркестер бар [3,169].

Қара нөсер. Нөсер деп аз уақытта қатты екпінмен жауып өтетін жаңбырды айтады. Жыл мезгіліне байланысты ақ нөсер, қара нөсер, көк нөсер деп бөлінеді. Мысалы: *Шамасы, сірә, мына аспанның да қары, жауыны, қара нөсерімен бірге осындай ала бұлтты ызғырық шағы да болатыны ғой.*

Қазақ тілінде синонимдес сөздерді бірін бірінің орына қолданып жұмсалатын вариант фразеологизмдер бар. Оларға: *күн жуды – әуе жауды, аспан шайдай ашық – әуе шайдай ашық, ауа айналып жерге түсердей – аспан айналып жерге түсердей – әуе айналып жерге түсердей* тұрақты тіркестерді жатқызуға болады. Мысалы: *Үшінші күні таңертең оянғанымызда, аспан тұтасып бұлттанып күн жауып тұр екен . Сонан табандатып тоғыз күн күн жауды*.

Жауындардың екпініне, көлеміне, ұзақтығына байланысты тілімізде **аспан тесіліп кеткендей, шүмектеп құйды** сияқты сөз тіркестері де бар. Яғни толассыз, қатты жауған жауынды білдіреді.

Табиғат құбылыстарын суреттейтін тұрақты тіркестердің ішінде қарға байланысты да біразы кездеседі.

Сіреу қар. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде **сіреу қар** дегенді ұзақ уақыт бойы қатып қалған, тізеден келетін қар деп береді [4, 576] . Сіреу деген сөздің өзі «сіресу», яғни қату деген мәнде жұмсалады. Мысалы: *Кеше ғана сіреу боп қатқан қар жемтір-жемтірі шығып, өзенге, тау басына қашып барады.*

Сонымен қатар, **көбік қар** деген тұрақты тіркес бар. Мысалы: *Түнде жел тұрған ба, таяуда жауған көбік қардың бет жағы борап, қайсы бір жерлердің мұзы жалаңаштанып ырсиып қапты*.

Күртік қар. Жауған қардың бетінің белгілі бір уақыттан соң, қатайып, жүргенде күтірлеп отыратын кезі [5, 127].

Табиғат құбылыстарын бейнелейтін тұрақты тіркестер көркем туындыларда жиі кездеседі. Табиғаттың сұлу да әсем бейнесін жасауда бұл фразеологизмдердің атқаратын қызметі ерекше.

Табиғат құбылыстарына байланысты тұрақты тіркестердің қатарына **құйын, дауыл, боран** т.б. сияқты желдің түрелеріне де байланысты тұрақты сөз тіркестері жатады. Желдің жай соққанына байланысты, ұйытқып соққанына байланысты, мезгіл мен уақытқа байланысты соғатынына байланысты тілімізде де әр түрлі бейнелі тіркестер қолданылады.

Табиғи құбылыстарын бейнелі, әсерлі етіп бейнелеуде қолданылатын тұрақты тіркестер тілдің көркемдік қасиетін арттырып, тілдің құнарлығын, сөздік қордың молдығын байқатады. **Боран, дауыл, құйын** секілді табиғат құбылыстарын түрлерін бейнелейтін тұрақты сөз тіркестері тілімізде жиі кездеседі.

Құйын – қатты соғатын желдің түрі. Оның бір ерекшелігі жердің бетіндегі топырақты, қар мен суды ұйытқытып, айнала соғатын жел. Ә. Нұрмағамбетовтың айтуы бойынша ерте түркі тілдеріндегі **құй** түбірі жел, ауа деген сөздермен мағыналас келген. Уақыт өте келе оған **ын** қосымшасы жалғанып, ол желдің екпінін, жылдамдығын білдірді [6,183]. Құйынға байланысты тілімізде **ала құйын, ақ құйын** сияқты тұрақты тіркестер бар.

Қорытындылай келе, көркем сөз шеберлері бейнелі сөз тіркестерінің көптеген түрін қолданатынын жиі байқаймыз. Осындай тіліміздегі үлкен қазына, бағалы мұра болып саналатын тұрақты сөз тіркестерінің астарын терең зерттей келе, халқымыздың ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан өмірінің барлық қыр мен сырын көруге болады. Халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын барлығын тілдегі тұрақты тіркестердің бойынан көреміз. Қазақ халқының ұлттық ерекшелігін өз бойына сіңірген мәдениетіміздің көзі болып саналатын тұрақты тіркестер ұлтымыздың тіліндегі тұрақты тіркестердің тұтас жиынтығы мен біздің тілімізге ғана тән өзіндік тілдік бірліктер арқылы оның барша заттықмжіне рухани, мәдени өмірінен хабар береді.

Тұрақты сөз тіркестерінің тууына – адамдардың күнделікті тіршілігінде кездесетін заттар, айналасында болып жатқан құбылыстар мен көріністер, түрлі жағымды-жағымсыз жағдайлар т.б. сол сияқты факторлар әсер етіп, негіз болады. Демек, тұрақты сөз тіркестерінің қалыптасып, дамуына ұлттық болмыспен байланысты қараудың маңызы едәуір үлкен.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Смағұлова Г. Мағыналас фразелогизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Арыс, 1998. – 196 б.

2 Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. – Алматы, 1972. – 112 б.

3 Авакова Р.А.Фразеосемантика. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 246 б

4 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том/Құраст. А.Фазылжанова, Н.Оңғарбаева, Қ.Ғабитханұлы және т.б – Алматы, 2011.– 752 б.

5 Ә. Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2013. Т.3: Табиғат. – 2013. – 608 б.

6 Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы: Рауан, 1994. – 304 б.

ҰЛЫ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ТАНЫТУДАҒЫ АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ ЖӘНЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

ӘОЖ 371

Мәжит Назерке
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ҚТӘ ББ магистранты.

Тілімізде «Ұлы» деген сөз бар, бұл сөз кез келген тіркеске қосақтала бермесе керек. Ұлы деген сөзді естісек, бірден Абай есімізге түседі. Ұлы сөзі тек осы Абайға үйлесетіндей. Елдің қаншама танымал тұлғалары болса да, Абайдай ұлылықтың үлгісі қазақ тарихында болмақ емес. Абай – қазақ классикалық әдебиетінің негізін қалаушы екені белгілі, абайтану тарихының ұшар басында, ең тамырында алаш зиялыларының үлесі жатқаны белгілі. Алаш зиялыларының негізінде Абайдың есімі ерекше сипат алды. Тарихта ең алғаш кітап шығару, баспа ісі мәселелерінің XX ғасырдың басында өрбігені белгілі, осы ретте Абайдың алғаш өлеңдер жинағы 1909 жылы жарыққа шыққаны да анық. Алайда оның жарыққа шығуына ерен үлес қосқан бірден-бір күш – алаш зиялылары тарапынан жүргізілген игі істер деп білеміз. Бірақ осы шығармалар жинағының шығуына мұрындық болған Алаш көсемі, ақсақалы –

Әлихан Бөкейханов еді. Зиялылардың атын атауға болмайтын сұрқия саясаттың салдарынан арыстарымыздың еңбегі былай тұрсын, мұрағат, тарихи деректердің өзі миф болып көрінді. Алайда тұлға, индивид, жалпы зиялылық елдің аяулы ұлдары тұрғанда жойылмақ емес. Жалпы Абай мен Әлиханның шығармашылық байланысы, олардың өзара сырласуы туралы деректік мәліметтер көп болғанмен, екі тұлға бір-бірін көрмеген, танымаған деректермен оқытылды. Зерттеулерге сүйенсек, олардың бірлесіп үлкен жұмыстар атқарып, шығармашылық байланыста болғанына көзіміз жетеді. Журналист-зерттеуші Б.Қойшыбаев еңбегінде: «Әлихан Бөкейханов орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір Бөлімінің Семей бөлімшесін ашуға белсене қатысты. Семейде ұлы ақын Абай Құнанбаевпен қатар статистика комитетінің мүшесі де болды» /1, 35/ делінсе, ал С.Аққұлы еңбегінде Әлихан Бөкейханның абайтану саласындағы ерен еңбегін айта келіп, тарихи деректермен тұжырымдайды /2, 16-50/. Жалпы, қазақ тарихында осы әлихантану еңбегіне ерен үлес қосып жүрген ғалымдардың бірі – Сұлтан хан Аққұлы. Ғалым әлихантануға қатысты барлық деректер мен ғылыми пайымды жоғары деңгейде талқылаған. Сондай-ақ, отаршылдық дәуірдің өзінде де олардың көркем бейнесі әдебиетімізде қылаң берді. Мәселен, Абайдың замандасы Көкбай ақынның Әлихан Бөкейхановқа арнауын негізге алатын болсақ, Абай мен Әлиханның да рухани таныстығының болғанын байқаймыз. М.Әуезов «Абай жолы» роман эпопеясында Әзімқан Жабайқанов образы арқылы ұлт зиялысының асыл бейнесін жасайды. Әуезов ашық хат жазып аман қалып, өзі алаш идеясынан қанша қол үздім десе де, ар мен адалдықтың аманатынан аса алмай, алаш зиялысының бейнесін романында жасап кетті. Ал енді келесі бір Әлихан мен Абайдың көңілі мен ішкі рухани әлемінің жақындығын, екеуінің ұлт үшін игі бастамаларды көтеріп, бір-біріне қолдау көрсетіп, ерекше зиялылықтың үлгісін танытатын сюжеттерге ие шығарманың бірі – Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» атты тарихи роман-хамсасы. Бұл романда да ел естімеген, біле бермейтін тарихи фактілерді жазушы көркемдік шешіммен ұқсата білген. Абайдың тек алаш арыстарымен емес, сондай-ақ еш жерде айтылмайтын Шоқанмен кездесіп, білісіп, жүздесуі туралы ерекше сюжеттік деректілікті келтіреді. Жалпы әдебиеттану ғылымында тарихи-деректілік баян, тарихи шығарманың рөлі ерекше деп ойлаймыз. Әбіштің «Шандозын», Қажығалидің «Тар кезеңі», Мұхтардың «Желтоқсан эпопеясы» секілді тарихи шығармаларда көркем образдардың айрықша сипатты бейнесі көрінсе, осы «Абайдың жұмбағы» еңбегінде де Абай, Әлихан, Шоқан бейнелерінің тың, ерекше сипаты орын алады. Алаш зиялысының уақыт пен кеңістік шеңберінде бойына күш, рухына ұран салған деп Абайды айта аламыз. Әлихан Бөкейхановтың қай мақаласын алып қарасақ та, идеясының Абай шығармаларымен үндес екенін байқаймыз. Әлихан үшін Абай рухани ұстаз болғанын көреміз, осылайша алаш көсемі 1903 жылы Абай шығармашылығы туралы «Россия. Географическое описание нашего отечество» деген журналда мақала жариялайды. Бұл мақала – абайтану саласындағы алғашқы қарлығаштар ғана емес, жалпыұлттық ояту мақаласы болды. Өйткені мұны А.Байтұрсыновтың «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласынан байқаймыз. Ол туралы сәл кейінірек тоқталамыз. Абай 1904 жылы қайтыс болғаннан кейін оның шығармаларын жинақтап, тұтас еңбек етіп шығару жоспарын айтып Әлихан Бөкейханның Абай ұрпақтарына хат жолдағаны да белгілі. Осылайша «Семипалатинский листок» газетіне 1905 жылы «Абай Құнанбаев» атты қазанама (некролог) мақаласын жарыққа шығарады. Бұл – абайтану саласындағы ең алғашқы тұшымды іргелі еңбектердің бастамасы еді. Абайдың жазба кітабы зиялылардың қолдарында болса да, шығу керек болған жинақ өз уақытында шықпай, 1909 жылы Петербор қаласында Абайдың балаларының және Әлиханның ықпалымен жарыққа шығады. Енді Әлихан Бөкейханның абайтанудағы тұңғыш еңбек саналатын мақаласына тоқталайық. Бұл мақала алдымен Абайдың туып-өсіп, өнген жерінен, отбасынан, ата тегінен, бала кезден алған ілім-білімінен, жалпы ақынның өмірлік принциптері мен ойларынан басталады. Тек өмірі туралы айтып қоймай, ұлы ойшылдың өлеңдерін де талдап кетеді. Абайдың балаларына деген әкелік сезімінің асқақтығын, балаларын оқытып, оларға өнер мен білімнің парқын түсіндіруін, Абайдың алтын үш бұлағын, соның ішіндегі орыс достары мен орыс әдебиетінің ықпалын ереше атап та көрсетеді. Ақынның Пушкин, Лермонтов, Крылов сынды ақындардың еңбектерін аударып, осылайша қазақ әдебиетінің жаңа бір белеске көтерілгеніне баға береді. Сонымен қатар, Абайдың Абай болып қалыптасуына

ұлы ақын-ойшылдардың ерен назарын да былай атап өтеді: «Абай может быть умер бы, не проявив своего выдающегося поэтического дарования, если бы в 80-х годах он не пережил переворот в своих взглядах на деятельность певца. В это время Абай познакомился с политическими ссылными гг.Гросом, собиравшим в степи материалы для брошюры «Юридичиские обычаи киргиз», изданной под редакцией г.Маковецкаго, и Михаэлисом, оказавшим огромное влияние и просвещение Абая. Оба, как г.Гросс, так и г. Михаэлис гостили у Абая в степи, знакомили его с русскою литературою. Благодаря им Абай познакомился с Пушкиным, Лермонтовым, Некрасовым, Толстым, Тургеневым, Салтыковым, Достоевским, Белинским, Добролюбовым, Писаревым. Абай до последней минуты своей жизни с трогательной блогадарностью вспоминал г.Михаэлиса, приписывая ему все свое образование, и говоривал: «Дүниеге көзімді ашқанға үлкен себепкер болған кісі – Михаэлис (Открыл мои глаза г.Михаэлис). Впоследствии Абай Абай прочел «Опыты» Спенсера, «Похитивную философия» Льюиса, «Умственное развитие Европы» Дрепера, статьи из старых книг «Современника» Н.Г.Чернышевского, знал об его судьбе. Особенно полюбил Абай сочинения Лермонтова, из (сочинения) которых любил делать переводы...» /3, 90/, - деп, Абайдың ұлылық феноменінің қалыптасуындағы орыс, батыс еуропа ойшылдарының, ақын-жазушы, сыншылардың еңбектерін баса назарға алады. Қазақ ойшылының айтары мен берері де осы ойшылдардан артық түспесе, кем түспейтінінен мағлұмат береді. Мақаланы орысша жазуының да ерекшелігі де осында, қазақ ақыны туралы ғұмырбаяндық алғашқы еңбекті осылайша барлық халыққа паш етуді мақсат тұтқан. Осы орыс әдебиетін негізге алынғанның арқасында Абайдың Абай екендігі жалпы ел арасына тез тарап, есімі мәшһүр болады, атағы алты алашқа жетіп, міне, абайтанудың жарық жұлдызы осылайша жанған болатын. Жанрлық тұрғыдан келер болсақ, некролог деп аталғанмен, мақала талдауға негізделген, біздің ойымызша, осы жанрмен жазу да, осылайша Абайды таныту да оңтайлы тәсіл болса керек. Сөзінің соңында Абай мұрасы жайлы, оның жинаушылары жайлы сөз қозғайды, яғни жалпы өлеңдері, аудармалары жиналу үрдісі ұлы Турағұлдың қолында екенін айта келе, өзінің басшылығымен Абайдың шығармалар жинағы жарыққа шығатынын да ескертеді. Ал Абайдың өмір жолы туралы деректі Кәкітай Ысқақұлы жеткізгенін де келтіреді. Кәкітайдың Абайдың өмірбаяндық деректері туралы толық мағлұмат 1909 жылы шыққан Абайдың шығармалар жинағының алғысөзінде орын алғанын да білеміз. Абай шығармашылығы – Алаш зиялыларына бағыт көрсетер белгі, ұстанатын ұранына жалау болды десек қателеспейміз.

Абай туралы келесі бір алаш зиялысының ерен еңбегі – Ахмет Байтұрсынұлының «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласы еді. Жалпы, Абайдың танытушы алғашқы еңбектер осы алаш зиялыларының арқасында қарыштап дамыды дейміз. Өйткені XX ғасыр басында Абай мұрасын жинап, бастырып, шығарудан бөлек, зерделеген, зерттеген еңбектердің рөлі ерекше. Әлі сауаттанып, оянып болмаған қазақ елі үшін сол кезде елді сілкіндіріп, «тұр-тұрлап» қайраттандыратын ұлдар, зиялылар шоғыры топтасты. Бұл да қазақтың маңдайына біткен, бірақ маңдайына сия алмай кеткен құбылыс болып еді. Бір кем дүние... Алайда саналы ғұмырында басын қауіп-қатерге тігіп, ұлттың ұлт болып қалыптасуына ерекше үлес қосып, өшкенді жандырып, өлгенді тірілтіп, соқырға таяқ ұстатқандай маржандай алдына барлық нәрсені тосты. Алаш зиялыларының тек шығармашылықпен қана емес, ағартушылық, педагогикалық, журналистік, ғылыми, саяси-әлеуметтік салалардың барлығын қатар ұстап, болашақта үлгере алмай қалатындай, соны алдын ала сезгендей, ерекше ыждағаттылықпен жасады. Осы ретте абайтану саласындағы келесі бір келелі еңбек дүниеге келіп, Абайдың есімі тағы жарқырай түсті. Ахметтің аталмыш мақаласы 1913 жылы «Қазақ» газетінің 3 бірдей нөміріне жарық көреді. Байқап отырсақ, мақала абайтану атты ғылымның басталып, сол мезетте нағыз өрлеу тұсында жазылған, өйткені оған дейін Ә.Бөкейханның, К.Ысқақұлының мақалалары, ақынның өз өлеңдер жинағы да жарыққа шыққан болатын. Себебі мақаланың басында Абайдың сол мезетте күллі қазақ жұртына танылып болғанын айта келе, оған дейін (өлеңдер жинағы басылғанға дейін – А.Б.) Торғай өңірінде бұл ақынның есімі естілмеуші еді деп бір қайырады. Абайдың өлеңдері ел арасына тарай бастауымен, халықтың ақындық, өнер, оқу-білім, ғылым секілді ұғымдармен толығып, ес біліп, етек жиып, ақын өлеңдерін талдайтындай деңгейге ұмтылу жолындағы алғашқы ізденістердің бастамасын көреміз. «Қай

жерде де ақындар жайынан я ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгелердің тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әбубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім» /4, 141/, - деп, ақындыққа деген талғамының ерекшелігін бір көрсетеді. Бұл жерде Ахмет діни-ағартушылық бағыттағы ақындарды кемсітуден аулақ, тек Абай солар қатарлы дәстүрді бұлжытпай жалғастырушы, еш жаңалығы жоқ қораш дүниелер иесі деп көрсе керек. Мақаланың аңдатпасы да оқырманның жүрегіне бірден жылу түсіретіні хақ, өйткені, Ахмет көңілін қойып, ішкі ойын ерекше психологиялық ізденіспен жеткізіп тұр. Ахметтің қолына Абайдың қолжазбалары, яки жазба дәптері 1903 жылы түскені де айтылады. Бұл – біз жоғарыда Әлихан Бөкейхан туралы айтқан ойымыздың ішіндегі бір дерек еді. Әлихан мен Ахметтің Абай өдеңдеріне қанық екендігі, олар ойластырған ұттық идеяның, ұлттық мүдде мен мұраттың ұшар басында Абайдың да идеялары тұрғандығы бесенеден белгілі еді. Абай өлеңдері - жай оқыла салатын жадағай жыр, бойға сіңіре салатын қарапайым дүние, кез келгеннің жүрек төрінен орын ала бермейтін ойлар екенін Ахмет осы тұста керемет түсіндіріп кетеді: «Олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін, ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі» /4, 141/, - деген жолдары жоғырада айтылған Абайға дейінгі ақындардан оның ерекшелігін көрсетеді. Абайға дейін қазақ поэзиясы, қазақ философиясы болмады емес, әрине болды, бірақ сол бір формалық жағынан алсақ та, тақырыптық-мәндік жағынан алсақ та, жалпы өнер тұрғысынан қарасақ та кенжелеу дамығаны рас. Формалық ізденістерді былай қойғанда, өлең – арзанқол күнкөріс көзі, билік басындағыларды жақтайтын не даттайтын «тентек» өнер саласы, ұйқас пен буын қуып, кез келгеннің аузында жүретін дүние болды. Абайдың классикалық әдебиеттің негізін қалаушы дейтініміз де осыдан, ол өлең дегеннің құдіретті өнер, адамзат тудыратын асыл құбылыс екенін ұғындырғандығында. Басында Көкбайдың атынан жариялауы да содан, ақын деген ел арасында арзанқол «мамандыққа», біреудің «ойыншығына» айналып бара жатқаны да анық еді.

Бұл мақаланың ерекшелігі – Абай шығармашылығын Ахметтің толық меңгеріп, тұлғалық тұрғыда зерделеуінде. Ахмет Абайдың өміріне тоқтала отырып, оның күйшілік, әншілік, шешендік, ел билеушілік, ойшылдық, ағартушылық қасиеттерін баса назарға алады. Абайдың қазақ өлеңіне әкелген сыншыл реализм, философиялық, аксеологиялық, гносеологиялық ой-тұжырымдарына айрықша тоқталады. Ислам тұрғысынан алғанда да, Абайдың діни-философиялық ойларының қаншалықты терең екендігі белгілі. Алайда Ахмет Абайдың ислами көзқарастарын тікелей айтпаса да, ақындағы жан мен тән, «мен» мен «менікі» ұғымын талдау арқылы аңдату жасайды. Сөз соңында Абай шығармаларын таратуды жан ұшыра насихаттайды алаш қайраткері.

Алаш зиялыларының қай-қайсысын алсақ та, Абай шығармашылығына өзіндік үлес қосқан. Абайдың қайтыс болғанына орай алаш қайраткерлері кештер ұйымдастырып тұрғаны мәлім. Абай қайтыс болғаннан кейін оның шығармаларын ұлықтау мақсатында көптеген игі бастамалар жасалды. Мәселен, Ахмет Байтұрсыновтың шәкірті, педагог-ғалым, жас та болса бас болып жүрген қазақтың батыр қыздарының бірі – Нәзипа Құлжанова еді. Н.Құлжанова Абайдың қайтыс болғанына он жыл, туғанына 70 жыл толуына орай әдеби-танымдық кештер ұйымдастырып тұрады. Алаштану бағытын ұстанған сол кездегі жас өкілдер ретінде олар көптеген игі істердің басында жүрді. Басында ұйымдастырушы шынанақтай қыз жүрсе, қасында қолдау көрсетушілері де мықты болды. Олар – Нұрғали Құлжанов, Кәкітай, Тұрағұлдар, сонымен қатар бір топ алаш зиялылары. Нәзипа Құлжанов кешті өзінің орыс тіліндегі баяндамасымен ашып, бұл жерде де Абайдың ақындық әлемі тереңірек толғанылады.

Абай туралы сүбелі еңбектердің бірі – алаш арысы Міржақып Дулатовтың «Абай» атты 1914 жылы «Қазақ» газетіне жарияланған мақаласы. «Бүгін атақты қазақ ақыны марқұм Құнанбаев опатына дәл он жыл толды. Егер Абай қазақтан өзге оразды жұрттардың бірінің ақыны болса, сегіздегі баласынан сексендегі шалына дейін түгел атына қанық, сөзімен таныс

болар еді, елі туғанына сүйсініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына он, жиырма бес, елу, жүз жыл толған сайын бүтін жұрт ескеріп, матбұғаты қайнап, есімін мәңгіге шейін қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді» /5, 189/, - деп бастап, ақын мен оның халқы арасындағы байланыстың мүшкіл екендігінен бір хабар берсе керек. Алайда, осы алаш арыстарының арқасында, алаш зиялыларының сара жолының негізінде ұлы Абайдың аты ұлықталып, абайтану атты ғылымның тамыры жайылып, ұлы ақынымыздың аты әлемге мәшһүр. Міржақыптың қынжыла жазған күйігі заман өте келе сейіліп, өзі айтқандай, «елі туғанына сүйсініп, өлгеніне тегіс күйініп», мерейтойы ерекше ілтипатпен өтіп жатқаны анық. Бұл мақалада да Ахметтің жазбасындағыдай ойды көреміз. Яғни Абай есімі осы кездің өзінде көп таныла қоймай, тарамағанын Міржақып та басып айтып, ұлы ақынның есімі «Қазаққа» жариялаған мақалалардан кейін ғана сұранысқа түскенін ескертеді. Егер басқа бір өз қамын, жеке мүддесін ойлаған адам болса, қалайда атын өзі-ақ шығарар еді. Алайда Абай өз-өзін танытуға тіпті де ден қоймады, оның оған құдіреті жетсе де, өнерді ұсақтатып, деңгейін түсірмеді. Абайдың атын алты алашқа іліктірген – нағыз алаш зиялылары. Міне, бірігіп жасалған іс, бір жерден шыққан ой, ұлт мүддесі үшін жанын берген азаматтар, халық тағдырын ойлаған тұлғалар тұрғанда, ұлы тұлға есіміне қиянат жасалмайды. Әдебиетімізде, ғылымымызда талай шығармалар қолды болып, тіпті біреудікін өз атынан жариялап жіберу, иемденіп алу деген секілді небір жиіркенішті жағдаяттарды, тіпті кімнің жасап, кімнің қойып отырғанын бірген кезде, денең түршігетін, кей классик деп жүргендердің атын атағың келмейтін сәттердің болатыны белгілі. Міне, қаншама уақыт Әлиханның сөмкесінде жүрген Абайдың жазба дәптерінің қолды болмай, басып шығару үшін тер төгіп, тек баспадан шығарып қоймай, оның еңбектерін талдап, халықтық ортаға қосып, қара халыққа таныстырып, өз үзеңгілес замандастары арқылы елге насихаттатып, ерен еңбек жүргізу – тек алаш зиялыларының арқасында жүзеге асты. Бұл мақалада да автор Абайдың жазба дәптерімен 1904 жылдан Ахмет арқылы таныс екенін, бірақ жинақ болып шығуына ақынның өзі қарсы екенін, онымен сөйлесіп, тілдесуге, танысуға Ахметтің жоспарлап жүргенін, алайда ақынның қайтыс болып, кездесе алмай кеткенін де ашық жазады. Бұл мақаланың басқа мақалалардан өзгешелігі – ақынның өлеңдері, өмірі жан-жақты айтылмайды (бәлкім оған дейін айтылып, жазылып кеткендіктен болар – А.Б.), бұл жерде М.Дулатов әдебиет, мәдениет, елдік, ояну идеяларын басшылыққа алады. Сауаттанып, елдің көзі ашылып, басқа елдермен иық тіресетіндей бір қатарда тұруы үшін алдымен әдебиеті, тарихы, мәдениеті мығым, берік, шынайы болуы керек, сол үшін де әр адам баласы түп-тамырын бес саусақтай білуі тиіс деген идеяны айта келе былай дейді: «Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы – тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихи, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап, ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа, бұл талас-тартыс тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуымен, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей» /5, 190/. Міржақып мақаласының тағы бір ерекшелігі – ұлттық рух пен мүддені бірінші қоя отырып, халықты ояту үшін Абай арқылы әдемі жол жасайды. Айтылған пікірдің құндылығы сондай – отаршылдық саясатқа қарсылық, алаш идеялы ұлтты сақтап қалу, қазақ еліне теңдік алу, ұлттық бостандықты тілеу секілді асыл идеялар еді. Бұл мақалада Абайға дейін де әдебиет болды, Абайдан кейін де әдебиет жалғасады, алайда олардың темірқазықтай қақ ортасында қазық болып тұратын тұлға деп Абайды атап, орыс тарихындағы Ломоносовтың рөлі қандай, Абайдың да ерекшелігі осында деп салыстыра көрсетеді. Ахмет «қазақтың бас ақыны» десе, Міржақып «бірінші ақыны» деп айдар тағып, мақала соңында жоғарыда айтылған Абай мұрасының ұлықталуы, оның басында жүрген қазақ қызы жөнінде осы мақалада мағлұмат береді. Сол ойымызды осы бір пікірі жалғастырады: «Бір-екі мұнан бұрын Семей қаласында білімді, жүрегінде жалыны бар бірнеше азаматтар Абай құрметіне қирағатхана ашады деп естіп, қуанып едік, сол хабардың жануына тілектеспіз. Бұл туралы өрнекті басшылықты әуелі Семей халқынан күтеміз. Өткен 26 январьда Семей қаласында

Географический Общество ондағы оқыған қазақ жастарының жәрдемімен, Абай құрметіне өткізген әдеби кешін жасағандығы Семей халқынан күткен үмітімізді күшейтуге зор дәлел болса керек. Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші әдебиет кеші болып һәм бірінші қазақ әйелі (Нәзифа ханым Құлжанова жамағатының) майданға түсіп, берген өрнегі еді» /5, 191/. Міне, Құлжановтардың басшылығымен Абайдың кештері қазақ жастары тарапынан ұйымдастырылып, алаш арыстары қатарынан қолдауға ілігіп отырып, осылайша Абай мұрасы күннен күнге жандана түсті.

Алаш зиялыларының ендігі бір өкілі – Райымжан Мәрсеков болатын. Ол да алашшыл бағыттағы өкілдердің үзеңгілесі бола жүріп, елдік, заң, мәдениет, әдебиет мәселелерін, сондай-ақ қоғамдағы ірі жағдаяттарды қозғап, өте сауатты жастардың қатарынан саналып, ұлт үшін күрескендердің бірі болды. Еңбектерін қарап отырсақ, бір қаралық дүниелерді байқаймыз, алайда оның жұмбақ тағдыры туралы да сөз болғаны да мәлім (20-жылдары бас сауғалап, Қытай асып кеткендігі туралы), алайда кезінде қазақ әдебиеті мәселелері бойынша көп ізденіп, халық арасына қазақ ақын-жазушыларын таныстыру мақсатында көп еңбек етті. Н.Құлжанова ұйымдастырған кеште осы Р.Мәрсеков те баяндама оқиды. Мақала «Қазақ» газетінде де 1915 жылы басылып шығады. Бұл «Қазақ әдебиеті жайынан» атты мақаласында Р.Мәрсеков әдебиет туралы ерекше толғамдар жасайды. Деректерге сүйенсек, кешке жиналған адам саны өте көп, залда ине шаншар жер болмады деп айтылады. Көрерменмен сұхбаты шынайы әрі ұтымды болуы үшін автор жарлай арнау бағытында сөз сөйлеп, алдымен әдебиет туралы сөз қозғап, жалпы әдебиеттің адам өміріне пайдасы, ұлтқа, ұлысқа әкелер жаңалығы, халыққа берері жайында айта келіп, қазақ әдебиеті туралы сөз қозғайды. Қазақ әдебиетінің осы кезге шейінгісін 3 дәуірге бөліп қарауға болады дейді: біріншісі – ескі замандағы қазақ арасына жазу таралмай тұрғандағы кез. Бұл кезге фольклорлық туындыларды, ел арасындағы күй аңыздары, ғашықтық дастандарды, билер сөзін, Орынбай, Кешімбай сынды ақындардың шығармаларын мысалға келтіре отырып сипаттайды. Екіншісі – жазудың халық арасына көбірек таралған заманы. Осы екінші кезеңді Р.Мәрсеков өте керемет сипаттайды. «Әр жақтан әр түрлі халықтың адамдары келе бастап, қалың қазақтың ортасына орнап қалғаны да болған. Осындай адамдар өлең айтып, сауық қылу, домбыра шерту дұрыс емес деген. Бұл «дұрыс емес» деу қожа-молдалар көбейген сайын молайған. Сөйтіп, жұртқа тию салына бастаған. Түрлі-түрлі кітаптар таралып, тіл кітапшаға айналып, ескі сөздер жазбаға түсіп, мирас болып қалмай, бұрынғы тілге, бұрынғы жақсы сөзге жұрт жаман көзбен қарап, кітапшаны үгі қыла бастаған. Домбыра шерткен, күй тартпақ, ән салмақ бұның бәрі сыйлы кісілерге лайық көрінбей, ерсі көріне бастаған. Өстіп, әдебиетіміз төмендеп, тіл болса кедейленіп бара жатқан уақытта ардақты Абай марқұм шығады» /6, 143/, - деп, ел арасында ақындық өнердің, әдебиеттің құлдырап, сапасы төмендеп, қызметі өшіп, тіпті онымен айналысқан күнде де дәрежесі пәс болған асыл мұраның қайта өрлеу сәтін Абаймен сабақтастырады. Өлеңнің қасиетінің сонша төмен болғанын Абайдың «өлеңші, әнші, есіл ер» (шегірткені сынау), «өлең, шіркін, өсекші жұртқа жаяр» секілді тіркестерінен байқаймыз. Алайда, Абай, шындығында да, Р.Мәрсеков айтқандай, ақындықты өнер ретінде мойындата білген ұлы тұлға болып табылады. Осылайша екінші дәуірді Абаймен байланыстырып, ал үшінші дәуірді Абайдан кейінгі кезең деп атау береді. Сол кезеңдегі әдебиеттің даму тенденциясын талдай келе, Абай мен Ыбырай шығармаларындағы ағартушылық, педагогикалық, ұлттық идеяларды ашып зерттеп көрсетеді. Міне, Мәрсеков мақаласының ерекшелігі – Абай шығармашылын оған дейінгі, онымен тұспа-тұс әдебиет өкілдерімен салыстыру суреттеуінде болып табылады.

Алаш идеясын ұстанған зиялылардың ойларын жалғастырған – М.Әуезов дейтін болсақ, ол да сұрқия саясаттың салдарынан «ойынан» айнып, ашық хат жазып, аман қалып, ақыры аяғында барлық алаш зиялыларының аманатын арқалап қалды, соның негізінде Абай туралы монографиясын, «Абай жолы» эпопеясын жарыққа шығарды. М.Әуезов пен Ж.Аймауытов 1918 жылы «Абай» журналын құрастырғаны белгілі. «Екеу» деген бүркеншік атпен өздерінің абайтану саласындағы тұңғыш еңбектерін жариялайды. «Абайдың өнері һәм қызметі», «Абайдан соңғы ақындар» деген мақала жарыққа шығады. Тіпті сын десек те артық емес, өйткені Абай өлеңдерінің мағыналық, тақырыптық өзгешілігі ғана сөз болмайды, Абайдың философиялық, этикалық, психологиялық, дидактикалық көзқарастары әдеби-

сыншылық тұрғысынан талданады. Абайдың әдебиеттегі орнын айшықтай келе, Абайға дейінгі ақындарға тоқталып, Абайдың олардың несімен ерекшеленетінін санамалап көрсетеді. «Абайдан бергі қазақ әдебиетінің беті жаңа түр тапты. Абай бұрынғы ақындардың ұстанып келе жатқан бетін тастап, тыңнан жол салды. Бұл Абайдың бұрынғы ақылдардан ақыл көзінің артықтығы болды – бір; ақындығы күшті болды – екі; өлеңнің өнер екендігін білді – үш. Сонымен, Абай ешкімнен үлгі алмай, қазақ әдебиетінің бетіп бұрып, мүйіс шығарды. Өлеңшілдікке өзгеше түр кіргізді» /7,133/. Тілі өте шұрайлы, өтімді, қара сөздің қаймағымен жазылған ерекше еңбектен жазушының қолтаңбасын айнытпай көреміз, Сол себепті «Екеу» атынан жазылған сыни мақала – нағыз шебер талдаудың үлгісі болды. Ал «Абайдан соңғы ақындар» мақаласында осы Абай салған сара жолды жалғастырушы XX ғ.басындағы азаттышыл-демократтық бағыттағы ақындардың өлеңдеріне, олардың жаңалықтарына тоқталады.

Міне, осылайша біз алаш зиялылары тарапынан абайтануға қосылған үлестерді атап өттік. Абай туралы алаш зиялыларының ерен еңбектерінің арқасында, абайтану ғылымы одан да биік дәрежеге жетті. Оның дәлелі ретінде 1934 жылы жарық көрген Қ.Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты мақаласы, сондай-ақ М.Әуезовтің іргелі зерттеулері. Алаш зиялылары – абайтанудың шамын жақса, Қ.Жұбанов пен М.Әуезов абайтанудың ғылыми-методологиялық принциптерінің негізін қалады. Жұбановтың аталған мақаласының өзі үлкен талдау еңбегін қажет етеді, өйткені бұнда абайтанудың толық картасын қолыңа сызып көрсеткендей, абайтанудың барлық негізгі арналарына, принциптеріне, талдау бағыттарына дейін ерекше сілтеме беріп кеткендей. Сол себепті XX ғасыр басы – абайтану ілімінің туу дәуірі аталып, оның негізін қалаушы Ә.Бөкейханов және ол бастаған алашшыл бағыттағы ұлт зиялылары еді. Қазіргі күні Абай қанша жерден зерттелді десек де, әр түрлі ғылымдар тоғысы арнасында Абайды жаңаша танимыз, шығармашылығын зерттеу бір басқа, алаштану мен абайтану арасындағы сабақтастық – екінші бір мәселесі. Сол себепті Президентіміздің Абайға қатысты ой-тұжырымдары жоғарыдағы сөзіміздің дәлелі болса керек, сондай-ақ «Абай академиясы» жобасының құрылуы, «Абайтану» орталықтары оң бастама деп сенейік.

Сайып келгенде, Абай мұрасы – Алаш қозғалысын серпілтуші күш, Алаш зиялыларына ұлттық рух, ұлттық мүдде дарытқан құбылыс болды. Ал Абай мен Алаш зиялылары – жалпыұлттық жаңғырудың жарқын да жойқын символына айналды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қойшыбаев Б. Әлихан Бөкейханов. –Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 160 бет.
2. Аққұлы С. Абайтану іргетасы және Алаш қайраткерлігі // Абай және Алаш сабақтастығы: тарихи-философиялық, әдеби-лингвистикалық аспект. / Ұжымдық монография. – Нұр-сұлтан: ЕҰУ баспаханасы, 2020. – 407 б.
3. Бөкейханов Ә. Шығ.5-т. / Әлихан Бөкейхан. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. 1-т. Алматы: Ел-Шежіре, 2013. 384 б.
5. Дулатов М. Алты томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: Мектеп, 2013. – 392 б.
6. Мәрсеков Р. Қазақ қайда бара жатыр? – Алматы: Елтаным, 2013. – 304 б.
7. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. Т.6. Алматы: Ел-шежіре, 2013, -384 б.

ӘДЕБИ ШЫҒАРМАЛАРДЫ САЛЫСТЫРА ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӘЛЕУМЕТІН КӨТЕРУ ЖОЛДАРЫ

ӘОЖ 372.882

Тажигалиева С.О.

М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназиясы, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

А.М.Матюшкин дарындылықтың психологиялық құралы адамның шығармашылық қабілеттерінің шығармашылық дамуын қамтамасыз ететін негізгі құрылымдық элементтерге сәйкес келеді дейді. Шығармашылық дарындылық жаңа идеяларды ойлап, оны өмірге әкелу қабілетімен байланысты. Көптеген авторлардың зерттеулері бойынша тұлғаның

шығармашылық қабілетінің қызмет етуінде жеке фактордың (интеллектуалдық процестердің эмоционалдылығы, қызығушылықтың бағыттылығы, біркелкілігі, мақсаттылығы, еңбекқорлығы және т.б.) маңызы зор. Бірақ А.М. Матюшкин өз зерттеулеріне сүйене отырып: «Өкінішке орай, қазіргі заманғы мектепке дейінгі және мектептегі білім беру тек қарапайым оқушыға бағытталған, ал орта және жоғары білім беру қарапайым оқушы мен маманға бағытталған. Сондықтан біздің таңдаулыларымыз бүгінгі талапты, талантты адамдардан шыққандықтан, болашақ өнерпаздарымызды даярлау жүйесін, бағдарламаларын әзірлеу қажет. Біз бүгінде қоғамымызға осындай дарынды тұлғалар қажет екенін толық білеміз, сондықтан бұл маңызды. Автордың пікірінше, дарындылықтың психологиялық құрылымы адам шығармашылығы мен шығармашылық дамуының негізгі құрылымына сәйкес келеді. Шығармашылық – дарындылық негізін дамыту [1, 65]. Сонда оқушының шығармашылық әлеуеті деп отырғанымыз дарындылығын анықтайтынына көз жеткіземіз. Әдебиет сабағының оқушылардың шығармашылығын шыңдайтыны белгілі, осы орайда кино өнерімен байланыстыра қарасақ деп отырмыз, оның себебі әдебиеттің экранизациясы шығарманың өзінен асып түсетіні бар.

Қазақ өнері XX ғасырдың 20-30 жылдарында дамып, неше түрлі шығармалар жарыққа шыға бастады. Қазақ театрында зиялылардың пьесалары қойылып, көрерменге ұсынылып жатты. Б.Майлиннің, І.Жансүгіровтің, М.Әуезовтің, С.Сейфулиннің, С.Мұқановтың, Ғ.Мүсіреповтің шығармалары театр сахналарында қойылып, көрермен көңілінен шықты. Бұл уақыттарда әлем жұртшылығы театр өнерінен бөлек, кино өнерін қарастыра бастаған еді. XX ғасырдың 40-жылдары Ш.Аймановтың фильмдері шыға бастады. Қазақ кино тарихында сақталып қалған «Абай әндері» мен «Райхан» деген шығармалар алғашқы атанып, жаyһар туынды ретінде сақталғанын көреміз. «Абай әндері» фильмі М.Әуезовтің сценарийі бойынша түсірілді. Қазақ киносының тарихындағы екінші маңызды оқиға – «Жамбыл» фильмінде Ж.Жабаевтың бейнесін сомдаған ғаламат театр актері Ш.Аймановтың кинорежиссураға келуі. Қазақ киносының шын мәнінде дүниеге келуі мен толыққанды жұмыс істей бастауы 1940 жылдардың екінші жартысына тұспа-тұс келді. А.Қарсақбаев, Ш.Бейсембаев, С.Нарымбетов және басқа да жас режиссерлар, драматургтер О.Сүлейменов, Ә.Тарази, Қ.Ысқақов келеді. Олар өздерімен бірге, «қазақ киносына тың көркемдік идеялар, өзге, «тоталитарлық емес» киноматографиялық стилистиканы ала келеді». Тоталитарлық деп социалистік құрылыс пен коммунистік идеяларды асқақтату үшін, тиімді идеологиялық құрал ретінде кино өнерін пайдаланғанын да көреміз. Сондай-ақ, кино өнерінде анимациялық фильмдердің маңызы ерекше. Ә.Қайдаровтың «Ақсақ құлан», «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» деп аталатын балаларға арналған фильмдер тарихы да осылай басталады [2, 89].

Біздің халықтың өнер әлемімізге кейін келіп қосылған саланың бірі, осы кинотаспа десек, оған ешкімнің де таласы бола қоймас. Мұндай тосын да соны өнердің бізге атстай батып, судай сіңіп кетуіне халқымыздың аса қабілеттеігінің ықпалы тиді деп білем. Болмаса, Сұлтанбек Қожықовтың «Қыз Жібегі», Мәжит Бегалиннің «Оның уақыты да келеді», Шәкен Аймановтың «Атаманның ақыры» және тағы басқалардың да шоқтығы биік шығармалары тумас еді ғой» [3, 39], - деуі арқылы кино өнерінің қазақ өнерінде алатын орны ерекше екенін, шедевр туындылар жарыққа шыққанын айтады.

Қазақ өнерінде де, әдебиетінде де орны ерекше Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» деп аталатын шығармасы 1957 жылы жазылса, 1963 жылы А.Қарсақбаевтың бастауымен фильм ретінде жарыққа шықты. Жазушының айтар ойын фильм арқылы тамаша жеткізгенін көреміз. Ә.Балқыбек оқыған кітаптарының фильмдерін мұқият қарайды екен, онысы неге десек, кітаптағы байқалмаған детальды кино айқара ашып көрсететіндігінде деп кино өнерінің өнер ретінде артықшылығын айтады. Шынымен де, А.Қарсақбаевтың Қожасы жазушының Қожасына қарағанда сезімталдау шыққанын байқаймыз.

5-сыныпта оқушылар әдебиет сабағынан Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» шығармасымен танысады. Бұл тақырып өткенде фильмді де бірге қарастырудың мынадай пайдаларын көреміз:

- Шығармада суреттелген табиғат суреттерін өз көздерімен көріп бағалайды;

- Қожаның өзімен, өзге адамдармен қарым-қатынасы айқын көрініп, эмоциясы беріледі;
- Диалогтер арқылы Қожаның не сезінгені, монологтар арқылы жанының тереңінде жатқан сезімдерімен балалар танысып, Қожаның күйін түсінеді;
- ХХ ғасырдың соғыс жылдарынан соңғы мектеп өмірін көреді;

Оқушылардың кітаптан шығарманы оқығаннан соң, оқығанын фильмнен көру арқылы оқығанының байыбына барып, байқамаған эпизодтарды салыстыра бастайды. Мәселен, шығармадағы орыс тілінен беретін апайдың Қожаны көтермелейтіні, Майқанова апайдың жеті екендігі, жұқа пальтомен бүрсеңдеп қыс шыққанын айтады. Ал фильмде Майқанова олай көрінбейді. Сонда кітапта адамның жаны суреттеліп, ондағы фильмде көріне бермейтін сырлар болады. Фильмге режиссердің қиялы қосылатындықтан кішкене өзгерістер болады, мәселен Майқанова апайды өктем, биік ретінде көрсеткісі келгендіктен де оның киім-киісін сәнді еткені көрініп тұр. Солай әдебиет пен кино арасында айырмашылық осылайша көрінеді. Осы орайда А.Қарсақбаевтың адам мен адам арасындағы тартысты сәттерді, олардың әрқайсысның өзіне тән мінез-құлықтарының ара жігін аша отырып, осы өмірдегі адамдардың қым-қуыт тіршілік-тынысын беруімен қатар, айтайын деген ойын жеткізе білу керек. Екіншіден, Абдолла алған фильмнің негізгі айтары бала өміріндегі қилы-қилы оқиғаға толы қызықты шақтар болса және солар арқылы өз көрерменіне лайықты жол тауып, оларға үлгі болатындай тәлім-тәрбие беруді мансұқ тұтқандықтан, жеңілдетпесі хақ. Осыған орай мұндағы басты рөлдерде балаларды ғана ойнату керек. Оған дейін дайындап қойған бала актері болса бір сәрі. Республика тарихында балаларға арналып жасалған бірде-бір фильмнің жоқтығын еске алсақ, бұл фильмнің су түбі құрдымнан қуаныш ұштығын тартқандай қияметі барын кімде-кім болсын анық сезер еді. Содан кейін әдеби кейіпкер – Қожаны экранға алып келіп, бет-бейне, қимыл-қозғалыс берен Абдолла Қарсақбаев пен Бердібек Соқпақбаев үндесіп, үнінің бірдей шыққанына қайран қаласың. Экрандағы Қожа мен кітаптағы Қожа – егіз қозы, тұтас образ. Б.Соқпақбаевтың Қожасын А.Қарсақбаев әкелік мейіріммен қанатының астына алып, өз шеберханасынан қаймағын бұзбай шығарған. Бұл өз кәсібінің шебері екі тұлғаның бір-біріне деген құрметінің, тағзымының жемісі десе де болар. Балаларды сүюдің, балалар үшін қызмет жасаудың, оларды күлдірудің, тәрбиелеудің ақ іс екенін біле тұрғанын айтып, шығарманың Б.Соқпақбаевтың өте күшті әдеби материал екенін, шығарманың Хрущевтің жылымық кезеңінде жазылып әрі жазушы Б.Соқпақбаевтың өз кейіпкерлерін барлық кемшіліктерімен қосып, шынайы сомдаған. Қожа еш нәрседен қымсынбайды, алқа-салқа, қап-қара. Екіншіден, айрықша режиссерлік трактовка. А.Қарсақбаев сол кезеңнің таңдаулы актерлерін екінші құрамға жинады. Б.Римова, Р.Мұхамедиярова, Қ.Қожабеков, Б.Құрманбаев бас кейіпкер үшін ойнады. Фильмнің сапасы көтерілгенін ондағы актерлерден танимыз [3, 36].

Сценарий құрастыру әдісін қолдану балалардың өзін біртұтас, ұжымның бір бөлігі ретінде сезінуге, тапқырлық, бастамашылдық қасиеттерін танытуға мүмкіндік береді. Қабылдаудың мақсаты: балалардың шығармашылық қиялын дамыту. Эпикалық және лирикалық шығармаларды оқығанда сценарий құрастыру әдісін балалар жақсы қабылдайды. Р.Ф. Брандесов оны ауызша ауызша сурет салумен қатар «жасырын талдаудың техникасы» деп атайды. Орта буынға 5-6 сыныпқа тапсыруды ұсынады – жиі; 7-8 сыныптар – сирек ұсыну керектігін айтады. «Бородино» – М.Ю.Лермонтов, «Қызыл желкендер» – А.Грин, Ежелгі Грецияның мифтері, «Күн қоймасы» – А.Куприн, «Жылқылар тұқымдасы», «Бородино» – М.Ю.Лермонтов, «Қызыл желкендер» – А.Грин. Хамелеон» - А.П.Чехов, «Кранка» - В.Шукшина, «Тарас Бульба» - Н.В.Гоголь [4, 78] шығармаларын қарастыратынын келтіреді. Әрине, әдеби шығарманы фильммен, оның сценарийімен қарастыру оқушының әдеби шығарманы, фильмді талдай алу қабілетін жетілдіреді. Сондай-ақ, оқушыны оқырман ретінде қалыптастырады.

Сонымен, кино сценарийлерді әдебиет сабағында қолдану арқылы оқушылар мынадай ізденістерге түседі:

- Әдеби шығарма мен фильмнің байқалмаған детальдарын айқындап, бағалау;

- Әдеби шығарма мен кино туындысының кейіпкерін қарастырып, айырмашылық пен ұқсастықтарын бағалайды;
- Фильмнің әдеби шығарманың идеясы мен мақсатын айқын көрсете алды ма, режиссер идея мен мақсатын дәп тапқанын анықтап, шығарманың мақсатына жеткенін анықтайды;

Б.Соқпақбаевтың «Қожасы» А.Қарсақбаевтың «Қожасына» айналып, жазушының көздеген мақсатын режиссер де тап басып тапқанын көреміз. Мынадай үш түрлі мәселе көрінеді:

1. Қожа дегеніміз ел арасына ислам дінін таратқан, ақсүйектер қатарына кіретін, халық арасында зор сияпатқа ие. Олардың түп негізі сонау Мұхаммед пайғамбарға баратынын, қазақтың өлігінің барлық қызметін атқаратын қожаларды қатты сыйлап, құрметтеп отырған.
2. Қожа ел мен жердің иесі мағынасында келеді. Бұл жердің билешісі, иесі екені жайлы айтады. Орысша хозяйн мағынасында жұмсалады
3. Адам есімі ретінде келеді.

Осы ретпен қарап отыратын болсақ, «Менің атым Қожаның» «Я и есть Хозяин» мағынасында келетінін көреміз. Яғни ел мен жердің иесі балалар екенін жазушы аңғартады. Бұндай астарды А.Қарсақбаев анық байқап көрсете білген.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алмауытов Ә., Орынбасар Т. Жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің дамуындағы дарындылық мәселесі. жеке тұлғаның шығармашылық қабілетінің дамуындағы дарындылық мәселесі (rusnauka.com)
2. Қазақ өнерінің тарихы. 3-томдық. (XX ғасырдың екінші жартысы, III том, 2-кітап). – Алматы: «Өнер», 2009. – 480 бет
3. Қазақ киносының құлагері. Абдолла Қарсақбаев туралы естеліктер. Құраст. С.Оспан. – Алматы: «Білім», 2007. – 288 бет
4. Ядровская, Е. Р. Развитие интерпретационной деятельности читателя-школьника в процессе литературного образования (5–11 классы): монография / Е.Р. Ядровская. – Санкт-Петербург: Книжный Дом, 2012 – 184 с.

БАСПАСӨЗДЕГІ МАҚАЛА ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘОЖ 81-11

Амангалиева А.
БҚИТУ ҚТӘ 2-курс магистранты,
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.к., БҚИТУ-дың қауым.профессоры **Бекмашева А.Н.**

Мәтіндегі айтылатын ойдың жиынтығы тақырып арқылы көрінеді. Ал ондағы айтылатын ойдан хабар беруі тақырыптың номинативтік функциясы болып табылады. Сонымен бірге мәтіндегі айтылатын ой мен жеткізілетін хабарға баға беруі әрі осы баға берушілік қасиетінің нәтижесінде мәтінді қабылдау (восприятие) функциясы іске асады.

Жалпы газет тақырыбы мен айдарларын тілдік тұрғыдан талдау газеттің хабар жеткізу және әсер ету функциялары ескеріле отырып жүргізіледі.

Тақырыптар құрлысы жағынан қарапайым не күрделі құрылымды болып келеді. Күрделі тақырыптардың бірнеше түрі бар. Айталық, бірнеше деңгейлік тақырыптар болады. *Мысалы: "Ата Заң – асыл мұраттар бастауы, 30 тамыз – Қазақстан Республикасы Конституциясының күні"* (ОӨ). Мысалға келтірген тақырыптың алғашқысы 1-деңгейі контекстуалды лексика, екіншісі 2-деңгейі бейтарап лексика элементтерінен құрылған контекстуалды сипаттағы хабар мәнді сөйлем. Мұндай деңгейлік тақырыптар кейінгі кезеңнің жемісі, өйткені алғашқы басылымдар мен "Қазақта" күрделі структуралы тақырыптарды кездестіргеніміз жоқ. "Армысың, алаш азаматы" (ОӨ) –тақырыбы әсер ету лексикасымен берілген. Мақалалардың ақпараттан хабардар ететін тақырыптары номинативтік функция

атқарады әр оқиғаны, хабарды, бағалайды. Бұл жағынан тақырыптардың тілдік бірлік – сөз атқаратын қызметке ұқсас.

Енді тақырыптардың қызметі мен сөз функциялары арасындағы ұқсас және айырым тұстарын қарастырайық. Сөздің функциясы (қызметі) үш жақта болатыны белгілі: а) коммуникативті; ә) номинативті; б) эстетикалық. Бұлардың әрқайсысына жеке-жеке тоқтала кетсек, сөздің коммуникативтік қызметі сөздің қарым-қатынас және хабарласу құралы болуында, номинативтік функциясы заттың атауы болуында, эстетикалық функциясы ойды көркем жеткізу болатындығында. Ал, тақырып атауы болып тұрған сөз немесе сөз тіркесі, сөйлемшелер бір ғана мағына беру арқылы номинативтік қызмет атқарады. Тіпті осы қызметімен бірге баға берушілік жүгін де көтереді. Оның баға берушілік қызметі оқырманды мәтінді қабылдауға, дұрыс түсінуге даярлайды. Осы даярлық жүгізу барысында сөздің апелятивтілігі іске қосылады. Апелляция біреуден қолдау, кеңес күту деген мағына беретіні белгілі. Әрине, бұл газет атаулының қызмет сферасының бірі әсер етуден туындайды. Яғни, әсер ету қызметінің нәтижесі қандай дәрежеде болғанын пайымдау үшін қабылдаушыдан қолдау күтеді. Тақырыптың апеллятивтік қызметі көбне лексикалық және синтаксистік элементтер комплексінің фраза түрінде берілуімен жүзеге асады.: “Шындықты жасыра алмайсың”, т.б.

Тақырыптың номинативтік қызметінің сөздің номинативтік қызметінен ерекшелігі неде? Номинатив сөз (атау сөз) – тілдік белгі (Ф. Де Соссюр боынша – языковая знак) немесе тіл білімінде сигнификат терминінен газет тақырыбының басты айырмасы оның белгілі бір заттың биологиялық, табиғи байланысы жоқ акустикалық бейнесі емес, керісінше, тақырыптан туындайтын оймен, оның мазмұнымен тікелей байланысты, өзге деңгейдегі атау болуында. Келтірілген соңғы мысалдағы тақырыптың екі деңгейі қосылып, бір ғана номинативтік қызмет атқарып (оқырман) әрі өзін-өзі анықтап, өзін-өзі бағалап (алаш азамат, “Ана тіліне” ен таққан – сонымен бірге жағымды ассоциация тудырып тұр), мәтіндегі айтылар ойдың жиынтығы болып тұр. Мәтіндегі хабар осы газет пен оған жазылған оқырмандар жайында, ой солардың төңірегінде өрбиді.

Кейде экспрессиялық мәнді синтаксистік құрылым түрінде келеді: “Нанды қадірлейік!” т.б.

Газет бетіндегі көптеген тақырыптар мен тақырыпшылар кері бағалауыштық (отрицательная) жағымсыз лексикадан тұрады. Дәл осындай тақырыптарда ауызекі сөйлеу лексикасы элементтері анық білінеді және бағалауыштық лексемалардан тұрады: “Озғанбайша тонау”, т.б. Байқағанымыздай, тақырыптардың мұндай тобы ауызекі сөйлеу тіліне жақын. Олар тура және жанама мағынадағы тұрақты тіркестер және трансформацияланған сөздер түрінде де келеді. Себебі, ғалым В.Д.Девкиннің айтуынша: “Для обиходной лексики особенно типичны слова с отрицательной оценкой, в то время как слов положительной семой немного” [1, 160].

Айтулы даталар мен оқиғалардан хабардар ететін, мағыналық-құрылымдық бірлікпен тұтасқан “Ертең – халақаралық әйелдер күні” (О.Ө), “Бүгін жеңіс күні” (ОӨ) секілді тақырыптар қоғамдық-саяси лексика элементтері қатысымен жасалып, хабарлы, лепті сөйлем түрлерінде келеді. Кейде тақырып, тақырыпша, мәтін – бәрі мағыналық-құрылымдық бірлікті, бір ғана тұтастықты танытады. Мұндайда бәрінің мағыналық бірлігін, құрылымы жағынан тұтастығын танытып, басын біріктіріп тұратын ұйытқы не болмаса тірек сөз (ключевое слово) болатындағын байқадық. Төмендегі мысалдағы “тіл” лексемасы сондай сөз: “Сылбырдың аты шылбырына сүрінеді.Самарқаулық пен селқостықтың салдарынан “тіл шаруашылығы” кенжелеп келе жатқан Қазақ КСР Қаржы және Сауда министрліктерінің қазіргі қалпы туралы қысқаша осылай деуге болады” (ЕҚ).

Тақырып, тақырыпша және мәтін арасын мағыналық жағынан тұтастыра байланыстырып, ұйытқы болып тұрған тіл шаруашылығы немесе тіл сөзі. Ол мәтінде өте жиі қолданылады.

Келтірілген мысалда тақырыпты тақырыпша анықтап, мағынасын ашып тұр.

Тірек немесе ұйытқы сөз мәтіндегі ой жүгін арқалайды, текст жеткізуге тиісті мағына оның семантикасына топтасады, сондай-ақ осы сынды ұытқы сөздердің әлеуметтік өмір мен тілге

қатыстылығы деңгейі тең дәрежеде болады. Ұйытқы сөздер белгілі бір уақыт аралығына, кезеңге тән типологиялық атаулар, заманға сай оқиғалардан хабар беретіндей мағызға ие лексемалар. Құрамы жағынан жеке сөз я болмаса сөз тіркесі түрінде болады.

Мысалы:“Сыбайлас жемқорлық жойылады – оған мен кепілдік бере аламын, - дейді Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі, ішкі әскерлер қолбасшысы, генерал-лейтенант Қайырбек Шошанұлы Сүлейменов мырза” (ЕҚ), - дегенде, “сыбайлас жемқорлық” тіркесі – бүгінгі күннің әлеуметтік “ауруларының” бірі, коррупцияның баламасы, қоғам өмірінің тілдегі көрінісі, сондықтан да әлеуметтік лингвистика үшін де, лингвистикалық талдаулар үшін де маңызды тілдік фактор, тақырып пен мәтіндегі айтылар ойды білдіруге әлеуеті жететін синтез сөз.

Публицистикалық стильде жазылған мәтіндерде сөздік құрам алуан түрлі болып келеді және әр қилы фразеологиялық бірліктер қамтылады. Жалпы қазақ газеттеріндегі мақала тақырыпаттарында кездесетін фразеологизмдерді үлкен екі топқа бөлуге болады: 1. Дәстүрлі фразеологизмдер; 2. Жаңғыртылған, өзгертілген авторлық фразеологизмдер.

Тілімізде бұрыннан бар, көпшілікке белгілі тіркестердің ешбір өзгеріссіз, бастапқы қалпында алынып, тақырыпат ретінде жұмсалуы қазақ баспасөзінде жиі кездеседі. Мұндай құбылысты *дәстүрлі қолданыстар* дейміз. Мысалы: *«Тас түскен жеріне ауыр»* (ЖҮ), *«Саусақ бірікпей, ине ілікпейді»* (ОӨ), *«Бөлінгенді бөрі жейді»* (ОӨ), *«Алмас қылыш қын түбінде жатпайды»* (ЕҚ), *«Кел демек бар, кет демек жоқ»* (ОӨ), *«Күшік асырап ит еттім, ол балтырымды қанатты»* (ЖА), *«Ақсақ қой түстен кейін маңырайды»* (ЖҮ), *«Жел соқпаса шөптің басы қимылдамайды»* (ЖҮ), *«Сауда сақал сипағанша»* (ЖҮ), *«Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді»* (ЖҮ), *«Жақсы әке – жаман балаға қырық жыл азық»* (ЖҮ) т.б. Бұлардың барлығында көпшілікке бұрыннан белгілі тіркестер өзгеріссіз қайталанған. Осындай дәстүрлі қолданыстардың ішінде ғылымның басқа салаларынан алынған ережелер де тақырыпат ретінде жұмсалғаны байқалады. Мысалы: *«Төртбұрыштың ішіндегі параллельдер»* (ЖҮ), *«Қосылғыштардың орны ауысқанымен, қосынды өзгермейді»* (ЖҮ) сияқты тақырыпаттар математика ғылымының нысаны екені белгілі. Мұндай тақырыпаттардың қойылу мақсатын көпшілік тек мақаламен танысу арқылы ғана біледі, екінші жағынан мұндай қолданыстарды толық түсіну адресатта арнайы салалық білімнің болуын қажет етеді.Тақырыптар фразелогиялық тіркестерден болғанда газет тілі шырайланып, қасандықтан арылып, өңі кіріп, қысқа да нұсқа сөйлеудің үлгісін, журналист тілінің шұрайлылығын танытады. Айталық, “Абылай аспас сары бел”– осы сөзіміздің дәлелі. Мұндай ұтымды, ұлттық ойсанаға лайықталған, ұлттық менталитетті танытатын тақырыптар “Орал өңірі” апталығының алғашқы жылғы сандарында молынан ұшырасады.

Газет тілінде бағалауыштық лексиканың басым түсіп жататындығы жөнінде ғылыми ортада қалыптасқан пікір бар. Бағалауыштық сипат газет мәтіндерін ғана емес, тақырып, тақырыпша сынды басылымның ішкі құрлысын танытатын атрибуттарын да қамтиды. Баға берсе сөйлеу, бағалауыштық сипат газет атаулының бүкіл өн-бойына тән болады да, ол газеттің төл функциясының бірі әсер ету, еліктірумен ұштасады. “Алтыннан да ардақты”, “Ай аттары да – асылымыз”, “Бір өлеңі бір елдің мұрасындай”, “Құнан қойдың құнындай”, т.б. (ЖҮ) – тақырыптары “Жайық үні” газетінің ғасыр басындағы “Қазақтың” болмыс-бітімімен барлық жағынан үндестігін, дәстүр жалғастығы мен мақсат-мүдде бірлігін танытумен бірге газет тілінде метафораны қолдану ерекшелігін, оны басылымның мақсатына бағындыра пайдаланудың және баға бере сөйлеудің үлгісін де көрсетіп тұр.

Метафора – мәтіндегі ойды жинақтап, түйіндеп беруде таптырмас құрал. Ал, оның қоғамдық-саяси лексика элементтері көп қолданылатын, ресми стилі басым деп саналатын газет тіліндегі атқарар қызметі мұнымен ғана шектелмейді [2] .

Әр газет типтеріне қарай жағымды мәнді және жағымсыз бағалауыштық сипаттағы сөздер түрліше қолданылады. Мысалы, “Ана тілі” апталығы сияқты жалпыұлттық газеттерде жағымды мәнді сөздер тұрақты тіркес түрінде көбірек қолданылса, қоғамдық-саяси басылым саналатын “Егемен Қазақстанда”, кезіндегі “Социалистік Қазақстанда” жағымсыз бояулы, кері бағалауыштық лексика метафоралар мен ауызекі сөйлей тілі элементтерін қолдану арқылы жасалады, олар өзге қоғамдық құрылымды сынап-мінеу, өмірдің жағымсыз тұстарын ашу

құралы болды, сонымен бірге олардың қызметі газет ұстанған бағытқа, мақсаты мен мүддесіне бағындырылып отырады. “Буржуазиялық өмірдің сиқы” сияқты 1970-80 жылдары кең қолданылған, бара-бара стандартқа, тіпті кейінірек штампқа айналған тіркесті солардың қатарына жатқызуға әбден болады. Осындай құбылыс “Қазақ” газеті тақырыптарында былайша көрініс берген: Тозған рәсім азап, Елді елертушілер, .т.б.

Соңғы жылдары қоғамымыздың демократиялануы барысында басқарушы органдары, үкімет іс-әрекетін сынауда қазақ газеттері ауызекі сөйлеу тілі элементтері көбірек пайдалана бастады. Мысалы, “Мемелекеттік бюджетті сүндеттеу”. Бұл газет тілінде ауызекі сөйлеу тілі әсерінің жоғалмағанын керісінше, арта түскенін байқатады, сонымен бірге кейбір газеттер құрылымындағы, олардың типтеріндегі өзгерістерден де хабар етеді.

Әсер ету, еліктіру сөздерімен келетін “Орал өңіріне жазылыңыздар!”, “Үміткұлдай басшың болсын!”, “Қаһарманымызды қадірлей білейік!” (ОӨ) тақырыптары газеттің әсер ету, үгіттеу функциясын үнемі еске салып отырады.

1970-80 жылдары газет тақырыптары интернационалдық сөздер қатарының молдығы, ресми стильдің кең етек алуы, сондай-ақ, газет жанрларының аса саясаттандырылуымен, газет тілінің ауызекі сөйлеу тілінен барынша алшақтай түскендігімен ерекшеленеді. Сол тұста жарық көрген “Тіл мәдениеті және баспасөз” (1968), “Сөз өнері” (1978), “Өрелі өнер”(1976) жинақтарында баспасөз тіліне қатысты әр түрлі мәселелер талдау обьектісі болды. Осы жинақтардағы С.Исаевтың “Мерзімді баспасөзде жиі ұшырасатын стильдік қателер жөнінде”, Н.Демесіновaның “Баспасөз тілінде көптік жалғауын қолдану ерекшеліктері” , Н.Уәлиевтің “Қосымшаны да құнтпен қолдансақ” атты мақалаларында баспасөз тіліне қатысты, әдеби тіл мен оның нормасы, тіл мәдениетіне қатысты түйінді мәселелер көтерілгенін айта кету керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. А.Алдашева. Лексика новооброзования в современнов казахском литературном языке (на материале периодической печати 1976-1991гг.) АКД.Алма-Ата.1992.
2. Б.Момынова “Қазақ” газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. Алматы, Арыс. – 1998.
3. О.Бүркітов. Қазақ әдеби тілінің публицистикалық стилі (мерзімді баспасөз материалдары бойынша). Канд. Дисс. Автореф. Алматы. 1996.
4. ОӨ – Орал өңірі. Әр жылдардағы сандары.
5. ЖҮ – Жайық үні.
6. ЕҚ – Егемен Қазақстан.
7. ЖА – Жас Алаш.

ЕЖЕЛГІ АРАҚАШЫҚТЫҚ ӨЛШЕМДЕРІНДЕГІ ӘЛЕМ БЕЙНЕСІНІҢ КӨРІНІСІ

ӘОЖ 801.7

Байсагенова К.
БҚИТУ ҚТӘ 2-курс магистранты.

XX-XXI ғасырлар тіл білімі тоғысында ру, тайпа, этнос, ұлт, халық сияқты этномәдени ұымдар өз болмысын айқындау үшін "Тіл - Адам - Мәдениет" үштағандарына иек артып, ұлттық дүниетанымның, ұлттық рухтың, ұлттық ерекшеліктің күрделі табиғатын танып білуге кешенді түрде бағытталған антропоцентристік парадигмадағы когнитивтік, лингвоконцептуапьдық, линогвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, психолингвистикалық, коммуникациялық, лигнвопрагматикалық, лингвоелтану, мәдениаралық қарым-катынас зерттеулеріне ерекше назар аударуда.

Антропоөзектік бағыттың зерттеу ұстанымында объективтік дүниедегі барлық нәрсе адамның өзінен бастау алатыны дәйектеліп те, дәлелденіп те келеді. Яғни, күллі зерттеу ұстанымы адамның ақыл-ойы, санасы, дүниетанымы, көріп білген өмір тәжірибесі арқылы жузеге асырылады. Бұл когнитивті-концептуальдық жүйеде ерекше көрініс береді.

Когнитивті-концептуальдық жүйенің дамып асуына логика, философия, психология, мәдениеттану, жасанды интеллект, информатика, тіл, биология, медицина сияқты

ғылымдармен сабақтастыра қарастыру керектігі зерттеушілер назарынан тыс қалған емес. Бүгінгі тіл ғылымында когнитив теориясы осы ғылымдарды байланыстырып тұрған қолшатыр іспеттес қарастырылып келеді.

Мұны Е.С.Кубрякованың: "Это схема была призвана отразить многочисленные связи когнитивной науки с другими отраслями знания и другими дисциплинами, что собственно, и послужило поводом называть эту науку "зонтиковой",- деп топшалауынан да толық байкауымызға болады [1].

Адамның ойлауы мен танымдық әрекетіндегі тілдің рөлін зерттеу мүддесі көзделетін конгитивтік лингвистикада тіл - «ойдың тікелей шындығы, сана әрекетінің көрінісі», «ойтаным тетігі», «тілдік бірліктердің өн бойына терең мазмұндық астарына ақпараттарды бекіту, жасыру, сақтау, сондай-ақ қажет жағдайда қайта жаиғартудың когнициялық тәсілі» тұрғысынан сарапталып әлем бейнесі арқылы көрініс береді. Яғни бүгінгі когнитивті-концептуальдық жуйедегі әлем бейнесінің алғашқы нұсқасы дүниенің қарабайыр бейнесі арқылы танылады.

Ұжым мүшелерінің алғашқы танымдық жүйесі дүниенің қарабайыр бейнесі арқылы айкындалып сол уақыт туралы мол ақпарат береді.

Дүниенің қарабайыр бейнесінің қалыптасуы тарихи тұрғыдан танымның алғашқы әлем туралы нүктесінен (мифологиялық, қарапайым) бастау алып, ғылыми аралыққа дейінгі даму сатысынан өткен. Ол адамның дүние, қоршаған әлем туралы балама дүниетанымымен тығыз байланысты жүйеленеді. Дүниені танып білу адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі істеген іс-әрекеттері мен көрген білген өмір тәжірибелерінің нәтижесі негізінде сұрыпталып қалыптасады. Ал тәжірибе болса, адам қоғамының алға дамуының нәтижеге жеткен көрсеткіші ретінде де дәйектеліп зерделенеді. Сол себепті, дүниені танудың бастапқы және соңғы кезеңдері - адам әрекетінің тәжірибелік меңгеруінің нәтижесі болып табылады. Адам жаңа нысандар мен құбылыстарды тани отырып, оларға сөз арқылы атау береді. Танымның тіл арқылы таңбалануынан дүниенің тілдік бейнесі пайда болады.

Дүниенің қарабайыр бейнесінде лингвомәдени қауымдастықтың дүние-өлем туралы «қарабайыр» түсініктерінің біртұтас жүйесі, ұлттық сананың көне қабаттары, ұлттық ділдің тарихи қалыптасу этаптары көрініс табады. Сондықтанда ол этникалық дүниетаным мен этностың дүниені тануының, қабылдауы мен түсінуінің қайталанбас өзіндік ерекшеліктерін танытады.

Ежелгі қауымдық құрлыста адамдар тұрмыс-тіршілігінің негізгі көзі - аңшылық, егіншілік және мал шаруашылығы болғандықтан, солардың есебін, сан-мөлшерін, межесін белгілі бір өлшемдік таңбалармен белгілеу керек болды. Осындай қажеттіліктер негізінде ежелгі өлшемдік жүйелер дүниеге келді. Көптеген ру тайпаларда ең алғашқы өлшем құралдары қызметін адамның дене мүшелері атқарды. Өлшем тарихында Протагордың "барлық заттар өлшемі - адамның өзі" деген түжырымы осыған сәйкес қалыптаса керек.

Біздің ата-бабаларымыз ежелгі қазақтар арғысы түркілер де таңның атысы мен күннің батысын, төулікті, уақытты сағатпен, минутпен, секундтпен, салмақ пен көлемді сөзбен, таразы, килограмм, грамм, арақашықтық пен ұзындықты километр, метр, дециметр, сантиметр сияқты нақты метрологиялық өлшеу құралдарымен өлшемесе де, соның бәрінің өлшемін өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі өмірлік тәжірибесінен таба білген.

Қазақ тіліндегі метрологиялық лексиканың ішінде ұзындық, биіктік, арақашықтық, уақыт өлшемдерін білдіретін *қарыс, сүйем, елі, тұсау бойы, найза бойы, арқан бойы, тірсектен, қызыл асықтан, ат құлағынан, шай қайнатым жер, бие сауым жер, ет пісірім жер, сүт пісірім жер, кундік жер, сәскелік жер, ат шаптырым жер, құнан шаптырым жер, тай шаптырым жер, түйе көш жер, бір көш жер, қозы көш жер, түйенің табаны түсетін жер, бие бауындай жер, қозы көген жер, қозы өрісіндей жер, таяқ тастам жер, қарға адым жер, мал өрістен қайтқанда, қозы жамырап жатқанда* сияқты сөз қолданыстар өз заманында өлшем қызметтерін атқарса, бүгінгі уақытта бұл байырғы өлшем бірліктері дүниенің қарабайыр бейнесі ретінде көрініс береді.

Мәселен, қазақтар өзін қоршаған аумақта бір-бірінен қандай ара-қашықтықта орналасқаны жөнінде Р.Иманалиева төмендегідей мәлімет келтіреді: "Наличие

концентрической или круговой (полукруговой) расстановки отражает мифологическое представление казахов об освоении пространство. Жилье - Үлкен үй "Большая юрта" рассматривается как некий центр, от которого концентрическими кругами располагается остальной мир - юрты ближайших родственников, юрты гостей, далее место расположения скота - қозы кайырым, қозы көгеніндей, место расположения жеребяти коблицы - желі бойы, бие сауым жер и т.д" [2].

Қазақ таным-түсінігінде жылқы малын ерекше қастерленген. Осыған байланысты қазақ тілінде жылкыға байланысты сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер, қанатты сөздер сан алуан мағыналық топтарда молынан үшырасады. Өлшемдік мағынамен байланыста қолданылатын *ат шаптырым жер, құнан шаптырым жер, тай шаптырым жер, ат сауырынан, ат құлағынан* сияқты тіркесімдер осының нақты айғағы.

Ат шаптырым жер. Шамамен 2-3 км қашықтықты білдіреді. Бұл тіркесімге берілген сөздіктегі түсініктеме мен ғалымдардың берген анықтамасында бірізділіі жоқ. Мәселен, Е.Жанпейісов бұл тіркесім туралы бірнеше ғалымдардың пікірін салыстырып оларда кейбір мағыналық ерекшеліктері бар екенін атап көрсетеді. Этнограф ғалым Х. Арғынбаевтың көрсетуінше *ат шаптырым* тіркесі "30-40 км аралығындағы ара қашықтықті білдіреді десе, С.М.Абрамзон *ат қадым* ара қашықтығы "кейде 50 шақырымға дейін жетеді деп көрсетеді. Ал М.Әуезов *ат шаптырымның* ара қашықтығы шамамен 20-25 км болады,- дейді [3].

Тілімізде *ат шаптырым жер* тіркесім мағыналық және құрылымдық жағынан ұқсас өлшемдік мағынада қолданылатын *құнан шаптырым жер, тай шаптырым жер* тіркестері қазақтың өзіне тән танымдық ерекшелігін көрсететіні белгілі. Өйткені қазақ өзінің күнделікті көз алдында көретін жан-жануарлардың жасын, жынысын, физиологиялық қабілет қасиеттерін ерекше тани білген. Сол танымның негізінде басқа нысандармен салыстырып, теңеп солардың қасиеттерін анықтаған. Жоғарыда аталған тіл бірліктері - осының айғағы. Бұлардың білдіретін ара қашықтық меже шамасына жануарлардың жасы, физиологиялық қабіл тұрмыс-тіршіліктегі төжірибесі, адам санас сұрыпталған, семантикалық айырым белгілі негізге алынған. Сондықтан да, қазақ дүниетанымында орта есеппен *ат шаптырым жер: 20-25 шақырымды* білдірсе, *құнан шаптырым жер - 10-15 шақырьмды, тай шаптырым жер 5-10 шақырымды* межелеген. Яғни бұл бірліктерінің пайда болуына күнделікті қазақ өміріндегі тұрмыс-тіршілігіндегі көрген білгені мен есіне түйген қарабайыр дүниетанымы себеп болған деуімізге болады.

Әр халықта қоршаған ортасы, шұғылданған шаруашылығы, ондағы заттармен қарым-қатынасы негізінде танымдық ұғымы және дүниені қарапайым үлгіде тану ерекшелігі пайда болады. Ол ұғым тілде сөзбен, тіркеспен белгіленіп, белгілі бір мағынаға ие болып тіл арқылы таңбаланады. Мәселен, Л.Молчанова өз зерттеу жұмысында суық жақта тұратын Солтүстік халықтарында итке шана шегіп, оған жүк салып, "дем алдырмай жүгіртетін әдет-ұрпы болған. Осыдан бұл халықтардың тілінде 10-15 км аракашықтық өлшемін білдіретін, *"побэрд-побэйд" (аудармасы: шана жеккен иттің дем алмай жүгіруі)* атауы пайда болған. Аталмыш еңбегінде Вихманның пікіріне сілтеме : ап, фин-соулисдің *"репікггогта"* өлшеуі мен эстондардың *"репікогет* "өлшем бірліктері (аудармасы: жүк тиелген ит жарысы) жүк салған иттің жарысындағы 10 шақырымға тең арақашықтық өлшемі деп көрсетеді [4].

Сондай-ақ, Орал семьясындағы түңғыс-маньчжур тілдер тобына жататын ненец тіліндегі *"ядалавай"* сөзі (аудармасы: бұғының дем <ай жүгіруі) - күндік жолды немесе ара-іықтықты жегілген бұғының дем алмай жүгі-өтетін межесі, шамасы арқылы анықтайтын бірлік болған. Бұл ара қашықтық өлшем ауы табиғат мерзіміне байланысты қыста немесе үлкен "ядалавай") 10 шақырымға жуық болса, жазда ол 4-5 шақырымды қамтыған .

Славян халықтарының тілінде де *"ат шаптырым жер"* тіркесіміне жуық қолданылатын *упряжка"* (аудармасы: көсем жегілген аттар) деген атау бар. В.Г.Романова бұл сөздің екі мағынасын көрсетеді: 1) Аттың дем алмай жүріп өткен арақашықтығы шамамен 40 шақырымдай жер. 2) Аттың ешнәрсе жемей, доғасыз шауып өткен ара қашықтық межесі.

Қазақ тілінде бұл ұғым *ат шаптырым жер, құнан шаптырым жер, тай шаптырым жер* тіркесі сияқты көнерген сөздер қатарына жатып, байырғы халықтық өлшем атауы ретінде қолданылады.

Қысқасы тіліміздегі *ат шаптырым жер, құн шаптырым жер, тай шаптырым жер* тіркесімдеріне ата-бабаларымыз жол жүру мен арақашықтық меже шамасын анықтауда өлшем мәнінде жұмсалған байырғы өлшем бірліктері. Басқа халықтар да өзінің күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қай жануарды көп пайдаланса, соның қимыл қозғалысы, жүрісі арқылы ара-қашықтық межелерін анықтағанын жоғарыдағы мысалдар дөлел бола алады. Дүние бейнесі ұғымын адамның өмірлік тәжірибесі нөтижесінде калыптасқан қандай да |бір күбылыс туралы таным деп түжырымдалғанмен, өлем бейнесін бүлай түсінудің ғылыми сипаты жоқ, себебі ол табиғат, жағдай, эсте-тикалық құндылықтар, т.с.с. қандай да бір құбылыстар туралы жеке адамның түсінігі мен танымын бейнелеуі сияқты мүмкіндіктерге де ие.

Қазақтардың өткен өміріндегі тұрмыс-тіршілігінде көш лексемасын әлем бейнесіндегі когнитивтік бірлік ретінде тануға болады. Қа-зақтар мал-мүлкін аман сақтау үшін, ауа-райының ыңғайын бақылай отырып, үнемі көшіп қо-нып өріс жаңартып отырған. Сонымен қоса көш ұғымының пөлсапалық мәні - адам ғұмырын, жалпы тіршілік дүниені көшке, керуенге теңеу, адамды уақыт қонағы деп санау қазақтарда да көнеден келе жатқан дүниетанымдық философиялық тұжырым.

Осыған орай, "көш" сөзі қазақ тілінде сан алуан қолданысқа түсіп, көптеген атаулар мен тұрақты тіркестердің, мақал-мөтелдердің жасалуына негіз болған. Мыс: *көш бойы, көш құлаш, көш сырмақ, көш жер, көш көлікті болсын, аштан өліп көштен қалу, көш жүре түзеледі, көшке берге тайыңды ал, дүниеден көшу, бәдік көшті, үдере көшу, үрке көшу, шалцар көш* сияқты тілдік қолданыстар осының айғағы. Сондай-ақ, қазақ тілінде "көш" сөзімен байланысты арақашықтық өлшемін шамалап, межелеп, болжамдап көрсететін *қозы көш жер, бір көш жер, түйе көш жер, үдере көшу* сиякты тіркесімдер қалыптасқан.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде "қозы көш жер" тіркесімінің екі түрлі мағынасы көрсетілген: 1. Жақын жер, алыс емес. 2. Қашықтығы қозы жайылымдай жер. Сөздікте қаншалықты арақашықтықты қамтитыны нақты айтылмағанымен, "жақын жер", "жақын арақашықтық" деп жобалап көрсетілген [5].

Қорыта айтсақ, сөздік қорымыздың құнарлы бір қабатын құрайтын ежелгі арақашықтық өлшем мағынасын білдіретін сөздер мен тіркесімдер, метрологиялық лексиканың аса ауқымды қабатының бірі болып табылады. Олардың пайда болуы мен қалыптасуы - сол халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі мал шаруашылығымен, көшіп қонуымен түрлі нысандарды салыстыру, теңеу, ұқсату сияқты дүниенің қара, байыр бейнесін тану негізінде өмір қажеттілігінен туындаған. Сондықтан бұл өлшем меже, шамалар өз заманының этномәдени келбетінен берері мол, өзіндік ұғымдық мазмұны бар этностың ойлау жүйесіндегі ұлттық дүние танымдық ерекшеліктерін айқындайтын құнды тіл бірліктерінің бір қабаты.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кубрякова Е.С. Начальные этапы становлениж; когнитивизма. // Вопросы языкознания. М., 1994 . -С.21-34.
2. Иманалиева Р.Б. Этнолингвистические вопросы исследования пространственной ориентации в казахском языке (сопостовительно-типологический аспект). – Туркестан: Туран, 2005. - 152 с.
3. Жанпейісов Е. М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы, 1976.
4. Молчанова Л.А. Народная метрология. (К истории нар. мер длины) / АН БССР. Ин-т искусствоведения, этнографии и фольклора. - Минск : Наука и техника, 1973. - 83 с.
5. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. -728 бет.

ӘОЖ 81-11

Буранкулова Ж.
БҚИТУ, ҚТӘ 2-курс магистранты.

Тіл – қарым-қатынастың, тұлғалық коммуникацияның құралы, ұлттың байлығы, мұралық құндылық. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл — парасатын, рухани байлығын көрсететін ажар да оның реңкінің қанық та көркем болуы тұлғаның лингвистикалық мәдениетіне байланысты. Тарихты парақтасақ, тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да бұл мәселені айналып өткен емес. «Өнер алды – қызыл тіл» деп біздің дана халқымыз да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Қазіргі таңда тіл мәдениетін қалыптастыру мен оны дамыту көкейтестілігі арта түсті.

Ана тілімізге жанашыр ғалымдар сөз мәдениеті, сөз тазалығы, дұрыстығы туралы үнемі айтып келеді. Тілші-ғалым Р. Сыздықова: «Тіл мәдениеті дегеніміз — сөздерді дұрыс орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау(лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру», — дейді [1, 12]. А.Байтұрсынов болса: сөз ұнамды, өнді болуы үшін талғаудың басты шарты — сөз тазалығы, сөз дұрыстығы, тіл анықтылығы, тіл дәлдігі мен тіл көрнектілігі,-деп көрсетеді [2]. Тіл тазалығы дегенде, ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарланбай, әуезді де жатық, табиғи қалпын сақтауын талап етеміз. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен де байқалды. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал», - деп ұлы Абай тегін айтпаған. Ана тілінің мол байлығын игерген, құдіретіне түсінген, күшіне тағзым етіп, бас иген адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады, сөзді қалай болса солай қолдануға жол бермейді. Сөз мәдениеті мен өз мәдениетін қатар ұстап, екеуін бірге әлпештеп, қамқор болса, ана тіліне деген сүйіспеншілігі арта түсері даусыз. Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі — өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу.

Жиырмасыншы ғасыр ел тарихында, халық жадында өзінің талай тамаша табыстарымен көпшілікті тамсандырған күйде қалды. Елімен бірге есейіп, халқымен бірге толығып келе жатқан теледидардың да бір жарым ғасырлық тарихы бар. Қазақстанда 48 жылдық тарихы бар теледидар бүгінде ең көп тыңдалатын ақпарат құралына айналды. *Қазіргі таңдағы ақпарат беру әдісі бұрынғы әдістен тым алшақ, мүлдем жаңаша сипатқа ие болып отыр. Бұл қазіргі заманғы ақпараттық уақыт кеңістігінің еркін әрі батыл, әрі көз ілеспес шапшаңдықпен билеп алуына байланысты. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде:* «Ана тіліміздің қоғамда өзіне лайықты орнын алатын кезі келді. Тілдерді қолдану мен дамытудың алдағы он жылға арналған бағдарламасы осы мерейлі міндетке қызмет етеді деп күтілуде» деп көррсетеді [1]. *Сол тұрғыдан алғанда, барлық бұқаралық ақпарат құралдарымен салыстырғанда, теледидардың бірінші кезекке шығатыны ақиқат.*

Теледидар-тек хабар таратушы құрал ғана емес, ағартушылық, насихаттық та құрал. Зерттеуші Құдайберген Тұрсын теледидар әсерлілігіне мынадай анықтама береді: «Теледидар әсерлілігі өзіне 3 негізгі бағытты қамтитын, әлеуметтік ақпарат тұжырымдамасын жүзеге асырады: Ағартушылық /білім жөнінде негізгі ақпарат болып табылатын хабарламаны таратады/; Танымдық /логикалық және прагматикалық ақпарат негізінде алынған өзіндік білім туралы ұғымды қалыптастырады/; болжаулық /болашаққа баға беріп, ол туралы ұғымды қалыптастырып, ол туралы деректі таратады/; ұлттық мәселе төңірегіндегі өткір проблемаларда қоғамды топтастыруға қызмет етеді [3, 56].

Заманауи технологиялардың қазіргі ғаламдағы коммуникативтік-ақпараттық кеңістікке және ғаламторлың қоғам өмірінің барлық салаларына еніп, қарқындап дамып

келеді. Осыған орай, тілімізге күн сайын жаңа ұғым, сөздер еніп отыруы заңды және бұл үдеріс ұлғаймаса, бәсеңдемейді. Әсіресе, сөздік қорымыз, әсіресе, ғылыми терминология, латын негізді және орыс тілді сөздермен толыға түсуде. Олардың барлығы бірдей тілдік нормаға сай айтылмай, сқйлем дұрыс құрылмай, түсінісуде қиындық тудырып жүр. Мысалы, отандық теледидарда орыс тілінен аударылған кейбір қазақ тіліндегі жарнамалардың мазмұнын түсіну үшін алдымен орысшасын оқымай, түсіну қиын болып тұр.

Мысалы, Қазақстан телеарнасынан көрсетіліп жүрген «Тизин» мұрын тамшыларына қатысты жарнама мәтінінде «Сізде тұмау болса, Тизинді падаланыңыз» деген сөйлем бар. Бұл сөйлемді орысшадан тікелей аударғаны анық. Дұрысында, «Сіз тұмауратып, мұрныңыз бітелсе, Тизинді пайдаланыңыз» болып құрылуы керек. Бұндай шала әрі сауатсыз аударылған сөйлемдер жиі ұшырасады. Жарнамаланып отырған «Альбени» шоколады туралы да айтылған «Дәмі сізді үйіріп әкетеді» болып емес, «Дәмі тіл үйіреді» деп айту нормаға сай. Сонымен қатар ауызша жарнамаланып жүрген «Но-шпа» дәрілік өніміне де қатысты қолданылып жүрген «ішім бұрап ауырып кетті» деген сөз қолданыстың «ішім түйіліп ауырып кетті» деп айтылуы қазақ тілінің нормасына сай болар еді.

Мектеп қабырғасында, әсіресе, жоғары оқу орындарында жас жеткіншектерге тілді оқытудың басты мақсаттарының бірі білімді де сауатты, қай жағдайда болмасын өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе, жаза білетін мәдениетті мамандарды даярлап шығару болып табылады. Ал, болашақ журналистер мәселесіне келсек, олардың туған тіліміздің байлығын, оның көркемдігі мен өрнегін, ойды анық та, айқын жеткізе білу тәсілдерін жетік білулері қазіргі заманның негізгі талабы болып отырғандығына дау жоқ.

Арналарда сөздің орфоэпия айту нормалары сақталмайды. Мәтін қалай жазылса, солай оқылады.Телеарналарда орфоэпия орфографияның көлеңкесінде қалып, бұл заңдылық ұмытылып барады. Осының бәрі қоғамның сөйлеу мәдениетінің деңгейіне әсер етпей қоймайды. Ана тілдегі ауызша сөздің әуезділігін, жатық айтылуын, үндестік заңын сақтап теледидарда аса маңызды. Себебі, біз ақпаратты көру, есту арқылы қабылдаймыз. Теледидар тілшілері сауатты яғни, орфография заңын сақтай жазумен қатар айту нормаларын да бұзбай дұрыс сөйлей білуі тиіс. Журналистің тілді қаншалықты сауатты меңгергендігі оның жазғанынан ғана емес, сөйлегенінен де көрініп тұрады. Ауызша әдеби тіл деген ауызекі тіл емес, ол жалпыхалыққа түсінікті, нормаланған әдеби тіл. Оның басты талабы – сөйлеу актісінде сөздерді дұрыс дыбыстау [1]. Ал журналистің жазғанын айтып, оқып беретін тіл ережесін бұзатындар әншілер қауымы. Ойын-сауық, ток-шоу, реалити-шоу, әзіл-оспаққа құрылған хабарлардың басты олқылығы – жүргізушілер тіл заңдылықтарын білуге ұмтылмайды, ауқымды тақырыптарды игеруге дәрменсіз. Арналарда дикторлар мен хабар жүргізушілер, сұхбат берушілер орфоэпиялық қалыпты шектен тыс жиі бұзады, тіпті мұндай қателік жаппай сипат алып бара жатыр. Ауызша сөздің жатық айтылуы, үндестік заңын сақтай отырып, орфоэпиялық нормаларды білу, әріптердің емлесін, оның айтылу нормасымен қатар меңгеруде тілші міндетті.

Мысалы, эфирде жиі қолданылатын «*тұсаукесер, қылқалам шебері, бірқатар, жанкүйер, өнеркәсіп, жаңа күн, біркелкі»* сияқты сөздер орфоэпиялық норма бойынша «*тұсаугесер, қылғалам шебері, бірғатар, жаңгүйер, өренгәсіп, жаңа гүн, біргелкі*» болып айтылуы тиіс. Тіпті, біріккен «тұсаукесер» сөзін бөліп «тұсау кесер» деп сөз тіркесі ретінде айтып жүргенін байқадық.

1. Қазақ эфирінің сөз мәдениетін сөз еткенде көңіл бөлетін мәселенің бірі - жас тілшілердің сөйлеген сөзі мен жазған мәтіндерінде тұрақты сөз тіркестерін сепесіз өзгертіп пайдалануы, сөйлем мүшелерінің инверсиялап қолдануы. Мысалы, «Ұра берсең, құдай да өледі» деген тұрақты сөз тіркесін «Ұра берсең, сайтан да өледі» (КТК) деп өзгертіп айтып жүр.

2. Теледидарда биәдеби қолданыстардың ұшырасуы кездеседі. Мысалы, *Қоғамдық көлік жүргізушісі мен жолаушы жігіт боқтасып алды* (Евразия телеарнасы). Дұрысында, *«боқтасып алды» емес,* сыпайы түрде *«бір-бірін балағаттады»* болып айтылуы керек еді.

3. Тіліміздегі орыс тілінен енген немесе қазақшаға аударылған сөздер нормаға сай айтылмай жүр. Мысалы, бұрын «*роль, ноль, минут,майка, сода, банка, кепка, станция, шофер,*

машина, шуруп» болып келген сөздері кейінгі уақытта калыптасқан әдеби нормаға сай «*рөл, нөл, минөт, мәйкі, бәнкі, соды, кепкі, стансы, шопыр, мәшине, пәлте, шұрып*» болып айтылып, жазылуы тиіс [4]. Бұл норма да сақталмай жүр. Соңғы кезде Қазақстан телеарнасында жиі жарнамаланып жүрген «Казлотода автомобиль ойнатылады» деген сөйлемде «автомобиль ойнатылады» емес, «автокөлік ойнатылады» деп айтылған дұрыс. Сонымен қатар кейбір арналарда бегущая строка-ны «жүгерме жол» деп (дұрысы – жүгіртпе жол), венок-ты «гүл шоғырлары» деп (дұрысы –гүл шоқтары) деп айту да кездесіп қалады.

Сөзіміз дәлелді болу үшін, ақын айтқан төмендегі мынандай мысалды алдық.... «Телеарнадағылар бір бұзақы полицияның қолына түссе, яғни, қамауға алынса, не тұтқындалса, оны «темір торға тоғытылды» деп шешенсуді де әдетке айналдырды», - дейді Мырзан Кенжебай. Шындығында, қазір телеарналар тілшілерінің ең көп қолданатын сөздерінің бірі «*тоғытылды».* Лингвист мамандардың пікірінше, тоғытылды сөзі қой, ешкі малына байланысты ғана айтылады, жазылады делінген. Тоғытылды сөзі төрт түліктің ішінде жылқы, түйе, сиыр емес «*қой тоғытылды»* бір отар қойды суға түсіріп, жүнін жуса, қазақ оны *«тоғыту»* – қойға қотыр түспеу үшін, сондай-ақ әртүрлі ауру тарататын кенелерге қарсы алдын ала жүргізілетін сақтық шара.

Нағыз сауатты да білімді журналистке дыбыстарды қатесіз, сөздерді анық та айқын айтатын, сөйлемде интонацияға мән беру, сөз этикетін сақтай білу міндеттері қатар жүктеледі. Сөз этикеті дегеніміз - сөз әдебі. Эфирдегі сөз әдебі тек сыпайы мәдениетті сөйлеу деген мағынада емес, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа ұйытқы болатын тұрақты, жағымды сөздерді орынды пайдалана білу дегенді білдереді. Сөз этикеті, адамдар арасындағы байланыстың үзілмеуі, реттеліп отыруы, сыпайы түрде жүзеге асуы, көңіл-күйге жағымды әсер ету үшін жұмсалады. Сөз этикеті жасы, қызметі жоғары адамдардың атын қаратпа түрде атамай, қарым-қатынаста сөздің сыпайы пайдаланылуы тек қазақтарға тән. Мысалы: Берік – Бәке, Серік – Секе хабарға қатысушы адамдардың жас ерекшелігі мен қызметіне қарай бұл сөздерді пайдалана алады Мысалы: Таңғы хабардың бірінде жүргізуші қыз жастау әйелге «апай, апай» деп бірнеше рет қайталап сұрақ қойды. *«Апай, апай таңғы тілек айтып жіберіңізші»*. Қонақ жүргізушіні жақтырмаған рай танытты. Ал экранда орынсыз «*аға, апа, ағай, апай*» деп сөйлеу сөз этикетін сақтамаудың белгісі. Егер балалар хабары болса, бұл сөздерді пайдалану өз орнын табады.

*Журналистердің шебер әрі сауатты сөйлеу қасиетінен біртіндеп ажырап бара жатқандарының себебі, біздің пайымдауымызша, тілдік қордың кедейлігі, ойлау жүйесінің жұтаңдығы, білімпаздықтың төмендігі, жаңалыққа деген ұмтылыстың болмауы. Екіншіден, теле*бағдарламалардың жақсы мен жаманын ажыратып айтып отыратын тәуелсіз телесыншылар қажет. *Үшіншіден, орфоэпиялық сөздікті кез-келген ортаның қабылдауын оңайлату жағы қарастырылуы тиіс. Әсіресе, журналистер, мәдениет қызметкерлері, халыққа қызмет көрсететін орындар үшін арнайы ауызша сөздің тілдік мәдениетін үйрететін нұсқаулықтар жасалуы қажет.*

Қорыта айтқанда, соңғы кезде ақпарат құралдары адамзат өмірінің барлық саласына араласып, оны тыңдайтын да қарайтын да көрермен саны артып отыр. Сондықтан қазақ теледидары мен радиосындағы журналист, дикторлардың сөзі қазіргі қазақ тілінің ауызша нормасына сай болуы тиіс. Қазақ тілінің дұрыс айтылуы мен жазылуын нормалап қана қоймай, оны көпшілікке насихаттайтын да, дамытатын да осы ақпарат құралдары екенін біз естен шығармаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздық. Р. Тілдік норма және оның қалыптануы.-Астана: Елорда, 2001.- 230 б.

2. *Байтұрсынов А. Тіл –құрал. – Алматы: Сардар, 2009. -348 бет.*

3. *Тұрсын Қ, Нұсқабайұлы Ж. Теледидар сөздігі – тележурналист анықтамалығы. – Алматы, 2003. - 380 бет.*

4. *Орфографиялық сөздік. – Алматы, 2007. – 480 б.*

С.Мұратбек шығармаларындағы қаратпа сөздердің прагмастилистикалық қызметі

ӘОЖ 82-1/-9

Габбасова А.
БҚИТУ, ҚТӘ 2-курс магистранты.

Сөйлемнің оқшау бөліктері, соның ішінде қаратпа сөздер сөйлемде белгілі бір мүше қызметін атқармағанымен, сөйлем жеткізілетін ойды дәлелдеуде, әсерлеуде, түсіндіруде, сөйлеушінің ой – ретін, айтылатын ақпараттың кімнің тарапынан екендігін, әр түрлі эмоционалды –экспрессивті сезімдерін білдіруде , алуан түрлі стильдік мақсаттарда ерекше қызмет атқарады. Олар сөйлемдегі мағыналық қатынасына , қандай сөздерден жасалуына қарай қаратпа, қыстырма, одағай деген үш түрге бөлініп жүр. Аталған қаратпа, қыстырма және одағай категориялары кейінгі зерттеулерде «оқшау сөздер» деген терминмен аталып келген болатын. Алайда ғылымның қай саласында болсын, «қандай да бір атау болмасын шартты түрде қабылданып қалыптасып кететіні мәлім. «Оқшау сөздер» атауын да солай деп қараған жөн. Оған себеп, біріншіден, оқшаулар тобына кіретіндер тек жеке сөз емес, сөз тіркестері, сөйлем де болуы мүмкін. Екіншіден, оқшау сөз, сөз тіркестері, сөйлемдер сөйлем құрамынан бөлек айтылмайды. Егер олар негізгі ойды, хабарды, әрекет- қимылды білдіретін сөйлемдерден мүлде бөлек айтылатын болса, олар негізгі құраммен мағыналық жағынан да ұласпас еді, ондай синтаксистік топтардың болатындығы жайлы мәлімет те болмас еді», - дей келіп, М.Томанов пен Т. Сайрамбаев қаратпа, қыстырма және одағайлардың негізгі синтаксистік ерекшеліктеріне байланысты «сөйлемнің оқшау бөліктері» деп атауды ұсынады [1].

Қаратпа сөздер қаратпалардың үш тобының алғаш қалыптасқан түрі. Бұлай айтуымыздың басты себебі қай уақытта да әрбір грамматикалық категориялардың дара түрі алғаш қалыптасады да, күрделі түрлері кейін қалыптасатыны сөйлем мүшелерінің құрылысынан да, сөйлем түрлерінен де анық байқалады. Олай болса, қаратпа сөздер арқылы олардың сөз тіркесі, онан кейін сөйлемдік түрлері қалыптасты.

Зат есімнен болған қаратпа сөздер. Қаратпа сөздер ретінде зат есім сөз табының қызметі ерекше. Қаратпа сөздер ретінде зат есімдердің жанды, жансыз, деректі, дерексіз, тіпті топонимикалық атау түрлері жұмсалады. Зат есімнің осы топтарының қаратпа сөз ретінде жұмсалуының өзіндік ерекшелігі бар. Сонда, ең алдымен, жалқы есім, онан кейін, жалпы есім, келе-келе барлық жан-жануар, тіпті, барлық тіршілік атауы, соңынан, сөйлеу тілінің ең дамыған сатысында абстракт заттардың да қаратпа ретінде жұмсалуы қалыптасты. Бұған қарап зат есімдердің барлық категориялары қаратпа сөздер ретінде жұмсалатыны нақты дәлелденіп отыр.

Жалқы есімді қаратпа сөздер. Жалқы есімді қаратпаның жалпы есімді қаратпа сөздерге қарағанда айырмашылықтары бар. Жалпы есімдерде лексикалық мағына, біріншіден, басым, екіншіден, сан, жақ, септелу жағынан да жалпы есім ерекшеленеді, үшіншіден, жалпы есімдердің жұрнақтар арқылы өзгерісі мол.

Кісі есімдерімен немесе тек тегімен келген қаратпа сөздер. Мысалы, -Жанар, жеме күйген бидайды, - деді бір кез Болат. - Әй, Қанат, көкшешек, қой енді, әйтпесе желкеңді қиям, - деді. - Жә, Нұрсұлу, мұның жарамайды (Жабайы алма). - Бақыт, мына жемді түсіріп алыңдаршы, - деді. - Мен саған айтып отырмын, Қази! (Көкорай). - Әсия, былай тұр, мен көтерейін, - деді әлгі дауыс (Махаббат).

- Айша, атты қазан суытып барып отқа қойғайсың, -дейді дауыстап (Күсен-Күсеке). - Әлима, саған не болған? Әлде біреу ренжітті ме? (Менің қарындасым). - Ау, Көбеген, тоқта, - деді осы кезде механик трактордың үнін басқан зор даусымен (Көктемгі егіс кезінде).

Кей жалқы есімдер -ақа, -еке, -жан, -тай қосымшалары арқылы еркелетуді, сыйлауды білдіріп, толық жалқы есімдерден кем түспейді. Мысалы, - Қанатжан, Қанатжан, мен сенің

құлыңмын ғой, - деп аяқ жағыма кеп отыра кетті. - Зибашжан, халің қалай? - деді Ырысбек. – Қанат-ай, қол диірменді өзің айналдырарсың - Әй, Байеке, жүр енді, сен де (Жабайы алма). - Әсетжан, атаңныц кемпірі кайтыс болган жуырда, ұмытпай қазір көңіл айт. -Ағатай, жұрт тарап жатыр, - деді қыз (Басында Үшқараның). -Иә, басеке, дұрыс сөз өзіңіздікі.

- Жанайжан, сен әлгі бастығыңның үйінде біраз болдың-ау, ә? - Әй, Тореке, бір жарты әкелші, қарап отырғанша мыналар бір-бір тартып қойсын (Көкорай).

- Жеңісжан, міне мына бір жерден бастайық (Ананың арманы). Күсеке, мен аман-есен құтылдым, бұл соның тойы, - деді Бисұлтан (Күсен-Күсеке). - Мұха, бұйымтайыңызды айтпадыңыз-ау (Қыран құс...).

Қосымшасыз да, қосымшалы түрде де жалқы есімді қаратпа сөздер түрлі одағайлардың тіркесуі, олардың қайталануы, демеулер арқылы қосымшамен берілу кезінде де эмоциялық мән әлдеқайда басым. Қаратпа сөздер туралы ғылыми еңбек жазған ғалым В.П.Проничев жалқы есімдердегі эмоциялық мән жалпы есімдерге қарағанда онша емес дейтін пікірін қолдауға болғанмен, аздап болса да жалқы есімдерде де ондай қасиеттің бар екені айқын [2, 11]. Мысалы,

- Әй, Жанай-ей, суреттерін мен салатын болайыншы.
- Қымбат-ай, менің темекімді әкелші! (Көкорай).

Жалқы есімді қаратпа сөздер төрт түлік малға байланысты да айтылады. Мысалы, - Жей гой, Қасқам, жем жеші, - деп өзі дірдек қаққан Нәзира әпкем жемнен қос уыстап алып көккасқаның аузына тосқан (Жабайы алма).

Жалпы есімді қаратпа сөздер. Көлемі жағынан да, мағына, мәні жағынан да ең көп колданылатын қаратпалар - жалпы есімдер. Олар адамдарға, жан-жануарларға және деректі, дерексіз заттарға байланысты. Олардың ішінде, әсіресе, адамдарға байланысты қаратпалардың лексикалық та, грамматикалық та мағынасы өте кең. Олар: жас мөлшері, дәрежесі, туыстық, дін, адамның дене мүшелері, басқа тілден енген сөздер, алғыс, қарғыс мәнді сөздер. Мамандыққа байланысты түбір калпында, түрлі жұрнақтар арқылы дара да, бірыңғай түрде де нөлдік формада тәуелдік, көптік жалғауларда да келеді.

Жас мөлшерін білдіретін қаратпа сөздер. Мысалы, - Ақсақал, сіз мектептің отынын дәл осылай қорғауыңыз керек еді, - деді апай қатқыл үнмен. - Жеңгей, көжеңізден қалды ма? - деді (Жабайы алма). - Әй, шал, бері кел! - деді Сәмбет дауыстап. - Немене, құрдас, бірдеңе айтқың кеп отыр ма? — деп Сәмбет оған жымия қараган. - Жоқ, агай, рақмет. Мен ішпеймін, - деген Жанай (Көкорай). — Ал, кемпір, не істейміз? — деді, әйеліне сұрақты кескінмен бұрылып (Кәментоғай). — Құрбым, сіз семьялы адамсыз ғой, мұныңыз жарамайды, - деді бір күні қыз түсін суытып (Махаббат). — Ойының келмесін, бала, жаман шалмен (Күсен-Күсеке). Біз ауылдан жүрміз, ағай. — Оу, шал, бұрыла кет бері, - деді тракторист Самат деген жігіт барылдаған жуан дауыспен (Таңғы шық). - Атты сонша қинап қайда асығасыз, қарындас, жәй-ақ жүрейік те, - деймін (Райгүл).

Қосымшасыз да, қосымшалы түрде де жалпы есімді қаратпа сөздер түрлі одағайлардың тіркесуі, олардың қайталануы, демеулер арқылы қосымшамен берілу кезінде де эмоциялық мән әлдеқайда басым. Мысалы, - Апатай-ай, апатай... - Басқа не айтсаңыз да істейін, бірақ мұныңызды істей алмаймын, апатай. - И-и, ене-ай, қажетсіз жерге араласып қайтесіз. - Ағатай-ай! Ағатай-ай!.. - деп зар еңіреп жалына аттан салды Көлбай. - Қағытып отырғам жоқ, әпкетай-ай, құдай ақы шын сөзім (Жабайы алма).

Дерексіз затты қаратпа сөздерге: тіршілік, дүние, құдай, алла, аруақ, есім, мақұлық, өмір, көңіл, ақыл, қайрат, уақыт, сол сияқты поэзия сөзі де қаратылып айтылады. Мысалы, - Е, Алла, өзің жар бола гөр... - Е, Алла-ай, тал шыбықтай бұралып енді жеткендеріңде сендерге де ауыз салды ма?! (Жабайы алма). - Ойбай, аруақ, ойбай, құдай, бармысыңдар? (Құданың фокусы). - Е, алла, осылардың бейнеті маған зейнет емес пе. - Құдай, құдай... Осы ит жыны бірікпеген иттердің ортасында азапқа салғаныңша алсаң етті мені! (Ананың арманы).

Кейде басқа тілден енген кірме сөздерден болған қаратпа сөздер де ұшырсады. Мысалы: - О, папа, папам! - деп кеп Сәмбеттің мойнына асыла кетті (Көкорай).

Тіл білімінде деректі заттарға байланысты, мәселен, домбыра, жаңбыр, қар, ағаш, жер, таяқ, мұз, күз сияқты сөздерге қарата айтылатын қаратпалар да мол жұмсалатындығы

айтылады. Бірақ біз шығарманы оқу барысында қаратпа сөздердің бұл түрлерін кездестірмедік.

Сын есімді қаратпа сөздер. Қазақ тілінде сын есімнің қаратпа ретінде жұмсалуын С.Аманжолов 1939 жылғы мектеп грамматикасында айтпағанымен, 1940 жылғы еңбегінде алғаш рет көрсетті [1, 12]. Осы пікірді М.Балақаев, Р.Әміров те қуаттайды. Түркологиялық әдебиеттерде сын есімнің қаратпа сөз ретінде жұмсалуы тіпті ескерусіз. Ал орыс тілінде 1980 жылғы «Русская грамматика» еңбегінде ғана көрсетілген. Жалпы сын есім сындық мағынада қаратпа сөз ретінде жұмсалмайды. Олар қаратпа сөз қызметінде тек заттанып барып қана жұмсалады. Осы уақытқа дейінгі еңбектерде сын есімнің қаратпа сөз ретінде жұмсалатынын айтқанмен, оның ішкі ерекшеліктеріне онша бара берілмейді.

Қаратпа сөздер ретінде байғұс, ақымақ, боқмұрын, маубас, тойтық, еркекшора, сұмырай, жынды, сүмелек, жексұрын, сақау, қамытаяқ, сайқал, мүсәпір, бейтаныс сияқты сөздер көп жұмсалады. Мысалы, - Боқмұрын, қыз дегенде құрақ ұша қалуын, - деді Байдалы шал мені аяғымнан көтеріп атқа мінгізіп тұрып. - Иә, со қашанда өзіңді қолпашта, байғұс, - деді көз жасын сүрткен кемпір. — Ой, маубас, соны да білмейсің бе?! — дейді екінші бала. Байдалы шал топтан озыңқырап шығып: - Эй, тойтық, мына тұрған жерге сонша жоғалып қайда жүрсің? - деген (Жабайы алма). - Еркекшора, алгебраны шығардыц ба? Әкеші, көшіріп алайын. - Ө-ей, сұмырай, Жанай сен сияқты жынды деп пе ец. - Әй, жынды, мә, төрт тармақ айыр. - Әй, жүгермек, мүше болмасаң боласың (Көкорай). - О, маубас, торта алмасың бар сұрап неғыласың, ей, - деп табаладың (Жусан иісі). - Ақымақ, ол алтын жүзік, неге лақтырасың, - деп ызғарлы зекірді (Отау үй).

Сын есімдердің тәуелденуі арқылы: - Тентегім, даусыңнан айналдым (Райгүл).

Қатыстық сын есімдер тудыратын жұрнақтардың ішінде тек -сыз, -сіз, -дай, -дей жүрнақты түрлері ғана қаратпа сөздер ретінде жұмсалады. Мысалы, -Ұялмайсың ба, мына жұрттан, бетсіз. Менің шешем жүгіріп шыгып: - Өй, әдепсіз, тыныш отыр - деп жекірді (Көкорай). - Опасыз, мені де бір кезде сөйдеп талай алдадыц-ау, ә (Ескек жел).

Сан есімді қаратпа сөздер. Әдетте сан есімдер қаратпа ретінде жұмсалады деп айтылмайды. Ол бір жағынан дұрыс та. Дегенмен, ғалым Н.Егіншібаеваның айтуынша, әдеби тілде кейде олардың да қаратпа сөз ретінде жұмсалуы кездесіп қалады. Ал біз қарастырған С.Мұратбеков шығармалары тілінен сан есімді қаратпа сөздер ұшыраспады.

Есімдікті қаратпа сөздер. Есімдіктің де, әсіресе, әне, міне сөздерінің қаратпа сөздер ретінде жұмсалуын проф. С.Аманжолов алғаш көрсетті. Проф. Р.Әміров оған қоса немене, калай, кәне сөздерін де қосады. Түркітануда Е.И.Убрятова ғана есімдіктің қаратпа ретінде жұмсалуын ескереді. Кейде есімдіктердің қаратпа ретінде жұмсалуы туралы қарақалпақ тілінің маманы М.Д.Дәулетовтың «Сиз, менің папиросымды тутандырып бересіз бе? Сизлер, Сейдулла лэудің ешки сатып алғанын еситтиниз бе?» сөйлемдеріндегі сіз есімдігіне екпін түсіп тұр. Сондықтан оларды қаратпа сөздер дейді.

Зерттеу нысаны болып отырған жазушы шығармаларын қарай отырып, мынадай есімдікті қаратпа сөздерді ғана кездестірдік.

- Әй, сендер, айтсам айтқандай көксоққан екенсіңдер, - деді көзі шатынап лезде ыза болган Әжібек (Жабайы алма). — Сен, бүгін кешкі тоғызда мені клуб алдында күтесің бе? (Көкорай).

Есімшелі қаратпа сөздер. Есімшенің қаратпа сөздер ретінде жұмсалуын тек С.Аманжолов сөз етті. Басқа авторлардың еңбектерінде есімшенің қаратпа сөздер ретінде жұмсалуы сөз болмаған. Түркітануда да сондай. Орыс тілінде «Русская грамматика» кітабында қаратпа сөздер зат есім, сын есімнен болатынын айта келіп, жақшаның ішінде (причастие) деп көрсетуіне қарағанда олар есімшенің қаратпа сөздер ретінде жұмсалатынын мойындайтын сияқты. Есімшенің тек -ган, -ген жүрнақты түрі ғана заттанып, қаратпа сөздер ретінде жұмсалады. Жазушы шығармаларында есімшелі қаратпа сөздер сирек те болса кездесіп отырады. Мысалы, - Оңбаған-ау, жерді тас-талқан ғып жыртқанда көрмедің бе? (Бекеңнің құбылысы).

Одағай сөзді қаратпа сөздер. Одағай сөздердің қаратпа сөздер ретінде жұмсалуын С.Аманжолов «Ей, мұнда кел» сөйлемі арқылы көрсетеді [3, 112].

Ал Ш.Сарыбаев «Әй, Уа, Ей, Ау, Әу» одағайларының қаратпа сөздер ретінде жұмсалуын мақұлдайды [4, 74]. Осы пікірді Р.Әміров те қолдайды [5, 94]. Сонымен шақыру одағайлары ішінен әй, уа, ей, түу, Е, ау, әу, ал, кәне сөздері ғана қаратпа ретінде жұмсалады. Мысалы, - Әй, амансыңдар ма? - Әй, өзің курортта жатқандай, әбден-ақ семіріпсің, бір-екі күнге аштан өле қоймассың (Жабайы алма). - Ей, тағы да айтшы (Жусан иісі). - Әй, ән сала отырайық, -деген ұсыныс айтқан (Құданың фокусы). - Әй, бидай көже ішіп кет (Кәментоғай). - Әй, кетпейміз бе енді? - деп Қайрат бұған кілт бұрылып қарады (Үскірік). Отар үйге кірді де төрде шалқасынан түсіп қорылдап жатқан Ноянды: - Әй, тұр. Өзің ұйықтау үшін келген немесің бе?! - деп түртіп оятты (Махаббат).

Қарап отырсақ, жазушы өз шығармаларын әй түрінде келген қаратпа сөзді жиі қолданған. Бұл жазушының өзіндік стилін байқатады.

Ағылшын тілінде қазір «сен» деп сөйлесу іс жүзінде жоқ. Оларда мұндай есімдіктің өзі де ұмытылған. Ол XYI ғасырдың өзінде қолданыстан қала бастап, XYIII ғасырдың басында оны сыпайы «сіз» деген есімдік алмастырған-ды. Тіл мамандарының түсіндіруінше, көне замандағы «сен» сөзі тек шіркеу тілінде, көтеріңкі, лепті поэзияда ғана сақталған көрінеді. Сол себепті, оны «Уа, сен!» деп аударған дұрыс.

Қорыта айтқанда, жазушы шығармаларында есім сөз таптарының, әсіресе зат есім мәнді сөздерден жасалған қаратпалар молынан ұшырасады екен. Олардың әрқайсысының өзіндік жасалу жолдары болаынын және ерекшеліктері, қызметі де әртүрлі болып келетінін байқадық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Томанов М., Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қаратпалар. Алматы, 1980. 50 б.
2. Проничев В.П. Синтаксис обращения: (На материале русского и сербохорватского языков). – Ленинград, 1971.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы, 1992.
4. Сарыбаев Ш. Междометие в казахском языке. Алматы, 1959.
5. Мұратбеков С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. Алматы: Өлке, 2006.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САНДЫҚ ҰҒЫМДАР АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН КОНЦЕПТІЛЕР

ӘОЖ 80

Габбасова Б.
БҚИТУ, ҚТӘ 2-курс магистранты.

Кез келген тілде сан атаулары алғашқы ұғыммымен, яғни қандайда бір заттардың санын, басқа заттармен қатынасының сандық мәнін білдірумен қатар, екінші деңгейдегі қолданысқа түсіп, басқа ұғымдарды атауға қатысады. Яғни о бастағы нақты білім басқа , жаңа білімді игеруге көмектеседі. Сол арқылы қоршаған ортаның ақиқат дүниесіндегі құбылыстар адам санасында дайын, бұрыннан бар бірліктер арқылы оңай танылып жатады. Осы процесс сан атауларына әбден қатысты. Мәселен үш саны нақты бір заттардың мөлшерін көрстедеі, яғни лексикалық бірлік ретінде оның анықтамасын былай беруге болады: Үш – екіден көп, төрттен аз сан. Ал осы сан атауы енді ұлттың басқа да рухани, мәдени, материалдық мәдениетіне қатысты, әлеуметтік болмысындағы құбылыстар мен заттарды, абстрактілі ұғымдарды тануға қатысады. Мысалы, үш жүз күрделі атауында үш санының атауы нақты бір заттардың мөлшерін атап қана қоймайды, бұнда ол тіркескен жүз сөзімен бірігіп, қазақ халқының этникалық құрылысына қатысты білімді жинақтаушы қызмет атқарып тұр. Міне, осыған байланысты әр бір сан есімнің түркі тілдеріне ортақ, қазақ тілінің өзіне тән астарлы мәнге ие болады. Ал оны тану үшін сол тілдің ұжымның бүкіл болмысы, мәдениетімен, тарихы мен әлеуметтік құрылысымен, рухани дүниесімен

таныс болу керек. Егер осыған қатысты бізде қажетті аялық білім жоқ болса, аталған сандық ұғымдардың астырт мағыналарын түсіну мүмкін болмайды [1].

Тіліміздеғы сандық ұғым арқылы жасалған тілдегі көптеген күрделі атаулар когнитивтік сананың жүйелік бірліктерін түрлі концептілерді жасайды. Яғни сан ұғымдарын қолданып күрделі атау жасау – жаңа ұғымға ат беру өз алдына бір процесс болса, енді сол күрделі атаулар арқылы әлемнің тілдік бейнесін қалыптастыру, қоршаған ортаның танымдағы бейнесін құру бұл да өз алдына қарастырыла алатын тағы бір порцес болып отыр. Бірінші процес тіл шекарасында өтке, екінші процесс таным деңгейінде жүреді. Екеуі бірінсіз бірі жүзеге аспайды да, тіл мен таным тұтастығының айғағы болып табылады.

Сонымен сан ұғымдары арқылы жасалған күрделі атаулар тіліміздеғы алуан түрлі концептілер түзеді, яғни олар белгілі бір тілдік ортаның, этностың өкілі болып табылатын индивидтің өзіндік тұрмыс-тіршілігіне сәйкес дүниені танып, ол туралы білімді жинақтап, қорытып тіркеуінің құралы қызметін атқарады.

Алуан түрлі концептілердің ішінен жұмысымызда деректер көп жиналған бірнешеуіне тоқталып өтпекпіз.

«Уақыт» концептісі. Бұл концептіні құрауға күрделі атаулар қазақи танымның, ұлттың болмыстың, әлеуметтік-экономикалық тұрмыстың, рухани мәдениеттің ерекшеліктерін көрсететін мынадай күрделі атаулар қатысады: *он екі сәт, үш бунақ, бес қонақ* және т.б.

Он екі сәт – «ұзақ мерзім» дегенді білдіреді [2, 108]. Мысалы, *–О, бұл қой әлі ет болғанша мың бір әлем он екі сәт. Мұнан қашан әкетеді? Ет комбинатына апарған күні қабылдай қоя ма, жоқ па*? (Нұрқасым Қазыбеков. Хат. – Жұлдыз, 1986, 127 б.), - деген әңгіменің үзіндісінде *он екі сәт* күрделі атауы *мың бір әлем* тіркесімен бірге ұзақ мерзім деген ұғымды білдіріп тұр, басқаша айтсақ, уақытқа қатысты «ұзақтылық» концептісі құрап тұр. Бұл жерде аталған күрделі сөз үстірт мағынада қолданылса, *он екі сәт* сөзінің байырғы нақты мағынасын екінің бірі біле бермейді, сондықтан оның шын мәніде білдірген тілдің мағынасы астырт мағынаға жатады. Осы мағынаны Н.Уәлиев былай анықтайды: «Қазақтың халық календарын зерттеуші ғалымдарымыздың бірі – М.Ысқақов кейбір түркі халықтары, оның ішінде ұйғырлар тәулікті он екі шаққа (сағатқа) бөлген деген Ұлықбектің мағлұматфына назар аударады (М.Ысқақов. Халық календары. 1980, 220-бет). Тәулікті он екі шаққа бөліп, оны он екі жыл есебімен атау монғол халықтарында да бар: 1) хулгана цаг – тышқан шақ, 2) ухер цаг – сиыр шақ, 3) бар цаг – барыс шақ, 4) туулай цаг – қоян шақ, 5) луу цаг - ұлу шақ, 6) моғай цаг – жылан шақ, 8) морин цаг – жылқы шақ, 8) хонин цаг – қой шақ, 9) бичин цаг – мешін шақ, 10) тахиа цаг – тауық шақ, 11) нохой цаг – ит шақ, 12) гахай цаг – доңыз шақ (Б.Базылхан. Монғолша-қазақша сөздік. Улаанбаатар, 1984, 880 б.)» [2, 108].

Үш бунақ. Қазақтарда және тағы да басқа түркілерде бір жылды үшке бөліп қарастырумен туындаған уақыт ұғымы. Бұл шаруашылыққа байланысты туындаған ұғым. Есепшілер шаруашылықты ауа-райымен сабақтастырып жүргізу үшін бір жылды 120 күннен тұратын үш бунаққа бөлген. Үш бунақтың алғашқысы *бас бунақты* шаруалардың тілінде *қара қатқақ* деп те атайды. Бұл мезгілде мал төлдейді, жабағы жүн қырқылып, бие бау тартылады. *Орта бунақта* шөп қуаты басына шығады. *Аяқ бунақ* қазанның тоғызынан ақпанның тоғызына дейінгі уақыт. Малшылар бұл мерзімде «күйек шешіп», жылқыны тебінге түсіреді.

Бес қонақ. Жаз бен күз мезгілі арасында болатын ызғырық, суық күн. Бес конақ күрделі атауы тоғау сесебіне байланысты: *бірінші қонақ* 31-наурызда, қазіргі күнтізбе бойынша 21-сәуір – көктем мейрамы, еңбек мерекесі; *екінші қонақ* 31-мамыр, қазір 22 маусым – жаз мерекесі; *үшінші қонақ* 31 маусым, қазір 22-шілде – ақын, өнер, парасат күні;

төртінші қонақ 31 шілде, қазір 22 тамыз – тіл мерекесі және ұлттық дәстүр күні; *бесінші қонақ* 31 тамыз, қазір 22-қыркүйек – күз мейрамы, сабантой [3].

Бес күндік пәни – шектеулі ғұмыр дегенді білдіреді. «Бес күндік» деген «қысқа» мағынасында жұмсалып, жалған дүние, адамның жарық дүниеге келіп, о дүниеге аттану аралығындағы уақыт өлшемін білдіреді. Бір жағынан бұл күрделі атау «дін» концептісіне «діни уақыт» өлшемі ұғымына да келеді.

«Туыстық» концептісі. Бұл концептіні жасауға сандық ұғымдар арқылы жасалған мынадай күрделі атаулар қатысады: *үш жүз, үш жұрт, бес ата, жеті ата* және т.б. *Үш жүз* – қазақ халқының іргесі үш жүз құрамынан тұрады. Олар: Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз. Бұл күрделі атаулардың құрамындағы «жүз» лексемасы туралы әртүрлі пікірлер бар. С.Аманжолов «жүз» лексемасы 100 санымен астарлас бөлшек ұғымын береді десе, Ж.Досқараев та жүз сөзінің этимологиясы жөнінде *жүз* сөзінің төркіні *дүз, түз* деген сөздермен байланысты болса керек деген пікір білдіреді. Себебі, біріншіден, қазақ тілінің кейбір говорларында *д/ж* дыбыстары алмасады, екіншіден, әрірек уақытта бұрынғы этнотоптардың үш жаққа бөлінуіне байланысты жүз (дүз) сөзінің қолданылуы заңды құбыдыс екені аңғарылады. Дыбыстардың алмасуына байланысты кейбір қарттардың сөйлеу тілінде *жүз* деудің орнына *дүз* деп те айтылады. Үшіншіден, тілімізде *түз/дүз* «дала, сахара жақ» деген мағынада қолданылады. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігінде Ж.Досқараевтың пікірі шындыққа жанасын сияқты деп жазылған. Ал Е.Жанпейісов *жүз* лексемасының этимологиясын «*буын, ұрпақ*» сөздерімен байланысты дей келе, басқа түркі тілдерімен салыстыра зерттейді [2, 105]. Сонымен, *үш жүз* құрамындағы *жүз* сөзінің төркіні *ұрпақ* сөзімен байланысты. Үш жүз деп қазақ даласы емес, қазақ халқы бөлінген, әрі тарихи романдардан «*Үш жүз – қазақтың ағайынды үш баласы*» деген сөйлемдерді кездестіруге болады. Сонымен *үш жүз* күрделі атауы *қаны бір, туысқан. ағайынды* деген ұғымды білдіреді.

Үш жұрт. Халқымыз «жігіттің үш жұрты бар. Олар – *ағайын жұрт*: жігіттің әкесі жағынан келетін туыстары, *нағашы жұрт* – шешенің төркіні, *қайын жұрт* – әйелінің төркіні» деп айтады. Осы күрделі атау құрамындағы сандық ұғымдағы үш сөзінің о бастағы сан мағынасы көмескіленіп, этностың туыстық-әлеуметтік құрылымы болмысының бір көрінісіне қатысты құбылысты атауға қатысып тұр. Мысалы *«Үш жұртың аман ба*?» дегенде *айналаң, ортаң* аман-есен, жағдайың жақсы ма деген ойды меңзеп тұр.

Бес ата. Бұл прецеденттік мәтін. Тарихи оқиғаға байланысты туындаған ұғым. *Бес ата* – Қоңырат руынан тарайтын бір бұтақтың аты. Бес ата атауының өзінен мифологиялық наным-сенімге қатысты құбылысты көруге болады. Қоңыраттан тараған рулар бір-бірімен жауласып, ақыры екіге бөлініп тынады.

Жеті ата. Қазақта рулық қатынас тарихи даму кезеңдердің ұзақ мерзімі бойы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың басты критерийі болды. Этностың тіршілігін, қоғамдық әрекеттестікті ұйымдастыру – туыстық қатынас негізінде орнығып, жүзеге асты, сондықтан да әр бір этнос өкілі өзінің о бастағы тараған тамырын, ата-бабасының жұртын жақсы білу керек болды. Қазақта жеті ата деп жеті ұрпаққа қатысты айтқан: *ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене*. Ал қазақтың ұғымында бұл күрделі атау «*тамыр, түп-төркін, тек*» мағынасын білдіреді. *Жеті атасын білу* деген тек қана өз ұрпағының арғы аталарын білу емес, жалпы *шығу тегін, өз тарихын білу, өткенге құрмет көрсету, ұрпақ сабақтастығы* деген ұғыммен шектесіп жатады.

«Денсаулық» концептісін түзуге *он екі мүше, алпыс екі тамыр, төрт тұғыр* және т.б. күрделі атаулар қатысады.

«*Он екі мүшең аман ба*?» деп хал сұрасу қазақтың ұлттық танымына тән. Мұнда қазақта қалыптасқан адам организмінің он екі мүшесінің амандығы сұралып жатқан деп ойлау толымды емес, бұл жерде *жалпы деннің саулығы, науқастан амандығы* сұралып жатыр. Ал осы күрделі атауды құрайтын элементтер - ұғымдардың мәнісін көпшілік біле

бермейді. Сондықтан да оның мағынасы әлеуметтік мәнділік деңгейі астырт құрылымдық мағына арқылы белгіленеді. Осы мағынаны Н.Уәлиев халық жұмбағы негізінде жан-жақты ашып көрсеткен: «Дүниеде бір ағаш бар түбі жуан, Он екі ұл, алпыс екі қыз бір күн туған», дейді халық жұмбағы. Мұндағы «12 ұл» - он екі мүше, «62 қыз» - *алпыс екі тамыр* (алпыс екі мүшеге тараған тамыр), ал «ағаш» - адам. Әлі күнге дейін қариялар алыстан келген ер азаматтармен «*Он енкі мүшең аман ба? Төртмүшең түгел оралдың ба*?» (бұл жерде *төрт мүше* – екі аяқ, екі қол) – деп амандасып жатады. Он екі мүшені ғалым былай деп анықтайды: бас (1), омыртқа (1), жамбас (2), жауырын (2), тоқпан жілік (2), асық жілік (2), қары жілік (2) (48, 105). *Он екіде бір гүлі ашылмаған, он екіде бір нұсқасы жоқ* тәрізді сөз орамдары әуелде *он екі мүшеге* қатысты айтылған, бастапқыда бұлар *он екі мүшеде бір гүлі ашылмаған, он екі мүшеде бір нұсқасы жоқ* тәрізді толық күйде қолданыла келіп, «*мүше*» сөзін түсіріп айтуға байланысты ықшамдалған.

Алпыс екі тамыр күрделі атауының мағынасын жоғарыда айтып кеттік. Бұл қазақтардың адам ағзасы туралы қазіргі ғылыми түсінік қалыптасқанға дейінгі практикалық таным нәтижесінде жинақталған білімінің бір элементі. Он екі мүшеге салаланып тараған тамырлардың барлығын санағанда алпыс екі екені анқыталған. Осы ақиқат дүниенің санадағы бейнеленуінің атауы енді тек нақта зат туралы білімді ғана емес, оған қоса басқа да ұғымдарды тануға құрал болады. Мысалы, қазақ ауыз әдебиетінде, сөйлеу тілінде де *алпыс екі тамыры иіді* деген қолданыс бар. Бұл адамның, әсіресе әйел адамның балаға *мейірленгендегі жай-күйін* дәл көрсететін картина. Сонда *алпыс екі тамыр* күрделі атауы тек денсаулық концептісін емес, сондай сияқты мейірімділік концептісін құрауға да қатысып тұр.

Төрт тұғыр. *Төрт тұғырға* түсінік Құтты білікте де кездеседі. Көне шығыс медицинасында адам тәнінің тіршілік негізі төрт сұйық зат екендігі түсіндіріледі. Оның бірі-*қызыл түсті сұйық- қан, сары түсті- өт сөлі, қара түсті- ірің, ақ тұсті- сілекей.* Көне медицина бойынша осы төртекудің өзара тепе-теңдігі бұзылса, адамның жан-тәнінде да ауытқу, ауру-сырқау болады деп сендірген. Бұл әрі Гиппократтың *«Дененің төрт сөлі»* туралы ілімімен сәйкес келеді, сондықтан соның негізгі болуы да мүмкін. Осы ілім бойынша адамның мінез-құлқы, *қабілеттің төрт ерекшелігі* жіктелген: сангвиник қан, флегматик - сілекей, холерик өт сөлі, меланхолик - қара сөл басым болғанда. *Төрт* сан атаулының өзіндік ерекшелігін дүниенің алғашқы негізі төрт элемент: *от, су, жер, желге* байланысты деп түсіндіріледі. *Төрт элемент* туралы ұғым ерте кезде Грецияда пайда болып, ислам дініне енген. *Төрт элемент* туралы түсінікті грек философы Эмпедокл жасаған. Ол алдымен негізгі түстерді атап (ақ, қызыл, сары, қара), оларды төрт элементке теңеген: *ақ-су, қызыл-от, қара-жер, сары- жел.*

Аталған төрт түс құдайға да тән. Қызыл түс- Зевске, сары- Аппалонға, ақ-Афродитоға, қара- Крон құдайларына берілген7

Қазақ тіліндегі сандық ұғымдардан жасалған күрделі атаулардың концептісін қарастырғанда зерттеу материалы ретінде алынатын тілдік бірліктерге ұлттық танымның көріністері, білімнің бірліктері болып табылатын сандық ұғымдардың қатысуымен жасалған *бес жақсы, үйірімен үш тоғыз, бес қару, алты алаш* сияқты тіркестер жатады. Егер концепт теориясынан шығатын болсақ, тілдегі кез келген бірлік білімнің көрінісі болып табылады. Оның барлығын жұмысымыздың нысанына алынбады. Осы бірліктердің ішіндегі бедерлісі, тіліміздегі өзге тілдерден ерекшелеп тұратын нақыштысы ғана қызықтырады. Сол себепті концептілердің ішіндегі ұлттың дүниетанымын, ұлттың тәжірибесінде жинақталған білімді, ұлттық мәдениетті нақыштайтын түрлері ғана қарастырылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Күштаева М.Т. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны. // Филол.ғ.к. дисс. автореферат. – Алматы, 2004.
2. Уәлиев Н. Жұмбақ сандар // Жалын. 1988. 105-108 бб.;

3. Дүсіпбаева Қ.С. Қазақ ескіліктерінің сандар жүйесіндегі тілдік көріністері. Фил.ғыл.канд.алу үшін дайынд. дисс. автореферат. А., 2001 ж. – 28 б.
4. Егеубай А. Махмұд Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы: «Хант» баспасы, 1997. 1-2-3-том.

Р.СЫЗДЫҚ ҚАЗАҚ ТІЛІ СТИЛИСТИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

ӘОЖ 81-11

Даулетова Ш.
БҚИТУ, ҚТӘ 2-курс магистранты.

Р.Сыздық – өз еңбектерінде функционалдық стильдердің бір тармағы – көркем әдебиет тілінің стилистикасын көбірек зерттеген ғалым. Оны зерттеуде әңгіме негізінен екі түрлі проблема төңірегінде болады деп, оларға: 1) жалпы ұлттық әдеби тілдің даму барысындағы көркем әдебиет тілінің орны, 2) жеке жазушылардың сөз мәнері (даралық стилі). Бұларды тағы екі түрлі тұрғыдан қарастыруға тура келеді: бірі –шебердік, екіншісі – нормалылық тұрғысы дегенді айтады. Ашып айтсақ, біріншісі – көркем әдебиет тілін, яғни «поэтикалық сөзді» стилистика объектісі ретінде қарастыру, екіншісі – жалпы ұлттық әдеби тілдің белгілі бір қаттауының, айталық, лексикасының немесе грамматикасының нормалары мен ұлттық көркем тіл нормаларының арақатынасы, қарым-қатынасы және бұл нормалардың көркем текстерде көрінуі тұрғысынан қарастыру [1, 102] .

Жалпы стилистика – шеберлік туралы ғылым саласы, оған тілдің көріктеуіш құралдары, солардың көркем әдебиетте қолданылуы жайындағы зерттеулер жатады. Көркем әдебиет өнер туындысы болғандықтан, оның тілі сол өнердің құралы, «материалы» ретінде қаралып, ол да өнер, демек, шеберлік тұрғысынан сөз болуы қажет.

Жалпы тіл білімінде стилистиканы: 1) тілдің стилистикасы, яғни системалардың жүйесі (стилистика языков); 2) сөздің стилистикасы, яғни тіл элементтерінің жалпы халықтық қолданысын зерттеу (стилистика речи); 2) көркем әдебиет стилистикасы, яғни поэтикалық зерттеу деп бөліп қарастырады. Бізде, қазақ ғылымында, негізінен, алдыңғы екеуі зерттеу объектісіне көбірек айналып, соңғы сала кенжелеп келе жатқанын айту керек. Дегенмен мүлде жоқ деуге болмайды. Е. Жанпейісов, Х. Нұрмұханов, М.Серғалиев, Х. Кәрімов, Б. Шалабаев сияқты зерттеуші ғалымдар бірқатар жазушылардың сөз шеберлігін, көркемдік тәсілдерін талдап танытады. Демек, көркем шығармалар тілін стилистика объектісі етіп зерттеуде жазушының эстетикалық талаптарды өтеу шеберлігі, яғни қалам иесінің қолтаңбасы, сөз өрнегі (мәнері) талданады.

Жазушы шығармасында айтпақ идеясын, бермек образдарын және көрсетпек суреттерін тіл арқылы білдіреді. Көркем шығармада ненің суреттелгені ғана емес, қалай суреттелгенінің мәні зор. Сол «қ а л а й »-ды көрсету – стилистиканың міндеті. Қайталап айтсақ, стилистика сөз эстетикасын, сөздің контекстегі рөлін зерттейді. Демек, лингвостилистика ұлттық көркем тіл мәдениеті дамуының негіздерін көрсететін ғылым саласы болады. Стилистиканың лингвистикалық міндеті стильдік әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмдізерттеу болып табылады [5, 86] .

Стилистика мен сөз мәдениеті мүдделері тоғысып жатады, өйткені тіл элементтерінің көркем сөзде дұрыс не бұрыс қолданылуын (яғни сөз мәдениетінің бұзылып не сақталып тұрғандығын) анықтау үшін әуелі сол элементтің қай орында, қандай мақсатта жұмсалып тұрғандығын, яғни стильдік жүгінің бар-жоғын білу керек. Сөздің стильдік бояуы ол сөздің негізгі мағынасына үстелген қабат болғандықтан, сол қабаттың сыр-сынын тауып алу қажет болады. Зерттеушілер стилистика мен сөз мәдениеті проблемаларын бір-бірімен байланыстыра қарастыру – бүгінгі күннің көкейкесті шаруасына айналып отырғандығын көрсетеді. Сөйтіп, стилистиканың мақсаты – тіл элементтерінің жұмсалуын бағалау

болғандықтан, олардың орынсыз, қате қолданылуын тауып-талдау тіл мәдениеті міндеттерімен ұштасады [2].

Функционалдық стильдің бір тармағы – көркем шығарма тілін лингвостилистика тұрғысынан зерттеуде мыналарды нысанаға алады:

а) «автор образы» дегеннің көрінісі;

ә) баяндаудың түрлері;

б) кейіпкерлердің сөзін беру (кейіпкерлерді сөйлету) принциптері;

в) кейіпкерлер тілі мен автордың өз тілінің көрінісі.

Бұл – негізінен, көркем проза стилистикасына қатысты проблемалар. Ал драматургия мен поэзия салаларында лингвистикалық стилистика бұдан өзгеше мәселелерді қояды.

Орыс лингвистикасында драматургия тілі жан-жақты, жақсы зерттелгендігін байқаймыз. Бұл салада мынадай мәселелерге көңіл аударылған:

а) кейіпкерлер образын тіл арқылы көрсету;

ә) кейіпкерлер тілі арқылы ауызекі сөйлеу тілінің типтенуі (типизация);

б) драмада сөз мағынасын стильдік мақсатта пайдалану.

Поэзияға келсек, мұндағы лингвостилистикалық ізденістер мүлде ерекше болмақ. Ең алдымен, поэзияның өзі «тұнып тұрған» образдылық (бейнелілік) болса, сол образдылықты жасайтын құралдар мен тәсілдерді зерттеу міндеті тұрады (образдылықты танып-таныту – әрине, көркем проза мен драматургия стилистикасының да «шаруасы»). Лингвистикалық стилистика көркем сөздің ерекшеліктерін зерттейтін болғандықтан, оған ырғақ, эвфония, поэтикалық синтаксис, сөз арқылы берілетін бейне (словесный образ) сияқты тарамдарды қамтитын лингвистикалық поэтика кіреді. Поэзия тілін лингвостилистика тұрғысынан зерттегенде, ең алдымен, ондағы образ жасампаздық (образотворчество) мәселесі көзделеді. Ал образ жасампаздық тіл элементтерін (құралдарын) жазушының өз қаламында жарата білуі арқылы пайда болады. Сөз-образдардың түрлерін, оның ұлттық бояуын (колоритін) тану да – поэзия стилистикасының міндеті. Қазақ тіл білімінде бұлардың барлығы да – әлі жүйелі түрде зерттелмей келе жатқан салалар. Ең алдымен, қазақ стилистикасында лингвистикалық негізде «автор образы» дегенді монографиялық планда арнайы танып-білу мүлде сөз болмаған зерттеу объектісі екенін айту керек.

Баяндау әңгімелеуші кейіпкерлердің атынан (бірақ стильдік бояусыз) жүргізіледі. Қазақ көркем сөзінде бұл әдіс те көп қолданылады. Әсіресе авторлық баяндаудың бұл түрі қысқа әңгіме, повестерде кеңінен пайдаланылады. Мысалы, М.Ысқақбаевтың «Арпабектің сары атаны» деген әңгімесі, Ш.Мұртазаевтың «Табылған теңіз» повесі кейіпкер атынан баяндалғанымен, бұлардың тексінде автор жергілікті сөз, қарапайым сөз, ауызекі сөйлеу тілі элементтері дегендерді әдейі қолданбайды. Стильдік элементтер мұндай шығармаларда диалогтерде ғана жұмсалады.

Әңгімелеуші кейіпкер аталмайды, бірақ баяндау стилі сол кейіпкердің көзқарасымен (бағалауымен, тануымен т.т.) беріледі. Мысалы, Ә.Кекілбаевтың «Құс қанаты» повесі ауылда туып-өскен, оқымаған «шұбалаң жаулық қара кемпірдің» көзімен (сөзімен) баяндалады. Сондықтан мұнда ауызекі сөйлеу тіліне тән қарапайым элементтерде: *бозымбай* (боз өкпе), *ұшпақ* (жұмақ), *бұтқа толу* (бәлдену), *тортиып жүру* (ренжу), *жырқылдау т.б.* сияқты қарапайым сөздер де, *бойлы-сойлы* (жақсы, текті), *дызықтау* (асығу), *бөтеке* (бүйрек), *шатпа* (төрт қанат киіз үй) т.б. тәрізді жергілікті сөздер де, *шүйке бас, сидаңдаған қу сирақ, енесі пақыр, атасы жарықтық* сияқты т.т. стильдік бояуы бар өзге сөздер де автор тілінен орын алған.

Міне, баяндаудың осындай төрт түріне байланыстыра сөз тандау, сөйлем құрастыру заңдылықтарын (нормаларын) танып-білу қажеттігі туады, бұл – қазақ тіл ғылымында әзірге там-тұмдап қолға алына бастаған сала. Бұл ретте соңғы жылдарда жарық көрген Х. Кәрімовтің «Қанатты тіл» (1995) монографиясы, Б. Шалабаевтың «Көркем проза тілі» (1994), М. Серғалиевтің «Көркем әдебиет тілі» (1995) атты монографияларын атаймыз.

Сондай-ақ «қазақ көркем сөзінде диалогтер арқылы образ жасау деген бар ма, бізде «қала тілі», «ауыл тілі» (орыс тіліндегідей «городская речь», «крестьянская речь» т.т.) дегендер бар ма, бар болса – олардың көркем әдебиеттегі көрінісі қандай, жоқ болса –

диалогтерді беруде өзге ерекшеліктер байқала ма?» деген мәселелер де күн тәртібінде тұр. Осы орайда бұрынғы (бұдан 50-60 жылдар бұрынғы) және қазіргі (соңғы 20-30 жыл ішіндегі) қазақ прозасында автор сөзі мен кейіпкер сөзінде айырмашылық бар ма, жоқ па; автордың тіліндегі белсенділігі (жазушының өзіндік көрінісі) деген байқала ма; кейіпкер тіліне автордың килігіп кетуі, яғни өз тілін кейіпкердің аузына салуы немесе керісінше, авторлық баяндаудың кейіпкер тілімен берілуі деген сияқты стилистиканың тың мәселелері алдымыздан және шығады.

Сөйтіп, лингвостилистика көркем текске эстетикалық сипаттама беруді көздейді, яғни көркем шығармадағы сөздің ерекше қызметін: стильдік жүгін, құбылысын айқындайды.

Ал көркем шығарма тілі мен жалпы ұлттық әдеби тіл нормаларының арақатынасын қарастыратын екінші аспектіге келсек, бұл ретте, ең алдымен, ұлттық көркем сөз нормалары дегеннің өзін анықтап алу қажет. Содан соң көркем әдебиет тіліндегі осы нормаларға сай келетін немесе сай түспейтін сәттерді, яғни нормадан уәжді (мотивті), уәжсіз (мотивсіз) ауытқуларды тауып көрсету мақсаты қойылады. Көркем туынды тілін жалпы әдеби тіл нормасы тұрғысынан зерттеу алдыңғы лингвостилистикалық ізденістермен ұштасып жатқанымен, бұл – өз алдына бөлек ғылыми ізденіс болмақ.

Көркем әдебиет тілін стильдік ерекшеліктер мен сөз мәдениеті тұрғысынан зерттеуде де объектілерді проза, поэзия, драматургия түрлеріне бөліп, айырып талдау, тану керек. Оның үстіне қатты ескеретін нәрсе – нормалылық дегенді тілдің қай қаттауына (қабатына) қарай іздеу керектігі. Айталық, лексика қабатына қатысты нормалылықты зерттеу объектілері жағынан ғана емес, сөздің семантикалық мағынасымен қатар, эстетикалық жүгін есепке алып отыру жағынан да ерекшеленеді. Және бұл ерекшелік проза тілі мен поэзия немесе драматургия тілінде тағы бөлініп кетеді. Синтаксистегі нормалылықты іздеу – ең алдымен, көркем текстің стильдік-эстетикалық нысанасымен көзделеді. Синтаксистегі түзулік (нормалылық) структуралық (жалпы тілдік) нормаға сайма-сай түспейді. Көркем әдебиет тілінде структуралық нормадан ауытқу көркемдік талабынан шығып тұрса, ол – көркем тілдегі нормалылық болғаны. Бұндай «нормадан тыс нормалылық» поэзия жанрында мүлде айрықша болып келеді [3].

Стилистикада лексиканы талдап-тану басты орын алады, тегі, ол синтаксистен қалыспайды. Сондықтан көркем әдебиеттің (басқаларының да) тіл мәдениетін зерттеуде де лексика-фразеологиялық қабат алдымен қолға алынуға бейім. Қазақ көркем әдебиетінің проза саласындағы лексикалық нормаларды танып-білуде, біздіңше, бүгінгі таңда мынадай сәттерге (объектілерге) назар аудару қажет:

- диалектизмдердің (жергілікті элементтердің) жұмсалуы, яғни орыс тіл білімінде диалектизация деп аталатын құбылыстың қазіргі қазақ көркем әдебиеті тіліндегі көрінісі, күй-қалпы, өріс алу бағыты;
- жалпыхалықтық тілге тән бейнелі (образды) сөздерді жұмсау тәсілі, фразеологизмдердің сөгілуі;
- қарапайым, көне, сирек сөздердің жұмсалуы;
- синонимдерді тандау; идеографиялық және стильдік синонимдердің қолданысы;
- лексикалық жаңа қолданыстардың орын алуы (қажетсіз тұста жаңадан сөз жасау немесе қажеті бар жерде ұсынылған жаңа қолданыстың сәтті-сәтсіз болуы);
- штамп сөздер мен тіркестерді қолдану; сөздердің тіркесу аясын кеңіту арқылы сөз мағыналарын жаңғырту;
- лексикалық варианттардың қолданысы, яғни морфологиялық, орфограммалық, семантикалық, генезистік т.б. жарыспалы элементтердің дұрыс-бұрыс жұмсалуы;
- белгілі бір сөз тудырушы элементтердің және синтаксистік тәсілдердің көркем әдебиет тілінде активтенуі;
- көркем әдебиет тілі арқылы лексиканың стильдік жіктерге (поэтизм, қарапайым сөздер, канцеляризм т.т.) ажыратыла түсуі.

Ғалымның еңбектерін қарастырып отырған шақта кез келген адам өзінің ана тіліне, оның құдіретіне деген сүйіспеншілік сезімін сезінеді. Ғалымның «Сөз құдіреті», «Сөздер сөйлейді», «Сөз сазы», «Абайдың сөз өрнегі» деген еңбектері тарихи лексикология, көркем мәтін тілінің,

соның ішінде, қаламгер, жазушы тілінің көркем шеберлігі мәселесіне, сөз қызметінің көркемдік-эстетикалық қызметіне арналған. Осы еңбектері арқылы тілші-ғалым болашақ ұрпаққа ұлттық тәрбие беру көзі ретінде этнолингвистика саласына елеулі үлес қоса білді. Ол өзінің 1997 жылы жарық көрген "Сөз құдіреті" атты еңбегінде М.Әуезовтің 20 жылдардағы әңгімелері тілінен бастап, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Асқар Сүлейменов, Тахауи Ахтанов, Қабдеш Жұмаділов, Кәдірбек Сегізбайұлы тәрізді қазақ көркем сөзінің қас шеберлері қаламынан шыққан туындыларға лингвостилистикалық тұрғыдан талдау жасап, олардың сыры мен сымбатын ашып береді. Сөз шеберлерінің шығармаларын сөз таңдау, сөз қолданыс, сөз әрлеу тұрғысынан зерттейді. "Сөздер сөйлейді" еңбегі ғалымның аса бір зеректікпен орындаған жұмысы болды. Тілшінің өзі айтқанындай: «Белгілі бір сөздің, не сөз тіркесінің бұрынғы және қазіргі қолданысына, яғни сөз мағынасының өзгерісіне, даму эволюциясына назар аудару. Бұл ана тіліміздің барша байлығын айқындай түсуге жол ашады» [2, 159].

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сия ма, ойлаңдаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған? – деп Абай ақын айтқандай өлетін де сөз болатын шығар. Ал Рәбиға Сыздықтың кітабындағы басты идея – кез келген қарапайым сөзді өлмейтін деңгейге алып шығатын талантты қаламгерлердің сөз қолданыстары, өзіндік ізденістері болса керек [4, 11]. Академик көрнекті қазақ қаламгерлерінің көпшілік белгілі шығармаларына лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдау жасайды. Сол арқылы әдеби тіліміз бен көркем әдебиетте өтіп жатқан күрделі процестерге үңіледі. Атап айтсақ, ғалым «Сөз құдіреті» деген еңбегінде Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкей, Асқар Сүлейменов сияқты ірі қаламгерлердің шығармаларын тілдік, тсилистикалық талдаулар жүргізіп, сөз деп аталатын тілдік бірліктің көркемдік әлеміне, құдіретіне үңіледі, сол мәселені өте мұқият зерттейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алмты: Арыс, 2004. – 614 б.
2. Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алмты: Зият-Пресс, 2007. -244 б.
3. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 бет.
4. Зинол-Ғабден Бисенғали, Жамал Манкеева. Қазақ филологиясы: егіз негіз. – Алматы: Арыс, 2010. – 352 бет.

Есенберлиннің тарихи романдарындағы лексикалық өзгерістер

ӘОЖ 801

Қуандық Ж.
БҚИТУ, ҚТӘ 2-курс магистранты.

Қазақ тілінің лексикалық құрамының негізі – алдыңғы дәуірлерден сұрыпталып, нормаланып келген сөз байлығы болды. Оның басымы – қазақтың өз сөздері, екінші қабаты – араб-парсылық кірме сөздер. Әдетте, сөздік – заман айнасы. Сондықтан бұл кезеңде өздері білдіретін зат, ұғымдардың өмірден бірте-бірте қалып бара жатқанына қарай және сөз мағынасының ішкі семантикалық қозғалыс заңына орай кейбір сөз топтарының тіл тәжірибесінен ығыса бастауы немесе керісінше, қазақ даласына XIX ғасырда келе бастаған жаңа әлеуметтік, экономикалық құбылыстарға байланысты көптеген соны сөздердің пайда болуы сияқты процестер жүріп жатты. Дегенмен бұл процесс әлі де күрт түрде емес,баяу, бірте-бірте өзгеру сипатында болды. Бұған, біздіңше, екі фактор себеп болды. Бірі – бұрынғы ұғым, зат, құбылыстардың қоғам өмірінен әлі де үзілді-кесілді кетпегендігі. Мысалы, кәдеден қалып бара жатқан қару-жарақ атаулары мен қазақ қоғамының ішкі саяси-әкімшілік

құрылысына қатысты сөздердің көпшілігі әлі де актив элеменеттер түрінде сақталды. І.Есенберлиннің «Көшпенділер» атты тарихи трилогиясында қазақ халқының ХУ-ХІХ ғасырларда басынан өткерген мемлекет құрудағы тартысы, жоңғар шапқыншылары әкелген «Ақтабан шұбырынды» трагедиялары ілгергі дәуірлердегі жаугершілік мотивтегі әдебиеті үлгілерінің тілін әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік туғызады. Демек, жаугершілікке қатысты бұрынғы образдар, оларды жасайтын тілдік құрал-тәсілдер молынан пайдаланылады. Бұл әсіресе жазушымыздың тілінде күшті сезіледі.Тарихи романда найза, садақ, жебе, қорамсақ, адырна, сауыт, кіреуке, дулыға деген қару-жарақ, сауыт-сайман атаулары да, қол, шерік (әскер), ер, жолдас, азамат, аламан сияқты қару ұстайтындардың атаулары да өз мағыналарында еркін жұмсалады. Олар бұрынғыша тұрақты эпитеттермен келіп, образ жасауға да актив қатысады: *Жебе толған екі-үш қорамса, қисық жүзді қылыш,, ұзын сапты айбалта, қыл арқан, пышақтай өткір найза, жебелерінің ұшы екі жүзді қанжар, бастарына киген темір, қола дулыға, үстерінде сауытты, жалпақ бет, сығыр көз ноян, баһадұрлар,* және т.б. Бұл кезеңде жалпы батырлық жаугершілік тақырыпты да сөз еткен өзге ақындар да бұрынғы әскери сөз қоймасына жүгінеді [1,8].

Тілдегі өзгерістердің қауырт болмауының екінші себебі тілдің дамуындағы іліктестікке байланысты. Мысалы, *орда, хандық, «жұрт»* мағынасындағы *байтақ, «қазақ халқы»* ұғымын білдіретін *алаш, «қол астындағы халық»* мәніндегі *аса жұрт, «ұрыс»* мағынасында соғыс сөздерінің сонау ХУ-ХІХ ғасырларда орын алып келуі – қазақ тілі дәстүрінің жемісі.

Бұл сөздердің барлығы бұрынғы эпитеттерімен, тіркесу үлгілерімен сақталып, әрдайым дерлік образ үшін қолданылады. Мысалы, тарихи романнан үзінді:

Әбілқайыр хан Асан қайғы сөзінің маңызын ұққысы кеп, кенет тоқтай қалды.

- Шабытына мінген жырау, ат сабылтып шауып келе жатқан жүйрік тәрізді, бекер тоқтаттың, хан ием, - деді Асан қалың қабағын түйіп, сөйтті де ар жағынан келіп қалған ызасын ұстай алмай түксиген қабағынан қыраулы қыстай кәрін төгіп, көптен бері айтайын деп жүрген өкпе-ашуын толғай кетті.

Сара жолдан жаңылған
Ханға зират қазылмас.
Сөгілгелі тұр қабырғам
Кеселдімін жазылмас
Тарқат, ханым, шерімді,
Намазыңа асықпа
Құрыштан берік *елімді,*
Алауыздықпен жасытпа! Бітеу
өскен қауынды Тұрсын
босқа жарғалы Досыңнан іздеп
жауынды Тұрсын жалғыз қалғалы!
Ұмыттың *қазақ жұртын,*
Ұлғайттың жаным жарасын,
Бір қазақтың баласын
Екіге бөліп барасың!
Жолын, ханым таппасаң
Бүлінеді *аса жұрт!*
Таң боп қайта атпасаң
Басқалы тұр қара бұлт! / 2, 80 /. Бұл

үзіндіде хан ақын толғауының аржағында өзіне деген халықтың наразылығы жатқанын ұғынуы, көптің көкейінде жүрген тілекті Асан қайғының жеткізуі арқылы экспрессияны күшейтеді, образ жасайды. Сонымен қатар бұл кезеңде қоғам өмірін, оның әлеуметтік, экономикалық жай-күйін, өзгеріс-жаңалықтарын суреттеу басты тақырып болғандықтан, ел басқаруға, әкімшілікке, әлеуметтік құрылысқа қатысты ұғымдарды атайтын сөздердің бұрынғылары, мысалы, *хан, бек, сұлтан, төре, би, ақ сүйек, кедей, бай, қара қазақ, қара жұрт, және т.б.* өздерінің атауыш мағыналарында актив қолданылып, сөздік қорына

қосыла бастайды. Айталық *патша* сөзі екі түрлі мағынада жұмсалады: бірі – жалпы билеушіні атайды, ол образ үшін айтылады. Екіншісі – нақты бір әмірші – Ресей империясының монархын атайды. Дәлел келтіретін болсақ, тарихи романда: *Алтын күмбез мешіті, ақ мрамордан қаланған,* ***патша*** *сарайларымен безенген, Босфор теңізінің жағасындағы Византия астанасы Стамбулға он бірінші ғасырда аса бір сойқан күн туды. Византияның* ***патшасы*** *(императоры) Алексей Комнин Стамбулды қалай сақтап қалуды білмей өзінің ежелгі жауы Крестшілер мен Рим папасына «Константинополь» (Стамбул) торкілер мен печенегтердің қолына түскенше, сендер алыңдар» деп жәрдем сұрап хат жазды. Расында Византияға безбүйрек көшпелі тағы елдердің шапқыншылығы тым қорқынышты еді* [2, 61].

Әсіресе, тарихи дүрбелең кезеңдерде қазақ жерінің Россияға бағына бастауымен байланысты Россия үкіметінің монархы – царь-ді қазақша ***патша*** деп атау қалыптасқанын көреміз. Сонымен қатар, патша сөзі өткендегі ақындарда жалпы ел билеуші деген ауыспалы мағынада да қолданылған. Мұндағы хан да, батыр да, ***патша*** да «ел билеуші» деген ауыспалы мағынада пайдаланылған атаулар. Сол сияқты «*жұрт»* сөзін *ел, халық,* сөздерімен параллель, солардың дублеті ретінде жүреді.

Аузы алты қарыс Бердібек ханға: Қас-қабағыңнан таныдым, Хан Бердібек боларсың. Қауырт көштен таныдым. Еділ барып қонарсың! Қан жылатын *жұртыңды*, Әлі-ақ сен де толарсың! -деген ел ардақтаған Асан қайғы [2,80]. Сонымен қатар кейбір жазушыларымыз *жұрт* сөзін «*жалпы адамдар, көпшілік»* деген мағынада да жиі қолданған.

Әсіресе бұл кезде тілде билеуші топ пен бағынышты қалың бұқараны, бай мен кедейді қарама-қарсы қойып, ажыратып атау тенденциясы күшті: хан*/қара халық, қара жұрт; ақ сүйек/қара; бай/кедей/жарлы* т.б. Бұл топқа патша үкіметінің қазақ даласын билеу жөніндегі реформаларынан кейінгі енген *аға сұлтан, болыс, майыр, старшын, ұлық, тілмаш, қара шығын, алым-салық, шаңырақ салығы, абақты* сияқты сөздер жатады. Ондаған жаңа ұғымдардың атаулары қазақ тілінің өзінде бұрыннан бар сөздер болғанмен, олардың ендігі беретін мағыналары нақтылы бір әкімшілікке, шаруашылыққа байланысты жаңа болып келеді.

Жазушы шығармасының лексикасындағы әлеуметтік-экономикалық саланы қамтитын лексика тобына сауда-саттыққа байланысты сөздер жатады. Сауда қатынасы тұсындағы қазақ даласының экономикалық өміріндегі көрнекті құбылыстың бірі. Қазақтар үшін «*сауда», «базар», «ақша», «баға», «тауар»* тәрізді ұғымдар әлдеқашаннан таныс болғанмен, бұларға қоса көптеген жаңа ұғымдар да пайда бола бастады. Бұл кезде әсіресе ***базар*** сөзі сөзі активтенеді. Бұл сөз қазақ тілінде өте әріден келе жатқан сөздердің бірі. Бұрынырақ базар сөзі қазақ тілінде «жиынды, думанды жер» деген мағынаны берсе керек. «Балалы үй базар, баласыз үй мазар» деген халық мақалындағы базар сөзі «сауда орны» дегенді емес, «жиынды, тіпті джуманды жер» деген деген ұғымды береді.

Кейбір зерттеушілердің айтуына қарағанда, базар сөзінің бұл мағынасы - ауыспалы мағына. Сауда-саттық орны болатын базардың халық көп, у-шу болып жататыны мәлім. Осыдан у-шу, думанды жерді (үйді) мағына ауыстырып базар деп атаған. Бұл да ықтимал пікір. Дегенмен, базар сөзі қайткенде қазақ жеріне орыс саудасының келуінен көп бұрын кірген деп шамалаймыз. Демек, ***базар*** сөзінің қазақтар орыс тілінен алмай, шығыс тілдерінен ертеректе алған болу керек (орыстардың өзіне бұл сөз шығыс тілдерінен енген). **Базар** (парсы: بازار – *бозор*, өзб. *bozor*, түрікм. *bazar*) – ашық алаңдағы сауда-саттық орны [3]. Сауданың, оның ішінде орыс саудасының қазақ жерінде күшейе түсуіне байланысты қолданылатын сөздердің ішінде бұрыннан бар сауда, *саудагер, ақша, сату, батпан, таразы* сияқтылар жиірек ұшыраса бастайды. Оның үстіне пайда, *өсім, несие, қарыз, алым-салық, қаржы-қаражат* деген терминдік дәрежеге көтеріліп, белгілі бір сауда-ақша операцияларының атауларын білдіретін болады. Сірә, *теңге, сом, тиын, кір* сияқты сөздер осы кезеңде ғана енген немесе активтенген элементтер болар. Базарлы жерге өз бетімен бара

алмайтын ауыл адамдарынан үйір-үйір не қора-қорасымен мал сатып алып, оны базар, жәрмеңкелерге үлкен кіріспен сататындар болған. Олар түскен ақшаға товар әкеліп, оны тағы да пайдасымен ауыл арасына сатқан. Бірақ қазақ аулында ақша аз, сондықтан ол товарды кедей-кепшік, жоқ-жұқаларға *несиеге* береді. Көктемде ***несиені өсімімен*** жинап алады. Сөйтіп осы операцияның өзіне қатысты көптеген жаңа ұғымдар мен оларды білдіретін жаңа сөздер пайда болады .

Дәлел ретінде тарихи романнан үзінді келтірсек: *Бұл қалалар өздерінің ұзақ өмірлерінде не көркемді? Түркістан өлкесін қандай хан билемесін, тек одан қара халыққа* ***несиені өсіммен*** беріп***,*** *пайдасын өздері көріп отырды. Жан-жағы егіндікке бай, Түркістан шаһарларының мехнатын диқаны тартса, қызығына бірінен соң бірі басқарған хакімдері батты. Еңбекші бұқараларға салынған* ***алым-салық, қаржы-қаражат*** *тек қаланы билеген бекзадалардың ғана дәулетін молайтты* [2, 153]. ***Несие мен қарыз*** – дублет сөздер, екеуі де заттай не ақшадай алатын (немесе беретін) борыш дегенді білдіреді. Екеуі қатар қолданылған. Дегенмен, несие сөзінің саудаға байланысты, ал қарыз сөзінің жалпы біреуден (көбінесе, әрине, барлардан, байлардан) уақытша ақша т.б. ала тұруға байланысты қолданылуы ажыратыла бастайды. ***Табыс та*** – сауда саласында жаңа сөз Бұл жердегі табыс саудамен мал жию, байлық құру, кіріс. Бұл кездегі табыс сөзінің бір дублеті – пайда.

Шығын сөзінің бұған қарама-қарсы мағынасы да осы тұста жанданған, ол сауда кәсібінен шеккен зиянды білдіру. ***Сату*** сөзінің семантикалық қозғалысы өте қызық. Алғашқы кезде бұл етістік «сату» дегенді де «сатып алу» деген мәнді де білдірген. Сатып сөзі қазіргі нормамызда соңынан алу көмекшісін қажет етіп тұрады. Келе-келе сату етістігі осы күнгі мағынасында орныгады да, алу көмекшісімен тіркескен түрі қолданыла бастайды. Мұндай дифференциацияның алғашқы нышаны өткен ғасырдың жартысында-ақ көріне бастайды. Орыс сөзі «продавать» ұғымы үшін базарға ұстап сату, сатып кету тәрізді тіркестер қолданыла бастайды. Тарихи романда*: Қасым хан қаншалық бейбітшілік өмірді сүйгенменен, енді Әбілқайыр ұрпақтарымен алыспасқа мүмкіндігі қалмаған. Осыдан он екі ай бұрын Мұхамед-Шайбани Түркістан жерінде қазақ саудагерлері пайда, сауда-саттық жүргізбесін деп жарлық берген*. Қазақ даласына келген сауда қатынасына байланысты жаңа тіркестер туады. Пайда табу, пайда құру, зиян шегу, т.б. Сонымен қатар қазақ тіліне тек сауда қатынастары мен операцияларына қатысты ұғымдарды білдіретін сөздер ғана емес, сауда айналымына түскен күллі товарлардың аттары да молынан енді. Олардың бірсыпырасы экспорттық товар атаулары (яғни қазақтардың сатқан товары – мал, жүн, қыл-қыбыр, тері-терсек) бұрыннан бар актив сөздер болса, қазақ даласы сатып алатын көптеген жаңа товарлардың аттары енді пайда болады. Ол товарлардың өз аттарымен келсе, енді бірқатарының атаулары қазақ топырағында жасалады. Бұлардың көбі жазушы лексикасында көп орын алмағандықтан, біз осы жұмыста саудамен келген бұйым аттарын сөз етпедік.

Билік тұлғасының тағы бір мағынасы «өктемдік, билеп-төстеушілік». ***Билік*** сөзінің бұл мағынасы үй ішінің билігі, қара басының билігі деген тәрізді тар көлемдегі қожалыққа иелікке байланысты айтылғандығынан көреміз. Би сөзінің қазақ тілінде ең о бастағы мағынасы да осы тар көлемдегі үстемдік ету мәнінен шығып бірте-бірте юристік қызметін де білдіре бастаған деп табамыз. Шаруашылықтың жаңа түрлеріне байланысты ат алу, кіре тарту, шаруа жию, шаруа істеу тәрізді нақтылы іс-әрекеттердің аналитикалық атаулары пайда болып, көркем әдебиет тіліне ене бастады.Бұлар бірте-бірте атаулық сипат алды. Қазақ қоғамының жаңа кезеңіндегі әлеуметтік топтардың атауларының ішінде жиі қолданылған сөздердің бірі – ***ұлық***. Бұл да қазақ жеріндегі орыс империясының жаңа әкімшілік саясаты мен құрылысына қатысты терминделе бастаған атау. Бұл сөзбен қазақтардың өз ішінен шыққан әкімдерін де, орыс әкімшілігінің билеушілерін де атайды. Оның есесін кейбір әкімшілік атаулары ығыса бастайды. Хандық институты жойылыумен байланысты әдеби тілде ***хан*** сөзі көбінесе образ үшін ғана жұмсалады. Сөз болып отырған кезеңдегі лексика құрамында кездесетін жергілікті ерекшеліктердің көрінісіне келсек мыналарды айтуға болады. Қазақ даласының аймақтарынан шыққан ақындар тілінде қазірде әдеби нормаға жатпайтын біраз сөздер бар. Олардың бірқатары бір кезде Қазақстанның көптеген өлкелерінде жиі қолданылып, жергілікті элементке айналғандар. Бірқатар сөздердің бұрыңғы дәстүрлі варианттарының қатар

қолданылуы біртіндеп азайып, орындарын өзге сөздер ала бастайды. Мысалы, ***«ел, жұрт»*** мағынасындағы ***байтақ*** сөзінің орнына ел, жүз сөздері кездеседі. Керісінше, бір алуан атаулар белгілі бір ұғымда қалыптаса түскен. Мысалы, ***жұрт, ел, халық*** сөздері талғаусыз бірінің орнына бірі жұмсала берсе, біз сөз етіп отырған дәуірде халық арабизмі бел ала бастайды. Ол әсіресе ***қазақ*** сөзімен тіркесте тұрақтала түседі. Тарихи романда: *Әйтсе де кәсібі бір, нәсілі бір, тілі бір бүкіл қазақ руының басын бір жерге қоса алмаса да, сол өзінің мал шаруашылығына тән көшпелі тіршілігіне ыңғайлы хандық құруға болатынына ол сенетін. Бұл **қазақ елінің** тарам-тарам боп әр ханның қолында құрып кетпеуі үшін керек еді. Тіршілік тартысы, халықтың өзін сақтап қалу күресі – бәрі де бір ел болмай мүмкін емес-ті. Бұл арман **қазақ халқын** алысуға мәжбүр етті* [2, 20]. ***Азамат*** сөзінің «жасақшы, жауынгер» ұғымы ХУІІІ ғасырларға дейін келсе, оның синонимі шора сөзі, біздің байқауымызша. Тарихи дәуірлерде бұл мағынадан гөрі «біреудің баласы, ұрпағы» мағынасында, оның өзінде де кез-келген қарапайым адамның емес, бай немесе белгілі бір бидің ұрпағын, ұлын білдіретін атау ретінде жұмсалғанға ұқсайды. Үзінді: *Жәнібек жасөспірім ұлының сөзін бірден іліп әкетті. – Дұрыс айтасың, балам, - деді ол іштей, түбі Қасымнан **ұлы** адам шығар деген бұрынғы үмітінің бұ жолы бір дерек тастағанына қуанып, - біздің бүгінгі аттанысымыз құр Әбілқайырға өкпелеуден туған аттаныс емес, бұдан жүз жыл бұрын бабамыз Орысхан тіккен Ақ Орданы қайта тұрғызып, қазақ деген жеке ел болудың аттанысы*[2, 256]. Осы дәуірде Шалкиіз жыраудың: Хан ұлы төредей, Би ұлы шорадай – десе, Бұхар жырауда: Әй, Абылай, сен он бір жасыңда әншейін-ақ ұл едің – дейді бала едің демейді, халықтың сөйлеу тілінің нормасымен айтса, бала едің болар еді, бірақ хан, би, тіпті ұрпақтарын да әлеуметтік топтардың өзгелерінен бөлек арнайы атау дәстүрі, сірә, орта ғасырлардағы сөйлеу тілінде де, жазба тілде де, поэзия тілінде де орын алғанға ұқсайды [1, 158].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р.Сыздықова. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993.
2. І.Есенберлин. Көшпенділер. Тарихи трилогия. – Алматы: Жазушы баспасы, 1976.
3. «Қазақстан»: Ұлттық энцклопедия. / Бас редактор Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998. І том.

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСЫ: ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЖІКТЕМЕСІ

ӘОЖ 371.2

Нурмуканбетова В.Е.
БҚИТУ, әл.ғылымдар магистрі, аға оқытушы.

Оқыту процесінің барлық кезеңдерінде арнайы цифрлық білім беру ортасына көшу процесі қазіргі білім беру үрдісін дамытудың маңызды бағыттарының, тенденцияларының, векторларының бірі болып табылады. Мұндай көшу, әрине, білім беру жүйесіне оның барлық салаларында кең мүмкіндіктердің пайда болуына мүмкіндік береді, дегенмен, оқу процесін ДСП-ге көшіру де белгілі бір қиындықтарды тудырады. Бір жағынан, жоғарыда аталған үдеріс білім беру бағдарламаларының сапасын арттыра отырып, ауқымын кеңейтіп, мазмұны мен қолжетімділік факторының дамуына серпін береді. Екінші жағынан, DSP ресурстық қолдауын тиімді пайдалану қазіргі уақытта бұл ортаның тұжырымдамалық және әдістемелік аппараты оның қалыптасу сатысында тұрғандықтан қиындатады. Бұл мәселе тек біздің еліміздің білім беру жүйесіне ғана емес, әлемдік білім беру жүйесіне де қатысты.

DSP саласында келесі негізгі терминдер мен негізгі ұғымдарды бөліп көрсетуге болады: цифрлық білім беру ресурсы, ашық білім беру, техникалық қолдау және т.б. Қазіргі уақытта цифрлық білім беру саласының қарқынды дамуын ескере отырып, келесі қиындықтар туындайды. : біріншіден, бұл саланың концептуалды аппараты қарқынды түрде кеңейіп, жаңа терминдермен, ұғымдармен, классификациялармен байыуда; екіншіден, бұрыннан бар ұғымдар жиі қайта қаралып, жаңа қырларын ашып, өзгеріп, түрленіп отырады. Мақалада DSP

концепциясы цифрлық білім беру ресурстары ретінде қарастырылып, оларды оқу үдерісінде (атап айтқанда, жоғары білім беру жүйесінде) пайдалану мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ашылады. Цифрлық білім беру ресурстары түсінігінің қолданыстағы анықтамаларын егжей-тегжейлі қарастырайық.

Григорьев С.Г. еңбектерінің бірінде ДБР-ға мынадай анықтама береді: «Цифрлық білім беру ресурстары (DER) цифрлық тасымалдағышта сақталған кез келген білім беру ақпараты ретінде түсініледі» [1, б. 135].

Бұл анықтама сандық ресурстарды басқару концепциясының мәнін толық ашпай-ақ, жалпы сипатта болады.

Сандық білім беру ресурстары түсінігін кеңірек қарастырған Р.Н. Абалуев: «ЦОР... оқу мақсаттарына арналған және цифрлық, электронды, «компьютерлік» нысанда ұсынылған белгілі бір мағыналы жеке объект».

Анықтамада бұл объектінің оқшаулануы, сонымен қатар дидактикалық мақсаты атап өтіледі. Сандық білім беру ресурстарының түсінігі де арналған жұмыста ашылған

Сандық ресурстық орталық құру процесі, оның авторы М.А. Горюнова. Жұмыс авторы келесідей анықтама береді: «COR – цифрлық түрде ұсынылған фотосуреттер, бейнеклиптер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық объектілері және интерактивті модельдеу, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, символдық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік құжаттар және басқа да оқу оқу процесін ұйымдастыруға қажетті материалдар».

Бұл анықтама білім беру жүйесіндегі білім беру орталығының мазмұнын барынша қысқа және анық көрсетеді, сонымен қатар оның мазмұнын оңай түсіну және есте сақтау үшін өте қолжетімді. Бірақ бұл анықтамада осы оқыту құралының дидактикалық функциясының сипаттамасы жоқ.

Қарастырылған тұжырымдамаларға, мұғалімдер мен әдіскерлердің тәжірибесіне сүйене отырып, «Цифрлық білім беру ресурстары» түсінігін анықтауға болады, ол мүмкіндігінше толық болады, бірақ сонымен бірге бұл ұғымды білім беру мазмұнына сәйкес қысқаша ашады. Шар. Цифрлық білім беру ресурстары – бұл электрондық форматта ұсынылған, пайдалануды арттыруға бағытталған заманауи оқу құралдары

Оқу-тәрбие процесінің тиімділігі және оқыту мен тәрбиелеудің негізгі міндеттерін жүзеге асыру. Қазіргі кездегі ақпараттық технологиялар жоғарыда атап өткендей, қарқынды даму және жетілдіру сатысында. Олар «жылдар бойы дәлелденген» дәстүрлі технологияларды қысқаша толықтырады, бірақ, өкінішке орай, көбінесе ескірген әдістер, құралдар мен оқыту формалары. Мектептердің, колледждердің және жоғары оқу орындарының мұғалімдері өздері қолданатын әдістемелік оқыту жүйесіне ОЖБ-ны қосуда. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану білім беру жүйесіне оқыту мен білім беру үдерістерінің тиімділігін ашу үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Студенттердің цифрлық білім беру ортасында, сондай-ақ бастауыштан жоғары білім деңгейіне дейінгі оқу үдерісінің тиімділігін арттыру. Жоғарыда айтылған мақсатқа жету үшін, цифрлық пайдалану процесіне дейін білім беру ресурстары мынадай міндеттерге ие:

- Цифрлық білім беру ресурстарын (пәндердің мазмұнын тереңдету, студенттердің оқу процесіне ынтасын арттыру, пәнаралық байланысты дамыту, ақпаратты іздеу, алмасу және игеру процестерін жеделдету) арқылы білім беру үдерісінің деңгейлерін дамыту және қарқындату; оқушылардың танымдық процестерін белсендіру);

Студенттердің жеке тұлғасын белсенді дамыту, оларды қазіргі қоғамдағы одан әрі дербес іс-әрекетте алған білімдерін іс жүзінде қолдануға кезең-кезеңімен дайындау (ойлаудың барлық түрлерін, коммуникативті дағдыларды, әртүрлі ақпарат түрлерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту процесінің тиімділігін арттыру, тұлғаның эстетикалық жағын тәрбиелей отырып, өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі тәрбиелеу қажеттілігі).

COR мектеп оқушыларының оқу пәндерін меңгеруінің қиын жолындағы сенімді көмекшісі және

Студенттердің теориялық білімдерін тиянақтау, тәжірибеде іскерліктерін шыңдау. Сондай- ақ, СЭР студенттердің білімін бақылаудың аралық және қорытынды түрлерін ұйымдастыру

процесінде, өз бетінше және үй тапсырмаларын орындауды бағалауда және, әрине, әрекетті түзету және өзін-өзі талдау кезеңінде тиімді.

Цифрлық білім беру ресурстарының бірінші классификациясы осы ресурстарды қамтитын ақпарат түрі принципіне негізделген. Бұл түр келесі сандық ресурстарды анықтайды, оның ішінде: Ақпараттың мәтіндік түрі (таңбалар бойынша өңдеуге мүмкіндік беретін сынақ түрінде ұсынылған). Оларға: электронды оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, сөздіктер, анықтамалықтар және т.б.;

Тек аудио ақпарат (оларды тыңдауға мүмкіндік беретін аудио-сандық білім беру ресурстары). Мысалы, аудиокітаптар, лекциялардың аудиожазбалары;

- Аудио және бейне ақпарат (жазылған сөзді қарау және тыңдау үшін қолжетімді бейне жазбалар түрінде ұсынылған). Оларға, ең алдымен, бейне-дәрістердің жазбалары, тренингтік бейнероликтер;

Визуалды ақпарат (бейне ақпараттан таңба бойынша өңдеу мен тыңдауды қоспағанда, оларды қарауға мүмкіндік беретін статикалық (динамиканың жоқтығы) болуымен ерекшеленетін графикалық цифрлық білім беру ресурстары). Мысалы, электрондық кестелер, графиктер, диаграммалар, қоршаған шындықтағы объектілердің статикалық кескіндері;

Интерактивті модельдер (сандық ресурстық орталықтың алдыңғы түріне ұқсас, дегенмен бұл модельдер динамизммен және онымен жұмыс істеу кезінде әрекеттерге жауап беру мүмкіндігімен сипатталады). Оларға қоршаған шындықтың электрондық динамикалық модельдері (Күн жүйесінің моделі, физикалық және химиялық аспаптардың үлгілері, адам денесінің құрылымының моделі және т.б.);

Ақпараттың аралас түрі (ақпараттық орталықтардың жоғарыда көрсетілген екі немесе одан да көп түрлері кіреді). Цифрлық оқыту орталығының осы түрінің жарқын мысалы ретінде ақпараттың барлық дерлік түрлерін (бейне және аудио дәрістер, мәтіндік және графикалық ресурстар) пайдалана алатын жаппай ашық онлайн курсты (MOOC) қарастыруға болады.

Сандық ресурстардың келесі жіктелуі нақты ресурстардың жасалу мақсатына негізделген. Бұл санатта цифрлық ресурс орталықтарының екі түрі бар:

Оқу орталықтары (осы ресурстарды құру мақсаты білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде студенттердің негізгі оқу пәндерін меңгеру үдерісінің тиімділігін арттыру болып табылады). Оларға: оқу құралдары, кестелер, диаграммалар, диаграммалар, интерактивті модельдер, презентациялар және т.б.;

Білім беру орталық білім беру орталықтары (осы ресурстарды құрудың мақсаты – оқушылардың адамгершілік және тұлғалық дамуы процесінің тиімділігін арттыру, тәртіптік жауапкершілікті, дүниетанымдық көзқарасты, іс-әрекетті өзіндік талдау процестерін қалыптастыру). Мысалы, мінез-құлық ережелері бойынша бейне сабақтар, әдістемелік фильмдер көру.

Сондай-ақ сандық білім беру ресурстарының неғұрлым тар классификациясы бар, ол баспа эквивалентінің болуына негізделген. Осы параметрге сәйкес DOR екі түрі бар:

Бұрын жарияланған баспа ресурсының аналогы болып табылатын, электронды форматта ұсынылған ресурстар (бұл санатқа бұрын жарияланған оқулықтардың, оқу-әдістемелік құралдардың, анықтамалық әдебиеттердің және т.б. электрондық нұсқалары кіреді);

- Бастапқыда электронды түрде жасалған ресурстар, дербес және бар

Электрондық ақпарат құралдарынан бөлінбейтін (бұл санатқа интерактивті модельдер, анимациялық презентациялар, онлайн тесттер және т.б. кіреді).

Сандық білім беру ресурстарының соңғы классификациясы оқыту әдістеріне негізделген, оған сәйкес сандық білім беру ресурстарының деректерін мұғалім пайдаланады. COR ерекшеленеді:

Конвекция (орталық білім беру орталығының бұл түрі оқыту мен тәрбиелеудің дәстүрлі әдістеріне, олардың мақсаттары мен талаптарына сәйкес келеді). Көбінесе бұл ресурстар энциклопедиялық сипатқа ие, ақпаратты мұғалімнен оқушыларға тікелей беруге арналған және оқушылардың танымдық белсенділігі мен ынтасын арттыру мақсатын қоймайды.

Осы типтегі цифрлық білім беру ресурстарына электронды оқулықтар, анықтамалықтар және оқу-әдістемелік құралдар жатады; оқу іс-әрекетінің құралдары болып табылады (бұл

сандық білім беру ресурстары әртүрлі типтегі объектілерді құруға және өзгертуге арналған). Мұндай ресурстарға өзгермелі графикалық объектілер, сандық мәліметтермен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар, кескіндер, дыбыстар, бейнелер жатады. Сондай-ақ компьютерлік зертханаларды қамтиды;

- Бағдарламаланған (білім беру орталығының бұл түрі «стимул-жауап» типті білім беру жүйесінде қолданылатын оқыту және тәрбиелеу әдістеріне сәйкес келеді). Бұл түрдегі ресурстарды пайдаланудың мақсаты студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетінде алған білім, білік және дағдыларының тәжірибеге бағытталған сипатына назар аудара отырып, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларының деңгейін арттыру болып табылады. Осы түрдегі ресурстардың маңызды ерекшелік белгісі ретінде оларды зерттелетін объектілердің модельдерімен жұмыс істеу процесінде пайдалану мүмкіндігін, сондай-ақ деректер орталығының деректерімен жұмыс істеуге арналған басқарылатын интерфейсті қарастыруға болады;

-проблемалық (оқу орталығының бұл түрінің атауы айтып тұрғандай, олар проблемалық оқыту әдістеріне сәйкес келеді). Бұл түрдегі ресурстарды пайдаланудың мақсаты – оқушылардың логикалық ойлауын дамыту, олардың өздігінен білім алуға деген құштарлығын, ақпаратты өз бетімен іздеуін, жаңа дағдыларды меңгеруін дамыту.

-біріктірілген (ДОР-ның бұл түрі әмбебап деп аталады). Мұндай ресурстар өз құрылымында сандық ресурс орталықтарының жоғарыда аталған барлық түрлерінің әртүрлі элементтерін қамтуы мүмкін. Оларды қолдану өзгермелі, оларды әртүрлі технологияларда тиімді пайдалануға болады жаттығу. Бұл ресурстарды таңдауға, сондай-ақ оларды пайдаланудың мақсаты мен әдістемесін нақты тұжырымдауға тиісті көңіл бөлу маңызды.

Осылайша, мақалада «цифрлық білім беру ресурстары» түсінігінің бірнеше анықтамалары қарастырылды және ең толық және түсінікті анықтамасы атап өтілді. Заманауи әдебиеттердегі цифрлық білім беру ресурстарының қолданыстағы классификацияларына да шолу жасалды, әрбір таксономияның негізінде жатқан ерекшеліктер атап көрсетілді, әр типтегі нақты цифрлық білім беру ресурстарының мысалдары келтірілді, мұғалімдердің кәсіби қызметінде оларды пайдалану принциптері мен ерекшеліктері қарастырылды. .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Григорьев С.Г., Гриншкун В.В., Краснова Г.А. Білім беру порталдарының ақпараттық ресурстарын тиімді қалыптастыру бойынша ұсыныстар // Интернет Порталдар: контент және технологиялар. Т. 3. М.: Білім, 2015. 134-166 б.

2. Абалуев Р.Н., Астафьева Н.Г., Баскакова Н.И. Білім берудегі интернет-технологиялар. 2.Тамбов: ТСТУ, 2012. 114 б.

3.Горюнова М.А., Клименков А.Г. Интернетте білім беру ресурстарын құру. Санкт-Петербург: ЛОИРО, 2012. 52 б.

4. Пасева А.И., Шайхлисламов А.Х. Цифрлық білім беру ресурстары және қашықтықтан оқыту // Еуразиялық ғылыми қауымдастық. 2020. № 5-6(63). 459-461 беттер.

5. Рахымбергенова А.Г., Кенжеғұлов Б.З. Багитова Қ.Б. Цифрлық білім беру ресурстары және олардың классификациясы // Қазіргі әлемдегі өзекті ғылыми зерттеулер. 2016 ж. No 11-1 (19). 10-14 беттер.

ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКА АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН АРТТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘОЖ 37(4/9)

Абуова А.С., Аскарова А.М.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті.

Қазақстанда халықтық педагогикалық ойларды бүгінгі тәрбие мен білім беру барысында жүзеге асыруға бағытталған біршама тәжірибе жинақталған. Бұлардың ішінде, әсіресе, халқымыздың тәлім-тәрбиелік ой-пікірлерінің зерттелу, жинақталу, жариялану

жолы Қ.Жарықбаевтың еңбектерінде айқын көрініс тапқан. Халықтық педагогика этнопедагогиканың зерттеу пәні болып табылады. Этнопедагогика халықтық педагогиканы түсіндіреді және қазіргі жағдайда жанұяда, университет те оны қолданудың жолдарын ұсынады, этникалық топтардың тәжірибелерін жинап, зерттейді.

Халық педагогикасымен айналысушылар қоғам дамуының алғашқы сатыларында–ақ тәрбиеге өзіндік көзқарас болғандығын, мақсатқа сай тәрбиелеудің жолдары ойластырылғандығын мәлімдейді. Қазақ этнопедагогикасының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап–ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Жастардың жан-жақты дамуы үшін, әсіресе сұлулық пен сымбаттылыққа қанық болулары үшін оқу-тәрбие үрдісінде халықтық педагогиканы қолдану өте маңызды. Адамдардың эстетикалық сезімдері олардың өмірінде зор рөл атқарады. Әсемдікті көре, түсіне, жасай білу адамның рухани өмірін байытады, қызғылықты етеді, оған ең жоғары рухани ләзаттануға мүмкіндік береді.

Біз әр адамның адамгершілікті тұлғалық мәнін жан-жақты дамытуға ұмтыламыз, сондықтан әр студенттің сезімін нәзіктігін, көркемдікті, әсем нәрсені сүйенетіндей етіп дамытуымыз керек. Адамның әсемдікті және жексұрындықты, сәулеттілік және ождансыздықты, қуаныш пен қайғыны т.б. түсінуіне байланысты, оның саналы тәртібі мен мінез – құлқы айқындалады. Осыдан келіп адамның әсемділікке шынайы көзқарасы мен мұраттары болуы керек екендігі шығады. Студенттердің жалпы мәдениеті, яғни эстетикалық тәрбиенің маңызды жақтары ізеттілік, ұқыптылық, жылы шырайлылық, қайырымдылық, тазалықты сақтау т.б. Жалпы эстетикалық мәдениет – бұл қатынас эстетикасы, киім-кешек эстетикасы, үй-жағдай эстетикасы, манера, дене қимылы, т.б. А.С. Макаренко еңбектерінде бұл проблемаға зор мән берілген. Жеке адамның сыртқы мәдениеті мен ішкі дүниесінің ұштасып жатуы эстетикалық сұлулықтың белгісі. А.П. Чеховтың сөзімен айтқанда адамда: бет, киім, жан, ой – бәрі сұлу болу керек [1].

Этнопедагогика ұғымын айналымға тұңғыш енгізген чуваш ғалымы Г.Н. Волков. Этнопедагогика – халықтың тәрбиелік тәжірибесін, оның көзқарасын зерттейтін ғылым, сонымен қатар тұрмыстық педагогикасы, ұлт, ру, тайпа педагогикасы туралы ғылым. Зерттеу объектісі халықтың тәлім-тәрбиесі жөніндегі ұғым түсініктері, дәстүрлері, тәжірибесі болып табылатын ғылым саласы ретіндегі этнопедагогика қалыптасу, даму үстінде.

Әсіресе соңғы жылдары оның зерттеу пәні, әдістері туралы, халықтық педагогикалық идеяларды бүгінгі тәрбие теориясы мен практикасында жүзеге асыру жолдарының мәселелері туралы зерттеулер едәуір көп. Бұлардың ішінде халықтық педагогиканың пайда болуы мен дамуы, қазіргі жайы жан-жақты сөз етіліп, оның теориялық - әдістемелік мәселелерін анықтауға бағытталған еңбектердің маңызы айтарлықтай [2]. Өкінішке орай, көптеген зерттеуші ғалымдар бұл мәселенің соншалықты көкейтестігіне үстіртін қарайтын секілді.

Көрнекі қазақ ғалымдары А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймаутов халықтық педагогиканың тәжірибесін зерттей білуге ерекше мән берді. Сонымен қатар, этнопедагогика, халықтық педагогика мәселелеріне қатысты ой түйіндерді Г.Н. Волков, К.Ж. Кожахметова, Е.Л. Христова, З.Ә. Әбілова, Қ.Б. Жарықбаев, Ә. Табылдиев сияқты ғалым зерттеушілердің осы мәселені жан-жақты зерттеген еңбектерінен кездестіреміз.

Алайда халықтық тәрбиенің зерттелу тарихына шолу халық шығармашылығына арналған зерттеулер мен жарияланымдарда оның ерте заманнан келе жатқан тарихи құбылыс екендігі айтылғанмен, халықтық педагогикалық ескерткіштер оқу үрдісінде және аудиториядан тыс жұмыстарда қолданылғанмен, жастарды тәрбиелеуде оның ролі жайлы ойлар айтылғанмен көптеген ғылыми еңбектердің әлсіз тұсы халық педагогикасын оқып үйренудің теориялық мәселелері қамтылмайтындығын байқатады. Этнопедагогиканың мәселелерімен айналысушы ғалым А.Э. Измаилов: «Халық педагогикасы ұрпақтан – ұрпаққа көбінесе ауызша түрде жалғасып келе жатқан, халықтың тарихи және әлеуметтік тәжірибесінің жемісі, оның іс-жүзінде тексерілген білімінің мағлұматтарының жиынтығы.

Халықтық педагогиканың ескерткіштері халық ертегілерінде, аңыздарында, жырларында, мақал-мәтелдерінде сақталып, ұлттық салт-дәстүрлер арқылы өзінің көрінісін беріп отырады» - деп орынды атап көрсеткен.

Халықтық педагогика ұғымына көптеген зертеуші ғалымдар өздерінше анықтама береді. Біз Г.Н. Волковтың берген анықтамасын ұсынамыз: Халықтық педагогика – тәрбие мәселелері жөніндегі эмпирикалық мағлұматтардың және білімдердің жиынтығы. (1958) Халықтық педагогика - халық ауыз әдебиетіндегі, салттарындағы, ырымдарындағы, балалар ойындары мен ойыншықтарындағы сақталған педагогикалық мағлұматтарымен тәрбиелеу тәжірибесінің жиынтығы (1974).

Халықтық тәрбие тарихи даму үрдісіндегі тірі дене болып табылады. Халықтық педагогиканың әлеуметтік бағыттылығы, әсіресе көне жазба ескерткіштерде мақалдар мен мәтелдер, ертегілер мен жырлар, бата, тілек секілді тәрбие құралдарында толығырақ бейнеленген. Қазақ этнопедагогикасының қайнар-бұлағы біздің заманымызға дейінгі дәуірден бастау алады. Ұлттық мәдениеттің тегі сол ұлттың ұлт болып қалыптаспай тұрған кезінен бастап–ақ жеке ұлыстардың ұрпағын тәрбиелеуден туындағаны белгілі. Қазақтың жазу мәдениеті арқылы белгілі болған ұлттық педагогикалық ойлардың тарихы ертедегі тас жазулардан (Күлтегін, Білге қаған т.б.) басталады. Одан кейінгі қолжазба, баспа арқылы бізге жетіп, оқу-жазу үрдісімен этнопедагогиканың арқауы болған тәлімдік ойлар тарихы өзектестігімен ұлттық педагогиканың (этнопедагогиканың) дамып ғылым болып қалыптасқанын көрсетеді.

Қазақтың жазу мәдениетінде Қорқыт атаның тәрбиелік мәні зор жырлары мен мақал-мәтелдері, Әл Фарабидің ұлттық мәдениет пен ғылым, білім, поэзия, музыка жөніндегі тұжырымдары, Ахмет Яссауидың діни тәрбиенің мәні туралы ойлары, Жүсіп Баласағұнидың кемелді болу жолдарын көрсетуі, Мұхаммед Хайдар Дулатидың ұлы тәлімгерлік ойлары, Абайдың өсиеттері, Ыбырайдың педагогикалық ойлары, Шоқанның ел мәдениетін арттыру үшін істеген әрекеттері, Ахмет Байтұрсыновтың ұлттық білім беру жүйесі, Мағжан Жұмабаевтың қазақ педагогикасын түзеуі, Жүсіпбек Аймауытовтың қазақ психологиясы ғылымын зерттей бастауы, кейінгі ғалымдардың қазақ этнопедагогикасын ғылым ретінде қалытастырып, пән ретінде оқытуға ұсынуы ұлттық педагогиканың (халық педагогикасымен педагогикалық ойлардың), яғни қазақ этнопедагогикасының дамып, қалыптасу жолдарын көрсетеді.

Қазақ халқының өте әрідегі ата – бабаларының өмір сүрген кезінен (Түрік қағанаты) бастау алып, күні бүгінге дейін кәдесіне жарап келе жатқан рухани мұраның бірі – халықтық педагогика. «Халықтық педагогика, - делінген Қазақ кеңес энциклопедиясында, - тәрбие жөніндегі халықтың педагогикалық білім тәжірибесі. Халық педагогикасын зерттеу негізіне педагогикалық мазмұн мен бағыттағы халық ауыз әдебиетінің шығармалары, этнографиялық материалдар, халықтық тәрбие дәстүрлері, халықтық ойындар, жаңұя тәрбиесінің тәжірибелері т.б. жатады.

Халық педагогикасының негізгі түйіні еңбек тәрбиесі және өндірістік білім, дағды, шеберліктерді ұрпақтан ұрпаққа қалдыру». Ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиенің белгілі жүйесінде жас буын жадына біртіндеп сіңіріп отыратын арнаулы жолдар, тиісті тәсілдер де болған. Мәселен, мақал-мәтелдерде адамгершілік, имандылық тәрбиесіне байланысты әдеп-ғұрыптар насихатталса, жұмбақтар мен айтыстарда – ақыл – ой тәрбиесі, өлең, жыр-дастандарда - әсемдік (эстетикалық) тәрбиесінің негізгі принциптері, ал ертегілер халықтық тәрбиенің сан алуан мәселелерін қозғайтын тәлімдік материал ретінде пайдаланылған. Демек, халықтық педагогика – тәлім-тәрбиелік ой – пікірдің ілкі бастауы, халықтың рухани мұрасы. Бұл жердегі еске алатын негізгі жайт: осындай халықтық мұралардың бәрі бірдей кәдеге жарай бермейді, олардың озығы мен қатар тозығы да бар. Ең негізгі мәселе – бұларды бүгінгі күннің талап тілегімен байланыстыра пайдалана білу болмақ. Егеменді еліміздің пердесі ашылмай, шіркеуленіп келген ұлттық тәрбиесі жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап, еркін қолға алынды да, көптеген оқыту бағдарламалары мен оқу құралдары пайда болды. Ғалым К. Оразбекова «Иман және инабат» (1993) деген кітабында имандылық - ұлттық тәрбиенің негізі деп

көрсетіп, қазақ этнопедагогикасының бір қайнар көзін ашты. М. Оразаев, М. Смаилова сияқты педагогтар «Қазақ халқының салт-дәстүлері» деген кітап жазып, қазақ этнопедагогикасының салт-дәстүрге байланысты саласын айқындады. Профессорлар Қ. Жарықбаев пен Ә. Табылдиев «Әдеп және жантану» (1994) оқулығын жазып, қазақ этнопсихологиясы мен этнопедагогикасы ғылымының негіздерін айқындады. Ғалым С. Ғаппасов «Ізгілік әліппесі» (1995) «Халық педагогикасының негіздері» (1996) деген еңбектерінде қазақ этнопедагогикасының ғылыми-медициналық және танымдық ерекшеліктерін дәлелдеді. Ә. Табылдиев «Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие» атты еңбегі арқылы қазақтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәнін ашып берді. Профессор С. Қалиев «Қазақ этнопедагогикасының негіздері және тарихы» (1998) деген оқу құралы арқылы қазақ этнопедагогикасының қайнар-бастауы біздің заманаымыздан бұрын белгілі бола бастағандығын дәлелдеп, бұл ғылымның теориялық негіздерін айқындап берді. Зерттеушілер Ұ. Асылов пен Ж. Нұсқабаев «Әдеп» атты оқулығында (1999) қазақтың салт-дәстүрлеріндегі тәлім-тәрбиелік мақсаттарды жеткізе дәлелдеді.

Қазақ халқының тәлімдік мәні зор ой толғаныстары бесік жыры мен батырлық эпостарда, ертегілер мен аңыздарда, шешендік сөздер мен айтыс термелерде, мақал-мәтелдерде көптеп кездеседі. Мұндағы ұрпақ тәрбиесінің негізгі түйіні – адамгершілік-имандылық, ақыл-ой, еңбек, эстетика, дене, отбасы тәрбиесіне байланысты мәселелерге келіп тіреледі. Этнопедагогика ғылымы екі саладан тұрады: халықтың ауыз әдебиеті мен салт-дәстүрлерінен құралған ауыз әдебиеті және ұлттық тәлім-тәрбиенің жазу мәдениетіндегі көрінісі.

Халықтың игі әдеттері дағдылана келе әдет-ғұрыпқа, әсерлі әдет – ғұрыптар салт-дәстүрлерге айналып, халықтың өмірінде қалыптасқан салт-дәстүрлер салт-сана болып қалыптасқан. Халықтың салт-дәстүрлері рәсімдер мен жөн жоралғылар, рәміздер, ырымдар мен тыйымдар, түрлі сенімдер арқылы өмірде қолданыс тауып келеді. Оның бәрі толысып, дамып, жаңарып отырады [3].

Салт – дәстүр дегеніміз – халықтардың кәсібіне, сенім-нанымына, тіршілігіне байланысты қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын қоғамдық құбылыс [4]. Халықтың игі мәдени дәстүрлері: ізеттілік, қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, имандылық, иманжүзділік – барлық мәдени үлгі өнегелі іс-әрекеттердің көрінісі - әдеп деп аталады. Қазақ халқының осы игі дәстүрлерін айқындап, дәлелдей келе, халықты рухани тазалығы жағынан алып, қазақ халқын әдепті, яғни қайырымды, мейірімді халық деп атауға әбден болады. Этнопедагогикадағы салт-дәстүрлердің ұлттық санаға сіңіп, біржола заңдандырылуы – салт-сана деп аталынады. Ұлттық санаға сіңіп, қалыптасқан салт-дәстүрлер сол ұлттың ой санасының дәрежесін көрсетеді. Ұлттық сананың қозғаушы күші – ұлттық намыс, ұлттық абырой. Ол жеке тұлғалардың перзенттік борышты өтеу дәрежесіне сай өмірден өз көріністерін байқатады. Халықтық педагогиканың құрамдас бөліктері: әдет-ғұрып, таным, наным, ұғым, салт, сана және дәстүрлер.

Қазіргі кездегі эстетикалық тәрбиенің міндеттерін шешу үшін халықтың осы уақытқа дейінгі тәжірибесін меңгеру қажет. Мәдени құндылықтарды жасауда әр халықтың өзіндік ерекшелігі бар. Халық әрдайым әсемдікті іздеді, қолдан жасады және оны өмірде, тұрмыста, еңбекте бекітуге тырысады. Оны халқымыз үй жиһаздарын жасауынан және оны әсемдікті сезінудегі тәрбие құралы ретінде пайдалануынан көруге болады. Халықтық эстетикалық тәрбие жүйесінде лирикалық, үйелмендік, тұрмыстық, әдет-ғұрыптық, еңбектік және т.б. әндер мен өлеңдер ерекше орын алады. Бұлар да эстетикалық тәрбие құралдары ретінде қызмет етті. Халқымыздың әндері, жанры және тақырыбы жағынан өте бай. Көптеген әндер би қимылдарымен байытылды.

Қазақ халқының музыкалық аспаптарының түрлілігі таңқаларлықтай (домбыра, шертер, аса таяқ, шаңқобыз, ұран, жетіген, үскірік, қамыс сырнай, дабыл т.т.). Олар бос уақытта пайдаланылып жас ұрпаққа эстетикалық тәрбие беру ісіне қызмет етті. Халқымыздың тұрмысына енген қолданбалы қолөнер бұйымдар, олардың әшекейленіп жасалуы эстетикалық тәрбиеде өз алдына бір сала. Эстетикалық тәрбиеде халық ауыз әдебиетінің маңызы өте зор

болды. Оның мазмұны халқымыздың бүкіл өмір тәжірибесін қамти отырып, жас ұрпақ санасын әсемдік сезімін, талғамын, қажеттілігін билейді. Эстетикалық тәрбиенің күрделі мәселелерін айқындауда біз халықтың жинақтаған педагогикалық білімімен тәрбие тәжірибесіне сүйенуіміз қажет. Студент түсінігінің эстетикалық жақтан қалыптасуы халықтық педагогика және тағы сол сияқты көптеген факторлардың ықпал ету нәтижесінде болады. Сондықтан университет оқытушылары студенттердің эстетикалық талғамын іс-жүзінде, теория жүзінде де арттыра отырып, көрген білгендерімен сұлулықты қабылдауға көмектесуі керек. Студенттердің эстетикалық сезімін дамыту оларға мынау жақсы, әдемі, ал мынау жаман, көріксіз деп ауызша айтуда ғана жүзеге аспайды, сонымен бірге бала күнделікті тұрмыста да, оқуда да эстетикалық талғампаздықтың үлгі өнегесін күн сайын көріп отыруы керек.

Тәрбие жүргізу ісінде үйрету, пайымдату, сендіру, әсерлендіру тәсілдері қолданылады. Ұлттық тәрбие үлгілерін көрсетіп, үйрету үшін сахналық тәсілдерді қолданудың мәні зор. Сөзді жаттау, оны сахнада мәніне жеткізіп, мәнерлеп айта білу, өмір құбылыстарын әсерлендіре көрсету, кейіпкер бейнесін айнытпай көрсету әрбір тәрбиеленушінің санасына сан қырымен әсер ететін құбылыс. Ата-бабамыз сыртқы көрнекі сұлулық пен ішкі рухани сұлулықты мойындай отырып, олардың орнын анықтауға келгенде, ішкі рухани сұлулыққа көбірек көңіл бөліп, мазмұн сұлулығына көбірек жан тартады.

Студенттерге әдепті әсемдіктен бөліп түсіндіруге болмайды. Егер оларды бөліп айтуға болатынын мойындасақ, онда әдепсіз сұлулықтың да болатынын мойындауға тура келер еді де, сұлудық өлшемдері тек сыртқы белгілер, симметрия, пропорция, түр-түстер сәйкестігі, т.б. ғана болып шығады. Орыстың атақты әдебиет сыншысы әрі эстет В.Г. Белинский сұлулықты барлық уақытта моральмен бірге қабылдап келген қоғамдық тәжірибеге сүйене отырып: «Сұлулық шындықпен моральмен бір туысқан. Егер шығарманы көркемдік құндылыққа ие десек, онда ол сөз жоқ, әдеп-инабаттылық жағынан да құнды болады», - дейді. Халқымыз дене сұлулығына, әсіресе қыз баланың көрікті болуына ерекше көңіл бөлген. Аналар «Аттың көркі – жал, қыздың көркі шаш» деп ұққан. Қыз баланың шашын жақсы өсіру үшін айранмен, ірімшіктің сары суымен немесе қынамен жудырған. Шаштарын қос бұрым немесе бестемше етіп өру бойжеткен қыздардың көркі болған. Қыз бен жігіт айтысындағы: «Атымды әкем сүйіп Несіп қойған, шашымды бестемшелеп есіп қойған» деген сөз тіркестері осы пікірді дәлелдейді.

Халық жанрларында аруларды «Шашының ұзындығы ізін басты» немесе «Қыпша бел, қиылған қас, қолаң шашты» деп сипаттаған. Халық даналығы арулардың киім киісіне де ерекше мән берген. «Адам көркі – шүберек, ағаш көркі жапырақ», «Қыз өссе – елдің көркі» деп қыз баланы қынама қамзол, дүрия бешпент, кәмшат бөрік, қос етек көйлек, биік өкше етік тіктіріп кигізген. Сырға, білезік, шолпы, шашбау, жүзік сияқты әшекей заттарды тақтырған.

«Қыздың көзі қызылда» деген мақал да қыз баланың әшекей заттарға үйірлігін білдіреді. Ұзатылған қыздың ауылында айтылатын «Жар-жар», «Жұбату», «Сыңсу» өлеңдерінде, келін түсіру тойларында орындалатын «Беташарда» қыздың, жас келіннің басты – басты киімдері, сән-салтанаты, сұлулық бейнесі мақтала жырланған.

Студенттерге музыка ерекше эстетикалық ықпал жасайды: ол студенттерді жігерлендіреді, олардың көңіл-күйін біріктіреді, қимылға эстетикалық сипат береді. Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы - өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданылатын бейнелер арқылы бере отырып және осылар арқылы адам сезімімен санасына әсер етіп, оның көзқарасын қалыптастыруға жәрдем етеді. Педагогикада эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысы қаралады. Студенттердің ақыл-ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемдігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Еңбекке тәрбиелеу – адамдардағы әсемдікті еңбек мазмұны мен процесін танымай саналы тәртіп пен мінез-құлықты тәрбиелеу мүмкін емес. Сондай-ақ әсемдікке көзқарасты тәрбиелеуді өмірден, белсенді іс-әрекеттен және мұраттарға жету жолындағы күрестен оқшау қарауға болмайды.

Университет студенттерді әсемдікті өмірден, адамдар қылықтарынан, еңбек іс-әрекетінен, еңбек нәтижесінен көруді және ләззат алуды үйретіп қана қоймайды, күнделікті

өмірде осы әсемдікті жасау ынтасы мен іскерлігін тәрбиелейді. Сонымен эстетикалық тәрбие табиғаттағы, өнердегі, еңбектегі, өмірдегі ең жақсыны қабылдау, одан ләззат алу. Эстетикалық тәрбие адамда дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді, өнер шығармаларын тануға, қастерлеуге баулиды.

Эстетикалық тәрбиенің өзіне тән міндеттері бар. Олардың бірі – эстетикалық сезімді және эстетикалық қабылдауды тәрбиелеу. Өмірдегі, өнердегі әдемілікті сезу және көру адамдарда әртүрлі болады. Біреулер әдемілікке үңіле қарап, оның сырын білуге тырысады, ал кейбіреулер оған онша мән бермейді, қалай болса солай қарап жанынан өте шығады.

Әдемілікті сезу үшін, оған түсіну үшін ең алдымен бейнелеу өнері, музыка және ән саласынан әр бір адамда білім болуы керек. Білім адамды әдеміліктің объективтілік критерийлерімен қаруландырады. Білімді адам сұлулықты бағалай біледі, түсінеді. Айналадағы дүние сезімталдық, эстетикалық қабылдау қырағылығы, ықыластылық, қамқорлық баланың эстетикалық дамуының негізі болады. Бастауыш сынып оқушылары әр түрлі пәндерді оқудың нәтижесінде табиғаттың, еңбектің сұлулығын және адам іс-әрекетінің әдемілігін бағалай білуді түсінеді. Олар әдемі жазуға мәнерлеп оқуға және айтуға үйренеді. Ал бұл мәдениетті сөйлеуге, көркемдік танымын қалыптастыруға, қиялын дамытуға игі әсер етеді.

Сонымен халықтық педагогиканы оқу-тәрбие үрдісінде тиімді қолдана отырып, студенттерге эстетикалық талғамын арттыруға болады деген қорытындыға келдік. Бүгінгі таңда жоғары оқу орнында әрекетін ұйымдастыруда студенттің жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыруда эстетикалық мәдениетке оқытушы ерекше назар аудару керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қоянбаев Ж.К. Педагогика. – Алматы, 2001.
2.Әбілова З. Ә. Этнопедагогика. – Алматы, 1997.
3.Табылдиев Ә. Қазақ этнопедагогикасы. – Алматы, 2000.
4.Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995

ӘНШІЛІК ДАУЫС ТЕХНИКАСЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСТЕРІ

ӘОЖ 78.07

Захаров С.К.
БҚИТУ, аға оқытушы.

Ән – қазақ халқының ерекше бай, дамыған жанры. Ғасырдан ғасырды артқа тастап, ұрпақ сабақтастығы нәтижесінде жеткен халық әндерінде ұлттық дүниетаным, салт-дәстүр, ой-өрісі музыка тілімен ең қарапайым көркем құрал ретінде жеткізіледі. Әннің халық тұрмысындағы орны жөнінде орыс ғалымы М.В.Готовицкий: «Әрбір үйдің айтулы оқиғаларын – той, шілдехана, өлім сияқты шараларды қазақтар ән айтып өткізеді, сол уақиғаға арнап шығарылған өлеңдерді қосылып та, жеке де орындайды. Басқа түскен қуаныш пен қайғының әнмен өрілуі сол сәттегі жағдайды әсерлей түседі, мұның өзі тыңдаушыны бей-жай қалдырмасы ақиқат», - деп жазды. Ал, Г.Потанин «маған барлық қазақ даласы ән шырқап тұрғандай» - деп жазды.

Ән – қазақ өмірінің айнасы. Халық өзінің қуанышын да, қайғысын да, мұның да әнмен жеткізіп әнді серік еткен. «Қай уақытта кім шығарғанын құдайдың өзі білетін – халық музыкасында адам таң қаларлық көркемдер аяғыңды аттап басқан сайын кездеседі. Олар даладағы ешкім сеппей, ешкім бақпай өзінен өзі өскен гүл тәрізді. Алғыр музыкант осы бір адам табиғатының үнінде не бір үлкен қорытынды беретін деректер жатқанын біледі» - дейді.

Ән өнеріндегі дәстүр тек қана әуендік немесе орындаушылық үлгіде көрініс тауып қоймайды, әннің шығу себебі, ән сөзінің көркемдік үлгісі шығарушы әншінің өнер мен өмірге деген сергек араласы дәстүр табиғатының жарқын айғағы ретінде көрініс табады.

Міне, сондықтан әншілік өнер, әншілік дәстүр сөз болғанда, сол өнердің сол асыл дәстүрдің шығарушысы айтушы иелері туралы терең білу қажет. Қазақ әншілері тек қана ән айтушы болмаған ғой, көп ретте ол әрі композитор әрі орындаушы, әрі сүймелдеуші, ең бастысы сол айтылған әннің жайын, шығу тарихын түсіндіруші болған. Бәлкім, ел ішінде әншілердің ерекше құрметке ие болуының сыры осында болу керек. Әнші сұңғыла шежіре болмаса да айтатын әннің мән жайын, шығарушысын, шыққан заманын білуге орындаушылық дәстүр бір – бірімен тығыз астасып жатады.

Алғашқы кезде ұстаздың студентпен танысуы әншінің дауыс түрін анықтаудан басталады. Қыз түрін дұрыс анықтамаса дауыс табиғаты толыққанды ашылмайды. Мысалы, сопрано дауысы дұрыс анықталмай оған меццо сопрано жаттығулары жасалса дауыс диапозоны өспейді. Сонымен қатар меццо сопрано дауысты сопрано түрінде жаттықтырса, төменгі кеуде резонаторында шығатын дауыс бояуы жоғалады. Дауыс түрін айқындау үшін, әншінің өзіне ұнайтын бір ән тыңдалады. Тыңдалған әнде, дауыс үнінде жоғары не төменгі дыбыстардың басым болуына байланысты әнші дауысының сыңғырлап, әсерленіп тұрса, яғни сопрано және тенор дауыстарына жатқызылады. Сонымен қатар, тыңдалған дауыстың төменгі қоңыр жуан дыбыстары басым болса, бас, баритон, альт дауыстарына жатқызылады. Әнші дауысын әр түрлі жаттығу жасау арқылы жетілдіреді. Әр жаттығудың өзіне тән ерекшілігі, шарттары болады. Алғашқы жаттығулар демді дұрыс алып шығаруға бағытталады. Сонымен бірге дем көлемін анықтап, үнемді жұмсауға жаттықтырылады. Ән әдістемесінің басты мәселесі – демді қалай, қанша мөлшерде алу керек және деммен дауыс мүшелерінің арасындағы байланыс. Демді студентке қарының төменгі жағымен диафрагманы толтыра демалу әдісіне жаттығулар жасалады. Мұрынмен ішке демді толтырып, қарынды алға созады. Қарапайым өмірлік тыныстан гөрі сөйлегенде, оданда артық әндеткенде дем көп жұмсалады, Ән айту кезінде тыныс алмасып келеді, бірақ көбіне аралас тыныс қолданылады. Ән айтқанда тыныс ырғағы қарапайым тыныстан әлдеқайда өзгеше. Егер қарапайым тыныста демді ішке алу мен іштен шығарудың уақыты бірдей болса, ән айтқанда дем тез алынады, шығуы айтарлықтай баяу келеді, өйткені ол ән үзіндісінің ұзақтығына сәйкес болуы керек. Әншілік тыныс дұрыс болуы демді ішке өте терең, тез, шусыз төменгі қабырғаларды кеңіп, иықты көтермей алуына байланысты. Алған демді сәл кідіріс жасап, тұрақтандырып, содан соң екі ерін арасында **пф** немесе **тс** деп сыртқа шығарады. Бұл жаттығу кезінде қарын ішке қарай тартылады. Жаттығу жасау кезінде әр әншінің есту, есте сақтау қабілеттері тәрбиеленеді. Сабақ кезінде ұстаз, өз дауысымен жаттығу үлгісін көрсетіп, түсіндірсе, кей ұстаздар сөзбен түсіндіреді. Негізінде ұстаз сабақ барысында дыбыс үлгісін сөзбен түсіндіріп аз көрсетуі тиімді.

Бұндай жағдайда әншінің өзін-өзі есіту қабілеті дамып, дауысын тексеруге мүмкіндік туады. Әнді сезіммен айту үшін ең тиімді әдіс- дауыс мүшелерін қимыл арқылы жаттықтыру. Сабақтың сапалы болуы, ұстаздың тілдік қорына, сөз саптауына байланысты. Берілген жаттығулар бір көңіл күйді білдіріп, мажор, минор тоналдігінде әндетіліп, жарты тонмен жоғары немесе төмен түсіп отырады. Жаттығулардың қайталану аралығындағы үзілісте дем алынады. Алғашқы жаттығулар дауысты жеңіл әрі жай еркін айтылатын дыбыстардан басталады.

Әйелдер дауысы сопрано үшін еркін айтылатын дыбыс **фа-до**, меццо сопрано үшін **ми-си** ерлер дауыстары тенор **фа –до** баритон, бас **ре-ля** дыбыстары алынады.

Әнші дауысының орта дыбыстары қалыптасқаннан кейін шеткі дыбыстарды біртіндеп айтқызылып, диапазоны ұлғайтылады. Жаттығулар дауысты дыбыстарды қатыстыра отырып жасалады және буынмен дыбыс аттарымен айтылып, фортепиано сүйемелденіп айтылады. Жаттығуларды көп орындаудың нәтижесінеде дауыстың кемшіліктері жойылып, дауыс бояуы қалыптасады. Студенттің дауыс түрі айқындалғаннан кейін, жаттығу арқылы дауыс техникасы меңгеріле бастайды. Әншілік дауыс техникасы түрлеріне кантилена, легато, стаккато, трель пассаждар айту филировка жасау ән мектептерінің әншілік дауыс тәрбиесінің негізгі талаптарына жатады. Бұл техника түрлерін академиялық бағыттағы әншілер міндетті түрде меңгерулері тиіс.

Кантилена, легато – итальян сөзінен алынған – дыбыстарды бір-бірімен соза айту. Бұл техника түрі дауыс бояуын біркелкі қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кантилена, легато негізінен дауысты дыбыстар арқылы тәрбиеленеді. Көптеген халық әндіре кантилена, легатомен айтылып ерекшеленіп айқындалып тұрады. Мысалы қазақ халық әндері "Айнамкөз", «Назқоңыр», «Тілеуқабақ», «Гаухартас», «Елім-ай», «Жиырма бес» т.б. кантилена, легатомен айтылады.

Келесі әнші дауысының техникасы-стаккато жасау. Әнші шығармаларында кездесетін түрлі әсемдеу, мысалы, құстардың сайраған дауысын салу, әннің шарықтаған сәтін ерекше әсерлеу кездерінде стаккато қолданылады. Стаккато – дыбыстарды түйреу айту дағыдысы, демді үзік түйрей қолдану арқылы жеңіл әрі тез жасалады. Стаккато дауыстың жоғары дыбыстармен кеңейтуге мүмкіндік береді. Стаккато техникасы Л.Хамидидің «Бұлбұл», «Аққу», «Қазақ вальсі», Е.Хасанғалиевтің «Таң» әнінде кездеседі.

Әншілік дауыс техникасының ең бір күрделі түрі – трель жасау дағдыларын үйреті. Трель техникасы жоғары курстарда дауыс мүшелерінің қызметі еркін қалыптасқанда ғана жаттықтырылады. Трельдің- екі дыбыстың жие алмасуы көмейдің қимылы арқылы атқарылады. Дауыстың табиғи діріліне қарағанда трельдің көмей арқылы дірілдеуі өзгеше болады, яғни әнші дірілді өзі жасайды. Ал әнші дауысының табиғи дірілі санадан тыс шартсыз рефлекс түрінде дауыс бояуын әсемдеп тұрады. Трель техникасы екі дыбыстың біртіндеп жеделдетуінен жасалады сонымен қатар жоғарғы және төменгі дыбыстар анық айтылуы тиіс. Трель жасауда көмей еркін қозғалуы қажет. Трель техникасы батыс еуропа арияларын орындау барысында көптеп кездеседі.

Әнші дауысының тәрбиесіндегі маңызды дағдылардың бірі – филировка жасау. Филировка жасау деген дыбыстардың біртіндеп қаттылануы (крещендо), немесе біртіндеп ақырынға (деминуендо) көшуі. Әнші дауысы дем қолдануы тәсілін толық игерілгенде, резонаторларды жақсы сезініп, дыбыстың тірек – тиянағын айқындаған кезде ғана филировка жасалу дағдылары меңгеріледі.

Дыбыстың күшінің үдетілуі дем күшіне байланысты болады. Әншілік дауыстың негізгі дағдылары жаттығып айтумен бірге вокализдер орындау арқылы да меңгеріледі. Вокализ – италия сөзі вокал-әншілік дауыс – әндету деген мағынаны білдіреді.

Вокализмдер сөзсіз орындалатын ән шығарма. Жаттығуда меңгерілген дағдылар вокализдер айту арқылы есте сақталады. Әр вокализ әнші дауысының мүмкіншілігіне қарай таңдалып алынады, сонымен бірге орындалатын вокализге музыкалық-теориялық тұрғыдан анализ жасалып, орындалу шарттары белгіленеді.

Әншілер дайындайтын жоғарғы оқу орындарында батыс еуропа, орыс композиторлары, атап айтқанда Абт, Конконе, Пановка, Зейдлер, Лютген, Вилинская жазған вокализдар орындалады. Өткен ғасырларда өмір сүрген атақты музыка зерттеушілері А.Затаевич, Б.Ерзаковичтер қазақ музыкасын зерттеп күйлерде әуендік сарынның басымдылығын байқаған. Әсіресе, «Былқылдақ», «Сылқылдақ», «Келіншек», «Кеңес», «Қосбасар» күйлері күмбірлеп, құлпырып, наздана әндетіп тұрады. Жоғарыда айтылған вокализдерді орындаушылық тәжірибеде көп қолданса, дауыс техникасының өсуіне айтарлықтай ықпалы болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қожахметова А.Ш. Әншілік тәрбиесі. Алматы Өнер: 2003.-84б.
2. Дмитриев Л. Основы вокальной методики. Москва: Композитор:-2007.- 120с.
3. Қиматова К.М. Музыкалық тәрбие әдістемесі. Астана: - 2007с.

ЕРКІН КҮРЕС АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРІК-ЖІГЕР ҚАСИЕТІН ШЫҢДАУ

ӘОЖ 78.07

Мендигалиев Б.С., Саукелин А. Т.
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеттің докторанты,
Еркін күресінен ҚР еңбек сіңірген спорт жаттықтырушысы, аға оқытушы.

Күрес спортымен шұғылдану арқылы ерік-жігер қасиетін тәрбиелеу әр түрлі кедергілер барысында жүзеге асады. Кедергілер - спорттық дайындық, жаттығу және жарыс барысында кездеседі.

Еркін күреске жаңа келген балаларға әдіс-тәсіл үйрету ең біріншіден оларға еркін күрес туралы түсіндіріп және олардың дене-бітімін еркін күреске дайындау. Жүктеме балалардың дене-бітіміне және жынысына қарай беріледі. Алдымен балаларға кілемде жарақат алмас үшін оларға құлау тәсілін үйретеміз. Жаңадан келген балаларды үнемі бақылап отыру қажет, жаттығудың алдында жүрек соғу қағысын, қан қысымын және осындай бақылаулар жаттығудың ортасында, жаттығудың соңында жүргізілуі тиіс. Еркін күреске жаңадан келген балаларды күрестен жалықтырмас үшін арасында жаттығу ретінде ойындар берілуі керек. Мысалы: футбол, баскетбол, регби т.б. Күреске келген балардың ішінде бастапқы жаттығулардан–ақ жігерлілігі, жеңіске жетем деген құштарлылығы көрініп тұрады. Кейбір балалар табиғы мықты болса, ал кейбір балалар ынта-жігер арқылы көптеген еңбекпен және өзі айналысқан спортқа қызығушылығымен мықты бола бастайды. Күреске жаңа келген балалар мен жаттықтырушының байланысы өте жақсы болуы керек. Жаттықтырушы оларды тек спортқа қана үйретпей сонымен қатар жақсы тәрбие бере алады [1].

«Жігерлілік - ол үлкен бақыт, үлкен мақтаныш, ол дарындылықтан да анағұрлым артық. Себебі дарындылық - қыз баланың өзімен бірге туып дамыған бейімдігі, ал жігерлілік - ол адамның өз сана сезімдерін жақсылық масаттанбай, қиындыққа езілмей, берілмей, неге болса да төзу, шыдау және осыларды қайткен күнде де жеңу» - деп сипаттаған екен Бальзак. Жігерлілік - адамдардағы асыл касиеттердің шоқтығы, бұған барлық: батылдық, табандылық, мақсатқа талпынушылық, қажығандыққа жол бермеушілік, ойына алған асыл мақсаттарын қайткен күнде де орындаушылық секілді бастапқы қабілеттер жатады. Қыз балалардың мінезіндегі спорттың әсерінен дамып қалыптасқан осы қасиеттердің бірі - мақсатқа талпынушылық. Әрине, адамның сырт бітімі канша әдемі, тартымды болғанымен ол адамның мінез-құлқында шынайы тазалық әдемі адам деп алмаймыз.

Спорт - адамға сұлулық әкеледі делік. Бірақ біз сұлулықты жан-жақты түсінеміз. Ал сұлулық - бұл бет жүзінің ажары, күллі дененің мінсіз болуы, сонымен бірге рухани дүниетаным тереңдігі. Алайда, адамдардың сырт бейнесі олардың үйлесімді түрде дамығанын көрсете алмайды. Сырт көзге жақсы киінген сымбатты адамды көріп сүйсініп (ол өз жұмысын да жақсы да атқаруы мүмкін), бірақ оның мәдениетсіздігін көріп сезгенде көңілге реніш әкелетін сәттер де болады.

Спортпен шұғылдану барысында дене қабілеттері, табандылық, алғырлық қалыптасып, оқу мен еңбек етуге ынтасы оянып қана қоймайды, сонымен бірге ерік-жігер қасиеті де жылдам дамиды.

Қыз баланың денсаулығын нығайту, дене қабілеттерін шыңдау, тұлғалық қасиеттерін тәрбиелеуде спорт түрлерінің, соның ішінде күрес спортының орны ерекше. «Құс жеткен жеріне қонады» демекші, қазақ қызының ұлтқа тән мәдени, салт-дәстүрімен ғана шектелмей, өнерді, соның ішінде, күрес спортын меңгеру арқылы әлі талай белеске көтерілетіндігін дәлелдеу.

Көптеген спортшы қыздарымыздың жақсыға еліктеп, ұқсағысы келетін спортшылары болады. Олар еліктейтін спортшылар қиындығы мен қызығы мол жаттығулар арқылы тер төгіп, еңбек ету арқылы биік шыңдарға жеткендер [2].

Осындай спортшы аға-апалардың көтерілген шындарына біз де көтерілсек, осы спорт түрінен жоғарғы нәтижеге қол жеткізсем деп жалындап тұрған қара көз қыздарымыз қаншама.

Қыз балалардың күрес спортына шеберлігінің артуы, жоғарғы нәтиже көрсетуі жаттықтырушының спортшылар арасында тәрбие жұмысын жақсы жолға қоюына да байланысты. Жаттықтырушының міндеті спорттық мүмкіндігі мол жастарды жаттықтыру ғана емес, олардың бойына - биік адамгершілік рухты сіңіру, эстетикалық, ерік-жігер қасиеттерін арттырып, жан дүниесін байытатындай болуы керек.

Спортшы қыз баланың ерік қасиеті - оның тәртібінен, жаттығу мен жарыс тәртібіне жауапкершілікпен қарау ғана емес, оларды қатаң сақтауында, жаттықтырушының айтқанын бұлжытпай орындауына байланысты. Сонда ғана спортшы алға қойған мақсатқа, жақсы нәтижеге, биік асуларға қол жеткізе алады.

Күрес спортымен шұғылдану барысында тек қимыл дағдылары, дене қабілеттері ғана емес, сонымен бірге ақыл-ой, ізгілік, адамгершілік қасиеттері де дамиды. Эстетикалық талғамы, еңбек дағдылары да жетіледі. Жарысқа дайындық барысында қыз бала моральдық, ерік-жігер қасиеттерін көрсетуге, батыл болуға, қарсыласының шабуылына қарамастан қайсарлық танытып қас-қағым сәтте тез шешім қабылдап, күш, қуатын сарқа жұмсауға бейім тұрады. Әр түрлі әдіс-тәсілдерді сан рет қайталау қыз бала санасында бірте-бірте қимыл-қозғалыс қажеттілігін керек етеді. Жеңіске. жеткен сәттерде балуан қыздардың өзін құрметтей бағалауды, рухани қанағат сезімін, эмоциялық өрлеу, алдағы уақытта да жеңіске деген ынтасын, мақсатын, сенімділігін күшейтеді.

Тағы да бір көңіл аударарлық жағдай, қандай да болмасын, спорт, техникалық тәсіл, жаттығу қызықты, егер шұғылданушы қыз бала оның қажеттілігін түсініп, шын ықыласымен орындаса. Соған байланысты қызығушышықты тәрбиелеу тек сол спорттың сыртқы қызықтыруына ғана арналып қана қоймай, сонымен қатар белгілі адамгершілік, ерік-жігер қасиеттерін де дамытуға, бағытталуы тиіс[3].

Шұғылданушыларға спорттың барлық түрінің жақсы, пайдалы тұстарынан хабардар етіп және жаттығу процесінде қызықтырып үйрету керек. Жаттығу нәтижесінде дене қабілеттерін дамытуға ғана емес, сонымен бірге ізгілік, адамгершілік, еңбексүйгіштік, еркі-жігер т.б. қасиеттерін дамытуды қамтамасыз етуі керек.

Ерік-жігер адамның ақыл-ойының тәжірибелік көрінісі. Жаттығу процесінде ерік-жігерді тәрбиелеу - спортқа берілген еңбексүйгіш қыз баланы тәрбиелеу. Өмірдегі ең қажетті нәрсе қыз баланың өз кемшіліктерін, жетіспеушіліктерін түсініп ғана қоймай, соны жеңуі.

Қыз балаларды күрес спортына жаттықтыру қиындығы мен қызығы мол жауапты жұмыс. Жаттықтыру процессі ең басынан дұрыс ұйымдастырылса, соғұрлым ол нәтижелі, сапалы болады. Қыз баланы жаттықтыру процесінде тәсілді, жаттығуды неғұрлым қызықты үйретсе, нәтижесі де жақсы болады.

Адамгершілік, ерік-жігер қасиеттерін дамыту, жаттығу кезеңінен арнайы өзгерістерді енгізуін талап етпейді. Жаттығудың өзі үлкен жұмыс, оған ықыласпен қарау, оның талаптарын бұлжытпай орындау қыз баланы тәрбиелелуде, олардан ерік-жігер ойдың кейбір қасиеттерін көрсетуді талап етеді.

Күрес спортымен шұғылдану процесінде қыз балалардың бойында адамгершілік қасиетіне лайық барлық нормалардың қалыптасуын бақылайды және әрбір нақты жағдайда талап ететін ықпал ету әдістері: батылдық, табандылық сезімін туғызу мақсатында қолданылатын, көрнекі түрде қыз баланың көзін жеткізетін тәсілді, қыз баланың әр әрекеті арқылы іс-тәжірибе жүзінде үйретуді және табысқа жетуіне байланысты көтермелеуді, әр түрлі қылықтарды (ол қылыққа өзінің көзқарасын және барлық қыздардың көзқарасын) салыстыруды, қыз балаларға түсінікті етіп сендіре пайдаланады [4].

Қыз балалардың жаттығу сабағындағы қимыл әрекеттері олардың өзін ұжымда ұстай білуге тәрбиелелуге, өзінің сезімі мен тілегін шұғылданушылардың бәрін бірдей ортақ белгілі бір ережеге бағындыруға көмектеседі. Мұның бәрі қыз баланың бойындағы теріс сезімдер мен қылықтарды қажетті, саналы, жедел тежеуді қалыптастырады.

Үйретудің бүкіл кезеңі күреспен шұғылданушы қыз балалардың бойында зейін жинақтылығы мен белсенділігін туғызады: тәсілдер мен жаттығуларды жаттықтырушының тиісті түсіндіруімен көрнекі түрде көрсетуі нысаналы бақылауды, оның элементтерінің

жүйелілігін ұғынуды, шұғылданушыларға таныс жаттығуларды жаттықтырушының сөзбен берген нұсқауы бойынша қайталап жасау-есте сақтау қабілетінің, қимыл елесінің, түсініп білген дербес қимылды талап етеді. Бүкіл жаттығу элементтерінің жүйелілігін сөзбен айты суреттеумен көрсетілген тапсырманы қыздардың орындауы олардың санасына жаттығу сипатын, қимыл түсінігін және соған байланысты саналы түрде қайталап жасауды туғызады. Бұл қыз баланың санасында қимыл әрекетінің бүкіл жүйелігінің егжей-тегжейін нақтылауға және оны іс жүзінде дәл орындауға көмектесед і[5].

Күрес спорты қыз баланың эстетикалық қабылдау қабілетін, талғамын, қоршаған ортаның сұлулығын сезінуін, оған эстетикалық қатынасын, күнделікті тіршілікке сұлулықтың кейбір элементтерін қосуын дамытуға бағытталган эстетикалық тәрбиемен тығыз байланысты.

Сырт көрінісі - сымбатты, сұлу тұлғаның әсемділігі, еркіндік, қысылып-қымтырылмаушылық, ізгілік, қимыл мәнерлілігі - қыз баланың барлық мінез-құлқынан, оның адамгершілік сезімі мен санасының жоғарғы дамуынан, адамдарға кішіпейілділік пен тілектестік, немқұрайлыққа, принципсіздікке төзбеушілігінен көрінетін жан сұлулығымен ажырағысыз байланысты.

Осы қасиеттердің бәрі ең алдымен жаттықтырушының бойынан табылуы тиіс. Шұғылданушылармен тікелей күнделікті қарым-қатынас, байланыс, оның өз-өзін ұстау қабілетінің, сөйлеу және қимыл мәдениетін, қайырымдылық, кішіпейілділігін қабылдау қыздарға игілікті әсер етеді және еліктеуге ынталандырады [6].

Осы мақсат пен міндеттердің жауабын табу үшін ғылыми әдістемелік негіздеме жасау қажеттілігі бар. Ол мына бағыттарда жүргізіледі:

Спорттық күрес сабағында қыз балалардың жеке қасиеттерінің қалыптастыруға бағытталған тұжырымдарды ғылыми әдістемелік тұрғыда негіздеу [6]

;

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алимханов Е. Балуанның дене-күш қабілетін арттыру. – Алматы, 2014.
2. Койшыбек К. Спорттық жарыстарға қатысушы балуанның көпжылдық дайындығы : оқу құралы. – Алматы, 2011ж.
3. Кенесбаев Т. Н. Спортивно-педагогическое совершенствование по вольной борьбе : уч.пособие. – Алматы, 2012г
4. Бектұрғанов Ө.Е., Донбаев Ә,Е., Ағаділов Ә.Е. «Жастардың дене тәрбиесіндегі күрес тәсілінің қалыптасуы» Дене тәрбиесінің жаршысы.- 2010.№3.
5. Шепетюк М. Н. Контроль в спортивной борьбе. – Алматы, 2012г
6. Шепетюк М. Н. Обучение в спортивной борьбе. – Алматы, 2013г

ҚАЗАҚТАНУ ҒЫЛЫМИ КУРСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

ӘОЖ 78.07

Каримова Б.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық унтверситетінің 2-курс магистранты. Орал қ.

Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., профессор **Сабыр М.Б.**

2018 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының XXVI сессиясында «Қазақтану» мәдени-ағарту жобасы қабылданған болатын. Сондықтан жалпы орта мектептерде, арнайы орта оқу орындарында, жоғары оқу орындарында оқып жатқан өзге ұлт өкілдеріне, шетелдік азаматарға, тіпті қазақ бөлімінде оқып жүрген болашақ жас мамандарға да қазақ жұртының қалыптасуынан, олардың дүниетанымынан, ұлттық құндылықтарынан ақпарат беру, оқыту қажеттілігі туындады.

Тәуелсіз Қазақстанның зияткер жас өкілін тәрбиелеуде халықтық дәстүрлерді, ұлттық тәрбиені, ұлттық құндылықтар мен дүниетанымды теориялық және практикалық тұрғыдан түсіндіретін «Қазақтану» курсын қалыптастыру міндеті тұр.

Ұлттың ерекшелігімен мәдениетін нығайтуға қатысты мәселе ұлтты тану, ұлттың өзін-өзі тану идеясы. Қазақтың ұлттану ілімі бұл қашан да қазақтану идеясымен тығыз байланысты. Себебі тарихи уақыттағы тәжірибелер ұлттың тұлғалану болмысын зерделеуде оның атауы мен өмір сүру идеясын қарастыруды талап етіп отыр [1]. Қазіргі уақытта қазақтану мәселесі қоғамнан, оны насихаттайтын ортадан бірізділікті талап етуде. Қазақ ұлты түркі дүниесінің бір бөлшегі. Ұлы жазушы Әбіш Кекілбаев «қазақтың төрт мың жылдық тарихы бар, Дәйекті, деректемелі тарихы екі мың жылдың көлемінде» деген еді. Қазақ ұлты түркі атты алып бәйтеректің өзіндік ерекшелегі бар бір арнасы. Қазақ ұлты тарихың ұзын жолында жалпы түркілік арналармен жүріп өтіп, өзіндік ешкімге ұқсамайтын ұлттық келбетін қалыптастырды. Бүгінгі XXI ғасырдағы Тәуелсіз Қазақстанның ұланы өзінің шыққан тегін, қандай ұлттың өкілі екенін, өз ұлтының жақсы қасиеттері мен дәстүрлерін бойына сіңіргенде ғана нағыз қазақ боалып қалыптасады. Сол нағзы қазақты қалыптастыру үшін осындай Қазақтану ғылыми курсы қажет екені аян. «Алашты Алаш десе аттанамын, Қазақты қазақ десе мақтанамын, Болғанда әкем қазақ, шешем қазақ, Мен неге қазақтықтан сақтанамын»,- Міржақып Дулатовтың ұран сөзі бүгінгі жатардың кредосына айналу керек[2,86].

«Қазақтану» – қазақ халқының ұлттық болмысын, дүниетанымын және ұлттық құндылықтары мен ерекшеліктерін қарастыратын пән. Сонымен қатар, рухани құндылықтардың гуманистік және адамгершілік ұстанымдарын насихаттайды. Еліміздің Мәңгілік ел болуын көздейтін әрбір азамат біртұтас Қазақстан, бірегей Қазақстан қалыптастыру үшін күресуі керек. Біртұтас Қазақстан мемлекет құраушы титулды этнос қазақ жұртымен басқа да барлық этностар тату-тәтті, бірлікте өмір сүріп, қазақ елінің жалпы ұлттық құндылықтарын, тарихын, мәдениетін, тілін біліп, сыйластықта, гармонияда өмір сүру керек.

Еліміздің саяси-әлеуметтік өмірінің тұрақтылығы сақтап, бейбітшілікті насихаттау, ұлтаралық мәдени қарым-қатынастарды дамыту да қазақтану курсының өзекті қырлары болып табылады.

Кезінде ұлы Мұхтар Әуезов айтқан еді: «Болашақта қазақ жастары мейлі ғарышкер болсын, мейлі инженер, геолог, дәрігер болсын, бірінші кезекте ана тілін, өз ұлтының тарихын, әдебиетін жақсы білетін азамат болуы керек»[3,43]. Йә, Жаңа Қазақстан азаматы әлемдік ғылыми ақпараттармен қаруланған, заманауи ғылым-білімді игерген, цифрлық дамудың көш басында тұрған, бірнеше шет тілін игерген маман бола тұрып, өз рухани бастауларын білмесе ұлтқа қызмет ете алмайды. Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден (Ә.Бөкейхан). Мінезді қалыптастыратын ана тілі, ұлттық тарих, әдебиет пен мәдениет, ұлттық музыка.

Сондықтан «Қазақтану» ғылыми курсының негізгі *мақсаты* – ұлттық рухани құндылықтар негізінде Жаңа Қазақстанның төл азаматын, жас қазақты тәрбиелеу. Жалыпадамзаттық мәдениетке тән қазақ халқының ұлттық құндылықтары негізінде елдегі халық бірлігін нығайту.

Қазақ халқының ұлттық құндылықтарына айналған қонақжайлылық, сенім мен толеранттылық, достық сияқты қасиеттерді меңгерту арқылы жастардың бойына туған елге, туған жерге деген патриоттық сезімін біртіндеп қалыптастыру. Өзге ұлттарға қазақ елінің тарихын, ұлттық мінез табиғатын, тілін танытатын, мәдениет құбылыстарының жүйеленуі мен типтенуі туралы ақпараттармен қамтамасыз ету табылады.

Ғылыми курс өз алдына нақты міндеттер белгілейді*:*

– Қазақтану түсінігінің саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени маңызын саралау.

– Ұлттық дүниетанымның қалыптасуы және олардың ұлтты ұйыстырушылық қызметі.

– Қазақ ойшылдарының, ақын-жырау, би-шешендерінің шығармаларының идеялық-теориялық негіздерін, олардың танымдық және тәрбиелік маңызын ашып беру.

– Қазақтың ұлттық болмысын бейнелейтін құбылыстарды, дәстүрлерді, мінездерді айқындау және жүйелеу.

– Тарихи деректердегі қазақ мәдениеті туралы деректерді анықтау, саралау, жүйелеу .

– Қазақ халқының рухани- мәдени мінез құлықтарының, басқа құбылыстарының көркем әдебиетте берілуін сараптау.

– Қазақ халқының аспан асты, жер үстіндегі өмір сүру философиясының ұлттық ерекшелігін анықтау;

- Қазақтанудағы дәстүр мен дін сабақтастығын саралау

– Қазақтану мәселелеріне арналған арнайы ғылыми ізденістермен таныстыру арқылы тыңдаушылардың ойлану және азаматтық мәдениетін қалыптастыратын тәсілдер мен тәлім-тәрбиеге мән беру;

– Қазақтанудың саяси-әлеуметтік факторларын анықтау;

– *Ұлттық* сана-сезім, діл, қонақжайлық, кеңпейілдік, киім кию, қолөнер, ұлттық шаруашылық, салтымыз бен дәстүрімізді, ұлттық ерекшелігімізді таныту.

Қазақтанудың өзектілігі неде деген сұраққа жауап іздесек, бірінші кезекте Еуразия кеңістігін алты мың жылдан аса мекендеп келе жатқан байырғы түркі тайпаларының заңды мұрагер қазақ ұлтының тарихи терең тамырларын түсіндіру болып табылады.

Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымдық үлгілерінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі аралықты қамтиды. Басты мақсат қазақ ұлттық құндылықтары жан-жақты қарастыру. Ғылыми курста тарихи құндылықтармен дараланған ұлттық дүниетанымдағы ерекшеліктер, ұлттық мінез табиғаты ашып көрсетіледі, қазақ халқының тіліне, тарихына, ғасырлар бойғы қалыптасқан салт-дәстүріне, әдебиетіне, саяси ұстанымына, экономикасына қатысты дүниелер кеңінен сөз болады. Ғылыми курс қазіргі заманның талаптарына сай жаңа әдіснамалық ұстанымдарға сүйенеді және жалпы оқырман қауымға қолданбалы тұрғыдан көмегін тигізетін мақсаттарға негізделген. Сонымен қатар XXI ғасырдағы сын-қатерлерге байланысты туындаған тың деректер ұсынылады.

Қазақ халқының көп ғасырлық тарихында даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып білудің, зерделеудің өзіндік сипаттамалары, ұлттық ерекшеліктерді танытатын ойлар мен тұжырымдар жеткілікті. Тіпті әлемдік аренада әбден орнығып, лайықты орын алған жалпы адамзатқа үлгі боларлық қасиеттеріміз нақты деректермен дәлелдеуге болады. Сол рухани құндылықтарымыздың қадірін біліп, барымызды сақтап жаһандану заманында жүйелі түрде жинақтай алуда және оны әрбір жас ұрпаққа рухани сабақтастықпен бере білуде болып отыр. Аталған мәселелерді жүзеге асырған жағдайда еліміздің Еуразиялық кеңістіктегі ерекше халық ретіндегі ұлттық сипатымыздың, басқа халықтар алдындағы құрметіміздің асқақтай түсері анық. Өйткені, өзінің рухани құндылықтарын аялаған, өрбіткен ел ғана, оған жаңа заманда өзіндік жаңғырту сипатын берген халық қана адамзаттың күрделі тарихының ауқымында шынайы бағалануға лайық екені белгілі. Осы мақсатты ғылыми курс жұмыстың негізгі бағдары, әдіснамалық ұстанымы ретінде алға қоя отырып, өз ұлтын тереңірек білгісі келетін жастарға, өзге ұлт өкілдеріне, шетелдік студенттерге мол ақпарат береді.

Қазақтану саласына байланысты көзқарас біржақты болмауы тиіс, яғни өзіміздің кемшін жатқан тұстарымызға сын көзбен қарауды да ұмытпағанымыз жөн. Ұлы Абай «Қалың елім қазағым, қайран жұртым, ұстарасыз аузыңа түсті мұртың, жақсы менен жаманды айрымадың, бірі май, бірі қан боп екі ұртың» деп тегін айтпаса керек-ті[4,26]. Бүгінгі жаһандану заманында жақсы мен жаманды айыра білу де қиындап бара жатыр. Жастар бойында түрлі еліктеушілік басым.

Ғылыми курс өзге ұлт өкілдерінің, жас ұрпақтың қазақ халқының тілін үйренуге, тарихын білуге, құрметтеуге деген талпынысын күшейе түседі. Негізгі мақсат – халқымыздың сан ғасырлық орын алған дүниетанымдық рухани құндылықтарды игеруге ғылыми түсініктердің көкжиегін кеңейту, өзге ұлт өкілдеріне, жаңа буынға қазақтың ұлттық рухани құндылықтарын адамзаттық өркениеттің бір бөлшегі ретінде игерту болып табылады.

Ұлттың ерекшелігімен мәдениетін нығайтуға қатысты мәселе ұлтты тану, ұлттың өзін-өзі тану идеясы. Қазақтың ұлттану ілімі бұл қашан да қазақтану идеясымен тығыз байланысты. Себебі тарихи уақыттағы тәжірибелер ұлттың тұлғалану болмысын зерделеуде оның атауы мен өмір сүру идеясын қарастыруды талап етіп отыр. Қазіргі уақытта қазақтану мәселесі қоғамнан, оны насихаттайтын ортадан бірізділікті талап етуде. Ғылыми курстың басты ерекшелігі ұлттық құндылықтарды бағалай отырып, оны ел ішінде ғана емес, мемлекетаралық деңгейде, жалпы адамзат қоғамында кеңінен насихаттау болып табылады. Адамзат мәдениеті жаңа өзгерістерге кезігіп отырғанда, ұлттық құндылықтарға деген сұраныс та арта түседі әрі жаһандану дәуіріндегі орны мен қызметі айқындала түседі. Бұл жердегі мақсаттың екі қыры бар. Біріншіден, жаһанданудың жақсы қырларын қажетіне қарай үйрену; ал, екіншіден, тигізер залалынан сақтану, негізгі дербес өзекті берік ұстау. Осы себептен бүгінгі уақыт жағдайында қазақтың болмысын зерделеп, бағдарын пайымдап отыру үшін Қазақтану ғылыми курсының атқарар қызметі зор.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1.Тайжанов А.Т.Тағылымды танымдар (Этномәдени білім мен тәрбие және руханият мәселелері туралы ой-толғам); - Орал, «Ағартушы»,2007. -256б.
2.Дулатов М. Таңдамалы (өлеңдер жинағы). 1 томдық. -Алматы «Жазушы», 1991 .-203 б.
3.Мұхтар Әуезовтің педагогикалық мұраларының мектеп өміріндегі орны. - Ақтөбе, 1993.-256б.
4.Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер, аудармалар, қара сөздер/ Құрастырушы Г. Бельгер. Алматы: «Мектеп», 2003. -248б.

ПРОФЕССОР А. МҰСАЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ, ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАНЫМ-КӨЗҚАРАСТАРЫ

ӘОЖ 82-2

З.Ж. Мүтиев,
М. Өтемісов атындағы БҚУ профессоры, ф.ғ.к., доцент
Ж.Ө. Мұханбетова,
М. Өтемісов атындағы БҚУ аға оқытушысы, п.ғ. магистрі

Көркем әдебиеттің басқа жанрларынан драманың қандай айырмашылығы бар десек, Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде: «Драма (от греч. drama – действие)» - один из основных родов художественной литературы (наряду с эпосом и лирикой). Специфика драмы как рода литературы заключается в том, что она, как правило, предназначается для постановки на сцене» [1, 70 б.] - делінсе, әдебиет сыншысы В.Г. Белинский: «Драматическая поэзия не полна без сценического искусства: чтобы понять вполне лицо, мало знать, как оно действует, говорить, чувствует, - надо видеть и слышать, как оно действует, говорит, чувствует» [2, 215 б.] – деп түйіндейді

Ал қазақ ғалымдары: А. Байтұрсынов «Әдебиет танытқыш» еңбегінің «Сындар дәуір» бөлімінде «Сергелдең, яки азапты тартыс (драма)» [3, 163 б.] деп көрсетсе, Қ.Жұмалиев. «Драма - сахнаға қоюға лайықталып жазылатын жанрдың бір түрі. Драмаларда әлеумет өмірінде кездесетін үлкен, ауыр халдермен қатар салт-тұрмыста күнбе-күн кездесетін күлдіргі жайттар да ұштастырыла, араластырыла көрсетіледі. Егер трагедияда күлкінің кездесуі шарт емес болса, комедия түгел дерлік күдіргі оқиғаға құрылады, өлім мүлде болмайды. Драмада бұл екі элементтің екеуі бірдей кездесе береді. Сондықтан бұл трагедия да, комедия да емес, өзінше бір түр болып есептеледі. Тарихи жағынан алғанда, драма трагедия мен комедиядан кейін туған» [4, 304 б.] пікірді ұстанады.

З. «Қабдолов: «Драматургия мәселесін қозғағандардың барлығы бәрінен бұрын, оның қиындығын айтады. Мұнда үлкен себеп бар, өзге жанрлардай емес, драматургияда шарттылық көп. Драматургиялық шығармаға көлем жағынан шек қойылады. Қандай пьеса болсын жетпіс-сексен беттен аспауы шарт» дей келе: «Екіншіден, драматургиялық шығарма тек қана қатысушылардың сөздерінен құралады. Шындық пен образ тек қана диалог пен монологқа негізделген» [5, 216 б.] – деп, жоғарыдағы қисындарды дамыта түседі.

Қазақ топырағында драматургияның пайда болуы XIX ғ. соңы мен *XX ғасырдан бастау алады.* Оны дамытып, алғаш түрен салғандар қатарында Ишанғали Меңдіханов, Жиенғали Тілепбергенов, Жүсіпбек Аймауытов, Смағұл Садуақасұлы, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Жұмат Шанин т.б. шығармаларын - ұлттық классикалық әдебиет үлгілеріне жатқызамыз. Осы аталған тұңғыштар дәстүрін өкен ғасырдың бел ортасынан ауа Ә.Тәжібаев, Ш.Хұсайынов, Т. Ахтанов, Ә. Әбішев, Қ. Мұхамедханов, Ш. Мұртаза, С. Жүнісов, Ә.Кекілбаев, О. Бөкеев, Д. Исабеков, Қ. Ысқақов, Ә.Тарази, Т. Нұрмағанбетов, С.Балғабаев, И. Оразбаев, И. Сапарбаев және басқалармен қатар аға буынның ізін жағастырушылар, қазіргі дәуір қазақ драматургиясының белді өкілдері ***С.***Асылбеков, ЕАманшаев, Р. Мұқанова, Р. Отарбаев, Е. Жуасбек, Т. Жандәулет және басқалар толықтыра түседі.

Ал осы орасан бай ұлттық драмалық шығармалар табиғатын қазақ әдебиеттану ғылымында кімдер назар аударды, кай қырын тексерді - дейтін болсақ, ең алдымен өткен ғасырдың 30-шы жылдарына сапар шегеміз. Мәскеуден шығатын «Литературная газетаның» 1933 ж. 5 шілде күнгі санында Мұқтар Әуезовтың «Казахская драматургия» деген мақаласы орыс тілінде жарияланады. Мұнда жаңадан қалыпасқан Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығындағы жетістіктері және алдағы міндеттері, болашағы туралы айтылады.

Ал қазақ драматургиясының шын мәнінле арнайы зерттеу көзіне алынуы өткен ғасырдың 50-жылдарынан бастау алады. Осы кезеңнен бастап, ғылыми монографиялар жазылып, диссертациялық еңбектер қорғала бастады. Айталық, 1951 жылы А.Маловичконың «Қазақ совет драматургиясындағы тарихи өмірбаяндық пьеса», 1956 жылы С. Ордалиевтің «Соғыстан кейінгі қазақ совет драматургиясы», 1963 жылы Н. Ғабдуллиннің «Ғ. Мүсіреповтің драматургиясы», 1965 жылы Р.Нұрғалидың «М. Әуезовтің трагедиялары», 1970 жылы Ә. Тәжібаевтың «Қазақ драматургиясының тууы мен қалыптасуы», 1975 жылы Е.Жақыповтың «Қазақ драматургиясындағы батырлық эпостың түрлері», 1983 жылы Р. Нұрғалидың «Қазақ совет драматургиясының жанр жүйесі», 1986 жылы Т. Есембековтың «Ә. Әбішевтің драматургиясы», 1990 жылы С. Дәуітованың «Проблема изображения исторической личности в драматургии М. Әуезова», 1992 жылы М. Ысқақовтың «Казахская драматургия в литературной критике», 1993 жылы С.Құлбарақовтың «Т. Ахтанов драматургиясы», 1994 жылы Ж. Таубайұлының «Қазіргі қарақалпақ-қазақ драматургиясындағы фольклорлық негіздер», 1995 жылы Ж. Әбіловтің «Қ. Мұқаметжанов драматургиясы», 2001 жылы Н. Нәсиеваның «С. Мұқановтың драмалық шығармаларындағы мінез бен тартыс», 2004 жылы Л. Серғазының «М. Әуезовтің «Хан Кене» трагедиясының тарихилығы» атты кандидаттық, 2001 жылы Ж:Әбіловтің «Қазақ комедиясының генезисі мен жанрлық негіздері» атты докторлық диссертациялары мен зерттеулері әдебиеттануға үлкен серпіліс әкелді.

Сонымен қатар осы бір шоғыр еңбектердің қатарын профессор А.М. Мұсаевтың 2012, 2015 жылдары жарық көрген монографиялары, 2021 жылы жарық көрген «Қазақ драматургиясы» атты оқу құралы толықтыра түсті. Құрал Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісі хаттамасымен мақұлданып бекітілген. Еңбек журналистика, филология: қазақ филологиясы, қазақ тілі мен әдебиеті мамандықтарында білім алатын студент жастарға арналған. Алайда оқу практикасы мен ғылым теориясын қатар қамтыған бұл кітапың осыған дейінгі зерттеулерден айырмашылығы неде деген заңды сұрақ туатыны анық.

Оқу құралы үлкен ізденіспен жазылған, автор ұлт драматургиясының жүріп өткен жолын түгел қамтыған десек те болғандай. Қазақ драматургиясының қалыптасуы мен дамуына хронологияылқ ретпен шолу жүргізіліп, ұлт әдебиетінің драма жанрында қалам тербеген қаламгерлердің туындыларына, олардың көркемдік, тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне азар аударады. Ғалым-зерттеуші А. Мұсаев жалпы драматургияның жанрлық ерекшеліктері хақында драмадағы тартыс, тартыс пен характер, көркем туындыдағы конфликт сынды әдеби-теориялық қисындарды А. Байтұрсынов, М. Әуезов, В. Кожинов, З. Қабдолов, С. Бочарев, Р.Нұрғали тұжырымдарымен байланыста алып қарастырады және одан әрі зерделей дамыта, толықтыра баяндайды.

Әдебеттанушы ғалым, профессор Алпысбай Мұсаев қазақ драматургиясының мәселелерін әңгімелеуде өткен тарихқа мойын бұрмай өтпейді. Ілгері-кейінді бай тарихы бар сахна өнері мен ұлт драматургиясының негізін қалаған жазушылар шығармаларының драмалық негіздеріне назар аударады. Олардың туындыларындағы жанр табиғатына сай атқарған міндеті мен уақыт пен кеңістікке қатысты әдеби үдерістерді бажайлап көрсетеді. XX ғасыр басындағы қазақ драматургиясының туу, қалыптасу, даму бағдарын айқындауға ден қойған ғалым қазақ драматургиясының негізін қалаған жазушы-драматург Ж. Аймауытов пьесаларын тақырып аясына, жазушының идеялық мақсатына қарай жүйелей келе: «Ж. Аймауытов пьесалары жазушы позициясының айқындығымен де, көркемдік ізденістерімен де 20-жылдардағы қазақ әдебиетінде жаңа құбылыс болды. Ол ескілік пен жаңалықтың тартысын бейнелей отырып, жаңа адамдарды ашты, қазақ ауылындағы әлеуметтік өзгерістердің шындығын байсалды суреттеді» [6, 19 б.] деп көрсетеді.

Сонымен бірге ғалым назарынан М. Әуезовтің драмалық туындыларының табиғаты да тыс қалмайды Әсіресе заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек», «Бәйбіше-тоқал», «Қаракөз», «Айман-Шолпан», «Абай», «Түнгі сарын», «Қарақыпшақ Қобыланды» пьесаларының идеялық ерекшеліктеріне барлау жүргізіп, аталған шығармаларды «бүгінде осы жанрдың бүкіл дүниежүзілік дәрежедегі классикалық үлгілеріне айналып кетті дей келе: «Әуезов пьесалары қазақ театрының ашылуынан бастап, күні бүгінге шейін қызмет етіп келеді. Қазақ драматургиясы да, театры да Әуезов сабағымен өсіп жетілді. Әсіресе, оның пьесаларының тілінен қазақтың шешендік өнерінің де, тапқырлықтың да бейнелі, астарлы сөздердің алуан түрін де кездестіруге болады» [6, 24 б.] деп тұжырымдайды.

ХХ ғасыр басындағы қазақ драматургиясының өнімді өкілінің бірі Б. Майлин пьеаларының идеялық-көркемдік ерекшедіктерін тексеруге келгенде автор өзінің жанына жақын сатира мен юморға толы шығармаларына аса көңіл бөліп, шабыттана талдағанын аңғаруға болады. Айталық, жазушының «Көзілдірік», «Талтаңбайдың тәртібі», «Шаншар молда», «Неке қияр» тағы осы сынды комедиялық жанрлы пьесаларындағы заман ахуалын бейнелейтін кейіпкерлер диалогы мен монологтарындағы астарлы ұғымдарды мейлінше терең түсіндіреді. Әдебиеттанушы юморист-ғалым Алпысбай Мұсаев мінездемесінде ол персонаждар былайша сипатталады: «Талтаңбай – шолақ белсенді немесе зиянсыз мылжың емес. Әлеуметтік жағынан қауіпті. Жауыздығы жауыздыққа ұласқан зиянкес пәле. Оның әумесер әпербақандығының әр жағында саяси бұзақылық жатыр» [6, 32 б.] десе, ал «Неке қияр» пьесасындағы жағдайды өткір сынай келе: «Таза қитытұрқы надандық, ащы да болса шынайы, келісті де келбетті суреттеледі. Көзі ашық, көкірегі ояу қызға қайдағы жоқ ұсқынсыз, аузынан сөзі түсейін деп тұрған, қалжыраған маймылды атастырғандай болады» [6, 33 б.] деп мінездейді. Қорыта келгенде, - дейді, - автор, - Б.Майлин – сан қырлы, дарынды тұлға. Өз заманының жалынды, жаршысы. Ол өз комедиялық драмаларын жаза отырып, өз оқырман қауымын күлдіре отырып, жылата білген талант иесі. Заманының кереғар қылықтарын тап басып айтпай, астармен астарлап, жұмбақтап, мысқылмен, уытты сөздермен сөз сөйлеген жазушы. Ауылдың аңғал да, ақымақ, діни сауатсыз жандарын бейнелеуде алдына жан салмаған зор талант иесі сол ауыл аңғалдарын суреттеу арқылы өз заманының біршама жаңалықтарынан хабар берді» [6, 34 б.].

Профессор А. Мұсаев қалам тербеген және бір көрнекті жазушы, драматург, кеңестік Қазақстанның жазушылары арасында тұңғыш және соңғы «Социалистік Еңбек Ері» атанып, Алтын жұлдыз иеленген қаламгер Ғ. Мүсірепов шығармашылығы. Зерттеу нысанына Ғабеңнің «Қыз Жібек» музыкалық драмасы, «Амангелді» (Б. Майлинмен бірлесіп жазылған) көлемді пьесасы, «Ақан сері-Ақтоқты» және «Қозы Көрпеш-Баян сұлу трагедиялары» алынған. Қазақ қоғамының әр түрлі сатыда даму жағдаятын көрсететін бұл кесекті туындылардың заман үнімен байланысын ғалым-зерттеуші кейіпкерлер жүйесіне талдау жүргізу арқылы айқындайды. Халқымыздың орасан бай жыр-дастандарын драма жанрында қайта тіріліткен қайталанбас суреткер Ғ. Мүсіреповтің ұлт драматуриягиясын дамытудағы еңбегін соны ізденістерге, тың табыстарға балайды.

А. Мұсаевтың драматургия саласын барлаудағы зерттеушілік қызығушылығын оятқан авторлардың бірі Шахмет Құсайынов пен Қалтай Мұхамеджанов шығармашылықтары. Шахмет Құсайынов – өмірде де, өнерде де театрмен туа бітті адам десек те болғандай. Драмалық шығармалары бірнеше томға жүк болған драматургтің 1932 жылы жарияланған алғашқы туындысы «Солқылдақ шыбық» аталатын комедиясынан бастап, бүкіл шығармашылық ғұмырын драмаға арнаған талатты тұлғаның «Алдар көсе», «Марабай», «Шолпан», «Ертіс жағасында», «Әл- Фараби», «Шабандоз қыз», «Таныс адамдар» т.б. толып жатқан пьесалары бар. Олардың көбі тақырыбы сан алуан болғанымен бүгінде де театр сахнасынан түспей келеді. Осы мол рухани дүниенің жазылу, сомдалу бітімне назар адарған ғалым А. Мұсаұлы: «Шахмет Құсайыновтың жазушылық қолтаңбасына тән бір қасиет – оның пьесаларындағы оқиға шым-шытырық, бірімен-бірі астасып жатады. Қай пьесасын алсаңыз да, одан детективтік бір желі табуға болады» [6, 45 б.] - деп ой түйеді.

Ал театр сүйер мұқым қазаққа «Бөлтірік бөрік астында», «Өзіме де сол керек», «Құдағи келіпті», «Қуырдақ дайын», «Жат елде», Шыңғыс Айтматовпен бірлесіп жазылған

«Көктебедегі кездесу» т.б. комедия, драмаларымен танылған Қалтай Мұхамеджанов пьесалары республика театрларында ғана емес, шетел тіліне ауарылып, АҚШ, Болгария, Англия, Моңғолия т.б. елдер сахналарында қойылып, тұрақты репертуарларына енген. Қалтай драматургиясын ғылыми тексеріс тезінен өткізіп, сараптаған зерттеуші А.Мұсаевтың эстетикалық танымында: «Қалтай Мұхамеджанов өзі өмір сүрген дәуірдің бар шындығын қазақалпында жеткізе алатын ең ықтимал жанрды дәл тапқан. Ол - трагикомедия. Көзіңнен жас ағып отырып күлу немесе екі езудің екі құлағыңа жетіп ыржия күліп отырып көздің жасын көлдету. Көркемдік парадокс. Философиялық итжығыс» [6, 61 б.].

Қазіргі қазақ драматургиясының көрнекті өкілі Әкім Таразидің шығармашылық әлеміне, оның драмалық шығармаларындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселелеріне шолу жүргізген пофессор А. Мұсаұлы өз пайымын: «Әкім Таразидің сатирасы өмірдің өз ортасынан ойып алынады да, олардың көбі баршаға таныс болғанымен, мән беріле бермейтін түйіткілдерді түйіндейді. Автор жеңіл әзіл-сықақ арқылы әзілді дұрыс түсіндіріп, көркем тілмен өрнектей алады. Ә. Таразидің көздеген мақсаты – сатиралық образдар арқылы қазіргі кездегі ене мен келін, немере мен әже арасындағы қарым-қатынасты бейнелеу» [6, 72 б.] деп қорытады.

Сол сияқты өткен ғасырдың 60-90 жылдардағы ұлт драматургиясының дамуына үлкен үлес қосқан суретерлер: Сәкен Жүнісов, Асқар Сүлеменов, Дулат Исабеков, Иранбек Оразбаев драмаларының жанрлық, көркемдік-мазмұндық, тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне талдау жүргізген ғалым олардың үлкенді-кішілі сахналық шығармалары мен қойылымдарын әр қырынан алып талдайды. Әр драматургтің сахналық шығарма тудырудағы жеке стильмашығын, авторлық –суреткерлік қолтаңбасын табуға ұмтылады. Олардың шығармаларының қоғам үнін танытудағы басты-басты ерекшеліктерін, біз өмір сүріп отырған дәуірмен байланысты тұстарын туынды кейіпкерлерінің монолог, диалогтарының астарынан іздеп тауып, саралап сараптайды. Жалпы драматургия – дейді, - ғалым, - кез келген қаламгерге жалынан ұстата, ыңғайына икемделе қояр жанр жүгі емесі о бастан белгілі. Автор пайымынша С. Жүнісов дәуір сұранысына сай артына мол мұра қалдырған үлкен драматург.

Ал драматург Асқар Сүлейменов «бұл жанрға яғни драматургия жанрына зор дайындықпен, еңбекті ізденіспен, ең бастысы, өзінің табиғи жолымен, талантымен келген қаламгер» деп таниды және қазақ драматургиясында философиялық эмоция, биік саналылық ұғымдарын бекем қалыптастыра түсуде өзгеше жүк көтерген суреткер» [6, 93 б.].

Сол сияқты Дулат Исабеков драматургиясының идеялық-мазмұндық ерекшеліктерін әңгімелгенде «Дулат Исабеков шығармаларындағы кең қолданылған, адамның ішкі иірімдерінің хабар беретін тәсілдерінің бірі – күлкі. Күлкінің әдебиет пен өнердегі орны ерекше. Ол адам санасы мен мінез-құлқындағы қуанышты, өмірлік қуат пен күшті бейнелей отырып, адамдар арасындағы әр түрлі қарым-қатынасқа негіз болады» [6, 109 б.] - деп атап айрықшалайды.

Драматургиялық шығармалардың өзіндік ерекшеліктеріне назар аударған профессор С.Мақпырұлы «Сахнадағы кейіпкерлер әрекеті арқылы танылатын зұлымдық, озбырлық, сатқындық, қызғаншақтық, аярлық, екіжүзілік, бейшаралық, надандық, мақтаншақтық немесе адам өлімін болмаса кейіпкерлердің жан азабын қайғысын көру көрермендерге айрықша әсер етеді, олардың жанын тазартады. Сан түрлі болымсыз ұнамсыз мінездерден арылуға, әйтпесе аулақ болуға ықпал етеді» [7, 147 б.] – десе, бұл пайымды драматург Иранбек Оразбаев шығармаларының рухани әсерін, көркемдік күш-қуатын айқындаушыі, әдебиеттанушы А. Мұсаев та жалғастыра түседі: «Әсіресе, ел билеуші табиғатына тән озбырлықты, адамды тақтың бұзуын, тойымсыздықты сахна арқылы әшкерелеу - Иранбек Оразбаевтың пьесаларында ерекше сыншылдықпен беріледі. Билік иесі өз басын ойлап кетсе, ол сөзсіз трагедия туғызады. Зұлымдық зұлымдыққа жетелейді» [6, 113 б.

Қазіргі қазақ драматургиясының жай-күйіне, даму ахуалына назар аударған ғалым А.Мұсаев «Қазіргі қазақ драматургиясының жетістіктерін Қалихан Ысқақ, Оразбек Бодықов, Оралхан Бөкей, Нұрлан Оразалин, Әділбек Тауасаров, Баққожа Мұқай, Исрайл Сапарбайсыз елестету қиын» [6, 120] деген ой айтады.

Ұлт драмасының табиғи ерекшеліктеріне тереңдеп барған Р. Нұрғали: «Әдебиетіміздің көп жылдар бойы жиналған фактілеріне, көркемдік процеске сүйене отырып, қазақ драмасын мынадай салаларға жіктеуге болады: а) қаһармандық драма; ә) саяси-әлеуметтік драма; б) тарихи-ғұмырнамалық драма. Бұған қазіргі әдебиетімізде көріне бастаған психологиялық, лирикалық, дискуссиялық драмаларды, түрлі инсценировка-пьесаларды қосу керек» [8, 233 б.] – десе, әдебиеттанушы А. Мұсев зерттеулерінде аталған салалар бойынша, яки қазірі қазақ драматургиясына жай-күйіне қатысты эстетикалық пайымдар мен ой-толғаулар жүйелі әңгімеленіп, шынайы тұжырымдалған.

Түйіп айтқанда қазақ драматургиясының мәселелеріне, өткені мен бүгініне кешенді шолу жүргізіп қоймай, әр драматургтің белгілі деген кесекті дүниелеріне әдеби және ғылыми талдау, сараптама жасаған әдебиеттанушы ғалым, педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор А.М. Мұсаевтің ұлт драматургиясының тарихын қаузаған ғылыми-зерттеулері мен оқу құралдары кейінгі жас ізденушілер үшін аса құнды еңбектер боп қалары хақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Словарь литературоведческих терминов. Ред-сост., Л.И.Тимофеев и С.В. Тураев. –М: Просвещение, 1974. - 509 с.

2. Белинский В.Г., Собр соч., в 3 т., т.1, М: Печатный двор, 1948, с. 351.

3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. - Алматы: Атамұра, 2013. - 208 б.

4. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы: оқу құралы. / Қ. Жұмалиев. – Т.4. – Орал: ағартушы, 2010. -312 б.

5. Қабдолов З. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. – Алматы: Әдебиет Әлемі, 2013. Т.15: Қ. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 б.

6. Мұсаев А.М. Қазақ драматургиясы.: оқу құралы. / Мұсаев. Алматы: Эпиграф, 2021. – 180 б.

7 Мақпырұлы С. Адамтану өнері: оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2009. - 214 б. .

8. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. Нұсқалық. – Астана: Фолиант, 2003. – 344 б..

І. ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СТИЛІ: Қ. ЖҰМАЛИЕВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ

ӘОЖ 82-1

Г.К. Мурзагалиева

БҚО, Орал қаласы, №20 ЖОББМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы

Академик Қ. Жұмалиев белгілі бір ақын-жазушының шығармашылығын сөз еткенде, оның әдебиеттегі орнын айқындағанда сөздің түйіні, қаламгер шығармаларында әлеуметтік маңызға ие нендей мәселелерді көтергендігімен және әдебиетке енгізген (тақырып, идея, метод, жанр, стиль, композиция, тіл, өлең құрылысы) т. б. теориялық жаңалықтарымен өлшенеді деп санайды.

І. Жансүгіров шығармашылығына осы тұрғыдан келген ғалым, ақынның өзіне тән ерекшелігі деп “жаңа заманның жаңа тынысын” жаңа мақаммен, өткен заманның тарихи тақырыптарын уақытқа лайықтап жігін жатқыза “жаңаша” жырлауы дей келіп, осы жаңашылдықтар жаңа тақырыпқа, өлең құрылысына (ырғақ, ұйқас, метод, образ) т.б. ұласқандығын сөз мәнерін талдауда таратып ашып бере алғандығын байқаймыз.

І. Жансүгіровтің поэзияда өзіндік үнін, сөз саптауын қалыптастырып үлгергенше өзіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілеріне, Абайға еліктеп бірлі-жарлы өлеңдер жазғандығын автордың шығармасын терең зерттеген ғалым нақты мысалдар арқылы аша келіп, ақынның көп жылғы тәжірибесінің толықсып, көлемді дүниеде көрінуі 1929 жылы жазылған “Гималай” поэмасы

деп таниды. Сонымен қатар, І. Жансүгіровтің өлең жазуда кәсіби деңгейге көтеріліп, өзіне тән стильдік ерекшелігінің қалыптасу уақыты “Гималай” мен “Құлагердің” аралығы екендігін ғылыми тұрғыда негіздей біледі.

І. Жансүгіровтің қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесі “Гималай” поэмасының мазмұны мен құрылысына қатысты ғалым пікірі ақынның қазақ поэзиясына қосқан елеулі үлесін танып-білуде құнды: “Гималай” аралас ұйқасты өлеңдердің тобына жатады. Бұл өлеңде ақын ерікті ұйқаспен қара өлең ұйқасын қиюластырып, мағыналы аяқталған бір ойды білдіретін өлең шумағын жасаған” [1, 57 б.].

Мысалы:
Ақшалап басын қар көміп,
Аспанның төсін арда еміп,
Апасындай алтын күн,
Сел жіберіп бір жуып,
Жел жіберіп бір желпіп,
Ауық-ауық құшақтап,
Әлсін-әлсін нұр сеуіп,
Есейген асқар Гималай...
Сол күннен нұр ала алмай,
Басы мұнар, бауыры тар...
Гималай асқар неге олай?

Қ. Жұмалиев поэмадағы терең мазмұн мен бөлек көркем түрдің тууын үлкен идеяның ақындық қуатпен қабысуы екендігін аңғартады. Сонымен қатар, І. Жансүгіровтің бұл поэмасы 7-8 буындық жыраулық үлгіде жазылып, адамзат баласының рухын көтеретін деңгейге жете білуі “Гималайдың” ұлттық тілдің мүмкіндігін көрсетер көрнекті үлгісі деп қарайды.

І. Жансүгіровтің шығармашылығын зерттеу барысында ақынның өсу жолын бірден-бір тап басып көрсете білген Қ. Жұмалиев “Гималайдан” кейінгі шығармашылық жетістігі қазақ халқының екі ғасырлық жүріп өткен жолынан сыр шертетін эпикалық “Дала” поэмасынан көрінетіндігіне тоқтала келіп, мұны идеялық - көркемдігімен де, құрылысы жағынан да елеулі жаналық әкелген шығарма деп біледі.

Бұл тақырыпты ақындарымыз талай жырлағандығын, автордың өзі поэмаға дейін жақсылы-жаманды бірнеше өлеңдер жазып, “Дала” поэмасына тастүйін дайындықпен келгендігін айта келіп, Ілияс “Даласы” бұрынғы поэма деп аталатын ұзақ өлеңдерден айырмасы - схематизмнен арылуы деп көрсетеді.

“Ілияс “Дала” поэмасының композициялық желісін халық өмірінің тарихы сүрлеуіне негіздеп құрды. Бұл жаңа әдіс емес, және талайды тақыршыққа отырғызған, сүрінткен әдіс болатын. Бірақ сол талайды сүрінткен әдіс қиялы ұшқыр, тілі орамды, талантты ақынды сүрінте алған жоқ.

Поэма адамдардың арасындағы қарым-қатынастарды көрсетуге құрылмаса да, ескі заман, өткен кездердегі ел басында болған ауыр күн, ащы тұрмыстардың картиналарын көзге толық елестете алады [1, 59-60 бб.].

Поэманың композициясындағы негізгі әдістердің бірі - шендестіру екендігін ашып бере білген теоретик ғалым, “Ақтабан”, “Құл көгені”, “Құрбандық” т. б. бөлімдердегі қилы заман, қиын тұрмысты бейнелейтін эпизодтарды суреттеу құр әншейін шолып айту үшін емес, келесі “Октябрь”, “Теңдік”, “Қызыл жұлдыз” сияқты эпизодтардағы суреттеулерге қарама-қарсы қойып, кешегі мен бүгінгі өмірді оқырмандардың өздері безбендеп, қорытынды шығаруын көздеушілік деген ұсынақты пікір айтады.

“Дала” поэмасының және бір жаңалығы өлең құрылысында. Дәлірек айтқанда, шумағы мен ұйқасында. Бұл әр тармағы 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ.

Алатаудың ақ сүті - а
Асқар иген, құм сүйген - б
Боз даланың қос құты: - а
Сыр менен Шу екі ене - в
Екі өзеңнен шықты шаң - г

Екі енені шапты жау...
Жуды жауды, қанды қан... - г
Батыр шықты “жекеге” - в

Бұл ерікті, не кезекті, не шұбыртпалы ұйқастардың түрімен келетін “жыр ағымы” - 7 буынды өлең емес, белгілі бір тәртіпке негізделген, жаңа ұйқасты шумағы, поэманың басындағы “Арнау” мен ең аяғандағы “Той бастаудан” басқа бөлімдерінде берік сақталынады.

Бұл поэзиямызда бұрын болмаған жеті буынды өлеңнің жаңа бір түрі” - дейді [1, 61 б.].

“Дала” поэмасының жанрлық сипатына қатысты әдебиет зерттеуші ғалымдар М. Әуезов, М. Қаратаев, М. Дүйсенов, Т. Нұртазин, Н. Смирнова, М. Сильченко, З. Кедрина, Ә.Дайырова, Ә. Нарымбетов т. б. әр түрлі пікірлер айтқаны белгілі. Бірі лирикалық – философиялық, екіншісі, тарихи – философиялық поэма, үшіншісі, сюжетті – тарихи поэма, лирико – публицистикалық пома т. б. дейді. Шындап келгенде “Даланы” жанрлық сипаты жағынан бір түрге танып тастауға келмейді. Онда тарихтың да, философияның да, психологияның да жанрлық элементтері бар.

“Дала” тақырыбынан кейін І. Жансүгіровтің ақын жүрегінде муза отын маздатып, шабытының шарқайрағына айналып, қаламын ұштай, қиялын қалықтатқан және бір тақырып-қазақтың ән-күйі. Ақындық қуатымен тақырыпты жоғары деңгейге көтере білген І.Жансүгіров, өз биігінде өзі қалып қойған жоқ, әр кез тың ой, жаңа тақырыптармен жұртшылық назарын өзіне аудара білді.

“Жасынан ән-күйді терең сезініп, жанымен түсінген Ілияс әдебиетке ән- күйдің құдыретті күшінің туын көтере шықты.

Адам баласы өмірінің тарихи тартысындағы ауыр халді де, аңсаған арман, көздеген мақсатты да, жан тербеткен сізімді де, ойды - өрлетер қуат-күшті де дыбыс, үн гармониясымен тыңдаушыларына жеткізетін музыкалық искусствоның тілің өзі жақсы ұғынып, оны сөз искусствосының пәрменімен оқушыларына жақсы ұғындыра білген біздің замандастарымыздың ішінде бірінші ақын – Ілияс екендігі талассыз” – деп бағалағаны белгілі Қ.Жұмалиевтің [1, 62-63 бб.].

Ақын жүрегінің күмбірі сынды “Күйді” талдау барысында ғалым, поэманы сөз етуші сыншылар Молықпай шал мен Бозінгеңнің айналасынан шыға алмай жүргендігін, түптеп келгенде айтылмақ идея ертегіден әлде қайда тереңде жатқандығына тоқтала келіп, “Күй” поэмасы тікелей автордың дүние танымына қатыстылығын, яғни ескіден арылып, жаңа өмірге өз пікірін, өз сөзін айтатын ақын болып қалыптасқандығын паш еткен поэма деген қорытынды шығарады.

Ал поэмадағы “Бозінген” күйі мен орындаушы Молықпай заманға деген жаңаша түсінікті оқушыларына жеткізу үшін ғана қажет болғандығын ашып береді. Мысалы:

Мыңдаған оркестрді көрген топты,
Жырлаған жаңа өмірдің күйін соқты.
Жуылған жүректен у сол күйменен
Аршыған көңілімді басқан топты…

... Арылып жастың албырт тентегінен,
Құтылып соқыр сордың жетегінен;
Қуарған, қаунбаған сорлы шалдың,
Енді қош айтысқан жер ертегімен.

Қ. Жұмалиев ақынның музыка тілін жанымен ұғатындығын “Күй”, “Күйші” поэмаларын оқығанда көруге болатындығын және жаратылысынан композиторлық қабілеті бар І.Жансүгіровтің күйдің туу процесін суреттеуі, күйші көңілінде болып жатқан әр алуан өзгерістерді тап басып айта білуі сөз жоқ осының әсері деп қарастырады.

Зерттеуші поэмадағы ішкі монологтар арқылы күйші сезіміндегі аласапыранды оқушылар жанымен сезінгендей күйге енетін тұс деп, ақынның мына бір суреттеулерін береді.

Қияндап кетті мініп қиялына,
Ондайда қиял бойын жияды ма?
Ұмытып қайда екенін, кім екенін,

Быж-тыж боп отыр сорлы қыз алдында.

Әлде қыз, әлде түлкі кім алдымда?
Үстіне, не боп кеттім, құлармын ба?
Әлде өңім, әлде түсім, қайда кеттім,
Апырм-ау, бар ма, жоқ па көз орнында?

Ғалым осы шумақ жолдарына және жалпы І. Жансүгіровтің даралық стиліне қатысты: “Ілиястың “Күйшісі” эпика-романтикалық поэмалардың түріне жатса да, поэмада адамның психологиясын суреттеуге көп орын беріледі.

...Әр жағдаймен байланысты адамның ішкі сезім дүниесіндегі өзгеріс, құбылыстарды ақын-жазушылар кейде параллелизм, кейде арнаулы монологтар кейде лирикалық шегініс, кейде пейзажды қатыстыра суреттеу арқылы беріледі. Бұл айтқандардың әртүрлілерінің де элементтері де Ілияс шығармаларынан табылады. Әйтсе де, оның поэзиясына қаһармандардың басында болған қал жағдайларды кейде тікелей суреттеу, кейде олардың ойын, ішкі сезімін арнаулы монолог арқылы беру әдістері тән” – деп ақынның поэзиядағы жеке-дара ерекшеліктері неден көрінеді мәселесін нақытылай түседі [1, 67-68 бб.].

Ғалым І. Жансүгіровтің аталмыш поэмаларына дейін адам психологиясын сан алуан жағынан алып суреттеуде қазақ кеңес поэзиясы кемшін қалып келгендігі әдебиет зерттеушілерге мәлім екендігіне тоқтала келіп, ақын бұл олқылықтың орнын толтырып қана қойған жоқ, жетілген көрнекті үлгілерінде қалдыра білді дейді.

І. Жансүгіров поэзиясының ерекшелігі неден көрінеді деген сұраққа жауап іздеген ғалым, ақын өлеңдерінен бір аңғаратын нәрсе музыкалық жақтарының басымдылығы мен тың образ, сөйлем құрылыстарын қазақ өлеңіне алып келуі деп танығандығын байқаймыз.

“Негізінде поэзиялық шығармалардың музыкалығы дыбыс әуезділігіне (эвфонияға), оның заңды, табиғи қолданылуына байланысты. Сондықтан, дауысты, дауыссыз дыбыстарды аралас келтіріп белгілі мөлшерде қайталау барлық ақындарда кездеседі. Оның мөлшерін, шегін белгілейтін әр ақынның сезіну қабілеті. Табиғи заңдылықтан қылдай тайса, дыбыс қайталаушылыққа айналады да, өлеңнің әуезділігі, музыкалығынан еш нәрсе қалмайды. Оқырмандардың әдемілікті талғайтын сезіміне керісінше әсер етеді.

Әрине, дыбыс қайталаушылықтың да әр алуан түрі бар. Негізгі түрі дауысты, дауыссыз дыбыстарды қайталаудан құралады. Мұны әр ақынның да өлеңдерінен кездестіреміз. Біздің бұл жерде айтпағымыз ол емес, Ілияс өлеңдерінде кездесетін ішкі ұйқас (внутренняя рифма).

Ішкі ұйқасты бізде жалпы дамытқан, өлеңнің музыкалық жағын күшейтуде мәні зор екендігін аңғарып, оны өзінің әдемі өлең, шын мәніндегі искусстволық дәрежеге көтерілген поэмаларында шебер қолдана алған ақынның алғашқы өкілдерінің бірі де Ілияс болды. Оның “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” поэмаларын оқығанда тіл бір мүдірмей есіліп отыратыны да, оқушының бойын билеп, иектеп әкетуінің де бір тамыры оның өлеңдерінің әрдайым толымды болып келетін ішкі ұйқасының күшінде жатыр” - деп санайды [2, 3 б.].

Өлеңдегі шумақ аяқталған бір ойды білдіретін тұтас өлеңнің бір бөлшегі деп таныған ғалым, сол бөлшектің жасалуы үшін ырғақ пен ұйқастың қажеттігін, онсыз өлең жасалмайтындығын айта келіп, орта ақындардың өлеңдеріндегі бір шумақтың төрт жолынан дыбыс үндестігін керек ететін үш түрлі толық ұйқасты таба алмасақ, І. Жансүгіровтің бір жолының өзінде жалғаса келетін бірнеше ұйқас барлығын көрсетеді. Мысалы:

Сайрадың құйқылжытып, құбылжытып,
Тамсандым, таңдайымның суын жұтып.
Толқытып, толықсытып, емірентіп,
Қиқуға қызықтырдың, қылдың ынтық.

Қ. Жұмалиев “Күй”, “Күйші”, “Құлагер” поэмаларындағы ішкі ұйқастардың озық түрлеріне мына шумақтарды жатқызады.

Желдеткен, желде кеткен желмаясы,
Желге не? Алақандай жер аясы.
Ақырып Алатаудан өзен құлап,
Сыңқылдап самалданған сай, саласы.

(“Күй”)

Асқақтап, кейде күйді көкке өрлетіп,
Алыстап, шырқап сілтеп, әрі кетіп.
Қайырып, қалықтатып, қайта оралтып,
Бірден-бір, ақырын-ақырын төмендетіп.
(“Күйші”)

Аттанып, атандайын алшаңдатып,
Ақситып бір балуанды арсаңдатып,
Аруақтап жетелеген бір қараның
Ноқтасын сыпырды әкеп, талтаңдатып.
(“Құлагер”)

Бұл шумақтардағы анафора, ассонанс, аллитрация т. б. өлеңді айшықтай түскендігі өз алдына, ақынның айтпақ ойы мен ішкі ұйқастың қабысуы сөз жоқ І. Жансүгіров қаламы қарымын дәлелдейтін тұс екендігін ерекше атап өтеді.

Ғалымның ақын шығармашылығын зерттеу барысында тағы да бір тоқталған қыры сөз образдарының оригиналдық жағы. Оригиналдық дегенде кез-келген творчество адамының ойына келе бермейтін, тек І. Жансүгіровке ғана тән дағдыдан тыс теңеу, метафора, т. б. Мұны мына шумақтан көре аламыз:

Қабаққа біткен қайыңның
Беріші еді, безі еді.
Өтіндей ақ аюдың,
Әкемнен қалған көзі еді.
(“Сапты аяқ”)

Мұндағы көркемдік әдіске ғалым: “Біріншіден, аяқты аюдың өтіне теңеу, поэзияда бұрын болмаған, жаңа теңеу болса, екіншіден, тіпті ойға келмейтін нәрсеге теңеушіліктен оригиналдық, теңеп отырған затының өмір шыңдығында мейлінше мұқтаж, зәрулігінен сапты аяқты иемденушілерге өте қымбат саналатындық қасиеті әрі нәзік, әрі шебер түрде берілген” – дейді [1, 70 б.].

Академик Қ. Жұмалиевтің І. Жансүгіров поэзиясын зерделеу барысындағы ой-тұжырымдарын қорытындылай келіп айтарымыз ғалым ақынның қазақ әдебиетіне әкелген мынадай жаңалықтарын ашып көрсетті:

Бірінші – қазақ өлең құрылысын бұрын болмаған жаңа шумақ, жаңа ұйқастарымен байытты (“Дала” 7 буыннан келетін 8 тармақты шумақ).

Екінші – кейбір өмір құбылыстарын суреттеуде соны әдістер ұсынды.

Үшінші – тарихи тақырыптарды жаңаша көзқарас тұрғысынан қалай жырлаудың үлгісі боларлық жанрлық сипаты жетілген поэмалар берді.

Төртінші – поэзиямызда өрістей алмай келген психологиялық суреттеу әдісін дамытты.

Бесінші – ұлттық тілдің жаңа заманды жырлауда мүмкіндігінің мол екендігін дәлелдерлік жаңа түрлер туғызды.

Осының бәрі ілияастануда ары қарай тереңдей дамытылып, көрнекті ғалым Қ.Жұмалиев пайымдауларының өміршендігін танытып тұр

І. Жансүгіровтің ақындық ерекшелігі мен азаматтық тұлғасы жөнінде аға буын кеңестік идология еркін ойды қаншама тұсаулағанымен кейде ашық, кейде тұспалмен біраз жәйттін басын ашып беріп кетті. Бүгінгі таңда қазақ мемлекеті егеменді ел болуына байланысты ілияастануда қайта жаңғыра бастады. Біз мұны профессор Т. Сыдықовтың “І. Жансүгіровтің “Күйші” поэмасына жаңаша көзқарас” [3, 87-105 бб.] атты мақаласынан көре аламыз. Мұнда ғалым поэмаға байыптай қарасақ бұрын айтылып жүрген әлеуметтік қайшылықтарды емге таппайтыныңызды ал ішкі монологтардағы таптық антогонизмді автор кейіпкердің аузына қырағы сырт көз үшін әдейі салған деп таниды. Мұндай пікірлер арыстарымызды қайта тануға бастайтыны анық. Және осы арада бір ескере кететін нәрсе І. Жансүгіровтің басқа да шығармаларында заманына сай әлеуметтік қайшылық пен таптық көзқарас мүлде жоқ деген ұғым тумаса керек. Бұл жөнінде профессор Ө. Күмісбаевтың пікірін келтіре кетуді жөн санадық: “Әрине І. Жансүгіров өмір сүрген уақыт аса бір күрделі, аласапыран, ұрда жық уақыт

болатын. Егер ақын қыруар өлеңдерін өндіріс, революция, отарба, октябрь мерекесіне арнаса оған ақын кінәлі емес, уақыт кінәлі деп білу керек. Сол жылдардың қаламгерлері заман талабынан, ырқынан сыртқа шығып, мейлінше еркін жырлап кете алмады. Уақыт ұраны, идея үшін күресге тиіс болды. Бұл нағыз аяққа түскен тұсау еді" - деп ащы шындықтын бетін ашады [4].

Қ. Жұмалиевтің 1966 жылы жазылған "Стиль - өнер ерекшелігі" атты еңбегі XX ғасырдың бірінші жартысында төл әдебиетімізде жарқырай көрінген ақындарымыздың өзіндік қолтаңбаларын, сөз машық ерекшеліктерін танып-білуде қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған аса бағалы дүние екендігінде дау жоқ. Бұл еңбек қазақ әдебиетінде қаламгерлік қарымын танытқан ақын-жазушылардың өсу, іздену жолын, өзіндік ерекшелігін, стилін айқындауға арналған, тереңнен қамтыған сол кездегі саусақпен санарлық күрделі еңбектердің қатарында тұр. Бұлай атауымыздың себебі, қазақ әдебиеттану ғылымында Қ. Жұмалиевке дейін ақындардың стильдік даралығы туралы арнайы зерттеу еңбек жазылған емес. Мұнда өнер адамы әр ақын-жазушының жазу мәнері мен жалпы стиль ерекшелігі дегеннің не екендігі кең көлемде сөз болды. Ғалым жеке автордың сөз саптауын айқындағанда, оған әсер етуші қоғамдық факторларды қоса өріп көрсетуі ғылыми шынайылық тауып отырады. Сондықтан да бұл еңбек әдебиеттің алға қойған сол кезеңдегі талап-тілектеріне толық жауап берді. Қ.Жұмалиевтің алдынан дәріс алған, кейін бірі-көрнекті ғалым, бірі-танымал жазушы т. б. болған шәкірттерінің көпшіліг-ақ осы еңбекпен білімін жетілдіріп, бой түзегені бүкпесіз шындық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жұмалиев Қ. Стиль-өнер ерекшелігі. – Алматы: Жазушы, 1966. – 350 б.
2. Жұмалиев Қ. Замана жыршысы, күй жаршысы // Қазақ әдебиеті. – 1965. – 28 мамыр.
3.Сыдықов Т. Жансүгіровтің "Күйші" помасына жаңаша көзқарас //ҚазҰУ Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 87 – 105 бб.
4.Күмісбаев Ө. Жетісуда жарқ еткен жасыл еді // Жас Алаш. – 1994. – 18 маусым.

ГРЕК-РИМ КУРЕСІНІҢ ЖАТТЫҒУ ПРОЦЕСІ КЕЗІНДЕГІ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНІҢ АЛАТЫН ОРНЫ

ӘОЖ 796.8

Бисалиев С.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.
Жылкышиев Д.К.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал қ.

Спорттық күреспен жастар 10-нан 18 жастың аралығында айналысуға мүмкіндігі бар. Бұл кезеңде организмнің өсуі әрі қарай жалғасады. Мүшелердің және организмнің жүйелерінің дамуы бір-бірінен бөлек өтілмейді, бір-бірімен өзара қимылмен, біртұтас бүтіндей процесс.

Кейбір органдардың және жүйелерінің өсу процессі тек сан жағынан ғана емес өзгеруі байқалады, сондай-ақ мәнді сапалы жылжиды. Тағыда, бір жаста бола тұра мәнді жекелей айырмашылығы болуы орын алады, физиологиялық процесстердің ағым қарқыны бірқалыпты болмауына байланысты. Сондықтан біз дене дамуы, қарқыны және салмағы әртүрлі адамдармен кездесеміз. Осылардың бәрі жасөспірімдердің әртүрлі жастағылардың арасындағы шекаралық деңгейін анықтауда жиі қиындыққа соғады. Іс-тәжірибе көрсеткендей, күреспен айналысуға жасөспірімдерді жастық ерекшеліктерін есептеп 4 топқа бөлген дұрыс: 13-14 жас және үлкен жасөспірімдер 15-16 жас және 17-18 жас. 12-18 жас жыныс жүйелерінің жетілуі

кезеңіне дәл келеді. Жұмыс жүйелерінің жетілу процесіне байланысты өзгеруі, организмнің барлығына өзінің әсерін тигізеді. 12-15 жаста дененің ұзындыққа өсуі өтеді, сондай-ақ гипофиз және щитовидный бездері қызметінің күшейтілуімен сәйкес келеді. Жасөспірімдердің денесінің ұзаруынан бас бейнесі трубкалық сүйектердің өсуімен байланысты және жылына 9-10 см құрастырылуы мүмкін. Бірақта омыртқасының, көкірек клеткаларының, тазының және төмен жақтарының сүйектенуі бітпейді. Ересек адамдарға қарағанда байланыс аппараттары жұмсақ. Осы ерекшеліктерін есептеп, күшті және иілгіштікті дамытатын жаттығуларды абайлап қолдану қажет. Бұларды артықша қолдану сүйектердің өсуіне қарама-қайшы әсерін тигізуі мүмкін және мүсінінің дұрыстығына әсерін тигізеді. 16-18 жаста өсу қарқыны азайыңқырайды және жасөспірім жылына шамамен 3 см-ге өседі.

12-15 жастағы жасөспірімдердің ет таканьдары ұзындыққа тағы да қарқынды өседі, көлденеңіне қарағанда және 15 жаста денесінің барлық салмағының мысалға 32 пайызға құрастырылады. Жасөспірімдердің ет жүйелерінің функционалдық мүмкіншілігі, ересектерге қарағанда төмен. Осыдан күшке және төзімділікке арналған жаттығуларды қолдану қатаң регламенттік болу қажет және жүктеменің ұлғаюының сатысы оған бейімделуінің өлшемінде.

Профессор В.С.Фарфельдің ізденісінде көрсетілген, 13-15 жаста қимыл анализаторларының қалыптасуы аяқталады. Осыған байланысты, мысалға, 15 жастан бастап күшті мақсаттылықпен дамытуға мүмкіншілік туады. Еттердің тканьдары қуатты өседі және 17-18 жастағы жасөспірімдердің денесінің салмағының 44% жетеді, сондықтан дене қуаттылығын керек ететін техникалық қимылдарды үйренуге мүмкіндік туады. Сонымен бірге жасөспірімдердің связкаларының және әсіресе іш еттерінің әлсіздігі байқалады. Мұндай жағдай жаттығуларды байқап қолдануына керек етеді, қалайда жасөспірімдердің әдістемелік сабағында олардың жүрек-сосудтық жүйелеріне (ж.с.ж) ерекшеліктерін есептеу керек. Жасөспірімдердің қан қысымының ұлғаюы белгіленеді.Артық жүктеме алғанда олардың жүрегі ауыруы және басы айналуы байқалады. Шаршау жағдайы жеңіл байқалады. Үзбей жаттығудың нәтижесінде бұл қайшылық көрініс біртіндеп ғайып болады. Үлкен шыдамдылықты керек ететін жаттығуларды қолданғанда, жүректің гипертрофиясына әкелуі мүмкін. Жүректің артық қуаттылығын қайтару үшін жүктемені қатаң біртіндеп ұлғайту қажет.

Жасөспірімдердің үлкен жастағыларына нерв жүйелерінің жұмысы жүрек қызметінің реттеуде өте дұрыс құрылады. Жүрек соғуы - аз, жүрек көлемінің соғуы - ересектердің байқалуындағыға жақын.

Көрсетілген өзгерістер арнайы шыдамдылықтың дамуына жағдай туғызады. Жасөспірімдердің организмі ұзақ уақыт бойынша жұмысқа қабілеттілігінің жоғарғы деңгейде ұстап тұру қабілетін меңгере алмайды. Жасөспірімдер тез шаршайды, бірақ, тез өзінің күші қалпына келеді. Күшінің тез қалпына келуі сонда өтеді, егер олар аз және оңтайлы жүктеме алғанда. Қатысушылардың күшінің орнына келуі заттардың көтеріңкі ауысуының есебінен болады. Сондықтан да барлық сабақ бойынша жұмыс қабілеттілігін сүйемелдеу үшін, демалу үшін жиі үзіліс қажет. Жүктемені артық мөлшерде алғанда қатысушылардың күшті қалпына келтіруі созылады. Сондықтан да үлкен жүктеме, ересектердің іс-тәжірибесіндей жасөспірімдерге жол беруге болмайды.

Жасөспірімдердің тыныс алу мүшелері, сондай-ақ өзінің ерекшеліктері бар. Соның бір ерекшелігі көкірегінің дамуын периметрі жай өтеді, дененің ұзындыққа өсуіне қарағанда. Осы жағдай тыныс алу жүйелерінің дамуын шектейді. Тыныс алу реттелуі жетілдірілмегеннен дене жаттығуларын үлкен жүктememен өткізу тыныс алуыдң ырғақтығы бұзылуы мүмкін. Бұл қаралып жатқан жаста мәнді өзгеріске балалардың психикасы да кіреді. Одан әрі психологиялық ысылуы өтіледі. Жасөспірімдер 12-15 жаста ересектерге ұқсауға тырысады, өз бетінше ынталануға, ерлікте көзге түсуге. Олардың мынадай жоғарғы психологиялық қабілеттілігі дамиды, шын ойлауы, өзінің істерін және мінезін қорыта білуін және талдауын. Ересек болуға тырысып, жасөспірімдер теріс мінездерін көрсетуі мүмкін: қызбалық, дөрекілік т.б. Оқытушының мақсаты қатысушыларға дұрыс қабілеттілігін дамытуды ояту болып саналады, керекті бағыт беру. Оны да ұмытпаған жөн, жасөспірімдер бір қызметпен айналысып, қолжетерлік мөлшерлемелерде бақылауын жоғалтады. Олар барынша үлкен

салмақ көтеруге тырысады, барынша жарысқа жиі қатысуға, арнайы дайындықсыз күрделі әдісті істеуге талпынады. Сондықтан да жасөспірімдерге қатаң педагогтық бақылау қажет.

Жасөспірімдер жасында мінездік ерекшеліктер орталық нерв жүйелері қызметінде әсемдік және нерв процестерінің қозғалмалығы болып табылады. Сол, икемділікті керек өтетін жаттығуларды тез игеріп кетуіне мүмкіндік алады.

12-15 жастағы жасөспірімдердің нерв процесстерінің оянуымен және тежеуі бір қалыпта емес екендігі белгіленеді. Ояну процесі тежеу процесінен асыңқырақ болады. Сондықтан да жасөспірімдер тәртіпті жиі бұзады, ересектерге қарағанда. Нерв процестерінің бірқалыптылығын жетіспегенінен көңіл күйінің жылдам ауысуына және нервтің жылдам шаршауына әкеледі. Осыны есептей отырып, оқытушы сабақты жоғары деңгейде өткізуге, қатысушылардың қызметін жиі өзгертуге талпыну қажет.

16-18 жастағы жасөспірімдердің бөлімдердің әрі қарай қызметінің дамуы жалғасады. Бұл жаста олар сабырлылық бірқалыпты бола бастайды. Алға қойған мақсатын біліп, олар жеке жетілдіруге талпынады, жолдастық сенімі көріне бастайды, бір-біріне көмектесуі және өзінің білімін кейін қалушыларға береді. Бұл олармен оқу-тәрбие жұмысын өткізуін жеңілдетеді. Жоғарғы жастағы жасөспірімдер өзінің дамуымен ересектерге жақын. Сонымен, жасөспірімдер өзінің даму процесінде өзіне тән ересектерге ерекшеліктері өзідерінде бар. Сондықтан да олармен сабақ өткізгенде біліп және осы ерекшеліктерді есептеу қажет. Жаттықтырушыларға жас ерекшеліктерін есептеу балуандарды тек жақсы дайындауда емес, әрі және организмін паталогиялық өзгерістерінен қашады. Бұл және сауықтырғыш бағытына жетеді, бұл дене тәрбиесінің негізгі мақсаты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кобланов Ж.Н. Спортты күрес әдістемесінің негіздері -1992 ж.
2. *Авдеев, Ю. В.* Перспективы поиска оптимальной системы проведения соревнований по вольной и греко-римской борьбе / Ю. В. Авдеев, Б. И. Тараканов, В. А. Воробьев ; СПб. гос. ун-т физ. культуры им. П. Ф. Лесгафта // Теория и практика физической культуры. — 2006. — № 10. — С. 32—33.
3. Греко-римская борьба : учебник для высших учебных заведений физической культуры / под общ. ред. А. Г. Семенова, М. В. Прохоровой. — М. : Олимпия Пресс : Терра-Спорт, 2005.

ЖАСӨСПІРІМ ФУТБОЛШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖӘНЕ АРНАЙЫ ДАЙЫНДЫҒЫ

ӘОЖ 96.332

Жаскайратов А.Ж.

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, аға оқытушы Орал

Тақырыптың өзектілігі. Заманауи футболға жылдамдық, шыдамдылық, күштілік-жылдамдық сияқты қасиеттер тән. Одан да басқа маңызды дене шынықтыру сипаттары бар. Дене шынықтыруды дамыту деңгейіне басқа да қимыл қасиеттерінің көрініс табуы байланысты. Бұл қасиеттер футболшылардың техникалық шеберліктеріне жетуге, сайыс кезіндегі техникалық-тактикалық әрекеттерін дамыту үшін керек. Қазіргі футболда жақсы арнайы дене шынықтыру дайындығынсыз балалар және жасөспірімдер футболында жоғары жетістікке жету мүмкін емес [1].

Футболшы техникалық және тактикалық жағынан сауатты болғанмен, жан-жақты дене шынықтыру дайындығынсыз жетістікке жету мүмкін емес. Бір ойыншының өзінің дене шынықтыру дайындығы қазіргі футболдың стандартына сай болмаса команданың жетістікке жетуі күмән туғызады.

Біріншіден, әр ойын эпизодында бірнеше футболшылар бір уақытта белгілі-бір ойын тапсырмасын шешеді. Ол үшін жылдамдық, кеңістік және орын ауыстырудағы ойын әрекетін келісе орындаулары керек. Олардың біреуінің функционалды мүмкіндігі болмаса ойын эпизодының міндетін шешу мүмкін емес. Мысалы, дене шынықтыру дайындығы әлсіз ойыншы тактикалық тиімді позиция үшін күресте қарсыласының алдын орап кете алмайды, немесе доп үшін күресте жеңіліске ұшырап отырады.

Екіншіден, ойында әр футболшы тактикалық жағдайды жылдам әрі дәл бағалай алуы керек, нақты шешім қабылдап, оны сол заматта жүзеге асырып отыруы керек. Жылдамдық сияқты қасиеті жете дамымаған футболшыларда тактикалық тиімділігі қимылдаған нысанға қарсыласқа, серіктеске, допқа әрекет жасауы да үнемі, таңдау жылдамдығы да төмен болады.

Үшіншіден, белсенді жұптық және топтық жекпе-жектік тартымды атлетикалық ойынға айналып келеді. Доп үшін күресте жеңіске жету, қатерлі соқтығыстан кетіп қалу, қарсыластың соққысына төтеп беру үшін жан-жақты дене шынықтыру қасиеттері дамыған футболшы болу керек. Сондықтан, күшті дайындық футбол ойыншыларының маңызды қасиеттері болып келеді.

Төртіншіден, ойында футболшы 100-ге дейін серпіліс жасап, 5-20 метр қашықтықта жылдамдық асыруы мүмкін. Осындай қысқа қашықтықта қарсыластан допты тартып ала алатын күшті әрі жылдамдық қасиеттері жоғары ойыншылар болып табылады. Осы сапалардың жоғары қасиеті уақыт ұтуды қамтамасыз етеді, сәйкесінше кеңістікті де иеленуге мүмкіндік алады. Сондықтан, күшті жылдамдық-күштілік дайындығы футбол ойыншысының мықты қасиеті екені сөзсіз.

Бесіншіден, футбол матчы 91-99 минуттарға созылады (үзілісті санамағанда). Доп ойында 56-64 минут шамасындағы уақытта болады, сол уақыттың бәрінде кез-келген басқа спорттың түрімен салыстыруға келмейтін ағза үшін қиындығы бар жұмыс орындалады. Барлық матч барысында жоғары координацияны сақтау, серпілістің жоғары жылдамдығын ұстап қалу, ойынның бірінші және соңғы минутына дейін жылдамдықты асыру, күштілік жекпе-жекте жеңіске жететін өте шыдамды ойыншы болып келеді. Сондықтан, мықты шыдамдылық та футбол ойыншысының аса күші қасиеттерінің бірі [2].

Ойында футболшы жоғары амплитудада соққы, финт, доп жалғау сияқты көптеген қимылдар орындайды. Бұл қимылдар ойыншыда икемділік қасиеті болған жағдайда тиімді болып келеді. Ойыншының икемділігінің болуы да футболшының бұлшық еттерінің шынығып, жақсы дайындықта екендігін дәлелдейді. Бұлшық еттердің осындай жағдайы жарақаттың алдын алудан сақтайды.

Техникалық әдістерді тиімді орындаудың негізінде бұлшық еттің ішіндегі және бұлшық ет аралық координациялық процесстер немесе координациялық қабілеттер жатыр. Ойыншылардың, әсіресе жасөспірім футболшылардың футбол техникасын меңгеруі осыған байланысты. Кәсіби футболшының координациялық қабілеттері де өте мықты дамиды.

Бұл қасиеттердің барлығы футболшының дене шынықтыру дайындығын құрайды. Сондықтан, дене шынықтыру дайындығы деңгейін көтеру футбол командаларының жаттықтыру сабақтарында шешуге ұмтылатын маңызды міндет болып табылады.

Сондықтан, жаттықтырушының спорттық жаттықтырудың қай кезеңінде, қандай мөлшерде, қандай қасиеттер қалыптастыру керектігі туралы білімі болашақ спортшылардың дайындығына керекті құрал болып отыр.

Жасөспірімдер спортында дайындық мәселелерімен айналысқан мамандар спорттық жетілдіруді жоспарлау жаттықтыру процесінің ағымы туралы керекті ақпараттың болуына байланысты екендігін көрсетеді [3,4].

Арнайы ғылыми-әдістемелік әдебиетті сараптау барысында, спорттық тәжірибе нәтижесі дене шынықтыру дайындығы деңгейіне бақылау жасау мен дене шынықтыру қасиеттерінің даму әдістемесінің шешілген және шешімін таппаған мәселелерін анықтауға мүмкіндік береді [5,6].

Қазіргі таңда дене шынықтыру қасиеттерінің жеке даму мәселерін сарапталуда. Ойыншылар тобының дене шынықтыру дайындығының динамикасы болып команданың тұтас топтық көрсеткіші саналады. Сайыс макроциклында ойыншылардың дене шынықтыру

дайындығының орташа топтық көрсеткіштерінің болмауы жасөспірім футболшылардың оқу-жаттықтыру процесінің тиімділігін төмендетеді. Оқу-жаттықтыру процесінің тиімділігінің төмендеуі сайыс кезінде соңғы нәтижелерге және спорттық шеберліктің өсіміне ықпал етеді [7,8].

Зерттеудің өзектілігі. Футболдағы спорттық резервті дайындау қазіргі қоғамдағы өзекті де күрделі мәселе. Бұл мәселенің негізінде айналысушылардың ағзасы дамуының биологиялық заңдылығы мен әлеуметтік факторлардағы өзгерістер жатыр [9,10].

Соңғы онжылдықта балалар мен жасөспірімдердің футболындағы жаттықтыру сабағын жоспарлау мен ұйымдастыруға қатысты зерттеулер жарық көрген [11]. Бірақ жасөспірім жастағы футболшыларды дайындау жүйесіндегі даралану мәселесі толық дәрежеде қарастырылмайды және жаттықтырушылар өз қызметінде қолдана алатын нақты ғылыми негіздеулер мен сараптамалық зерттеулерге ие емес [12,13].

Сайыс кезеңінде футболшыларды жалпы және арнайы дайындау дифференциациясы командадағы әр ойыншының дене шынықтыру кондициясы оңтайлы күйде сақталуы үшін керек. Бұл мәселе жаттықтырушылар құрам ротациясы әдісін барлы спортшылар сайыс уақытында дене шынықтыру жүктемесін тең дәрежеде алған уақытта қолданылғанда шешіледі. Алайда, жаттықтырушылар негізгі құрам мен резервте отыратын ойыншылар болады. Олардың мақсаты сайыс уақытында ойынды күшейту, жарақат алған ойыншыларды ауыстыру, техникалық-тактикалық әрекеттерді түзету.

Жаттықтыру процесінде сайыс кезеңінде футболшыларды жалпы және арнайы дайындығында дифференцирленген көзқарас керек.

Зерттеу нысаны. Жасөспірім футболшылардың оқу-жаттықтыру процесі.

Зерттеу пәні. Жасөспірім футболшылардың жалпы және арнайы дайындық жүйесі.

Зерттеу мақсаты – жасөспірім футболшылардың жалпы және арнайы дайындығына дифференцирленген әдісті мақсатты қолдануға сараптама жасау.

Зерттеу міндеті:

1. Жасөспірім футболшыларды дене тәрбиелеуде жалпы және арнайы дайындық түсінігін қарастыру;
2. Жасөспірім футболшыларда жалпы және арнайы дайындық процесінде дифференцирленген әдіс құралдарын қарастыру;

Зерттеу гипотезасы. Жасөспірім футболшылардың жалпы және арнайы дайындық процесінде дифференцирленген әдісті қолдану сайыс жүктемесімен немесе жүктеме болмаған жағдайда қолдану дұрыс деп табылады.

Алға қойылған міндеттерді шешуде мынадай зерттеу әдістері қолданылды: ғылыми және әдістемелік әдебиеттердегі мәліметтерді талдау және кеңейту, спортшыларды дене шынықтыру дайындығына тестілеу, педагогикалық сараптама, зерттеуді математикалық-статистикалық өңдеу.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы.

− Жұмыста жаттықтырудың дайындық кезеңінде 14-15 жастағы футболшыларды жалпы және арнайы дене шынықтыру дайындығының құрылымын көрсететін жаңа ғылыми мәліметтер алынды;

− Спортшылардың жалпы және арнайы дене шынығу дайындығын бағалаудың кешенді әдістемесі дайындалды;

− 14-15 жастағы футболшылардың жалпы және арнайы дене шынығу дайындығын анықтайтын көрсеткіштердің даму деңгейін, бағалау межесі анықталды;

− 14-15 жастағы футболшылар үшін жаттықтырудың дайындық кезеңіне оқу-жаттықтыру бағдарламасын қолдануға ұсынылды, дайындалды, ғылыми негізделді.

Жұмыстың практикалық маңызы. Жұмыста жаттықтырудың дайындық кезеңінде 14-15 жастағы футболшыларды жалпы және арнайы дайындығын басқару мен ұйымдастыру процесінде әдістемелік ұсыныстар мен теориялық ережелерін пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады.

Алынған нақты мәліметтердің негізінде жасалған толықтырулар футбол спортының басқа да түрлерінің дайындығының әркелкі кезеңінде қимыл қасиеттерін басқару мен ұйымдастыру үшін мүмкіндіктер алынады.

Диссертациялық жұмыс кіріспеден, теориялық тараудан, зерттеу әдісі тарауынан, қорытындыдан, пайдаланылған қосымшалар мен дереккөздер тізімінен тұрады.

2.2 14-15 жастағы жасөспірім футболшылардың ағзасының дене шынығу және функциональды даму көрсеткіштері

Жасөспірім футболшылардың жалпы және дене шынығу дайындығын басқару жаттықтыру процесінде қол жеткізетін нысанның сипаттамасының ерекшелігін есепке алу арқылы жүзеге асырылады. Денен шынықтыру, функционалды көрсеткіштері мен жалпы және арнайы дене шынығу дайындығының негізгі параметрларының үлгілік мәнін анықтаймен байланысты.

Спортшыларды жалпы және арнайы дайындықты басқарудың негізгі мәселелері, олардың дене шынығу дамуы жеке ерекшеліктерді ескере отырып, жаттықтыру жүктемесінің қарқындылығы мен бағыты, макро және микро суммарлы көлемінде рационалды жоспарлау әдісі арқылы анықталады. Жаттықтыру процесін жекелендіру үшін спортшының дене шынығу дамуының ерекшеліктерін зерттеу үлкен мәнге ие болады. Адамның дене шынығу дамуына функционалды мүмкіндіктері, күші, жылдамдығы, шыдамдылығы сияқты дене шынығу қасиеттері байланысты.

14-15 жастағы футболшылардың үш тобының мәліметтерін талдуға тырыстық. 14-15 жастағы футболшылардың дене шынығу және функционалды дамуының мәліметтері 4, 5, 6 кестелерде келтірілді.

Дене шынығудың негізгі көрсеткіштері ретінде дененің ұзындығы, салмағы, қол динамометриясы пайдаланылады. Бұл азғаның биологиялық дамуын бағалау әдісі ретінде осы өлшемдер бұлшық ет жұмысының қабілетінің деңгейі, дене шынығу жүктемесіне функционалды қабілеттілік, бұлшық ет жүйке аппаратының қалыптасуы, жүректің көлемі, ағзаның вегетативті жүйесінің реакциясының сипаты, аэробты және анаэробты өнімділіктің тығыз байланысы болып саналады.

Жасөспірім футболшылардың дене шынығу дамуының деңгейі туралы түсініктерін кеңейту керек. Оның көрінісінің басқа қырларын, талдау, зерттеу қажет. Осыған қоса, көптеген есептік көрсеткіштерін талдауға тырыстық: ұзындық-салмақ өлшемдері, өмірлік көрсеткіш, дененің қатыстық беті, қол динамометриясын қарастырдық. Сонымен бірге, дене шынығу дамуының жағдайы мен физиологиялық функциясы мен негізгі қимыл қасиеттерінің ерекшеліктерімен байланысын, футболшылардың жалпы дене шынығу дайындығын көрсететін жылдамдық, күш, шыдамдылық қасиеттерін қарастыру керек.

Біздің мәліметіміз бойынша, үлгілік топ футболшылардың денесінің ұзындығы 170+2,5 см ауытқуы 154 см нен 182 см дейін, сәйкесінше 171+3,5 см және 170+2,7 см тең болды.

1-топ футболшыларының дене салмағы 59+2,01 кг құрайды. Дене салмағының ең азы 45 кг, ең жоғарысы - 70 кг. 2-топта 58,8+1,9 кг ауытқуы 47 кг және 3-топ 57,8+2.02 кг ең жоғары мәні 76 кг мен ең төменгі көрсеткіші - 42 кг.

Футболшылардың үш тобының қалыпты күші сәйкесінше мынадай болды: бірінші тобы 129+7,5 кг, ең жоғары көрсеткіш 185 кг және ең төменгі 112 кг; 2-тобы - 145+6,3 кг ең жоғары көрсеткіш 180 кг және ең төменгі - 120 кг; 3-тобы - 144,2+71 кг ең жоғары және жоғары мәні I90-II0 кг мынадай болды.

Үш топтың футболшыларының өкпесінің сыйымдылығы 3500+39 мл үлгілік топ өкілдерінде, 3600+40,5 мл мен 3720+41,4 мл сараптама топ футболшыларында көрініс табады.

Антропометриялық зерттеулер көрсеткендей, жасөспірім футболшылардың дене шынығу дамуының ерекшеліктері жоғары сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:
1. Адамбеков К.И. Оптимизация тренировочных занятий при подготовке юных футболистов в условиях ДЮСШ. - М.: Физкультура и спорт, 2000-78 с.
2Орджоникидзе З. Павлов В. Физиология футбола . М.: Человек, 2008.-240 с.
3Барамидзе А.М. Построение тренировки в подготовительном периоде футболистов высокой квалификации: автореф. дисс.канд. пед. наук / Барамидзе Автандил Михайлович; ВНИИФК. М., 1990. - 23 с.
4Кириллов А.А. Опыт построения игровых микроциклов в соревновательном периоде у футболистов высокой квалификации: Методические рекомендации / А.А.Кириллов, А.Б.Лейбов, В.Н.Шамардин. -М., 1984. - 37 с.
5Федотова Е.В. Основы управления многолетней подготовкой юных спортсменов в командных видах спорта / Е.В. Федотова — М.: Компания Спутник, 2001. - 245 с.
Люкшинов Н.М. / ред. Искусство подготовки высококлассных футболистов: ТВТ Дивизион, 2006. - 432 с.
6Выжгин В.А. Структура соревновательных микроциклов в подготовке квалифицированных футболистов: Методические рекомендации для слушателей ВШТ факультета повышения квалификации и студентов академии / В.А.Выжгин, Г.А.Лисенчук. М., 1995. - 35 с.
7Сучилин А.А. Теоретико-методологические основы подготовки резерва для профессионального футбола. Волгоград, 1997. - 237 с.
8Лапшин, О.Б. Теория и методика подготовки юных футболистов: метод. пособие / О.Б. Лапшин. М.: Человек, 2010. - 176 с.
9Золотарев, А.П. Подготовка спортивного резерва в футболе: учебно- методическое пособие /А.П. Золотарев. – Краснодар, 2006. - 76 с.
10Лалаков Г.С. Структура и содержание тренировочных нагрузок на различных этапах многолетней подготовки футболистов: Автореф. дис. док. пед. наук.- Омск, 1998.- 54 с.
11Шестаков, М. М. Футбол. Педагогические аспекты проблемы учета индивидуальных особенностей игроков: учебно-методческое пособие /М.М. Шестаков.- Краснодар, 2009. -27 с.
12Аверьянов, И.В. Оценка и совершенствование кинестетических координационных способностей футболистов на разных этапах спортивной подготовки: монография / И.В. Аверьянов, И.Ю. Горская. Омск: Изд-во СибГУФК, 200ғңғңүүл300008.-132 с.
13Адамбеков К.И. Методика воспитания выносливости у юных футболистов: Метод, рекомендации. - Алма-Ата, 1981. - 42 с.
14Джанузаков К.Ч., Алешков И.А. Индивидуализация тренировочного процесса юных футболистов // Теория и практика физической культуры, 1984.- № 8.- С. 30-32.

«АҚ» ТҮС АТАУЫН БІЛДІРЕТІН КОНЦЕПТІНІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

ӘОЖ 81'37

Базарбаева Б.Б.
БҚИТУ «7М01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» 2-курс магистранты

Адамзаттың мәдени өмірінде түстердің үлкен маңызы бар. Ол адамның әлемді философиялық және эстетикалық қабылдауымен тығыз байланысты. Сондай-ақ адам обьективті дүниеде түстермен байланысты бағдар табады, яғни адам әлеммен түстер арқылы үндестік табады.

Табиғаттағы түстер ахроматикалық және хроматикалық түстер болып екіге бөлінеді. Ахроматикалық түстерге ақ, қара, сұр түстер, ал қалған түстер хроматикалық түстерге жатады. Түстердің пайда болуы туралы гипотезаға сәйкес адамзат дамуының алғашқы кезеңінде ақ және қара түстер болған, кейін қызыл мен сары түстер пайда болған.

Әрбір адам күнделікті өмірде түстерді бірдей қабылдап көретіні белгілі. Өйткені түстерді ғылымда «түстер спектрі» деген ғылыми түсінікте барлық адам тұтас күйінде қабылдайды.

Алайда әр тілде түстердің белгіленуі түрліше. Кез келген тілдегі түс атаулары сол тілдегі әлемнің тілдік бейнесін суреттейді, қандай бір түсініктерді, сезімдерді, эмоцияларды бейнелейді. Белгілі бір түстің мәні, мағынасы әр халықтың мәдениетінде әртүрлі. Сондықтан түстердің дәрежесі тілде әртүрлі бейнеленуі, түрлі эмоциональды реңк тудыруы мүмкін. Бұл этностың әлеуметтік, тарихи, географиялық ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасқан ассоциациялармен байланысты.

Түс атаулары, әдетте, сол түстегі заттарға, нәрселерге қатысты анықталады. Мысалы, ақ түс - сүттің, қардың түсі, қара түс - көмірдің түсі, қызыл түс - қанның түсі, сары түс - егіннің, бидайдың түсі, көк түс - шөптің, аспанның түсі, т.б. Солардың ішінде «ақ» түстің мағынасының әралуандығы оны өз алдына жеке семиотикалық негіз ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Ақ түстің ерте заманнан жарықтың символы ретінде кең қолданылуы адамдар үшін аса маңызды болды. Адам өмірінде ақ түс өмірдің, денсаулықтың, байлықтың, бақыттың, әдеміліктің белгісі болды. Қазақ тілінде «ақ» концептісінің семантикалық кеңістігі баламалы мағынаны да, ұлттық өзіндік ерекшелікті де білдіреді. Нақты деректерге талдау нәтижесінде «ақ» сөзінің негізгі сын есім мағынасымен қоса бес түрлі мағыналық қолданысы бар екенін көреміз.

Біріншіден, ақ түс табиғаттағы *ақ қар, ақ сүт* тәрізді барлық ашық түстерді білдіреді. Мұндай тіркестерде ақ сөзінің негізгі мағынасы - тек ашық түс қана емес, көзге жақсы көрінетін деген мағына. Сондықтан мұндай мағынада басқа обьектілер үшін әдемі көрініс тудыратын *аспан, айдын, сәуле, бұлт* тәрізді кең ашық кеңістік негіз болады. *Мысалы: Сыбыр-сыбдырсыз ақ тымық әлем. Сиқырлы сырға толы ақ сағым ірметіліп жеп-жеңіл көлкиді. Текті құс таза суда – айнадай ақ айдында жүзер болар. Ақ сәулесіз алау гүлдер өсер ме? Сәске түсте сауырында сағым жүзіп кең көсіліп жатқан ақ даламен қоштастық. Арсы-гүрсі ақ сел тасқын ақтарылды. Бір жылы Орскіге қой айдап бара жатып ақ қырауда ашық далада түнеп қалғаны бар. Ақ пен қызыл арасында ауыз ашып жатқан кісілер отыр.*

Екіншіден, «ақ» сын есімі ашық // қоңыр қарама-қарсы мағынасына негізделген шартты-стереотиптік қолданыста болады. Бұған адамның күнделікті тұрмысында қажетті тағам атауларымен тіркескен сөздер жатады. *Мысалы, ақ нан – қара нан, ақ шарап – қызыл шарап, т.б.* Мұндай тіркестер адамның өміріне қажетті маңызды тағамдарды ашық//қоңыр белгісіне қарай ажырату үшін жұмсалады. Бұған өсімдік және жануарлар әлемімен байланысты барлық тіркестерді жатқызуға болады.

Үшінші топқа біріншіге ұқсас табиғаттағы ашық түсті обьектілерді білдіретін тіркестер кіреді. Алайда олар тілде бұрыннан бар сипаттағы тіркестер емес, жазушының жеке қолтаңбасын білдіретін тіркестер болып келеді. Бұған ақ сөзінің тау, шаң, құм, жер тәрізді кеңістік пен табиғи атаулармен тіркесі жатады. *Мысалы: Қырқаланған ақ құммен күн көзінің шағылысуы тамаша. Ақ шуаққа шомылған жалпақ дала. Ақ шаңдаққа аунап жатқан көп түйе орындарынан тұрып, сортаңға беттеді. Ақ тақырдың үсті ию-қию. Жылмиған үстіртті айнала ақ шың ернекке тіреліп таусылады. Күнісіп аңқасы кепкен ақ дала – құба қыр әбден қаңсыған*. Мұндай тіркестерді тілдік деректерді талдау барысында жиі кездестіреміз.

Төртіншіден, ақ сөзінің адамның сыртқы бейнесімен, келбетімен байланысты қолданылатын сөз тіркестері жатады. Қазақ тілінде тілдік деректер көрсеткендей, ақ сөзімен тіркесетін анатомиялық атаулар баршылық. *Мысалы, аппақ дене, ақ жүзі, ақ саусақ, ақ тамақ, ақ тіс, ақ шаш, ақ сақал, ақ кірпік, т.б.* Осылардың арасынан тілімізде ақ шаш пен ақ сақал тіркестері егде адамның сыртқы түрін білдіретін дәстүрлі тіркестер болады.

Соңғы бесінші түрі ақ сөзінің адамның қолымен жасалған нәрселер – киім, ыдыс-аяқ, тұрмыстық заттар, т.б. нәрселермен тіркесуі жатады. *Мысалы, ақ орамал, ақ көйлек, ақ самаурын, ақ шәйнек, ақ отау, т.б.*

Ақ сөзінің концептуальдық белгісінің дамуының негізгі бағыттарын қарастырайық. Олардың көбі тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздің фразеологиялық мағынасымен тығыз байланысты көрінеді. Әсіресе, көптеген тұрсақты тіркестерде «ақ» концепті «таза» деген мағынада жұмсалады. Қазақ тілінде «ақ» сын есімінің жағымды бағалау белгісі «кінәсіз, зиянсыз, пәк, адал», сондай-ақ «мейірімді, ашық, сенгіш» деген ауыспалы мағыналарда

байқалады. «Ақ» лексемасының таза, пәк мағынасында қолданылуы көбіне көңіл, сыр, сөз, ой тәрізді дерексіз ұғым атауларымен тіркесуінен көрінеді. Жалпы, ақ түс адамға қатысты оның жан дүниесінің тазалығын, адамның таза әлеммен, табиғатпен үндестігін, жақындығын көрсету үшін жұмсалады. Әсіресе, адамның ішкі жан дүниесінің, ойының, ісінің кіршіксіз тазалығын білдіреді. *Мысалы: Өзінің ғана ар-намысын ластап қойған жоқ, ол біздің ақ жанымызға да қаяу салды ғой. Ақтарылып айтайын ақ сырымды. Ақ сапарлар адам үшін дос құмар. Ақ төсегімді арамдап, адал некемді аяққа таптар ма едің? Осындай ақ көкірек адыраңбайлығыннан ер атыңды есер атандырдың. Жалпы бұл мақала адал ниетті жорналшының ақ сөзі емес. Ойың ақ болсын, сөзің ақ болсын, ісің ақ болсын. Ойыңның ақ болмағы – арыңнан, сөзіңнің ақ болмағы – жаныңнан, ісіңнің ақ болмағы – ақылдан.*

Ақ түс сонымен қатар әділ, адал мағынасында да жұмсалады. Мысалы: *Бір ғана сауалыма әділ, ақ жауабыңды бер. Көзі қарығып қалды, жер ақ, көк те ақ. Тек ақ жолдың құлауына жақындағанда алдынан қара жолақ қылауытты. Бұл – түстігі шаппа тік ақ шыңның теріскей ернегі. Қоңыр кеште ұзақ күй күмбірледі. Ақ құшақ, адал мейірім аңсаған жардың лебін қос ішек қағып алғандай. Жоғалса жастығыңның ақ алмасы. Бекболаттар білсе да бас аларын, дар алдында кірлетпеген ақ арын. Артық нәрсе ала алмайсыз өмірден, адалдықтың ақ уызын емсеңіз.*

Қазақ тілінде «ақ» сөзі фразеологизмдерде мейірімді, адал, ашық мағынасында адамның барлық адамгершілік қасиеттерін, сезімдерін білдіруде қолданылады. *Мысалы, ақ жарқын, ақ жүрек, ақ көңіл, ақ ниет, ақ пейіл, ақ тілеу, ақ көйлек, т.б*. Қазақтың этномәдени қоғамында адамгершілік құндылық нормасы ретінде ақ сөзі нақыл сөздерде де жиі кездеседі. *Мысалы: Ақ сөз ащы болар, ғайбат сөз тәтті болар. Ағын су арнасын табады, ақ адам орнын табады. Ананың алды – ақ жайлау. Ақ айналар, қара байланар. Ақ иіліп сынбайды. Ақ жүрген адам азбас. Аққа қара жоқ, қараға шара жоқ. Ақ көңілдің аты арып, тоны тозбайды. Ақ пейілдің аты арымайды. Ақ дегені – алғыс, қара – дегені қарғыс. Ақ Еділдің өзі болмасақ та бұлағымыз, ақылды бастың өзі болмасақ та құлағымыз. Ақылды адам айтқызбай біледі, ақ сұңқар қаққызбай іледі. Аққа құдай жақ.*

Мейірімді, ашық, сенгіш мағынасы қазақ тілінде ақ көйлек (душа нараспашку), ақ пейіл (простодушный, бесхитростный), ақ көңіл (добродушный), ақ көңілділікке салып (быть доверчивым) тәрізді тұрақты тіркестерде кездеседі. Кейде адамға өзге адамның бет-бейнесі оның адалдығын сездіріп тұрады, сондықтан адам оған, оның адалдығына сенеді. Сөйтіп, ашықтық пен адалдық екі адамға ортақ асыл қасиеттер ретінде болады.

«Ақ» концептісінің жағымды бағалауыштық мәні қазақтардың тілдік санасында «ақ жол» деген тұрақты тіркесте «бақытты» деген мағынада, «ақ жолтай адам» деген тіркесте табысты, жолы болғыш деген мағынада қолданылады. *Мысалы: Орынсыз отырғам жоқ тазды мақтап, Нұр жайсын, бар, шырағым, ақ жолтай аман-есен босаға аттап.*

Ақ отау, ақ неке, ақ босаға тіркестері бақытты отбасылық өмірдің бастауы дегенді білдіреді.

Қазақтың діни санасында «ақ» сөзі сонымен қатар жоғары құндылық, ақиқат шындық – діни әлем мәнінде де болады. Мұнда адалдық, шынайылық, жанның тазалығы тәрізді адамгершілік мәселелері алдыңғы орында семантикалық жағынан жоғарғы ғарыштық құндылық ретінде Аллаға тән қасиет ретінде ұғынылады. Діни шығармалардың авторлары адамның жүрегіндегінің бәрі Аллаға аян болады, сондықтан адам жанының таза болуы тәрізді моральдық талаптар осымен байланысты деп жазады. Бұған әлемнің тілдік бейнесінде қазақ тіліндегі эпикалық шығармаларда қасиетті діни аруақтар ақ сақалды, ақ киімді, ақ таяқты қарттар ретінде бейнеленуі дәлел. Қазіргі қазақ тілінде бұндай мағына ақ аруақ, ақ тас тәрізді тіркестерде киелі деген мәнде сақталған.

Сондай-ақ XX ғасыр басында ақ сөзі кеңес үкіметіне қарсы *ақ армия, ақ гвардия, ақ әскер* тәрізді контрреволюциялық күштерді білдіретін тіркестер құрамында да кездеседі.

Қазақ тіліндегі поэтикалық мәтіндерде «*ақ сұңқар*», «*ақ Баян*» секілді сүйікті адамына айтылатын тіркестер жиі ұшырасады. Бұнда ақ сын есімі «сүйіктім» деген коннотативті мағынаға ие болады. Ал тұрақты тіркестерде, сондай-ақ *ақ әже, ақ апа, ақ шеше* сияқты эпитет тіркестерде ақ сөзі әсемдіктің, құрметтеудің балама белгісі ретінде жұмсалады.

Мысалы: Жұмыртқадай ақ келін. Жеңгем, шынында, аршыған ақ күріштей екен. Ақ келіншек, сусының бар ма? (Ә.Нүрпейісов).

Жалпы, *аппақ тері, аппақ дене, аппақ қолы, ақ тамағы, ақ жүзі* тәрізді тіркестер әйел адамның сұлулығының, тартымдылығының белгісі ретінде ұғынылады. Адамның сыртқы кейпін бағалауда сол адамға тән аксеологиялық сипаттар ерекше көрінеді. Бұған қазақ тіліндегі ақ сөзімен тіркескен эпитеттер дәлел бола алады. *Мысалы: Ақ білегін жарқырата екі қолын басынан асыра алды да, төбеге қарап тым-тырыс жатты. Ақ маңдайы, үлкен қара көздері әдемі-ақ. Ақ дидарыңды көзден таса қылғым келмейді. Мақпал қара кірпігі, алма гүліндей ақ реңі әлі есімде. Үлбіреген ақ торғын тамақ. Ақ маңғаз, ақылды ажар, ақ жүзінде, Ай мен күн шағылысып тұрғандай-ақ.*

Қазақ тілінде «ақ» сөзі «ақылды», «данышпан» деген қосымша коннотативті мағыналарға да ие болады. Мысалы, *ақ маңдай, ақ маңдайлы адам* тәрізді тіркестерде ақ сөзі адамның түсін білдіру үшін ғана емес, сонымен қатар ақылды, данышпан адам деп сипаттау үшін де жұмсалады. Тіліміздегі «*ақсақал*» сөзі тәжірибесі мол, өмірден көрген-түйгені көп, соны ұрпағына айтып отыратын қадірлі қарт деген түсінікті білдіреді. Мысалы, Абай «*Ағын жесең, ақылың жаннан асар, Сарыны алсаң, дәулетің судай тасар, Егерде қызыл жеміс алып жесең, Ұрғашыда жан болмас сенен қашар*» деген өлеңінде ақ түсті ақылдылықтың, сары түсті байлықтың, қызыл түсті махаббаттың белгісі ретінде жырлайды.

Қазақ тілінде асыл, жемісті, құнарлы, шұрайлы, бай, байлық, мол, молшылық, көл-көсір сияқты сөздер қосымша концептуальды белгілерге де ие болады. Сол сияқты кейбір зат есімдермен тіркескен кезде «ақ» сын есімі де қосымша коннотативтік мәнге ие болады. *Мысалы: Ақ сазандай топ-толық сан, мақпал қара шаш. Ақ сазандай бұлықсып, Бұралып кетіп барады. Бектердің ақ борықтай толық бәйбішелері қолына алтын жүзіктер кигізді. Қаладағылар мұз сорған көк жасық етпен отырғанда, бұлардың аузынан* ақ *майы кетпейді*.

Мұндай мағыналық белгі ақ түстің сүт тағам атауларымен тіркесінде де көрінеді: *ақ сүт, ақ айран, ақ құрт, ақ ірімшік, т.б.* Жалпы, көшпенділердің сүт тағамдарын мол пайдалануы молшылықты, байлықты білдіреді. Аталған ақ түске керісінше көк сүт, көк айран, көк ірімшік, көк құрт тәрізді тіркестерде көк түс қою емес, майлы емес, құнарлы емес, арық деген мағынаны білдіреді.

Қазақ тілінде ерте кезден тұрақты сөз тіркесі құрамында ақ түс өліммен байланысты мағынаға да ие болады. *Мысалы: Ақ өлім, алланың бұйрығы. Ең соңғы рет түнетеді үйіне, ақ арулап жөнелтеді және де. Әбеннің сүйегіне түсіп, ақ жуып арулап, қабырына апарып, көмісіп қайтқан. Ардақтымызды ақ орап қоялық, сөз сосын болсын, - деді байсалды дауыспен Жәнібек*. Негізі, ақ түстің мұндай қолданысы ұлттың, этностың әлемді тануымен, дүниеге көзқарасымен байланысты өте ерте кезден бастау алады.

Қазақ тілінде ақ пен қара сөздері семантикалық жағынан қарама-қарсы түстерді білдіріп қоймай, сондай-ақ ауыспалы мағынада да қарама-қайшы мәнге ие болады. Мысалы: *Ақ пейілге қара көңіл қарсы тұрады.*

Қорыта айтқанда, қазақ тілінде еркін сөз тіркесінде де, тұрақты сөз тіркесінде де «ақ» сөзі өзінің негізгі түс атауын білдіретін сын есім мағынасымен бірге анық, ашық, айқын, ағарыңқы, ақшыл, жарық, жарқыраған, мөлдір, таза, пәк, ең жақсы, үздік, әдемі, нәзік, сүйікті, сүйкімді, бақытты, адал, ақылды, дана, қайырымды, мейірімді, қасиетті, шұрайлы, жемісті, мол, бай тәрізді көптеген қосымша коннотативтік мағыналарда жұмсалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ә.Қайдаров, З.Ахтамбердиева, Б.Өмірбеков. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. - Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.

2. Н.Н.Аитова. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының когнитивтік семантикасы: филол. ғыл. канд. дисс. 10.02.02. - Алматы, 2005. - 128 б.

3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі: 10 томдық / Жалпы ред. Басқарған А.Ысқақов. - Алматы: Ғылым, 1980. - 5т.

4. Ш.К.Жаркынбекова. Цвет, сознание, менталитет. Реконструкция цветовой картины мира в казахской и русской лингвокультурах: Монография. - Астана: Мастер ПО, 2011. - 357с.

ӘОЖ 81(092)

Мәденова А.С.
БҚИТУ «7М01701 Қазақ тілі мен әдебиеті» 2-курс магистранты

XX ғасырдың 20-жылдары кеңес үкіметі түркі халықтарын латын жазуына көшіру мәселесін қолға ала бастады. Алғаш Әзербайжан Республикасынан басталған латын әліпбиіне өту ісі Қазақстанға өз әсерін тигізді. Латын әліпбиіне өту барысында Қазақстанда үлкен тартыс туып, зиялы қауым арасындағы әліпби айтысы бірнеше жылға созылды. Әліпби мәселесі алғаш рет 1924 жылы 12-18 маусым аралығында Орынборда болған қазақ білімпаздарының бірінші сьезінде көтеріледі. Сьездің күн тәртібінде алты мәселе қаралды. 1. Қазақ жазуының латын әліпбиіне көшу. 2.Қазақ емлесін бірыңғайлау. 3. Қаріп жағдайын қарастыру. 4. Қазақ әдебиетінің халі һәм оқылатын пәндерді жоспарлау. 5. Оқу һәм білім кітаптарын көбейту шаралары. 6. Қазақ пән сөздері бір болу мәселесі.

Сьезде қазақ жазуының латын әліпбиіне көшу жөніндегі бірінші мәселеге қатысты өз ойын алдымен А.Байтұрсынов білдіреді: *«Тексеріп қарасақ, латын әліпбиінің түрік әліпбиінен кемдігі болмаса, артықтығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға, залалдан пайдаға бой ұру – жөні бар дұрыс іс, оны әркім-ақ қостауы тиіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда, оны дұрыс деп қостауға болмайды. Латын әліпбиін аламыз деушілер ол әліпбидің түрік әліпбиінен не артықтығын айқындап ашпай, пайдалы екенін бейнелеп түсіндірмей, тек пәлен-түгендер алып жатыр, біз де аламыз дейді. Еліктеу мен лепірту базары көтеріңкі нәрсе екені рас. Бірақ біреулер алып жатыр екен деп латын әліпбиін алуға болмайды. Біреудің істегенін дұрыс-бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады. тесе қарап тексеріп, түрік әліпбиінен латын әліпбиінің артықтығы мынау, пайдалылығы мынау деп көрсеткен ешкімді әлі көргенім жоқ. Көбінікі құр дүбірге қызу, дүрмекке еру сияқты көрінеді»*,

А.Байтұрсыновтан кейін баяндама жасаған Н.Төреқұлов латын әліпбиін қолдап, латынға көшудің артықшылығын алға тартады. Ол латын әрпі баспахана ісін жеңілдетеді деп, жазу машинкасына қолайлылығын баса көрсетеді. «*Жаңа нәрсені халық жатырқайды екен деп тоқталудың жөні жоқ. Отарба мен кеменің шығуына да қара халық бір кезде қарсы болған, бірақ осы кезде соларға өздері мініп жүр. Мәдениеттің жаңалығы, беталысы халықтың пікіріне қарап жолынан тоқтамайды. Мен латын жазуы күні бүгін алынбағанда да немістерше қабылдауымыз керек деймін. Немістер латын әрпін өз әліпбиіне бірте-бірте кіргізген, тым болмаса, біз де соны істелік, сөйтіп, бара-бара біраз жылдардан кейін латын әліпбиін қолданып кетерлік боларлық, бұл қиын емес. Латын жазуы бізге әрі жеңіл, әрі арзанға түседі. Оңай нәрседен, пайдалы нәрседен, арзанға түсетін нәрседен қашпау керек, мәдениет жолында бір адым да болса ілгері басатын жаққа ұмтылу керек*», - дейді Нәзір Төреқұлов.

Сьезде Е.Омаров, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, Қ.Кемеңгерұлы, М.Тұрғанбайұлы А.Байтұрсыновтың пікірін қолдап, латын мәселесін тоқтату керек деген көзқарастарын білдіреді. Жарыссөзде сөйлеген М.Дулатов латын мәселесін көтеру әлі ерте екенін, түрік әріптерін жеңілдетіп қолдана берейік деген ой айтады. «*Қазақ жұрты өнерлі, мәдениетті болуына біз қкрсы емеспіз. Жаңалыққа да, өзгеріске де қарсы емеспіз. Бірақ өзгерістің де өзгерісі бар. Күндердің күнінде латын әрпін әрпін қолданатын болармыз. Латын түгіл, жұрт біткеннің бәрі шапшаң жазуға (стенография) түсуіне де сенемін*», - дейді ол.

Х.Досмұхамедов латын әліпбиіне қарсы бола тұра латын әліпбиінің жобасын жасағандарын айтса, М.Тұрғанбайұлы әзірбайжандар латын әрпін жүзеге асыра алмай қайтадан түрік әліпбиіне түсіп отырғанын ескертеді. Латын әліпбиіне қатысты, әсіресе, Е.Омаровтың пікірі ерекше назар аудартады. Ол «*Латын әрпін аламыз деу - тек сыртына қызыққандық. Біз латынның әрпін аламыз дегенше, Европаның мәдениетін қалай аламыз деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуыс тонын киюден пайда шамалы. Біз не нәрсенің де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек. Латын әрпіне ентелегенше, біз қазіргі қолданылып келе*

жатқан әріптерімізді түзетіп, баспахана қызметкерлеріміз – әріп түзушілерді даярлап, баспа істерімізді жөндеуге кірісуіміз керек. Нәзір айтқандай, басқа түріктер жиырма бес жылдан бері жазу машинасын дұрыстай алмай жүрген болса, біз қазір оны жасап, жазып отырмыз. Әлде болса да орынсыз латыншаны ортаға салғанша, өз әріптеріміздің кемшілігін толықтыралық, соны қолданалық. Бізді мәдениетке жеткізбей бөгеп жүрген түрік әліпбиі емес, сондықтан оны жазықсыз құрбан қылудың орны жоқ» деп, ол латынға көшпей-ақ атқарылуы тиіс шаралардың басын ашып береді.

Сөйтіп, Қазақстанда 1924 жылы басталған әліпби ауыстыру мәселесі айтыс-тартыс тудырып, түрлі жиналыстарда, баспасөз құралдарында қызу талқыға түседі. Әсіресе, 1926 жылы 10 ақпанда Қызылордада жазу (графика) мәселесіне арналған жиналыс қызу пікірталаспен өтеді. Алғашқылардың бірі болып баяндама жасаған Ә.Байдилдин латын әліпбиінің тарихына тоқталып, оның интернационалдық әліпби екеніне айырықша мән береді. Одан кейін баяндама жасаған А.Байтұрсынов араб әліпбиінің жаңа латын әліпбиінен артықтығы болмаса, кемдігі жоғын айтып, өзі түрлеген қазақ әліпбиінің бес түрлі артықшылығын баса көрсетеді:

1. Араб әліпбиі тез оқылып, оңай жазылатындықтан, күнделікті іс барысында сауатты адамдар үшін пайдасы мол.

2. Әріптерді үйрету және жаппай сауат ашу ісінде де араб әрпі жүйесі латынға қарағанда өте ыңғайлы.

3. Баспахана техникасы жағынан болсын, баспа өнімдерінің құны жағынан болсын араб әрпінің венецияндық түрі латынға қарағанда нашар болғанымен, түрленген түрі латынмен салыстырғанда көп жоғары.

4. Жазу мен теру машинкасына ыңғайлылығы жағынан араб әрпінің түрленген түрі латын әрпінен көш ілгері.

5. Араб әліпбиінің әріптер құрамы қазақ тілінің орфографиялық қажеттілігін толық қанағаттандырады [2].

Сондай-ақ ғалым сөз соңында латыншылар тарапынан түрленген араб әліпбиіне таңылып отырған кемшіліктердің жөнсіздігін де ашып айтады.

1926 жылы 26 ақпан мен 6 наурызда Бакуде Бүкілодақтық түркітанушылардың бірінші сьезі болды. Сьезге Қазақстаннан А.Байтұрсынов, Е.Омаров, Т.Шонанов, Н.Төрекұлов қатысады. Кей деректерде Әзиз Байсейітұлы мен Біләл Сүлейұлының қатысқаны айтылады.

Сьезде Жаңа түрк әліпбиінің орталық комитеті құрылып, оған төраға болып С.А.Ағамалы-оғлы сайланады. Комитет мүшелігіне белгілі орыс ғалымдары Л.И.Жирков, Н.Марр, Е.Д.Поливанов, Н.Ф.Яковлевтер енді. Кейін бұл комитет Бүкілодақтық жаңа әліпби орталық комитеті болып өзгереді. Комитеттің мақсаты – түрік-татар халықтарының латын әліпбиіне өтуін қамтамасыз ету, жазуы болмаған халықтарға осы әліпбиді енгізу еді. Бірақ түрік-татар халықтарының барлығы бірдей латын жазуына көшуді қолдамайды. Әсіресе, араб әрпімен сауаттылар қатарының көптігін, арабша басылған еңбектердің молдығын алға тартқан татар ғалымдары ерекше қарсы болады. Олар тіпті түркітанушылар сьезіне жеңілдетілген араб қарпінің жобасын дайындап апарады. Алайда латын қарпін алуға дайындалып барған қауым бұл жобаны талқыға да салмайды. Осыған орай, кезінде араб жазуын жақтаған Елдес Омаров «Баку сьезінің латын әрпі туралы қаулысы» атты еңбегінде «*Татарлардың жаңа жобасы қабылданса, бұл күнгі әрібіміздің баспахана жағынан болып отырған кемшіліктері де жойылып, бұл жағынан латын әліппесіне қарағанда екі есе жеңіл болмақшы*» деп татар ғалымдарына да қолдау білдіреді.

Қазақстанда 1924 жылы басталған әліпби айтысы 1927 жылға қарай өрши түседі. Араб жазуына байланысты А.Байтұрсынов тұжырымын Е.Омаров, М.Дулатов, Қ.Кемеңгерұлы, І.Ахметұлы, т.б. қуаттайды. Мысалы, Е.Омаров 1927 жылы Ташкентте сөйлеген сөзінде, сондай-ақ «Араб таңбасы», «Қазақша әліпби мен латынша әліпби», «Латынның еліктен басқа түгі жоқ» деген мақалаларында араб графикасын қолдап, нақты дәлелдер келтіріп, саясат ықпалымен кетпеу керегін ескертеді.

«Жаңалық деген барды жоғалтып, орынсыз өзгеріс беруде емес, барды өмірге, тұрмысқа үйлестіріп, қолайсызы болса, қолайлы етіп өзгерту мен қолдануда. Ахаң әрпін түзеуге көп

ақша шықты деу де дұрыс емес. Шығын болмай, іс бола ма? Ахаң әрпін түзеуге көп пұл шықса, бүгін соның арқасында әрпіміз түзеліп отыр. Енді түзелген әріпті тастай беріп, «әзірбайжан алды, пәлен алды, түген алды деп» латын әрпіне көшсе, тағы шығын шықпай ма? Латын әрпі қазақ әрпінен артық емес, сондықтан қазаққа оның керегі жоқ».

«Қазаққа латын әрпі керек бе, керек емес пе? Латыншылдардың қазақ әліпбиін жоғалтып оның орнына латын әліпбиін алу керек дегенде, айтатын күшті дәлелдерінің бірі – елдің мәдениеті өсіп, алға басу үшін әліпби латынша болу керек, өнер-білімнің, мәдениеттің тетігі сонда. Онсыз надандықтан құтылуға болмайды деген дәлел.

Өнер-білімнің, мәдениеттің тетігі – әліпби екені рас, әріп танымайтын кісі кітап-қағаздың маңайына да жуый алмайды, ілім-білім жағынан су қараңғы болады. Надандықтан құтылу үшін, ең алдымен, әліпби керек екені даусыз, бірақ ол әліпби тек қана латын әліпбиі болу шарт емес, әр тілдің өзіне лайық әліпбиі болса болады.

Дұрысында мәдениеттің ең мықты тетігі, әліпбиден де артық тетігі – тіл. Бірақ ол тілдің орысша иә латынша, иә арапша болуы шарт емес, әр елдің өз тілі жарайды. Әліпбидің, жазудың керегі тіл үшін, жазумен әркім өзінің ауызекі айтатын сөзін қағаз бетіне таңбалайды, жазу - сөздің өзі емес, тек қана таңбасы. Біз өз жазуымызбен, өзіміздің қазақша әліпбимен қазақша сөзімізді бұлжытпай таңбалай аламыз. Ел-елдің жазуын бірі мен бірін салыстырып, бірінен бірін артық иә кем деуге болады. Түрлі жазуды солай салыстырып тексергенде, оны, ең алдымен, жазудың негізгі қызметі жағынан тексермей болмайды, ол негізгі қызмет - жазудың дәл болуы, жазу жақсы болса, сөзді бұлжытпай дәлдеп таңбалайды. Бұл жағынан тексергенде, жер жүзінде қазақша жазудан артық жазу жоқ. Бұны латыншылдардың өздері де мойындайды», - деп жазады Елдес Омаров.

1924 жылы Орынборда қазақ білімпаздарының сьезіндегі бесінші мәселе қазақ пән сөздері туралы Елдес Омаров баяндама баяндама жасап, оны Х.Досмұхамедұлы, М.Дулатұлы, М.Тұрғанбайұлы т.б. қоштап сөз сөйледі. Съезде, негізінен, терминдерді қазақтың өз тілінен алу, одан табылмаса, басқа түркі халықтарының тілінен іздеу, одан да табылмаса, Еуропа халықтарының ортақ терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына келтіріп алу керектігі айтылды. Осыған орай өз баяндамасында Е.Омаров былай дейді: «*Қазақ тіліне жат сөздерді кіргізгенде, оның жат дыбыстарын бұзбай кіргізуге болмайды. Жат дыбысқа жалпы бұқараның тілі келмейді де ішінде жат дыбыс бар жат сөз жалпыға жат болып қала береді. Сөйте келе қазақша әдебиет тілі бұқараның тілінен мүлде басқаланып, хат танитын бұқара біздің жазған сөзімізге түсінбейтін болады. Ол болмай, ойда жоқ бір керемет себептер болып, бұқара оқығандардан қалыспай, жат сөздерді жат дыбыстармен бұлжытпай айта алатын болып кетсе, қазақтың тілі бұзылады. Мұның қайсысы болғанда да жақсы болмайды*».

ХХ ғасыр басында тіл заңын бұзбауға А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгеров, Н.Төреқұлов т.б. білімпаздар жат тілден жұрнақ қабылдауға қарсы болды.

Мәселен, «Еңбекші қазақ» газетінде жарияланған «Қазақша жазу жайы» атты мақаласында Е.Омаров тіл заңын бұзбау қажеттігі туралы былай деп жазады: «*Орыстың сатсыйализм, сатсыйалист деген сөздері – жалпы жұртқа ортақ сөз. Оны қазақ тіліне кіргізуге де болады. Бірақ оны алғанда, түбірін ғана алып, «изм», «ист» сықылды жұрнақтарын шығарып тастау керек. Олардың орнына қазақ тілінің жұрнақтарын қосу керек, жұрнаққа қазақ тілінен бай тіл кем-ақ болар. Өзіңде үйір-үйір жұрнақ бола тұрып, жат жұрнаққа жармасудың тіл бұзудан басқа түк пайдасы болмайды*».

Жоғарыда аталған баяндамасында Е.Омаров жұрнақтарды мағынасына қарай тұрлаулы (-лық, -шы, -шыл, -лы, -сыз, -уыш) және тұрлаусыз (-қ, -н, -ақ) деп жіктейді де, жаңа сөз жасауда негізінен, тұрлаулы жұрнақтарды пайдалану керектігін айтады.

Е.Омаров жат сөз қазақтың өз сөзіне ұқсап қазақ тіліне сіңіп кететін болуы үшін оны қазақ тілінің мынадай заңдарына келтіріп алу керек дейді.

1. *Қазақ тілінде үндестік заңы бар. Қазақ тіліне кіргізген жат сөздердің бәрін де сол заңға келтіріп алу керек, сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрін де бірыңғай жіңішкертіп, не бәрін де жуандатып алу керек.*

2. *Қазақ тілінде жұмсақ «ә» сөздің бас буынынан басқа буындарда болмайды, әсіресе, сөздің соңғы буындарында жұмсақ «ә» болмайды. Бұл – үндестік заңының салдарынан болған қазақ тілінің айырықша бір қасиеті. Бас буыннан басқа буындарда жұмсақ «ә» бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «ә»-ні өзгертіп не «е», не жуан «а» қылып алу керек (адабиат - әдебиет).*

3. *Қазақша сөздерде «о», «ұ» дыбыстары бас буындарда ғана болады. Бас буыннан басқа буындарда «о», «ұ» бар жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде «о», «ұ»-ларды басқа бір дауысты дыбыстарға айналдырып алу керек (Покров - боқырау).*

4. *Қазақша сөздің аяғы «ғ», «г», «д» болып тынбайды, «қ», «к», «т» болады. Сөздің аяғындағы «қ», «к»-лердің алдындағы дыбыс дауысты болмаса, ол сөздерге дауысты дыбыспен басталатын жалғау, жұрнақ жалғанғанда «қ», «к»-лер өзгермейтін болуы керек. Я болмаса сөз аяғындағы «ғ», «г», «д»-ларды мүлде жоғалтып жіберу керек (Оренбург - Орынбор).*

5. *Қазақ тілінің үздіксіздік заңы бар. Қазақша сөздің ішіндегі дауысты дыбыс алдындағы дауыссыз дыбыстан айырылып, одан кейінгі буынға шыға алмайды (қа-ра-ғай – қар-ағай болып үзіліп буындала алмайды). Үздіксіздік заңына келмейтін жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде, өзгертіп үздіксіз қылып алу керек.*

6. *Қазақша сөздің екпіні соңғы буынында болады. Сондықтан екпіні соңғы буынынан басқа буындарда болған жат сөздерді қазақшаландыруда тілін соңғы буынға келтіріп алу керек (Самара - Самар, пуховый - бөкебай).*

7. *Қазақша сөзде бір дыбыс қосарланып келмейді. Сондықтан дыбыс қосарланған жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде қатарынан айтылатын екі дыбыстың біреуін мүлде жоғалтып жіберу керек, я болмаса орнына басқа бір дыбыс кіргізіп алу керек.*

8. *Қазақ тілінде өзінде жоқ дыбыстардан тізілген сөздер болмаса керек. Тілінде жат дыбыстары бар жат сөздерді пән сөз қылып алғанда, оның жат дыбыстарн шығарып тастап, орнына қазақша дыбыс кіргізіп алу керек.*

9. *Қазақ тіліне кірген жат сөздер түбір сөз есебінде алынып, қазақ тілінің заңдарынша өзгеретін болуға тиіс. Жат сөзді жат жұрнағымен алуға болмайды, жұрнағымен кірген сөз болса, оның сол жұрнақты түрін түбірге балап алу керек.*

Сонымен, ғалым «барлық халыққа ортақ сөздерді жатырқамау керек деген дұрыс, бірақ жат сөздерді жалпыға бірдей деп жат түрінде алуға болмайды, қазақ тілінің заңдарына келтіріп, қазақтың өз сөзіне ұқсатып алу керек» деп санайды. Сондай-ақ пән сөздері де (терминдер) қазаққа, жалпы бұқараға түсінікті, тіліне жеңіл болып, құлағына ерсі болмауы керек деп қорытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Құрастырған О.Жұбаева - Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013. - 640б.
2. Алаштың тілдік мұрасы. ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі. - Алматы, 2009. - 360б.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

ӘОЖ 796,087

Сұлтанғали И.А.
Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің магистранты

Мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне қажетті алуан түрлі жұмыстар атқарылады, соның ішіндегі маңызды бір саласы дене тәрбиесі болып табылады. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің балалардың денсаулығына, дене бітіміне, ойлай білу қабілетін дамытуда маңызы ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі

жұмысының сапасын және тиімділігін арттыру қазіргі педагогика ғылымының және қоғамның алдына қойған маңызды ісі болып табылады. Ал дене тәрбиесі арқылы баланың денсаулығын нығайту, өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуын іске асыру мемлекеттік маңызды жұмыс.

Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді. Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмінің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның тез өсуіне және дамуына қарамастан, олардың қызметі жетілмеген, организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйек жүйелері мен байланыс буын аппаратының дұрыс әрі мерзімімен жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан доңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет.

Барлық бұлшық ет топтарын, әсіресе, жиырмалы бұлшық еттерді қатайту, жүрек пен тамыр жүйесінің жетілуіне, оның әртүрлі және тез өзгеріп тұратын ауыртпалықтарға бейімделу мүмкіндіктерін арттыру, тыныс алу мускулатурасын қатайту, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығына, тыныс алуды қозғалыспен үйлестіру шеберлігін дамытуға мүмкіндік жасау, нерв жүйелері мен сезім органдарының дамуына көмектесу қажет. Басты міндет, балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады. Баланың қозғалыс дағдысы 7 жасқа дейін қалыптасып, әрі қарай даму, шыңдалу қызметі атқарыла бастайды [1,27].

Бала ағзасының даму мен өсу үдерісінде бұлшық еттің күші қозғалыс факторлары арқылы артады. Сондықтан да мектепке дейінгі кезеңде балардың дене тәрбиесіне ерекше мән берілу керек. Дене тәрбиесі ағзаны шынықтырып, бала психикасының дамуына үлкен әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімінің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған, көп қырлы педагогикалық іс.

Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, өйткені бұл кезде баланың дамуына қолайлы жағдай жасалса, бала денесі тез жетіліп өседі. Мектепке дейінгі шақта бала ағзасы әлсіз, әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды, сондықтан оны аурудан сақтап, денсаулығын нығайтуда, қимыл әрекетін дамытуда, мәдени-гигеналық дағдысын, әдетін қалыптастыруда дене тәрбиесінің мәні ерекше. Міне, осындай мақсат көздейтін дене тәрбиесінің негізгі міндеттері: 1) баланың денсаулығын сақтау және нығайту; 2) мәдени-гигеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру; 3) бала денесін шынықтыру; 4) балалардың жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру сияқты негізгі қимыл әрекеттерін дамыту. Мектеп жасына дейінгі баланың денесін шынықтыруды зерттеген белгілі ғалымдардың бірі Т.И. Осокина «...дене шынықтыруды педагогикалық ықпалмен мақсатты жүргізгенде нақты нәтижеге жетіп, бала денсаулығы нығайып, жалпы шыдамдылығы, жұмыс жасау қабілеті артып, жеке тұлға болып қалыптасып, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді деп көрсетеді [2,45].

Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін беру негізіне мыналар жатады: балалар күтімі және өсуіне қолайлы мәдени-гигеналық жағдай жасау, дұрыс жасалған күн тәртібі, тамақтандыру, дененің тазалығы,баланың жасына, ауа-райына ыңғайлы киінуі, гимнастика және қимылды ойындар ойнату, ұйқысын ұйымдастыру, серуенге шығару,

күнді, ауаны, суды тиімді пайдалану. Мектепке дейінгі «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны төмендегідей ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің түрлері: - дене шынықтыру; - валеология; - дербес қимыл белсенділігі, шынықтыру және сауықтыру шаралары, мәдени-гигиеналық дағдылар арқылы балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиесін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады [3,105].

Дене тәрбиесін ұйымдастырудың бұл формалары дене тәрбиесінің жалпы міндеттеріне және баланың жан-жақты дамуына жауап бере отырып, өзара байланысты болады: олардың әрбірінің өзіндік арнаулы міндеттері бар, олар мектепке дейінгі мекеменің күн режиміндегі міндеттің орнын анықтайды. Балабақшаның түрлі топтарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларының арақатынасы балалардың жасын және жеке басы типологиялық ерекшелігін олардың дене дайындығы дәрежесін, сондай-ақ белгілі бір топтың және бүкіл мекеменің нақты жағдайын ескере отырып, тәрбие-білім беру міндетімен анықталады. «Денсаулық» білім беру мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған: –өзінің дене күш-қуатының саулығын ойлауға және тіршілік іс-әрекетінің қаціпсіздік ережесін сақтауға; қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеруге; түрлі оқиғаларға қатысты өзінің эмоциялық күйін білдіруге; денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас гигенасының дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді. Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті– балаларға дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің арнаулы міндеті барлық жастағы топтардың балаларын дұрыс қимыл-қозғалысқа үйрету мен дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің маңыздылығы өзара байланысты сауықтыру, білім беру, тәрбиелеу міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыруда болып табылады, олардың орындалуы баланың дене күшінің дамуын, денсаулығының нығаюын, олардың дұрыс қимыл-қозғалыс дағдыларын игеруін, спортқа эмоционалды жағымды қатынасын қалыптастыруды, оның жеке басын жан-жақты қамтамасыз етеді. Мектеп жасына дейінгі балаға дене тәрбиесін беруде қимылды ойындардың орны ерекше. Қимылды ойындар бұлшық еттерді ғана іске қосып қоймайды, баланың бүкіл ағзасының, ішкі құрылысының қызметін, зат алмасуын күшейтіп, психикасының дамуына да ықпал етеді, жалпы денсаулығын нығайтады [4,41].

Қимыл әрбір іс-әрекеттің негізін құрайды, тиімді ұйымдастырылған қимыл икемділікке, күштілікке, үйлесімділікке, әдемілікке баулиды, жұмыстың табысты болуын қамтамасыз етеді. Дене шынықтыруды қимыл-қозғалыс ойындары арқылы жүзеге асыру балалардың дене мүшелері мен көңіл-күйлеріне қатты әсерін тигізеді. Қимыл-әрекетке толық жағдай жасаудың, барлық бала ойыннан қуаныш табуға мүмкіндік жасаудың маңызы зор. Ойын барысындағы іс-қимылды дұрыс сапалы түрде балаға жеткізіп бірнеше рет қайталап әдетке айналдырғанда, бала ағзасындағы зат алмасу артып, жүйке жүйесі белсенділігін танытып, қан айналымы жақсарады.

Қозғалыс барысындағы жиі демалудан бала ағзасындағы оттегіге деген қажеттілік артады. Дене шынықтырудың арқасында баланың көңіл-күйі жоғарылап, жүйке жүйесі бекиді. Дене шынықтыру нәтижесінде бала өзінің іс - әрекетіне және топтық тәртіпке үйреніп, оның ережесіне бағынады. Бұл оның жан-жағындағы оқиғаға мән беріп қарауына, төзімді болуына, тәртіпті сақтауына септігін тигізеді. Дене жаттығулары - дене тәрбиесінің негізі болып табылады. Дене жаттығулары баланың жас ерекшелігіне сай өзгеріп күрделене түседі. Жас шамасына қарай күрделене түскен жаттығулар өз құрамына күнделікті тұрмыстан, адам еңбектерінен, әскери қимыл қозғалыстардан сонымен қатар

спорт түрлерінде кездесетін қозғалыс түрлерінен алынатын жаттығуларды енгізеді. Жаттығу кезінде баланың барлық тірек-қимыл мүшелері жұмыс жасап, барлық мүшелерінің іс-қимылдары дамып, жүрек, тыныс алу және жүйке жүйелерінің қызметі арта түседі [5,81]. Балабақша үшін жалпы дамыту жаттығуларын барлық топпен бір мезгілде орындатқан тиімді. Осы кезде қимыл-қозғалысты үйренуге барлық бала бірдей қатынасып, бірінен-бірі қалғысы келмей ат салысады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне қажетті алуан түрлі жұмыстар атқарылады, соның ішіндегі маңызды бір саласы дене тәрбиесі болып табылады. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің балалардың денсаулығына, дене бітіміне, ойлай білу қабілетін дамытуда маңызы ерекше.

Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмысының сапасын және тиімділігін арттыру қазіргі педагогика ғылымының және қоғамның алдына қойған маңызды ісі болып табылады. Ал дене тәрбиесі арқылы баланың денсаулығын нығайту, өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуын іске асыру мемлекеттік маңызды жұмыс. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді.

Дене шынықтыру нәтижесінде бала өзінің іс - әрекетіне және топтық тәртіпке үйреніп, оның ережесіне бағынады. Бұл оның жан-жағындағы оқиғаға мән беріп қарауына, төзімді болуына, тәртіпті сақтауына септігін тигізеді.

Дене жаттығулары - дене тәрбиесінің негізі болып табылады. Дене жаттығулары баланың жас ерекшелігіне сай өзгеріп күрделене түседі. Жас шамасына қарай күрделене түскен жаттығулар өз құрамына күнделікті тұрмыстан, адам еңбектерінен, әскери қимыл қозғалыстардан сонымен қатар спорт түрлерінде кездесетін қозғалыс түрлерінен алынатын жаттығуларды енгізеді. Жаттығу кезінде баланың барлық тірек-қимыл мүшелері жұмыс жасап, барлық мүшелерінің іс-қимылдары дамып, жүрек, тыныс алу және жүйке жүйелерінің қызметі арта түседі. Балабақша үшін жалпы дамыту жаттығуларын барлық топпен бір мезгілде орындатқан тиімді. Осы кезде қимыл-қозғалысты үйренуге барлық бала бірдей қатынасып, бірінен-бірі қалғысы келмей ат салысады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Мухамеджанов Б. Дене мәдениеті мамандығына кіріспе. – Шымкент: Ғасыр-ІІІ, 2006. – 166б.
2. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. – 277б.
3. Жидовинова А.В., Чернев В. Профессиональная компетентность педагога как фактор подготовки специалистов физической культуры и спорта / Теория и методика физической культуры. Т.67(1). 2022. 6-12сс.
4. Қонысбаев Н. Қозғалыс қимылдарына үйрету. – Алматы: Дәнекер, 2004. – 86 б.
5. Молдагаринов А. Қазақтың балалар ойындары. Алматы. “Жалын” 1987.

МАЗМҰНЫ

Шакешов Б.Т.	Алғы сөз	3
Пангереев А.Ш.	Сатира саңлағы	4
Қабылов Ә.	Профессор А.Мұсаев және қазақ сатирасының зерттелу мәселелері	6
Балтымова М.Р.	Қазақ балалар фольклорының танымдық қызметі	10
Мамыров А.И., Нұғманова Ә.Т.	Сатира – күштілер қаруы	16
Қабылов Ә., Абылғазиева С.	Ә.Кекілбаевтың «Бәсеке» повесіндегі юмор поэтикасы	20
Мусаев Б.	Становление советской казахской государственности в начале 20-х годов XX века	23
Сабыр М.Б.,	Тарихи және тілдік үдерістер - ұлттың рухани-мәдени қалыптасуының басты арнасы	26
Хасанов Ғ.Қ.	С. Сейітов өлеңдеріндегі антонимдік, синонимдік қолданыстар	32
Обаева Г.С.	Фольклор мен әдебиет: өзара ықпалдастық пен поэтикалық құндылық	36
Жеткизгенова А.Т., Жеткизгенова М.Т	Маңғыстау әдебиетіндегі өмір шындығына негізделген сатиралық-юморлық әңгімелер	39
Бүркітбаева А.С.	Әбіш Кекілбаев романдарындағы пейзаждық элементтердің архитектоникасы	43
Мулдашева А.Б., Тасимова А.А.	Орта мектеп ұстаздарының кәсіби құзыреттілігін дамытуда lesson study әдістемесінің маңызы	46
Абдуллина А.Б.	А.Кемелбаева әңгімелеріндегі “Қорқынышты әңгіме” сарыны	50
Иргалиев А.С., Зәкірова Д.Қ.	Педагогтың инновациялық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін ғылыми-әдістемелік талдау	54
Мамырова М.И.	Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық жолы	57
Ұлықпанова Ә. Ж.	Түркітану әлемінен ой қорытқан заңғар ғалым	63
Мулдашева С.Б.	Батыс өңіріндегі жанрлық ерекшеліктер	68
Шуриева А.Б.	Особенности топонимического фольклора тюркской цивилизации	70
Салықбаева А.	Тақырыптық-жанрлық ерекшеліктің сатиралық поэзиядағы көрінісі	73
Ұлықпанова Ә.Ж.	Шебер сатирик, ізденімпаз ғалым	76
Хасанова М.Ж.	Қуаныш Жиенбай әңгімелерінің жанрлық табиғаты	79
Бақытжанова А.Н.	Жұмбақ мәтіндерінің когнитивті құрылысы	82
Дауылова Ж.Т.	Ш ернияз шығармаларындағы сатиралық сарындар	85
Бүркітбаева Г.	Ақындық поэзия және рухани адамгершілік әлемі	88
Магзумова Г.	Қажым Жұмалиевтің «Жайсаңдары қазақтың» әңгімелер топтамасы туралы	94
Жампозов М.	І. Жансүгіровтің стильдік ерекшелігі	97
Утешева З.Б. Кунуспаева М., Султангалиева Ш.	Изучение библиографии в книге А.Мусаева «Поэтика казахской сатиры»	100
Какимова Д.М., Максутова А.Е.	Бастауыш сынып оқушыларының оқу техникасын жетілдіру	103
Заур Қ.М, Турегалиева А.Е..	Сахна – мәдениетке тәрбиелеудің көзі	107

Мұхан А.Ж.	Отбасылық ғұрып фольклорындағы белбеу мотиві	109
Жұмашева А.Б., Тасимова А.А.	Мектеп оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытудағы негізгі ұғымдардың мәні	113
Иргалиев А.С., Оразғали Ә.Ә.	Әлеуметтік педагогтың жалпы дарындылығы бар бастауыш мектеп жасындағы балалармен әлеуметтік-педагогикалық қызметі	117
Султаниязова Н.Ж. Федосеева А.А.	К вопросу изучения эгоцентризма у детей подросткового возраста	121
Баймуханова Б.К., Назарғали А.Қ	Цифрлық ортада тұлға дамуының психологиялық - педагогикалық ерекшеліктері	124
Баймуханова Б.К. Сұлтанова Ә.С.	Мектепке дейінгі жастағы балаларда агрессивті мінез-құлықтың көріну ерекшеліктері	126
Сатыбалдиева Г. К.	Бастауыш сыныптарда шығармашылық жобаларды қолданудың ерекшеліктері	128
Жумагулова Г.А.	Глинотерапия как средство коррекции тревожности детей среднего школьного возраста	131
Кадыржанова Ж.Е. Базарбаева Г.Ж.	Нейрожаттығуларды қолданудың тиімділігі мен ерекшелігі	135
Калкенова Г. Б. Болат Р.Н.	Арттерапия – жаңа оқыту технологиясының озық үлгісі ретінде	138
Калкенова Г. Б. Ғылымбекқызы Ү.	Мектептегі мазасызданудың негізгі факторлары	142
Султангалиева А.И Исатай А.Ә.	Этномәдени бағыттың мектепке дейінгі білім берудегі рөлі	144
Султангалиева А.И Кенжетай С.А.	Мектепке дейінгі балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты қалыптастыру мүмкіндіктері	147
Жумасейтова А.Е Нигметуллина А. Г.	Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын қазақ халық шығармашылығы құралдары арқылы дамыту жолдары	151
Амангелдиева Б.Н. Қанат Т.Т.	Цифрлық кеңістіктегі балалар мен жасөспірімдердің кибер қауіпсіздігі	154
Ибрагимова Г.А. Кушкимбаева А. С	Этномәдени дүниетанымдағы қасқыр бейнесі	159
Халикова Б.Т.	Метадағдылары мен метақүзеттіліктер білім беру процесінің оқу жоспарлы ретінде	161
Аманқұлова А.С.	Жасөспірім балалармен жұмыстануда арт-терапияны қолданудың педагогикалық негіздері	165
Бақтыгерей А.Х.	О.Бөкей шығармашылығындағы романтизмнің белгілері	168
Бимұханова Н.Қ.	Тіл біліміндегі тұрмыстық лексиканың зерттелуінің алғышарттары	171
Әлімова Л.Қ	Асқар Алтай шығармашылығындағы әлеуметтік тақырыптар	173
Кенжеахметов Ө.	Жалғыздығы жарасқан жазушы	175
Сатыбалдиева Н.М	Ғашықтық жырлардағы дәстүр мәселесі («қозы көрпеш – баян сұлу» жыры негізінде)	177
Салымова А.Б.	Әдебиеттегі «автор» бейнесінің психологиялық астары	179

Шайнулла Н.С.	М.Әуезов әңгімелеріндегі психологизмнің берілу сипаты	181
Мамбеталиева А.З. Имангалиева А.Ұ.	Жасөспірімдер бойында девиантты мінез құлықтың психологиясы	186
Қабди Ж.С. Кенжетаева С.А.	Тұлғаны әлеуметтендіру мәселесі жөнінде әлеуметтік педагогикалық көзқарастар	188
Сатыбалдиева А.М Утегенова М.А.	Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік қабілетін дамыту арқылы адамгершілікке тәрбиелеу	191
Сисембаева М.К.	Табиғат туралы тұрақты тіркестердің семантикасы	193
Мәжит Назерке	Ұлы Абай шығармашылығын танытудағы алаш қайраткерлерінің еңбегі және оқыту мәселесі	196
Тажигалиева С.О	Әдеби шығармаларды салыстыра оқыту арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуметін көтеру жолдары	202
Амангалиева А., Бекмашева А.Н.	Баспасөздегі макала тақырыпаттарының лексика-семантикалық ерекшеліктері	205
Байсагенова А.	Ежелгі арақашықтық өлшемдеріндегі әлем бейнесінің көрінісі	208
Буранкулова Ж.	Телебағдарлама және тілдік норма мәселесі	212
Габбасова А.	С.Мұратбек шығармаларындағы қаратпа сөздердің прагмастилистикалық қызметі	215
Габбасова Б.	Қазақ тіліндегі сандық ұғымдар арқылы жасалған концептілер	218
Даулетова Ш.	Р.Сыздық қазақ тілі стилистикасының кейбір мәселелері туралы	222
Қуандық Ж.	Есенберлиннің тарихи романдарындағы лексикалық өзгерістер	225
Нурмуканбетова В.	Цифрлық білім беру ресурсы: түсінігі және жіктемесі	229
Абуова А.С., Аскарова А.М.	Халықтық педагогика арқылы студенттердің эстетикалық талғамын арттыру ерекшеліктері	232
Захаров С.К.	Әншілік дауыс техникасын дамытудың әдістері	237
Мендигалиев Б.С., Саукелин А. Т.	Еркін күрес арқылы балалардың ерік-жігер қасиетін шыңдау	240
Каримова Б., Сабыр М. Б.	Қазақтану ғылыми курсын қалыптастырудың өзектілігі	242
Мүтиев З.Ж. Мұханбетова Ж.Ө	Профессор А. Мұсаев зерттеулеріндегі қазақ драматургиясының мәселелері, эстетикалық таным-көзқарастары	245
Мурзагалиева Г.К.	І. Жансүгіров поэзиясының стилі: Қ. Жұмалиев зерттеулері негізінде	249
Бисалиев С.А. Жылкышиев Д.К.	Грек-рим куресінің жаттығу процесі кезіндегі жас ерекшеліктерінің алатын орны	254
Жаскайратов А.Ж.	Жасөспірім футболшылардың жалпы және арнайы дайындығы	256
Базарбаева Б.Б.	«Ақ» түс атауын білдіретін концептінің семантикалық сипаты	260
Мәденова А.С.	Е.Омаров және қазақ жазуы мен әліпби мәселелері	264
Сұлтанғали И.А.	Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін ұйымдастыру ерекшеліктері	267

Белгілі әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Алпысбай Мұсаұлы Мұсаевтың 75 жылдық мерейтойына орай өткен «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫ: ДӘСТҮР ЖӘНЕ САБАҚТАСТЫҚ» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары

Жауапты редакторы Мамыров А.И.

Компьютерде беттеген және дизайн Мырзагали М.Ж.

Техникалық редакторлар Имангалиев Е.С.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН

Мекен жайы: Қазақстан Республикасы, Орал қ. Н. Назарбаев даңғылы 194.